ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Үзінді

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Абдыкерова Енлик Турысхановна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Абжанова Гульшат Адиловна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Азнабакиева Меизгуль Исраиловна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Айдабаева Ляйля Алимхановна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Акимджанова Мадина Марулджановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Ақылбек Нұрбану – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Алибекова Замзагул Салыковна – үй шаруасында, Іле ауданы
Арынова СалтанатАйдаровна – Айдарлы ауылдық дәрігерлік амбулаториясының меңгерушісі, Панфилов ауданы
Базылжан Дуйсехан – үй шаруасында, Талғар ауданы
Бекбергенова Карлыгаш Адиловна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Болдыбаева Дарига Кенжехановна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Бугубаева Розалия Асембаевна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Бүлінті Орасхан – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Джумагельдинова Жанар Ережеевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Дуйсенбаева Ляйла Асамуратовна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Ескалмасова Майра Талдыбаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Жаканова Лаззат Илесбаевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Жакипбекова Кульмакиш – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Жанузакова Асем Оразбаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Жуманова Арайлым Сайфуловна – үй шаруасында, Көксу ауданы
Ирданова Халидам Абдуваджитовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Исембекова Жулдыз Жабыкбаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Ишанжанова Мәрия – үй шаруасында, Іле ауданы
Калбаева Уразгул – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Қасен Айтжамал – үй шаруасында, Көксу ауданы
Мәзбиқызы Жұмахан – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Мәми Сәлен – үй шаруасында, Текелі қаласы
Мұңсызбай Ырымхан – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Пиржанова Айман – үй шаруасында, Көксу ауданы
Пирлапасова Гулшад Кенжабаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Рысбаева Айжан Батырбаевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Савкей Күлайна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Сатова Лязат Бакытовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Солтанбекова Маржакан – үй шаруасында, Талғар ауданы
Сыдыкова Багдагул Есентаевна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Татимбекова Гаухар Турлиевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Терновская Татьяна Юрьевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Төлеген Ажархан – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Туражанова Динара Сагымановна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Турениязова Феруза Садуллаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Уджкулова Майра Нурахметовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Умирбекова Загипа Файзуллаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Умурбекова Назым Казбековна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Хабылхаг Бақытгүл – үй шаруасында, Көксу ауданы
Хамет Сәдеп – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Шәйзада Ахат – үй шаруасында, Текелі қаласы
Эсентураева Жарасхан Молдабайовна – үй шаруасында, Іле ауданы.

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абдулбакиева Мехрибан Акрамовна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Абошидзе Галина Петровна – үй шаруасында, Іле ауданы
Агайдар Бакыт – үй шаруасында, Текелі қаласы
Аджибаева Бахыт Жалгасбаевна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Айтжанова Акбота – үй шаруасында, Іле ауданы
Акимбекова Улдаш Жумабековна – үй шаруасында, Уйғыр ауданы
Ақманқызы Жамила – үй шаруасында, Көксу ауданы
Алматова Айнагул Мырзагуловна – үй шаруасында, Іле ауданы
Альмухамбетова Ляйля Ахметкановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Асамдинова Аятхан – үй шаруасында, Талғар ауданы
Асылханова Роза Каметкалиевна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Атамуратова Зулфия Торебековна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Атаниязова Рано Хожабаевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Атманова Жувасан – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Ауелбекова Майра Адырбековна – үй шаруасында, Іле ауданы
Ашимова Жанар Жумахановна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Аюбаева Лаура Арыстанбековна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Әбілқазы Саяхан – үй шаруасында, Талғар ауданы
Базарова Гульжан Ескалиевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Байбагысова Шынар Шарапиевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Байкал Гимингуль – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Бейбітхан Гүлжанар – үй шаруасында, Іле ауданы
Бексебаева Зина Айдарбековна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Бекхожаева Бану Сабитовна – үй шаруасында, Іле ауданы
Белдібай Меделхан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Бердыкулова Лаура Бейсеновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Берикова Меруерт Кенесхановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Бузаурова Тыныщкуль Акимзадаевна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Гаппарова Тахминахон Закировна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Гера Ирина Ивановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Губайдуллаева Нарқыз Есенгелдиевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Дауталиева Назира Сафиновна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Джакупова Бахыткан Курмантаевна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Дуганова Махирям Гуламжановна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Дүйсенқожа Бақшагүл – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Дүмбір Күмісжан – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Дінәділ Раушан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Ергалиева Назгуль Жумабековна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Есенкабылова Риза Лесбековна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Жапсарбаева Гульсим Киргизбаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Жарылкасинова Гульбахор Шарафатдиновна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Житенова Кульпаш – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Жунисбай Айтхан – үй шаруасында, Көксу ауданы
Закай Дарига – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Зенич Ирина Владимировна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Исабаева Акбота Габдылкаримовна – үй шаруасында, Іле ауданы
Исенаманова Салима Абдыкадировна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Исмаилова Зарина Максимжановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Испагамбетова Гульнаш Нурлыбаевна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Кабанбаева Гулсим Шыныбековна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Калыкова Жанат Джумабаевна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Калышева Сауле Аскаровна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Каргабаева Мирагуль Даулетбаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кәкеш Досгүл – үй шаруасында, Текелі қаласы
Кенжебаева Гульшат Маратовна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Керемкулова Асемгуль Сембаевна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Керимкулова Гаухар Алиновна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Кисамиева Меруерт Муташевна – «ALUA» Холдингтік компания» ЖШС директорының орынбасары, Қарасай ауданы
Кожамкулова Нургайша Рамазановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кочурбаева Алтынай Сагимбаевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Куйбакова Райхан Абаевна – үй шаруасында, Қапшағай қаласы
Күнберхан Алмагул – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Курманаева Каламкас Нурдаулетовна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Курмысинова Зауре Улановна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Кусаинова Шолпан Буларбековна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Куспанова Бакытгул Самджановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Қазез Жеңіс – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Қазы Қайныш – үй шаруасында, Талғар ауданы
Қазыкен Мәдengүл – үй шаруасында, Текелі қаласы
Қамза Бәтіш – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Қожеке Бақытхан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Құдыс Айнұр – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Құнапиякызы Сәулет – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Майлибаева Акмарал Нуралиевна – үй шаруасында, Іле ауданы
Мамраимова Махаббат Тулегеновна – орта мектеп мұғалімі, Іле ауданы
Мангытаева Толкын Куанышбековна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
Мәсәнәйқызы Нұрбақыт – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Медетбекова Алтынай Орманова – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Мель Елизавета Павловна – үй шаруасында, Талғар ауданы
Мендикулова Рабига Адилхановна – Іле аудандық орталық аурухананың аспазшысы
Мингирова Айман Утаровна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Мукамжан Анаргүл – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Мырзабай Рина – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Мырзагалиева Толхын Сагатовна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Мырзаева Акмунай – үй шаруасында, Іле ауданы
Нәби Дариға – үй шаруасында, Көксу ауданы
Ниязова Гульмира Кахармановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Нурахынова Самал Рахымбергеновна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Нурбекова Айгуль Жумановна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Нуриева Нургуль Оразханқызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Нұрахмет Биналхан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Нұрболат Бағила – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Ожай Айнұр – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Оразгалиева Салтанат Оразгалиевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Оспанова Гульвира Кайратовна – үй шаруасында, Іле ауданы
Пантелеева Елена Олеговна – үй шаруасында, Текелі қаласы
Пашко Антонина Петровна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Пердебай Айгүл Жандарқызы – үй шаруасында, Іле ауданы
Рахимова Жазира Халыковна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Рулиман Қаншай – үй шаруасында, Текелі қаласы
Сагадинова Набира Нагашыбаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Садвакасова Бактыгуль Абдурахмановна – үй шаруасында, Іле ауданы
Сайдахмет Үлбосын – үй шаруасында, Талғар ауданы
Салимова Айтолкын Молдахановна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Салыкбаева Людмила Шинболатовна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Санина Нина Павловна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Сапаргалиева Каламкас Жексембиевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Сариева Зина Насурллаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Сатыгланова Нуриля Ембергеновна – үй шаруасында, Үйғыр ауданы
Сембаева Азен Нурдановна – орта мектеп мұғалімі, Райымбек ауданы
Семейхан Аманжол – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Сламжанова Алтынай Ерсаиновна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Суйндикова Лаура Азаткалиевна – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Сулейменова Дардана Оразимановна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
Сундетова Серегул Кошкаровна – үй шаруасында, Іле ауданы
Сураншы Айжан Тілепалдықызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
Сілемғазы Мейрамгүл – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Тажибаева Клара – үй шаруасында, Іле ауданы
Телемисова Динара Орызкановна – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Тельтаева Анархан Кабдолдаевна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Темірбек Перидэ – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Тлеулинова Аяужан Сембаевна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Тошар Мейзен – үй шаруасында, Алакөл ауданы
Туйгынбекова Мансия Шайхыдановна – үй шаруасында, Панфилов ауданы
Тулеуова Кунимай – үй шаруасында, Іле ауданы
Турсунбаева Назгуль Жумадиловна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Турсынбек Бақшагүл – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Турсынқожа Пәтігүл – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Умурзакова Карлыгаш Изатулловна – үй шаруасында, Іле ауданы
Усенова Кундыз Кобейсиновна – үй шаруасында, Іле ауданы
Усербаева Назым Турсымбаевна – үй шаруасында, Қарасай ауданы
Хожа Баршагүл – үй шаруасында, Ескелді ауданы
Шаханова Зульфия Молдабаевна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Шахибаева Канигуль – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Шошым Бахытгул – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
Шукирова Жулдыз Бокановна – үй шаруасында, Іле ауданы.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2016 жылғы 29 тамыз №311.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 111 (18243)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 6 қазан, 2016 жыл.

ӨҢІРАРАЛЫҚ ФОРУМ

Сейсенбі күні Арқа төсіндегі ажарлы Астанаға Ресей Федерациясының Президенті Владимир ПУТИН келді. Сапар барысында Ресей басшысы мен Қазақстан Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ кездесті. Алаштың бас қаласында ежелден іргелес жатқан екі елдің басшылары алдымен еменжарқын жүздесу өткізіп, XIII өңіраралық форум аясында талқыланатын өзекті мәселелерді, атап айтқанда, экспортқа шығатын өнімдерді тасымалдауға, көлік логистикасын дамытуға, ЭКСПО – 2017 көрмесі мен ғылымды өркендетуге байланысты жасалатын сауда-саттық келісімдерін бір пысықтап алды. Терістіктегі тарихи көршімізбен өткен өңіраралық форум «Еуразия кеңістігіндегі көлік логистикасының әлеуетін дамыту» тақырыбында өрбіді.



ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІНДЕГІ КЕЛІСІМ

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Ресми Астана форум кезінде Қазақстан мен Ресейдің 900 кәсіпкерін бір шаңырақтың астында тоғыстырды. Олар кәсіпорындар ашу, жаңа жұмыс орындарын құру, экономикалық қарым-қатынасты бұрынғыдан да кеңейту бағытында барлығы 50-ден астам құжатқа қол қойды.

Форум соңғы 13 жылдан бері тұрақты түрде өтіп келеді. Кездесу кезінде екі елдің экономикалық дамуы талқыланып, кәсіпкерлігі, шығарған өнімдері, Еуропа мен Азиядағы өндірістік әлеуеті сөз болады. Осынша уақыттан бері форум өз жемісін беріп, ғарыш, энергетика, туризм мен мәдени байланыстар артты. Өңіраралық форумға Ресей мен Қазақстаннан 1300-ден астам өкіл қатысып, келген қонақтар Астананың күннен-күнге қанат жайған көркем келбетін тамашалады. Сонымен бірге, келер жылы ту тігетін ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесінің тынысымен таныстыр.

– Біз кең ауқымды бағыттар бойынша өзара тиімді іскерлік ынтымақтастықты жүзеге асырып келеміз, – деді форумда алғаш сөз алған Елбасы. – Оған осы өңіраралық форум септігін тигізетін болады. Биыл бірінші жартыжылдықта өзара сауда-саттықтың көлемі 6 миллиард долларға жуықтады. Сонымен қатар, дағдарысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда бұл көрсеткіштің 30 пайызға төмендегені байқалады. Көп жағдайда оның бәсеңдеуі сыртқы жағдайдың ахуалдарға байланысты.

Мемлекет басшысы Ресеймен қоян-қолтық жұмыс істеп отырған қазақстандық кәсіпорындарға тоқталып, екіжақты жаңа инвестициялық жобалардың жүзеге асу тетіктерін атады. Бүгінде іргедегі елмен етене 6 мыңнан астам кәсіпорында жұмыс қызу. Ал Қазақстан Ресейге 3 миллиард АҚШ долларын құрайтын инвестиция құйған. Қазірдің өзінде өңіраралық ынтымақты жандандыратын 60-тан астам жоба мақұлданып қойыпты. Егер олар іске қосылса, 20 миллиард АҚШ доллары көлемінде пайда түспек.

– Қазақстан – Ресейдің ең сенімді серіктес елі. Біз өндіріс пен энергетика, ауылшаруашылығы мен ортақ көліктік инфрақұрылым аясында бұрыннан тығыз қарым-қатынастамыз. Ресей мен Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы негізгі сауда жолында орналасқан. Бізде ортақ кедендік шекара бар және теміржол мен автокөлік жолдарының тармақталған желісіне иелік етіп, тасымалдаудың жоғары деңгейдегі қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз, – деді Владимир Путин.

Екі елдің арасындағы дәстүрлі форумда Елбасы Еуразиялық экономикалық одақтың жұмысын да ұмыт қалдырған жоқ. Әсіресе, аталған одақтың құрамына қосылуға Иран, Мысыр, Үндістан сынды бірқатар ел ниет білдіріп отырғанын, сол секілді Ресей кәсіпкерлері де Қазақстанда өздерін өте жайлы сезінетінін атап көрсетті. Бұл форум Қазақстан мен Ресейдің ынтымағын арттырып қоймай, ұлттық экономикасын да ілгері бастырады.

Жиында ең негізгі мәселе – көлік логистикасы жан-жақты дәлелмен және нақты шешімдер айқылы талқыланды. Елбасының айтуынша, Қазақстан да, Ресей де ерекше географиялық кеңістікте орналасқан. Әсіресе, транзиттік тасымалды дамытудың маңызы зор. Былайғы жұртқа түсінікті болу үшін тарқата кетейік, көлік логистикасы ірі-ірі зауыт-фабрикалар мен компания-корпорациялардың дайындаған өнімдерін тасымалдаумен, қажетті мекенжайға жеткізумен шұғылданатын жаңа бағыт. Оның үстіне Қазақстан – Ресей шекарасы әлемде ұзындығы бойынша алғашқы орында тұр. Тарихи көршімізбен шекара 7591 шақырымға созылып жатыр. Қос мемлекеттің басшылары жердің ауқымдылығы көлік логистикасының серпін алуына мол мүмкіндік екенін жеткізді. Бұл қос тарап бақталастық пен бәсекені емес, стратегиялық серіктес ел дегенді білдіреді. Демек, келешекте халықаралық транзит мемлекеттердің экономикасын арттырып, сауда-саттық пен алыс-берісте инвестиция саласы жаңа қырынан жанданады.

Басқосуда жүк тасымалын оңтайландыру үшін құжаттардың рәсімделуін жеңілдету мәселесі тілге тиек етілді. Атап айтқанда, құпия рәсімнен гөрі жариялылықтың маңыздылығы көтерілді. Елбасы өз сөзінде ЭКСПО – 2017 көрмесіне 5 миллионнан аса адам келгелі жатқанын айтып, мұндайда логистиканың ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Күнұзаққа созылған форумға «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Астана ЭКСПО – 2017», «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниялары қатысып, екі тараптың министрліктері кездесіп, бірқатар келісімдерге қол қойды. Оның ішінде Жайық трансшекаралық өзені алабының экожүйесін сақтау, кәсіпорындар мен теміржол көліктерінің қызметін құқықтық реттеу, ядролық отын циклы саласындағы ынтымақтастық, дәрілік заттар, майлау бұйымдары, мыс, мырыш өндіру және машина жасау сияқты өндірістерді өркендету келісімдері бар.

СЕЛЕКТОР

«НҰРЛЫ ЖОЛ» бағдарламасы талқыланды

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Онда «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, құқықбұзушылықты болдырмау және қоғамдық тәртіпті сақтау, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы қаралды.

Кеңесте ҚР Ұлттық экономика министрі Қуандық Бишімбаев, Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов, ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова, ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов, ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев, Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Ләззат Ибрагимова хабарлама жасады. Биыл аталған бағдарлама бойынша 409,2 млрд. теңге бөлініп, жылдық жоспардың 53 пайызы игерілген. «Шұғыла» қағидаты бойынша Астананы аймақтармен байланыстыратын автокөлік жол желісін құру үшін 2015 – 2020 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарлама бойынша 6,7 мың шақырымнан аса автокөлік жолдары салынып, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілмек. Жыл соңына дейін барлық қаржы көзінен 920 шақырым автокөлік жолдарының құрылысы аяқталатын болады. Аталған бағдарлама аясында автокөлік жолдары жобасына 202,7 млрд. теңге жұмсалған. Жол құрылысына деп бөлінген қаражат толық игерілліпті.

Биыл «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясындағы жобаларды жүзеге асыру үшін 349,7 млрд. теңге бөлінген, оның 171,3 млрд. теңгесі Ұлттық қор есебінен қарастырылыпты. Бүгінде бөлінген қаржының 64 пайызы игерілсе, қалғаны жыл соңына дейін толық жұмсалмақ. Білім нысандары мен балабақшалар салу үшін де қомақты қаржы қарастырылған. Жыл аяғына дейін қосымша алты мектеп салынып, төрт балабақша бой көтермек. «Даму» қорының мемлекеттік бағдарламалары аясында 8 айда 215 бизнес-жоба қаржыландырылған. Өткен жылға қарағанда жалпы қылмыс жасау деңгейі айтарлықтай төмендепті. Бірінші жартыжылдықта орын алған қылмыстың 10 пайызын жастар жасаған. 2019 жылға дейін темекі және алкоголь акциздерінің бағасы біртіндеп өспек. Осы ретте Үкімет басшысы ҚР Ішкі істер министрлігіне құқықбұзушылықтың алдын алу жөнінде үш жылдық жоспар әзірлеуді тапсырды. Қазір мектептерде психологтар мен әлеуметтік педагогтардың айлығы төмен болғандықтан жиі ауысады. Осы ретте ҚР Білім және ғылым министрлігінде олардың жалақысын көтеру жөнінде мәселе қаралуда.

Жиын соңында Үкімет басшысы «Нұрлы Жол» бағдарламасына қатысты бірқатар облыс басшыларының есебін тыңдады. Бақытжан Әбдіұлы мемлекеттік қаржыны игере алмай жатқан әкімдерден жауап алып, осы ретте біраз проблема барын еске салды. Мәселен, Алматы облысында қаражат игеру деңгейінің небары 22 пайызды құрайтынын ескертті. Осыған байланысты облыс әкімі Амандық Баталов «Нұрлы Жол» бағдарламасының бірқатар бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде есеп беріп, жыл соңына дейін қаражаттың толық игерілетінін жеткізді.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Қазірдің өзінде «EXPO – 2017» көрмесіне қатысуға ниет білдірген мемлекеттер саны 103-ке, халықаралық ұйым қатары 17-ге жетті. Осыған қарап Президенттің көрмеге 100 елдің қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасының орындалғанын аңғаруға болады. Бұл елдердің басым көпшілігі жасыл энергетика саласындағы азиялық елдер болса, баламалы энергетиканың Ұлыбритания, Франция, Германия, Нидерланды сияқты еуропалық көшбасшылары да көрмеге барынша белсенді түрде қатысуға ниетті.

ТҮРІК АҒАЙЫНДАРДЫҢ ҚОЛДАУЫ

Қажет АНДАС

Тіпті сол мемлекеттердің кейбіреуі «ЭКСПО – 2017» көрмесіндегі өз павильонының тұжырымдамасы бойынша жұмыс істеуге кірісіп кетті. Сол қатарда түркиялық ағайындардың батыл бастамасы жайында айрықша бөліп айтуға болады. Осыған орай «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Түрік Республикасының Экономика министрі, Түркия Ұлттық секциясының комиссары Тарық Сонмезбен кездесіп, жұмыс барысын талқылап, алдағы жоспарымен бөлісті.

Кездесу барысында Ахметжан Есімов көрмеге дайындық жұмыстарынан түрік делегациясын хабардар етіп, бүгінгі күні жүзден астам ел мен жиырмаға жуық халықаралық ұйымның көрмеге қатысуын растағандығын мәлімдеді. Сондай-ақ, осы айдан бастап қатысушы елдерге өз павильондарын алып, дайындық жұмыстарын бастауға рұқсат берілгендігін де жеткізді.

Өз кезегінде Тарық Сонмез Түркияның Ұлттық павильонының тұжырыптық тұжырымдамасы жайлы хабардар етіп, оның жобасы жуырда «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ басқарма мамандарының назарына ұсынылатынын растады. Сондай-ақ, кездесуге қатысушы тараптар павильонды дайындау бойынша техникалық мәселелерді талқылады.

Баспасөз – 2017



МЕНІҢ СҮЙІКТІ ГАЗЕТІМ

Өз басым жыл сайын облыстық «Жетісу» газетін жаздырып аламын. Аптасына үш рет шығатын басылымды асыға күтемін. Маған газет бетіндегі түрлі айдарлармен берілетін алуан тақырыптағы мақалалар ұнайды. Тіл тағдыры – ел тағдырынан бастап, «Ұлы Дала ұлылары», «Ұлы Дала жауһарлары» айдарындағы материалдарды қызыға оқимын. Билер сөзі, «Көкжиек», Ұлт ұяты, Тарих-таным, Ардагер, Қазына, Жайдарман, Дара тұлға, «Тал бесік», «Балбұлақ» балалар мүйісі мен осындай тақырыптардағы көптеген маңызды дүниелерді ой елегінен өткіземін, көкейге түйемін. Осындай тың, жаңа туындылармен оқырманын сусындатқан «Жетісу» газетінің қаламгер тілшілеріне аналық алғысымды айтамын. Алаш азаматтарының қиын-қыстау заманда біздің болашағымыз бен тәуелсіздігіміз үшін күресін жанын қиғанын, олардың ұлт тағдырын, ұлт мұратын, ұлт мүддесін өздерінен жоғары қойғанын, сонша азап шексе де артына ұлы мұра қалдырғанын сүйікті газетім арқылы жас түлектердің оқып білгеніне қуаныштымын. Барша оқырман қауымға айтарым, рухани жан дүниелеріңіз тазарсын десеңіздер, саяси-мәдени, әдеби сауатты болғыларыңыз келсе, «Жетісу» газетіне жазылыңыздар демекпін.

Газет бетіндегі туындылардың жастарға берер үлгі-өнегесі, тәлім-тәрбиесі ұшан-теңіз. Салт-дәстүр, діни парасат, қазақ тілінің қадір-қасиетін танып білуге, тарихи тағылым беретініне көмілсенемін.

Зияш СМАҒҰЛҚЫЗЫ, Қарғалы ауылдық округі аналар кеңесінің төрайымы, «Асыл әже, ару келін» ансамблінің мүшесі.

Жамбыл ауданы.

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаңыңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

9KZ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАР шығарылады

Қарасай ауданында орналасқан «Colden and Younq» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмыс істеп келе жатқанына бес жылдай уақыт болды. Осы аралықта көпке танымал болып үлгерген серіктестіктің қазіргі тірліктері жаман емес.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА



Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

Аталған кәсіпорын күнделікті тұрмыста қолданылатын сабын, шампунь, тіс пастасы сияқты әртүрлі жуғыш заттар мен тазартқыштар және косметикалық бұйымдар шығарумен айналысады. Дайын өнімдері елдің түкпір-түкпіріне таралады. Сондай-ақ, үлкен сұранысқа ие. Өйткені, мұнда саннан гөрі сапаға көп мән берілген. Ол үшін арнайы зертхана жұмыс істейді. Қырғызстанға да экспортталады. Кәсіпорынның іші-сыртын мұнтаздай тазалығымен көз тартады. Бәрі өз орнында.

Жұмысшылар да өз істерінің білгірі екендігін бірден аңғартады. Олар өз істерін шебер меңгеріп, жұмыс үрдісін қыздырып жатыр. Қалай десек те әлде бір шаруаны бастап, оны одан әрі дөңгелетіп әкету оңай емес. Алдымен оған қомақты қаражат, содан соң ынта мен жігер,ептілік қажет. Әйтсе де қолына түскен қаржыны ұқсатып, пайдаға асыру ақылды керек етеді. Мұндағы жұмыс барысын әңгімелеген өндіріс жөніндегі жетекші Олег Зубков:

– *Біз мемлекеттік «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 154 миллион теңгеден астам несие алып, ол қаражатты осы зауыттың құрылысына жұмсадық. Одан бөлек 25 миллион теңге несиені айналымдағы қаржыны толтыруға алдық. «Даму» қоры 12 миллион 500 мың теңгеге кепілдік берді. Осының арқасында өндіріс ауқымы кеңейіп, өнім көлемі артты, – дейді.*

Мемлекет қолдауының арқасында биыл жаңа ғимарат салып, істерін одан әрі жандандырып жатқан кәсіпорын қазір тұрмыстық заттардың жүзден астам түрін өндіреді. Ал айына жүз тонна өнім дайындалады. Оған қажет шикізат шетелден әкелінеді. Ыдыстары Павлодарда жасалынады. Өндірісте жиырмадан аса адам еңбек етеді. Басым бөлігі тәжірибелі мамандар. Орташа жалақылары тоқсан мыңнан асады. Өнім бағасы шетелдікіне қарағанда бірнеше пайызға төмен. Алдағы уақытта Астанада да филиалдарын ашып, істерін одан әрі өрістетпек.

Қарасай ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 118 (18250)
Сейсенбі, 25 қазан, 2016 жыл.

ФЕСТИВАЛЬ

ОРТА АЗИЯНЫҢ ӨНЕР ОРДАЛАРЫ

Күні кеше Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай VI Орталық Азия мемлекеттерінің халықаралық театр фестивалі шымылдығын ашты. Бұған дейін Алматы, Ақтау қалаларында өткен фестиваль биыл Жетісу жерінде, Талдықорғанның төрінде жалғасты. Өнер тарландарының басын қосқан халықаралық театрлар Талдықорғанға алғаш рет табан тіреді. Жетісу жұрты қонақтарды зор құрметпен қарсы алды.

Құралбек СӘБИТОВ

Халықаралық шараның басты мақсаты Орта Азия елдері мен Қазақстанның қарым-қатынасын нығайту, қоғамның өзекті мәселелеріне көңіл аудару, заман талабына сай драмалық шығармалардың жаңа формаларын табу, олардың дүниеге келуіне ықпал ету. Сондай-ақ, фестиваль театр ұжымдарының шығармашылығын кеңейтіп, тәжірбие алмасуына мүмкіндік береді. Мерейлі шараға Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан Республикасының Т. Миннуллин атындағы драма театры, Қырғызстанның Т. Әбдімомынов атындағы ұлттық академиялық театры, М. Вахидов атындағы тәжік мемлекеттік жастар театры, Алматы қаласының Бәйтен Омаров атындағы драма театры, Астаналық Қ. Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры мен «Жастар» театры, өніріміздің Б.Римова атындағы облыстық драма театры қатысуда. Фестивальдің ашылуында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев Жетісу жерінде мұндай шараның өтуі зор мәртебе екеніне тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, жетісулықтардың өнерге деген ерекше ықыласын жеткізіп, Елбасының қолдауымен құрылысы басталған 3 қабатты, 510 орынды жаңа театр ғимаратының қалаға көрік беріп, өңірлік өнердің дамуына үлес қосатынын тілге тиек етті.

– Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай елімізде ауқымды шаралар өтуде. Соның бірі – жер жаннаты Жетісуда ұйымдастырылған «Қазақстан – Еуразия жүрегі» атты халықаралық фестиваль. Аталмыш шара біздің аймақта алғаш рет өткізіліп отыр. Сондықтан да өніріміздің шетелдік өнер тарландарының келуі – біз үшін үлкен мәртебе, зор қуаныш. Өнерді серік етіп, өнерге қылымын өнер сүйер қауымға тарту етпек. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі басқарма басшысының міндетін атқарушы Гүлнафис Мырзашеваның айтуынша, биылғы маусымның өзгешелігі тақырып еркіндігінде. Ал бұған дейін театр тарландары берілген тақырып аясында сайысқа түскен. Биыл қатысушылардың ең үздік деген қойылымының мәні мен мағынасы, актёрлердің шеберлігі сыналмақ. Сондай-ақ, өзара байланыс орнатып, тәжірибе алмасу үшін де бұл фестивальдің өнерпаздар үшін берері зор. Фестивальге сахналатын қойылымдарға шетелдік өнер қайраткерлері, прозик, аудармашы, Тәжікстан көркемөнер академиясының академигі Абдугаффор Абдужабборов, театр сыншысы, Д. Сиразиев атындағы театр сыйлығының лауреаты Нияз Игламов, Әзербайжан мемлекеттік жас көрермендер театрының бас режиссері Бахрам Османов, театр сыншысы, драматург, Қырғыз республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жаныш Құлманбетов қазылық етеді. Әділ баға беріп, әртістердің шеберлігін сынайтын қазылар алқасының төрағасы – аты аңызға айналған КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов.

Театр – нағыз еңбектің көркем жемісі. Ол тек көңіл көтерудің кілті ғана емес, нағыз мәдени ошақ. Жері шұрайлы Жетісу жұртшылығы мәдениетке, оның ішінде театр өнеріне ерекше жақын. Өніріміздің небір танымал тұлғалар шығуы осыған мысал болса керек. Сондықтан да VI халықаралық театр фестивалінің Жетісу жерінде өткізілуі тегіннен тегін емес. Өнір жұртшылығы бір апта бойы өзге мемлекеттердің қойылымын тамашалап, шеберлігін көріп, өнер бұлағынан сусындамақ. Фестивальдің қойылымдарын өнерсүйер қауым апта бойы тегін тамашалай алады. Ал алдағы жұма күні мерейлі шараның жабылу салтанаты ұйымдастырылып, жеңімпаздарға жүлделер табысталмақ.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

САЙЛАУ

2016 жылғы 31 тамыздағы облыстық сайлау комиссиясының №8 қаулысына қосымша үстіміздегі жылдың 30 қазанында тағайындалған облыс мәслихаттарының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар жұмысы Көксу ауданында басталды.

Ел игілігі жолында

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық Заңының 101-бабы 4-тармағына сәйкес, облыстық сайлау комиссиясы шығарған қаулыға орай күнтізбелік жоспар құрылды. Мұнда сайлау округтері бойынша мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну, учаскелік сайлау комиссияларының құрамын, өткізілетін шекарасы туралы ақпаратты тиісті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау жұмыстары көзделген. Сайлаушылардың тізімдерін акт бойынша тиісті сайлау комиссиясына жеткізу жұмыстары жоғары деңгейде атқарылған.

Көксу ауданынан облыстың мәслихат депутаттығына үміткер 1957 жылы дүниеге келген Маман Қаблисанов, 1990 жылы туған Алдияр Бабашов және Қ. Жалайыр атындағы мектеп гимназиясында дифектолог мұғалім қызметін атқарып жүрген Нұрилә Нұрдәулетовалар болашақта өздерінің тың идеяларымен ел игілігі жолында жұмыс істеуге уәде етті.

Ағымдағы жылдың 30 қыркүйегінде кандидаттарды ұсыну мерзімі аяқталды. Сонымен қатар, шығып қалған депутаттардың орнына сайлау өткізу Көксу аудандық №2 сайлау округінде тағайындалған болатын. Қазіргі таңда сайлаушылар тізімін нақтылау жұмыстары атқарылуда. Сайлауға дайындық жұмыстары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Е. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.
Көксу ауданы.

ҚҰРЫЛЫС

ЭКОНОМИКАНЫҢ іргетасы

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Осы тұрғыдан келгенде бүгінгі құрылыс индустриясы – тәуелсіз елдің өркендеген экономикасының негізгі іргетасы. Кез келген өңірдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Облысымыздағы жетістіктердің дені аталған саланың дамуымен сабақтасып жатыр.

Ең алдымен өңірімізді құрылыстандыруға бөлінген қаржының жыл өткен сайын көбейіп, жұмыс ауқымы артып келе жатқанын айтқан жөн. Ағымдағы жылы аталған саланың бюджеті 55 млрд. теңгені құрады. Оның 2 млрд. теңгеге жуығы республикалық бюджеттен бөлінсе, қалғаны жергілікті бюджет, Ұлттық қор, арнаулы қор және ішкі қарыз есебінен келіп отыр. Осы қаражатпен жыл басынан бері 164 нысанның құрылысы қолға алынды. Жоспарға сай пайдалануға беріледі делінген 79 нысанның 39-ы өткізілді. Қалған 85 нысан келесі жылға өтпелі жоба қатарында. Бірінші қазандағы көрсеткіш бойынша бөлінген қаржының басым бөлігі игерілді.

Тағы бір жағынан, құрылыс – экономиканың негізгі діңгегі. Кейінгі жылдары түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында республика бойынша, оның ішінде Жетісу жерінде жаңа үйлер, мектептер, аурухана, жолдар салынып жатыр. Қатар-қатар бой түзеген көпқабатты тұрғын үйлер елдігіміздің жарқын болашағын көз алдыға келтірсе, «Жастар» саябағы, Оқушылар сарайы, «Жастарға» қызмет көрсету орталығы, тағы да басқа халыққа қызмет көрсететін нысандар жүрегімізге сенім ұялатады. Биыл 544,1 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі таңда бөлінген қаржы есебінен жалпы алаңы 112,4 мың шаршы метрді құрайтын 1553 пәтерлі 31 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Тоғыз айлық көрсеткіш бойынша 1000,123 мың шаршы метр тұрғын үй иесін тапты. Сонымен қатар, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ желісімен «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясында Талдықорған қаласының оңтүстік-батыс ауданынан өткен жылы 1,3 гектар жер телімі бөлініп, 25,5 мың шаршы метрді құрайтын 290 пәтерлі 5, 60 пәтерлі 3 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Білім беру саласы бойынша 20 нысанның басым бөлігі, денсаулық сақтау саласы бойынша Талдықорған қаласындағы 300 орынды көпсалалы аурухана мен Алакөл ауданындағы 25 орынды дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Инженерлік-коммуникациялық желілерді реттеу, ішкі істер және коммуналдық шаруашылық және мәдениет нысандарын дамыту жобалары да жоспарға сай атқарылуда. Ең бастысы, осындай еңбектің нәтижесінде қаншама жастар, үйсіз-күйсіз жүргендер, мүмкіндігі шектеулі жандар, зейнеткерлер мен қамқоршысы жоқ адамдар баспаналы болып, қам-қайғысыз өмір кешуде.

Қысқасы, облыстың құрылыс саласы ағымдағы жылдың тоғыз айдағы көрсеткіші бойынша қомақты жұмыс атқарды. Соның бәрінде құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Сондықтан құрылысшы еңбегі қашанда құрметке лайық.

Темірлан БЕКТАСОВ,
облыстық құрылыс басқармасының басшысы.

Баспасөз – 2017

Жетісу Жетісу Жетісу Жетісу

Әдегенде табылатын қасиеттан...

Қазақ газеттерінің ішінде «Жетісу» жанына жақын басылымның бірі. Сондықтан да өзім жетекшілік ететін Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің тыныс-тіршілігі, бүгінгі беталысы, бағыт-бағдары туралы мақалаларды басылым бетіне үзбей ұсынып тұрамыз.



Ата басылым саналатын жүз жылға жуық тарихы бар «Жетісудың» оқырмандарына берері де мол. Мұнда саликалы, салмақты, елдің болашағы мен ұлттың мүддесін қорғайтын мақалаларды көптеп оқып, облыс жаңалығы мен экономикалық өрлеуінен хабардар болып отырамыз. Сол арқылы облысқа қажетті аграрлық сала мамандарын даярлауға өз тарапамыздан үлес қосудамыз.

Бала кезімізден газетті жата-жастана оқып, қара сөздің құдіретіне қанығып өскен буын өкіліміз. Әлі күнге дейін сол әдетімізден жаңылған жоқпыз. Біз үшін газет – рухани құндылықтар бастауы. Одан жанымызға керектің бәрін тауып оқып, бір жасап қалатынымыз бар.

Газеттен әсіресе, Сүйінбай, жыр алыбы Жамбыл бабаларымыздың, тағылымдарын оқып, облыстан шыққан өзге де ақын, жазушы, ғалымдардың өнегелі өмір жолы мен ұрпаққа қалдырған мол мұрасына қанық болып жатамыз. Бабадан жеткен ғибратты сөздер, халық даналығы, ұлттық салт-дәстүр, тәрбие өзегі де басылымның күн құрғатпай оқырманға ұсынатын басты тақырыбы.

«Жетісу» қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым болғандықтан сан түрлі тақырыпты орында қозғай біледі. Сондықтан іздеген адам өзіне қажетті дүниені қиналмай-ақ табады.

Осы ретте оқырмандардың «Жетісудан» алар рухани азығы өлшеусіз дер едім.

Қазақ арыстарының да осы басылымда еңбек етіп, тарихта өшпес қолтаңба қалдырғаны белгілі. Олардың жолын жалғап келе жатқан бүгінгі журналистердің де қаламы қарымды. Жетісулықтарды биыл да іздегенде қасыңнан табылатын рухани дос, әрі сырлас басылыммен бірге болуға шақырамын.

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің ректоры.

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаныңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250	6500
2.	Зейнеткерлер үшін	1800	3600
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900	3800
4.	Жалпы жеке жазылу	2100	4200

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3000	6000
2.	Зейнеткерлер үшін	1500	3000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1600	3200
4.	Жалпы жеке жазылу	1700	3400

БРИФИНГ

Журналистер үйінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен брифинг өтті. Негізгі тақырып – жылыту маусымы кезінде өрт қауіпінің алдын алу. Аталмыш жиынға облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызметі басқармасының басшысы Юрий Чернышов және ТЖД өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызметі басқармасының бас маманы Толқын Қатышева қатысты.

Өрт өкіндірмесін десек

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

БАҚ өкілдерінің алдында есеп берген басқарма басшысы ТЖД жұмысына кеңінен тоқталды. Жылыту маусымы кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың талай отбасына жайсыздық әкеліп жатқаны белгілі. Бұл тұрғыда өрт қаупінің алдын алу қызметкерлері рейдтік шаралар ұйымдастырып, тұрғындарға ескерту жасағаннан жалыққан емес. Әйтсе де өз қауіпсіздіктеріне селқос қарайтын кейбір тұрғындар мамандардың айтқанына құлақ аспай, арты қайғылы оқиғаға әкеліп соғады. Міне, осындай бейқамдықтың кесірінен көптеген тұрғын үй өтқа оранып, улы газға уланып, ыс тиген адамдардың саны азаймай тұр. Мысалы биылғы жылдың көрсеткішіне көз жүгіртсек, облыс бойынша 1034 өрт тіркелген. Өткен жылмен салыстырғанда 3% төмен. Материалдық шығын 103 млн. 77 мың теңгені құраған. 2015 жылмен салыстырғанда 1% төмендеген. Әрине, бұл үлкен көрсеткіш емес. Ал, өрт оқиғасынан көз жұмған адамдардың да саны аз деуге болмайды. Мысалға өткен жылы 24 адам қаза болса, биыл 22 адам қайтыс болған. Айырмашылық бар-жоғы екі адам. Егер өз ісімізге салғырт қарамасақ, келер жылы зардап шеккендердің саны одан да артып кетуі ықтимал. Басқарма басшыларының айтуынша, тұрғындар істеп жатқан жұмысқа, профилактикалық ескертпелерге немқұрайды қарайды дейді. Сонымен қатар өртке оранатындардың басым көпшілігі жағдайы төмен отбасылар екенін де тілге тиек етті. Маусым жақындаған кезден бастап қысқа дайындалудың салақ жүргізілуінің кесірінен осындай жайсыздыққа ұрынады. От жағатын пештерін және түтін шығатын құдықтар мен мұржаларды тазартпаудың салдарынан улы газға тұншыққандар да көп. Мәселен, ағымдағы жылда 246 адамға ыс тиген. Оның 13-і қаза болған. Ішінде балалар да көп.

Департамент қызметкерлері тынымсыз еңбек етуде. Жылу беру маусымы кезінде бір айлық профилактикалық жұмыс өткізсе, оның мерзімін ұзартуға дейін барған. БАҚ арқылы да сақтандыру роликтері көрсетіліп, мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көруде. Бірақ, тілсіз жаудың қатері әлі де азаймай тұр. Сондықтан тұрғындардың өз өміріне немқұрайды қарамағаны жөн.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

ҚОМАҚТЫ ТАБЫС

ҚР Статистика комитетінің «Келушілерді таңдап тексеру туралы» деректеріне сәйкес «ЭХРО – 2017» көрмесіне келетін шетелдік туристің портреті жасалды. Олардың сараптамасына сенсек, әрбір шетелдік турист Қазақстанда орташа есеппен 6 күн болады. Осы уақыт аралығында ол көрменің билетін сатып алуға, қонақүйлерде жайғасуға, кәдесыйлар алуға, іс-шараларға қатысуға, емдеуге, тамақтануға, Астана қаласының маңындағы елді мекендерге қыдырып қайтуға 64 200 теңге жұмсайды, яғни, күніне 11 300 теңгеден айналады.

Қажет АНДАС

Жалпы, көрмені тамашалауға шамамен 2 миллионнан астам адам келеді және 5 миллион келуші болады деп күтілуде. Алдын ала болжам бойынша, шетелдіктердің 65 пайызы 3-5 мың теңге тұратын билеттерді сатып алуға ниет танытуда. Сондай-ақ, туристердің 60 пайызы Астанаға жақын орналасқан Бурабайдың, 36 пайызы Көкшетау мен Қарағанды облысының, қалғаны еліміздің басқа өңірлерінің таңғажайып табиғатын тамашалауды мақсат етіп отыр. Осы тұрғыдан келгенде табыстың негізгі көзі халықаралық тасымалдар болады. Оның үлес салмағы 36 пайыз. Ал кірістің 18 пайызы азық-түлік емес тауарларға тиесілі көрінеді. Соның ішінде киімкешек пен аяққиімнен түсетін табыс 39 пайызды құраса, кәдесыйлар мен сыйлықтардан келетін кіріс жалпы табыстың 27 пайызын құрайды. Сонымен қатар тағы 17 пайызы тамақтану мен азық-түлікке тиесілі.

Статистика комитетінің мәліметінше, жалпы көрмеге туристерден бөлек 300-ге жуық шетелдік қонақ қатысатыны белгілі болды. Олардың әрқайсысы 44 мың теңге шамасында ақша жұмсайды. Демек, көрмеге келіп қатысатын қонақтардан түсетін кіріс шамамен 13 млн. 200 мың теңге болмақ.

Бұл туралы «Астана «ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтің Ватикан елшісі Фрэнсис Чулликаттпен кездесуінде сөз болды. Елші алдағы көрме тақырыбының маңыздылығы мен әлеуетін атап өтіп, Ватиканның ұлттық павильонының тақырыптық тұжырымдамасын жақын арада ұсынатындығын айтты.

Бұл өңірлердегі туризм саласымен айналысатын кәсіпкерлер үшін үлкен серпіліс тудыратыны анық. Себебі, Астана қаласынан шалғай өңірлерді тамашалуға ниетті туристер мен қонақтарды күтіп алу, еліміздің бай экономикалық және туристік әлеуетімен жақыннан таныстыру ертеңгі іргелі жоспарларға жол ашатыны белгілі.

100 НАҚТЫ қадам

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ жаңа моделі

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары ең бірінші кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік қызметті жаңғыртуды көздейді. Ел дамуына ерекше серпін беруі тиіс осынау маңызды жоспарды жүзеге асыру аясында өткен жылы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы қабылданып, жыл басында күшіне енді. Аталған заң мемлекеттік қызмет саласының жұмысын жетілдіріп, басқару жүйесінің тиімділігін күшейтуге негізделген.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңда «А» және «Б» корпустарының мемлекеттік әкімшілік қызметіне кіру және оны өткеру ерекшеліктері жеке-жеке тарау ретінде қалыптасып, мемлекеттік қызметтің әр корпусына кадрларды іріктеуге, лауазымға орналасуға арналған конкурстарды өткізу тәртібі және лауазымға тағайындау ерекшеліктері кеңінен көрініс тапқан. Сонымен бірге, жаңа заңның 8-тарауында мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі қамтылып, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар заңнамалық түрде көрсетілген. Заң мемлекеттік қызмет пен қызметкердің мәртебесін көтере отырып, жауапкершіліктерін де арттыруды көздейді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Мемлекеттік қызметшінің мансап жолындағы өсуі адамдардың талантымен, жеделдігімен, кәсіби дайындығымен тікелей байланысты болмақ», – деп әкімшілік мемлекеттік қызметшінің мансабы оның жекебасының қасиеттерінен, оның біліктілігі мен жинақтаған тәжірибесінен құралатынын атап өтті. Соған орай жаңадан қабылданған заңда мемлекеттік қызметке орналасуға ниетті азаматтардың кешенді іріктеу арқылы жұмысты тек төменгі лауазымдардан ғана бастай алатындығы айтылады.

Мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушылар үшін заңның 26-бабына сәйкес бірнеше кезеңді қамтиды. Бірінші кезең – мемлекеттік тілді және Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеуден өту. Екінші кезең – мемлекеттік қызметке орналасушы үміткерлерді жеке қасиеттері (бастамашылдық, жұмыс сапасы мен нәтижесіне бағдарлану, әдептілік, жемқорлыққа төзбеушілік, стратегиялық ойлау, көшбасшылық) бойынша тестілеу. Үшінші кезең – мемлекеттік органда бейімі, білімі бойынша өткізілетін конкурстық әңгімелесу. Бұл ретте заңнаманы білуге тестілеудің нәтижелері бойынша шекті мәннен өткен жағдайда үміткерлер келесі кезеңге жіберілетін болады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 27-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурстың екі түрі бар. Бірінші түрі азаматтар арасындағы жалпы конкурс болса, екіншісі мемлекеттік қызметшілер арасындағы ішкі конкурс. Жалпы, конкурс «Б» корпусының бос немесе уақытша бос төменгі мемлекеттік әкімшілік лауазымына, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілер арасында комиссияның немесе бірыңғай конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған қатысушылар болмаған кезде төменгі лауазым болып табылмайтын өзге де бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу үшін өткізіледі. Ал ішкі конкурсты мемлекеттік орган «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу үшін осы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілері арасында ұйымдастырады. Бұған дейінгі мемлекеттік қызмет туралы заңнамада мемлекеттік қызметшілердің бос тұрған лауазымдарға ауысу институты арқылы біліктілік талабы сай келген уақытта бос лауазымға тағайындау мүмкін болса, жаңа заңнамада ауысу институты шектелген. Ауысу институты көмекші, кеңесші, баспасөз хатшылары лауазымдарына «А» және «Б» санат топтарына жататын мемлекеттік органдар үшін ғана сақталған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» бұрынғы Заңның 12-бабында сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқықбұзушылықтар тізбесі келтірілген. Бұл бапқа сәйкес қызметшілерге тәртіптік жаза қолданылса, олар сыбайлас жемқорлық жасаған болып есептелінетін. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңға сәйкес, бұл іс «мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар» болып бекітілді. Заңның 44-бабының 5-тармағына сәйкес, мұндай сипаттағы теріс қылықтарды жасауға жол берген мемлекеттік қызметшіге лауазымынан төмендету, ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жазаны қолдану көзделген. Бірінші тәртіптік теріс қылығы үшін тәртіптік жаза қолданылғаннан кейінгі бір жыл ішінде осы теріс қылықтарды қайталап жасаған жағдайда мемлекеттік қызметшіні атқаратын лауазымынан босату шарасы көзделген. Атқарып отырған қызметінен босату түріндегі тәртіптік жаза алған қызметшінің Заңның 16-бабы 3-тармағының 6-тармақшасына сәйкес ендігәрі мемлекеттік қызметке орналаса алмайтындығын да атап өтуіміз керек.

Бүгінгі таңда кәсіби мемлекеттік аппаратты құрудың маңызы орасан зор. Соған орай мемлекеттік қызметкер өзінің біліктілігімен, кәсіби және іскерлік қасиеттерімен бағаланы тиіс.Өзіне жүктелген жұмысты уақытында әрі дәлме-дәл орындап, нәтижесін көрсете білген маман ғана жаңа заман талабына жауап бере алады. Жаңа заң кәсіби мемлекеттік аппаратты құруға жарқын жол ашады. Бұл – еліміз үшін үлкен серпіліс.

Н. АКЕЖАНОВ,
Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы.

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ

ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІК

Талдықорған – таза қала! Дәл осы ұранмен сенбіде қаладағы барлық мекеме қызметкерлері қолдарына сыпырғы мен тырмақ алып, тазалыққа шықты. Әр мекемеге арнайын аулалар мен алаңдар бөлінді. Бірақ олар оған қарамастан, өздеріне бөлінбеген аймақты да тазалап шықты.

Құралбек СӘБИТОВ

Талдықорғандықтар қала тазалығына баса мән береді. Соның нәтижесінде облыс орталығы әрқашан жарқырап, көз тартарлық көркемдігімен қуантуда. Бұл көріністі қала қонақтары да бірден байқайды. Республика бойынша «Талдықорған таза қала» қала деген теңеу содан шыққа керек. Сенбілікке қатысушылар құрал-саймандарымен толық қамтылды. Әрине, бастысы жоғары көңіл- күй. Бұл тұрғындардың басты ұстанымы болды. Сондай-ақ, қоқыс шығару үшін 50-ден аса техника жұмылдырылды. Облыстық наркологиялық диспансер ауласын медицина қызметкерлері тазалады. Диспансердің бас дәрігер Күннәр Қалыбаева өз сөзінде:

– Бізге тазалаңдар деген соң тазалап жатқан жоқпыз. Бұл біздің міндетіміз. Әрбір тұрғын өз қаламызға осылайша үлесімізді қосуға тиістіміз, – деді.

Тұрғын үй шаруашылығының бөлім басшысы Нұрлан Қыстаубаевтың айтуынша, санитарлық тазалық жұмыстары 4 қазаннан басталған. Ол өз пікірінде: «Сенбілік бүгінмен тоқтап қалмай, әлі де жалғасады. Барлық тұрғындарды санитарлық тазалауға толық қатысуға шақырамыз. Біз өз қаламызды өзіміз тазаламасақ, бізге ешкім сырттан келіп көмектеспейді», – деді. Ал әкімдік қызметкерлері Тәуелсіздік көшесінің бойын қоқыстан тазартты. Біз сол маңнан өтіп бара жатып әкесіне қолғабыс етіп жүрген 4 жасар кішкентай қызды көрдік. Көрдік те қала тұрғындары жасының үлкен-кішілігіне қарамай тазалық үшін барын салатынын байқадық. Айта кетерлігі жалпықалалық сенбілікке 200-ден астам адам қатысты. Біз қаланы аралап жүріп, оң жұмыс нәтижесін, тазалық пен жинақылықты көрдік. Қала тазалығы тұрғындардың әдептілігімен байланысты екені белгілі. Ендеше қала тазалығы үшін бәріміз жаппай атсалысайық.

Әлем тынысы

ЖЕР ЖЕТІ ГРАДУСҚА ЖЫЛИДЫ



Солтүстік мұзды мұхит пен Гренландия аралы жылынып, жер бетін топан су басу қаупі туындап еді. Енді бүкіл жұмыр жер жеті градусқа жылынуы мүмкін. Стэнфорд университетінің американдық климатологі Каролин Снайдер соңғы екі миллион жылдағы жер бетіндегі орташа жаһандық температураның өзгерістерін анықтады.

Ол жердегі жылылық Цельсий бойынша жеті градусқа дейін көтерілуі ықтимал екенін айтты. Зерттеу «Nature» журналында жарияланды. Температура өзгеруінің кестесін жасау үшін ғалым уақыт интервалы бір мың жылды құрайтын 59 мұхит түбіндегі шөгінділердегі 20 мыңнан астам климаттық реконструкцияны пайдаланған. Климаттың өзгеруін ескерген ғалым көмірқышқыл газы концентрациясының сақталуын, геологиялық өлшемдерді назарға ала отырып, бірнеше мыңжылдық ішінде жер бетіндегі орташа жаһандық температураның Цельсий бойынша 3-7 градусқа дейін өсуі мүмкін деген тоқтамға келді.

АВТОКӨЛІКСІЗ ПАРИЖ



Европалықтар табиғаттың тазалығына ерекше мән береді. Франция астанасының тұрғындары бір тәулік бойы көлік жүргізуден бас тартып, алып шаһардың экологиясына бейжай қарай алмайтындықтарын көрсетті.

Париж қаласының басшылығы тұрғындарды қоғамдық көліктерге отыруға, жаппай велосипед тебуге шақырды. Сонымен бірге, жолаушы тасымалдайтын автобустарға жылдамдықты сағатына 20 шақырымнан асырмауды тапсырды. Париж баяғыдан экологияның тазалығына жоғары талап қояды. Мәселен, биылдан бастап қалаға 1997 жылға дейінгі шыққан автокөліктердің кіруіне тыйым салынған. «Көшелердің көліксіз болғаны керемет. Ешқандай шу да, улы газ да жоқ. Қалаға шығып машинаның дауысын естімей серуендесең, тынығып қаласың. Ауа да таза», – дейді жергілікті тұрғын Томас Поуессел.

ҚЫРҒЫЗСТАНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ ӨСТІ



Алатаудың ар жағындағы ағайынның ақсақалдары мен ақжаулықты әжелері қуанып жатыр. Көптен бері экономикасы шатқаяқтап келген қырғыз халқының әлеуметтік жағдайы жақсарып келеді. Осы аптаның аяғынан бастап Қырғызстанда зейнетақы өседі.

Республика бойынша зейнетақының орташа мөлшері 5173 сомды құрамақ. Қырғыз елінде 100 АҚШ долларының құны 6800 сомға тең. Зейнетақыны өсіру туралы қаулыға Үкімет басшысы Сооронбай Жээнбеков қол қойды. Қазіргі таңда туысқан халықта 604 мың 800 зейнеткер бар. Біздің теңгемен салыстырғанда олар орташа 23 мың теңге ғана алып келген. Қырғызстан Үкіметінің баспасөз қызметі мәлімдегендей, бұдан былай 10 000 сом алатын қарияның зейнетақысы 15 пайызға артты. Ал одан көп мөлшерде алатын зейнеткерлердің ақшасы 8 пайызға көтеріліп отыр.

ТӘЖІКСТАНДА СУ ТАПШЫ



Тәжікстан сыртқы істер министрі Сироджиддин Аслов Біріккен Ұлттар Ұйымында елдегі су тапшылығы жайлы мәселені көтерді. Оның айтуынша, соңғы 35-40 жылда 13 мың мұздықтың мыңнан астамы толығымен еріп кеткен.

Мұндай жағдай табиғи апаттардың жиілеуіне, адамдардың зардап шегуіне, ірі қаржылық шығындарға әкеп соқты және экожүйелерге зақым келтірді. Министр ауызсу көздеріне қолжетімділіктің болмауы және қарапайым гигеналық және санитарлық талаптардың сақталмауы, су тапшылығы және оны энергиямен қамтамасыз етілуі, азық-түлік тұрақсыздығы сияқты мәселелерді еске салды. Климаттың өзгеруі, урбанизация және халық санының өсуі бұл мәселелерді тереңдете түсетінін айтты министр. «Су мәселелерін шешу үшін саяси күш-жігер және ынтымақтастық пен үйлестіруді нығайту қажет», – деді С. Аслов.

АДАМДАР ЛАС АУА ЖҰТАДЫ



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы зерттеу нәтижелерін жариялады. Зерттеуге сүйенсек, ғаламшардың он тұрғынының тоғызы ауасы ластанған аумақтарда тұрады. Ұйымның мәлімдеуінше, бұл – әлем бойынша дабыл қағатын үлкен мәселе.

«Ауаның ластануы мәселесі өзектілігін ұлғайтып келеді. Ол экономиканың жағдайы мен адам өмірлерінің сапасына әсер етуде. Бұл денсаулық сақтау саласы үшін төтенше жағдай», – делінген баяндамада. Ұйым ауа тазалығын өлшеу мәліметтеріне негізделген әлемнің арнайы интерактивтік картасын құрды. Ауада зиянды заттардың болуы Қытай мен Үндістанда ғана емес, сонымен қатар, Еуропаның көптеген елдерінде, Ресейдің батыс бөлігінде нормаларға сай емес. Ағымдағы жылдың мамырында қалалардағы ауа сапасы төмендеп жатыр деген шешімге келді. Бұл аурулардың туу қаупін арттырып отыр. Ұйым мәліметтеріне сәйкес, жер тұрғындарының 80 пайыздан астамы ауасы лас аймақта тұрады.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



Қоңыр күздің қара суығы басталысымен жұртшылық үйін жылыту қамына кіріседі. Халық ала жаздай көмір-отынын дайындап, қытымыр қыстан аман-есен шығудың қам-қарекетін жасайды. Ал ауданға қарасты бюджеттік сала, тұрғын үй-коммуналдық нысандарына жылу беру маусымына дайындық қалай? Қазіргі таңда мемлекет қарамағындағы нысандар сұйық және қатты отынмен қаншалықты қамтамасыз етілген? Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ғалымбек ИБРАЕВПЕН әңгіметіміз сол бағытта өрбіді.

ҚЫС ҚЫСПАЙДЫ демейік

– Ғалымбек Қырықбайұлы, биылғы жылыту маусымына дайындық жөнінде айтсаңыз. Бұл жылда атқарылатын шаруа болғандықтан қысқа өзірлік ерте басталған болар?

– Әрине, қазақ халқы «қыстың қамын жаз ойла» деп бекер айтпаса керек. Сол үшін күні бұрын отын-көмірді дайындап, аязға төтеп беру жағын қарастырамыз. Қаратал ауданына қарасты мекемелерде белгіленген температураны бірқалыпты ұстап тұру үшін бар мүмкіндікті жасайтын боламыз. Яғни, жылу беру маусымына әзірлік күн тәртібінен түспейді. Облыс әкімінің «2015–2016 жылдардағы жылыту маусымының қорытындысы және алдағы 2016–2017 жылдардағы жылыту маусымының міндеттер туралы» 26 мамырдағы №267 қаулысын орындау мақсатында аудан бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, аудандық бюджеттік сала, жол және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарына жылу беру маусымына уақытылы дайындық жүргізу және өткізу жөніндегі іс-шаралары бекітіліп, құрамында 11 мүшесі бар штаб жұмыс істейді. Біз үшін аудан жұртының қыстан қысылмай шығуы өте маңызды. Соған орай бүгінгі күнге аудан бойынша 102 бюджеттік сала нысандары, соның ішінде 37 білім, 27 денсаулық сақтау, 38 әлеуметтік әкімшілік саласы бойынша жылыту маусымына әзірлік жүргізілуде.

– Ауданда сұйық және қатты отынмен жылытылатын мекемелерді қамтамасыз ету үшін қандай жұмыстар атқарылды?

– Қазір жұрт арасында белгілі бір нысанды сұйық отынмен жылытқан дұрыс па, әлде қатты отынды пайдаланған жөн бе деген сауалдар туындауда. Әрине, екеуі де жақсы, тек қажетті отын қоры жеткілікті болса болғаны. Осы ретте аудандағы білім және денсаулық сақтау салаларында жылыту маусымына дайындық жүргізу және оны өткізу үшін облыс бюджетінде 85,813 млн. теңге қарастырылғанын айтқым келеді. Соның ішінде жылу жүйелерін жөндеу мен жабдықтарды сатып алу үшін 5,418 млн. теңге, отын сатып алуға 80,395 млн. теңге қаражат бөлініп отыр. Аудан бойынша сұйық отынмен жылытылатын 11 мекеменің 9-ы білім және екеуі денсаулық сақтау саласына тиесілі. Атап айтқанда, Көпбірлік және Кәлпе ауылдарының дәрігерлік амбулаториялары сұйық отынмен жылытылады. Яғни, бұл мекемелердің пештері сұйық отынмен жылытуға арналған. Жалпы сұйық отын қазандығы 16 дана болса, сұйық отын сақтайтын қойма саны 13. Бір айта кетерлігі, Алғазы және Жаңаталап мектептеріндегі сұйық отынды қазандықтарды ауыстыру мақсатында мемлекеттік сатып алу байқауы жарияланды. Бұл қатты отынның қызуы төмен деген сөз емес, тек тұтынуға келгенде аса қолайлы.Өңірде сұйық отынмен жылыту түріне көшкен мекемелер бар. Биыл «Жетісу сервис» ЖШС білім саласына, нақтырақ айтсақ, Лермонтов және Алғазы атындағы мектептерге 400,0 мың теңгеге 2 дана сұйық отын сақтайтын қоймаға өлшеу құралдарын орнатты. Ал денсаулық саласына келсек, «ГигМастерфакел» ЖШС Кәлпе мен Көпбірлік ауылдарының дәрігерлік амбулаторияларына 2 сұйық отын сақтайтын қоймаға өлшеу құралдарын орнату жұмысын жүргізді. Ерекше айта кетерлік жайт, қатты отынмен жағылатын 70 пештің оны ағымдағы жөндеуден өткізілді. Жаңаталап және Алмалы ауылдық амбулаториялардың пештері жалпы 300,0 мың теңгеге жөндеуден өтті.

– Жылыту маусымына дейін қажетті отын қорын жасақтай аламыз ба?

– Жалпы, аудан бойынша көмір қажеттілігі 1923 тоннаны құрайды. 2016–2017 жыл аралығында отынмен жылытылатын мекемелерге барлығы 310,9 мың литр сұйық отын қажеттілігі бекітілді. Аудан бойынша пеллетпен 10 мектеп жылытылады. Бұл табиғи таза өнім. «Тамас» ЖШС секілді биоотын шығарытын мекемеміз бар. Жалпы қажетті 1061 тонна биоотын алуға бюджеттен 43,819 млн. теңге қаражат бөлініп, толық игерілді. Сондай-ақ, бюджеттік мекемелер, білім беру, денсаулық сақтау саласы, әкімшілік ғимараттарының барлығы орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Орталықтандырылған жылу жүйелерінің ұзындығы 10,6 шақырымды құраса, оның ішінде биыл ағымдағы жөндеуден өткені 4,6 шақырым.

– Тұрғын үй тақырыбына қарай ойыссақ. Көпқабатты үйлерді жылыту ісі қалай жүруде?

– Баршамызға белгілі, қазір мемлекеттік бағдарлама аясында ауданның бірқатар көпқабатты үйлері орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Бұл қала тұрғындарының жайлы өмір сүруіне жасалған оң қадам деп есептеймін. Ағымдағы жылы 162, 575 млн. теңгеге Үштөбе қаласының Молдағұлова көшесі бойындағы №30 тұрғын үй ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп, орталық жылу жүйесіне қосу жоспарланып отыр. Жылу жүйесі бойынша барлығы 31 есептегіш құрал орнатылған. Мұның ішінде теміржол, бюджеттік мекемелер және тағы басқа да нысандар бар. Аудан бойынша бюджеттік сала нысандары 41 автономды электр стансысымен қамтылған.

– Қарапайым тұрғындар үйлерін көмірмен жылытатыны белгілі. Қазіргі таңда қабылдау тұйықтамаларында көмір жеткілікті ме?

– Аудан бойынша тұрғындарға қыстан қысылмай шығуға 50 мың тонна көмір қажет. Бүгінде көмір тұйықтамаларына 12 144 тонна қатты отын жеткізілді. Қатты отынмен аудан орталығында 5 көмір тұйықтамалары қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, «Ауылтехника» ЖШС, «Сауда көмір» ЖК, «Идигова» ЖК, «Бекбосынов» ЖШС және жеке кәсіптер «Ин-Сан» халықты қатты отынмен қамтамасыз етеді. Нарықтағы көмірдің орташа бағасы 10500 теңге көлемінде. Жылыту маусымына дейін аудан тұрғындары толықтай көмірмен қамтамасыз етілмек.

– Әңгімеңізге рахмет!

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

ҚАЛАНЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ БАСТАЛДЫ



Облыс аумағындағы елді мекендерді табиғи газбен қамту мақсатындағы жұмыстардың нүктесі қойылар күн де жақындады. Міне, 260 шақырымға созылған «Алматы – Талдықорған» магистралі Шымыр ауылының маңынан салынатын «Талдықорған» газ қабылдау, тарату пунктіне 700 метр жерге жетіп тоқтады. Әрине, егіс алқаптарындағы өнімнің жиналмай тұрғаны кедергі келтірмесе, таяқ тастам жерге жеткен шаруа бітіп те қалар еді. Газ құбырын тартуға жауапты «Ақниет-БН» ЖШС құбыр төсеу жұмысын өнім жиналғанша тоқтата тұрып, «Талдықорған» газ қабылдау, тарату пунктінің құрылысын бастап кетті.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының тапсырысы, «КАТЭК» ЖШС-нің жобасы бойынша қаланы газдандыру «Ақниет-БН» ЖШС-не жүктелген. Аталған мердігер компания қаланы толықтай газбен қамтамасыз ету сынды ауқымды жобасын төрт кезеңге бөліп орындауды жоспарлап отыр.

Алғашқы кезеңде «Қаратал» шағын ауданы, Абылай хан, Жансүгіров, Гауһар ана көшелерінің бойындағы, облыстық аурухана, автобекет және орталық базар маңындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлер, «Талдықорған» индустриялды аймағы мен Оңтүстік өндірістік аймақты газ желісімен қамту мақсатында 6 қалаішілік газ қосу кешені және бірнеше газ реттеуші шағын пункттер салынады деп жоспарланған. Газ желісінің жалпы ұзындығы 331,1 шақырым, жалпы құны 6,141 млрд.теңгені құрап, 5237 көпқабатты үй, 8201жеке секторға газ желісі тартылып, 41792 тұрғын газбен қамтылады.

Екінші кезеңде «Самал», «Жастар», «Мерейтой» шағын аудандары мен Жансүгіров, Желтоқсан, Қабанбай батыр, Чкалов, Белов, Шевченко көшелерінің бойындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлерге газ желісін тарту үшін 5 қалаішілік газ қосу кешені және бірнеше газ реттеуші шағын пункттер салынады. Газ желісінің ұзындығы 359,18 шақырым, құны 9,724 млрд.теңгені құрап, 20959 көпқабатты үй, 4298 жеке секторға газ желісі тартылып, 78750 тұрғын газ арқылы тұрмыстық қажеттілігін реттейтін болады.

Үшінші кезеңде Өтенай және «Шығыс» шағын ауданы мен Жансүгіров, Алматы, Тілек Әбжалиев көшесінің тұрғындарын газбен қамту үшін 6 қалаішілік газ қосу кешені мен бірнеше газ реттеуші пункттер жаңадан тұрғызылады. Газ желісінің ұзындығы 348,62 шақырым, құны 5,903 млрд. теңгені құрап, 2577 көпқабатты үй, 5853 жеке секторға газ желісі тартылып, 26218 тұрғын көгілдір отынға қол жеткізеді.

Төртінші кезеңде Қаратал өзенінің бойындағы, Еркін, Көктал ауылдары мен қала маңындағы саяжайларға газ жеткізу мақсатында 5 қалаішілік газ қосу кешені мен бірнеше газ реттеуші пункт салу жоспарланған. Газ желісінің ұзындығы 330,89 шақырым, құны 4,326 млрд. теңгені құрап, 212 көпқабатты үй, 7330 жеке секторға газ желісі тартылып, 23456 тұрғын табиғи газдың қызығын көреді.

Яғни, газ магистралінен келген жоғары қысымды газды «Талдықорған» газ қабылдау, бөлу пункті газ қысымын 2,0 МПа-ға дейін азайтады. Ал қалаішілік 22 газ қосу кешені 1,2 МПа-ға дейін төмендетіп, газ реттеуші құбырлар арқылы тұрғындардың көгілдір отынды қауіпсіз тұтынуын қамтамасыз етеді. Айта кетерлігі, газ құбырын тартуға, газ қабылдау, тарату пунктін тұрғызуға, газ қосу кешені, қалаішілік газ реттеуші шағын пункттерді салуға Ресейде өндірілген сапалы материалдар қолдануда.

Қ. ОМАРАҚЫН.

БАЙҚАУ

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Білім беру ұйымдарында жасөспірімдерді тәрбиелеудің рөлін арттыру, ұл-қыздар дәріс алатын озат педагогикалық ұйымдарды анықтау және олардың тәжірибесін тарату мақсатында байқау өткізілді.

Сынақ барысында білім шаңырағының іс-тәжірибесін басқаларға паш ету мен таратуға көңіл бөлінді. Озық жобалар мен жаңа технологиялар насихатталды. Төрт номинация бойынша сынақ тапсырды. Онда өзін-өзі таныстыру, әдістемелік жұмыс, үздік тәрбие, үздік білім берудің жұмыс үлгісі мен бағдарламасы бойынша байқау өткізілді. Байқауда ұстаздардың біліктілігіне де мән берілді. Ұлқыздардың бойындағы қасиетті ашып, бейімділігін арттырудағы шеберлігі көпке үлгі етілді. Мамандар өнерді тамашалай отырып, кемкетікті айтып, болашақта қалай жұмыс істеу керектігіне жол сілтеді. Жетістіктерді де тілге тиек етіп, шыңдалу жолдарын түсіндірді. Ұстаздардың балалар шығармашылығын шыңдап, олардың тұлға ретінде қалыптасуына сіңірген еңбегі назарға алынды. Облыстық үздік ұйым байқауына аудан-қалалардан ел алдына шығып жүрген, ұжым болып қалыптасқан өнерпаздар шақырылды.

Жүзден жүйрік озатын байқауда жеңімпаздар анықталды. Бірінші орынды Көксу музыка мектебі иеленді. Екінші орын Еңбекшіқазақ жасөспірімдер туристік орталығына тиді. Үшінші орын екі ұйымға берілді. Оны қанжығалаған Жамбыл аудандық өнер ұжымы мен Талдықорған қаласындағы көркемсурет мектебі.

Күн көкжиекке көтерілгенде басталған байқау кеш қарая аяқталды.Бір күнде өнер ұжымдары бір-бірімен етене араласып, өнерлеріне ортақтасып, достасып үлгерді. Ұтымды тәжірибелерімен алмасты. Болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге сөз байласып тарқасты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Облыстық туризм басқармасы Имиджелогия академиясымен бірлесіп Талдықорған қаласындағы «Айсер» қонақүйінде «Recommended by EXPO – 2017» бағдарламасына қатысуға ұсынылатын туристік нысандардың мамандарына тәжірибелік шеберлік сыныбын өткізді. Оған өңірдегі туристік салада жұмыс істейтін мамандар мен ұлттық бақ, демалыс аймағы, емдеу-сауықтыру орталығы және қонақүйлердің менеджерлері қатысты. Шараны облыстық туризм басқармасының басшысы Жанар Алшымбаева ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Содан соң шетелдік және отандық ғалымдар екі күн бойы отандық туризм саласының сапасын жоғарылату жолдарын түсіндірді.

ТАБЫС КӨЗІ

Қажет АНДАС

«ЭКСПО – 2107» халықаралық көрмесін өткізу отандық туризмнің дамуына ықпал ететін болады. Атап айтқанда, ЭКСПО өткізу уақытында қатысушы елдердің ресми тұлғалары мен өкілдері үшін Қазақстан Үкіметі мен халықаралық қатысушылар бірлестігі арасындағы келісім шеңберінде қарастырылған жекелеген визалық режимдер қолданылады. Осындай жеңілдіктің нәтижесінде көрмеге келетін 2 миллионнан астам туристің 60 мыңы туризм саласындағы жоспарларын жүзеге асыру мақсатымен келеді деп күтілуде. Демек, алдымызда осы қонақтарға қазақтың қонақжайлық қасиетін таныту, қазақ даласының туристік әлеуетінің тиімділігін көрсету міндеті тұр. Бұл қатарда Жетісу жеріне ағылатын қонақтардың қатары да аз болмайды. Сондықтан өңірдегі туристік нысандар мен көрмеге келетін қонақтарға қызмет көрсету сапасын арттыруға баса назар аудару керек.

Осындай мақсатпен ұйымдастырылған шеберлік сыныбы аясында латвиялық профессор, халықаралық туризм саласының білгірі Айгарс Андерсонс туризм саласын халықаралық өлшемге көшірудің жолдары, сондай-ақ, «EXPO – 2017» көрмесі аясында маркетингтік және жарнамалық жағынан қандай қызмет көрсету керектігін сөз етті. Польшаның «Kutno» университетінің Қазақстандағы Имиджелогия академиясының профессорлары Алмагүл Нұрғалиева мен Диана Исмайлова туризм саласындағы мамандардың имидж жоғарылату мәселесі мен осы барыста туындайтын қиындықтарды шешудің тәсілдерін түсіндірді. Шараға қатысушы туристік фирмалар мен қонақжайлық қызмет көрсету саласының мамандары арасында сайыс ұйымдастырылып, үздіктер анықталды. Соңында барлық қатысушыға сертификат табысталды.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 124 (18256)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 8 қараша, 2016 жыл.

Жаңа бизнес ашты

Алматы қаласы маңындағы жерлерде экологияның нашарлауына байланысты демалыс орындары мен сауықтыру кешенін ашу бойынша сұраныстар бар. Осы ретте жеке кәсіпкер Анель Коксалова геотермалды сулар негізінде емдеу кешенін ашуды көздейді.

Осы мақсатпен ол Іле ауданына қарасты Боралдай кентінде геотермалдық көзді ұңғымасы бар жер телімін сатып алады. Аталған жерде ашық аспанда су процедурасын қабылдайтын жеті ванна мен хауыз салады. Айта кететін мәселе, бұл бизнес маусымдылыққа қарамай жыл бойы жұмыс істейді. «Жалпы, судың емдік қасиеті ерекше. Денені нығайтып, бой сергітеді. Созылмалы күйзелістерден арылтып, жадыны тазалайды. Сондай-ақ, шаршау синдромынан арылтады, басқа да аурулардың емі болып табылады. Ең пайдалысы сол – буын тайып, сынып кетсе оңалтуға айтарлықтай көмектеседі» дегенді алға тартады кәсіпкер келіншек. Жеке кәсіпкер Банк Kassa Nova-дан «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 14 пайызбен несие алды, ал оның 10 пайызын мемлекет төлейді. Бұған қоса ол «Даму» қорының кепілдемесін алды. Сол қаражатқа термалдық су негізіндегі монша-сауықтыру кешенін кеңейту үшін жанында орналасқан көршілес үйді сатып алып, жұмысын өрістетуде.

Білім беру стандарты өзгермейді

Биыл бірінші сынып табалдырығын аттаған оқушылар жаңартылған бағдарлама бойынша 12 жылдық білім беруге қадам басқаны белгілі. Өзге сынып оқушылары да кезең-кезеңімен жаңа мазмұндағы білім беру жүйесіне өтпек. Оның мән-жайын кеше Елордадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында министрлік өкілдері мәлім етті.

Алғашқы сөзді ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім департаменті директорының орынбасары Зейнеп Мақсұтова алып, 2019 жылы 6 жастан бастап 12 жылдық білім беруге көшуді қамтамасыз ету еліміздің 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік білім және ғылымды дамыту бағдарламасында белгіленген жоспар бойынша іске асырылатынын айтып, баланы мектепке 6 жастан беру тәжірибесі Еуропаның 21 мемлекетінде кең тарағанын, сол секілді әлем елдерінің 60 пайызы осы тәсілмен оқытып жатқанын тілге тиек етті. Сонымен бірге, мемлекетіміздің «Білім туралы» Заңында баланың 11 жылдық мектепке бару жасы 6 не 7 деп белгіленгенін, ал 2019 жылдан бастап бала білім ұясына 6 жасында бару міндетін белгілейтін норма күшіне енетінін айтып өтті.

«12 жылдық білім берудің мәні – мектепке дейінгі сыныптың бірыңғай типтік білім беру бағдарламасын енгізуде, яғни 5-6 жасар бала үшін нөлінші сынып енгізіледі. Ол мектепалды дайындық делінеді. 12 жылдық білім беру схемасы «0 сынып (мектепалды даярлық) + 11 сынып» принципі бойынша іске асады. Барлық сыныптардың жаңартылған мазмұнға көшірілуі 2020 жылға қарай аяқталады. Бұл ретте қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты өзгермейді», – деді З. Мақсұтова.

Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшуге келсек, мысалы, 2016 жылы – 1-сыныптар, 2017 жылы – 2, 5, 7- сыныптар, 2018 жылы – 3, 6, 8, 10-сыныптар, 2019 жылы – 4, 9, 11 -сыныптарды ауыстыру көзделген. Жаңартылған бағдарлама аясында базалық оқу және жазу дағдылары қалыптастырылып, ақпараттық-коммуникациялық технология бағыты өрістеп, сондай-ақ, математикалық, мәдени, азаматтық сауаттылық және ғылыми білім беру орнықтырылмақ. Бұған қоса, 5 күндік оқу аптасына көшу де жүзеге асырылады. Жаңартылған бағдарламаны мектепке енгізуге өз үлесін қосатын 63 мың педагог білім жетілдіру курстарынан өтіпті.

Жалпы, 12 жылдық білім беру ісі 2002 жылдан бері қолға алынып келеді. 2013 жылы 50 мектепте өткізілген тәжірибенің қорытындысына қарасақ, 10-сынып оқушыларының орташа көрсеткіші 38,7 балл, ал республикалық көрсеткіш одан 2,8 балға жоғары екен.

«Онлайн» режимінде өткен баспасөз мәслихатына әр өңірден қатысуға мүмкіндік алған журналистер министрлік өкілдеріне өздерін мазалап жүрген сұрақтарды қойды. Алғашқы болып сауалын жолдаған Алматы облысы «мектептердің 80 пайызы ауылдық жерде орналасқандықтан үш тілді оқыту жайы қалай шешімін табар екен?» деген сауалын көлденең тартты. Министрлік өкілі бұған қазір жаңжақты дайындық жүріп жатқанын, қалай болғанда да үш тілді оқытуға мектептер толық дайын болған жағдайда ғана көшетінін мәлім етті. Өзге өңір журналистері«5 күндік оқуға орай үш ауысымды мектептер қатары қайтадан көбейіп кетпей ме, мұғалімдердің жалақысы қысқарып қалмай ма?» – деген сауалдарын қойды. Білім саласының өкілдері бұл мәселе де оңды шешімін табатынын, мұғалімдер жалақысы да қысқармайтынын алға тартты.



Ауыл-аймақ күн санап гүлдене түсуде. Соның бір жарқын дәлелі – Сарыөзек кентінде жаңадан бой көтеріп жатқан шағын ауданнан 900 орынды жаңа мектептің ашылуы. Бүгінгі заман талабына сай салынған Күреңбел қазақ орта мектебі шағын ауданның шырайына шырай қосып, көпшіліктің қуанышын еселей түскен. Әсіресе, жаңа білім ошағына алғаш қадам басқан оқушылар қуанышында шек жоқ. Ата-аналар да балаларының сәулеті келіскен жаңа білім шаңырағында оқитынына дән риза.

Алма ЕСЕНБАЕВА



ЗАМАНАУИ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫ

күреңбелдіктерді өзгеше қуанышқа бөледі

Кент тұрғындарының осынау қуанышын бөліскен облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ,** мәслихат хатшысы Серік Мұқанов, білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова, Кербұлақ ауданының әкімі Бағдат Әлиев мектептің ашылу салтанатына арнайы қатысты. Онда алғашқы болып көпшілікті құттықтаған облыс басшысы Амандық Ғаббасұлы:

– Құрметті кент тұрғындары, ұстаздар, оқушылар! Жаңа мектептің ашылуымен баршаңызды құттықтаймын. Облысымыздың уақыт өткен сайын гүлденіп, өркендеуінің арқасында зәулім мектептер мен балабақшаларды тұрғызуға мүмкіндік алып отырмыз. Бүгінде облысымызда 51 білім беру мекемесі салынып жатса, соның 41-і мектеп. Сонымен қатар биыл 85 балабақшаны іске қосу жоспарланған, оның 77-і жекеменшік. Білім саласына бөлінген қаржының өзі 144 млрд. теңгені құрады. Мұның бәрі Елбасының сарабдал саясатының арқасында мүмкін болуда. Тәуелсіздік алған 25 жылда еліміз кейбір мемлекеттер бір ғасырда қол жеткізе алмайтын істерді атқарды. Балаларымыз барлық жағдайлары жасалған зәулім ғимараттарда білім алуда. Мен әрдайым жас ұрпақ үшін жасалған дүниенің сапалы болуына, оның ешбір кемкетігінің болмауына мән беремін. Өйткені, балалар – біздің болашағымыз, мемлекетіміздің тірегі. Олар ең жақсыға лайық. Осынау ашылып отырған жаңа мектеп балалар игілігіне қызмет етсін, – деп тебірене сөйледі.



Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

Келесі кезекте сөз алған аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Төленді Сарыбаев Сарыөзек кентінің өркен жайып келе жатқанын, мұнда соңғы уақытта спорт сарайы, балабақша, мектеп, мемориалдық кешен тұрғызылып, ел қуанышын еселей түскенін айтып өтті. «Қуанса, бала қуансын» демекші, өскелең ұрпақтың жаңа мектепте білім алуына мүмкіндік ашып отырған Елбасына, облыс әкіміне тұрғындар атынан алғысын жеткізді.

Бұдан соң Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы Жақыпбек қажы Өмірбеков бата беріп, білім шаңырағына құрылыс жұмысын жүргізген «Артемида ЛТД» ЖШС-нің директоры Сауман Асланов мектеп директоры Кәмшат Қыстаубаеваға алтынұяның символикалық кілтін табыс етті. Мектеп лентасы қиылып, жиналған жұртшылық мектеп ішін аралап көрді.

Үшауысымды мектептерді болдырмау мақсатында «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында Ұлттық қор есебінен салынған Күреңбел қазақ орта мектебінің құрылысына 1 млрд. 416 мың теңге бөлінген. Сыртқы алада балалар үшін баскетбол, волейбол ойнайтын алаңдар да қарастырылған. Облыс әкімі Амандық Баталов лингафонды-мультимедиялық, химия, биология, информатика, бастауыш сынып кабинеттеріне кіріп, шеберхана, кітапхана, асхананың дұрыс жабдықталуына мән берді. Соңғы үлгідегі компьютерлердің мүмкіндігімен танысып, оның ғаламторға қосылғандығына көз жеткізді. Мәжіліс, спортзалдарында болып, құрылыс жұмысына қатысты кейбір сын-ескертпелер айтып, оны мердігерлерге түзетуді тапсырды. Балалармен де тілдесіп, «жақсы оқып, білім алыңдар, сонда жақсы маман боласыңдар, болашақтарың зор болады, ата-аналарыңды да қуантасыңдар, тек беспен оқыңдар», – деп ағалық ақ тілегін білдірді.

Екіқабатты оқу ғимаратының сынып бөлмелері кең, жабдықталуы да толықтай талапқа сай. Осындай барлық жағдай қарастырылған әсем білім шаңырағында оқуға мүмкіндік алған балалардың қуанышы қойнына сияр емес. Оны өз сезімін өлеңмен өрнектеп, ән-биден шашу шашқан балалардың ақ көңілінен аңғардық.

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

Қазынадан миллиардтаған теңге бөлініп, қанша жылдан бері құрылысы жүріп жатқан ЭКСПО-ның алғашқы нысандары табысталды. Ұйымдастырушылар бірінші болып бес елге тиесілі павильонды аяқтапты. Қытай, Франция, Германия, Түркия мен Венгрия өздеріне тиесілі павильондарды бөліп алды. Айталық, Венгрия павильонының аумағы 411,9, Германиянікі 1 249,5, Франциянікі 1 069,1 және Қытайға тиесілі павильон аумағы 1000,27 шаршы метрді құрайды. Нысандарды пайдалануға беру салтанатты шарасы «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтің қатысуымен өтті.

АЛҒАШҚЫ НЫСАН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қажет АНДАС

Халықаралық көрмені ұйымдастыру комитетінің мәліметінше, бүгінде Астанадағы көрмеге қатысуға 105 мемлекет пен 17 халықаралық ірі ұйым келісімін берген. Ал «EXPO – 2017» көрмесінің өзі Астанада 2017 жылдың 10 маусымы мен 10 қыркүйегі аралығында өтеді деп жоспарлануда. Енді қатысушылар келесі жазға дейін нысандардың ішін толтырып, халықаралық көрмеге қоятын техникаларын түгел кіргізуі тиіс. Павильондардан бөлек, ЭКСПО қалашық, ЭКСПО кеңсе мен Энергия зерттеу орталығының құрылысы да аяқталыпты. Ал Қазақстанға тиесілі «шар» іспеттес нысан жыл соңына дейін салынып бітпек.

Шара аясында Франция өкілі Тоуард Малгорзата: «Біздің павильонда 8 кеңістіктің дизайны болады. Олар Франциядағы ірі энергетикалық компаниялар. Қаңтардан қызу әзірлікті бастаймыз. Павильондар дәл осылай ерте дайын болады деп ойламадық», – дейді. Қытай өкілдері болса, «Жасыл Жібек жолы» деп аталатын павильонына энергияның таусылмайтын түрін: күн, жел мен судан қуат алудың тың технологиясын көрсетпек. Қытайлықтар елге туризм тартудың да жаңа жолын үйретеміз деп отыр. Ал халықаралық көрмеге қатысушыларға сертификат табыстаған Ахметжан Есімов EXPO-ны дағдарысқа қарсы бағдарламаға теңеді.

Бүгінде көрме құрылысын 300-ден астам құрылыс компаниясы салып жатыр. Бұл – жаңадан 50 мың жұмыс орны ашылды деген сөз. Құрылыс жоспарға сай жүруде. Жаңа жылдан бастап көрме аумағын көгалдандыру жұмысы басталмақ. ЭКСПО қалашықтың басқарушы директоры Ғалымжан Қарымсақовтың айтуынша, қалашықтағы пәтерлер тәулігіне 50 мың теңгеге жалға беріледі екен. Қазірге шетелдіктердің тұруына ыңғайлы 40 пәтер дайындалған, наурызға дейін жалпы 750 баспана аяқталады.

Қазір ЭКСПО алаңында күні-түні құрылыс жүріп жатыр. Өйткені, келесі жылы өтетін көрмеге жүзден аса мемлекет қатысатынын ескерсек, ұйымдастырушылар әлі ондаған нысанды иелеріне тапсыруы тиіс.

Саят САҚМОЛДИН,
облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары:



Деңгейі биік басылым

Жалпы мен газет-журнал оқығанды жақсы көремін. Одан рухани қуат алып, дүниетанымымды кеңейтемін. Осы арқылы айналамдағы соны жаңалықтардан хабардар болып, өмірге деген көзқарасымды қалыптастырамын.

Шыны керек, күнделікті ақпарат ағынын теледидар алдында көріп отыруға мүмкіндігім келе бермейді. Сол себепті газет бетін парақтап, қазақ баспасөзін бір шолып шығатын әдетім бар. Соның бірі «Жетісу» газеті. Өйткені ол оқырмандарын талай уақыттан бері мазмұнды материалдарымен қуантып келе жатыр. Оқырман ретінде көтеретін мәселелеріне де көз тоқтатып, назар аударып отырамын. Сүйікті газетіміз облыстық деп аталғанымен республикалық газеттерден ешбір кем түспейді. Қай жағынан алып қарасақ та өңір жұртшылығының көңілінен шығуда.

Газетте әртүрлі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудағы, экономиканы дамытудағы, ауылшаруашылығын өрістетіп, басқа да салаларды өркендетудегі тың иеялар жан-жақты үзбей беріліп келеді. Яғни, бұл аталмыш басылымның барлық бағытты қамти отырып адамға ой салатынын байқатады. Сол сияқты ғылым, мәдениет, өнер, тарих және батырлар жайлы әңгімелер де көптеп жазылатын болды. Спортқа арналған беттің де өзіндік ерекшелігі бар. Бір сөзбен айтқанда, Ұлы даланың тыныс-тіршілігі айқын сезіліп тұрады.

Жақсылықтың жаршысы ретінде қоғамды да тәрбиелеп, халықтың болашаққа деген сенімін арттырып келеді. Жаңалықтар да назардан тыс қалдырылмайды. Мұның өзі ата басылымның биік деңгейін көрсетеді деп ойлаймын. Қалай десек те газет халықтың, қоғамның айнасы. Қазақ халқының сан қилы тағдырына куә болып келе жатқан «Жетісу» газеті қай кезде де туған халқымен бірге жасасады. Сондықтан тұрақты оқырман ретінде айтарым, басылымдарыңыздың саны артып, жазатын тың дүниелеріңіз бен оқырмандарыңыз көбейе берсін, қаламдарыңыз қарымды, еңбектеріңіз жемісті болсын!

Жетісу Жетісу Жетісу Жетісу

АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Баспасөзге 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Ілияс Жансүгіров пен Сәкен Сейфуллиндей, Бейімбет Майлин мен Мұхтар Әуезовтей Алаш арыстарының қолтаңбасы қалған «Жетісу» газетіне жазылу басталды. Аптасына үш мәрте ақжолтай ақпарат арқалап, әр шаңырақтың табалдырығын аттайтын абыз басылымның халықпен бірге келе жатқанына 99 жылға аяқ басты. Газет тәуелсіз елдің ертеңі үшін тер төгіп, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тақырыптарды терең зерттейді. Ендеше, 2017 жылды тағы да жаңыңызға жақын «ЖЕТІСУМЕН» БІРГЕ ӨТКЕРІҢІЗ, ОЙЛЫ ОҚЫРМАН!

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға		12 айға	
			қала	ауыл	қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08	8652,96	9272,16
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36	5699,52	6318,72
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76	5944,32	6563,52
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60	6192,00	6811,20

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250	6500
2.	Зейнеткерлер үшін	1800	3600
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900	3800
4.	Жалпы жеке жазылу	2100	4200

«Жетісу» электронды нұсқасына (форматына) Талдықорған қаласындағы газет редакциясына және Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 112, 5-қабаттағы редакция өкілдігіне келіп жазылуға болады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТАҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3000	6000
2.	Зейнеткерлер үшін	1500	3000
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1600	3200
4.	Жалпы жеке жазылу	1700	3400

КӨЗҚАРАС

АЛСАМ, ЖИСАМ...
немесе пейіліміз неге тарылды?



Қай заманда да адамның пейілі мен ниеті арқылы оның кісілік келбеті айқындалған. Дарқан көңілді, пейілі кең, өзегі таза адамда ашкөздік, тойымсыздық, қарабасының ғана қамын ойлау секілді ұсақ пендешілік мінез болмаған. Осы сөзімізге бар мен жоқты, аш пен тоқты, адалдық пен сатқындықты басынан кешірген көне тарих куә.

Бұл жайлы көш бастаған серкелер мен ел тағдыры үшін басын қатерге тіккен ерлердің соңында өнеге болып қалған тарихи деректерде де аз айтылмайды. Сондай ұлы тарихтың терең тамырына зер салсақ «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деген қағидалы сөздер неге күні бүгінге дейін үлгі ретінде айтылып келеді? Содан бері қаншама жүздеген жыл өтсе де аталған ұлы есімдердің адалдығы мен изгілікті істері бүгінгі ұрпаққа өнеге ретінде айтылуда. Демек, адал пейілмен ұлты үшін істелген еңбектерінің еленгені ғой. Егер олар бүгінгі кейбір атқамінерлер секілді қолында билік тұрғанда өзінің ғана қамын жеп ашкөзденсе, нарам ниетте болса, сарғайған тарих беттерінде адалдықтың үлгісі ретінде аттары мәңгі қалмас та еді ғой. Бұған талас жоқ.

Енді «өзіміз өмір сүріп жатқан қазіргі заман адамдарының пейілі мен кісілік келбеттері қандай?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Рас, нарық заңында бәрінің есепке құрылатыны, ақшаның басты рөл ойнайтыны, ақша араласпаса ешнәрсенің бітпейтіні анық. Алайда адамның көбі: «Тек мен ғана алсам! Жол менікі ғана болса! Мен ғана жүрсем! Мен ғана ішсем! Өзім ғана байысам! деп ниетін де, пейілін де бұзып алған жоқ па? Бәлкім, жаппай ашкөздік, дүниеқұмарлық, қарақан бастың ғана қамын ойлау мына замандағы адамдардың пейілінің бұзылуынан шығар? Мәселен, қаладағы саудагерлер тауарын қоятын орынға таласып шу шығарса, ауылдағы ағайын мал жаятын өрісі үшін қызылкеңірдек болып жатады. Үлкен күре жолдарда, кептелісі көп шаһар ішіндегі даңғылдарда тағы да жанталас. Біріне-бірі жол бермей «өзім-өзім» деп өңмеңдеген жұрт. Сонда әлгі адамдардың пейілін бұзған не? Өршіген өзімшілдік пе?.. Әлде көздің құрты дүние ме? Мүмкін, қолдағы мансаптың, я болмаса тегіннен келген байлықтың буы шығар?

Қазір қарап отырсаңыз, қолында билігі бар адамның көбі мүмкін болғанның бәрін алдымен өзі үшін жасап, қармап, ұрлап, тығып, жинап калуға құмар. Қызметінен түсе қалса иемденетін жері, мінетін көлігі, пайдаланатын қаржысы, айналысатын жеке шаруасы, бәрі-бәрін қазірден бастап «реттеп» алмай тынбайды. Әр уақытта бірінші кезекке елдің емес, өзінің және өзіне ең сенімді «төңірегінің» жеке шаруалары қойылады. Елдің тағдыры одан кейінгі кезекте... Мұны адам пейілінің, оның ішінде қолында мансабы бар, ел тағдырын шешетіндер пейілінің бұзылғаны демесек шараң жоқ. Әрине, бәрі емес.

...Бір ірі облыстың дәй басшысы қызметінен кеткеннен кейін сол өңірде тұратын адамдардың аузынан естіген сөздерге алғашында сенбегенмін. Сөйтсем «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдай ма»? Әлгі қасқа өзі басқарған өңірдегі дәріханалар мен базарлардан бастап қала маңындағы аудандардың алма бағына, демалыс орындарына, шалғай ауылдың қара күңгейлі жеріне дейін ірі малымен қосып тұрып жекешелендіріп, аты-жөні басқа, сенімді жақындарының атына иісіліп итпен іздесе де ізін таппайтындай етіп «заңдастырып» кетіпті?!. Кезінде арыздар түсіп, жоғарыдан тексеру де келген көрінеді... «Бұлдірген ештеңесі жоқ. Бәрі заңды», – деп кеткен дейді оқиғаны көріп білгендер.

– Қазіргі кейбір атқамінерлердің пейілдері жаман. Шетінен обырланып, жұтынып, тек алсам, жисам, тықсам деп тұрады. Жоғарғы жақ оларға сеніп, жергілікті жұрттың тағдырын қолына беріп отыр ғой. Бұлардың істейтіндері әлгі. Қазіргі мансаптылар қымқырудан бірімен-бірі жарысқа түскен бе, қалай? деп ауыр күрсінді кезінде өзі де жауапты қызметтер атқарған көнекөз қария.

Әрине, адамдардың пейілі туралы жеке пікірімізді ортаға салғанда біз ауылдық, аудандық және облыстық, одан да жоғары деңгейдегі барлық басшыларға күйе жағудан аулақпыз. Алайда, қалың елдің алдында тойымсыздығымен танылған әлгіндей адамдар арамызда жоқ деп және айта алмаймыз.

Пейілі жаман пенде ешқашан өз халқына адал қызмет ете алмайды. Және ондайлар өз кемшілігін қателік деп түсінбейді де. Тіпті оны адами жүрекпен мойындап, қорытынды шығаруды да ойламайды. Бірақ уақыт деген сыншы, кеңірдегі кеңіп қеткен бүгінгі ашкөздердің жазасын күні ертең әйтеуір бір берері анық. Бұған мысал жеткілікті. Біз жоғарыда қолында билік пен мансабы барлардың пейілі мен пиғылы туралы аз- кем сөз қозғадық. Ал енді жалпы адамдардың, сіз бен біздің, ағайын мен туыс-бауырдың, көршілердің арасындағы пейіл мен ниеттің дәл қазіргі кездегі жайына зер салып көрейікші.

Рас, еліміз егемендік алған 25 жылда аз жұмыс атқарылған жоқ. Алғашқы кезеңмен салыстырғанда ел тұрмысының дұрыстала бастағаны да байқалады. Бірақ бәрі емес, әрине. Осы бір өтпелі кезеңнің «түлкі» болып шалғандарға майдай жаққанын, сондай уақыттың ыңғайына жығыла білетіндердің аяқ астынан байып шыға келгенін сіз де, біз де көрдік. Қазір де көріп жүрміз. Мақұл, әлгілер іскер болсын, дүниенің көзін тапсын-ақ. Ал енді солардың пейілі қандай? Барға қанағат жасай ма? Жоқ, әлде бұлар да біз жоғарыда айтқан кейбір мансаптылар секілді «ала берсем, жинай берсем, өзім ғана болсам!» деп ақ тер, көк тер болып жүр ме? Егер пейілі мен ниет-пиғылы дұрыс болса мал бітіп, қомданған бауыр өзінің бауырынан безер ме еді? Кейбір ағайындар бес-он бас малдың жайылымы мен шабындығы үшін бірімен-бірі дүрдараз болып, ақыр аяғында атысуға дейін бармас еді ғой. Қазіргілердің тек ақша үшін бәрін істейтіні, арбап- алдайтыны, сатып кетіп, тақырға отырғызатыны өтірік пе? Адамдардың пейілі неге сонша тарылып кетті? Уыздай жастар да тек өзін ғана ойлайды. Күн сайын бәріміз көріп жүрген мына жағдайды алайықшы: автобуста жас балалар мен қыздар шалқайып отырып алып, қасында өзер тұрған қарт адамдарға кішілік ізет көрсетіп, орындарын беруді ойлап та жатпайды. Демек, әлгі уыздай жастар да тек өздерінің ғана жағдайын ойлайды. Өйткені, қазіргі тәрбие солай. «Бәрі тек өзім үшін» деген қағида. Сонда Қазақ деген дарқан халықтың ізет, инабатының, кішінің үлкен алдындағы парызы мен қарызының табанға тапталғаны ма?.. Бұл дерт уақытша ма, әлде, осымен кетеміз бе – деген ойлар мазалайды...

Пейіліміз неден тарылды? Ниеміз неге бұзылды? Қозғар әңгіме аз емес. Шерхан ағамша айқанда, бұл да «бір кем дүние».

Айтақын ӘБДІҚАЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын,
Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты.

ҒИБРАТ

Қазақ халқының қайсар да қаһарман ұлының бірі Бауыржан Момышұлы. Ол кісі тек батыр ғана емес, сонымен бірге ойы терең кемеңгер, сөзі кемел шешен, дара данышпан десек те болады. Батырдан қалған ұлағатты сөз бүгінгі біздей ұрпағының рухани қазынасы. Осы орайда атадан жеткен асыл сөзді өз пайымымша талдап көруді жөн көрдім.

БАТЫРДАН қалған ұлағат

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды». Шынымен де, еліміздің нақты заңы, сол заңға сүйенген өз тәртібі болмаса, бүгінгідей дамыған мемлекетке айналар ма едік? Тәртіп үлкен мемлекет үшін ғана емес, сол елді құрайтын әрбір отбасы, жекелеген ұжымдар мен мекемелер үшін де ауадай қажет. Меніңше тәртіпке бағыну дегеніміз – кез келген адамның өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарау. Оқушы ата-анасын тыңдаса, ұстаздың айтқанын орындаса одан білімді де білікті маман шығады. Ол ертең студент атанғанда сол тәртіппен жақсы оқып, белгілі маман иесі болып шығады. Бала жасынан бойына темірдей тәртіп сіңірген бала өсе келе елінің көшін бастайтын тұлғаға айналады. Ал тәртіпке бағынбаған адам – ата-анасын ұятқа қалдырады, ұстазын құрметтей алмайды, есейгенде не жалқау, не өтірікші не басбұзар болып, қоғамға тек зияны тиетін пенденің бірі болып қалады.

«Пенденің пендеден айырмашылығы – адамгершілігі мен білімінде». Адам баласы мына өмірге бір-ақ рет келеді. Маңдайына жазылған ғұмырында не жақсы немесе жаман адам болып қалыптасады. Білімге құштар болған адам биікке шығады. Бірақ оның адамгершілігі жоқ болса, ондай биіктіктен не пайда. Әл-Фараби атамыздың: «Тәрбиесіз берілген білім – ұрпаққа қауіпті», – дегенін ескерсек, адамгершілік жоқ жерде білімнің де пайдасы жоқ. Міне, батыр мен ғалымның жан дүниесіндегі ұқсастықты осыдан байқауға болады. Адамгершілікті бала ең әуелі өзінің ата-анасынан үйренеді. Аталарымыз: «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», – деген ғой. Әке-шешесінен көрген тәрбие бала үшін ең маңызды. Өйткені, бала көргенін істейді. Отбасында дұрыс тәрбие алса, қоғамда адамгершілігі мол азамат болады. Ал адамгершілігі жоғары адам рухани бай, білімді болады. Бауыржан ата айтып отырған пенденің пендеден айырмашылығы осы болса керек.

«Ешқашан мақтанба, жұрт мақтасын». Мақтану – адамды өзімшілдікке апарады. Нәпсісін қоздырып, ешкімге құлақ астырмай кетеді. Бұл адам бойындағы ең жаман әдет. Абай атамыз да «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде бес дұшпанның біріне осы мақтаншақтықты қосады. Бауыржан атамыз «жұрт мақтасын» дейді. Онысы, сенің әрбір игілікті ісіңе ел бағасын беріп, жақсылығыңды жұрт айтсын дегені. Мақтаншақтық пен өркөкірек болу ортаңнан да алыстатады. Әрбір жақсылығымызды өзіміз мақтағаннан гөрі, өзгенің мақтағаны еңбегіне берілген баға. Сондықтан көп мақтанбайық, жұрт мақтасын.

Мағжан Оспан,
М. Арын атындағы
дарынды балаларға арналған №24
арнаулы лицейдің 10-сынып оқушысы.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚОҚЫС ТА керекке жарайды

Қазіргі таңда еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтардың тек екі пайызы ғана өңделеді. Ал 98 пайызы далада шашылып жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты жұз пайыз керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Алайда біз әлі де қоқысты керекке жаратудың мәдениетті жолын қалыптастыра алмай келеміз. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс.

Жетісу

Қажет АНДАС

Сенімді ақпарат бойынша өңіріміздегі жеті жүзден астам елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жылына 850 тоннадан аса керексіз заттар тасымалданып, төгіледі. Осы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар 254 елді мекенді қамтиды. Демек, 50 пайыз елді мекендегі қатты тұрмыстық қалдық далада шашылып жатыр. Тіпті, медицина қалдықтарын жоюды жүзеге асыратын Іле ауданы мен Талдықорған қаласындағы «Интермед» ЖШС, қағаз қалдықтарын өңдейтін Қарасай ауданындағы «Қазақстан қағазы» АҚ, шыны сынықтарын шығаратын Іле ауданындағы «САФ» АҚ, пайдаланылған аккумуляторларды өңдеуді жүзеге асыратын Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС-ін айтпағанның өзінде тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын өндіріс орындары көп емес.

«Қатты тұрмыстық қалдықты өңдеу» деген ұғымды көпшілік күл-қоқыс үйіндісі мен полигондағы үйінділер арасынан қағазын бір бөлек, пластмассасын бір бөлек, темір, ағаш, әйнегін тағы бір жаққа жинап, зауытқа тасымалдап жаңа өнім шығару деп түсінеді. Ашығын айтатын болсақ, күл-қоқыс үйіндісі мен полигондарға төгілген қоқыстарды өңдеуге болмайды. Тұрғындар тарапынан қоқыс жәшігіне жиналған қалдықты тасымалдаушы компания өкілдері сұрыптаудан өткізбей-ақ полигонға төгеді. Яғни, оның ішінде қағазы да, пластмассасы да, тамақ қалдығы да, табиғат пен адам ағзасына зиянды улы заттар да араласып жүреді. Мысалы, пластмасса шөлмекті өңдеп, сондай бұйым шығаратын шикізат алуға болады. Ал сұйық май, бензин, ауылшаруашылық немесе басқа да улы дәрідәрмекке құйылған пластик шөлмекті толық залалсыздандырып, сұрыптан өткізіп барып өңдеуге жөнелту керек. Полигоннан қоқыс жинап, қоқыс жәшігін ақтарып-төңкеріп нәпақасын айыратындарға ақша тапса болғаны, олардың елдің келешегімен шаруасы жоқ. Әрине, полигондарға мықты күзет қойып, адам баласын аттатпай тастауға болар еді. Онда тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін отандық зауыттардың шикізат табалмай қиналатыны анық.

Осы тұста жеке кәсіпкер Гүлнұр Маратқызы басшылық ететін «ЭкоСервис-Арман» серіктестігінің бастамасымен Талдықорғанда түрлі қалдықты өңдейтін ірі зауыттың іске қосылғанын айта кеткен жөн. Құны 3 миллион 200 мың долларды құраған зауыт қондырғысын серіктестік өз қаржысына сатып алды. Қондырғының идеясы италияндікі болғанымен, барлық жабдығы Қытайда жасалыпты. Оны құрастыру, дайындау, іске қосу барысындағы техникалық жұмысты қытайлық мамандар атқарған.

Жоба инновациялық «Евро-4» санатты экологиялық талаптарға сай болғандықтан шикізат қалдықсыз өңделеді. Зауыт резеңке, пластик, қағаз, медициналық қалдықтар, тіпті мал өлекселерін де өңдеп, газ, қара май, солярка мен бензин, техникалық көміртегі мен жартылай кокс алады. Бұл өнімнің бәрін қайталай өндіріске қолдануға мүмкіндік мол. Тіпті өңдеуден кейінгі күйенің өзі баспахана бояуын шығаратын кәсіпорындарда сұранысқа ие. Көмірден шығатын түтін мен қалдықтар, жанғанда шығатын зиянды заттар пеш ішіндегі катализаторда, арнайы дайындалған су бассейнінде сүзіліп қалады. Өкінішке қарай, зауыт өндіріс ауқымын ұлғайту ниетінде болса да шикізат жинаудан қиындық көріп отыр.

Мүмкін, сіз: «Көшеде қоқыс үйіліп жатыр, жинап алып өңдей бермей ме? – деп ойлайтын шығарсыз. Қайталап айтайын, полигонға жетпеген қоқыстар ғана өңделіп, одан тіршілікке қолайлы дүние шығаруға болады. Сондықтан өңделетін қоқыс о бастан қатаң сұрыптауды керек. Ол үшін әрбір тұрғын күн сайын шығатын қоқыстарды керекке жаратудың жайын, ретін білуі керек. Шетелді айтпай-ақ қоялық, қазір Астана, Алматы қаласына барсаңыз көшедегі көк, жасыл, сары, қара, сұрғылт түсті қоқыс жәшігін көресіз. Қолыңыздағы қалдық затты қай жәшікке салуды білесіз бе? Жоқ. Облыс, аудан орталықтарына ондай мәдениет әлі жете қоймады. Демек, өркениеттің көшінен әлі де алыста жүрміз. Әр ауладағы қоқыс жәшігінде сасып-шіріп, асып-төгіліп жатқан қалдықтарды тасымалдау ісі де жүйелі емес. Тәртіп бойынша, қоқыс 24 сағаттың ішінде сұрыпталуы немесе күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жөнелтілуі керек. Сондықтан, біріншіден, ел бойынша қоқыс тастайтын жәшіктердің әлемдік өлшеміне көшкеніміз жөн. Ол көп шығынды талап етпейді. Екіншіден, тұрғындар мен жастарға қоқысты сұрыптаудың тәртібін үйретуіміз керек. Расымен, бәрі мектеп қабырғасынан басталуы керек еді. Өкінішке қарай, мектеп бағдарламасына мұндай мұзмұн кірмей қалыпты.

Өткен жылы Қостанай облысында пластик шөлмектерді арнайы жинайтын жәшіктер сынақтан өткізіліп, жақсы нәтиже берген. Қазір ондағы тұрғындар пластик бұйымдарды арнайы орнатылған жәшіктерге тастауға әдеттеніп, зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету әлеуетін арттырған. Бірақ, оны өзге облыстар қолдануға құлықсыз. Биылғы қаңтардың бірінен бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның кейбір тармақтары күшіне енді. Оның ішінде қоқысты жинау, сұрыптау, залалсыздандыруға қатысты баптар да бар. Ол талапты орындамағандарға әкімшілік жазадан қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейінгі жазалау түрлері қарастырылған. Сондықтан қоқысты көрінген жерге тастамауға әдеттеніп, қалдықты қандай қоқыс жәшігіне тастау керектігін біле жүргеніңіз артық болмайды.



ОЙМАЗДАҚ



Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ пен ҚАТЫГЕЗДІК

Көз көріп, құлақ естіп жүрген оғаш қылықтардың қатары артқан сайын қоғамға өкпелегендей боласың. Бірақ жекелеген адамдардың ісіне бола көпке топырақ шашудың тағы қисынға келмесі анық.

Бірде баратын жеріме кешігіп қалмайын деп такси шақырдым. Айтқан мекенжайға жеткізген көлік иесі жолдың екінші бетіне бұрылмақшы болып, қарсы жолақтағы автокөліктің өтіп кетуін күтіп тұрғаны сол еді, мен өркениеттің көшінен әлі де алыста жүрміз. Әр ауладағы қоқыс жәшігінде сасып-шіріп, асып-төгіліп жатқан қалдықтарды тасымалдау ісі де жүйелі емес. Тәртіп бойынша, қоқыс 24 сағаттың ішінде сұрыпталуы немесе күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жөнелтілуі керек. Сондықтан, біріншіден, ел бойынша қоқыс тастайтын жәшіктердің әлемдік өлшеміне көшкеніміз жөн. Ол көп шығынды талап етпейді. Екіншіден, тұрғындар мен жастарға қоқысты сұрыптаудың тәртібін үйретуіміз керек. Расымен, бәрі мектеп қабырғасынан басталуы керек еді. Өкінішке қарай, мектеп бағдарламасына мұндай мұзмұн кірмей қалыпты.

Өткен жылы Қостанай облысында пластик шөлмектерді арнайы жинайтын жәшіктер сынақтан өткізіліп, жақсы нәтиже берген. Қазір ондағы тұрғындар пластик бұйымдарды арнайы орнатылған жәшіктерге тастауға әдеттеніп, зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету әлеуетін арттырған. Бірақ, оны өзге облыстар қолдануға құлықсыз. Биылғы қаңтардың бірінен бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның кейбір тармақтары күшіне енді. Оның ішінде қоқысты жинау, сұрыптау, залалсыздандыруға қатысты баптар да бар. Ол талапты орындамағандарға әкімшілік жазадан қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейінгі жазалау түрлері қарастырылған. Сондықтан қоқысты көрінген жерге тастамауға әдеттеніп, қалдықты қандай қоқыс жәшігіне тастау керектігін біле жүргеніңіз артық болмайды.

Өйткені мемлекет басшысы мен соның қарамағындағылардың қасына барғанда, ұялып жерге қарамас үшін. Алайда олар да жұмыр басты пенде. Сені мен менен артықшылығы жоқ. Ал енді сенен сұрайын, о дүниеге барғаныңда осыншама күнәң мен кінәларың бола тұра, Аллаһ тағаланың алдына шығып есеп беруге ұялмайсың ба?

Ғалымның сөзі сүйегінен өткен төре баласы атының тізгінін бірден қызметшісіне ұстатып, өзі бұдан былай өмірін бұ дүниелік өткінші ләззаттарға алданбай, Аллаһ тағаланың ақ жолына түсіп, тақуалықпен өткізуге табан астында қарар берген екен.

Кедейдің байлығы

Бір адам өзінің кедейлігіне налып, жоқшылықтан әбден жүдеп-жадағанын айтып, қамығыпты. Сонда бір парасат иесі оған:»Сенің көзіңнің көр болмай, сау болғаны жақсы ма, жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Әрине, көзімнің сау болғаны жақсы, көздің көр болып, қолда ақша болғанынан не пайда?» – депті. Әлгі кісі: «Сенің екі қол, екі аяғың кесілген болып, екі жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Жоқ», – депті. Әлгі кісі: «Сен жынды болып, көп ақшаңның болғаны жақсы ма?» – дейді. Ол: «Жоқ», – дейді. Сонда әлгі парасатты кісі: «Жаратқан иең ақшадан артық денсаулық берген екен, соған шүкір демейсің бе?» – деген екен.



ШАҢЫРАҚ

Жұмыр басқа не келіп, не кетпейді? Ойланасың, толғанасың, жалғызсырайсың. Құлазыған жаныңа ем таба алмайтын кездерім де аз емес.

ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫРАЙЫ

Дегенмен, жалғыз қалған сәттерімде тұңғиық қиял әлеміне сүңгіп, қолымдағы қаламым еріксіз қағазға шүйілгеді. Сондайда отбасым туралы толғанамын.

«Отбасы – шағын мемлекет. Мен президент, сен премьер», – деп ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, отбасы өзінше бір әлем. Менің отбасымда бес жан. Олардың әрқайсысының өз орны бар. Әкем –отбасымыздың тірегі болса, анамыз – жүрегі, шамшырағы. Әр перзент үшін ананың орны ерекше. Менің анам әлемдегі ең тамаша жан. Ол өміріміздің шуағы мен жарық сәулесі. Барлық адамзат ананың шексіз махаббатымен өседі. Шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, ана бар ғұмырын баласына арнайды. Ана – өмір айнасы. Ал бауырымды әкемнен кейінгі әкем деп есептеймін. Сіңлімнің орны тіптен бір бөлек, ақылшым, досым, жанымның бөлшегі. Менің отбасым – нағыз махаббатқа бөленген отбасы.

Кәусар ЛЕСКЕНҚЫЗЫ.
Жамбыл ауданы.

КӨКЖИЕК

1

Жамандық жинама

Келе жатқан бір таксидің алдынан көк көлік кілт тоқтап, апатқа себеп бола жаздайды. Тежегішті уақытында басып үлгерген жүргізуші көлікті басқа жаққа бұрып, жолдың екінші жағымен келе жатқан көлікпен соғыса жаздайды. Көк көлік иесі терезені ашып жүргізушіге жаман сөз айтып ұрысады. Ол болса еш ашуланбастан күлімдеп қана қол сілтейді. Оның сабырлылығына таңданған жолаушы сұрайды: “Неге оған жауап қайтарудың орнына күлімдеп қана қойдыңыз? Оның кесірінен оқыс оқиға орнай жаздады ғой!”. Жүргізуші болса былай дейді: “Көптеген адам қоқыс артып алып жүреді. Қоқыстары – ыза, жеккөрініш пен реніш. Қоқыс көбейіп кеткен кезде оларды бір жерге лақтыру керек болып тұрады. Сондықтан қоқыстарын кейде сенің үстіңе де лақтырып тастаулары мүмкін. Ешбір уақытта мұны жүрекке жақын қабылдама. Күлімде де, олардың жақсылығын тілеп жолыңмен кете бер. Олардың қоқыстарын алып жұмысқа, үйге немесе басқа адамдарға апарушы болма”.

Кемшілікті жасыру

Бірде елді қуаңшылық жайлап Мұса пайғамбар (а.с.) қауымын ертіп, тасаттыққа шығады. Дұға жасап,



2

Аллаһтан жаңбыр тілейді. Бірақ дұға қабыл болмай, жаңбыр жауа қоймайды. Сонда Мұса пайғамбар (а.с.) қолын жайып: «Я, Аллаһ тағалам! Сен менен тіле, сонда жаңбыр жаудырамын, қуаңшылықтан құтқарамын деп едің. Бірақ қанша дұға жасасам да, дұғамды қабыл қылмауыңның хикметі не?» – деп сұрайды. Сонда Аллаһ тағала: «Дұғаңның қабыл болмауы, араларыңда жасаған күнәсына тәубе етпеген біреу бар, сол тәубеге келмейінше дұғаң қабыл болмайды», – деп жауап қатады. Сонда Мұса пайғамбар: «Онда ол адамның кім екенін білдіре гөр», – дегенде, Аллаһ тағала: «Менің бір есімім – Саттар, яғни пенделерімнің күнәларын жасырып тұрамын. Ешбір құлымның күнәсін әшкерелегенді қаламаймын. Сендер бірің қалмай тегіс тәубеге келіңдер, сонда араларыңдағы әлгі кісі де тәубе етеді», – деген екен.

Жақсының шарапаты

Бір қарапайым жұмысшы көлігін жөндетуге ақша жинайды. Көлік жөндеу орталығына бара жатып, жолда қайыр сұрап отырған жесір әйелді көреді. Көмектесейін десе- көлігін жөндетуге жетпейді, көмектеспейін десе аш отырған балаларын аяйды. Ойлана келе бар ақшасын жесір әйелге беріп, үйіне қайта оралады. Үйінде әйелі:

– Көлікті жөндеттің бе? – деп сұрайды. Жөндетпегенін айтса ұрыс боларын сезіп, жай ғана:

– Ертең жөндетемін, – деп қоя салады. Ертеңіне жұмыстан келсе, әйелі тағы да сұрайды. Ол:

– Иә, сөйлестім, ертең барып жөндететін болдым, – деп алдайды. Әйелі:

– Бүгін бір ұста үйге келді де «Көлігін жөндеуге маған әкелсін» деп мекенжайын беріп кетті, – дейді. Таңғалған ол, сол мекенжайға барып, мән-жайды айтады. Сонда ұста жанына келіп:

– Сен қандай қайырымды іс істедің? Менің түсімде біреу аян беріп, сенің көлігіңді жөндеп беруді тапсырды, – дейді.

Осылайша ұста оның көлігін тегін жасап береді.

Күнә мен ұят

Ғалым Хасан Басри бір күні жолдастарымен жолда кетіп бара жатып, елге танымал жоғарғы шенді бір төренің

3

баласын жолықтырыпты. Елге үкімі жүріп тұрған басшының баласы маймаңдаған боз жорға үстінде бір топ кызметшілерімен сырнайлатып, кернейлетіп кетіп бара жатса керек. Хасан Басри жол ортасында тұрып, аз-кем жөн сұрасқаннан кейін балаға қарап:

– Ей, бай-манаптың баласы! Сендердің нені болсын, кімді болсын ақшамен өлшейтіндерің белгілі. Мұндайға менен басқа ешкімнің жүрегі дауалай қоймас. Сағаң бір-екі ауыз сөз сатайын, соған келісесің бе? – депті.

– Мейлі, алайын, қаншаға сатпақсыз? – деп сұрайды бала.

Хасан Басри екі сөзін екі күміске бағалайтындығын айтып, екеуінің арасында мынадай әңгіме өрбиді:

– Өз үйің бар ма?

– Иә, бар.

– Мирасқа қалып па еді, әлде өзің салғыздың ба?

– Өзім салғыздым.

– Қанша уақытта салғыздың?

– Оған уақыт көп кетті.

– Күш-қуатың бола тұра неге тезірек салғызбадың?

– Үйге қажетті ауыр ағаштар мен тастарды тасыған малдарға жаным ашыды. Сондықтан оларға көп жүк артқызбадым.

Хасан Басри бұл жолы:

– Ей, елге сыйлы басшының ұлы! Малдарыңа жаның ашығанда, неге өз-өзіңе жаның ашымайды? Оларға қиналмасын деп ауыр жүк артпадың, ал өзің неге мұншама ауыр күнә арқалап жүрсің? Одан да өзіңе неге жаның ашымайды? – депті.

Аталы сөз балаға қатты әсер еткен еді. Жалма-жан атынан түсіп Хасан Басри хазіреттің қолын алыпты. Сөйтіп сабырсыздана:

– Уа, ақсақал! Екі күмісіңізді қолма-қол берейін, екінші сөзіңізді де айтыңыз, – депті жалынып. Хасан Басри екінші сөзін айтпақ болып:

– Қайда бара жатыр едің? – деп сұрайды.

Бала:

– Мемлекет басшысына барып, жауапты қызмет алмақ едім, – деп жауап бергенде Хасан Басри:

– Қарашы, мемлекет басшысына бара жатырмын деп барынша әдемі киініп, үстіңе хош иістер сеуіпсің. Неліктен?

4

Өйткені мемлекет басшысы мен соның қарамағындағылардың қасына барғанда, ұялып жерге қарамас үшін. Алайда олар да жұмыр басты пенде. Сені мен менен артықшылығы жоқ. Ал енді сенен сұрайын, о дүниеге барғаныңда осыншама күнәң мен кінәларың бола тұра, Аллаһ тағаланың алдына шығып есеп беруге ұялмайсың ба?

Ғалымның сөзі сүйегінен өткен төре баласы атының тізгінін бірден қызметшісіне ұстатып, өзі бұдан былай өмірін бұ дүниелік өткінші ләззаттарға алданбай, Аллаһ тағаланың ақ жолына түсіп, тақуалықпен өткізуге табан астында қарар берген екен.

Кедейдің байлығы

Бір адам өзінің кедейлігіне налып, жоқшылықтан әбден жүдеп-жадағанын айтып, қамығыпты. Сонда бір парасат иесі оған:»Сенің көзіңнің көр болмай, сау болғаны жақсы ма, жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Әрине, көзімнің сау болғаны жақсы, көздің көр болып, қолда ақша болғанынан не пайда?» – депті. Әлгі кісі: «Сенің екі қол, екі аяғың кесілген болып, екі жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Жоқ», – депті. Әлгі кісі: «Сен жынды болып, көп ақшаңның болғаны жақсы ма?» – дейді. Ол: «Жоқ», – дейді. Сонда әлгі парасатты кісі: «Жаратқан иең ақшадан артық денсаулық берген екен, соған шүкір демейсің бе?» – деген екен.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№2 (18278)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru Сенбі, 7 қаңтар, 2017 жыл.

САЛБУРЫН

ҚАР АППАҚ, БҮРКІТ ҚАРА, ТҮЛКІ ҚЫЗЫЛ...



Қайнар ауылында өткен бүркітшілер жарысынан жолжазба

Қайнар өңірінде саятшылар мен құсбегілер жарысы өтеді дегенді естіп, жақсыны көрмек ниетпен жолға шықтық. Бұрын да бұл аймақтың жан жадыратар жақсылықтың талайын өткеріп, ел есінде қалар игі істер тындырғанына талай-талай куә болсақ та, осы жолғы шараның жөні бөлек, жоралғысы ерек екені көңілімізге тәтті сезім ұялатып, екі өкпені қолға алдырғаны ақиқат. Желмен жарысқан жеңіл көлікке жер алыс па? Діттеген жерге әне-міне дегенше жетіп те келдік.

Аймақтың атауында сыр бар терең

Жергілікті тұрғындардан бұл аймақтың аты «Күршеңке» аталатынын естігеніміз-де аң-таң болғанымыз рас. Мағынасы түсініксіз болса да, бұлайша аталуының өзіндік сыры бар екен. Бұл жайды бізге осы ауылдың төл перзенті, көпке белгілі азамат Дабырбек Бейсебаев аға былайша баяндады.

XIX ғасырдың екінші жартысында шаруалар құқығы жойылған соң ақ патша құлдық бұғаудан босаған кедей-кепшігін қазақ жеріне жайып жібергенін тарихтан оқып білгенбіз. Жанбағыстың қамын күйттеген, кейіннен қазақтар «қара шекпен» деп ат қойып, айдар тағып алған сол жат жұрттың аяғы осы өңірге де жетіпті. Солардың арасындағы Гурченко деген біреуі егіншілікпен айналысу үшін болыстан жер сұрайды ғой. Сұраушының сүйген асын бере қоятын болысекең бе? Алайда, иісі орыс атаулыға жер беру міндеті болған соң билік иесі су келмейтіндіктен шаңы бұрқырап, тұяқты малдың жайылымына ғана жарап тұрған осы аумақты әлгі «қара шекпенге» қуана-қуана су тегін берсе керек. Сол Гурченко есекке тұз артып, осы арада келер судың жолын біліп алыпты. Маңдай терін алты тарам ағызып, қия беттерден арық тартыпты. Ол арығын Текестің өзеніне жалғап, осы жерге бір құлақ су жеткізген екен. Сулы жер – нулы жерге айналған. Егіні жыл сайын бітік шығып, мол астықтың астында қалған Гурченко өнімін бар байлық табандарының астында жатқанын аңғармаған қазақтарға екі-үш бағасына қымбатқа бұлдапты. Сөйтіп, баюдың сара жолын тапқан екен. Бірақ қазір бұл өңір сусыз. Тек, қия беттерде созылып жатқан арыққа ұқсас сызықтар ғана өткен күннің белгісін айғақтап тұрғандай әсер қалдырады. Әлгі орыстың арқасында шала-пұла болса да аш өзегіне ақ нан түскен қазекең, риза болғаны соншалық, осы өңірді өзінің жалпақ тіліне салып, соның құрметіне «Күршеңке» атап кеткен екен. Арада екі ғасыр өтіп, заман мен адам, заң мен қоғам сан құбылса да жер атауы өзгермей, естіген жұрттың таңдайын қаққызып келе жатқаны рас.

Көңіл көркі көркем сөз

Аты да, заты да бөлек ұлттық өнер бұл өңірде тұңғыш рет өткізіліп отырған соң ба, көрсетті. Сөз тізгінін алған аудан әкімі Жанат Тәжиев бүгінгі шараның ұлттық құндылығын, маңызы мен мәнін тілге тиек етті.

– Халық арасында «Талант туған топыраққа тартады» – деген тәмсіл бар. Аспан таулар аясындағы көрікті өлке, көркем өңірдің киелі топырағы ықылым заманнан-ақ батырлар мен ақындарды, тарлан таланттар мен дара тұлғаларды өмірге әкелген киелі мекен иісі қазақ баласын, өзім деген ұрпағын өзекке тепкен емес. Олай болса, қызыр қонып, құт жайлаған осынау өркенді өлкеге қош келіпсіздер, – деп сөзін түйіндеген аудан әкімі қырандарының бабы мен бағын сынауға ат терлетіп әр өңірден келген саятшыларға көп ұзамай басталатын үлкен өнерде сәттілік тіледі. Шараны ұйымдастыруға мұрындық болған осы өңірдің тумасы, қазір Алматыда тұрып жатса да қыран бүркіт ұстауды бабалардан қалған мирас ретінде жалғастырып жүрген Арслан Құрманәліұлы ұсынысын қолдап, қол ұшын созған аудан әкімі Жанат Жолдаспекұлына, шараның қапысыз ұйымдастырылуын қамтамасыз еткен ауыл әкімі Серік Шаловқа, ұлттық өнерді мият тұтқан іскер азаматтарға жүрекжарды алғысын жеткізді. Осы сапарында елімізде турист ретінде жүрген Хуан Бергер есімді испан азаматын да ерте келген екен. Қазақ халқының саятшылық өнеріне көптен ынтық екенін, соның сәті бүгін түскенін ерекше ықыласпен айтты. Ауыл ақсақалы Жайнар Қосақбаев ақ батасын арнады. Құсбегілерге де, көрерменге де шараның жүргізілу тәртібі таныстырылды.

Қыран құс не алмайды, салса баптап

Саятшылық өнер жарысына 17 үміткер бүркітін баптап әкеліпті. Олардың ең үлкені шалкөделік Бағашар Наурызбеков ақсақал сексеннің сеңгіріне шықса, ең жасы Сөгетіден келген 5-сынып оқушысы Бекасыл Сейітжан атты жасөспірім. Сондай-ақ, Павлодардың Баянауылынан да бүркітшілер топқа түсті. Жол-жөнекей кездескен қиыншылықтарға мойымай дүбірлі бәсекеге сәтімен үлгерген Бақытжан, Бекболат, Алан Ысқақовтай ағайынды жігіттердің сөздеріне құлақ түрген көпшілік саятшылық өнердің қыр-сырын ұғып қайтты. Құсбегілер жарыс алдында қырандарын таныстырды. Олардың жасы мен қатысқан жарыстары, жеткен жетістіктері, жас мөлшері, есімдері аталды. Кейбіреуі Францияда өткен жарысқа қатысып, жеңіс тұғырына көтеріліпті. Ал сөгетілік Насыр Мәметовтың 8 жасар «Ақбалақ» атты бүркіті дүбірлі бәсекелерде 4 рет чемпиондық атақты жеңіп алыпты. Енді бір сәтте саятшылардың салтына сай тақыр теріден тігіліп, шүкірге боялған киім киінген үркердей топ томағалы бүркіттерін көтеріп, қарсыдағы төбешікті бетке алды. Қырандар төменде қашқан түлкіге осы арадан жіберілмек. Жарыс шырғаға түсуден басталды. Салт атпен алыстан сүйреткен түлкі терісіне томағасы сыпырылып қиядан кезекпен жіберілген қырандардың аң алу тәсілі дүйім жұртты қызыққа кенелтті.

(Соңы 2-бетте).

КӘСІПКЕРЛІК

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Облыстық кәсіпкерлер палатасы мен әділет департаменті бірлесіп, екінші жыл қатарынан жас өнертапқыштарға арналған «Шапағат» байқауын ұйымдастырды. Биыл байқау «25 игі іс» республикалық акциясы аясында өтті. Айта кетерлігі, «Шапағат» өнертапқыштарды насихаттауға және қолдауға, ізденімпаз жастарды зияткерлік-шығармашылық тұрғыдан ынталандыруға, келешегі жарқын өнертабыстарға қолдау көрсетуге бағытталған.

Жетісу
Қажет АНДАС

Биылғы байқауға қатысқан қала мектептері мен лицейлердің оқушылары өздері жасаған роботтардан бастап, қағаздан ойып жасаған дүниелерін ұсынды. Қатысушылардың айтуынша, әр жобаны іске асыру үшін үш ай мен бір жыл аралығында мерзім қажет болған. Жұмыстарды облыстық әділет департаменті, облыстық кәсіпкерлер палатасы, «Жас техник бекеті» үйірмесінің өкілдері бағалады. Олар жүлдегерлерді өнертабыстардың инновациялық тиімділігіне, жаңашылдығына қарап анықтады.

Білім инновация лицейінің оқушысы қолда бар заттардан ұшқышсыз ұшу аппаратын құрастырған, ол шетелдік балама құрылғыдан әлдеқайда арзанға түседі. Арақашықтықтан басқарылатын кран төтенше жағдай кезінде апат болған жерді қалдықтардан аршып, адам іздестіруге көмектеседі дейді өнартапқыш. Телефонға арналған ерекше аккумулятор қатысушылардың бәрін таңғалдырды. Бұл қуаттандырғыштың басқа құрылғылардан сыртқы түрі жағынан ешқандай айырмашылығы жоқ, бірақ телефонды электр қуатымен емес, жай батарейкамен қуаттандырады. Сайысқа қатысушыларға тек қазылар ғана емес, залдағы оқушылар, мұғалімдер мен кәсіпкерлер де сұрақ қойып, қызығушылық танытты.

Байқаудың нәтижесі бойынша дарынды балаларға арналған №24, №20 лицейлер және Білім инновация лицейінің оқушылары жасаған үш жоба үздік деп танылды. Жас өнертапқыштар диплом, қаржылай сертификатпен марапатталды. Орталық Азия университеті мен «ТАТЭК» АҚ демеушілік еткен байқауға кәсіпкерлердің қатысуы тегін емес. Жас ғалымдарды қолдай отырып, кәсіпкерлер отандық технологияны дамытуға үлес қоспақ. Өйткені кәсіпкерлер қазіргі уақытта инновациялық жобаларды енгізуге қажеттілік туып тұрғанын жақсы түсінеді.

ҰСЫНЫС

БАСПАНАНЫҢ ҚҰНЫ – БІР ТЕҢГЕ

Алматы қаласының тұрғыны, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қызметкері Нұрдәулет Нұрәділ жас отбасыларға баспаналы болудың төте жолын көрсетті. Ол үшін қалтаңызда небары 1 теңге болуы тиіс.

Қазіргі таңда баспанаға қол жеткізу – басты мәселенің бірі. Әсіресе, жас отбасылар пәтер жалдап, жиған-тергенін күнделікті нан-тұзына әзер жеткізіп жүргені жасырын емес. Ал мемлекеттік бағдарламамен берілетін үйлердің саны мұқтаж жандарды толық қамтамасыз ете алмай келеді. Жуырда ғана ұзын-сонар кезекпен бір бөлмелі пәтерге қол жеткізген Нұрдәулет Нұрәділұлы тың ұсыныс айтты.

– Тапқан-таянғаны тамағынан артылмайтын ағайынға қалай үй алып беруге болады? – дейді ол өзінің әлеуметтік желідегі жеке парақшасында. – Егер біз бірігіп, 1 теңгені бір отбасы үшін қисақ, бұл мәселені оп-оңай шешуге болады. Тек менің бастамамды беделді тұлғалар мен белді ақпарат көздері қолдаса екен деймін.

ҚазҰУ-дің жас қызметкері «Бір теңге – бір үй» деп аталатын акция ұйымдастыру қажеттігін алға тартты. Ресми ақпарат бойынша, Қазақстанда 17 миллион 671 мың адам тұратыны мәлім. Біз соның 7 миллионын есепке алмадық дегеннің өзінде 10 миллион адам қалады. «Меніңше, Қазақстанда 1 теңгеден садақаға бере алатын 10 миллион адам бар. Ендеше, бізде 10 миллион теңге жиналады. Бұл дегеніңіз – Алматы мен Астанадан бір немесе екі бөлмелі, ал қалған қалалардан үш-төрт бөлмелі үй алатын қаражат. Осылайша, әр жұма сайын 1 теңгеден садақа беріп отырсақ, бір жылда 52 отбасын бақытқа бөлеп, мол сауапқа қалар едік», – дейді қазақ жігіті. Тың бастама көтерген алматылық тұрғынның есебінше, егер күн сайын 1 теңгеден жиналса, бір жылда 365 адам баспаналы болады.

Әрине, бұл ұсыныстың астарында ешқандай талан-тараж жоқ. Таза пейілден туған тың бастаманың иесі Нұрдәулет Нұрәділ өзі де жас отбасылардың санатына жатады. Жары Алиса Нұрланқызы екеуі екі перзент өсіріп отыр. Бүгінгі таңда жас жігіт «Бір теңге – бір үй» деген атаумен қор ашып, қолдау көрсететін азаматтар іздестіріп жатыр. Сөйтіп, алдағы уақытта мемлекеттің қамқорлығына болмаса пайыздап қыруар қаржыны ұстап қалатын жинақ банктерінің көмегіне жүгінбей-ақ, қазақтың баспана мәселесі өзінен-өзі шешімін таппақ.

Қуаныш АБАЙБЕКҰЛЫ.

ӘЛЕУМЕТ

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС

Мемлекет тарапынан салынған кез келген нысан тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуі тиіс. Осыны мақсат еткен облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар өңіріміздің бас шаһары Талдықорғандағы әлеуметтік нысандарды аралады. Бас идеолог осы жолы бірқатар орталықтың қызметімен танысып, кемшіліктерін түзету керектігін тілге тиек етті.



Суретті түсірген Л. ЕРОФЕЕВА

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Сондай-ақ, ол мүмкіндігі шектеулі балаларға жайлы жағдай жасалынып, оңалту мәселелері оңды болу керектігін айтып өтті.

Әкім орынбасары бірінші болып Талдықорған қалалық балаларға арналған психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік «Қамқор» мекемесіне бас сұқты. Тағдыр сынағына тап болған жандардың жағдайын біліп, ортаның өзіндік тәжірибесін көрді. Облыс экономикасы дамып, халықтың әлеуметтік саласын жақсартуға бөлінетін қамқорлық та ұлғайып отыр. Сол қаржыны сапалы емге жұмсап, дұрыс игеру керектігін ескерткен Жақсылық Мұқашұлы нысана жұмысын тексеріп, көңілінің толғанын жеткізді. Ғимарат іші жылы да таза. Жанжақты қамқорлықтың нәтижесінде мекеменің материалдық базасы ауыз толтырып айтарлықтай. Бала денсаулығын жақсартуға барын салып жүрген мамандар да білікті. Кембағалдарға көмек көрсету үшін техникалық жабдықтардың барлығы бар. Физиокабинеттер мен емхана, жаттығу бөлмелері де ойдағыдай. Тәрбиешілер де балаға ерекше мейіріммен қарап, олардың өзін қоғамнан алшақтатпай өмір сүруі үшін үлкен үлес қосуда. Оған дәйекті дәлел, толық жазылып кетпесе де мүгедектердің басым көпшілігі өздігінше өмір сүруге мүмкіндік алған. Инновациялық бағытты бағамдап отырған орталық талай баланың талпынысын оятып, өмірге құштарлығын арттырғанын көз көрді. Осының өзі үлкен жетістік.

Дегенмен, кемшіліктер де жоқ емес. Жақсылық Мұқашұлы орталыққа әлі де 30 баланың жетіспейтіндігін сынға алып, орталықтың толыққанды жұмыс істеуін талап етті. Ол өз сөзінде аудандардан, ауылдардан мүмкіндігі шектеулі балаларды тауып алып келіп, арнайы орында емдеу керектігін айтып өтті. Ата-аналармен келісіп, балаларды осы орталыққа орналастырып, балаларды қоғамға бейімдеп, қуантарлық қорытынды көрсету керектігін жеткізді. Сондай-ақ, әкім орынбасары Талдықорғандағы психоневрологиялық ауытқулары бар балаларға арналған 90 орынды «Бәйтерек» күндізгі болу орталығының да қазіргі ахуалымен танысты. Ол мекемедегі атқарылып жатқан істерді өз көзімен көріп, қандай көмек керектігін сұрады. Ғимарат балаларға өте ыңғайлы, жылы да жарық. Мамандар да биік дәрежелі тәрбиешілер. Балаға жаны ашып, аса жоғары қамқорлықпен қарайтыны көрініп-ақ тұр. Олардың басым бөлігі – науқас балалардың ата-аналары. Орталықта бала денсаулығын жақсартып, қоғамға қосылуына көмек беретін барлық техника түрі қойылған, жаттығу залдары мен бала санасын серпілтетін арнайы ойын алаңдары да қызметке қосылған. Өнерге бейім балаларға да қолдау жоғары. Музыкалық сабақ алып, әншілікпен көңілін қуантып, мұңайған жанына демеу табатындарын да көріп, өмірге құштарлығына қуандық. Орталық тұрғындарын ересектер мен балалар деп екіге жіктеп, балабақшадағы секілді арнайы топтарға бөліп көмек көрсетуде. Нысанның тыныс-тіршілігін толық білген бас идеолог жиһаздардың ескіріп қалғандығын ескертті. Мекеме басшысына демеушілер тауып, орталықты жандандыру керектігін айтты.

Осыдан біраз уақыт бұрын отқа оранған наркологиялық диспансердің бүгінгі ахуалы ел көкейіндегі ең басты сұрақ екені анық. Осыған орай әкім орынбасары орталықтың қызметімен танысып, кемшін жақтарын анықтап, қолдау қажет тұстарын тексеріп қайтты. Қазіргі кезде наркологиялық диспансердің тарлығына байланысты, тағы бір ғимаратты жалға алып отырған жайы бар. Дегенмен қос ғимараттың да жағдайы мүшкіл, жылу жүйелері толық жұмыс істемейді. Белгілі бір бөлігіне ғана қызу барып, қалған бөлігі аязға төзімсіз. Осыған орай биыл облыс әкімінің ұйғарымымен 630 млн. қаржы бөлініп, жаңа ғимарат салынбақ. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың наурыз айында басталмақ. Әр облыста кем дегенде бір балалар стоматологиялық емханасының болуы шарт. Қазіргі таңда өңірімізде де облыс көлемінде көмек көрсететін тіс жөндеу емханасы жұмыс істеп тұр. Техникалары да заманауи, соңғы үлгідегі аппараттардың барлығы қойылған. Мамандар да білікті, қала мектептеріндегі стоматологиялық кабинеттер де осы мекемеге бекітілген. Дегенмен бұл орталық тек балаларға ғана көмек көрсетіп қоймай, ересектерді де қабылдайды. Ең басты мәселе де осы. Емханадағы ахуалды өз көзімен көрген Жақсылық Мұқашұлы ғимараттың тарлығын тілге тиек етті. Сондай-ақ, стандарт бойынша ересектердің тіс емханасы бөлек болуы керек. Сондықтан бұл мәселені болашақта жан-жақты зерттеп қарап, тексеріп, шешімін шығару керектігін айтып өтті. Мемлекет ауруға бой алдырған сырқаттардың емделуіне ақша аяп жатқан жоқ. Тіпті бөлінер қаржы қарқыны жыл сайын еселеніп келеді. Тек соны тиімді игеріп, қуантарлық нәтиже шығаруға жұмыс істеу керектігін жеткізген әкім орынбасары кемшіліктерді түзету үшін барын салу керектігін айтты.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Көрме не береді?

Бүкіләлемдік көрме немесе ЭКСПО бір жарым ғасырдан аса уақыттан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында олардың танымалдығы артты. Тіпті, көрмелерді әлем чемпионаттары және Олимпиада ойындарымен салыстыратын болған. Сарапшылардың есептеуінше, 1851 жылы Лондонда алғашқы көрмені өткізгелі бері ЭКСПО-ға бүкіл әлемнен миллиардтан аса адам келген.

Жұртшылықты техникалық жаңалықтарды алғашқылар қатарында тамашалау мүмкіндігі қызықтырды. Дәл осы ЭКСПО-дан кейін телефон, рентген аппараты, сыдырма ілгек, балмұздаққа арналған вафлиден жасалған стақан, телехабар тарату, сенсорлық экран және тағы да басқа дүниелер біздің күнделікті тұрмысымызға жол тартқан.

Бұған дейін бүкіләлемдік көрмелерде жұртшылыққа жоғарыда аталғандарға қоса Singer тігін машинасы, дизель моторы, электр розеткасы, Попов радиосы, Люмьер ағайындыларының киноқондырғысы, Ладыгиннің қыздыру шамы, алғашқы сериялық теледидар, IMAX жүйесі және IBM компьютерлері таныстырылған. Өзімізге үйреншікті болып кеткен осы заттардың барлығы әлемнің мойындауына жетіп, көрмелердегі көрсетілімнен кейін коммерциялық қолданысқа түсті.

Астана қаласында өтетін көрмеден кейін адамзат баласы жаңа энергия көздерінің адамзат өркениеті мен болашағына тигізетін әсерін толықтай сезініп, жаңа өмір сүру дағдысына жол ашылатын болады.

Қ. ОМАРАҚЫН.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№4 (18280)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 12 қаңтар, 2017 жыл.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ.

ЗАУЫТ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Ауылшаруашылықты аймақтан индустриялды-аграрлы өңірге айналып, соңғы бес жылдың өзінде 52 кәсіпорынды іске қосқан жетісулықтардың табысы толағай. Осы ретте, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысымен танысу мақсатында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Амангелді Дәуренбаев, Омархан Өксікбаев және Әбдіманап Бектұрғанов облысымызға ат басын тіреді. Халық қалаулыларының жанында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев болды.

Ел қалаулылары алдымен «Қайнар-АКБ» аккумулятор зауытына барды. Іргелі кәсіпорынды аталмыш зауыттың әкімшілік директоры Әлмеш Сарықұлов таныстырып, оның жетістігі туралы қысқаша баяндап берді.

Жарты ғасырға жуық тарихы бар өндіріс орны 8 жыл бұрын жаңартылған. Қазірдің өзінде кәсіпорын жылына 2 млн. данаға жуық өнім шығарады. Оның 70 пайызы алыс-жақын мемлекеттерге тасымалданылады. Осындай үлкен сұраныстың нәтижесінде зауыт өнім мөлшерін жылына 4 млн. данаға арттыруға ниетті.

Бұдан соң депутаттар Көксу қант зауытына аялдады. Бұл жерде қонақтарды осы аттас ЖШС директоры Алтынбек Абатов қарсы алып, қызылша зауытының бүгінгі жұмыс жағдайынан хабардар етті.

Қазір мұнда төрт ауысымды еңбек жүйесі іске қосылып, тәулігіне 200 тонна қант өндірілуде. Нәтижесінде, 500-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Егер өткен жылы тәтті түбір өңірдің шамамен 7 мың гектар жеріне себілсе, биыл 9 мың гектар алқап игерілмек.

Алқап демекші, кездесу барысында келесі жылдан бастап егіс көлемінің ұлғаюына байланысты облыс аумағында тәтті түбір қабылдайтын пункттердің ашылатыны айтылды. Бұл өз кезегінде қарапайым шаруа үшін өнімнің тасымал құнына байланысты шығынын азайтып, аталған зауыттың алдында күнұзақ кезекте тұру қиыншылығын жеңілдетпек.

Ұжымның табысты еңбегімен танысқан Омархан Нұртайұлы өз ризашылығын білдіре келіп, мұнда шешілуі тиіс біраз мәселелердің бар екенін тілге тиек етті.

– Қазірде уақыт күттірмейтін бірінші түйткіл – зауыттағы ескі жабдықтарды ауыстыру. Мүмкіндігінше соларға жаңғырту жасап, бүгінгі деңгейге сай жабдықтау керек. Екінші бір мәселе – өндірістің өнімін өткізу жайы. Міне, осы салада атқаратын істер бар, – деді.

Ел қалаулылары бүгінгі таңда Үкіметтің еңбеккерлердің әлеуметтік мәселелерін оңалтуға 4 млрд. теңге бөліп отырғанын, ел игілігіне арналған бұл қаражаттың орнымен жұмсалуы тиіс екенін жеткізді.

Мәжіліс депутаттары Балпық би кентіндегі соя зауытына да ат басын бұрды. Ондағы жұмысшылармен жүздесіп, халахуалдарын сұрап, баспана турасындағы мемлекеттік бағдарламаның басымдықтарын түсіндірді.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі Омархан Өксікбаев Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайында болып, ұжыммен кездесті.

Жастармен жүздесу

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев жол бастап, қалада оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуіне арналған орталықты аралатты. Оқушылар сарайының директоры Ләззат Есболова жеткіншектердің жетіген, домбыра, пианино сынды аспаптарды меңгерумен қатар би, теннис, пәндер бойынша білімін толықтыруға арналған үйірмелердің де бар екенін атап өтті.

Балалардың түрлі майлы бояумен салған суреттерін тамашалаған депутат оқушылар ізденісінен туған тамаша туындыларға таңданыс білдірді.

Бұдан соң Жастарға қызмет көрсету орталығына ат басын бұрған Омархан Өксікбаев оның қызметімен танысып, жас буынмен кездесті.

– Ең басты мәселе – өзіңнің қолыңнан келетін қандай болса да бір мамандықты меңгеру, отбасын асырай алатындай жұмыс табу, мүмкін болса жеке кәсіп ашу. Жоғары оқу орнын ақылы оқып, шала білім алып, жұмыс таба алмай жүргеннен қандай пайда? Осы жағына ерекше мән беру керек – деді Омархан Нұртайұлы.

«Жетісу жастары» облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Бақтияр Жақсыгелдинов мемлекеттік бағдарламалар аясында жастарға кеңес беретін орталық 69 жастың жұмыспен қамтылуына ұйытқы болғанын атап өтті.

Ғалиаскар Төлендіұлы облыс жастарының өте белсенді екендігін, көптеген жастың кәсіп ашып, өз жұмысын бастауына осы орталық арқылы мүмкіндік ашылып отырғанын айтты.

Халық қалаулысы кездесуге қатысқан жастардың сұрағына жауап беріп, ойлы пікір, ұсыныстарын тыңдады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Әбдіманап Бектұрғанов облыстың бас шаһарына бет бұрып, облыстық ауруханаға бас сұқты.

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

БІЛІМ мен МЕДИЦИНАҒА мән берді

Облыстық аурухана бөлімдерін жекелей аралап шыққан депутат емделушілермен тілдесіп, ауруханының науқасқа қалай қарап жатқандығын сұрады. Бұрындары күрделі оталарды жасау қиын болса, қазіргі таңда мұның да шешімі табылып, медицина дамуының әсері білінген. Ауруханың өзекті мәселесі де баршылық. Ол жайды аурухана директоры Мұрат Рахметов тілге тиек етті. Ота жасауға керекті кейбір құрылғылар мен техникалар шетелден әкелінетіндіктен бағасы қымбатқа түсіп, қалта көтермейді. Осы жайды қалыпқа келтіру үшін аурухана директоры сол отаға керекті құралдарды өзімізде шығарса, яғни, отандық өнімді тұтынсақ әлдеқайда арзанға түсетіндігін жеткізді. Әбдіманап Елікбайұлы аталмыш мәселені зерделеп, шешім шығаруға көмек беретіндігін жеткізді.

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында Мәжіліс депутаты қоғамдық қабылдау өткізіп, тұрғындардың шешімін таппаған сұрақтарын қарады. Алғашқы сауал Талдықорған қаласындағы медициналық колледжін ағымдағы жылы аяқтағалы отырған мүмкіндігі шектеулі білімгерлерді оқу бітірген соң жұмысқа орналастыру бойынша келіп түсті. Аталмыш мәселе бойынша жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қанибек Айтжанов әр баланың өз тұрғылықты мекенжайы бойынша бос жұмыс орындарын анықтап, олардың жағдайына қарай жұмыс орындарын табуға көмек беретіндігін жеткізді. Айта кетелік, колледжді биыл көзінің көру мүмкіндігі шектеулі 7 білімгер бітірмек. Сондай-ақ, колледж директоры Серік Жансеңгіров мүмкіндігі шектеулі зағип жандарды оқытқанға арнайы оқыту құралдарын алуға көмек қажет екенін жеткізді. Талдықорған қаласының тұрғыны Талғат Сапировтың 2015 жылдан бастап ҚР Қорғаныс министрлігі тарапынан берілген қызметтік пәтерін зейнеткерлікке шығуына байланысты жекешелендіре алмай жүргендігі туралы өтініші де қаралып, қала әкімінің орынбасарының көмегімен шешімін табатындығы айтылды. Кербұлақ ауданынан келген ақсақал Мәлс Оразғалиұлы 1956 жылдан еңбекке араласқан. Бірақ еңбек ардагері зейнетақының ең төменгі мөлшерін алып отырғандығын депутатқа жеткізді. Депутат аталмыш мәселені аяқсыз қалдырмай, қорытындысын күтуін өтінді.

«Нұр Отан» партиясының қалалық филиалының ғимаратында ұстаздар қауымымен кездескен Әбдіманап Елікбайұлы биылғы тестілеудегі өзгерістер жайында баяндама тыңдап, қала мұғалімдерінің сауалына құлақ түрді. Облыстың медицинасы мен білім беру саласының дамуына көңіл бөлген халық қалаулысы кездесу соңында жетісулықтарға сәттілік тіледі.

Д. ҚОНАЕВ — 105



Тау тұлға

Жетісу
Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Нілденгенде жанарым,
Шықтанғанда қабағым,
Асқар таудың шыңына алабұртып қарадым.
Қаңтар-тағдыр шатынап, жонымды осып өткенде,
Салдың күйін кешпегем қуырылса да табаным.

Мұз құрсанған айдының,
Мұнарланған аспаның,
Шарт үздім де шідерді жаңа дәуір бастадым.
Жазар жырды толғансам, көз алдыма келеді,
Елдің көшін сүйреген тау тұлғалар, асқарым.

Соның бірі сен едің, аспан сүйген өр едің,
Болмысыңнан бабамның қайсарлығын көремін.
О, Қонаев, елінің жүрегінде сақталған,
Бес атанға жүк болар еңбегің мен беделің.

Қабыландай ұрпаққа көз тастайтын зеңгірім,
Талықсып та шықпайды өр кеудеден шерлі үнім.
Мәңгілікке бет алған халқыңменен мың жасап,
Том тарихта жыр болып басылады өрлігің.

(«Ардагер» қосымшасына назар аударыңыз).

ОҢ БАҒА

Астанада өтетін халықаралық көрменің ұйымдастыру және басқа да дайындық жұмыстары шетелдік басылымдардың оң бағасына ілікті. Оған әлемге танымал «The New York Times» газетінің 2017 жылы баруға кеңес беретін орындар қатарында Астанадағы ЭКСПО көрмесін атағаны дәлел бола алады.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Жетісу
Қажет АНДАС

Дүниедегі оқырманы ең көп және таралымы жағынан да алдына ешбір басылымды жібермейтін американдық «The New York Times» басылымы әр жыл сайын назар аударатын 52 бағытты анықтап, саяхатшыларға кеңес беріп отыруды дәстүрге айналдырған.

Басылымның талдау нәтижесі бойынша биылғы таңдауға Канада, Чили, Үндістан, Қытай, Швейцария, Португалия, Ямайка, Австралия қатарлы мемлекеттердің көркі көз тартатын, қызмет көрсету сапасы жоғары демалыс орындары ілінген. Сол қатарда ЭКСПО халықаралық мамандандырылған көрмесі өтетін Астана қаласы рейтингте 26-орынды иеленіпті. Демек,ел бойынша жұмылып, біраз жылдан бергі істеген жұмысымыздың нәтижелі болатындығы қазірдің өзінде белгілі бола бастады.

Басылымның мәлімметінше, 2017 жылы Қазақстан астанасында «Болашақ энергиясы» тақырыбында өтетін көрменің танымалдығы жоғары. Әсіресе, Астана қаласында соңғы жылдары ашылған таңғажайып мейманханалардың көптігі мен ондағы қонақжайлылық сапасының өскендігі әлемнің басқа жеріндегі әріптестерінен мойны озық деп танылған. Мұны қонақжайлықта алдына жан салмайтын қазақ халқының дарқан пейілінің тағы бір салтанат құрғандығы деп білген жөн.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

2-бет Жұмыс сапасы анықталды

3-бет Ұлттар достығын ұлықтаушы

4-бет Ән тербеген әулет

СЕЛЕКТОР

Қазандықтар жұмысы қатаң қадағаланады

Үкіметтің селекторлық отырысында Қарағанды облысының Шахан ауылындағы бес қабатты үй мен Оңтүстік Қазақстан облысының Шымкент қаласындағы екі қабатты тұрғын үйде болған апатты жағдайларға қатысты өз пікірін білдірген Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев шетін жағдайда көз жұмғандардың ағайын-туыстары мен жақындарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан көңіл айтты. Одан бөлек, Жезқазған қаласы жылу орталығының жұмысы тоқтап қалғандығы сөз болды.

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Осындай төтенше оқиғалардың себеп-салдарын анықтау үшін Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовтан қоңырау шалды. Сонымен қатар, Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев өз өңірлерінде болған тосын жағдайдан зардап шеккендерге көрсетілген көмек пен қолдаужайында мәлімет берді. Осыған орай жылыту қазандықтарының жұмысын қадағалауды Үкімет басшысы бірқатар облыстарда жылыту маусымының қалай жүріп жатқандығын анықтау мақсатында өңір жетекшілерін сөзге тартты. Алдымен Ақмола облысының әкімі Сергей Кулагин өз өңірінде атқарылып жатқан жұмысты таныстырса, халық көп қоныстанған Алматы облысындағы жағдай туралы облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов айтып берді.

– Облыста орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ететін қуаты 791,1 Гкал 30 қазандық жұмыс істеуде. Оның ішінде 30 қазандық 100 Гкалдан жоғары жылу береді. Барлық энергокәсіпорындарда жылыту маусымына дайындық паспорттары бар, – деген Лазат Махатұлы өңірдегі жылыту маусымына дайындықтың қалай жүргізілгенін атап көрсетті. – Соған орай бюджеттік саланың 2185 нысаны және көпқабатты 1584 тұрғын үй биылғы жылыту маусымына дайындалды. Бюджеттік ұйымдардың ғимараттарын жылытуға 5,6 миллиард теңге бөлінген. Қазіргі күні бюджеттік салаға қарайтын 2185 нысанның 178-і орталықтандырылған жылыту желісіне қосылған. Қалған 2007 нысан жылытудың автономды жүйесіне көшірілген. Қазіргі күні бюджеттік салаға қарайтын 2185 нысанның 178-і орталықтандырылған жылыту желісіне қосылған. Қалған 2007 нысан жылытудың автономды жүйесіне көшірілген. 2015-2016 жылдары облыстық бюджеттің есебінен 283 нысанның жылыту қазандығы жаңадан ауыстырылып, салынды. Биылғы жылы 80 жылыту қазандығын жаңарту жұмыстары жоспарланған. Одан бөлек, 22 ғимарат газбен жылыту жүйесіне қосылады. Облыстағы көпқабатты 3355 тұрғын үйдің 1584-і, яғни, 47,2 пайызы орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылған. Сонымен қатар 157 нысанның жеке жылыту пеші бар. Осы үйлердің бәрін алдағы уақытта орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосу мәселесі қаралып жатыр. Сондай-ақ, облыстың аудан орталықтары мен қалаларында жылыту қазандықтарының жұмысын тексеру комиссиясы құрылып, тұрақты жұмыс істеуде. Комиссия мүшелері тұрғын үйлер мен мемлекеттік мекемелер ғимараттарының инженерлік желілерін тексеріп, қуат көздерінің дұрыс жұмыс істеп тұруын қадағалайды.

Осындай мәліметтерге орай төтенше жағдайлардың алдын алу үшін жылыту қазандықтары мен басқа да мемлекеттік маңызы бар нысандардың жұмысын ұдайы қадағалауда ұстауды тапсырған Бақытжан Сағынтаев Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовтан уақытша тіркеуге алу мәселесінің жайын сұрап, нақты тапсырмалар берді. Оның айтуынша, 2017 жылдан қолданысқа енгізілген ҚР «Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері туралы» Заңға жасалған өзгертулер мен толықтырулардан қарапайым халық зардап шекпеуі керек. Сол үшін түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізуді тапсырды. Биылғы жылдан мүлікті заңдастыру шарасы аяқталыпты. Осыған орай Үкіметте есеп берген Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов 140 мыңнан астам азамат қатысқан акция кезінде барлығы 5,7 триллион теңге заңдастырылғанын айтып өтті. Оның 4,1 триллионы ақшалай болса, 1,6 триллион теңгесі мүлік түрінде тіркелген. Сондай-ақ, ел ішінде 5 триллион, шет мемлекеттерде 0,7 триллион теңгенің активтері заңдастырылған. Сонымен қатар, осынша қаржының 1,9 миллиард теңгесі банктердің есепшоттарында тұрса, жекелеген азаматтар 2,2 миллиард теңге көлеміндегі заңдастырылған ақшаларын шешіп алған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

АТТЕСТАТТАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы Серікбай Нұрғисаев жамбылдық әріптестерімен жүздесті. Аудан әкімі Жандарбек Далабаев қатысқан жиында Серікбай Өрікбайұлы аттестаттау жүйесіне енгізілген өзгерістерді жан-жақты түсіндірді.

Жетісу
Серік САТЫБАЛДИЕВ

Серікбай Өрікбайұлы «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілерін кешенді аттестациялаудан өткізу туралы тиісті ұйымдастыру жұмыстары басталғанын айтып, шараның биылғы ерекшеліктеріне тоқталды. Үш жылда бір болатын бұрынғы аттестаттаудан биылғы ерекшелік – оның бір-ақ рет және кешенді түрде өтуі. Сондай-ақ, бұл аттестаттау заңдарды білуге арналған тестілеу емес, арнайы автоматтандырылған бағдарламаны қолдану арқылы нақты бір лауазымда тиімді жұмыс атқару үшін қажетті жеке қасиеттерді бағалау бойынша тестілеу болады. Мұндағы мақсат – «Б» корпусы қызметшілерінің кәсіби даярлық деңгейін ғана емес, олардың ары қарай дамуы мен мансаптық жоғарылауға әлеуетін анықтау. Кешенді аттестаттау ақпаннан бастап маусым айы аралығында жүргізілмек. «Аттестациядан өткізу дегеніміз – біздің мемлекеттік қызметкерлердің санын азайту, я болмаса оларды жұмыстан қысқартамыз деп қорқыту емес, керісінше, өз білімі мен біліктілігін дәлелдей алған азаматтардың мансабын өсіріп, халыққа сапалы қызмет көрсететін жақсы мамандар дайындау», – деді департамент басшысы тестілеу туралы жұмыстарын түйіндей келіп.

Жамбыл ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№5 (18281)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Сенбі, 14 қаңтар, 2017 жыл.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ

Елдегі отандық тағам өнімдерін өндіруде өзіндік орны бөлек «Baron Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің табиғи, дәмді тұшпарасы мен мәнтілеріне деген сұраныстың еселеп артқандығын айрықша атау абзал. Жартылай дайын өнім өндіруге ден қойған бұл кәсіпорынның ісін ілгерілетіп, дамытудағы ізденістері ерекше.

Жетісу

Ұлбосын ИСАБЕК



ҮЗДІК КӘСІПОРЫНДАР ҚАТАРЫНДА

Жартылай дайын өнімдерді даярлауға қажет техникалық құрылғыларды өздерінің темір-терсек өндіретін өндіріс орындарында жасап шығарып, пайдаланатын тамақ өндіруші кәсіпорынның бұл күнде жұмыс ауқымы кеңейіп, бәсекеге қабілеттілігі жоғарылап келеді. Автоматтандырылған құрал-жабдықтарды жасап шығаратын «Baron sistem» өндіріс орнында осы күнде 30 адам еңбек етеді. Темірден түйін түйетін шеберлердің қолынан шыққан отандық құрылғылар аталған кәсіпорынның жұмысын ширатып, еңбек өнімділігін арттырудың басты тетігіне айналуда.

«Baron Foodтың» жартылай дайын тағам түрін шығарудағы талпыныстарын талайға үлгі етуге болады. Осы салада 240 адам тұрақты түрде еңбекке араласып, өз істерінің шебері атануда.

– Тамақ өнеркәсібіне керек ет турайтын, қаптайтын, жинайтын құрылғының барлығы серіктестіктің қарамағындағы темір өңдейтін цехта жасалып, кәдеге жаратылады. Сырттан құрылғы сатып алынбайды. Соның арқасында шығын көлемі кеміп, өнімнің қолжетімді бағада әрі табиғи таза болуына мүмкіндік тууда. Ет қажет болған кезде серіктестік шаруашылығындағы ірі қаралар сойылады немесе базардан жоғары сападағы етті сатып аламыз. Өнім даярлау цехында 8 адам жұмыс істейді, – дейді бас технолог Гүлмира Артықбаева.

Біз сөз етіп отырған жартылай дайын өнім шығаратын «Baron Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде басаяғы 48 тағам түрі шығарылса, соның ішінде тұшпараның 17 түрі, мәнтінің 8 түрі және бірнеше түрлі сығым еттер жасалады екен.

Сонымен қатар, аталған тағам өнімдеріне қажет мөлшердегі көкөністерді, дәмдеуіштерді, жұмыртқа қоймалжыңын даярлайтын бірнеше атауға ие арнайы цехтардың барлығы рет-ретімен жұмыстарын жандандырып келеді. Бұған қоса, дайындалған өнімді салатын қаптама цехы да жұмыс істейді.

Жартылай дайын өнім жылдам тоңазытылып, қапталатын бөлімнің еңбеккерлері де білек сыбана іске кіріскен. Өз ісінің шебері деуге әбден лайық еңбек адамдарына бастан-аяқ арнайы киім беріліп, жұмыс барысындағы тазалық сақтау нормалары қатаң бақыланады. Алты ай сайын санитарлық-медициналық тексерістен тұрақты түрде өткізіледі. Олардың уақытылы тамақтануы толық қамтамасыз етілген. Нәтижесінде еңбек өнімділігі уақыт өткен сайын арта түседі. Аталған кәсіпорынның табалдырығынан төріне дейін қылаудай қылпық кезікпейді, өндіріс орнында мұнтаздай тазалықтың салтанат құрғандығын байқау қиын емес.

Суретті түсірген Аслан КАЖКЕ.

– Үй жағдайында жасалатын мәнтіге сұраныс өте жоғары. Өйткені, мәнті қолмен түйіледі. Қамыр мен езінді еттің сапалы әзірленуінің арқасында өте дәмді тұшпара жасалады. Отандық өнім өндіруде өзге кәсіпорындардан оқ бойы озық шыққан біздің өнімге елдің әр түкпірінен бөлек, Ресейден сұраныс көп түседі. Мәскеуде таяу маңда логистикалық орталық құрылып, «Baronның» жоғары сапаға ие өнімінің кең таралуына мүмкіндік жасап отыр. Халықтық атауға ие жартылай дайын өніміміздің халықаралық стандарттарға сай келетіндігін атау артық етпес. Отандық тағам түрін өндіруші цехта өткен жылы 1364 тоннаның өнімі өндіріліп, сауда айналымына шығарылды, – дейді жартылай дайын өнім өндіруші «Baron Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Юлия Литвинова.

Өткен жылды табысты аяқтаған серіктестіктің жетістігі мол. Атап айтсақ, Мәскеуде 70 елдің тауар өндірушілері қатысқан халықаралық көрмеде «Baron Foodтың» 7 түрлі өнімі ұсынылып, сапасы мен жасалуы жағынан үздіктер қатарынан көрінген оның алтауына алтын медаль берілсе, біреуі күміске қол жеткізгендігін мақтанышпен атауға болады. Бүгінде «Baron Food» атты арнайы сауда белгісіне ие жартылай дайын өнім шығаратын кәсіпорынның Қазақстандағы №1 отандық өнім өндіруші саналатындығы осы орасан зор еңбектің нәтижесі.

Талғар ауданы.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ

Ауданымызға жұмыс сапарымен келген ҚР Парламент Сенатының депутаттары Аңсар Мұсаханов пен Нұрлан Қылышбаев өңірдегі сайлаушылармен кездесіп, қоғам өмірімен және өндіріс орындарымен танысты. Халық қалаулыларын қарсы алған аудан әкімі Махаббат Бигелдиев құрметті қонақтарды алдымен «ALMATY STEKLO» зауытына апарып, кәсіпорынның тыныс-тіршілігімен таныстырды.

Мекеме басшысы Азим Абдуллаев ғимарат ішін аралата жүріп, жан-жақты ақпарат берді. Өндіріс қызметкерлеріне 92 шағын отбасылық пәтер, 27 бөлмелік жатақхана салынған, оларға 400 адамдық асхана, дәріхана, супермаркет, намазхана секілді әлеуметтік нысандар қызмет көрсетеді. Одан бөлек, шығынсыз өндіріс есебінде жұмыс істейтін зауыт сынған әйнектерді қайта өңдеп, шыны шөлмектер банкалар шығарады. Осындай толық кешенді өндіріс орны Қазақстандағы өзге шыны зауыттарынан бірегейлігімен ерекшеленеді.

Депутаттар жылыжай конструкцияларын өндіру, жобалау, монтаждаумен айналысатын «Holland Green Tech» зауытына да бас сұқты. Кәсіпорынның бас директоры Бауыржан Баймұхамбет қонақтарды қарсы алып, зауыт жұмысымен таныстырып өтті. Халық қалаулылары кәсіпорын басшысына нақты сұрақтар қойып, жауап алды. Өзара әңгімеде жылыжай конструкцияларына деген сұраныс, сапасы жайы сөз болды. Елтай ауылдық округінде орналасқан «ALMATY STEKLO», «Holland Green Tech» сынды өндіріс орындары ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына Қарасай ауданының тартуы есебінде іске қосылған болатын.

Халық қалаулыларының назарынан Ұмтыл ауылдық округі, Мерей ауылындағы «Alsad» құс фабрикасы да тыс қалмады. 2013 жылы іске қосылып, 230 адамды жұмыспен қамтып отырған фабрика тұтынушыларға күніне 600 мың жұмыртқа жібереді. Құс фабрикасын аралап, жем қоймасымен, электрлік құрылғылармен танысқан қонақтар кәсіпорынның жүйелі жұмысына деген ризашылықтарын білдірді.

Сөйтіп, зауыттар мен кәсіпорындарды аралап, мекеме басшыларымен, жұмысшылармен кездескен ҚР Парламент Сенатының депутаттары Аңсар Мұсаханов пен Нұрлан Қылышбаев аудан жетістігіне қатысты мәліметтерге қанықты. Сондай-ақ, кездесуге жиналғандарға Парламентте қаралып жатқан жаңа «Жайылым туралы» Заң жобасында қарастырылған мәселелерді әңгімелеп, жұмысшылар мен зауыт басшыларының ілкімді істеріне сәттілік тіледі.

Алмас АЛДАБЕРГЕН.

ӨТІНІШТЕР АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Өңірімізге арнайы ат басын бұрған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Амангелді Дәуренбаев бірнеше ауданды аралады. Халықтың бүгінгі ахуалын бақылап, бірнеше нысандардың жұмысымен танысты.

Жетісу

Құралбек СӘБИТОВ

Атап айтқанда, Қарасай ауданы, Елтай ауылдық аймағына қарасты Жармұхамбет елдімекеніне жақын жерден өткен жылдың соңында ашылған «Алматы стекло» шыны зауытына барып, өндіріс орнының жай-күйін білді. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында ашылған бұл зауыт Қазақстан және Қытай инвесторларының қаржысына салыныпты. Қазіргі таңда мұнда он шақты түрлі алуан көлемдегі шыны ыдыстар және оларға арналған қақпақтар өндіріледі. Ал өндіріске шикізат Қызылорда облысының аумағынан табылған ақ құмнан тасымалданады. Сондай-ақ, ескі шыны ыдыстарды қайта өңдеуден өткізуге болады. Бұл босқа шашылып, жерге экологиялық зиянын тигізетін шыны қалдықтарының ендігі жерде қажетке жарайтынын көрсетеді.

Зауыт басшылығының айтуынша, Қытайда өндірілген құрылғылармен жұмыс істеу әдісін сол елден келген мамандар үйретуде. Болашақта зауыт толық іске қосылғанда мұнда төрт жүзден аса адам жұмыспен қамтылмақ. Қазірдің өзінде төрт ауысыммен жұмыс істейтін өндіріс орнында үш жүз жұмыскер бар. Қажетті мамандарға арнап салынған 120 орынды жатақхана мен бір және екі бөлмелік пәтер, үш уақыт тегін тамақ, зауыт ауласынан ашылған дәріхана, асхана, дүкен секілді қызмет көрсету орындары жұмысшыларға жасалған ерекше жағдай екенін атап өткен орынды. Мәжіліс депутаты Амангелді Айдарұлы зауыттың жас мамандары мен жұмысшыларын әлеуметтік жағдайымен таныс-ты. Оларды мазалаған сауалдарға жауап бере келіп, қазіргі таңда елімізде жас отбасылардың баспана мәселесін шешуге септігі тиетін «Нұрлы жер» бағдарламасының ерекшеліктерін түсіндірді.

Бұдан кейін халық қалаулысы Көксу, Іле, Алакөл, Ілияс Жансүгіров атындағы аудандарына жұмыс сапарымен барып, «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларының орындалу барысымен танысты. Депутат сапар соңында халық тарапынан айтылған ұсыныстар мен өтініштерді Үкімет отырыстарында көтеретіндігін жеткізді.

Қарасай ауданы.

ӘЛЕУМЕТ

БАҒА ТҰРАҚТАНДЫРУ БАСТЫ НАЗАРДА



3-бет

АЛДАСПАН

БІР ҒАСЫР БҰРЫНҒЫ БОСТАНДЫҚ



4-бет

ОТБАСЫ

ӨМІРДІҢ МӘНІ ДЕ, СӘНІ ДЕ БАЛА



7-бет

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Шетелдерден және еліміздің әр өңірінен көрмені тамашалауға келетін 5 миллионнан астам қонақты қарсы алып, қонақүйге орналастырып, ас-суын беріп күтіп алу оңай емес. Бұл көрмені ұйымдастыру комиссиясының да басын ауыртатын жағдай. Астана қаласының әкімдігі осы тұрғыда істелінген жұмыстарды таныстырғаннан кейін бұл алаңдаудан арылғандай болдық.

Қонақжайлық белгісі

Жетісу

Қажет АНДАС

Астана қаласы әкімі баспасөз қызметінің ақпаратына қарағанда бүгінгі күні Астанада 12482 орынға арналған 164 қонақүй бар. «ЭКСПО – 2017» көрмесі өтетін кезде 2829 орынға есептелген тағы 23 қонақжай кешенін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, қалада 664 орынға арналған 25 хостел жұмыс істейді. Мамыр айына дейін қонақүйлер мен хостелдерден 15975 орын дайындау көзделген..

Қала әкімдігі қонақтарды орналастырудың қосымша нұсқасы ретінде жоғары оқу орындары мен колледждердің жатақханаларын, жалға берілетін пәтерлерді қарастырып отыр. Бүгінгі күні 1710 орынды 10 колледж жатақханасы әзірленді, олар республика өңірлерінен келетін 40000 оқушыны орналастыруға мүмкіндік береді. Мамыр айына қарай жатақханалардан 9000 орын дайындау жоспарлануда. Бұдан басқа, қала бойынша 18 мың пәтер жалға беріледі, соның 3 мыңы тәулік бойынша тапсырылады, бұл 10000 адамға 3-4 төсектік орынды қарастырады. Мұнымен қоса, ЭКСПО өткізілетін кезеңдегі оқиғалық шаралардың күнтізбесі жасалды. Ал туристерге ыңғайлы болуы және тілдік кедергіні азайту үшін «Friendly Taxi» жобасы іске қосылды. Бұл жүйе Астана қаласының шетелдік қонақтары мен таксопарк жүргізушілерінің арасындағы коммуникациялар орталығы болып табылады. Жоба іске қосылғалы жүйеге қалалық таксопарктердің 300 автокөлігі қосылды.

Демек, шетел мен еліміздің басқа өңірлерінен келген қонақтарды өз деңгейінде қарсы алуға қаланың әлеуеті жетеді.

12 ҚАҢТАР – ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ

Алдымен құрметпен гүл шоқтарын қойған игі жақсылар жиналған қауымға Дінмұхамед Қонаевтың өміріне, атқарған ісіне қатысты деректерді әңгімеледі. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев көпшілікке Қонаевтың сәулелі ғұмырының бүгінгі сәттерінен сыр шертті.

Одан кейін сөз кезегін алған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, мемлекет және қоғам қайраткері Оралбек Жақиянов пен Аманғазы Шегіров, облыстық «Д. Қонаев» қоғамдық қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы Тұрсын Әбдірешов көпшілікке Дінмұхамед Қонаевтың өмір жолына қатысты мәліметтерді баяндады.

***

Түс ауа «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының мәжіліс залында үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 105 жыл толуына арналған кездесу өтті. Мемлекет қайраткерінің тұрғыластары, еңбек ардагерлері, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері, қаладағы № 9, № 7 мектеп мұғалімдері мен оқушылары, агротехникалық колледждің студенттері мен ұстаздары қатысқан жиынды «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев ашып, жүргізіп отырды. Кездесуге жиналған көпшілік алдымен мемлекет және қоғам қайраткерінің өміріне арналған бейнефильмді тамашалады. Одан соң Д. Қонаев атындағы қоғамдық қордың қамқоршылар кеңесінің төрағасы Тұрсын Әбдірешов пен Д. А. Қонаев мұражайының меңгерушісі Хания Есдәулетова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт кезекпен сөз алып, көпшілікке естелік айтты.

***

Қапшағай қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің ұйымдастыруымен орталық алаңда орналасқан Дінмұхамед Қонаев ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.

Ұлы тұлғаның 105 жылдығы қарсаңында Қапшағай қалалық кітапханасы «Дәуірдің дара тұлғасы» атты бейне-альманах кешін өткізді. Кеште қаланың құрылу кезеңінен бергі тарихына куә азаматтар, еңбек ардагерлері Тоқтар Әкіш, Болатбек Тұрғанбаев пен Төлеуғайша Ақыпбекова қаланың кемел келешегін болжаған биік парасат иесінің даналығы мен даралығын сөз етті.



ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Дәл 12 қаңтар күні Талдықорған тұрғындары қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ескерткішіне барып, гүл шоқтарын қоюды дәстүрге айналдырған. Кеңес одағының кезінде ел басқарып, Қазақстанның күллі әлемге танылуына күш салған мемлекет қайраткері еліміздегі көптеген қаланың салынуына мұрындық болған. Биыл да қаланың зиялы қауымы, ардагерлер, ақсақалдар кеңесінің мүшелері, «Д. Қонаев» қоғамдық қорының қызметкерлері, мектеп оқушылары қоғам қайраткерінің ескерткішіне жиналып, бітімі бөлек естелік тыңдады.

Бұл күндері елімізде Қонаев атымен аталатын көшелер, мектептер, жоғары оқу орындары көп. Сондай мектептің бірі Қапшағай қаласында да бар. Осы мектептің ұстазы Әлия Аймағамбетова ұлы тұлғаға арналған мұражайдан әкелген фотоальбомдар мен құнды заттарды көрсетті.

Қонаевтың алдында домбырамен арнау айтқанын мақтанышпен жеткізген ақын, ұстаз Алтыншаш Жақиянова кемеңгер жайлы «Алып тұлға – айдынды қала» атты кітап шығарып отыр. Сөз арасында ол арнау жырын да тебірене оқыды. Ақынның сөзіне жазылған сазгер Кентау Назарбектің әні көпшілік назарына ұсынылды.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 6 (18282)
Сейсенбі, 17 қаңтар, 2017 жыл.

УНИВЕРСИАДА — 2017



Дүбірдің дабыл қағатын күні жақындаған сайын Қазақ елінде қарбалас тірлік. Осыдан алты жыл бұрын дәл осындай күй кешіп едік. Азиада ойындарын қабылдағанда күллі қазақ жұрты жарысқа бірауыздан атсалысып, мемлекеттің мәртебесі үшін аянбай тер төккен.

АҚ ҚАРҒА АЛАУ ЖАҚҚАН

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Ол Азия көлемінде болса, енді, міне, бүкіләлемдік Универсиада ойындары. Бұған екі есе күш жұмсауға тура келеді. Азиада ойындарының қалай өткені барлығымызға мәлім. Мұндағы менің айтпағым, сол дүбірдің алдында «Алау эстафетасы» ұйымдастырылған еді. Күллі Алаш даласын жалынмен шарпыған бәсекенің алауы талай жүректі жібітіп, жарысқа деген қызығушылығын оятқан. Сол кездегі жасөспірім мен де ертең спортшы боламын, алау құтысын қолыма ұстаймын деп армандағаны анық. Дәл сол кезде алау құтысын әккі спортшылар мен спорт ардагерлері алып жүрген еді. «Жақсыны көрмекке» дегендей, ел мақтаныштарын сол бір шарада жетесіне жеткізіп тұрып, дәріптеген едік. Бұл жолы томағасы жаңа сыпырылған жас қырандарымыз алып жүреді. Есімі енді таныла бастаған жас спортшылар еліміздің барлық облысын қамтып, халықты жарыстың басталуымен сүйіншілейді. Мұндай құрметке бөленген жастарымыздың бәсі жоғары. Өміріндегі тарихи сәт десек те болады. Қысқы спорт додасы араға жылдар салып Қазақ елін қайта айналып соғары белгілі. Десе де, дер кезінде тарихи сәтке қол жеткізу – жас спортшылар үшін үлкен мәртебе. Міне, сондай дүбір Жетісу жерінде де өткелі отыр. Талдықорған қаласын дүбірге бөлейтін эстафетада кімдер алау ұстайды деген ой мазалайтыны белгілі. Басқа облысты айтпағанда, Жетісу жерінің мықтыларын тізейік. Алматы облысы – таланттардың мекені деп жиі айтамыз. Өткен Азиада ойындарында сол таланттардың біразы алау құтысын ұстау мәртебесінде ие болған. Ол мықтыларымыз ардагер спортшылардың қатарына енсе, күні ертең өтетін шарада жаңа есімдер ел алдына шығады. Жаңа есім дегенімізбен, талай байрақты бәсекеде атой салған оғландар. Оның шынар басында бокстан әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы тұр. Жәнібек – Қазақстанның туризм және спорт академиясының студенті. Рио Олимпиада ойындарына қатысқан талант Алакөл ауданының тумасы. Мұнан кейін балуандар арасынан Нұрмахан Тыналиев. Ол әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы. Туризм және спорт академиясының студенті. Мемлекеттің аса қолдауының арқасында мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы спорт дамып келеді. Оның нақты дәлелі, Рио паралимпиадалық ойындары. Екі спортшымыз алтын мен күміске қол жеткізіп, тарихта болмаған жаңалықты тіркеді емес пе? Сол күмісті сыйлаған Раушан Қойшыбаева ел мақтанышына айналып, алау құтысын алып жүгіреді. Пауэрлифтингтен Азия мен әлемнің чемпионы, Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері. Жас спортшылардың ішінде болашағынан көп үміт күттіретін талантымыздың бірі Ибрагим Берсанов. Ауыр атлетикада екі дүркін «Әлем чемпионы» деген атағы бар, болашақ Олимпиада ойындарына қатысушы деп атасақ та артық емес. Осындай жалындаған жас жігіт, Жетісу жерін алау құтысымен сүйіншілемек. Қыздар арасында үздік шыққан зілтемірші Карина Горичева да назардан тыс қалмайды. Риода қола сыйлап халық қуантқан қайсар қыз, тарих жылнамасына алау ұстаушы деген атпен жазылады. Бұл біз үшін де, спортшылар үшін де ескірмейтін естелік. Жалпы Жетісу жерінде өтетін «Алау эстафетасын» алпыс алаугер алып жүреді. Бұл жайында алдағы уақытта білесіздер.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Мемлекет басшысы мінген ұшақ Абу-Даби қаласына жексенбі күні түс ауа қонды. Діндес бауырлар Қазақстан тарапынан келген ресми делегацияны салтанатты түрде қарсы алып, ыстық ықылас көрсетті. Шейхпен кездесуде екі елдің инвестициясын, энергетикасы мен сауда-экономикасын, мәдениеті мен гуманитарлық байланысын дамытатын бірнеше келіссөздер шешімін тапты. Атап айтқанда, қос Елшілікке бөлінген өтеусіз жер учаскелеріне, визасыз барыс-келісті реттеуге, Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы діни қарым-қатынасқа, туризм мен халықаралық көлік тасымалына қатысты хаттамалар мен келіссөздерге қол қойылды. Бұдан кейін Елбасы «Эмират палас» сарайында

ДІНІ – БІР, ДАМУЫ – БІР

«Calatrava Grace Corporation» компаниясының атқарушы директоры Майкл Калатравамен жүздесіп, Астана қаласының ажарын айшықтайтын жобаларды қаржыландыру бойынша әңгіме өрбітті.

Ресми сапардың келесі бөлігінде екі елдің белді кәсіпкерлері форум өткізді. Мұнда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың Қазақстан үшін де, БАӘ үшін де маңызы зор екендігі айтылып, екі жақтағы мамандардың бұл тұрғыда тәжірибе алмасып тұруы кеңінен сөз болды. Әсіресе, жуырда Астанада өтетін ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесіне қатысуға Абу-Дабиден ынталы азаматтардың көптігіне баса назар аударылды. Президенттің айтуынша, Қазақстандағы тауар айналымы бойынша Азиядағы елдер арасында бірінші орында Біріккен Араб Әмірліктері тұр.

– Бұл көрсеткіш өткен жылдармен салыстырғанда үш есеге дейін артты. Тәуелсіздік алған сәттен бері Біріккен Араб Әмірліктерінен келген инвестицияның көлемі шамамен 2 миллиард долларға жетті, – деді Елбасы форумда

Елбасы үшін жексенбі жайбарақат демалатын күн емес. Осы демалыста аязды Астанадан аптап Абу-Дабиге аттанған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Біріккен Араб Әмірліктері Жоғары Бас қолбасшысының орынбасары, шейх Мұхаммед бен Заид әл-НАҺАЯНМЕН кездесті. Екіжақты кездесуде экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жұмыстары талқыланып, Қазақстан – Араб арақатынасын дамытатын бірқатар құжаттарға қол қойылды. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті ресми сапарында ғылымы мен білімі қарыштап дамыған орта ғасырдағы ислам әлемін қайыра еске түсіріп, мұсылман мемлекеттерінің бірлігін, олардың инновация мен техникалық прогреске тезірек бейімделуін сөз етті.

Жетісу

Қуаныш ТҰҢҒАТАР

сөйлеген сөзінде. – Қазақстанда Әмірлік тарапынан құйылған капиталдың көмегімен 200 кәсіпорын жұмыс істейді. Қазақстан жан-жақты инвестициялық қолдау көрсетуге дайын. Мәселен, кейбір саланың инвесторлары 10 жылға корпоративтік табыс және жер салығынан, 8 жылға мүлік салығынан босатылған.

Елбасы Әмірлік кәсіпкерлеріне Қазақстандағы капиталға қолайлы жағдайды таныстыра келе, экономикалық ірі жобаларды бірлесе жүзеге асыруға шақырды. Сонымен бірге, өзге елден келген компаниялардың құқығы мен жұмыс нәтижесін қорғайтын Шетел инвесторлары кеңесі қызмет атқарады. Кездесуде Астанада Сирия келіссөзінің келешегі туралы да әңгіме қозғалды. «Бұл келіссөз өтуі мүмкін және біздің осы өңірдегі бейбітшілікті дамытуға қосқан үлесіміз болады. Мен Иран Президенті мен Сауд Арабиясы Королімен өзара қарым-қатынастарын жақсарту үшін келіссөздер жүргіздім. Ислам әлемінің екіге жарылуына жол беруге болмайды. Сондықтан ислам елдерінің, мұсылман мемлекеттерінің бірлігі, ғылыми-техникалық прогреске, инвестицияға, инновацияға жұмыс істейтін исламға бейім мемлекеттерге бағдарлануы – бұл біздің жолымыз. Бір кездері ислам әлемі ғылым мен техникада бүкіл ғаламшарды басқарған еді. Біз прогресске, ғылым мен болашаққа бағдарлануымыз қажет», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Расында да, адамзат өркениетіне үлкен үлес қосқан ғылымның түп-тамыры мұсылман ғұламаларының есімімен тығыз байланысты. Әдебиетте, мәдениетте, философияда, медицина мен музыкада, құрылыс пен адал саудасаттықта ислам мемлекеттерімен теңесетін ешкім жоқ еді. Бұл ретте біздің өлкенің өркениетін дамытқан бір ғана әл-Фарабидің өзін атап өтсек жеткілікті. Бірақ бүгінде мұсылман әлемінде діни және саяси шиеленіс күшейіп келеді. Екіжақты кездесуде Қазақстан мен БАӘ-нің дінге жауапты өкілдері исламға күйе жаққан экстремизммен бірлесіп күресуге уағдаласты. Сапардың екінші күні болашақтың энергиясы төңірегінде өрбитін маңызды жиынмен жалғасын тапты.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

«Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Иорданияның ұлттық секциясының комиссары Мұхаллад Әл Омари және Иорданияның ҚР Төтенше және өкілетті елшісі Ахмед Идрис Инабпен кездесіп, көрмеге дайындық мәселелерін талқылады.

КӨРМЕГЕ КОРОЛЬ қатысады



Жетісу

Қажет АНДАС

Кездесуде Ахметжан Есімов қазіргі таңда халықаралық қатысушыларға павильондарды тапсыру жұмыстарының қарқынды жүріп жатқандығын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінде 10 мемлекет өз павильонын алып, тақырыпқа сәйкес мазмұндық толтыру жұмыстарына кірісті.

Өз кезегінде Мұхаллад Әл Омари Иордания Хашимиттік Корольдігіне ұсынылған павильон және Астанада өтетін көрмеде баламалы энергия көздері бойынша өз ұсынымдарын көрсетуге мүмкіндік берілгеніне алғысын білдірді:

– Бүгін біз Иордания павильонын көріп шықтық. Көрме ұйымдастырушыларының атқарған ауқымды жұмысы көрініп тұр. Біз жақын арада павильонды безендіру жұмыстарына кірісетін боламыз, – деді Иордания ұлттық секциясының комиссары.

Сондай-ақ Иорданияның елшісі Ахмед Идрис Инаб «ЭКСПО – 2017» көрмесіне Иордания королі келіп, өз мемлекетінің ұлттық күнін атап өту шарасына қатысатынын жеткізді.

Кездесу соңында көрмеге қатысу келісімшарты мен павильон тапсыру құжаттарына қол қойылды.

БРИФИНГ

УАҚЫТША тіркеу талабы

Облыстық ішкі істер департаментінде көші-қон полициясы басқармасы бастығының орынбасары Қанат Еселбаев және жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Шыңғыс Сабуровтың қатысуымен брифинг өтті.

Жетісу

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Баспасөз отырысы азаматтарды тұрақты және уақытша тіркеуге қатысты заңға енгізілген өзгерістерге арналды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының экстремизм және терроризмге қарсы тұру мәселелері туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған болатын. Заң жобасын қабылдаудағы мақсат – терроризм және экстремизм, қару-жарақ айналымы мен миграциялық реттеу саласы бойынша іс жүзіндегі заңнаманы жетілдіру. Сондықтан жұмыс бабымен немесе қандай да бір себеппен тұрғылықты мекенжайын ауыстырған әрбір азамат уақытша тіркеуге тұруға міндетті. Ол үшін алдымен халыққа қызмет көрсету орталығына жүгініп, бар болғаны 10-20 минут уақыт жұмсауға болады. Тіркелу үшін мына құжаттар керек: тұрғын үй иесінің келісімі, оның жеке куәлігі, тіркелушінің жеке куәлігі және АЕК-тің 10 пайызы (226,9 теңге) көлеміндегі мемлекеттік салымның төленгені жайлы түбіртек. Тіркелуші азамат та, баспана иесі де тіркелуге келуі тиіс, себебі құжаттың чипіне өзгерістер жазылады. Өзі келе алмаған жағдайда нотариус қол қойған келісімшарт болуы тиіс. Сондай-ақ, электронды цифрлық қолтаңба болған жағдайда қазақстандық өзін «Электронды үкімет» арқылы тіркей алады, содан кейін ол тұрғылықты тіркеудің қажет емес екенін жазуы тиіс. Жалға берушілер мен уақытша тұрғындар тіркелмесе, айыппұл төлеуге мәжбүр. Жеке тұлғалар – 10 АЕК (22,690 теңге), шағын кәсіп иелері – 15 АЕК (34 мың теңге), ал ірі кәсіп субъектілері – 50 АЕК (113,5 мың теңге) төлейді.

– Айыппұл салу 1 ақпаннан басталады. Сондықтан, тәртіп сақшылары үй-үйді аралап, тексеру жұмыстарын жүргізіп, ескерту жасайды. Тұрғындар 1 ақпанға дейін тіркелуі тиіс. Тіркелу мерзімі 1 айдан 1 жылға дейін. Заң бойынша әрбір адамға кем дегенде 15 шаршы метр қажет. Сонда орташа екі бөлмелі пәтердің ауданы 60 шаршы метр болса, онда тек 4 адам тұра алады. Мерзімі өткен тұрғын автоматты түрде тіркеуден алынып, қоныс аударған жеріне тағы да тіркелуі тиіс, – деді Қанат Мустафайұлы.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

КӘСІПКЕРЛІКТІ қолдау күшейеді — 2-бет
ҚАРАҒАЙЛЫДАҒЫ қанды қырғын — 3-бет
ҚИЫРДАН келген қазақ — 4-бет

КӨКЕЙКЕСТІ



Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар Іле ауданына жұмыс сапарымен келіп, бірқатар мекемені аралады. Ең алдымен Өтеген батыр кентіндегі күрделі жөндеуден өтіп жатқан аудандық орталық ауруханадағы жұмыстармен танысты. Сонымен қатар 1974 жылы салынған ескі перзентханаға да соғып, жаңа туған сәбилер мен жас босанған аналардың жағдайын сұрады.

Жетісу

Мақпал МЫСА

ЖАҢА ҒИМАРАТТАР тұрғызу қажет

Ауданда жыл сайын халық санының өсуіне байланысты перзентханада орын тапшы. Осыған орай Жақсылық Мұқашұлы жаңа перзентхана салыну қажеттігін атап өтті. Салынғанына көп жыл болмаса да төбесінен су ағып тұрған облыстық аймақтық балалар ауруханасына, аудандық мүгедектерді оңалту орталығының жұмысына қатаң сын-ескертпелер айтты.

Бұдан соң білім беру ошақтарында да болды. Осыдан екі жыл бұрын пайдалануға берілген 500 орынды «Сұңқар» балабақшасында бүгінде 420 бүлдіршін тәрбиеленіп жатыр. Заманауи үлгідегі жылы ғимарат қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Келесі кезекте облыс әкімінің орынбасары 2015 жылы салынған №24 мектеп-лицейдің жұмысымен танысты. Заманауи үлгіде салынған үш қабатты ғимаратта балалардың алаңсыз білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда қазір 1257 оқушы білім алуда. Жақсылық Мұқашұлы 9-10 сыныптарға арнайы кіріп, өнертапқыш балалармен әңгімелесіп, жасаған бұйымдарын тамашалады. Сонымен қатар Мұқағали Мақатаев атындағы № 13 мектепке де ат басын бұрды. 1960 жылы салынған аталмыш мектеп – аудан мақтанышына айналған беделді білім ордасы. Мұнда жыл сайын пән олимпиадасына, ғылыми жобаларға, түрлі өнер, спорт жарыстарына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүрген дарынды оқушылар көптеп кездеседі.

Жақсылық Мұқашұлы ондағы бассейніне де назар салды. Бірқатар мекеменің жағдайын білген соң аудан активімен кездесті. Күн тәртібінде тұрған күрделі мәселелер – ауданға перзентхана мен Мәдениет үйін салу жобаларын қарастыру қажеттігін алға тартты. Сонымен қатар мешіт қызметкерлерінің әлеуетін көтеру керектігін де атап өтті.

Іле ауданы.

мұражай жұмысымен танысып, ақын өлеңдерін бірінен соң бірі мүдірмей жатқа оқыған оқушыларға ризашылығын білдірді. Осы мектептің бірінші қабатына орналасқан аудандық кітапхананың да жай-жапсарын білді. Облыс көлемінде үздік жұмыс істеп келе жатқан кітапхананың әлі күнге дейін жеке ғимараты жоқ. Ауданда мәдени іс-шараларды тұрақты өткізіп тұратын Мәдениет үйі де жоқ. Облыс әкімінің орынбасары бұл мәселені де қаперіне алды. «Тіл оқыту орталығында тек қазақ тілін ғана емес, орыс және ағылшын тілдерін оқытуды да қолға алу керек», – деген ұсынысын айтты. «SK Фитнес» спорттық сауықтыру орталығының жаттығу залы мен

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

Маңызды мәселелерге мән берді

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Павел Казанцевтің Жаркент өңіріне келген сапары «Қорғас шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығынан» бастау алды. Депутат бір топ әріптестерімен бірге 2016 жылдың қазан айының басында Қорғасқа келіп, осындағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» экономикалық аймағындағы теміржолмен танысқан еді.

Жетісу

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Сол сапарында салынып жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодаңғылы және «Құрғақ порт», «Қорғас шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы» АҚ құрылысын аралап, Парламент сессиясында және ақпарат құралдарында бірқатар мәселелер көтерген болатын. Депутаттар он жылдан астам уақыт бұрын басталған «Қорғас шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығы» құрылысының Қазақстан тарапындағы сылбырлығын қатаң сынға алып, істің шырауына оң ықпал жасады. Содан бері мұнда бірнеше сауда орталығы салынып, іске қосылды. Алайда атқарылар жұмыстар әлі ұшан-теңіз.

Сапар барысында депутаттың жанында «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдіқадыров пен Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Абдулдаев бірге жүрді. Депутат П. Казанцев сапар алдында Парламент Мәжілісі спикерінің өзіне жүктеген арнайы тапсырмасы бойынша орталық жұмысының барысымен терең танысты. Жаңадан салынып жатқан құрылыстарды аралап көріп, мұндағы іске жанды қолғабыс көрсетіп отырған Қытай тарапы құрылысшыларының басшыларымен, туристік агенттіктер жетекшілерімен де жүздесті. Сонымен қатар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодаңғылының Қорғас өзенінде Қытай тарапымен түйіскен тұсына келіп, жол құрылысының жай-күйін өз көзімен көрді.

Парламент Мәжілісінің депутаты теміржолшылар қалашығына келіп, Нұркенттегі орта мектептің жиынжайында жергілікті халықпен жүздесті. Басқосуда еліміздегі туризмді дамытуға «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» теміржолы мен қазір құрылысы толық аяқталмаған автодаңғылдың, «Қорғас шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығының» орасан зор ықпалы барын саралап, халықаралық және ішкі лаңкестікті болдырмау, Парламентте қабылданған жаңа заңдар сынды маңызды мәселелерді түйіндеп өтті.

Жиында депутатқа жергілікті тұрғындар тарапынан көптеген сауалдар қойылып, оларға тұшымды жауаптар берілді. Сол сауалдар қатарында ел құлағын елеңдеткен уақытша тіркеу, міндетті медициналық сақтандыру, білім беру саласындағы жаңалықтар сынды салмақты мәселелер айтылды.

Панфилов ауданы.

«Алматы Арена»
мұз сарайында
XXVIII Дүниежүзілік қысқы
Универсиада салтанатпен
ашылды

Almaty 2017
28TH WINTER UNIVERSIADE

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 12 (18288)
Сейсенбі, 31 қаңтар, 2017 жыл.



Қасиетті қазақ елін төрткүл дүниеге танытудың тағы бір тарихи сәті туды, ағайын! Ол – алты Алашты әлемге әйгілейтін XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиада ойындарының салтанатты ашылуы. Осы күнге жылдан есен, айдан аман жеткен Жетісу жұртшылығының қуанышында шек жоқ. Өйткені, қысқы Универсиаданың асқаралы Алатаудың баурайындағы әсем Алматы қаласы мен Талғар ауданының төңірегінде өтетіні жетісулықтар үшін зор мәртебе.

ЖАЛЫНДА, ЖАРЫС АЛАУЫ!

Жетісу
Үлбосын ИСАБЕК

Әлемнің әр түкпірінен келген саңлақ спортшылар бақ сынасатын байрақты бәсекенің басталуына санаулы күндер қалғанда Елордамыз Астана қаласында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен 2017 жылғы қысқы Универсиаданың Алауы тұтанғаны белгілі. Бұл шара республиканың барлық аймақтарында салтанатты түрде жалғасын тапты. Табиғаты талайдың таңдайын қақтырар жер жаннаты Жетісу жерінде өтетін қысқы Универсиаданың Алау эстафетасы сенбі күні облыс орталығы Талдықорған қаласында салтанатты түрде тұтанса, жексенбіде әсем қала Алматыда әр аймақтан келген Алаулардың басы біріктіріліп, 28-қысқы Универсиаданың шалқыған Алауына айналды.

Қазақ ұлттық университетінен бастау алған Алау эстафетасын алып жүру рәсіміне Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек бастап, еліміздің атақты спортшылары Дмитрий Баландин, Сәбина Алтынбекова, Ольга Шишигина, Нұртас Адамбай, Қарлығаш Мұхаметжановалармен бірге қоғам қайраткері, белгілі спорт журналисі, жетісулық жерлесіміз Несіп Жүнісбаевтың қатысқандығын атау ләзім. Алматының бірнеше көшесімен өткен Алау эстафетасы Алатау ауданындағы «Алматы-Арена» мұз айдынына жеткізілді.

FISU-дің мәліметтері бойынша, XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиада ойындарына әлемнің 80 еліндегі 1 млрд.-тан астам көрермен көз тігеді. Осынау дүбірлі доданың ашылу салтанаты биылғы жылы пайдалануға берілген озық үлгідегі спорттық нысан – 12 мың орынды «Алматы Арена» мұз сарайында өтті. Халқымыздың сан ғасырлық тарихынан тамыр тартып, шежірелі өмірінен сыр шертетін салтанатты шараны тамашалауға келген көрерменнің жүрегін қуаныш кернегені сезіледі.

Сән-салтанаты, мән-мазмұны үйлескен мерекелік шара «Ұлы дала елі» қойылымымен бастау алды. Онда сан ғасырлық тарихы бар ұлттық құндылықтарымыз, жәдігерлеріміз, мәдениетіміз бен әдебиетіміз айшықты көрініс тапты.

Түрлі кезеңдерде қазіргі заманғы Алматының аумағын мекендеген өркениеттер мен халықтардың ауыз әдебиеті мен мәдениетіне арналған қойылымның тарихқа арналған бөлігін модульдік декорацияларды қолдана отырып шығармашылық ұжымның ойнауы өте сәтті шықты. Қандастарымыздың достық, ауызбірлік, толеранттылық пен бейбітшілік сүйгіштік секілді қайталанбас қасиеттеріне ерекше назар аударылған. Ашылу салтанатында қолданылған жарық, дыбыс, би және пиротехникалық заттар бір-бірімен үйлесім тауып, Алматы қаласы мен Қазақстанның мәдени-тарихи ерекшеліктерін айшықтай түсті.

Еліміздің көк Туы көтеріліп, балалар хоры Гимнді орындағаннан кейін шара қысқы Универсиадаға қатысатын 57 мемлекет спортшыларының салтанатты шеруіне ұласты. Осы орайда ортаға ең соңғы болып шыққан Қазақстанның құрамасына жанкүйерлер тік тұрып, зор қошемет көрсетті. Ел намысын қорғайтын спортшылардың қатарында Денис Тен, Юлия Галышева, Нұрберген Жұмағазиев, Жанбота Алдабергенова, Балкин Станислав, Абзал Әжіғалиев, Айдар Бекжанов сынды танымал спортшыларымыз топ бастады.

Әлем көз тіккен Универсиаданың ашылу салтанаты бұдан әрі таңғажайып шоубағдарламаға жалғасты. Театрландырылған қойылымды жандандырған өнерпаздардың шеберліктері көрерменді тәнті етті. Үлкен экраннан көрсетілген тарихи жәдігерлер жайындағы бейнекөрініс те ұлттық құндылықтарымызды тереңдете танытты. Әсіресе «Бүркіт биі», «Алтын адам» көріністері көрермен көңілін бір сергітіп тастады.

Көрермен көзайымына айналған келесі қойылым кемелденген Астананың дамуы мен жасыл энергия, таза экологияны арқау етті. Осы тұста британдық мүгедек қыз Виктория Мадеста мен Табылды Досжанның орындауындағы аргентиналық биге зор қошеметпен қол соқты. Балалар орындауындағы «Жарық күн» әні бейбітшілік пен достыққа үндесе, Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстардың ұлттық билеріне қазақтың «Қамажайымен» нүкте қойылды.

(Соңы 2-бетте).

ҚАНАТЫҢДЫ КЕҢ СЕРПІ!



ЭСТАФЕТА АЛМАТЫҒА БЕРІЛДІ

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, XXVIII қысқы Универсиада ойындарының Алау эстафетасы Талдықорған қаласын дүбірге бөлеп, Алатау баурайына аттанды.

Жетісу
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Ұлы Дала елін еркін аралаған Алау эстафетасы Жетісу жерін де өзінің ыстық жалынымен бір шарпып өтті. Бұл жолғы оттың қуаныш пен шаттықтың алауына айналғаны баршамызға аян. Талай жастың жүрегіне үміт отын тұтатып, қанатын кең серпуіне қуат берген Алау эстафетасы «Жастар» саябағынан бастау алды. Сол күні күннің көзі де келген жұрттың мерейін өсіргендей шуақ шашып тұрды.

Саябаққа жиылған жанкүйерлердің көңілі шат. Көше бойын жағалай сап түзеген қала тұрғындары Алау эстафетасының құтысын ұстаушы жастарды көруге ынтық. Сонымен көптен күткен эстафета да басталды. Сахна төріне Алау қазандығы қойылып, маңайында жас таланты студенттер мен Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Қуат Баймырзаев тұрды. Жүргізушінің хабарлауымен қос қапталға облыс орталығында талай жастың томағасын сыпырып, өмір көкжиегіне қанат қақтырған білім ордаларының студенттері шақырылып, олардың білімде, спортта жеткен жетістіктері хабарланды. Одан кейін жерұйық мекенге айналған Жетісудың жеті өзені сомдалып, қолдарына көк мата ұстаған өнер майталмандары жеті өзеннің ағысын көз алдымызға әкелгендей бір арнаға тоғысты. Облыс әкімі Амандық Баталов ортаға шақырылып, шараның шымылдығын түрді. Амандық Ғаббасұлы сөз басында елімізде алауы тұтанатын Универсиада ойындарына кеңінен тоқталды. Ұлы Дала елін он күн бойы дүбірге бөлейтін Универсиада ойындарының елдің атын алысқа шығаратын дода екенін баса айтты. Мұнымен қоса ТМД елдерінің арасында тұңғыш болып осындай дүбірлі доданы өткізу Елбасының ерекше еңбегі екенін де тілге тиек етті. Жарыста бақ сынайтын спортшыларға, соның ішінде Алматы облысының үкілеп қосқан саңлақтарына сәттілік тілеп, шараны ашық деп жариялады. Артынша алау қазандығы тұтанып, ЖМУ ректоры Қуат Баймырзаев алау құтысын облыс әкіміне табыс етті.

Амандық Ғаббасұлы алауды Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Карина Горичеваға табыс етті. Универсиаданың мәртебесін көтеретін Алау эстафетасына облыста алпыс алаугер тартылды.

(Соңы 2-бетте).

АСТАНА. ЭКСПО – 2017

Күн өткен сайын көрмеге қатысатын елдердің қатары көбейіп келеді. Сол ретте «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан ЕСІМОВ Астана төрінде Катар мемлекетінің ұлттық секциясының комиссары Ахмед Али Аль-Тамимимен кездесіп, көрмеге қатысу келісімшартына қол қойды.

КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Кездесуде Ахметжан Есімов көрмеге қатысушы мемлекеттерге павильондарды тапсыру жұмысының қарқынды жүріп жатқанын атап өтті. Бүгінгі таңда халықаралық қатысушыларға 13 павильон тапсырылды. Олардың қатарында Біріккен Араб Әмірлігі мен Иордания павильонның ішкі дизайнын әрлеу жұмысына кірісіп кетті. Қазақстан Республикасындағы Катар мемлекетінің Өкілетті елшісі әрі көрме комиссары өз павильондарын көріп, атқарылған жұмыс сапасына ризашылығын білдірді:

– Біз соңғы кездері жоғары деңгейлі көптеген іс-шараға қатысуға тырысамыз. Тіпті, Йосуда өткен ЭКСПО-да қола жүлдегер атандық. Сондықтан көрме қонақтарын мейлінше таңғалдырамыз деген үміттеміз. Катар павильоны үздіктердің қатарында болары анық. Ал Катар мемлекетінің Ұлттық күні аясында елімізден жоғары лауазымды тұлғалар келетін болады», – деді Ахмед Али Аль-Тамими.

Айта кету керек, Миланда өткізілген «ЭКСПО – 2012» көрмесінде катарлық павильонға 2 миллионнан астам адам келген. Астанадағы «ЭКСПО – 2017» көрмесіндегі катарлық павильонның ауданы 457 шаршы метр әрі Біріккен Араб Әмірлігі, Франция, Румыния және Словакиямен көршілес орналасқан. Демек, бұл жолы да осы елдің мәдениеті мен өнері көптеген қонақты өзіне қызықтыратыны анық.

Қазіргі күні 112 мемлекет пен 18 халықаралық ұйым Астанадағы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысатындығын ресми растады, оның бесеуі араб мемлекеті. Сондай-ақ, Катар мемлекетінің қатысу келісімшартына қол қойылған күні Әзірбайжан мен Австрия мемлекеттерінің де павильондары тапсырылды.

БРИФИНГ

БАСПАНАМЕН ҚАМТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Ғалымжан Шалғымбаев облыс тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етуде атқарылып жатқан игі істермен таныстырды.

Ең алдымен, былтыр ақпан және наурыз айларында «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында құны 1 млрд. теңгені құрайтын 40 пәтерлі екі үй мен Талдықорған қаласындағы оңтүстік-батыс тұрғын үй аумағына орналасқан 60 пәтерлі үй иелеріне табысталды. Сонымен қатар, жыл соңында «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ мен «Бәйтерек девелопмент» АҚ арасындағы несиелік тұрғын үйді іске асыру ынтымақтастық келісімшартына орай Талдықорған қаласында салынатын 256 пәтерлі 12 қабатты тұрғын үйге байқау жарияланып, оған банк салымшыларынан 785 адам өтініш білдірген. Байқаудан өткен банктің 256 салымшысы биыл қоныстойын тойлайды деп күтілуде. Қалған салымшылар «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша облыстық өкімдік пен «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арасындағы ынтымақтастық меморандумы бойынша салынатын 672 пәтерлі үйдің тұрғыны атана алады. Бұл үйлердің алғашқы пәтерлері наурыз айында ел игілігіне тапсырылмақ.

Ғалымжан Дәулетжанұлының айтуынша, биыл «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша облыстағы 928 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Осы тұста, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Қолдау» банктік өнімдері аясында коммуналдық тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды қолдау бойынша жеңілдіктер енгізілген болатын. Бұл банктің шарттық сомасы 15 млн. теңгеден аспайтын салымын тегін ашуға және ең төменгі мөлшерлемедегі тұрғын үй зайымдарын алуға мүмкіндік береді. Жаңа бастама жинақтау сатысында кезекте тұрғандарға қолжетімді бағамен баспана алуға жол ашады.

Облыстық банк филиалы басшысы бүгінде осы жеңілдікті түсінбейтін тұрғындар саны көптігіне қынжылды. Сондықтан тұрғындарды банк жеңілдіктерінен хабардар ету үшін облыс бойынша 9 кеңес беру орталығы ашылған. Олар Қапшағай қаласында, Іле ауданының Өтеген батыр кентінде, Панфилов ауданының Жаркент қаласында, Көксу ауданының Балпық би ауылында, Үшарал қаласы мен Достық стансысында, Алматы қаласындағы «Апорт» сауда орталығында және Талдықорған қаласында орналасқан. Алдағы уақытта осындай орталық Жамбыл ауданының Ұзынағаш және Райымбек ауданының Кеген ауылдарында ашылмақ. Осы орталықтар арқылы тұрғындар банктің салымшысы ретінде кеңес алып депозит аша алады. Несиені төлеу қызметтерін де атқарады.

Ғалымжан Дәулетжанұлының сөзінен кейін журналистер өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, нақты жауап алды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

ЖЕТІСУ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ

АЗЫҚ-ТҮЛІК МОЛ БОЛДЫ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Сенбі күні азық-түліктің бағасын тұрақтандыру мақсатында Талдықорған қаласындағы Қонаев көшесінің бойында орналасқан «Оптмаркет көтерме сауда үйінде» жәрмеңке ұйымдастырылды. Онда тиісті аудан, қалалардан келген ауылшаруашылығы тауарөндірушілері өздерінің өсіріп, өндіргендерін ешбір делдалсыз көпшіліктің көңілінен шығатындай етіп ұсынды.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Бағаны тұрақтандыруға атсалысып жүрген «Жетісу» әлеуметтік корпорациясы да бұдан қалыс қалған жоқ. Тағы сәріден басталған жәрмеңкеге халық біртіндеп жиналды. Қалалықтар әсіресе, бағасы төмен әрі табиғи таза, сапалы өнімдерге ерекше қызығушылық танытты. Олар іздегендерін тауып, таңдап алып жатты. Сатушылар да бар ынтаықыластарымен сапалы қызмет көрсетуге тырысты. Өз кезегінде тұрғындар осындай игілікті істі ұйымдастырған азаматтарға алғыстарын білдірді.

Сауда үйінде күнделікті тұтынуға қажет әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің небір түрі саудаланды. Сөрелерде бақша дақылдары мен көкөністер көп болды. Қатық, айран, кілегей сияқты сүт өнімдері мен дәрменге бай жеміс-жидектер де аз болған жоқ. Балдың да небір түрі саудаланды. Бал өзінің түр-түсі мен дәмінің бір-біріне ұқсамайтындығымен ерекшеленді.

Айтып өтейік, жұмыртқа 240-260 теңге, алма 230-300 теңге аралығында, бұрыш 850 теңге, пияз 50 теңге, қант 240 теңге, күріш 160 теңге, қарақұмық 300 теңге, картоп 85 теңге, қой еті 1100 теңге, қойдың сан еті 1200–1300 теңге, сиыр еті 1300–1400 теңге, Текелінің сүті 125 теңге, айраны 135 теңгеден сатылды. Асқабақ, қырыққабат, кияр мен қызанақ бәрі сұранысқа сай болды. Басқа да күнделікті тұтынуға қажет өнімдердің құны да қолжетімді бағада саудаланды.

Теміргүл МҰРАТБЕКОВА, ет сатушы:

– Өтенай ауылында тұрамын. Ет сату үшін келдім. Өзіміздің шаруашылығымыз бар. Жолдасым мал бордақылайды. Мен сол байланған малдың етін сатамын. Осының арқасында бала-шағаны асырап отырмыз. Базарға 200 келі сиыр, 20 келі қой етін әкелдік. Саудамыз ақырындап жүріп жатыр. Бұл жерге екінші рет келуім. Әзірге орын тегін. Өздеріңіз көріп тұрғандай, жабық жерде тұрып сауда жасаймыз. Бұл бізге өте қолайлы. Сондықтан мұндай шаралар жалғаса берсін демекпін.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 14 (18290)
Сенбі, 4 ақпан, 2017 жыл.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ӨҢІРДЕГІ ӨРКЕНДІ ІСТЕР НӘТИЖЕСІ

Елбасы Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ жұмысына жоғары баға берді

Жыл басында бәрі бейқам. Ал жыл соңында қаражатты оңды-солды шашу басталады. Той шаттығына шашылған тәттілер болса, қанеки. Миллиондаған мемлекет қаржысы – сіз бен біздің салығымыздан, инвестицияның игілігінен құйылған түсім жыл соңында игерілді деген қорытындының құрбаны болады. Әсіресе, қараша мен желтоқсан айларында министрліктер қаржы игеру үшін жанталасқа түседі. Мұндай жауапсыздықты кеше Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде айтып, ҚР Қаржы министрлігіне мемлекет қаржысын бақылауды күшейтуді тапсырды.



Жemicy
Қуаныш ТҰНҒАТАР

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев ашып берген отырыста Елбасы министрлер тарапына бірқатар сын-ескертпелер айтты.

Жиында Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов, Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгінов, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев баяндама жасады. Алматы облысының басшысы Амандық Баталов та баяндама жасап, өңірде атқарылып жатқан оңды істерді атап өтті.

Өңірде өткен жылы дамудың жоғары қарқыны сақталды. Атап айтсақ, мақсатты индикаторларға толығымен қол жетті. Жалпы өңірлік өнімнің 2 пайыздық өсімі қамтамасыз етілді. Өз баяндамасында облыс әкімі: «529 млрд. теңге инвестиция тартылды. Жергілікті бюджет түсімі 3,4 пайызға өсті. 25 мыңнан астам жұмыс орны ашылды, оның 5 мыңнан астамы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында құрылды. Осы бағдарлама бойынша 69 жобаны жүзеге асыруға бөлінген 38,4 млрд. теңге толық игерілді», – деп атап өтті.

Баяндамадан кейін Президент Нұрсұлтан Назарбаев Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың жұмысын жоғары бағалап, өзге әріптестеріне үлгі етті. «Жұмысың жақсы, оң баға беремін. Көп әріптестерің үйренетін жұмыс істеп жатырсың. Табысты бол», – деді Елбасы.

Кеңейтілген отырыс әдеттегідей Ақордада емес, Үкімет үйінде өтті. Жиында елдің 2016 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары қаралып, 2017 жылдағы мақсат-міндеттер айқындалды.

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Аудандық әкімдіктің үлкен мәжіліс залында Жолдауды арқау еткен алқалы жиын болып өтті. Келелі кеңесте аудан басшысы Ерғазы Қошанбеков баяндама жасады.

Маңызды құжаттың басым бағыттарын Жолдаудан нақты мысалдар келтіре отырып айтар ойын дәйектеген аудан басшысы атқарушы билікке жүктелетін міндеттерді айқындады. Айтары айқын Жолдауда басымдық берілген экономиканы жаппай цифрландыру, бизнеске батыл қолдау көрсету, салық саясаты, білім, денсаулық, саласындағы өміршең өзгерістер, ұлттық қауіпсіздік турасында сөз қозғаған әкім өз сөзін Елбасы айтқан маңызды мәселелерді іске асыруға ауданда толық мүмкіндік барлығын тілге тиек етті.

Баяндаманы талқылауға Алмалы ауылдық округінің әкімі А. Тұрғамбеков толағай табысымыздың кілтіне айналған көпұлтты қазақстандықтарды топтастырудағы Жолдаудың маңыздылығын атап өтсе, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ. Жанасбеков қариялардың жаңа бастамаларды жанжақты қолдайтындығын жеткізді. Бұдан кейін сөз алған №1 мектеп-гимназия директорының орынбасары Т. Станкеевич барлық саланы қамтыған Жолдаудың ұстаздар қауымына жүктеп отырған міндеттерін айқындаса, облыстық мәслихаттың депутаты Б. Құлахметова жиырма бірінші рет жол тартқан Жолдаудың маңызды тұстарын атап өтті.

П. ЖЕҢІСХАН.
Сарқан ауданы.





СҮЙІНШІ!

ҚАСИЕТТІ ЖҰМА КҮНІ XXVIII ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА ОЙЫНДАРЫНАН ЕЛ ҚОРЖЫНЫНА ТАҒЫ ДА ЕКІ АЛТЫН КЕЛДІ, АҒАЙЫН!

Саңлақтар СЕГІЗІНШІ АЛТЫНДЫ сыйлады

Жemicy
Ұлбосын ИСАБЕК

«Шымбұлақ» шаңғы базасында өтіп жатқан фристайл жарысының могул бағдарламасы бойынша күні кеше қос спортшымыз – Юлия Галышева мен Дмитрий Рейхерд АЛТЫННАН алқа тағып, Универсиада чемпионы атанған еді. Енді, міне, араға уақыт оздырмай жұптық могулдан сынға түскен саңлақ спортшыларымыз жүрісінен еш жаңылмай, жарқын жеңістерін қайталады. Ерен еңбектің нәтижесінде аталған спорт шеберлері қазақстандық құраманың қоржынын тағы да қос алтынмен толықтырды. Сөйтіп, алтын қыз Ю. Галышева мен самдағай спортшы Д. Рейхерд қазақстандық құрама қоржынындағы алтын медальдің санын 6-дан бірден 8-ге секіртті. Олай болса, жарқын жеңісіміз құтты болсын дейміз!

Ал бұл бағдарламада Павел Колмаков тағы да қоланы қанағат тұтты.

(11-бетке назар аударыңыз).

ӘДЕП

ТӘРТІПТІК ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛДЫ

Облыстық әкімдікте Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстағы Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтті. Кеңес төрағасы Серікбай Нұрғисаев жүргізген жиынның күн тәртібінде бес мәселе қаралды.

Жemicy
Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Н. Құдайбердиевке, басшының орынбасары Х. Баиловқа, №1 мемлекеттік сектордың аудит бөлімінің басшысы Қ. Шалғымбаевқа, бас мамандары Б. Молдабековке, С. Исмаиловқа, Н. Айдабұловқа және мемлекеттік сатып алудың аудит бөлімінің бас мамандары И. Акишевке, Е. Байғалыққа, А. Мадияровқа, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің басшысы Г. Ұзақоваға, бас маманы Ж. Шаймерденовке, квазимемлекеттік сектордың аудит бөлімінің басшысы Ж. Үсенбаевқа қатысты істің сотта қаралып жатқандығына байланысты күн тәртібіне қойылған бірінші мәселе кейінгі отырысқа қалдырылды.

Екінші мәселе бойынша Қапшағай қаласы әкімі аппаратының басшысы Ғ. Әбдішүкіровқа және Қапшағай қаласы әкімі аппаратының жалпы бөлімінің бас маманы А. Ерланға қатысты тәртіптік іс қаралды.

Қапшағай қаласы әкімі аппаратының жалпы бөлімінің бас маманы Айзада Ерлан қызмет алушылардың құжатын қабылдау кезінде қажетті үш құжаттан бөлек алты, барлығы тоғыз құжат сұратып, өтінішке қосымша ретінде қабылдаған. Қапшағай қаласы әкімі аппаратының басшысы Ғ. Әбдішүкіровтың өзі басқарып отырған мекеменің жұмысына қажетті бақылау жасамағанынан және өздерінің қызметтік міндеттерін сапасыз орындауынан Мемлекеттік стандарт талаптарының сақталмауы орын алған. Сондықтан кеңес отырысында Ғ. Әбдішүкіровқа мен А. Ерланға сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылсын деген шешім шығарылды.

Үшінші мәселеде Үйғыр ауданының әкімі А. Тохтасуновқа, Үйғыр ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы Ф. Амирдиновқа, Үйғыр ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің бөлім басшысы міндетін атқарушы Ш. Бабахановқа қатысты тәртіптік істер қаралды.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет стандартымен бекітілген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда қызмет беруші оның өтінішін қабылдаудан бас тартуы қажет. Алайда, Ф. Амирдинов қызмет алушының құжаттар топтамасын толық ұсынбағандығына қарамастан өтінішті қабылдаған. Сондай-ақ, Ф. Амирдиновқа қатысты қызметтік тексеру жүргізу барысында, Үйғыр ауданы әкімі аппаратының 2016 жылы 22 желтоқсанда ұсынған мәліметіне сәйкес, Ф. Амирдиновтың алынбаған үш тәртіптік жазасы бар екендігі анықталған.

Кеңесте Үйғыр ауданының әкімі А. Тохтасуновқа қатысты тәртіптік іс-әрекетінде тәртіптік теріс қылықтардың белгілері болмауына байланысты тоқтатылды. Сондай-ақ, Үйғыр ауданының әкімі А. Тохтасуновқа, Үйғыр ауданының жер қатынастары бөлімінің басшысы Ф. Амирдиновқа және Үйғыр ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің бөлім басшысы міндетін атқарушы Ш. Бабахановқа шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетіп, ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 2-бабы 1-тармақшасы мен 4-тармақшасын сақтамағандары үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза ұсынылды.

Күн тәртібіндегі тәртінші мәселе Іле ауданында «ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарын орындау мәселесіне арналды.

2016 жылдың соңында Іле ауданы әкімінің аппараты жоғарыда аталған жоспардың орындалуы бойынша ешбір есептік ақпарат ұсынбаған. Сонымен қатар Іле ауданының әкімдігі облыс әкімдігі аппараты және департамент тарапынан осы жоспардың орындалуы бойынша атқарылып жатқан жұмыс жөнінде бірнеше рет жазбаша және ауызша жолданған сұрауларға бірде-бір жауап қайтармаған. Ауылдық округтерде сенім телефондары істемейді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыс тобы құрылмаған.


Іле ауданының әкімі Қ. Медеуовке сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың нашар жүргізілуіне байланысты аудан әкімдігінің 2016 жылдың 1 қарашадағы 450-ші Қаулысымен бекітілген ҚР Жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарын орындау бойынша жұмыстарды күшейту, қызметтік тәртіпті нығайту мақсатында өзіне жүктелген міндеттерді тиісті орындалмағаны үшін Іле ауданы әкімінің орынбасары Д. Жүнісовтің жауапкершілігін қарау тапсырылды.

Күн тәртібіндегі соңғы қаралған мәселе Ескелді ауданы ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Н. Керикбаевтан Әдеп жөніндегі кеңес ұсынымы бойынша қолданылған тәртіптік жазасын мерзімінен бұрын алу туралы болды. Алайда бұл ұсынымды кеңес мүшелері дауысқа салып, ол өзгеріссіз қалдырылды.

Құрметті талдықорғандықтар және қала қонақтары!

Азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында әр аптаның сенбісінде облыстың тауар өндірушілерінің қатысуымен ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қонаев көшесі, 4, «ОптМаркет» алаңында, басталуы сағат 8.00-де.



ЕЛ ЕРТЕҢІ

ЛАУАЗЫМҒА ЛАЙЫҚТЫЛАР АНЫҚТАЛАДЫ

3-бет



ЖАН ЖЫЛУЫ

ЖҮРЕЙІК ЖҮРЕК АУЫРТПАЙ...

4-бет



СӨЗДІҢ МӘНІ

«КЕМПІР» деп кімді айтамыз?

5-бет



РУХАНИЯТ

ЖҮРЕКТЕГІ ЖАЗУЛАР

9-бет



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

СУБСИДИЯНЫҢ ДА сұрауы бар

Тіл сарайында өткен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында облыс әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» №29 қаулысына өзгерістер енгізу туралы», «Тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы» және улы химикаттарды өндіру, оларды өткізу, тыңайтқыштар құнын субсидиялау жөніндегі жобасы жариялы түрде талқыға салынды.

Жemicy
Еңлік КЕНЕБАЕВА

Аталған жоба туралы толық ақпаратты облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Сексембай Бекішов өз баяндамасында айтып өтті. Басқарма басшысы бірінші кезекте биылдан бастап мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға арналған субсидиялардың қысқаратынын айтты. Бұл туралы ҚР Ауылшаруашылық министрі Асқар Мырзахметов облыстың ауылшаруашылық саласы мамандарымен болған есептік кездесуде мәлім еткен болатын.

Сексембай Бекішов өткен жылдың қорытындысы бойынша субсидияның 100 пайызға толық орындалғанын айтып, 2017 жылы мал басының көбеюінен шаруаларға бөлінетін қаражат көлемінің аздық ететінін жеткізді. Бірақ Сексембай Төлеубекұлы бұдан ауылшаруашылық саласының нәтижесі төмендемейтінін тілге тиек етіп, министрдің: «Босатылған қаражат инвестициялық субсидияларға, бизнес қауымдастықтарының ғылыми ұйымдар қызметіне арналған шығындарын субсидиялауға, ауылшаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу сияқты неғұрлым тиімді субсидия түрлеріне, сондайақ, фитосанитариялық және ветеринариялық қызметтерді күшейтуге бағытталатын болады», – деген сөзін алға тартты.

Ауылшаруашылық саласында еңбек еткендер жыл басынан бері облысқа өздерінің жұмыс жоспарлары мен қажетті субсидия көлемін алу жөніндегі барлық құжатын тапсырған. Тек Ақсу, Панфилов, Еңбекшіқазақ аудандары ғана көштің соңында жүр. Бұл аудандар жыл сайынғы жүйесіз жұмыстары үшін ескертпе естіп, нәтижесінде, ауылшаруашылық бөлімдерінің басшылары ауысқан. Осындай кемшіліктерін атап өткен басқарма басшысы «Агробизнес – 2020» бағдарламасы аясында 2017 жылға құрылған жоспарымен бөлісті. Ал кеңес мүшелері жыл басында берілген өтінішке ақша бөлініп, одан кейін қаражаттың жетіспей жататынын алға тартты. Қойылған сұрақтарға жауап берген баяндамашы республикамен салыстырғанда ауылшаруашылық саласы жоғары көрсеткішке жетіп отырғанын айтты.

Жиынға қатысушылар қант қызылшасын егушілердің шығынға белшеден батып, әлі күнге дейін өздеріне тиесілі ақшасын ала алмай жүргені туралы мәселені ортаға салды. Расымен де, бұл оқиға еңбеккерлерді біраз шығынға батырды. Қаншама гектарға егілген тәтті түбір жер астында қалып қойды. Күндіз-түні Көксу қант зауытының алдында ұзын-сонар кезек болды. Енді олардың биылғы маусымға дайындықтары қандай деңгейде? Қаражаттары жете ме? Бұл сауалдарға жа-уап берген Сексенбай Бекішов зауытқа 241 мың тонна қант қызылшасы қабылданғанын айтты.

– Жоспар бұл көрсеткіштен де көп болар еді. Бірақ шаруа иелері жиырма күнге кешікті. Оларға біз ертерек өнімді жинау керектігін айттық. Біраз күн уақыт өткізгендіктен өнім далада қалып қойды. Енді келер жылы Ақсу қант зауытын іске қоссақ, мұндай олқылықтар орын алмайтын болады. Өздеріне тиесілі қаражатты да алады. Бұл мәселе біздің басты назарымызда. Облыстағы ауылшаруашылық саласының үлкен жетістіктерге жетуі жолында аянып қалмаймыз, – деді ол өз сөзінде.

Қоғамдық кеңес соңында облыс әкімдігінің «Алматы облысы атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру қағидаларын бекіту және оның сипаттамасы туралы», облыстық мәслихаттың «Алматы облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы» шешімінің жобасы қаралып, келесі басқосуға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

АСТАНА. ЭКСПО – 2017

МАЛАЙЗИЯ премьер-министрі қатысады

«Астана. ЭКСПО –2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан ЕСІМОВ Малайзияның Ұлттық секция комиссары доктор Зайни Бин Уджангпен кездесті.

Жemicy
Қажет АНДАС

«Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ хабарлағандай, кездесу барысында ЭКСПО – 2017 көрмесіне дайындық барысы, техникалық мәселелер талқыланды. Ұлттық компания басшысы бүгінгі таңда халықаралық, тақырыптық павильондарының құрылысы аяқталып, көрме қатысушыларына павильондарды табыстау әрі оларды мазмұндық толтыру процестерінің белсенді жүргізіліп жатқандығын айтты. Енді павильондарды экспозициялармен толықтыру қажет.

Өз тарапынан доктор Зайни Бин Уджанг ұсынылған павильон мен ірі халықаралық шараға қатысуға мүмкіндік берілгені үшін алғыс білдірді:

– Біздің көрмеге қатысуымыз тек ұлттық павильонның жұмысымен аяқталғанын қаламаймыз. ЭКСПО – 2017 аясында үш мың мәдени және тақырыптық шара өтеді. Біздің секцияның міндеті – конференция, «дөңгелек үстел» мен форумдар жұмысына өз үлесімізді қосу, – деді малайзиялық павильонның комиссары.

Сондай-ақ, Бин Уджанг ЭКСПО – 2017-ні өткізу кезінде Астанаға Малайзияның премьер-министрі Наджиб Тун Разактың келетінін жеткізді.

Кездесу қорытындысында Ахметжан Есімов малайзиялық тарапқа ЭКСПО – 2017 көрмесіне қатысуда жәрдем көрсетілетінін айтты. Содан кейін Малайзия павильонын тапсыру бойынша құжаттарға қол қойды.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№15 (18291)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 7 ақпан, 2017 жыл.

КӘСІБІ — НӘСІБІ

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ ТИІМДІ

Өзен жағалағанның өзегі талмайтыны ақиқат. Бүгінде Қаратал өзенінің бойында орналасқан Қаратал ауданы мал шаруашылығына ден қойған аймақ. Нәтижесінде өңірде 936 шаруа қожалығы тіркеліп, шаруалар тіршілігінің жаңа бір серпілісі байқалуда. Ал өз кезегінде бұл мүмкіндік аудан орталығында орын тепкен «Үштөбе – Айдын» ЖШС-нің сүт және сүт тағамдарын өндіру жұмысының жандануына өз септігін тигізуде.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Қазірде кәсіпорын тәулігіне 15 тонна дайын өнім шығарады. Әзірге мұнда сүт тағамдарының ірімшік, қаймақ, айран, май сынды оннан аса түрі дайындалады. Зауыт елде алғашқылардың бірі болып «Ақылды тағамдар» өндірісін, яғни йодталған белок пен құнарланған сүт өнімінің өндірісін жолға қойды. Бүгінде аталған өнімдерді қарапайым тұрғындардан бөлек, білім беру және медицина саласының нысандары тұтынуда.

Бұрындары мұнда сүтті Қаратал, Ақсу, Көксу аудандары тұрғындарынан сатып алып өңдейтіндіктен сақтау мәселесінде қиындықтар туындаған. Осы себепті де аталған өңірлерден жиналған шикізатты бірқалыпты температурада сақтау үшін 2015 жылы «Даму Өндіріс II» мемлекеттік бағдарламасы аясында 21,0 млн. теңгеге несие алып, қабылдау орындарына сүтті салқындатуға арналған 1 және 2 тонналық 25 қондырғы сатып алынған. Осылайша зауыт өндірісті кеңейтіп қана қоймай, жабдықты да жаңғыртып үлгерген.

Серіктестік директоры Сейілхан Базархановтың айтуынша, Елбасы Н. Назарбаевтың жаңа Жолдауының мәні зор. Бүгінгідей бәсекеге қабілеттілік сынға түсетін заманда кәсіпорын ең алдымен өз өнімдерінің сапасына және бағасының қолжетімділігіне баса назар аударуы керек. Ол үшін саяси құжаттағы бірінші, екінші басымдықтардың, яғни, экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы мен бизнес ортаны түбегейлі жақсару және кеңейту мақсатындағы қадамдардың мүмкіндігі мол болмақ.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Жолдауында: «біздің стратегиялық мақсатымыздың бірі – елдің ішкі жалпы өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесі 2050 жылға қарай кем дегенде 50% болуын қамтамасыз ету» деген болатын. Осы орайда бұл мақсаттың өңірлік жерлерде жүзеге асуына біз де өз үлесімізді қосқымыз, әрі Жолдауды бірауыздан қолдайтынымызды жеткізгіміз келеді, – дейді Сейілхан Базарханұлы.

Өз үлесі демекші, мемлекеттік қолдаулар арқасында керегесін кеңейте түскен компания келешекте Ақсу ауданының Қапал ауылында шағын сүт зауытын ашуды да жоспарлаған.

Қаратал ауданы.





Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫ

«Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, барлық азаматтың құқығы мен бостандығы тең, сол себепті мүмкіндігі шектеулі жандарды да назардан тыс қалдырмау басты міндет болып табылады. Осы мақсатпен ұйымдастырылған бұл шараға Текелі қалалық жұмыспен қамту орталығы басшысы Кәмшат Жантекеева мен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмыспен қамту секторының меңгерушісі Ақтолқын Ысқақова атсалысты. Ал жұмыс берушілер тарапынан білім бөлімі мен Текелі қалалық ауруханасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны өкілдері қатысты. Игі іс-шараның нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі 8 тұрғынның үшеуі жастар тәжірибесі бағдарламасы арқылы еңбек етуге кіріссе, тағы үшеуі қоғамдық жұмысқа жіберілді. Ал қалған екі азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Ш. ХАМИТҰЛЫ.
Текелі қаласы.

«Жетісу» ақпарат

«СҰРАСАҢ БІЗДІҢ АУЫЛ — ТОҒЫЗБҰЛАҚ...»

Ел мен жердің атын шығарар ұлдары барда қазақтың сайын даласы ұлттық құндылығын, кісілік келбетін, адамдық қасиетін жоғалтпайды. Ондай асыл текті ұландар әрбір ауылдан, әрбір елді мекеннен табылады. Сондай жанның бірі — қазақтың ән өнерін өзіндік биік деңгейге көтерген, ағартушылық қызметі үшін сталиндік репрессияға ілінген Қапез Байғабылұлы.

Қызыл империяның қылышынан қан тамған кезеңінде итжеккенге айдалып, Коми АКСР-нің Ухта қаласында қылшылдаған 43 жасында атылған ақынның артында бірнеше әні мен өлеңі қалған. Былтыр туғанына 120 жыл толған Қапез салдың есімін ұрпақ жадында жаңғырту мақсатында Райымбек ауданы, Тоғызбұлақ ауылындағы мәдениет үйінде «Өзіңмен сырласады ұрпақтарың» атты еске алу кеші өтті. Таулы өңірдегі барлық ауылдық округтердің әкімдіктері мен мектептерінен шақырылған қонақтар Қапез Байғабылұлының өміріне, шығармашылығына қатысты деректермен танысып, ақын, композитордың ұрпағы, қызы Шөке апаның естеліктерін тыңдады. Мәдениет қызметкерлеріне арналған семинар кездесуде Тоғызбұлақ ауылының өнерпаздары ақын аталары Қапез сал Байғабылұлының әндерін орындап, кештің көркін қыздыра түсті.

Жастайынан Түркияның Стамбул қаласында діни медреседе білім алып, елінің рухани байлығын дамытуға үлес қосқан қайраткердің әндерін белгілі әншілер Рамазан Стамғазиев пен Тілеулес Құрманғалиев орындап, шығармашылығын белгілі өнер зерттеушілері Сағатбек Медеубекұлы мен Бақытжан Қосбармақов зерттеп жүргені белгілі. Аудандық семинарға қатысушылар осындай мәліметтермен танысып, Қапез Байғабылұлының есімі берілген мектеп ұстаздары ұйымдастырған көрмені тамашалады. Көрмеде мектеп оқушылары салған суреттер бар.

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Азаматтарды тұрақты және уақытша тіркеуге қатысты заңға өзгерістер енгелі бері республикамыздың түкпір-түкпірінде тіркелуге асыққан халықтың қарасы көбейді. Бұл, ең алдымен, Халыққа қызмет көрсету орталығына салмақ салып, жауапты жұмыс жүктеуде.

Кербұлақ аудандық халыққа қызмет көрсету орталығына да тың атысымен әртүрлі мәселе бойынша тұрғындар көптеп келді. Электронды кезек қызмет көрсету уақытын жылдамдатып, мамандардың жұмысын едәуір жеңілдетуде. 215 қызмет көрсететін бұл орталыққа жыл басынан бері 500 азамат тіркеуге тұрған. 249 тұрғын тұрақты тіркелсе, 282 адам жеке куәлік алды. Сапалы көрсетілген қызметке халық та алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдіріп жатты. Жұртқа уақытпен санаспай үлгілі қызмет көрсететін орталық туралы ақпаратқа аз-кем тоқталуды жөн санап отырмыз.

Кербұлақ аудандық «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК бөлімі өзінің қызметін 2008 жылдың қаңтар айында Кербұлақ ауданының Әділет басқармасы орналасқан ғимаратта бастаған. Ал 2008 жылдың желтоқсан айынан бастап Момышұлы көшесінде бой көтерген жаңа ғимаратқа орын ауыстырып, ресми түрде ашылды. Халыққа қызмет көрсету орталығын жаңа ғимаратқа көшіру халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын арттыруға мүмкіндік жасады.

Жоғары және арнаулы орта білімді қызметкерлер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс жасауда. Электронды үкімет арқылы да тұрғындар өздеріне қажетті қызметті оңтайлы пайдалануда.

ЗАҢ ТАЛАБЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаменті «Бағалы металдар және асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын және олардан жасалған зергерлік бұйымдарды сату мен өткізу мәселелерін түсіндіру мақсатында «дөңгелек үстел» өткізді.

Оған «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» акционерлік қоғамы «Сынама палата» филиалы мен өңірдегі аталған бұйымдарды өндірумен айналысатын кәсіпорындардың өкілдері қатысты. Жиынды аталған департамент басшысының міндетін атқарушы Әбсамат Әкімов ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Шара өткен жылдың 17 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасында таңбасыз «Барыстың басы» бейнеленген және «KZ» аббревиатурасыз бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сатуға тыйым салынғандығын хабардар ету мақсатында ұйымдастырылды.

Басқосуда осы бұйымдар саласында енгізілетін өзгерістер мен оларды сараптамадан өткізу жайы сөз болды. Айта кетейік, егер бағалы металдар мен асыл тастар таңбасыз, именниксіз болса, заңсыз бұйымдардың сатылып жатқандығының белгісі саналады. Жиында бұл жайында жан-жақты айтылып, заңсыздықтың алдын алу жолдары түсіндірілді.

Сондай-ақ, жоғарыда аталған Заң талаптары бұзылған жағдайда ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 109-1 бабына сәйкес, таңбасыз және именниксіз сатып жатқан зергерлік кәсіпорындарға 50-150 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл, ал егер аталған заттарды заңсыз кіргізу және шығару жағдайлары анықталса, 30-1000 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл қарастырылғаны айтылды. Осыған байланысты қойылған сұрақтарға жауап берді.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Астана төрінде өтетін халықаралық көрмеге жетісулықтар да жүйелі дайындық жасауда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арқау Шантаев айтып берді.

ӨҢІР ДАЙЫНДЫҒЫ ӨЗГЕШЕ

Жетісу
Қажет АНДАС

Оның айтуынша, Жетісу жеріне келетін көрме қонақтарының өлкеміздің бай табиғаты мен фаунасын емін-еркін тамашалауы үшін «Алтын емел», «Іле Алатауы», «Көлсай көлдері», «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық парктері аумағына туристік бағыттар әзірленген. Айта кетерлігі, бұл бағыттар Жамбыл ауданындағы «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық музейі арқылы өтеді. Бұл жұмыстарды облысымыздағы танымал турфирмалар атқарады деп күтілуде.

Айта кетерлігі, 2015 жылы «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ-ның төрағасы Ахметжан Есімов облысқа сапары шеңберінде «Asia Discvery» және «Жібек жолы» туристік компанияларымен ынтымақтастық келісімшартына қол қойған болатын. Сол мақсатпен өткен жылы Талғар ауданындағы «Ақбұлақ» спорттық-сауықтыру кешеніне орналастыру нысанларының топ менеджерлерімен тренинг ұйымдастырылыпты. Шара аясында елімізге танымал туристік сарапшылар туристік өнімді нарыққа бейімдеу, туристік қызметтерді әзірлеу, туризм индустриясын дамытудың практикалық тәсілдері туралы ойларымен бөліскен. Сондай-ақ, Қапшағай қаласындағы «Viktoria – hotel & SPA» қонақүйі базасында «ЭКСПО – 2017» көрмесіне дайындық шеңберіндегі әлеуметтік туризмнің дамуы» тақырыбында семинар өтіпті. Шара аясында көрмеге дайындық бойынша басты жұмыстарды анықтау, әлеуметтік туризмнің дамуына жағдай жасау, мүмкіндігі шектеулі адамдарға туристік нысандардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы мәселелер қарастырылған.

Бұл қатарда облыстық туризм басқармасы «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ-мен бірлесіп, көрмеге дайындық шеңберінде шетелдік туристік операторлармен де тығыз байланыста болып, ақпараттық тур ұйымдастырып келеді. Мұндай шараға осыған дейін Біріккен Араб Әмірлігі, Швеция, Сингапур, Гонконг, Грекия, Ресей, Украина, Латвия, Өзбекстан мемлекеттерінен 30-дан астам өкіл қатысқан. Ақпараттық тур аясында шетелдіктер «Бесшатыр» сақ қорғандарының обаларын, «Әнші құм» «Әулиеағаш» туристік нысандары мен Шарын шатқалын тамашалап қайтқан. Олар өз кезегінде өлкеміздің тамаша жерлерін өз елдерінде насихаттап, Жетісу жерін таныстырып жүр.

Ақпараттық турдан бөлек, облыстық басқарманың бастамасымен көрмеге қатысты туристік-сауықтыру каталогтары, жолсілтемелер әзірленген. Аудан орталықтары мен қалаларда, республикалық және облыстық маңызы бар жол бойына көрме логотипі бар туристік нысандардың жарнамалық баннерлері орналастырылған. Сонымен қатар, биыл туристік бағыттарды тестілеу өтпекші. Осы арқылы олардың дайындығы пысықталады. Тіпті осы жылдың маусым айында, яғни көрме қарсаңында шетелдік туристік компаниялармен тағы да бір рет ақпараттық тур өткізу жоспарланып отыр.

Елбасы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында әрбір өңірлік іс-әрекеттер саласына сандық технологияны енгізу керектігін тапсырды. Осыған орай, облыстық туризм басқармасының туристік ақпараттық интернет-порталы құрылды. Алдағы уақытта QR кодтау технологиясын қолданып, туристік навигация жүйесін енгізу жоспарлануда. Демек, көрмеге келген қонақтар осы жүйе арқылы облысымыздағы 900-ден астам туристік нысан туралы нақты ақпарат алады.

БРИФИНГ

Бірлескен іс жемісті болмақ

Саяси партиялар және үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік органдармен берік байланысын қалыптастыру және олардың қоғамдағы демократияландыру бағытындағы мүмкіндіктерін пайдалану. Міне, Журналистер үйінде өткен алқалы жиында облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар осы тақырыпты тарқатты.

– Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған алғашқы күннен бастап еліміздегі маңызды қоғамдық өзгерістерге үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялардың тікелей қатысуына, осы сектордың ілгері дамуына жол ашып берді. Бүгінде облыстағы саяси партиялар және үкіметтік емес ұйымдар халықпен жұмыс жүргізуде маңызды рөл атқаруда. Олар әлеуметтік қамсыздандыруға, тұрмысы нашар жандарға көмек көрсетуге, жеткіншектердің тәрбиесі мен білім алуына, мәдениеттің өрлеуіне өз ықпалын тигізуде, – деді Жақсылық Мұқашұлы.

Қазіргі таңда облыс бойынша 354 үкіметтік емес ұйым, 67 жастар ұйымы, 6 саяси партияның облыстық филиалдары жұмыс істейді. Олар ауыл, аудан, қала деп бөліп-жармай қандай мәселе, қай жақта орын алса да көмек келгенше қол ұшын беруге асығады. Үкіметтік емес ұйымдарды басқарып отырған басшылардың тынымсыз еңбегінің нәтижесін бүгінгі таңда кез-келген адам көріп келеді десек, артық айтқандық болмас.

Саяси партиялар мен ҮЕҰ-дар жетекшілерімен өткен жүздесуде Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы да кеңінен талқыланып, әлеуметтің әлеуеті төңірегінде, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты шешімін күткен қадау-қадау мәселелер қозғалып, тілек, ұсыныстар тыңдалды. Көпшілік Елбасы Жолдауын аудан-ауылдарға шығып түсіндіру кезінде ондағы көрсетілген әр басымдықты елге, қалың бұқараға ұғынықты болатын қарапайым тілмен түсіндіру керектігін айтты. Сонда ғана бұқара халық Жолдауда нендей мәселе айтылғанынан хабардар болады. Барлық пікір «елге, көпке жақын жүрейік», деген тілекпен тоғысып жатты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

МЕМОРАНДУМ

ҚАМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАЛМАУЫ ТИІС

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы мен мекемелер арасында партиялық жобаларды өзара бірлесіп жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойылды.

Жетісу
Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Басқосуға мемлекеттік мекеме, кәсіпорын және жоғары, арнаулы орта оқу орындарының басшылары, «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшелері қатысты. Партиялық жобаны жүзеге асыру бағытында балалар үйінің тәрбиеленушілері мен түлектерін әлеуметтік бейімдеу шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шаралар легі жоспарланған.

Бірінші, ЖОО мен ТжКБ ұйымдарын бітірген балалар үйінің түлектерімен, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалған балалармен кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру, одан әрі оларды жұмыспен қамту үшін мемлекеттік органдар мен бизнес құрылымдарын жұмылдыру мақсатында жұмыс беруші, жергілікті органдар және партия филиалдары арасында меморандум жасау.

Екінші, осындай меморандумдар негізінде ЖОО мен ТжКБ ұйымдарын бітірген балаларға жеке тәлімгер бекітіп, кәсіпорындарда тағылымдама ұйымдастыру.

Үшінші, кәсіпорындарда және аймақтағы ірі ұйымдарда балалар үйінің тәрбиеленушілері және жетім балалар мен ата-ананың қарауынсыз қалған балалар үшін кәсіптік бағдар беруге бағытталған экскурсияларды өткізу.

Төртінші, өмірлік қиын жағдайға түскен отбасылар мен балалардың проблемалық мәселелерін шешуге бағытталған жұмысқа жұртшылықты тарту. Себебі, қазақстандық кез келген бала қандай жағдай болмасын өз елінде қамқорлықсыз қалмауы керек.

– Міне, бүгін осы жобада көрсетілген бағыттарды жүзеге асыру мақсатында «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалымен өзара бірлесіп, «Бақытты отбасы – бақытты балалық шақ» партиялық жобасын жүзеге асыру туралы меморандумына қол қою рәсіміне шақырдық. Ондағы біздің мақсат – балаларға қамқорлық таныту, қолдап-демеу дәстүрлерін жалғау, жас ұрпақ бойында еңбексүйгіштік пен білімге деген құштарлық қалыптастыру, – деді өз сөзінде «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев.

Жиында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қаныбек Айтжанов, облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Бақтияр Жақсыгелдинов, «Ажар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Баян Ержанова сынды бірқатар азаматтар өз пікірлерін ортаға салып, бұл игі бастаманың нәтижелі болатындығына сенім білдірді.

Құрметті талдықорғандықтар және қала қонақтары!

Азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында әр аптаның сенбісінде облыстың тауар өндірушілерінің қатысуымен ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

Мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қонаев көшесі, 4, «ОптМаркет» алаңында, басталуы сағат 8.00-де.



Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Атқарылған іс АУҚЫМДЫ

Ақсу ауданы әкімінің есеп беру жиынына арнайы қатысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ аудан жетістігін көрсететін көрмемен танысып, ақсулықтардың қол жеткізген табысын жоғары бағалады. Ал жиналысты Ақсу аудандық мәслихаттың хатшысы Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ жүргізіп, алғашқы сөз кезегін Ақсу ауданының әкімі Әділбек ДАЛБАҒАЕВҚА берді.



Жетісу
Қажет АНДАС

Әкім баяндамасынан білгеніміздей, өткен жылы ауданда атқарылған жұмыс ауқымды. Яғни, ауданда жыл сайын егіс көлемі ұлғайып, өнім түсімі көбейген. Нақтылап айтар болсақ, өткен жылы ауданда ауылшаруашылық саласы бойынша 20 млрд. 396 млн. 800 мың. теңгенің өнімі өндіріліп, 2015 жылмен салыстырғанда 102,0 пайыз артқан. Егін шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу, жеке қаражат пен лизинг әдістерін пайдалана отырып, жаңа техникалар сатып алу қарқын алыпты.

Қазіргі күнде қант қызылшасын өсіретіндердің саны артқан. Өткен жылы 1552 гектарға қант қызылшасы себіліп, оның 1021,5 гектары жиналды. Нәтижесінде 30670 тонна өнім зауытқа өткізілген. Гектар өнімділігі 294 центнерден айналды. Әсіресе, суармалы жерлердің әлеуетін көтеру мақсатында «Қазсушар» мемлекеттік мекемесіне 98 канал өткізіліп, биыл «Ислам даму банкі» арқылы пилоттық жоба ретінде 5 млрд. теңгеден астам қаржыға 745 шақырым канал жөнделеді деп күтілуде.

Мал шаруашылығының әлеуетін арттыруға бағытталған «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламаларына тиісті қаржы бөлініп, жоспардағы жұмыс сәтті орындалғанымен «Ырыс» бағдарламасы межеге жетпей қалды. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды ширату үшін ет, сүт өндіру бағытындағы ірі ауылшаруашылық кооперативін құру ісі қолға алынуда.

Өткен жылы аудандағы бос жатқан жерлерге тексеріс жұмыстары жүргізіліп, 3206 гектар жердің игерілмегені анықталған. Есесіне ауданның өнеркәсіп саласы бойынша 4 млрд. 300 млн. теңгенің өнімі өндіріліпті. Жоспардағы 2 кәсіпорын іске қосылып, 28 млн. теңге инвестиция тартылған. Өндірістік алаң ашу және шағын және орта бизнесті дамытуға күш салынды. Бүгінде Қызылағаш ауылынан 20, аудан орталығынан 50 гектар жер телімі бөлініп, инвестиция тартылып, жұмыс қыза түскен. Жалпы, өткен жылы ауданға 1 млрд. 981 млн. теңге инвестиция тартылған. Биыл «Жетісу-Гранит» ЖШС-нің Арасан ауылындағы гранит өндіру зауытын салу жоспары 2015 – 2019 жылдардағы «Индустриялды-инновациялық даму» бағдарламасына енгізілмек. Сондай-ақ, Суықсай ауылындағы «Гүлзада» тұшпара өндіру зауыты және «Нүсіпов» ағаш өңдеу цехы іске қосылады деп күтілуде. Өкінішке қарай, өңірдің туризм саласы ақсап тұр.

Өңірде «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламасы, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жақсы жетістіктер тіркелген. Аудандағы діни ахуал орнықты. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширату мақсатында қомақты қаржы бөлініп, тың жобалар жүзеге асырылған. Ауданның экономикалық әлеуеті артқан сайын тұрғындардың өмір сүру деңгейі де арта түскен. Айталық, өткен жылы аудандағы шағын және орта бизнеспен айналысатындар саны 3224-ке жетіп, 8398 адам жұмыспен қамтылған. Жансүгіров ауылындағы Әуезов көшесіне орналасқан екіқабатты 20, Желтоқсан көшесінде орналасқан үш қабатты, 30 пәтерлі екі үй күрделі жөндеуден өтіп, үй кезегінде тұрған мұқтаж жандарға берілген. Аудан орталығының шығыс бөлігінде орналасқан он қызметтік пәтер иелеріне табысталған. Сол қатарда дәрігерлерге үш пәтер беріліп, денсаулық сақтау саласына жасалған қамқорлық күшейген. Аудан бойынша 49 ауылдың 36-сы ауызсу жүйесіне орталықтандырылған. Бұл да шалғайдағы ауыл тұрғындарын таза ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жетісу өңіріне сапары барысында әр деңгейдегі әкімдердің атқарған жұмысының халықтың берген бағасымен өлшенетінін де айтқан болатын. Осы тұрғыдан келгенде ақсулықтар Елбасы мен облыс басшыларының тапсырмасын толығымен орындап, жоғары көрсеткіштерге жеткен. Бұл туралы жарыссөзге шыққан Қапал ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Әлмұхамбет Елесбаев, Матай орта мектебінің директоры Зәмзәгүл Тлеубекова, Ақсу ауданы жастар ресурстары орталығының жетекшісі Мейіржан Молдағалиев, «Бәйтерек» сервистік дайындау орталығының директоры, «Қылышбаев» шаруа қожалығының басшысы Жахан Қылышбаев жеткізіп, аудан әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Жарыссөзге шыққандардың ұсыныс-пікірін мұқият тыңдаған Лаззат Махатұлы облыстың өткен жылғы жетістіктерін саралай келіп, оған қосқан ақсулықтардың үлесін де тілге тиек етті. Сондай-ақ, орын алған кемшіліктерді де жасырып қалмады. Ақсулықтардың өткен жылы қант қызылшасын өндіру жоспарын орындамағанын айтқан Лаззат Махатұлы биыл олқылықтың орнын толтырып, ерінбей еңбек ету қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, ауданда «Үдемелі индустриялды-инновациялық даму» бағдарламасы бойынша атап өтетіндей жұмыстың жоқтығы, шағын бизнестен бюджетке түскен салық көлемінің аздығы, өндіру өнеркәсібіне инвесторлардың тартылмағанын да сөз етті.

Жиналыстың соңында Лаззат Тұрлашов ауданның экономикалық әлеуетін көтеру үшін аудан әкіміне бірқатар тапсырма жүктеді. Сонымен қатар, өңірді дамыту, тұрғындардың тұрмысын жақсартуға қатысты қандай да бір жаңа бастамалар болса, облыс тарапынан қолдау болатынын да білдірді.

Ақсу ауданы.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ



ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ БАҒА

Алматының іргесінде орналасқан Қарасай ауданы – өсуі мен өркендеуі қатар жүретін, руханияты мен экономикасы дамыған, тарихи орны ерекше киелі өлке. Замана көшіне жүк артып, Мәңгілік Елге айналу жолында қажырлы еңбек етіп келе жатқан өлке жұртшылығы болашағына сеніммен қарайды. Бұған аудан әкімі Махаббат БИГЕЛДИЕВТІҢ «2016 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және 2017 жылға арналған міндеттері» атты баяндамасы дәлел. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік СЕЙДУМАНОВ пен облыс әкімінің орынбасары Серік ТҰРДАЛИЕВ арнайы қатысқан есептік жиында былтыр 49 есепті кездесу өткізілгенін, халықтан 46 ұсыныс пен ескерту түскендігін, ұсыныстардың толық орындалғанын жеткізген аудан әкімі алдымен есепті мерзім ішінде атқарылған шараларға кеңінен тоқталып өтті.

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Баяндамашы келтірген мәліметтерге қарағанда былтыр өнеркәсіп өндірісінің көлемі 186,7 миллиард теңгені құрап, нақты көлем индексі 124,1 пайызға жеткен. Сондай-ақ, екі ірі өнеркәсіп пайдалануға беріліп, салынған инвестиция көлемі 12 миллиард 40 миллион теңгені құраған. Жалпы ауданда тіркелген 13 мың 213 шағын және орта кәсіпкерлік нысанының ішінде 2 мың 554 шағын кәсіпорын, 6 мың 726 жеке кәсіпкер болса, ауылшаруашылық саласында 3 мың 933 шаруа қожалығы жұмыс атқаруда. Оларда еңбек ететін 55 мың 940 адамның орташа жалақы деңгейі шамамен 110 мың теңгеге тең. Одан бөлек, бюджеттік төлем деңгейі 8,1 миллиард теңгеге жетіп отыр. Былтыр 20 дүкен, 14 тұрмыстық қызмет көрсету, 4 қоғамдық тамақтандыру нысаны ашылып, 868 адам жұмыспен қамтылған. Бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерден 25 миллиард 411 миллион теңге түсіп, жоспар толық орындалған. Коммуналдық шаруашылық саласында атқарылған шаралар да ауыз толтырып айтарлықтай. Мысалы, «Нұрлы Жол» бағдарламасымен Қаскелең қаласының ауызсу жүйесінің құрылысына және жаңғырту жұмыстарына 388 миллион 429 мың теңге бөлініп, бұл шара биыл толық аяқталады. «Өңірлерді дамыту», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламалары бойынша 357 миллион 493 мың теңгеге ауданның 21 елді мекенінің ауызсу және кәріз жүйелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауданда қызмет етіп отырған 41 орта, 4 бастауыш мектептің бәрі интернет жүйесіне қосылған. Электрондық оқыту жүйесімен 12, онлайн режимімен 30 мектеп қамтылған. Сонымен қатар, 23 мектеп жаңа модификациялы физика, химия, биология кабинеттерімен, 22 мектеп лингафон, мультимедиа кабинеттерімен жабдықталған.

Денсаулық сақтау саласында 1 аудандық аурухана, 2 ауылдық, 17 дәрігерлік амбулатория, 7 фельдшерлік-акушерлік бөлімдер халыққа қызмет көрсетеді. Былтыр «Асыл арман» тұрғын үй кешенінде 100 миллион 968 мың теңгеге дәрігерлік орталыққа арналған ғимарат салынды. Мәдениет саласындағы мекемелер желісі 20 нысан. Өткен жылы Райымбек ауылдық округінде Отан қорғаушыларға арналған мемориалдық кешен мен мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі аясында «Анаға құрмет» мұражайы ашылды. Демеушілердің көмегімен «Үшқоңыр» фольклорлық-этнографиялық ансамблі құрылып, облыстық мәдениет күндері байқауында бас жүлдені жеңіп алғаны саладағы жетістіктерді байқатса керек.

Баяндамадан соң жарыссөзге шыққан «Жетісу» агроөнеркәсіп кешенінің басшысы Жанат Исағұлов мал өнімдерін өндірудегі табыстарын баяндаса, «Қазақстан қағазы» ЖШС-нің бас директоры Виктория Горобцова инновациялық кәсіпорынның жұмысы және оның болашағы жайлы ойларын ортаға салды. Аудандық ауруханаңың медициналық-аналитикалық ақпараттандыру қызметінің басшысы Ербол Дүйсебаев сала жетістігін тілге тиек ете келіп, Қаскелеңде қалалық аурухана салу мәселесін көтерсе, М. Мәметова атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Әсел Қабылбекова «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жасалынып жатқан жұмыстарға ризашылығын білдіріп, халық санының артуына байланысты мектептерге жапсаржай салу қажеттігіне тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубек Қыдырәлиев Елбасының сарабдал саясатын қолдап отырған қарасайлықтарға алғыс айтып, аудан орталығында Ардагерлер үйін салу жөніндегі ұсынысын ортаға салды. Сөйлеушілердің бәрі аудан әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Жиын соңында кездесуге қатысушылардың сұрағына жауап берген облыс әкімінің орынбасары Серік Мелісұлы мен Махаббат Сәдуақасұлы аудан тұрғындарын ғана емес, жалпы жұртшылықты алаңдатқан «Алтын Орда» сауда кешенінен өтетін жолды 10 жолақты етіп қайта жасау жұмыстарының биыл басталатынын жеткізді. Алқалы жиынды қорытындылаған Серік Тұрдалиев облыс бюджетіне келіп түсетін қаржының 30 пайызын беретін Қарасай ауданының тұрғындарына сәттілік тіледі.

Қарасай ауданы.

ӨРКЕНДІ өзгерістер

Панфилов ауданының әкімі Бердәулет АБДУЛДАЕВ өзінің өңір тұрғындары алдындағы есебін қаңтар айының 17-сі күні бастап, өңірдегі барлық округ халқымен кездесу өткізіп, өткен жылы жүзеге асырылған жұмыстар мен үстіміздегі жылы атқарылатын істерін жіліктеп, жіктеп ел-жұртқа жеткізді. Бұл жиындарда жергілікті тұрғындар арасынан сөз сөйлегендер өздерінің өтініш- тілектерін де айтып, ортақ мәселелеріне аудан басшысының назарын аударды.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Жаркент қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен есепті жиынға өңірдегі кәсіпорындар мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау орындарының өкілдері шақырылды. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР қатысты. Әлемдік дағдарыс алқымнан алып тұрған шақта, қаржы мәселесінің бірінші кезекке шығары сөзсіз. Аудан әкімі ел алдындағы есебінде өткен жылы салықтан қанша қаржы жиналғанын, бюджеттің орындалуын саралап өтті. 2016 жылы өңірде бюджетке 6,9 миллиард теңгенің салық және басқа да міндетті төлемдері жиналып, жоспар 105,9 пайыз орындалыпты. Оның ішінде жергілікті бюджетке 4,5 миллиард теңге түсіп, болжам 101,5 пайыз орындалған.

Баяндамада айтылғандай, өңірдегі жүзеге асқан жүйелі жұмыстарға мемлекеттік бағдарламалар арқау болғанын аңғару қиын емес. Әсіресе, ауылшаруашылық салаларында мемлекеттік бағдарламалар шапағатымен атқарылған жұмыстар ауқымды. Бұл бағыттағы істер жоспарлы түрде жүзеге асуда. Айталық, өткен жылы өңірде тек мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бағдарламалардан «Сыбаға» 120 пайыз орындалып, болжамдағы 930 орынына 1135 бас асыл тұқымды ірі қара сатып алыныпты. Сол сияқты «Алтын асық» 104,8 пайыз, «Құлан» 122 пайыз орындалған.

Өткен жылғы дала өндірісінде өндірілген өнімдердің жалпы құны 35,1 миллиард теңгені құрады. Оған негіз 42,9 мың гектар жерге ауылшаруашылығы дақылдары егіліп, мол өнім жиналғаны. Соңғы үш жылда 2976 гектар жайылым және шабындық жерлер суармалы егістікке айналдырылып, ауылшаруашылығы өндірісінің айналымына енгізілді.

Өңірде соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Оған асыл тұқымды түлік түрлерін өсіретін шаруашылықтар саны 31-ге жеткені дәйекті дәлел болмақ. Оның ішінде 21 асыл тұқымды ірі қара, 2 жылқы, 5 қой, 1 құс, 1 бал арасын, 1 балық баптайтын қожалық бар. «Мал баққанға бітеді» демекші, ауданда ет бағытында мал өсіру дамыған. Алдағы уақытта тұрғындарды сүтпен қамтамасыз ету үшін Аққұдық ауылында «Қарабалаев» ЖШҚ сүт бағытында мал өсіруді жоспарлап отыр. Тауарлы- сүт фермасын ашу үшін Үлкенағаш ауылдық округінде «Тезекбаева. Ұ» ЖШҚ 30, Жаркент қаласында «Тохтахунов. А» шаруа қожалығы сүт бағытында 17 асыл тұқымды сиыр сатып алып, іске кірісті.

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймақ сынды халықаралық мемлекеттік ірі жаңа жобалар өркен жайған өңірде үстіміздегі жылы бірнеше өнеркәсіп орнын іске қосу көзделген. Олардан көптеген жергілікті тұрғындар өздеріне тұрақты жұмыс табары сөзсіз. Мысалы, «Максжолқұрылыс» ЖШС 350,0 миллион теңге инвестиция әкеліп, асфальт шығаратын зауыт ашып, 70 адамға жұмыс ұсынбақшы. Сол сияқты «МПК Әулет» ЖШС 120 миллион теңгенің инвестициясын салып, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі саналатын тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдейтін зауытын іске қосып, жергілікті тұрғындарға 30 жаңа жұмыс орнын ұсынбақшы. Осылардың қатарында әйнек-пластикалық құбыр жасайтын, балық өңдейтін зауыт, темір-бетон бұйымдарын шығаратын және шетелге астық өнімдерін сататын кәсіпорындар іске қосылмақшы.

Аудан әкімінің есепті баяндамасын талдауға аудандық ақсақалдар ұйымының төрағасы, ауданның Құрметті азаматы Нұриахмет Рақымбаев, «Хожамбердиев» ЖШҚ басшысы, ұйғыр этномәдениет орталығының мүшесі Адлжан Хожамбердиев, Жаркент қаласындағы «Алтын ұя» балабақшасының құрылтайшысы, кәсіпкер келіншек Ләззат Шойғараева және Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектеп мұғалімі Ирина Жаваронкина қатысты. Сөз сөйлеушілердің бәрі Елбасының бес институционалды реформасын жүзеге асыруға арналған, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, жазбаша жарияланған жаңа Жолдауын, жақындағы мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіліктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі халыққа жариялаған ұсынысын тілге тиек етіп, жаңа даму кезеңіне бет алған ел тіршілігінің өркенді өзгерістерін атап өтті. Сонымен бірге аудан әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген бағаларын берді. Аудан тұрғындары үшін шешімін күткен маңызды мәселелер мен ұсыныстар да айтылды.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Мұқашұлы қорытындылап, өткен жылы облыста атқарылған бірқатар жұмыстарды саралап айтып, кездесуге келгендерге үстіміздегі жылы жалпы Жетісу аймағында жүзеге асыру жоспарланған істерді де таныстырды. Жаркент өңірінде ауылшаруашылық өндірісін өркендетудің мол мүмкіндіктеріне тоқталды. Сонымен қатар аймақтағы халықаралық ірі жобалар құрылысының бүгіні мен келешегін де саралап жеткізді. Жиын соңында залдан өзіне қойылған сауалдарға жауап берді.

Панфилов ауданы.



Іле ауданының әкімі Қыдыргелді МЕДЕУОВТЫҢ қорытынды есеп жиналысы Өтеген батыр ауылындағы №24 мектеп-гимназиясында өтті. Жиынға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Әлихан ТОЙБАЕВ қатысты.

ТОЛЫМДЫ үлес

Жетісу
Мақпал МЫСА

Маңызды басқосуға төрағалық еткен аудандық мәслихат хатшысы Роза Әбілова жиынды жүргізді.

Аудан әкімінің айтуынша, аймақтың саясатын және индустриялды базасын 31 ірі және орта кәсіпорын қалыптастырған. 11 айдың ішінде мемлекеттік бюджетке 212,5 млрд. теңге түскен. Бұл көрсеткішке жетуіне «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС, «Джей Ти Ай Қазақстан» ЖШС, «АВЗ» ЖШС, «Райымбек Агро» АҚ, «Шин Лайн», «Стекольная компания САФ» АҚ, «Алель агро», «Первый пивзавод» ЖШС, «Дольче» ЖШС индустриялды карта аясында пайдалануға берілген «Алюминий офф Қазақстан» ЖШС және «Абди Ибрахим Глобал фарм» ЖШС-нің тигізген пайдасы ұшан-теңіз.

Аудан әкімі өз сөзінде 2017 жылы өнеркәсіп өнімінің түсімін 215 млрд. теңге көлеміне ұлғайту жоспарда бар екенін айтты. Ол әрине, қазіргі таңда аудан көлемінде жұмыс істеп тұрған 31 ірі өнеркәсіп кәсіпорындары, индустриялды карта жобасымен салынып, қуаттылығына толық шыққан 3 құс фабрикасы, «Элеас» дәрі-дәрмек зауыты, «Абди Ибрахим Глобал фарм» зауыттары мен 13 жаңа өнеркәсіп нысанын іске қосу және жұмыс жасап тұрған 17 өнеркәсіп нысанын кеңейтіп, 620 жұмыс орнын ашу арқылы жүзеге аспақ.

– Мемлекетіміздің халыққа деген қамқорлығы аясында ауылшаруашылық саласын дамыту үшін 4,8 млрд.теңге бөлініп, жемісжидек, көкөністер өсіретін озық технологияға қол жеткізіп, 1,5 млрд. теңгеге жаңғыртылған жаңа құрылғылар сатып алынды. Ауылшаруашылығының жалпы өнім көлемі 61,0 млрд. теңгені құрады. Бұл сала бойынша, жылына 81 мың тонна ет, 54 мың тонна сүт өндіріліп отыр. «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық» бағдарламалары бойынша ірі қара саны да арта түскен. Ауылшаруашылық өнеркәсібін қайта өңдеуді 33 өнеркәсіп жүзеге асырады. Олардың өндірілген өнім көлемі 43 млрд. теңгені құрайды. Ал жоспарда 2017 жылы 3 өндірістік жылыжайдың құрылысы басталмақ. Оның ішінде «Эко Культура» ресейлік компаниясымен бірікккен «Грин Ланд Алатау» ЖШС-нің 2 жылыжайы мен жалпы көлемі 92 гектарды құрайтын аумағы бар «Грин Хауз Қазақстан» ЖШС-нің 1 жылыжайы және 17 мың тонна жартылай фабрикатталған өнім өндіретін германиялық «Бауман» компаниясы бар. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында Өтеген батыр кентінде көлемі 9,3 мың, шаршы метр болатын 100 пәтерлі екі жалгерлік тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, жас отбасыларға пәтердің кілті тапсырылды, – деген аудан әкімі 2017 жылы тағы да 79,6 шаршы метр болатын тұрғын үйдің құрылысы салынатынын хабардар етті. Оның 73 мың шаршы метрі жеке тұрғын үй құрылысы болса қалған 6,6 мың шаршы метрі Өтеген батыр кентіндегі 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы арқылы жүзеге аспақ.

Білім саласы бойынша, 3 ауысымдық оқытуды жою үшін 9 жаңа мектеп салынады. Оның ішінде Чапай, КазЦИК, Екпінді ауылдарында 900 орынға арналған 3 мектеп, М. Түймебаев, Көккайнар, Ынтымақ, Қоянқұс ауылдарында 600 орынға арналған 4 мектеп, Төле би, Байсерке ауылдарында 300 орынға арналған 2 мектеп пайдалануға берілмек.

Жарыссөзде аудандық мәслихат депутаты Ғани Дәуіталиев, «Элегия» ансамблінің жетекшісі Анастасия Мельник, «Ақши даму» шаруа қожалығының басшысы Аман Омаров, «Сарыбұлақ» құс фабрикасының директоры Мұрат Уалиев аудан дамуындағы қарқынды жұмыстарды атап өтіп, қала әкімінің қорытынды есебіне қанағаттанарлық деген баға берді.

Іле ауданы.

Жетісу

3

|№18 (18294), 14 ақпан, сейсенбі, 2017 жыл |

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 26 қаңтар
Талдықорған қаласы
№16

Әділет департаментінде
2017 жылғы
3 ақпанда № 4092 болып енгізілді

Субсидиялар нормативтерін, субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптарын, сондай-ақ субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9987 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың және қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу бойынша субсидиялар нормативтері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың және қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес;

3) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін осы қаулының 3, 4-қосымшаларына сәйкес.

2. Алматы облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 29 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3699 тіркелген, 2016 жылдың 13 ақпанында «Жетісу» газетінде және 2016 жылдың 16 ақпанында «Огни Алатау» газетінде жарияланған);

2) «Облыс әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» № 29 қаулысына өзгерістер еңгізу туралы» 2016 жылғы 27 қазандағы № 543 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4014 тіркелген, 2016 жылдың 29 қарашасында «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы 26 қаңтар
№16 қаулысына 1-қосымша

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеу бойынша субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2 800

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеу бойынша субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	854

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 қаңтар
№ 16 қаулысына 2-қосымша

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың және қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптар.

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың/қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды өнім берушілерге 100%-ға дейін өтеу кезінде – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 5-қосымшасына сәйкес 1 нысан бойынша ірі қара малдың/қойдың аналық басын ұрықтандыру туралы акт және Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес 2 нысан бойынша ірі қара малдың ұрықтанған аналық басын тексеру актісі.

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы 26 қаңтар
№16 қаулысына 3-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын көлем (бас)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
	Ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2 800	148 410	415 548,0
	Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмыс жүргізу				
1)	тұқымдық түлектірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы	бас	18 000	103 755	1 867 590,0
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	30 000	600 000,0
2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	3 500	539 000,0
	Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы	бас	20 000	10 500	210 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу				
1)	импорттаған асыл тұқымды ірі қара мал	бас	118 000	120	14 160,0
2)	импорттаған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен)	бас	154 000	500	77 000,0
	Қой шаруашылығы				
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	854	249 075	212 710,0
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	тұқымдық түлектірумен қамтылған қойлардың аналық басы	бас	1 500	320 000	480 000,0
3.	Асыл тұқымды ерікі тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	12 000	96 000,0
	Жылқы шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	500	20 000,0
	Шошқа шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	бас	15 000	5 000	75 000,0
	Етті бағыттағы құс шаруашылығы				
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ ата-текті нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	300	333 334	100 000,0
	Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы				
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ ата-текті нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқа сатып алу	дана	50	210 000	10 500,0
Барлығы					4 717 508,0

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы 26 қаңтар
№16 қаулысына 4-қосымша

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын көлем (бас)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
	Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Сиыр етін өндіруінің құнын арзандату:			5 876,3	1 276 561,0
1)	1-деңгей	килограмм	300	2 943,0	882 900,0
2)	2-деңгей	килограмм	170	1 433,3	243 661,0
3)	3-деңгей	килограмм	100	1 500,0	150 000,0
2.	Бұқаналықтарды бірінші өңірлік деңгейдегі бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24000	1 500	36 000,0
	Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы				
1.	Сүт өндірісінің құнын арзандату:			51 071,8	958 218,0
1)	1-деңгей	килограмм	25	28 000,0	700 000,0
2)	2-деңгей	килограмм	15	5 500,0	82 500,0
3)	3-деңгей	килограмм	10	17 571,8	175 718,0
	Етті бағыттағы құс шаруашылығы				
1.	Құс етін өндірісінің құнын арзандату:			42 378	2 926 948,0
1)	1-деңгей	килограмм	70	32 500	2 275 000,0
2)	2-деңгей	килограмм	66	9 878	651 948,0
	Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы				
1.	Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату:			210 235	611 078,0
1)	1-деңгей	дана	3,0	161 167	483 501,0
2)	2-деңгей	дана	2,6	49 068	127 577,0
	Шошқа шаруашылығы				
1.	Шошқа етін өндірісінің құнын арзандату	килограмм	98	7 350	720 300,0
	Қой шаруашылығы				
1.	Қой етін (қозы етін) өндірісінің құнын арзандату			1 160	168 000,0
1)	1-деңгей	килограмм	200	529	104 000,0
2)	2-деңгей	килограмм	100	640	64 000,0
2.	Бақты жүн өндірісінің құнын арзандату	килограмм	130	1 308	170 040,0
	Жылқы шаруашылығы				
1.	Жылқы ет өндірісінің құнын арзандату	килограмм	92	750	69 000,0
2.	Қымыз өндірісінің құнын арзандату	килограмм	60	2 300	138 000,0
	Түйе шаруашылығы				
1.	Түйе ет өндірісінің құнын арзандату:	килограмм	90	134	12 060,0
2.	Шұбат (биошұбат және жақсартылған шұбат) өндірісінің құнын арзандату:	килограмм	55	1 500	82 500,0
Барлығы					7 168 705,0

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Көл бойындағы елдің КӨҢІЛІ ТОҚ



Көрген жанның көз жауын алатын, айдынында ақ шағала қалықтаған аймақ – Алакөл. Жаңалыққа құмар жаңа ғасырда аталған өңір тек қазақстандықтардың ғана емес, басқа да елдің назарын өзіне аударып отыр. Өңірдің кейінгі жылдары әлеуметтік әлеуеті жақсарып, экономикасы өркендеп, елдің еңсесі көтеріліп, қиын жылдары қирандыға айналған ауыл келбеті түрленіп, гүлдене бастады. Бұл орайда атқарылып жатқан жұмыстарды Алакөл ауданының әкімі Әлібек ЖАҚАНБАЕВТЫҢ аудан тұрғындарымен есепті кездесуінен білдік. Әкімнің есепті кездесуіне ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Жайсан АХМЕТОВ пен облыс әкімі аппаратының басшысы Сұлтан ДҮЙСЕМБІНОВ қатысты.

Жетісу

Қажет АНДАС

Жоңғар Алатауының шұрайлы бөктеріне емініп жатқан өңір мал мен егін шаруашылығын дамытуда мол мүмкіндікке ие. Осы тұрғыдан келгенде ауданда жыл өткен сайын мал басының өсіп, егін алқабының да көлемі арта түскенін біліміз. Аудандағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы да басқа аудандардан көш ілгері. Оны төмендегі жетістіктен аңғаруға болады. Әкім есебінде көрсетілгендей, өткен жылы ауданда 44 млрд. 258 млн. теңгенің ішкі өнімі өндіріліп, 8 жоба қолданысқа берілген. Мұның ішінде ауылшаруашылық саласы бойынша 31,7 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 2015 жылға қарағанда 101,3 пайызды құраған. Ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен 4 өндірістік кооператив, 25 серіктестік және 1397 шаруа қожалығы айналысуда. Жылдан-жылға дәнді және азықтық дақылдардың үлесі артып, ел ырысын молайтты. Өткен жылы 11000 гектар жерге ылғал сақтау технологиясының қолданылғаны шаруалардың өнім берекелігін арттыруына сеп болды. Сондай-ақ, ауданның су жүйелерін жөндеу жұмыстары жүргізіліп, игерілмей жатқан суармалы егістіктер айналымға қосылды. 1239,8 шақырым шаруашылықаралық су жүйелерінің 360,2 шақырымына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 160,4 млн. теңгеге жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, «Ислам» банкі арқылы 7,2 млрд. теңге бөлініпті.

Алакөлдіктер биыл 500 гектар жерге қант қызылшасын себуді жоспарлап отыр. Ал асыл тұқымды мал басын өсіруге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды орындауда Алакөл ауданы көш басында келеді. Жайылымдық жерлердің өнімділігін арттыру мақсатында ескі каналдар мен арықтар қалпына келтіріліп, 10 мың гектар жайылымдық жер суландырылды. Алдағы уақытта ет өңдеу комбинатын, шаруашылық кооперативін, сүт қабылдау пунктін, мал бордақылау және мал сою алаңдарын ашуды жоспарлап отыр.

Жалпы Алакөлде инвесторлардың назарын аударатын байлық та, бағалы жер де баршылық. Сондықтан болар, ірі корпорациялар ауданнан өздерінің өкілдіктерін ашып, кәсіпкерліктің іргетасын көтерудің қамына кіріскен. Нәтижесінде жергілікті бюджетке түсетін түсімнің көлемі артқан. Сонымен қатар, өңірдің өндірісі де өркендеп келеді. Ауданда болашағы зор инвестициялық жобалар мен туризмді кластерлік дамыту шеңберінде әлеуетті инвесторларды тарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Сол қатарда аудан экономикасының дамуына үлес қосып жатқан асфальт шығаратын зауыт, «ДостықГазТерминал» ЖШС-нің газ толтыру пункті, «Агример Авто» ЖШС дәнді дақылдарды қабылдау, тиеу, сақтау жобасының да үлесі мол. Алдағы уақытта ауданның дамуына серпін беретін «Жетісу Гидро» серіктестігінің, қуаттылығы 50 МВт, құны 17 млрд. теңгені құрайтын Тентек өзені бойындағы «Төнкеріс-1» су электрстансысының құрылысы басталады. Аталған жоба іске асқанда ауданның электр энергиясына сұранысы (21МВТ) толық қамтылады және 36 тұрақты жұмыс орны ашылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы жазда облысқа сапарында табыс көзі болар сұлу табиғаттың пайдаға аспай жатқанын көріп, Алакөлді дамытудың бизнес жоспарын жасау туралы арнайы тапсырма берген болатын. Содан бері біраз уақыт өтті. Демалыс орындарын дамытуға ыңғайлы аймақтарда жайлап болса да жұмыс жүріп жатыр. Егер, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, туризмді қарқынды дамытумен айналысатын мемлекеттер өз азаматтары мен шетелдік туристерге сапалы қызмет көрсете отырып, ұлттық жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға қомақты қаржы бөледі.

Өткен жылдың есебі бойынша, Алакөл жағалауында 1 млрд. 136 млн. теңгеге 30 туристік нысан және бүгінгі күннің талабына сай 500 орынды «AQUAMARINE resort» демалыс аймағы іске қосылып, 170 жаңа жұмыс орны ашылған. «Алакөл» демалыс аймағында орналасқан туристік нысандар тәулігіне 4500 адамды қабылдап, қызмет көрсете алады. Өткен бір жылда 452,5 мың адам демалып, 1 млрд. 562,4 млн. теңгенің қызметі көрсетілген. Алдағы уақытта 700 орынды «Фалкон Петролеум» және «Алакөл-резорд» қонақүй кешені пайдалануға берілмек.

Өңірде «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламасы, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жақсы жетістіктер тіркелген. Аудандағы діни ахуал орнықты. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширату мақсатында қомақты қаржы бөлініп, тың жобалар жүзеге асырылған. Ауданның экономикалық әлеуеті артқан сайын тұрғындардың өмір сүру деңгейі де жоғарылай түскен.

Аудан әкімінің баяндамасынан кейін мінберге көтерілген Алакөл аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Оспан Мұхаметқалиев, Үшарал қалалық аналар кеңесінің төрайымы Ұлдаш Бипажанов, «Нусипов и К» ЖШС директоры Қанатхан Нүсіпов, Бескөл №14 орта мектебі директорының орынбасары Анна Савченко, Ақши ауылдық амбулаториясының меңгерушісі Айгүл Тұрсағатов, «Архарлы-Майбұршақ» ЖШС директорының орынбасары Ержан Нүсіпов аудан әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген баға берді. Сондай-ақ, тұрғындар арасынан Үшарал – Достық жолының күрделі жөндеуі, заңсыз балық аулауды шектеу, Көлбай ауылдық дәрігерлік амбулаториясына заман талабына сай ғимарат беру, «Шағала» және «Жалын» лагерьлерінің қызметін ширату, «Тұран» экспрес пойызының жыл бойы жүруін қамтамасыз ету қатарлы ұсыныстар түсті. Аудан әкімі бұл ұсыныстарды ескеретінін жеткізді.

Алакөл ауданы.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Жылдағы дәстүр бойынша 23–30 қаңтар аралығында Іле ауданының әкімі Қыдыргелді Медеуовтың халық алдындағы есепті кездесулері болып өтті. Аудан басшысы халықпен кездескенде 2016 жылы атқарылған жұмыстарын жан-жақты саралап, ондағы қол жеткізілген табыстарға кеңінен тоқталып, 2017 жылға арналған мезгелер мен міндеттерді алға тартты.



Жүйелі жұмыс

Өнеркәсібі мен өндірісі, құрылысы, ауылшаруашылығы қатар дамыған бұл өңір Алматы облысындағы көшбасшы аудандардың бірі болып табылады. Облыс бюджетінің қомақты бір бөлігі осы Іле ауданының үлесіне тиеді. Облыстың тауарлы өндіріс көлеміндегі аудан өнеркәсібінің үлес салмағы 33 пайызды құрайды.

«Филип Моррис Қазақстан», Алматы желдеткіш зауыты, «Райымбек Агро», «Алель агро», тағы басқа да ірі-ірі кәсіпорындар өндірісінің дамуы есебінен өнім көлемі 212,5 миллиард теңгеге жетіп, бұл жөніндегі болжам 117 пайызға орындалды. 20 өнеркәсіп нысаны қолданысқа берілді және 13 өнеркәсіп өз жұмыстарын кеңейтіп, жаңа 608 жұмыс орнын ашты.

2017 жылы өнеркәсіп өнімінің түсімін 215 млрд. теңге көлеміне ұлғайту жоспарлануда. Сол сияқты биыл 13 жаңа өнеркәсіп нысанын іске қосу және бұрыннан жұмыс жасап тұрған 17 өнеркәсіп нысанын кеңейтіп, 620 жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Ауылшаруашылығы саласында да біршама ілгерілеушілік байқалады. Дәнді дақылдар ысырапсыз жиналып, қоймаларға сақтауға қойылды. Өткен жылы 81 мың тонна ет, 54 мың тонна сүт, 273 миллион дана жұмыртқа өндірілді. Мемлекеттің «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 384 бас мүйізді ірі қара, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 1043 бас қой, «Құлан» бағдарламасы бойынша 54 бас жылқы сатып алынды.

Негізгі капиталдың инвестициясы 56 млрд. теңгені құрады. Негізгі инвестиция көлемі 45 млрд. теңгеге игерілсе, оның 80 пайызы бюджеттен тыс қаржы арқылы, ал 20 пайызы бюджет қаржысы арқылы игерілді.

2017 жылы аудан экономикасына 11 ірі жобаны іске асыру арқылы 57 млрд. теңге инвестиция тарту көзделініп отыр. Бұл жерде аудан әкімі көптеген үлкен кәсіпорындармен қатар құны 5,2 млрд. теңгелік қой етінен жартылай фабрикаттарды өндіретін «Бауман ГМБХ и компания КГ» кәсіпорынының ауданға инвестиция әкелетіндігін ерекше атап өтті. Немістердің «Бауман» компаниясы Қазақстанның қой етінен түрлі жартылай шикізаттар өндіруге құлшыныс танытып отырғандығына баса назар аударды.

Аудан көлемінде орта және кіші кәсіпкерлік нысандар саны 7205, олардың 1755 бірлігі шағын өнеркәсіп, 1325-і шаруа қожалықтары, 4125-і жеке кәсіпкерлерді құрайды. Жалпы жұмыспен қамтылған халық саны 28060 адамға жетті.

Аудан әкімі сонымен қатар құрылыстағы жеткен жетістіктер, республикалық маңызы бар «Алматы – Қапшағай» тас жолының, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көпірінің, басқа да ірі-ірі зауыттардың, 84,6 мың шаршы метр тұрғын үйдің, оның ішінде жалпы алаңы 9.3 мың шаршы метр болатын Өтеген батыр кентіндегі 100 пәтерлік екі тұрғын үйдің салынып, пайдалануға берілген жаңа мектеп, ауылдық дәрігерлік ауруханалар, почта ғимараттары, тұрғын үйлер, тағы басқа нысандар елді мекендердің сәулетін аша түскендей. Дей тұрғанмен халық санының барған сайын көбейіп, тұрғын үй салу үшін жер учаскесіне деген сұраныстың артуы инфрақұрылым мәселесін шешуді қиындатып отыр. Мұның өзі сайып келгенде аудан әкімдігі алдына жаңа міндеттерді жүктеуде. Барлық саладағы жұмысы жүйемен қоспарланып, әрбір іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын аудан әкімдігінің бұл мәселені де оңтайлы шешетіндігіне сенім зор.

Роза АЙДАРБЕКОВА.
Іле ауданы.

МҮМКІНДІГІ мол өңір

Ұйғыр ауданының әкімі Алимжан ТОХТАСУНОВ өңірдегі барлық округтер халқымен кездесулер өткізіп, өткен жылы жүзеге асырылған жұмыстар мен биылғы жылы атқарылатын істерін жұртқа жеткізді.

Жетісу

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Шонжы кентіндегі аудандық Мәдениет үйінде өткен аудан әкімінің қорытынды жиынына өңірдегі кәсіпорындар мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау орындарының өкілдері шақырылды. Жиынға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт қатысты. Өңір басшысы баяндамасында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының әр саласына жекежеке тоқталып, қысқа да нұсқа сандармен саралап, өз тұжырымдамаларын түйіндеп жеткізді. Шешімін күткен кейбір мәселелердің қандай жолмен жүзеге асатынын нақтылап түсіндірді.

Аудан тұрғындарының негізгі тіршілігі ауылшаруашылық өндірісімен байланысты. Сала бойынша өндірілген өнімдердің жалпы құны 21 миллиард 308 миллион теңгені құрады. Өткен жылы аудан бойынша 13160 гектар жерге ауылшаруашылық дәнді дақылдары егіліп, 74920 тонна өнім алынды. Сонымен қатар 7464 тонна картоп, 26309 тонна көкөніс, 910 тонна күнбағыс, 1659 тонна бақша, 12605 тонна жеміс, 2505 тонна жүзім жиналды. Жергілікті атқарушы биліктің шараларға күзде көрсеткен жанды көмегінің нәтижесінде жиналған ауылшаруашылық өнімдері түгел дерлік лайықты бағада сатылды.

Қарадала аймағында соңғы жылдары мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Өңірде асыл тұқымды мал саны 1210-ға жетті. Тек өткен жылы ғана «Фарм агро», «Қаз Мал» ЖШС, «Бата», «Табиғат» және шаруа қожалықтары жалпы асыл тұқымды 709 ірі қара малын сатып алды. Аудандағы мал сапасының жақсаруына мемлекеттік бағдарламалар ықпал етуде. Айталық, «Сыбаға» бағдарламасының шапағатымен 566 сиыр, 35 бұқа, «Алтын асық» бағдарламасы бойынша 13 миллион 355 мың теңгеге 910 қой, 96 қошқар, «Құланның» көмегімен 116 бие, 7 асыл тұқымды айғыр сатып алынды. Бүгінгі таңда өңірде 206211 қой-ешкі, 63543 ірі қара, 14015 жылқы қыстатылуда.

Өткен жылды өңірдегі өнеркәсіп өнімінің көлемі 2 миллиард 890 миллион теңгені құрады. Шонжы ауылындағы жүн және тері өңдеу зауыты құрылысының алғашқы кезеңі аяқталып, іске қосылды. Зауытта жыл соңына дейін 742 тонна тері өңделіп, ұжым осы табысынан жергілікті бюджетке 556,0 мың теңге салық төледі. Мұнда 100 мерзімді және 23 тұрақты жұмыс орыны ашылды. Жалпы бұл зауыттың қуаттылығы жылына 5 мың тонна жүн, 15 мың ірі қара, 1 миллионға дейін қой-ешкі терісін өңдеуге жетпекші. Осы жылы зауыт толық қуатында іске қосылып, онда 200 тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Есепті мерзім ішінде аудан бойынша барлық қаржыландыру көздерінен тартылған инвестиция көлемі 18 миллиард 112 миллион теңге. Биыл қарадалалықтар 18,7 миллиард теңгеге инвестиция тартуды жоспарлапты. Бүгінгі күні өңірде 4067 белсенді кәсіпкерлік субъектісі халыққа қызмет көрсетуде, оларда жалпы 7055 адам жұмыс істейді. Шағын және орта бизнес өкілдерінің өндірген өнім көлемі 6 миллиард 950 миллион теңгені құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда өнім 151,5 миллион теңгеге ұлғайған. Әкім өңірде жүзеге асқан басқа да игілікті істерге тоқталып, биылғы жылы қолға алатын жұмыстарды жіліктеп жеткізді.

Аудан әкімінің есепті баяндамасын талдауға аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Қалабай Мерейімов, зейнеткер Артем Хамраев, аудандық әжелер кеңесінің төрайымы Рая Сартолова, аудандық мәслихаттың депутаты Ноғайбек Дәуренбеков, «Тенгрикут» жеке шаруа қожалығының жетекшісі Ұйғын Арзиев, кәсіпкерлік палатасы Ұйғыр аудандық филиалының директоры Амангелді Мүсілім және облыстық мәслихаттың депутаты Ызғарбек Бектұрсынов қатысты. Сөз сөйлеушілердің бәрі Елбасының жаңа Жолдауын, билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі халыққа жарияланған Үндеуін тілге тиек етіп, жаңа даму кезеңіне бет алған ел тіршілігінің өркенді өзгерістерін атап өтті. Сонымен бірге аудан әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген бағасын берді. Аудан тұрғындары үшін шешімін күткен маңызды мәселелер мен ұсыныстарын да айтты.

Жиын соңында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт мінберге көтеріліп, есеп барысында туындаған сауалдарды талдап, өткен жылы облыста атқарылған бірқатар жұмыстарды айтып, кездесуге келгендерге биыл жалпы Жетісу аймағында жүзеге асыру жоспарланған жұмыстарды да таныстырды. Қасиетті Қарадала өңірінде ауылшаруашылық өндірісін өркендетудің мол мүмкіндіктеріне тоқталды.

Ұйғыр ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 18 (18294)
Сейсенбі, 14 ақпан, 2017 жыл.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ



АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АУҚЫМДЫ

Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді. Барлық салада ілгерілеушіліктің бар екенін тілге тиек еткен қала басшысы өткен жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 11 млрд. теңгеге артқанын айтты. Сондай-ақ, қалада кәсіпкерлікпен айналысушылар қатары көбейіп келеді. Шағын және орта бизнеспен экономикалық белсенді халықтың 30 пайызы, яғни 26 мыңнан аса адам шұғылданады. Олар былтыр бюджетке 7,3 млрд. теңге түсім түсірген.

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

Өткен жылдың қорытындысы жайлы толық ақпарат берген Бағдат Әбілмәжінұлының айтуынша, қаладағы құрылыс қарқыны бәсеңдемейді. Биыл аумағы 80 мың шаршы метр болатын 11 үй салу жоспарлануда. Сондай-ақ, әлеуметтік нысандар құрылысы да назардан тыс қалмайтынын алға тартқан әкім қазіргі таңда қалада жаңа театр, көрме кешені мен Салтанат сарайының құрылысы жүріп жатқанын айтты. Қалада 2 орта және 1 музыка мектебінің құрылысы басталмақ. Қалалық бассейн маңындағы құрылысы аяқталмаған нысанды «Халыққа арналған үкімет» жобасы аясында әкімшілік орталыққа айналдыру көзделген. Талдықорғанды газдандыру бағытында да жұмыстар басталды. Қалада биыл 70-ке тарта шеткері көше жөндеуден өтпек.

Қорытынды есепте облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** қала дамуындағы бірқатар кемшіліктерге тоқталды. Ол қаланы газдандыру үшін желілер тарту жұмысының баяу жүргізіліп жатқанын, индустриялдық аймақтағы кәсіпорындардың аздығын және қаланың оңтүстік-батыс бөлігіндегі инфрақұрылымы тартылып қойған «Жетісу» ӘКК ҰК» АҚ-ға тиесілі 600-ге тарта жер телімінің әлі күнге бос тұрғанын сынға алды.

– Қала экономикасына қазір 35 млрд. 459 млн. теңге бөлініп отыр. Міне, енді осындай қаражатпен атқарылып жатқан жұмыстарды халыққа жеткізу керек. Әкім орынбасарлары халық алдында есеп беруге міндетті. Бірақ бұған бас қатырып жатқан ешкім жоқ. Халыққа барынша жағдай жасау керектігін ұмытып кетіп жатырсыңдар. Жабайы сауда нүктелерімен жұмыс істеңдер дегенмін. Бірінші саудагерлерге қолайлы жағдай жасап, сауда орындарын салып, сол жерге саудагерлерді апарып, көрсетіп, содан кейін ғана оларды орналастырыңдар деген тапсырма берілгенімен жүйелі жұмыс атқара алмай отырсыңдар. Ал қала көшелерін қардан тазарту жұмыстарының сапасы мүлде көңіл көншітпеді. Заманауи техникалар қайда? Соны іске қосу керек. Алақандай ғана қаланың тазалығына көңіл бөлмеу салғырттықты аңғартады. Қаланың өркендеп дамуы жолында қолға алған істі көрсетіп, қанша қаражат керектігін айтсаңдар қолдау білдіруге дайынбыз. Осыны естен шығармаңдар. Бірлесе істеген жұмыс қана нәтижелі болатынын ұмытпаңдар. Халыққа медицина жағынан барлық көмек берілуі керек. Сол үшін де облыстың медицина бөлімшелерінде ең мықты деген аппараттар болуы тиіс. Халықтың денсаулығын біз шекара аспай өзімізде-ақ емдеуді қолға алуымыз керек.

Үкімет үйінде өткен басқосуда Елбасы біздің облыста атқарылған жұмысқа өз ризашылығын білдірді. Бізге зор сенім артты. Артылған сенімге селкеу түсірмей нәтижелі жұмыс істеуіміз керек. Облысты көркейтуге, халыққа жағдай жасауға келгенде басқа өңірлермен салыстырғанда біздің мүмкіндігіміз зор. Тек жұмыс істесек болғаны. Маған ел қамы үшін ғана жұмыс істейтін мықты мамандар қажет. Ел игілігін естен шығармайық, – деді облыс басшысы.

Амандық Ғаббасұлы сөз соңында қала әкіміне жеке кәсіпкерлермен кездесіп, жаңа жұмыс орындарын ашуды, өндіріс орындарын аралап, бақылау жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Мектеп, балабақша құрылысын да назардан тыс қалдырмауды айтты. Жаңа жұмыс орындары ашылса халықтың әлеуметтік жағдайының да біршама жақсаратынын алға тартты. Облыс басшысы есепті кездесуде аталған бағыттағы кемшіліктердің орнын толтыру қажеттігін нақтылап өтті. Жиналған қала тұрғындары көкейінде жүрген сұрақтарын қойды. Мәселен, Еркін ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның тозығы жеткен. Сонымен қатар, тұрғындар жергілікті полициялардың жұмысына қанағаттанбайтынын алға тартты. Себебі, мал шаруашылығымен айналысатындардың жылына ондаған бас ірі қара малы ұрлардың қолында кететін көрінеді. Арыз-шағым жазылғанымен одан ешқандай да нәтиженің жоқтығына жұрт наразы. Ал Өтенай ауылдық округіне қарасты Ынтымақ ауылының тұрғындары жарық, ауызсу және жол құрылысы туралы сұрақтарына жауап алды.

Облыс әкімі дәрігерлік-амбулатория келер жылдың I тоқсанында халық игілігіне берілу керектігін айтты. Ал өршіп тұрған ұрлардың астыртын істерін әлі күнге дейін аша алмай жүрген жергілікті полиция қызметін күшейтуді жауапты басшыларға тапсырды. Жиын соңында тұрғындар қала әкімінің есебіне қанағаттанарлық деген баға берді.

(3-бетке назар аударыңыз).

ҚҰРМЕТТІ талдықорғандықтар және қала қонақтары!

Азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында әр аптаның сенбісінде облыстың тауар өндірушілерінің қатысуымен ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

Мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қонаев көшесі, 4, «ОптМаркет» алаңында, басталуы сағат 8.00-де.



«ЖЕТІСУ- ақпарат»

Оң жолға түсті

«Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалы «Бақытты балалық шақ» жобасы аясында білім бөлімімен бірлесе жайсыз отбасыларына рейд жүргізді.

Елімізде бала өмірі мен оның қауіпсіздігіне баса мән беріледі. Кәмелет жасына толмаған баланың өмір сүруіне толыққанды жағдайдың болуы және міндетті орта білімді алуы заңмен бекітілген. Осы орайда талаптарға сай келмей, баланың денсаулығы мен моральді тұрғыдан психологиясына қауіп төнген жағдайда, ондай отбасылар есепке алынады. Бала өміріне атүсті қарайтын отбасылар тұрақты бақылауда болып, ал олардың перзенттерімен психолог мамандар жұмыс жасайды.

Өкінішке қарай, қала бойынша ата-анасы ішкілікке әуес болып, балалары қараусыз қалғандар бар. Жайсыз отбасылардың үйлерін арнайы тексеруге Текелі қалалық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары Ермек Штауб, Текелі қалалық білім бөлімі қызметкері Ғалия Шүкібасова, «Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалының кеңесшісі Балжан Ахметова, қатысты.

Рейд нәтижесінде отбасылардың бұрынғы айтылған ескертулерді назарға алып, кемшіліктерді түзеткені белгілі болды. Кәмелетке толмаған балалар тәрбиеленіп отырған 5 отбасының да жағдайы оңалған. Бала өмірдің балы болғандықтан, олардың жағдайын жасау – үлкендердің маңызды міндетінің бірі. Осыны әрбір ата-ана ойына түйіп, бала өмірінің қиындықсыз болуына жағдай жасап отырса нұр үстіне нұр.

Ана тілін асқақтатты

Бәйдібек би ауылындағы Мәдениет үйінде аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Өнер алды – қызыл тіл» атты аудандық жүргізушілер байқауы өтті. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік тіл – ана тіліміздің мәртебесін биіктетіп, тұғырын нығайтуға үлес қосу.

Байқауға қатысқан үміткерлер сөзді көркемдеп оқудағы қабілеттерін көрсетті. Одан кейін берілген сценарий бойынша орындаушылық мүмкіндіктерін ортаға салды. Өзара жұптасқан түрде бірін бірі толықтырып, шешендікке лайық бейімділіктерін байқатты.

Мұның бәріне олар күнібұрын тыңғылықты түрде дайындалғаны анық. Өйткені, сөз деген – сурет, бояу, философия. Соның бәрін дыбыспен және ырғақпен бейнелеп шығу оңай емес. «Жүйелі сөз – жүйесін табуға» тиісті. Ата-бабамыздан қалған қасиетті қағидалар осындай. Сондықтан да қазақ сөз өнерін бар өнердің басына шығарған.

Сүйінерлігі сол, осындай талаптармен сөз өнерінің ішкі иірімдерін жастар терең меңгеруге күш салыпты. Ана тіліне деген құрметтерінің бұрынғыдан арта түскендігі сезіледі. Осының бәрі ел тәуелсіздігінің арқасы екені айтпаса да белгілі. Жастарымыз ағылшын және орыс тілдерін үйренумен қатар, ана тіліне деген ыстық ықыластарын ерекшелеп көрсетті. Қазақтың қара сөзімен-ақ тыңдаушылардың жүрегін шымырлатты.

Байқауға 14 үміткер қатысты. Қазылар алқасының сараптамасы негізінде жүзден шыққан жүйріктер лайықты марапаттарға ие болды. Бірінші орын Бәйдібек би ауылының өнерпазы Нұрбану Нұрланға бұйырды. Екінші орынды Шырайгүл Наурызбай мен Айбота Жексембайлар еншіледі. Дана Қанапина, Айдана Наурызбайқызы және Жадыра Кенгербаевалар үшінші орыннан көрінді.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

ЧЕХИЯ ЖЕТІСТІКТЕРІ көрсетіледі

Чехия Республикасы Парламенті депутаттарының делегациясы Астанаға іссапары аясында «ЭКСПО – 2017» көрмесінің нысандары мен ұйымдастыру кеңсесін көріп шықты. Сондай-ақ, «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Чехия Депутаттар Палатасының төрағасы Ян Гамачекпен кездесті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Кездесу барысында екі жақ «ЭКСПО – 2017» көрмесіне қатысты сұрақтарды талқылады. Ахметжан Есімов бүгінгі күні 115 мемлекет пен 18 халықаралық ұйымның көрмеге қатысатындығын ресми растап, павильондарды беру жұмысының белсенді жүріп жатқанын атап өтті. Соның ішінде 18 мемлекеттің өз павильонын алып, тақырыптық безендіруге кіріскенін де жеткізді.

Өз кезегінде Ян Гамачек жаңа қуат көздерін қолдайтын Чехия үшін ЭКСПО – 2017 көрмесіне қатысу маңызды екенін айта келіп:

– Чехия делегациясының сапары чехтардың көрмеге қаншалықты мән беріп отырғандығын білдіреді. Көрмеге дайындық барысымен танысып шықтық, оның ең жоғары деңгейде өтетініне сенімдіміз, – деп атап өтті Чехия Парламенті Депутаттар Палатасының төрағасы.

Сонымен қатар, Ян Гамачек көрменің ашылуына Чехия Президентінің қатысатындығын айтты. Көрмеде чехтар өздерінің баламалы энергия көздерін пайдалану саласындағы ең озық заманауи технологияларын көрсететіндігін де жеткізді.

Басқосуда Чехия Парламентінің депутаттары көрмені ұйымдастырушыларға өздерін қызықтыратын сұрақтар қойып, тұшымды жауап алды. Атап өтсек, делегация құрамында Чехия азаматы Збынек Станюра көрме кезінде қанша жұмыс орнының ашылатындығын сұрады. Ұлттық компания өкілдері көрмені өткізудің дағдарысқа қарсы жоба екенін атап өтіп, 50 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылғанын баяндады.

Кездесу соңында осы делегация құрамындағы депутаттар 15 маусымда өтетін Чехия Республикасының Ұлттық күніне Астанаға келетіндіктерін де білдірді.

ЖАҢҒЫРУ — ЖАСАМПАЗ ЖОЛЫ

ІСКЕ ЖҰМЫЛУҒА ынталандырады

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаға сәйкес 18 ақпанға дейін елдің барлық аймағындағы тұрғындарға ауылшаруашылығы кооперативтерін құру және кооперацияларды мемлекеттік қолдаудың жаңа механизмдері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекет басшысы ҚР Ауылшаруашылық министрлігі алдына ауыл азаматтарын ауылшаруашылығы кооперацияларын кең ауқымда құруға ынталандыру және жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуда 500 мың ЖҚШ әлеуетін пайдалану бойынша міндеттер қойып отыр. Аталған түсіндіру жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу үшін министрлік тарапынан АШМ қызметкерлері мен ғылыми ұйымдар өкілдерінен сарапшылар тобы құрылды. Мұндағы басты мақсат – әрбір ауыл азаматын ауылшаруашылығы кооперациялары негіздері бойынша ақпараттандырып, нақты іске жұмылуына ынталандыру. Бұдан бөлек, жерлерде жүргізілетін түсіндіру жұмыстары барысында бұған дейін құрылған кооперативтердің мониторингі жүргізіледі.

Яғни, тиісті инфрақұрылымының барлығы мен қайта өңдеуші кәсіпорындармен өзара байланысы, өткізу нарығы мен өзге де мәселелері сарапталады. Осының аясында 8800 080 8010 call-орталығы ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетеді (барлық бағыттардан қоңырау шалу тегін). Аталған нөмір арқылы ел азаматтары кооперация бойынша өз сауалдарын қойып, қажетті жауаптарын ала алады. Атап айтқанда, мемлекеттік қолдаудың түрлері, қаржыландыру шаралары, кооперативке бірігудің артықшылықтары туралы кеңінен мағлұмат алады. Түсіндіру барысы мен кездесулерде көтерілген өзекті және пайдалы ақпараттарды АШМ ресми сайты – mgov.kz пен агробіліктілік орталығының интернет ресурсы – Fermers.kz сайтынан табуға болады.

ҚР АШМ баспасөз қызметі.

МАЛ ҚЫСТАТУ

Қарасай ауданының Жаңашамалған ауылдық округінде шаруасын дөңгеленткен ауылшаруашылығы құрылымдары баршылық. Солардың бірі Айдар Рахимовтың «Айдар» қожалығы мал өсіруде біршама табысқа жетіп отыр.

Қырдағы қарбалас

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бізге мал қыстату науқаны жайлы ауыл әкімінің орынбасары Мұрат Нүсіпов әңгімелеп берді. «Айдар» шаруа қожалығында 170 гектар жер бар, оның 50 гектары жайылымдық болса, 60 гектарына мал азығына арналған арпа егіледі. Қыраттың үстінде орын тепкен шаруашылық кешені алыстан көзге шалынады. Айналасы әдемі қоршаумен қоршалған ғимараттар қыстауға мүлде ұқсамайды. Заманға лайықталып салынған. Шаруашылыққа келіп, малшылардың тұрып жатқан үйлерін көргенде риза болдық. Барлық жағдай жасалған. Мұндағы бес адам қарауындағы 30 бас сиыр мен 20-ға жуық жылқысын жақсы күтімге алған. Қожалық 500 бас арқар-меринос пен 600 бас қазақы қойды бағып, өз төлі есебінен өсіруді жолға қойған. Мал төлдету науқаны әлі басталмағанымен ерте туған марқалар әр тұстан байқалады.

– Шаруашылықта қойды қолдан ұрықтандыру жыл сайын жүзеге асырылады. Алайда, арасында «арамза» қозылар да кездеседі. Ауылдық округтегі қожалықтар тұтынушыларды отандық сапалы әрі экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз етіп, көптеген адамға жұмыс беріп отыр, – дейді Мұрат Нүсіпов.

Аталған шаруа қожалығы жылқы мен сиыр малын бордақылап, еркек тоқтыларды семіртіп, етке өткізумен айналысады. Малды семірту үшін шөпті турап, пайдалы қоспалармен араластырып береді. Мал төлдету науқанына да тыңғылықты әзірленген. Ерекше күтімге алынған саулықтар қыратты қозы үніне толтыратын күн де алыс емес. Бұл малшылар еңбегінің қорытындысын шығаратын кезең десе де болады.

Қарасай ауданы.



Суретті түсірген автор.

ОЙ-ӨРІМ

Еңбегімен ер сыйлы,
Өнбегімен жер сыйлы.

ЖЕТІСУ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚАЛЫПТЫ

Талдықорған қаласындағы «Жеруйық» коммуналдық базарында әр сенбі сайын жәрмеңке өткізіледі. Мұндай шара жаңадан ашылған «Оптмаркет» көтерме сауда кешенінде де ұйымдастырылуда. Мұндағы мақсат – халық көп тұтынатын азық-түлік түрлерінің бағасын тұрақты ұстап, өзімізде өсіріліп, өндірілген өнімдерді ешбір делдалсыз жұртшылыққа жеткізу.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Атқарушы билік те бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүруіне айрықша назар аударып, қажетті іс-шараларды қолға алуда. Нәтижесінде тұрғындардың күнделікті тіршілікте тұтынатын азық-түлік түрлерінің бағасы қатаң бақылауға алынып, олардың шарықтап кетпеуі жіті қадағаланып отыр. Бұл үшін арнайы құрылған комиссия жұмыс істеп жатыр. Осы ретте өткен сенбіде ұйымдастырылған жәрмеңкеде тауар бағасына тағы бір мәрте назар аударылып, мониторинг жүргізілді.

Комиссия мүшелері алдымен қалалықтар жиі баратын «Жеруйық» коммуналдық базарына бас сұқты. Күннің суығына қарамастан таңсәріден басталған шараға адам көп жиналыпты. Қаланың барлық тұрғыны осында келіп сауда жасайтындай көрінді. Осыдан-ақ жұртшылықтың бұл жерге әбден үйреніп қалғаны аңғарылды. Ет, сүт өнімдері мен көкөніс, жеміс-жидектер молынан жеткізіліпті. Бал мен балықтың да алуан түрі сауда-ланды.

Ауыл дәмін сағынған қалалықтар әсіресе құрт, ірімшік, айран, қатық, тары-талқан, қолдың сары майы мен кілегей сияқты өнімдерді ерекше ықыласпен алып жатты. Нан мен тәтті тоқаштарға қызығушылық танытқандар да аз болған жоқ. «Жетісу» әлеуметтік корпорациясы да өздерінде бар өнімдерді әкеліпті. Ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер мұндай игі шараның екі жаққа да тиімді екенін айтса, қалалықтар бұл базардағы тауарлардың экологиялық жағынан таза әрі бағасының да қолжетімді екенін және қызмет көрсету сапасының да көңіл толтыратындығын жеткізіп, ойларымен бөлісті. Базарды аралау кезінде сауда ережесі мен мәдениетіне, қызмет көрсету сапасына, сөрелердегі тауар бағасына, тіпті сауда жасаушылардың киімдеріне дейін ден қойылды.

Әсіресе әлеуметтік маңызы бар өнімдерге баса мән берілді. Самсап тұрған тауарлардың бағасы сонша қымбат емес, көңілге қонымды. Облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының сауда және баға мониторингі бөлімінің басшысы Айгүл Ыдырысова:

Гүлсім НӘСІПҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

– Сенбі күндері коммуналдық базарға келемін. Бұған әбден үйрендім. Тұрақты тұтынушыға айналдым десем болады. Бір жетілік керек-жарағымды осы жерден түгенден аламын. Қалағаныңды табасың, бағасы да қымбат емес. Бәрі балғын өнімдер. Ал оларды өзім білетін адамдардан сатып аламын. Себебі, сенімді. Көктем келе жатыр. Азаға мол дәрумен керек. Сол үшін көкөністер мен жеміс-жидектер алдым. Ет, қазы-қартаны да ұмытқан жоқпын. Осындай жәрмеңке қарапайым халық үшін өте керек. Сондықтан, жиі ұйымдастырылса екен деген тілегім бар.

– *Өздеріңіз білесіздер, облыста тауар бағасын тұрақтандыру мақсатында айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп жатыр. Әсіресе ет, сүт, нан, ұн, өсімдік майы секілді халық көп тұтынатын азық-түлік бағасына айрықша көңіл аударылады. «Жетісу» коммуналдық базарында азық-түліктің екі жүз, үш жүз түрі сауда-ланады. Мысалы, картоп келісінің орташа бағасы 70-85 теңгеден, ал ірілері 100 теңгеден сауда-ланып жатыр. Сол сияқты басқа да ауылшаруашылығы өнімдерінің бағасы бірнеше пайызға төмен. Сондықтан, облыста тауар бағасын тұрақты деп айтуға болады,* – деді.

Байқағанымыздай, сүйек араласқан қой етінің келісі 1100 теңге, сиырдың жауырын еті 1270 теңге, тауық еті 620 теңге, күнбағыс майының литрі 400 теңге, пияз 70 теңге, бірінші сортты ұнның келісі 90 теңге, кеспе 175–180 теңге, пастерленген сүт 120–130 теңге, айран 125–150 теңге, жұмыртқа 265 теңге, қырыққабат 80 теңге, қант 220 теңге, қарақұмық 280 теңге, алма 230–300 теңгеден сауда-ланды. Комиссия тобы «Оптмаркет» көтерме сауда үйінде ұйымдастырылған жәрмеңкені де көріп қайтты.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



ЖЕРЛЕСТЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік ҮМБЕТОВ Аққайнар ауылының тұрғындарымен кездесіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» тақырыбындағы халыққа арнаған Жолдауын түсіндірді.

Жетісу
Серік САТЫБАЛДИЕВ

Маңызды құжаттың басым бағыттары осындағы Т. Бокин атындағы орта мектепте болған жылы шырайлы жүздесуде әңгіме өзегіне айналды. Халық қалаулысын туған ауыл тұрғындары ыстық ықыласпен қарсы алды. Серік Әбікенұлы Жолдаудың мән-маңызына жан-жақты тоқталып, ел әлеуетін арттыруға бағытталған міндеттерді жүзеге асырудың тетіктерін баяндады. Тәуелсіздік тағылымын сөз етті. Бизнес ашуға тілек білдірушілерге мемлекет тарапынан жаңа мүмкіндіктер ұсынылып отырғанын жеткізді. Мектеп директоры Мұратбек Әбішевтен білім ұясы туралы мәліметке қанықты. Жерлестерінен ауылдың жағдайын сұрап біліп, қойған сұрақтарына жауап берді. Осы орайда ауыл тұрғыны, ардагер ұстаз Есенкүл Исаева, ауылдық дәрігерлік амбулатория меңгерушісі Күлімжан Намекова, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бердіқұл Құрманғалиев туған ауылына әрдайым қол ұшын созып, елді мекеннің көркеюіне көмек көрсетуді айнымас дағдыға айналдырған депутатқа ризашылықтарын білдіріп, ұсыныс-тілектерін айтты.

Бүгінде Аққайнар ауылының жағдайы жақсы. Мұнда әлеуметтік-мәдени нысандар қалыпты жұмыс істеп тұр. Кейінгі жылдары Мәдениет үйі, емдеу мекемесі, спорт кешені, мешіт, пошта байланыс торабы ғимараттары жаңадан салынып, халықтың игілігіне қызмет етуде. Сапалы ауызсумен қамту, жол мәселесі әлдеқашан оң шешімін тапқан. Аудан бойынша табиғи газға қол жеткізген алғашқы елді мекеннің бірі осы. Кездесуде осы жайлар кеңінен сөз болды. Парламентші бірнеше пән кабинеттерін аралап, оқушылармен тілдесті. Мектептегі өлкетану мұражайын тамашалап, ондағы жәдігерлерге байланысты қызықты естеліктер айтты. Халық қалаулысымен аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Ертас, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жұмабек Шажабаев бірге еріп жүрді.

Аққайнар ауылы, Жамбыл ауданы.

ЖАСТАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Тіл сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің республикалық кеңейтілген мәжілісі өтті. «Конституциялық реформа және жастардың бойында патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру» тақырыбындағы жиын жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Шаймардан НУРУМОВ қатысып, Елбасының биылғы Жолдауы кеңінен талқыланып, басымдықтары түсіндірілді.

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Жиынға Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облысы, Алматы қаласы мен облысындағы аналар кеңестерінің төрайымдары, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, мектеп, колледждер директорларының оқу, тәрбие-ісі жөніндегі орынбасарлары, білім, тілдерді дамыту, ішкі саясат басқармалары қатысты. Кеңейтілген мәжілісті облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбай жүргізіп, күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Біріншісі, «Президенттік реформа және жастардың бойындағы патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру» болса, екіншісі, Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын жүзеге асыру кеңінен талқыланды. Шара шымылдығын ашып, алғашқы сөз сөйлеген Шаймардан Усаинұлы Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысын жүйелі жүргізіп, белсенділік танытып жүрген аналардың еңбегі ерек екенін тілге тиек етті. Осы орайда аналар кеңесінің қызметі көптеген керемет жайттарға қанық қылып, жетістіктерге жеткізіп жатқанын да айтып өтті. Еліміздің кешегісі мен бүгінін салыстырып айтқан депутат әлем елдерімен терезесі тең болғанымызды мақтана жеткізіп, Елбасының ерен еңбегі мен халықтың ынтымақ-бірлігі екенін жеткізді.

Келесі сөз кезегін алған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Үндеуі және «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын кеңінен түсіндіріп өтті. Ол өз сөзінде 26 қаңтар мен 26 ақпан аралығында облыстағы ақпараттық насихат жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын жеткізіп, Жолдаудағы жаңғыру сөзіне тоқталып өтті. Модернизация – адамның санасезімін өзгерту деген мағынаны беретіндігін тілге тиек етіп, осыған дейінгі және биылғы Жолдаудың ерекшелігін атап өтті. Сондай-ақ, жиын барысында Талдықорған қалалық Аналар кеңесінің мүшесі, заң колледжінің арнайы пәндер кафедрасының меңгерушісі Ләззат Бердікожаева Жолдауды жүзеге асыру жайында баяндама жасады. Жастардың бойына патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру тақырыбына облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық, демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының мүшесі Ләззат Еркінбаева тоқталып өтті. Сондай-ақ, тақырып аясында облысымыздың Құрметті азаматы Күләш Оразбекова, Жамбыл облыстық аналар кеңесінің төрайымы Мухаббат Меражапова, Шығыс Қазақстан облыстық аналар кеңесінің төрайымы Марина Дәулетбекова, өңіріміздегі аналар кеңесінің мүшесі Забира Сайдильдина сөз сейлеп, Жолдауға қолдау көрсетті.

Тіл сарайында бастау алған семинар Достық үйінде жалғасын тауып, облыстық аналар кеңесінің жұмыс тәжірибесі өзге облыстарға үлгі ретінде ұсынылды. Облыстық аналар кеңесінің төрайымы Несіпжамал Баймадиева қонақтарға өңіріміздегі аналар кеңесінің көрмесін көрсетіп, этномәдени орталықтардың жұмысымен таныстырды. Педагогика, психология, философия, дін ғылымдарының докторы, профессор-академик Күләш Оразбекова жайында арнайы бейнеролик көрсетіліп, соңынан Күләш Айтмолдақызы «Мәңгілік Ел – отбасының ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Аудандық аналар кеңесінің төрайымдары сөз алып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге, ұрпақтар сабақтастығын дамытуға жүйелі жұмыс жүргізу керектігін тілге тиек етті. Шара шымылдығы өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған сахналық қойылыммен жабылып, жастар – болашақтың тірегі, келешектің тіреуі екендігі ұғындырылды.



ӨРКЕНДІ ӨРЛЕУ ТЕТІГІ

КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ

Қайрат АХМЕТАЕВ, Қапшағай қаласы мәслихатының хатшысы.



Елбасының әр Жолдауы, Үндеуі, жаңа бағдарламалары әлемде болып жатқан өзгерістерге қатысты жарияланып отырады. Бұл жолғы Үндеу де өзгеріп жатқан әлемге деген жаңа көзқарасты білдіреді. Сонымен бірге қоғамды мазалап жүрген көптеген сұраққа да жауап берді деп ойлаймын.

Сол себепті оны ел дамуындағы саяси маңызы бар парасатты қадам деп айтуға болады**.** Үндеуде айтылған өзгерістер елдегі демократиялық үрдістің жалғасын тапқандығын көрсетеді. Сондай-ақ, Үкімет пен Парламенттің тепе-теңдігін қамтамасыз етіп, олардың жұмысының кәсібилігін, елдің саяси экономикалық дамуындағы жауапкершілігін арттыруда тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Бұл реформалардың халықтық талқыға салынуы негізінен биліктің ашықтық принципін, әрбір бастаманы халықпен бірлесе талқылауға дайын екендігін көрсетеді. Жалпы, елде жасалып жатқан өзгерістердің бәрі мемлекеттің болашағына арналған игі қадамдар. Жаңару мен жаңғырудың даңғыл жолына түскен Қазақстан аз уақыттың ішінде бүкіл әлемге қуатты, дамыған ел ретінде танылып үлгерді.

Сондай ақ, дүние жүзі бойынша бейбітшіл, ынтымағы жарасқан, іргесі берік мемлекет атанды. Бұл Елбасының көреген саясатының арқасында қол жеткен жетістік. Бір сөзбен айтқанда Мемлекет басшысының бұл жолғы Үндеуі де көңілден шықты. Енді біз Президенттің бұл тарихи шешімінің нәтижелі жүзеге асуына біркісідей атсалысатын боламыз.

БРИФИНГ

Облыстық коммуникациялар қызметінде ҚР Ауылшаруашылық министрлігі өкілдерінің қатысуымен арнайы брифинг өтті. Онда Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы тапсырмаға сәйкес ауылшаруашылығы кооперативтерін құру және кооперацияларды мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктері түсіндірілді.

ТИІМДІЛІГІ МОЛ БАСТАМА

Кездесуде Ауылшаруашылық министрлігінің бас сарапшысы Ерлан Ілиясов, «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының облыстық филиалы директорының орынбасары Ермек Қансейітов, экономика ғылымының докторы, профессор Үкляй Керімова, облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Саят Сақмолдин сияқты сала мамандары сарапты ойларын айтты. Жолдаудың салмақтылығын жеткізді.

Ерлан Теміржанұлының айтуынша, түсіндіру жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу үшін министрлік тарапынан АШМ қызметкерлері мен ғылыми ұйымдар өкілдерінен сарапшылар тобы құрылған. Мұндағы басты міндет – әрбір ауыл азаматын ауылшаруашылығы кооперациялары негіздері бойынша ақпараттандырып, олардың нақты іске жұмылуын ынталандыру.

– Бұл бастаманың бізге берері мол. Өйткені мұнда көптеген тиімділік қарастырылған. Мәселен, сіз, АШК құруға атсалыссаңыз, ең бірінші – кооперативке кіру және шығу еркіндігі өзіңізде болмақ. Екіншіден, өндірілген өнімді тиімді өткізіп қана қоймай, мемлекеттік қолдауға қолжетімділік көбейеді. Ал үшінші, тиімді тұсына келсек, жеңілдетілген несие алу және кепілсіз қажетті жабдықтарды сатып алу мүмкіндігі туады, – дейді Ерлан Теміржанұлы.

Бұдан бөлек, мүшелер арасындағы пайданы тең бөлісу, шешімдер қабылдау кезіндегі тепе-теңдік, өнімді сақтауды және қайта өңдеуді бірлесіп ұйымдастыру сынды перспективті тиімділіктер де атап өтілді.

Сондай-ақ, брифинг барысында осы мақсаттың аясында 8800 080 8010 Call-орталығының ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететіні де айтылды. Аталған нөмір арқылы ел азаматтары кооперация бойынша өз сауалдарын қойып, қажетті жауаптарын ала алады. Барлық бағыттарға қоңырау шалу тегін.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ

КӨПТІҢ ҮМІТІ АҚТАЛАДЫ

Өткен жылы Ақсу ауданы бойынша 1552 гектар қант қызылшасы себіліп, оның 1360 гектары өнім берген. Жыл соңында мұның 1021,5 гектары толығымен жиналып, 30067 тонна өнім «Көксу қант зауыты» ЖШС-ға өткізілсе, қалған 339 гектар жерден алынған өнім ұсақ болғандықтан мал азығына жұмсалыпты. Аудан бойынша «Алихан», «Квитко», «Дармен», «Дәулет-Б», «Нұржан» шаруа қожалықтары жақсы өнім алса, Ойтоған, Арасан, Қаракөз ауылдық округтері тапсырманы 7-8 пайызға ғана орындаған. Ал Суықсай, Қапал ауылдық округтері қызылша себу жоспарын мүлде орындамаған. Нәтижесінде, жоспарланған 45 мың тоннаның тек 30067 мың тоннасы жиналып, жоспар 68 пайызды құрап отыр.

Жетісу
Қажет АНДАС

Ақсулықтардың қант қызылшасының жоспарын орындай алмағандығының бірқатар себебі бар екен. Ең алдымен «Қызылағаш» су қоймасының іске қосылмауы қант қызылшасы мол егілетін алқаптардағы өнімділікті төмендетіп отырған көрінеді. Яғни, судың тапшылығынан қызылшаны мол өсіретін қызылағаштықтар өнім берекелігін көбейте алмай келеді. Екіншіден, қант қызылшасын жеткізетін Көксу қант зауытына дейінгі жолдың шалғайлығы ақсулықтардың адымын аштырмай отыр. Ақсудан 120 – 150 шақырым жолды басып Көксуға жететін көліктер көп уақыт жоғалтады. Бұл өз кезегінде алқаптағы өнімді ертерек жинап бітіруге кедергі келтіреді. Сонымен, ерте күзден қызылша жинау науқанын бастағанымен жаңбырлы күз айы мен ерте түскен қыс еңбекті қасат қардың астына көміп тастаған сыңайлы. Үшіншіден, техниканың жеткіліксіздігі де Кеңес кезінде атағы қант қызылшасымен шыққан ақсулықтардың үмітін үкілей алмай тұр. Тек ауданда өткен жылы құрылған «Бәйтерек» кооперативін айтпағанның өзінде, дені түзу техникасы бар шаруашылықтар саусақпен санарлық қана. Ал қызылша таситын көліктер де жеткіліксіз. 4-5 тонна қызылша сиятын тракторлармен алыстағы зауытқа тасымалдау жұмысын жүргізу шараларды шаш етектен шығынға батырады. Осындай салмақты себептерді саралай келген де, ақсулықтар «Қызылағаш» су қоймасын іске қосып, Ақсу қант зауытын қайта жүргізу керектігін алға тартты.

Өткен жылы Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Амандық Баталов бұған дейін банкте кепілде тұрған зауыттың «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ҰК» АҚ-ның иелігіне өткенін айтқан еді. Олар белгіленген жоспарға сәйкес, арнайы мамандар мен сарапшылар шақырып, бірнеше мәрте ғимараттың техникалық жағдайын, бас корпусын, ЖЭС-тің техникалық құрылғылары мен механизмдерін сараптаудан өткізген. Тіпті, банктің қарызын 3 жылға бөліп төлеу туралы келісімшартқа қол қойыпты. Өндірісті іске қосуға кететін шығындарды да есептеп қойды.

Бір айта кетерлігі, зауыт жұмысын тоқтатқанымен зауытқа жаны ашитын адамдар ондағы құрылғыларды сақтап қалуға бар күшін жұмсаған. Сондықтан мұндағы қондырғылар тозып, сыры кетіп, сыйқы бүлінгенмен тоналмаған. Осы зауытта бар өмірін өткізген және оны көзінің қарашығындай қорғап келген Владимир Юшков: «Зауыт ғимаратының сүйегі мықты, әлі де 120 жылға шыдас береді. Тіпті, мұндағы қондырғылардың көбі әлі де жұмысқа жарамды. Тек күрделі жөндеу жұмыстарына тездеп кірісіп, жоспарға сай іс атқарылса, зауытты тез арада ретке келтіруге болады», – деп сенім танытып отыр. Біз зауытты аралап көрдік. Зауыттың өндірістік бөлігі мен оған энергия беретін жылуэлектр орталығы да көп бүлінбеген.

«Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК» АҚ-мен хабарласып, қазірдің өзінде Ақсу қант зауытына инвестиция салуға отандық және шетелдік үш инвестордың ниет танытып отырғанын білдік. Олар зауытты іске қосуға кететін шығынды есептепті. Облыс әкімінің нақты тапсырмасы бойынша биыл Ақсу қант зауыты іске қосылады деп сендірді. Алайда, зауыт толыққанды жұмыс істеу үшін шикізат қажетті деңгейде болуы керек. Сондықтан ақсулықтар биыл кем дегенде 1600 гектар қызылша сеуіп, 52800 тонна қант қызылшасын өндіру керек. Ол үшін жанар-жағармайға, тұқымға сұраныс жасап, техниканы дайындап, дақылды уақытында себу керек. Осыған орай, аудан орталығында сервистік дайындау орталығы ашылып, 220 млн. теңгеге техника алыныпты. Алдағы уақытта аудандық ауылшаруашылық бөлімі екі сервистік орталық ашуды жоспарлап отыр.

Ақсу ауданы.



Әлем тынысы

ТҮРКІМЕНСТАН ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАНДЫ



Гурбангулы Бердімұхамедов Түркіменстан президенті болып үшінші рет сайланды.

Алдын ала мәлімет бойынша, оған сайлаушылардың 97,69%-ы қолдап дауыс берген. Президенттікке 8 үміткер өз кандидатурасын ұсынды. Жалпы, биыл сайлауға келіп, өз таңдауын жасағандардың қарасы қалың. Сайлаушылардың 92,7%-ы қатысқан. Айта кетейік, 2016 жылдың 14 қыркүйегінде бекітілген жаңа заң бойынша Түркіменстан президенті 7 жыл мерзімге сайланады.

РОБОТТАР ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТПЕК



Оңтүстік Кореяда 2018 жылы ақпанның 9-ымен 25-і аралығында өтетін алдағы Қысқы Олимпиадада 29 тілде сөйлейтін аудармашы роботтар қызмет көрсетеді.

Ерекше құлтемірлерді оңтүстіккореялық кеңселік бағдарламаларды қамтамасыз етумен айналысатын «Hancom Group» және «Future Robot» компаниялары құрастырып жатыр. Өндірушілердің айтуынша, сандық аудармашылар әртүрлі елден келген меймандардың тілдесуіне жәрдемдеседі. Жасанды ой-өрісі бар роботтар 29 тілде сөйлейтін және дауыстарды ажырата алатын GenieTalk бағдарламасы арқылы жұмыс істейді. Бұдан басқа «темір» гидтер адамның бет қимылын да жасай алады.

ЖУРНАЛИСТ РЕКОРД ЖАСАДЫ

Ливан мемлекеттік телеарнасындағы тележүргізуші Далиа Фрейфир Гиннестің рекордтар кітабына кірді.

Télé Liban

Ол бір тәулік бойы ток-шоуды үзбей жүргізіп, тікелей эфирде 40 музыкант, әртіс, жазушы, суретшілермен сұхбаттасқан. Оның бағдарламасына жалпы саны 91 адам қатысқан. Бір ерекшелігі – ол өз қонақтарын көрмей бағдарлама жүргізді. Өйткені ол 18 жасында жол апаты кесірінен көру қабілетінің айырылған. Алайда қиын жағдай оның өз арманына қол жеткізуіне кедергі келтірмеді. Басында "Изаат Любнан" радиосында жұмыс істеп, кейін ұлттық телеарнаға ауысты. Рекордтың тіркелгені туралы куәлікті алғаннан кейін Далиа үкімет пен қоғамды көз жанарынан айырылған жандарға назар аударуға шақырды.

САУСАҚ ТАҢБАСЫН ҚАЛДЫРАДЫ



Қытайға баратын кез келген шетелдік саусақ таңбасын тапсыруға міндеттелді.

Жаңа ережені Мемлекеттік кеңес бекіткеннен кейін қоғамдық қауіпсіздік министрлігі қабылдаған. Өзге елдерден Қытайға келетін 14-70 жас аралығындағы барлық азамат бұл талапты орындауы тиіс. Тек дипломатиялық төлқұжатпен келушілер, ресми делегация мүшелері, мемлекеттік қызметкерлер ғана бұл ережеге бағынбайды. Сондай-ақ, қос тараптың келісімі жағдайындағы ерекше кездесулерде де бұл ереже алынып тастауы мүмкін.

Саусақ таңбасын қабылдайтын алғашқы бекет Шэньчжэнь қаласындағы әуежайда ашылады. Ал сосын аталмыш шара ел аумағындағы барлық орындарға енгізіледі.

ДЕЛЬФИНДЕРГЕ ҚАУІП ТӨНУДЕ



Жаңа Зеландияда тағы 200 дельфин жағаға шығып қалды.

Бұл жақында ғана 300 дельфин өліп қалған жағалаудан 11 шақырым жерде болған. Аманда Харви, табиғатты қорғау департаментінің өкілі: – Су деңгейі жоғарылап, бізге оңтайлы мүмкіндік туып тұр. Осы сәтті пайдаланып, дельфиндерді суға жіберуіміз керек. Оған дейін өліп қалмауы үшін қолымыздан келгенді жасап жатырмыз, – дейді маман. Қазір еріктілер су жануарларын құтқаруға қам-қарекет жасап жатыр. Нәтижесінде 100-ге жуық дельфинді теңізге қайта жіберді. Мамандар олардың неліктен жағаға шығып қалып жатқанын дөп басып айта алмайды.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ТАНЫМ

Саңлақ ақын Сара



Сараның атының бүкіл қазаққа жайылуы тегін болмаса керек-ті. Заманында «Жетісу бұлбұлы» атанған ақын жайлы айтылып жүрген қисапсыз әңгімелерге байланысты өз ойымызды айтудың еш әбестігі болмас. Біріншіден, қазіргі тұста осы Сара деген болды ма, ол туралы өз уақытында «Сара деген кім өзі, италияның «Сара» деген атын даурықтырып, оны қазаққа теліп, ол сондай екен, мұндай екен, тіпті мүйізі қарағайдай «Біржан-Сара» операсының либреттосын жазған академик Қажым Жұмалиевтің Ешкіөлмес тауының бауырында Тұрысбек қажының ауылында өткен Біржан мен Сараның айтысын Арқадағы Көкшетауға апарып телігенін қалай түсінеміз немесе «Сара деген қыз болмаған. Біржанның өзі ойынан шығарған әдеби кейіпкері көрінеді», – деген сөздерді осы заманның көзі қарақты оқырманы білетіні жасырын емес.

Саранының өмірде болғанын, оның атақты Біржанмен айтысқаны туралы бұрынғы және кейінгі зерттеушілер мен ғалымдар, ақын-жазушылар талай рет баспасөз беттерінде өз ойларын ортаға салғанын білеміз. Олардың қатарында сонау XIX ғасырдан бастап, бүгінгі күнге дейінгі зерттеушілердің пікір-пайымдарының қатарында Жүсіпбек қожа Шайыхысламов, Әріп Тәнірбергенов, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Мұқан Төлебаев, Тәнірберген Қалилаханов, Мәкей Еркімбеков, Жемісбек Толымбеков және басқа да ғалым-қаламгерлердің еңбектері бар.

«Біржан мен Сара» айтысы алғаш цензураға 1897 жылы 2 желтоқсанда Петербург қаласынан рұқсат берілген. Айтыс баспадан екі мәрте шыққан. Бірінші халық әдебиетін жинаушы Жүсіпбек қожа Шайыхысламов бастырған. Ол «өзім Сарадан жазып алдым», деп 1898 жылы ағайынды Мұхамеджан мен Шәріпжан Кәримовтың Қазан қаласындағы жекеменшік баспаханасынан шығарады.

Айтыс мәтінінің алғашқы бетіндегі: «Мұны айтқан әлқисса Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өз аузынан осылай деп, бастан аяқ баян қылғанын айтыстың келер жылында», – деген сөзге сүйеніп, авторы Жүсіпбек қожа дейді. Ал баспадан 1898, 1900 жылдары шыққан айтыс мәтінінде мұндай сөздер мүлде жоқ.

«Сара мен Біржан» айтысын сыбан Әріп Тәнірбергенов шығарды деген сөз де бар. Әріп 1862-1924 жыл аралығында өмір сүрген. Ол Жетісудағы Лепсі уездік басқармасында тілмаш болып істеген. Арасында қалада отырған Есімбектің үйіне қонып жүретін ол сол үйден Сараны көріп, оның сұлу сымбатымен қоса ойынан өлең шығарып айтатын ақындығына қызығады. Бірде Есімбекке: «Есаға күйеу балаң болайын, мына қарындасыңызды маған беріңіз» дегенінде Есімбек:

– Әріпжан, бұл баланың басы бос емес. Атастырып қойған адамы бар, – деп басын шайқаған екен. Содан бастап, Сараны айттырған адам оның теңі емес, бүкір Жиенқұл екенін сұрастырып білген Әріп жылап жүрген жетім қызға жаны ашып, жүрегі сыздайтын.

Академик Мұхтар Әуезов: «Анығы, Әріп айтысты негізгі шығарушы емес. Соңғы айтушы болғаны рас. Ол хал айтысты Әріптікі ете алмайды», – деп шынайы жазған. Айтыс мәтінін Зайсаннан жіберген автордың есімі Әмірхан. Ол Біржан салдың қолқанат досы, «Ер Әмірхан» деп аталған. Сал-сері, өзі палуан. Бек, болысқа қызметі жақпай сайран салып, өлген солдатты содан көргендіктен, ұлықтан қорқып, дәм тартып Зайсанға кеткен. Найман-төртуыл ішінде бес жыл өмір сүріп, Алтай мен Шәуешекке даңқы жеткен асыл. Елі – керей, жері – Қызылжар. Жетісуға сан мәрте келіп, кетіп жүрген. Біржан мен Сара айтысқанында сал-серінің қасына еріп келгендердің бірі болған. Төртуыл Сегізбай би ауылынан Қазан қаласына «Біржан мен Сара» айтысының мәтінін жіберіп, өз есімін сақтықпен жазбай қойған. Әріптің Сараға «ғашықтық өлең хаты» деп Тәнірберген Қалилаханов баспа еткен өлеңмен жазылған хаттар есімі аталған Әмірханға тап келеді. Өйткені ол хаттар да Сараға Зайсан мен Шұбарағаш-Ойжайлаудан жіберілген. Сараның өзі «ары өтіп, бері өткені сыйлық тастап, көбейді қызға ұнамақ мырза-дағы», деп айтқанындай, оған жігіт-мырза, шал-шақпыт, бек-болыс, бай-манап, және басқа қолқа салмаған жан аз болмаған.

Екіншісі Зайсаннан жіберілген, толық нұсқасы деп аталады. Ол Орынбор қаласында тұратын Хұсайынов пен Кәрімовтер бірлесіп ашқан «Хизмәт» баспаханасынан шыққан. Осы нұсқа Әріптікі саналған. Елі тобықты Қуанышбай ақынның:

«Әріпке сәлем жаздым үш қайтара,
Шығардым деп оттапсың
«Біржан-Сара».
Басыңда байлауың жоқ, бір ант едің,
Сайтан болып кетерсің бара-бара», – деген сөздерін ескерсек, Әріп жазды дегеннің дәйегі болмайды.

Енді Сараны Жиенқұлға беруге Маман Тұрысбек ынтық болғандығына келсек, сауданы жаңа капиталистік әдіспен кең өрістете беру жолына түскен, сол арқылы мыңғырып баюдың дұрыс тәсілін тапқан Тұрысбектерге өндіргіш күш қажет болған-ды. Өсіп келе жатқан қыруар малға бақташы да, басқарушы да керек. Осындай аса пайдалы өндіргіш күш кейінірек «құлдар» атанып кеткен бір рулы ел еді. Олар Қалқабайдың (Маманның әкесі) арғы аталарымен туысқан тайпадан тарайды. Осы «құлдар» руының ішінде бір әкеден сегіз ағайынды, олардың ең кенжесі Жиенқұл болыпты. Жиенқұлдың бала кезінде құныстан белі бүкір, сыныктан бір аяғы шолақтау бітеді, оның үстіне бет әлпеті де сиықсыздау болып өседі.

Алайда, ол ер жете келе «құлдар» арасындағы ықпалды пысықтардың бірі болған. Маман-Тұрысбек ауылының малын бағып, шаруасына араласып, әбден жағымды болған ағаларының арқасында Жиенқұл молдадан сабақ оқып, намаз бен Құран оқуды үйренеді. «Аузы сөзге, аяғы жүруге епті» болып, мысқылшы, қалжың сөздерді көп білетін сөзуар да екен. Түр-тұрпатына қарамастан өзінің сезімтал пысықтығымен ол Тұрысбектің ойдағысын ернінің емеурінен танып, бұлжытпай орындайды, бар деген жеріне бөгелмей барып, айт дегенін жасқанбай айтатын болады. Күлдіргі ертегіәңгімелерімен, жағымсыздарды кекетіпмұқатарлық өткір мысқыл сөздерімен қажының көңілін көтеріп, қуанышқа бөлейтін дәрежеге жетеді.

Сиықсыз түріне байланысты Жиенқұл жасы қырықтарға келгенше қалыңдықсыз жүреді. Әркім-әркімге сөйлескенімен, ешкімнің бұған қыз бергісі келмейді. Сондықтан Жиенқұл өзінің қуақы тілімен: «Қажыеке-ау, малымыз аз, аяғымыз шолақ болғандықтан Меккеге бара алмаймыз, не қатын ала алмаймыз, қатыны көптер маңына жолатпайды, қайда барсаң бытпылдық. Мұндай сөзге сіз де құлақ салмай жүрсіз. Күріштің арқасында күрмек су ішеді дегендей, көлеңкеңізде жүргелі көп заман, «жақсыдан шарапат» дейтіні қайда осы!» – деген сөздерді айтып қыңқылдай береді. Сөйтіп жүргенде «апырмай осы Жиенқұл байғұсқа ретін тауып біреудің қызын алып берген жөн болар еді-ау», деп айтып қалады Тұрысбек. Осы сөзді ұстап алған Жиенқұл, әрдайым «Қажыеке-ау, уәде құдай аты емес пе», деп қажыны мазалай береді. Міне, осы айтылғандарға орай қолға арзан түсіп отырған, қорғансыз қызды Жиенқұлға беріп, «өндіруші күш» болып отырған «құлдардың» да көңілін аулап қою қажет болған-ды. Міне, Сараны Маман тұқымдарының біреуі ала салмай, Жиенқұлға атастырудың себептері осылай болса керек.

Жиенқұл айттырды дегенді естігеннен-ақ Сараны қара тұмандай ауыр қайғы басады. Енді қайтсін, өзі бүкір, өзі жантақ, қисық көз, дұрбік ерін Жиенқұлды күйеуім деп қалай айтпақшы? Әкесі тірі болса, ағалары ауқатты болса, мұндай пәлеге ұшырамас еді-ау.

Құдай-ау әкемді алдың туа сала,
Атандық «жесір қатын», «жетім бала»,
Тезегін теріп елдің, отын жақтым,
Жоқ болып босағамда жалғыз қара.
...Апатай, осы ма еді қорлық деген?
Қорлыққа көндіретін зорлық деген?
Жан шошыр, ақсақ, соқыр бір есектің,
Қорланып, қосағында болдық деген, – деп зарлай жырлаған өлеңі оқыған адамды бейжай қалдырмасы анық.

Ахмет Шөпшекұлы беріректе, Ахмет Малайұлы ақын Сара заманында өмір сүрген адам екен. Біржан салдың Жетісуға келгені туралы «Талай заман», «Жетісу» атты өлеңдері бар. Ахмет ақын: «Асығыс атқа мінген Аягөзден, найман Сара ақын бар деген сөзбен», – деп Біржан салдың Жетісуға Аягөз арқылы келгенін жеткізеді. Ақын Сара Ешкіөлместің баурында тұңғыш рет азаттық деп ту көтерген асыл жан. Ал Біржан сал келісімсіз құрықты сыпырып, Сараға теңдік алып берген. Біржан сал:

«Омбыда Дюгомельге өтініш қып,
Қорғауға сол баланы құрма қылдан.
Сарадай балғын қызға қамқорлық қып,
Құтқардым жауыздардың тырнағынан», – деп аруға жасаған қамқорлығын өлеңмен баяндайды. Сараның азаттығы туралы Ахмет ақын:

«Тұрысбек айғайлап тоқтатты елді,
Сара қыз Жиенқұлдан «азат» енді.
Шарт солай: қалың жігіт қаптағайдан,
Қосылсын өзі таңдап әмеңгерді», – деп деректейді. Ақын Сара ел бірлігі үшін, қаптағай-тасыбай жігіті Бекбайды таңдап, күйеуге шығуы, осы шартты да ескеріп, орындағаны болуы мүмкін.

Бостандық алған Сара өз ықтиярымен елі тасыбай Бекбай Алтынбайұлымен тұрмыс құрған. Екеуі Ермұқан, Нұрмұханбет, Рухия, Жақия, Кіпия, Мүнира сынды алты ұрпақ сүйген. Мейрамбай мен Жаймолда Тыныбайұлының дерегінде ақын Сара Бекбайдан сегіз ұрпақ көргені айтылады. Аталмайтын екі ұрпағының есімдері Баймұхан, Жұмахан делінеді. Екеуінің өмірі беймағлұм. Ертерек шетінеген тәрізді. Нұрмұханбеттің келбеті ақын Сараға тартып, өнді, өнерлі болып, он бес жасында көкпар тартысында аттан құлап, қатты мертігіп, жұлындары зақымданғанынан мерт болыпты.

Сараның Жиенқұлдан ажырату дауына белсене қатысып, басы-қасында болушы ел басшыларының бірі – сол кезде Қапал оязына қарайтын Ақешкі елінің болысы, Қаптағай ішіндегі Тасыбай дейтін рудан шыққан Дүбек деген кісі екен. Дүбек арысы Матай, берісі Қаптағай ішіндегі аса көрнекті де беделді болыстардың бірі болған, үйсінайман бас қосқан үлкен жиындарда сан рет топ басы болып та сайланған. Осы атақты Дүбектің немере ағасы Шақар деген кісінің балалары Кеукенбай, Алтынбек дегендер де бай болыпты. Алтынбектің Бекбай деген баласы сол кезде 25 ке келген бойдақ жігіт екен. Сараның дау үстінде тағы басқа да жиындарда көріп жүретін Дүбек болыс Тұрысбек, Есімбек, Арнайлармен келісіп, қалың малына жүз байтал өткізіп Бекбайға алып береді.

Сонымен атақты ақын Сара 1897 жылдың жазында Тасыбай еліндегі Алтынбек ауылына келін болып түседі.

Дүбек бастаған Тасыбай елі келін болып түскен Сараны зор құрметпен қарсы алады, бір болыс елді шақырып, ат шаптырып, той жасайды. Атасы Алтынбек келініне отау тігіп, енші бөліп береді. Бекбай мен Сара тату-тәтті тұрады. Сараны бүкіл ел сыйлайтын болады. Сараның Тасыбай еліне келін болып түсуіне байланысты сол замандағы жергілікті ақындар мынандай өлең шығарған.

Бой жеткен ақын Сара басы бос қыз,
Бұл күнде Жиенқұлдай қасы жоқ қыз.
Тәрбие тәлім алған өнегелі,
Ауылында Есімбектің жарық жұлдыз.
Әркім-ақ Сара қызға көзін салды,
Саудагер ақшасы мен бөзін салды.
Кейбіреу арзанырақ алмақ болып,
«Көк үйлі» қажыларға сөзін салды.
Кейбіреу ақыл-айла ебін салды,
Хан тұқымы – төрелер тегін салды.
Ақыры перизатты қадыр тұтқан –
Тасыбай мал аямай жеңіп алды.
Жиенқұлдың ауылы көп жысласты,
– Сарадан айырылдық, – деп жыласты.
Сарадай перизаттың Тасыбайға,
Келін болып түсуі тойға ұласты...

Сара Алтынбекке келін болып түскеннен кейін де той-томалаққа үзбей қатысып, ел аралап, өлең айтып жүреді. Кейде Бекбайдың өзі де қасында болады екен.

Сара Бекбайға тұрмысқа шығып, тату-тәтті өмір сүріп жатқанда, еліне Шакәрім Құдайбердиев келгендігі туралы дерек бар.

Мәкей Еркінбеков естелігінде: «Шаһкерім қажы Абайдың ұлы Әбдрахманның сүйегін алып келе жатып, жолай ақын Сара ауылына тоқтап, бір қонып, аттарын жемдеп, суарып, ақын Сараның Абайға көңіл айтып өлең жолдап, ақбоз атты азаға тартып жіберетіні осы аратұра құдандалық араластың бір іспет көрінісінің ізгілік белгісі еді», – деп жазады.

Ақын Сараның сүйегі Үлгітірек шаруашылығындағы «Үш Кәукен» деп аталатын жердегі тасыбай елінің бейіт қорымы ішіне жерленген. Басына кеңес дәуірі тұсында кішкене мәрмәр ақ тас қойылыпты. Ол туралы Т. Қалилаханов «Ақын Сара» кітабында жазады. Қазіргі «Ақын Сара» ауылына қарасты Ақешкі суының бойындағы жеке тұрған зират ақын Сараға арнап салынғанымен онда оның мәйіті жоқ. Құр бір уыс топырақ әкелініп, соған кесене салынған деседі.

Өзінің аяулы да ардақты ұл-қыздарын халық әр уақытта ұмытқан емес-ті. Сол сияқты Сараның да туып өскен елі ардақты қызын, атақты ақынын, көрнекті қайраткерін естеріне зор құрметпен мықтап сақтаған.

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

МӘДЕНИ ШАРА

Өткенде ғана аяқталған XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиададағы жеңісіміз ел тұрғындарының үлкен ықыласына бөленді. Сол табысымызды жұртқа жеткізу мақсатында күреңбелдіктер алғашқылардың бірі болып, Қоғалы ауылында «Қыс өрнегі» атты мәдени тынығу іс-шара ұйымдастырды. Үшінші жыл өтіп отырған дәстүрлі шара еліміздегі славян халықтарының мерекесі – Масленицамен тұспа-тұс келгендіктен ұлттар арасындағы береке мен ынтымақтың жарқын көрінісі ретінде әсер қалдырды.



Жетісу
Қажет АНДАС

Қыс өрнегі

Осындай маңыздылығы жоғары мереке қарсаңында ұйымдастырылған шараға аудандағы мәдени орталықтардың өкілдері барынша қолдау танытты. Спорттық ойындар ұйымдастырылып, әсем ән шырқалды, ұлттық киімдер киінген өнерпаздардың мың бұралған биі де бұл күннің шырайын келтіре түсті. Сондай-ақ, арнайы тігілген шатырларға ұлттық тағамдар қойылып, тәттілер мен қолөнер туындылары орналастырылды. Шатырларды Кербұлақ ауданының әкімі Бағдат Әлиев аралап көріп, жиналған қауымды мерекелерімен құттықтады.

– Қымбатты қауым, қадірлі ағайындар. Бұл халықтық мереке ауданымызда осымен үшінші жыл қатарынан өтуде. Алдағы уақытта да жалғасын табатындығына бек сенімдімін. Қазір еліміз әлемдегі өркениетті елдердің қатарына кірді. Оған сонау 1929 жылы Вашингтон қаласында бастау алған Универсиаданың Алатау төрінде абыройлы өткендігі себеп бола алады. Бұл Қазақстан деген елдің әлеуетін көрсететіндігімен де құнды. Сондықтан баршаңызды Универсиядадағы спортшыларымыздың жеңісімен құттықтаймын. Биылғы мерекені осындай жеңістеріміз көп бола берсін деген ниетпен жасап отырмыз. Тағы бір жағынан мынау Қарабұлақ, Алтынемел, Матай тауы, анау тұрған Шағантау, бәрі де тарихқа тұнған жер. Бұл маң кешегі Шоқан Уәлихановтың табан ізі қалған жер. Сондықтан осындай қасиетті жердің қадірін асыруға бәріміздің үлесіміз сіңуі керек, – деді аудан әкімі.

Жоңғар-Алатауының баурайындағы Қоғалы елді мекеніне шараға жиналғандардың қарасы көп болды. Қатар-қатар тізілген шатырларға орналасқан шешен, орыс, ұйғыр, өзбек, славян, украин, орыс, тағы да басқа ұлттардың мәдени орталықтары жұртқа ұлттық өнерін көрсетіп, тағамдарынан дәм татқызды. Арнайы дайындалған сахна төрінде өнерпаздар жұртшылыққа көтеріңкі көңілкүй сыйлады. Сахнаға қанаттас атшаптырым аумақка қысқы спорт түрлерінен өтетін жарыс алаңы жасалыпты. Алаңға кіреберіске он екі жылдың белгісі болған 12 жануардың мүсіні мұзбен қатырылған. Қай қырынан алсаң да берекелі өмірдің белгісі есіп тұр. Жарыс алаңында екі, үш ат жегілген, шанасын дайындаған шабандоздар мен шаңғысын сайлаған әуесқой спортшылар сақадай сай тұр.

Шараға деген елдің ықыласы да басым. Үш жыл бұрын өңірдегі елжұрттың ынтымағын арттыру мақсатында қолға алынған шара бүгінде ұлттардың өнері мен мәдениетін бір ортаға біріктіріп, қысқы спортты насихаттаудың жарқын үлгісіне айналып үлгергені көрініп тұр. Бүгін мұнда қысқы спорттың алты түрімен қатар қол күресі, батпан көтеру, арқан тартыс сияқты бұқаралық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылды. Оған аудан аумағындағы 150-ден астам спортшы қатысып, жеңімпаздар анықталды. Бұл сайыста жеңіс тұғырынан көрінгендер алдағы уақытта Райымбек ауданында өтетін облыстық турнирде бақ сынайды.

«Ер кезегі үшке дейін» деген нақыл сөз бар. Мәдени тынығу шарасын үш жыл қатарынан өткізіп, мол тәжірибе жинаған күреңбелдіктер мұны келесі жылы облыстық деңгейге көтеруді жоспарлап отырған көрінеді.

Кербұлақ ауданы.

КӨКЖИЕК

Мамандықты ТАҢДАЙ БІЛ

Қазіргі кезде жастар көбіне қаржыгер, заңгер мамандығын таңдайды. Алайда бұл салаға көптеп баратындықтан оларға мамандық бойынша жұмысқа орналасу да қиынға түседі. Жастар, тіпті үлкендер болсын, жоғары оқу орнында білім алу міндетті деп санайды. Егер күш-қабілетің жетіп жатса, әрине, жақсы оқып, жоғары білім алғанға не жетсін!

Алайда, ең бірінші кезекте сол бойынша ертеңгі күні жұмыс таба аласың ба, сол жағын ойлау керек. Осы ретте біздің елде жұмысшы мамандарға сұраныс көп болатындығын алға тартқым келеді. Экономикасы өркен жайып келе жатқан жас мемлекетіміздің өндіріс орындарына білікті мамандар керек екендігі түсінікті. Сондықтан жастар алдымен жұмысшы мамандықтарын оқып алса, болашақта өсуіне де жақсы негіз болады. Ал бұл мамандықтар бойынша кәсіптік-техникалық колледждерде білім беріледі.

Елбасы биылғы халыққа арнаған Жолдауында бұл мәселеге ерекше мән беріп, өндіріс пен өнеркәсіптің барлық салаларын кәсіби-техникалық мамандармен толық әрі сапалы қамтамасыз ету үшін 2017 жылдан бастап, «Жалпыға бірдей тегін кәсіби-техникалық білім беру» жобасының жүзеге асатынын, осы жобаға сай мемлекеттің әрбір жеке адамға мамандық беруі қолға алынып, жүзеге асырылатынын жариялады. «Мектепті бітірген жас азамат бірінші мамандығын тегін алатын болады. Біз осыдан бастайтын боламыз. Үкімет осыған кірісуі керек. Қазақстанның жас азаматтары білімді, еңбеккөр, бастамашыл болуы тиіс. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батылдықпен барулары керек. Егер шеберліктің шыңына жете білсеңіздер – мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен адамның өмір сапасы озады, тұрмысы жақсы болады. Ең ақыры бүгінгі жасап жатқан жақсылықтарымыздың барлығы – жастар болашағы үшін», – деді.

Бұл жастарға жасалып жатқан үлкен қамқорлық, олардың жарқын болашағы үшін ашылған зор мүмкіндік. Мұнымен қатар облыс көлемінде жұмысшы мамандығын меңгеретін жастарға шәкіртақы, күніне бір реттік тегін ыстық тамақ та берілмек. Мемлекетіміз осындай мүмкіндік ашып отырғанда жастарға тек талаптанып, оқу мен ғылымға ғана ұмтылу қажет. Техниканың тілін меңгеріп, ауылшаруашылығының сырын білген, компьютердің құлағында ойнаған адам ешқашан жұмыссыз қалмайды.

Баршаға арналған кәсіптік-техникалық білім беру – уақыт талабы. Оған бүгінде көз жеткізудеміз. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлап, елімізді өркениетті отыз елдің қатарына қосуда жұмысшы мамандардың да қосар үлесі зор. Оған жетелейтін жол – тек қана білім, еңбек, ізденіс. Бүгінгі заман талабына сай мамандар даярлап, мемлекет сұранысын өтеуде, еңбек нарығын бағындыруда кәсіптік техникалық білімнің берері мол.

Мөлдір ИСЛАМОВА,
Талдықорған сервис және технология колледжі директорының өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары.

БІЛІМ

Елбасының биылғы халыққа арнаған Жолдауы Қазақстанның Үшінші жаңғыру жолын айқындап, мемлекетіміздің алдағы даму бағытын белгілеп беруімен құнды болды. Педагог ретінде мені білім саласына қатысты айтылған ойлар толғантты.

Жаңаша талап

Бұл ретте Елбасы: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын азайту қажет», – деді.

Бүгінгі күні білімге жаңаша талап қойылып отырғаны белгілі. Осы ретте ұстаздар терең ізденіс үстінде деуге болады. Білім мазмұнын толықтай өзгертіп, жаңаша сабақ беру, онда заманауи әдістәсілдерді қолдану, балалардың сыни ойлауын қалыптастыру жолында еңбек етуде.

Бүгінгі күні білім ошақтарынан Назарбаев зияткерлік мектебінің үлгісінде сабақ беру талап етілуде. Осыған орай балалардың қабілет-қарымын, дарынын ашуға үлкен көңіл бөлініп, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу бағытында жұмыстар атқарылуда. Бұл қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын жоюға игі ықпал етеді деп білемін.

Сонымен қатар, Елбасы үштілділікті дамыту, қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, жас жеткіншектерге ағылшын тілін еркін меңгерту жайына да ерекше мән берді. Тіл білімін меңгерту мектептен басталатынын ескерсек, бұл бірінші кезекте ұстаздарға артылып отырған зор міндет. Осыған орай оқушыларға уақыт талабына сай білім беріп, үш тілді де еркін меңгертіп, Қазақстанның жарқын болашағын қалайтын азаматтарды тәрбиелеу жолында аянбай еңбектенуіміз қажет.

Жолдау жүктеген жаңа міндеттерді орындауда педагог қауымы жұмыла жұмыс істеп, еліміздің дамуына өз үлесін қоса бермек.

Ләззат НҰРАЛИЕВА,
Айдарлы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Панфилов ауданы.

ТӘРБИЕ

БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ

Әрбір қазақ баласына үлгі боларлық батырлар көп. Десе де, мектеп жасынан Бауыржан Момышұлының батырлығын, ақылдылығын, ұлтжандылығын, рухының биіктігін біліп, сезініп өскен оқушылар болашақта дәл осындай тұлға болғысы келетіні анық.

Сондықтан да батыр Бауыржан атамыздың: «Ешкім де іштей батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады», – деген бір ауыз сөзіненақ көп жайды аңғаруға болады. Ертең елімізді найзаның ұшымен де, білектің күшімен де, терең біліммен де қорғайтын біздің бүгінгі мәпелеп отырған ұрпағымыз. Соларға біз батырлықты мектеп жасынан қалыптастыруымыз керек. Егер олар тәрбиенің мәні мен маңызын бойына сіңірмесе, тарихына асқан жауапкершілікпен қарамаса, үлкенді сыйлап, кішіні құрмет тұтпаса, кең даланың ұшқан құсына, жүгірген аңына жаны ашымайтын болса, онда біз болашақтың кілтін ол баланың қолына сеніп табыстай алмаймыз.

«Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді о бастан-ақ бастауды біз көбіне ұмытып кетіп жатамыз. Ұрпағының шыншыл, әділетті, иманды болуын кез-келген ата-ана қалайды. Бірақ олар соған амал етіп жүр ме деген сұрақты төтесінен қойсақ, бірден кібіртіктеп қалатынын жасыра алмаймыз. Осындай олқылықтың орнын ең бірінші үйдегі ата-ана, балабақшадағы тәрбиеші және мектептегі ұстаздар толтыруы тиіс. Өскелең ұрпақтың жан дүниесін білім нәрімен сусындатып, халқының ерте заманнан жинақтаған асыл мұрасымен байытып, ұлттық дәстүрдің озық үлгілерін санасына сіңіріп, Абайша сөйлесек, «көкірек көзін оята тәрбиелеу» бүкіл қоғам болып атсалысатын жауапты міндеттердің ең бастысы.

Нұргүл ЕСҚАРАЕВА,
Жайдақбұлақ негізгі мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Райымбек ауданы.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Өткен ғасырдың соңғы жылдарындағы қиын кезеңді көзге елестетіп көрелікші. Көше бойында барын саудалауға алып шыққан халық, қара құлып салынған дүкендер, қараусыз қалған зауыт-фабрикалар, әлеуметтік нысан ғимараттары. Ел экономикасы шатқаяқтап, жұмыс орындары жаппай қысқарып жатқан мұндай қысылтаяң шақ бүгін болмағандай. Бұл Бірінші жаңғыру басталған ең қиын кезең еді. Осынау алмағайып заманда алып империяның іргесін сөгіп, азат мемлекеттің шаңырағын көтердік. Ал Екінші жаңғыруға байланысты жалпы ішкі өнімнің жыл сайын еселеп артып келе жатқанын айтпағанның өзінде асқақ Астананы тұрғызып, халықаралық ең беделді ұйымдарға төрағалық еткенімізді, ЭКСПО көрмесіне қызу дайындық жүргізіп, 60 шақты мемлекеттің басын қосқан Универсиаданың абыроймен өткенін тілге тиек етсек те жеткілікті.

Елбасы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа арнаған биылғы Жолдауында төртінші өнеркәсіптік революцияның басталғанын, жаппай экономиканы цифрландыру бағытында ұлтқа жаңа мүмкіндіктер туып отырғанын түсіндіріп берді. Сонымен бірге, егемендіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтарды еңсеру арқылы мол тәжірибе жинақтағанымызды, нәтижесінде екі жаңғыруды сәтті өткергенімізді атап өтті.



Серік ҮМБЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

БІРЛІК — біздің туымыз

Жаңғыру – қазақтың байырғы сөзі. Көбіне, жаңалау, жетілдіру, өзгерту, өңдеу секілді сөзге жақын. Яғни, саясат тіліне салсақ, озық мемлекеттерге қарап бой түзеп, дамыған елдердің деңгейіне жетуге бағытталған стратегиялық жоспар құру деген аксиомаға негізделеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ағымдағы жылдың 31 қаңтарында халыққа арнаған Жолдауында елімізде Үшінші жаңғыруды бастау керектігін жариялады. Әрине, бұл бастама «Қазақстан – 2050» Стратегиясы мен «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары негізінде іске асырылатыны сөзсіз. Өйткені Қазақстан дәл осы екі маңызды құжат арқылы экономикалық дамудың жаңа баспалдағына көтеріліп отыр.

Елбасы Қазақстанды жаһандық өзгерістермен байланыстыра қарайды. Қайбір мемлекеттердің томағатұйықтығы біздің елде жоқ. Елбасы тәуелсіздік алған күннен Қазақстанда бейбітшілікті, бірлікті насихаттап келеді. Бабаларымыз бірлік бар жерде ғана береке болатынын әлдеқашан айтып кеткен. Елбасы сол рухани қазынаны қайта жаңғыртып, жас ұрпақты бабалар мұрасымен тәрбиелеуге баса көңіл бөледі. Оның бұл бағыттағы жұмысын жыл сайын халыққа арнайтын Жолдауларынан байқаймыз. Осы жолы Президент Қазақстанның 25 жылда бағындырған жетістіктерін қорытындылай келе, Үшінші жаңғырудың басымдықтарын атап көрсетеді. Халыққа түсінікті болу үшін Бірінші және Екінші жаңғыруларға, сонау 1990 жылдардың басындағы экономикалық ауыртпалықтарға тоқталып, сол кездегі жағдайды бүгінгі жетістіктермен салыстырады.

«Қазақстанның Бірінші жаңғыруы бәріміздің есімізде. 25 жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды қалай бастағанымыз жадымызда тұр. Сол кезде біздің буын іргетасынан бастап қолға алып, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет құрды», – дейді Елбасы. Шынында да, сол бір сындарлы жылдары Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізді. Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, тәуелсіздікті алудан ұстап тұру қиын. Алайда Президент тәуелсіздікке тәубе етіп отыра бермей, Қазақстанның экономикалық дамуына баса мән берді. Нәтижесінде, санаулы жылда Қазақстан әлемге бейбітшілікті, бірлікті және экономикалық өрлеуді ту еткен дамушы ел ретінде танылды.

Биылғы Жолдауда Елбасы Қазақстанның даму бағытын тағы бір айқындап берді. Өз сөзінде Президент 2050 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуы қажеттігін бұлжымас бағдар, айқын мақсат ретінде көрсетеді. Сонымен бірге, Жолдауда Қазақстанның дербес даму көрсеткіші айтылып қоймай, әлем алдындағы беделі, саяси-экономикалық орны айқындалады. «Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл – жаңа жаһандық болмыс. Оны біз қабылдауға тиіспіз», – делінген Жолдауда. Сонымен, Үшінші жаңғыру Қазақстанда қалай жүзеге аспақ, ал бұл өзгерісті ел тұрғындары, атап айтқанда, ауыл халқы қалай қабылдап отыр деген мәселеге ойыссақ, Жолдауды бүге-шігесіне дейін оқуға тиістіміз. Жолдауда бұл сауалдарға нақты жауаптар ұсынылады әрі дамудың тетіктері көрсетіледі.

Бүгінде Елбасы Жолдауын жержерде түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Осы орайда мен түгін тартса майы шығатын шұрайлы Жетісу өлкесіне ат басын бұрдым. Өзіме жақсы таныс, бірлігі мен татулығы жарасқан, киелі өлке – Алматы облысының тұрғындарымен кездесіп, Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын Жолдауы жайында өзара ой бөлістік. Айта кетерлігі, ауыл тұрғындары осынау түбегейлі өзгерістерге үстірт қарамайды. Ақпарат құралдары арқылы саяси һәм экономикалық жаңалықтардан хабардар. Мәселен, Жамбыл ауданының Айдарлы ауылдық Мәдениет үйінде өткен кездесуде шалғайдағы ауыл тұрғындары Президенттің Жолдауын жылда асыға күтетінін жеткізді. Бүгінде бұл ауылда 50 мың бас қой бар. Бірақ ауылда бар болғаны 1290 тұрғын тұрады. Демек, мұнда шаруашылық жұмыстарының қызу жүріп жатқанын байқауға болады.

Баршамызға мәлім, Елбасы билік тармақтары өкілеттіктерін қайта бөлу туралы Үндеу жариялады. Шалғайдағы ауыл тұрғындары бұл бастама жайында да өз пікірін білдірді. Өкілеттіктің бір бөлігін Парламент пен Үкіметке берудің заман талабынан туындап отырғанын халық жақсы біледі. Бұл ретте жергілікті өкімдіктер бюджетті басқару құқығына ие болады. Облыс, аудан және ауылдық округ төңірегіндегі түйіндерге әкімдік өзі шешім шығаратын құзырет қалыптаспақ. Жуырда Елбасы бұл мәселені Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз етіп, министрлерге жаңа міндеттер жүктеді. Сондай-ақ, Президент осы жолғы Жолдауында өкілеттілік туралы ойын: «Өткен жылдарда орталықтан жергілікті жерлерге көптеген функциялар мен өкілеттіктер берілді. Енді олардың жеткілікті қаржылық дербестігін бекемдей түсу қажет. Сонымен бірге, қаржы шығысы жөніндегі өкілеттіктердің облыстық деңгейде шоғырлануына жол бермеу маңызды. Оларды әрі қарай аудандық және ауылдық жерлерге беру керек. Әкімдер өңірлік және жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тиіс, ал Үкімет жалпымемлекеттік мәселелерге ден қоюы қажет», – деп толықтыра түседі.

Үшінші жаңғырудың төте жолы – барлық саланы цифрландыру және электрондық жүйеге көшу. Нұрсұлтан Әбішұлы биылғы Жолдауында бұл ойын бес басымдық арқылы білдіреді. Оның ішінде онлайн-сауда, мобильді банкинг, 3D принтинг секілді жаңа технологияларды атап өтіп, цифрлы қызмет көрсету бастамасын медицина мен білім беру саласына қолдануды ұсынады. Елбасының айтуынша, мұндай реформа дамыған елдерде әлдеқашан жүргізілген. Бұл ретте Жолдаудағы басты жаңалық «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын өзірлеу болып табылады. Мұндай өзгеріс Қазақстанның дамуына оң серпін беретіні сөзсіз. Бір ғана IT технологиясының өзі аз жылдың ішінде қоғамға өнеркәсіптік төңкеріс әкелді. Демек, барлық саланы цифрландыру арқылы жоғары сапаға қол жеткіземіз.

Елбасы Жолдауда жаз мезгілінде өтетін ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесіне тоқталады. Әсіресе, көрме кешенінің аумағынан халықаралық технопарк құру туралы тапсырмасы көрменің ауқымын кеңейте түседі. Өйткені ол базада шетелдік инвесторлар Қазақстандағы қолайлы жағдаймен танысып, өз кәсібін өрге бастыруға барлық мүмкіндіктің жасалғанын біледі. Бұл Қазақстанға инвесторлар тарту жұмысының жалғаса беретінін дәлелдейді. «Тұтастай алғанда, Қазақстанның өз Инвестициялық стратегиясы болуға тиіс. Үкімет оны биылғы 1 қыркүйекке дейін өзірлеуі керек», – деді бұл орайда Мемлекет басшысы.

Жолдауда жаңа технологияларға жіті мән беріледі. Алайда дәстүрлі, бұрыннан келе жатқан базалық салаларға да көңіл бөлінеді. Атап айтсақ, агроөнеркәсіптік кешен, көлік пен логистика, құрылыс жұмыстарын өркендету жайында нақты тапсырмалар бар. Мұнда Елбасы еңбек өнімділігіне назар аударады. Себебі, өнім сапасы жоқ жерде кәсіпкерлік өркендемейді. Мүмкіндігінше, бұл салаларды автоматтандыру, роботтандыру қажет. Сондай-ақ, өнімдерді өз елімізде тұтынып қана қоймай, экспортқа шығару жағын да жандандырған абзал. Президент Үкіметке 2025 жылға дейін шикізаттық емес өнімдерді экспорттауды екі есеге дейін ұлғайту міндетін жүктегенін айтты.

Өкініштісі, бүгінде бізді әлемде экспорттаушы емес, импорт қабылдаушы, дайын өнімді тұтынушы ел ретінде танып жатады. Алайда бұл уақытша үдеріс. Қазақстан жетпіс жыл бойы жоспарлы экономикамен ғана өмір сүріп келді. Ақырында өндіріс орындары бәсекеге шыдастық танытпай, жұмысын тоқтатуына тура келді. Экономиканың құлдырауы одақтың ыдырауына әкеліп соқты. «Бұл бағыттағы жұмысты жандандыру үшін экспортты дамыту мен ілгерілету тетіктерін бір ведомствға шоғырландыру қажет. Экспорттаушыларға «бір терезе» қағидаты бойынша өңірлерде де қолдау көрсету керек. Үкімет жанынан Экспорт саясаты жөніндегі кеңес құруды тапсырамын. Оған бизнес қоғамдастығының өкілдері кіруге тиіс», – дейді Президент.

Елбасы экономикалық өсімнің тағы бір өзегі ретінде тау-кен металлургиясын, мұнай-газ кешендерін атайды. Мұндай байлықты болашақта да тиімді пайдалану үшін Жер қойнауы туралы жаңа кодекс қабылдау қажет. Президент кодексті осы жылдың соңына дейін қабылдау керектігін айтты.


Жолдауда «Қазақстанда жасалған» брендінің болашағы туралы да сөз болады. Әсіресе, агроөнеркәсіп кешені бойынша осы брендті дамытуға, экологиялық таза тағамдарды шығаруға бізде мүмкіндік зор. Елбасы Жолдау тақырыбындағы «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» сөзінің мәнін ауыл-шаруашылық саласындағы өнімдерді сыртқа экспорттау қажеттігі арқылы ашып көрсетеді. Яғни, Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі нан өндіруші елге айналу арқылы бәсекелестікті дамытуы тиіс. «Астық өнімдері бойынша біз Еуразияда «нан көрзеңкесі» болуымыз керек. Шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажет. Тек сонда ғана біз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола аламыз», – дейді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Осыған орай Елбасы Үкімет пен әкімдіктерге субсидия, кооператив құру, өнімді тасымалдау, ғылыми зерттеу, суармалы егіс алаңын көбейту бағыттары бойынша тапсырмалар жүктеді. Жолдауда көлік пен логистикадан бөлек, урбанизация, «Нұрлы жер» бағдарламасы, еңбек нарығы, тұрғын үй, кәсіпкерлік орта қалыптастыру, баға мен тариф, қор, қаржы секторы, денсаулық, жемқорлықты болдырмау, діни экстремизммен күрес және адами капитал туралы тың бастамалар көтеріледі. Адами капитал сапасын жақсарту туралы төртінші басымдығында білім беру жүйесі, оның ішінде, үш тілді оқытуды кезең-кезеңімен жүзеге асыру міндеті қойылады. Елбасы қазақ тілі туралы ойын: «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілін – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90 пайыз ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды», – деп түйіндейді.

Елбасы айтпақшы, Қазақстан – жас, көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Президент Жолдау қорытындысын басты күш – бірлікпен байланыстырып аяқтайды. Ақиқатында, мемлекет құру жолында мол тәжірибе жинақтаған Қазақстан жаңа кезеңге қадам басты. Ол – Үшінші жаңғыру. Бұл жаңғырудың болашақ ұрпақтың бақытты өмір сүруі үшін жасалып жатқаны еш күмәнсіз.

Н. НАЗАРБАЕВ:

Үкіметке «ЭКСПО-2017» нысандарының бірінің базасында IT-стартаптар халықаралық технопаркін құруды тапсырамын. Ол әлемнің барлық елінен кәсіпкерлер мен инвесторлар тартудың платформасы болуға тиіс. Бұл үшін тиісті инфрақұрылым және салық жеңілдіктерін, оңайлатылған виза мен еңбек режімін қоса алғанда, қолайлы жағдай керек.



ЕЛ ЖАҒДАЙЫМЕН танысты

Астанадан ат терлетіп жеткен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Талдықорған қаласында бірнеше кездесу өткізді. Кездесу барысында қатысушыларға Елбасы Үндеуі мен жария еткен Жолдауындағы негізгі бағыттар мен міндеттер түсіндірілді. Республика көлемінде жүзеге асып жатқан «Нұрлы жер» және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы пысықталды. Сонымен бірге, Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында айқындаған тапсырмаларды орындау жолы баяндалып, сұрақтарға жауап берілді.

Жетісу
Қажет АНДАС

Парламент Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері Бақытжан Ертаев пен Бақытбек Смағұл, ең алдымен, Талдықорған қаласындағы Ардагерлер үйінде Ауған соғысы ардагерлерімен кездесті. Кездесуде партияның облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікәдіров, қалалық филиал төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты Әсия Ахметова да болды. Онда сөз алған халық қалаулылары ел қорғаудың ерекше абыройлы міндет екенін баяндап, Ауған соғысы ардагерлері, жас ұрпақты патриоттыққа жетелеудің үлгісі бола біліңдер деген ойларын жеткізді. Өз кезегінде Ауған соғысының от-жалынын көріп қайтқан ардагерлер ел келешегі үшін тапсырылған қандай міндетті де абыроймен атқарып, үлес қосуға әлі де дайын екендіктерін білдірді.

Келесі кезекте Мәжіліс депутаттары Бейбіт Мамраев пен Бақытбек Смағұл Оқушылар сарайының ұжымымен кездесті.

Кездесуге партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскәр Сарыбаев, қалалық филиал төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты Әсия Ахметова, орталық директоры Ләззат Есболова қатысты. Шара аясында орталық қызметкерлері бүгінгі таңда жас ұрпақ тәрбиесін ілгерілету бағытында атқарылып жатқан жетістіктер жайлы әңгіме өрбітті. Сондай-ақ, орын алған кемшіліктерді түзеу жөніндегі ұсыныстарын да білдірді. Әсіресе, сапасыз оқулық мәселесі көп сөз болды. Сондай-ақ, мұғалімдер қауымының еңбекақысын көбейту туралы ұсыныстар көп түсті. Түскен сұрақтарға тұшымды жауап берген халық қалаулылары ұсыныстарды қойындәптеріне түртіп алды. Олар мұны Парламент Мәжілісінің отырысында ортаға қойып, жұрт тілегінің орындалуына көмектесетіндіктеріне сендірді.

Осыдан кейін халық қалаулылары Жастарға қызмет көрсету орталығының ұжымы және ондағы «Отан» бастауыш партия ұйымы мүшелерімен кездесті. Онда облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айдын Нұрмұхамбетов, «Отан» БПҰ төрағасы, облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Бақтияр Жақсығелдинов, бастауыш партия ұйымы мүшелері депутаттармен емен-жарқын әңгімелесіп, жастарды мазалап жүрген мәселелер төңірегінде кеңінен әңгіме өрбітті. Расында, Елбасы әрқашан жастарға үлкен сенім артумен келеді. Соның бір көрінісі ретінде Жетісу жерінде Жастарға қызмет көрсету орталығы ашылды. Бүгін бұл орталықта жастардың жасампаздығын өрлететін талай бастамалар қолға алынуда. Депутаттар осы жетістіктерді көріп, көңілдеріне көп ой арқалап қайтты.

Іссапар аясында Мәжіліс депутаты, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі Бақытбек Смағұл «Қаратал» шағын ауданындағы «Асар» фитнес орталығында мүмкіндігі шектеулі жандармен және осы бағытта жұмыс істейтін қоғамдық бірлестік ұжымымен кездесті. Онда облыс әкімінің мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сұрақтары бойынша кеңесшісі, «Ерлік» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Роза Аққаркенова, орталық директоры Ерік Баялышбаев мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалып отырған қолдау жайлы ойларын ортаға салды. Әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жәрдемақы көлемінің жыл сайын көбейіп, олардың әлеуметтік жағдайына қарайласатын қоғамдық ұйымдардың саны артқанын қуанышпен жеткізді.

Мәжіліс депутаты, парламент Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы Бейбіт Мамраев Жетісу өңірінің білім саласындағы жоғары оқу ордасы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушы құрамы, «Құлагер» бастауыш партия ұйым мүшелері студенттермен кездесті. Кездесуде университеттің ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Қ. Баймырзаев, бастауыш партия ұйымының төрағасы А. Катенов қазіргі таңда білім беру саласына, әсіресе, жоғары оқу орындарына жасалған қолдаудың арқасында білім сапасының күн сайын жоғарылап отырғанын айтып берді. Өз кезегінде Бейбіт Баймағамбетұлы жастардың ғылымда жаңалық ашып, ел болашағын нұрландыра түсулері қажеттігін ортаға салды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы ең алдымен еліміздің өркендеуіне, мемлекетіміздің гүлденуіне, халықтың әл-ауқатының артуына қажетті салалар жұмысының жандануын көздейді. Ең негізгісі, онда алдағы бесжылдық, онжылдық ішінде орындалуы тиіс жобалар ескеріліп, толық қамтылады. Биылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауда да осындай өзекті мәселелер ұмыт қалмаған.

ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ арналған

«Экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы», «Бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту», «Макроэкономикалық тұрақтылық», «Адами капитал сапасын жақсарту», «Институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлыққа күрес» сияқты негізгі бес басымдық қарастырылған биылғы Жолдаудағы сот жүйесіне қатысты мәселелерді айтқан жөн деп есептеймін. Себебі, әркім өзіне қатысты саланың жетістігі артып, жұмысы жанданғанын қалайды. Жолдаудағы: *«Сот жүйесіне деген сенімнің артуына қол жеткізу қажет. Судьялардың жұмысына заңнан тыс кез келген ықпалды жою маңызды»* деген сот саласы жұмысының ашықтығын, жариялылығын, қолжетімділігін қажет ететін талаптың Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарымен» үндесіп жатқанын білдіреді. Бұл сот жүйесіне қойылар талап пен артылар міндеттің ұлғаятынынан хабар берсе керек. Сондықтан да еліміздің сот қызметкерлері биылғы Жолдаудың маңыздылығын ұғынып отыр. Бұл мемлекеттің қауіпсіздігін ойлаудан туындап отыр.

Жалпы, кәсіпкерлік, білім-ғылым, экономика, әлеумет сынды аса қажетті салаларды жетілдіруге бағытталған «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдаудың көтерген жүгі ауыр, айтар ойы биік, ұғындырар мән-маңызы орасан. Осыған орай көпшіліктің қолдауына ие болып отырғанын байқау қиын емес. Ал халықтың игілігіне арналған әрбір істің ғұмыры ұзақ, өмірі өнегелі келеді.

Қайрат ИМАНХАНОВ,
Көксу аудандық сотының төрағасы.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАДІРЛЕНСЕ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын көтерген тарихи құжат. Мұның «Мәңгілік Қазақстан» жобасы деп аталуы да әрбір отандасымыздың жүрегіне өз еліне деген мақтаныш сезімін ұялатып және оны орындау жолындағы сенімін нығайтты. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен сынақ.

Ал оны мүлтіксіз орындап, сүрінбей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет. Бұл-білім беру мекемелеріндегі сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілік іс-әрекетіне жаңаша көзқарас қалыптастыруы мен патриотизмді дамытуды қамтамасыз етеді. Осы міндеттерді шешуде және оқушы бойындағы отансүйгіштік қасиетті арттыруда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басым бағыттарына сәйкес жалпы орта білім беретін мекемелерде тәрбие жұмыстарын негізгі ұйымдастыру болып табылады.

Сынып жетекшісі қызметін жоспарлауда жаңашылдық бағыттағы жұмыс түрлерін жоспарлау мен іске асырудың маңыздылығы туындап отыр. Жоспар – педагогикалық қызметті тәртіпке келтіру және үрдісіндегі нәтижелер жоспарлылығы мен жүйелілігі, басқару икемділігі мен сабақтастығы секілді талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді. Ата-аналармен интерактивті жұмыс ұйымдастыру, ер балалардың тәрбиесіне қойылатын талаптар сынып жетекшісі жұмысының құрамдас бөлігі деп қарауға болатындай.

Осы аталған мәселелер, Райымбек, Ұйғыр аудандарында «Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығының» ұйымдастыруымен сынып жетекшілер семинарларында педагог қызметін ғылыми-әдістемелік негізде жұмыс істеу жолдарын қалыптастыру мақсатында қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында «Ислам дінінің асыл құндылықтары» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық семинарға қоғамдық кеңес мүшелері, аудандық мәслихат депутаттары, бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік және аудандық Ішкі істер басқармасының қызметкерлері, жергілікті полиция қызметінен учаскелік полиция инспекторлары, «Нұр Отан» партиясының кеңесшілері, білім саласының қызметкерлері, мешіт имамдары және жастар ресурстық орталығының кеңесшілері, әдіскерлер, мектеп оқушылары қатысты.

Семинар барысында жиынды жүргізген Ұйғыр ауданы әкімінің орынбасары Дәулет Демембаев өз сөзінде ислам дінінің қазақ даласында қанат жайғанына 1250 жылдан асқанын айтты. Өз табиғаты мен болмысына барынша жақын дінді танып-білген бабаларымыз оны сонау VIII ғасырда-ақ қабылдағанын және содан бері Ислам қазақ халқының дүниетанымының ажырамас бөлігіне айналды десек қателеспейміз, – деп атап өтті. Тәуелсіздік алғаннан кейін ата-баба дініне елімізде өркендегенін, тәуелсіздіктің рухани тірегіне айналғандығын айта отырып, қатысушыларға риза шылығын білдірді. «Ел үшін еткен еңбектеріңіз жандана берсін!» – деп сөзін түйінделі.

Қоғамда, ең алдымен, жастар ортасында діни экстремизмнің алдын алуды күшейту қажеттілігіне, сондай-ақ конфессияаралық бейбітшілік пен келісім орнаған, діншілдер мен атеистік көзқарасты ұстанған азаматтардың да құқықтарына назар аударылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарына сәйкес тұрғындарда діни сананың қалыптасуына семинарда ерекше деп қойылды. «Ислам дінінің асыл құндылықтары» атты ғылыми-практикалық семинар «Алматы облысы, Райымбек ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қолдауымен «Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» және Үкіметтік емес «Адам және қоғам» қоғамдық ұйымының ұйымдастыруымен өткізілді.

Жанат СМАНҚҰЛОВА,
тарих ғылымдарының докторы.
Алматы қаласы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 20 (18296)
Сенбі, 18 ақпан, 2017 жыл.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Өткен аптада Астана «ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы коммерцияландыру департаментінің директоры Дәулет Еркімбаев баспасөз өкілдерімен кездесіп, көрмеде қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру байқауының аралық нәтижесін таныстырды.

АРАЛЫҚ НӘТИЖЕ таныстырылды

Жетісу

Қажет АНДАС

– Мейрамхана қызметін көрсету жұмыстарын ұйымдастыру осындай кең, ауқымды іс-шаралардың қажетті әрі маңызды аспектісі. Қызмет көрсету, яғни сервис әр мемлекеттен келген тұлғалар мен көрмеге қатысушы мемлекет өкілдерінің, сонымен қатар, қала қонақтары мен тұрғындарының ойынан шығуы керек. Бүгінгі күні 15-ке жуық мемлекет өздерінің ұлттық асханасындағы ас мәзірін ұсынып, тамақтану орындарын ұйымдастыруды жоспарлауда. Бұл қатарда тамақтандыру саласында бәсі жоғары Италия, Германия, Польша тәрізді елдер бар, – деді департамент директоры.

Көрмеге аумағы 10 мың шаршы метрден асатын жалпы тамақтануды ұйымдастыруға арналған коммерциялық орын бөлінді. Сол аумақта 40-тан аса тамақтану орынын ұйымдастыру жоспарланып отырған көрінеді. Айталық, коммерциялық павильондардың бірінші қабатында мейрамхана, кофехана, бар орналасса, екінші қабатта сауда орталықтарындағыдай фастфуд болады деп күтілуде. Жалпы, тамақтандыру орындарын ұйымдастырған кезде барлық әлеуметтік топтардың табыс деңгейі бірдей қаралады.

Өткен жылдың соңынан бастап байқауды жарнамалау науқаны басталды. Ол туралы баспасөзде жазылды. Бұған бизнес саласының өкілдері белсенді қатысуда. Нәтижесінде, бүгінгі таңда тамақтандыру орындарының 71%-ның жалдаушысы анықталған. Жалдаушыларды таңдап алған кезде, ең алдымен, қызмет көрсету сапасы, нарықтық тәжірибесі мен қолжетімді баға саясатына аса назар аударылады.

Айта кетерлігі, байқау әлі де жалғасуда.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Байжанов Айдарбек Естебекұлы облыс әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

БАЙЖАНОВ Айдарбек Естебекұлы



1964 жылы дүниеге келген. Алматы халықшаруашылығы институтын және Қазақстан – Ресей университетін бітірген. Мамандығы бойынша экономист, заңгер.

Еңбек жолын 1981 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданының спорт мектебінде жаттықтырушы болып бастаған.

Әр жылдары «Ақжайық», «Жамбыл былғары аяққиім» бірлестіктерінің директоры, Жамбыл облысы әкімі аппаратында іс басқарушының орынбасары, бас инспектор, ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінде қазыналық кәсіпорын директоры, Алматы облысы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, ҚР Президенті Іс басқармасының бас инспекторы, «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» директорының орынбасары, директоры, «Астана өнім» акционерлік қоғамының директоры, Астана қаласында «Қазақтелеком» АҚ директоры, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ басқарушы директоры болып қызмет атқарған.

2016 жылдың ақпанынан – «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бас директорының орынбасары.

ХРОНИКА

Алматы облысы әкімінің өкімімен Әбдірайымов Ғалымжан Райылұлы басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыс әкімінің орынбасары қызметінен босатылды.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Ауған соғысы ардагерлерінің қатары жыл өткен сайын сиреп барады. Жыл сайын 15 ақпанда олар бір-бірінің амандығын біліп, мәңгілік алауға бақилық болған достарының рухына арнап гүл шоқтарын қояды. Биыл да Жетісу жерінің барлық аймағында Ауған соғысының ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, кездесулер өткізілді. Облыс орталығындағы Тіл сарайында өңір басшысы Амандық БАТАЛОВ Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 28 жыл толуына орай Ауған соғысының ардагерлерімен кездесіп, оларды толғандырған мәселелердің шешімін табуға көмектесетінін жеткізді.



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

АУҒАН СОҒЫСЫ ардагерлерімен кездесті

Жетісу

Мәди АЛЖАНБАЙ

«Дөңгелек үстел» отырысын ашып, жүргізіп отырған облыс әкімі:

– *Біздің еліміздің Ауған соғысына 22 мыңнан астам азамат қатысыпты. Оның 924-і соғыс даласында көз жұмса, 1015 жауынгер еліне мүгедек болып оралды. Одан бөлек, 21 адам із-түзсіз жоғалып кетті. Олардың бәрі ерліктің, қаһармандықтың үлгісін көрсетті,* – деп интернационалист жауынгерлерге көрсетілер құрметтің аз болмауы керектігін айтып өтті. – *Олардың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Сіздер осы бағытта көптеген жұмыс жасап жатырсыздар. Бүгінгідей озық технологияны меңгерген жастарды патриоттық тәрбиемен сусындату керек-ақ. Өйткені бүкіләлемдік интернет желісі арқылы көптеген зиянды, жағымсыз мәліметтер еш кедергісіз келіп жатыр. Ондай теріс ықпалдан өскелең ұрпақты құтқару өздеріңіз секілді отаншыл, мемлекетшіл азаматтардың қолында. Өнеркәсіп, шағын және орта кәсіпкерлік салаларында жұмыс істеп жатсаңыздар да ұрпаққа әскери-патриоттық тәлім-тәрбие беріп келесіздер. Соның арқасында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып отырсыздар. Осындай қызметтеріңіз үшін сіздерге шын жүректен рахмет айтқым келеді.*

Бұдан соң сөз кезегін алған облыстық Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының үйлестіру кеңесінің төрағасы Ержан Данабеков Жетісу жеріндегі ардагерлердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері жөнінде айтып өтті. Оның айтуынша, Ауған соғысы ардагерлерінің арасында мүгедек болып келгендерге берілетін арба, аяқ протезі сынды медициналық құрылғылар жетіспейді, қоғамдық көлікте жүруге жеңілдік қажет. Сонымен қатар, кейбір ардагерлер әлі күнге пәтерден пәтерге көшіп, баспанасыздықтың зардабын тартып келеді. Одан бөлек, дәрігердің қабылдауына кезексіз кіруге мүмкіндік берілуін сұраған Ержан Сүлейменұлы Ауған соғысының ардагерлерін шипажаймен қамтамасыз ету керектігін де ескертіп, соғыстан оралған соң жасына жетпей қайтыс болған ауғандықтардың артында қалған жесірлері мен балаларына көмек берілсе деген өтініш жасады. Сондай-ақ, мектептер мен кәсіптік оқу орындарында жастармен өтетін кездесулердің мерзімін алдын ала келісуін сұраған ардагер спорттық ойындар жиі өткізілсе деген тілек айтты. Аудандарда тұратын Ауған соғысы ардагерлерінің үй салуына мүмкіндік қарастыру мәселесі де көтерілді.

Ардагерлерді мұқият тыңдаған облыс әкімі Амандық Баталов көтерілген мәселелерге жауапты сала мамандарын жеке-жеке тұрғызып, нақты тапсырмалар берді. Соған орай Ауған соғысы ардагерлеріне қажетті көмек берілетін болды.

МӘДЕНИ ШАРА

ҚЫС ӨРНЕГІ



4-бет

ҚАЗАҚ РАДИОСЫ

ҰЛТТЫҢ ҮНІ



8-бет

АЛДАСПАН

БАЯНДЫ БОЛСЫН БАҒЫҢ, ҚАЗАҚ!



11-бет

ЖАҢҒЫРУ — ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Жұма күні Сарқан ауданы әкімдігінің мәжіліс залында республикалық ақпараттық тобының мүшесі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Біржан Нұрымбетовтың қатысуымен актив жиналысы өтті. Актив жиналысында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының басым бағыттары талқыланды.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

БАСЫМДЫҚТАР – ДАМУ ӨЗЕГІ

Жиналысты аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков ашып, жүргізді. Келелі кеңеске облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қаныбек Айтжанов, Сарқан қаласы және ауылдық округтердің әкімдері, облыстық, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудандық мекеме, кәсіпорын басшылары, қоғамдық ұйымдар, білім, денсаулық саласының қызметкерлері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған Біржан Бидайбекұлы Жолдаудың негізгі өзегі ретінде бес басымдықты жанжақты атап өтіп, еңбек, кәсіпкерлік және техникалық білім сияқты факторлардың адами капиталды дамыту жолында бәсекеге қабілеттіліктің қозғаушы күшіне айналатындығын нақты мысалдармен жұртшылық көкейіне жеткізді. Лектор өз саласындағы жұртшылыққа жағымды жаңалықтарды Жолдаудың басты басымдықтарымен байланыстыра отырып, әсерлі әңгіме қозғады.

Баяндама аяқталған соң оны талқылауға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қадыл Жанасбеков, Сарқан политехникалық колледжінің студенті Юля Колесникова қатысып, маңызды тарихи құжаттағы көкейкесті мәселелерге байланысты өз көзқарастарын ортаға салды. Республикалық ақпараттық тобының мүшесіне залдан көптеген сауалдар түсті. Еңбек ардагері Аманжол Шөнжікенов аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына берілетін жәрдемақыны сол баланың есепшотына аудару туралы ұсыныс айтса, мүмкіндігі шектеулі азаматтар атынан сөз алған Евгений Семенов мүгедектер арбасының, есту аппаратының берілу мерзімдерін жеделдету жөнінде ой-пікірін білдірді. Жаңа кәсіп ашуға ниет білдіріп жүрген Болатбек Пәктолла несиені пайдалану жолдарын сұраса, жастар ресурстары орталығының жетекшісі Аслан Көбентаев кәсіпкерлікпен айналысуға құлшынатын жастар үшін кепілдік қажет екендігін ортаға салды. Кәсіпкер Оразбек Жексенбаев әлеуметтік қызмет көрсетумен шұғылдану үшін субсидия мөлшерін арттырудың көкейкестілігіне назар аудартса, балалары үшін жәрдемақы алып отырған Бақыт Қадырбаева табысты тоқсан сайын есептегенде құжат тапсырудың қиындығын жеткізді. Осындай көпшілік мүддесін көздеген сауалдарды аудандық мәслихат депутаты Сәния Елубаева, еңбек ардагері Баймаман Тлеубаев, Бақалы ауылдық округінің әкімі Арын Күрішбаев та көтерді. Өмірмен өзектес осы сауалдарға Біржан Бидайбекұлы тарапынан толымды жауаптар берілді.

Жиын соңында сөз алғандар Елбасы Жолдауын халыққа түсіндіруге арнайы келген Біржан Нұрымбетовке алғыстарын айтты.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

ӨРКЕНДІ ӨРЛЕУ ТЕТІГІ

ЖАҢА БЕЛЕС

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі Үндеуінде Қазақстанда Үкіметті жасақтауда Парламенттің рөлі күшейтілетінін алға тартқан еді. Онда өкілеттіктерді қайта бөлу барысында 40-қа тарта президенттік құзыреттің Парламентке және Үкіметке берілетінін мәлімдеген болатын.

Елбасының Үндеуінде айтылған конституциялық реформалар елімізді жаңғыртуға бағытталып отыр. Ол арқылы мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық қана емес, саяси бағытта да дамуына жол ашылады. Бұл халқымыздың әл-ауқатын арттыра түсуіне септігін тигізеді деген сенімдеміз.

Өйткені, бұл реформа мемлекет ұстанып отырған бағыттың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді даму мақсаттарына сай келеді. Әрі Қазақстанның әлемде болып жатқан өзгерістерге бейімделуіне сеп болады. Сонымен қатар, құзыретті қайта бөлу биліктің барлық тармақтары атқаратын жұмыстың тиімділігін арттырады. Осылайша, Үкіметтің жауапкершілігі артады. Осы орайда Елбасы елдің стратегиялық бағытына бағдар беруді басты назарында ұстайтын болады. Бұл конституциялық реформа еліміздің саяси стратегиясының жалғасы болады деп білеміз. Сондықтан Елбасының Үндеуі еліміз үшін үшін аса маңызды дер едім. Бұған дейін Қазақстан мемлекет құруда өз тәжірибесі бар ел ретінде президенттік басқарудың тиімді нәтиже бергенін дәлелдеді. Ендігі ретте басқару жүйесін Үкімет пен Парламентке бөліп беру – уақыт туындатып отырған мәселе. Оны қолдаймыз, өйткені, ол елімізді алдағы даму жолына жетелейтін қадам.

Қалимаш САТЫЛХАНҚЫЗЫ,
№ 4 бүлдіршін-бақшаның меңгерушісі,
«Нұр Отан» партиясының мүшесі.

БРИФИНГ

Орталық коммуникациялар қызметінде Елбасы Жолдауына арналған баспасөз мәслихаты өтті. Оған «Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығы» РҚҰ президенті Раушан Сәрсембаева, «Luxury Antonovich Design» жобасының жетекшісі Елена Антонович пен «International Gold Group» ЖШС бас директоры Сандуғаш Бекжігітова қатысты.

КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚОЛДАУ

Брифингте Раушан Сәрсембаева іскер әйелдер ұйымы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауын қолдайтынын жеткізді.

– *Тәуелсіздік алғалы бері Нұрсұлтан Назарбаев әйелдердің жағдайын жақсарту ісіне ерекше көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде Қазақстан әйелдеріне саясатта, бизнесте мол мүмкіндіктер жасалды. 2006 жылы саясат сахнасына шыққан әйелдер саны аз болса, қазір біздің үлесіміз 27,1 пайызға жетті. Яғни, елімізде билік мінберінде маңызды шешім қабылдайтын адамдардың 30 пайызы әйелдер. Ал барлық деңгейдегі мәслихаттарда сайланған депутаттардың жалпы санының 22,2 пайызын әйелдер құрап отыр. Бұл жағынан Қостанай мен Ақтөбе облыстары көш бастап тұр. Мәселен, соңғы 10 жылда әйелдер жұмыссыздығы 1,6 пайызға төмендеп, бизнестегі әйелдердің үлесі 50 пайызға дейін өсті. Әйелдер Елбасының барлық бастамасының сенімді қолдаушыларына айналып, мемлекет реформаларына белсенді араласып, тәуелсіздігімізді нығайтуға маңызды үлес қосып келеді,* – деді Раушан Сәрсембаева.

Жиында Іскер әйелдер қауымдастығының басшысы нәзік жандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына, отбасындағы кикілжіңдерге қатысты проблемаларының бар екеніне тоқталып, оларды шешу үшін тиісті жұмыстың жасалып жатқанын жеткізді.

– Шағын бизнестің өкілі ретінде айтарым, Жолдауда аталған бизнесті дамыту басымдықтары барлық мүмкіндікке қол жеткізеді. Мен дизайнерлік компанияны басқарамын. Астана қаласы күннен-күнге дамып келе жатыр. Бұл елімізде құрылыс саласының бірқатар өзгеріске ұшырағанын көрсетеді. Отандық құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындарды ашып, құрылыс саласын одан әрі дамытуымыз қажет. Сонда ғана жаңа жұмыс орындары ашылып, құрылыс материалдары басымды төмендейді, – дейді кәсіпкер Елена Антонович.

Сондай-ақ, спикер салықтың төмендеуі, жеңілдікпен берілетін демалыстар, бақылаушы органдар тарапынан болатын тексерістің азаюы кәсіптің әрі қарай дамуына жол ашатынын айтты.

Брифингте кәсіпкерлер Елена Антонович пен Сандуғаш Бекжігітова Елбасы Жолдауындағы тапсырмалар жүйелі орындалса болашағымыздың баянды болатынын атап өтті.

ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 21 (18297)
Сейсенбі, 21 ақпан, 2017 жыл.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ ТОЛЫМДЫ

Талдықорғандағы Тіл сарайында облыстық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып, облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Әлихан ТОЙБАЕВТЫҢ есептік баяндамалары тыңдалды. Алдымен мінберге көтерілген өңір жетекшісі өткен жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесімен таныстырып, алдағы жылға жоспарланған ауқымды жобаларды көпшілік назарына ұсынды.

Жетісу

Мәди АЛЖАНБАЙ

– Былтыр 17 ақпанда берген есебімде облыс тұрғындарынан 10 ұсыныс түскен болатын, олардың барлығы толық орындалды. Сонымен қатар, аудан және қала әкімдерінің 2016 жылғы есепті кездесулері бойынша іс-шаралар жоспарына 163 ұсыныс енгізіліп, толығымен іске асырылды, – деген Амандық Ғаббасұлы Жетісу жерінде атқарылған игілікті істердің көрсеткішін паш етті. *– Облыстың өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші ұстанған бағытымыз бен қабылданған шешімдердің дұрыстығын көрсетіп отыр. Былтыр негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 528,9 миллиард теңгеге жетіп, алдыңғы жылғы көрсеткіштен 3,3%-ға артық болды. Облысқа келген инвестицияның негізгі көлемі 400,1 миллиард теңгені құрады. Былтыр мемлекеттік бюджетке салықтан түсетін түсімдердің орындалу деңгейі 105,1%-ға жетіп, жоспардағы 251,7 миллиард теңгеден асып, 264,5 миллиард теңгеге жетті. Оның 139,8 миллиард теңгесі жергілікті бюджетке тиесілі. Сонымен қатар, облыс бюджетінің 407,5 миллиард теңгені құрап отырғаны бүгінгі күннің шындығы. Былтыр мемлекеттік-жекеменшік әріптестігімен құны 2,1 миллиард теңге болатын 8 жоба жүзеге асырылды. Жетісу жерінде барлығы 118,7 мың шағын және орта кәсіпкерлік нысандары тіркелген. Одан бөлек, облыста 293,4 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл өңірдегі жұмысқа жарамды тұрғындардың 29,1% құрайды. Кәсіпкерлік нысандарына мемлекет тарапынан берілетін көмек ретінде 15,4 миллиард теңгеге қолдау көрсетілді.*

Өңір жетекшісінің айтуына қарағанда, Жетісу жеріндегі жетістік көп, түсім мол. Мысалы, былтыр аймақтық жалпы ішкі өнімнің көлемі 2 триллион 179 миллиард теңгеге жеткен. Ауылшаруашылығында жалпы ішкі өнім мөлшері 581,4 миллиард теңгеге жетіп, алдыңғы жылғы көрсеткіштен 3,8%-ға артқан. Өңірдегі аумағы 932,2 мың гектарға тең егістік алқаптарында ауылшаруашылық дақылдары көптеп өсіріледі. Атап айтқанда, 6,3 мың гектарға себілген қант қызылшасынан 241,2 мың тонна өнім алынып, 25 мың тонна қант өндірілген. Сондай-ақ, жүгері алқабы 4,1 мың гектарға ұлғайып, барлығы 76,1 мың гектардан 484,7 мың тонна өнім алынған.

Мұндай жетістік көптеп саналады. Құрылыс, күрделі жөндеу, білім саласы, денсаулық сақтау, ауызсумен қамту сынды бағыттарда өрлеу байқалады. Солардың ішінен, өңір жұртшылығын табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесіне тоқталуға болады. Атап айтқанда, былтыр 108 елді мекенге көгілдір отын жеткізіліп, газдандыру деңгейі 22,8%-ды құрады. Облыс көлеміндегі ұзындығы 3,3 мың километрге тең газ құбырының «Алматы–Талдықорған» бағыты толықтай аяқталып, 264,8 километрге тең қашықтыққа газ құбыры салынды. Одан бөлек, мемлекеттік «Нұрлы Жол» бағдарламасымен «Алматы –Қапшағай», «Алматы – Талдықорған», «Алматы – Қорғас» автожолдары жаңадан салынды. Сонымен қатар, 9,7 мың отбасы 355,3 миллион теңгеге тұрғын үй көмегін, Ұлы Отан соғысының 268 ардагері 17,6 миллион теңгеге коммуналдық қызметтерге толықтай өтемақы алды. Облыс әкімінің гранты бойынша тұрмысы төмен отбасынан шыққан және жетім балалар қатарынан 374 студент жоғары оқу орындарында оқиды.

Соғыс ардагерлерін, мүгедектер мен зейнеткерлерді әлеуметтік қамсыздандыру, балаларды балабақшамен қамту, мәдениет саласын жандандыру сияқты аса маңызды мәселелер қолға алынуда. Туризм, спорт, экология секілді салалардың жұмысында да өрлеу бар. Құқық қорғау органдарының мамандарын баспанамен қамтамасыз ету мәселесі дұрыс жолға қойылып, 3 учаскелік полиция бекеті іске қосылған.

Қысқасы, Жетісу жеріндегі жетістіктің молдығы өзге өңірлерге үлгі болуда. Осыған орай мінберге көтеріліп, баяндама жасаған облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы Әлихан Тойбаев келтірген деректер мен мәліметтерде айтылған көрсеткіштер деңгейінің биіктігін растады.

Баяндамаларға орай сұрақ-жауап орайында алғашқы болып облыстық омарташылар атынан Әбіш Айтбаев сөз алып, бал өндірушілерге мемлекет тарапынан субсидия алуға және орман шаруашылықтары мен мемлекеттік қорықтардың аумағына омарташылардың жаз айларында орналасуына көмек беруін сұрады. Осыған орай, облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Сексембай Бекішевке тапсырма берген Амандық Ғаббасұлы Жетісу жеріндегі мүгедектердің атынан сөз алған Роза Ақжәркеноваға қарата Алматы және Талдықорған өңірінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арнап екі мектеп салу жоспарда екендігін жеткізді. Онда тумысынан мүгедек немесе жүре келе мүгедектіктің зардабын тартқан жандарға рухани көмек ретінде спорттық ойындармен емдеу жолдары ұсынылады. Бұдан соң Еңбекшіқазақ аудандық су пайдаланушылар атынан алқаптарды суаруға арналған жүйелер мен арық жолдарын бір мекемеге немесе орталыққа қаратып, заң жолымен бірлестіруге өтініш жасаған Светлана Ломоваға көмектесетінін айтқан облыс әкімі Талдықорғандағы Коммуналдық базар басшысы Ақшабай Керімбековтің сұранысы аяқсыз қалмайтынын жеткізді. Одан соң сөз алған облыстық Кәсіпкерлер палатасының жетекшісі Ләззат Шыңғысбаеваға, облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі Ардақ Сыдыққа нақты жауап берген облыс әкімі Амандық Баталовтың Қоғамдық кеңес мүшелері алдындағы есебіне облыстық ата-аналар комитетінің төрайымы Дания Қыдырбаева оң баға берді.

«Дөңгелек үстел» үлгісінде өткен алқалы жиында «Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Алматы облысының 2017–2019 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №11-54 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» облыстық мәслихаттың шешімінің жобасы, «Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» облыстық мәслихат және «Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы» №244 қаулысының күшін жойылды деп тану туралы» қаулысының жобасы жария талқыланды.

Қызмет сапасы артады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) облыс бойынша департаментінің мәжіліс залында Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөнінде Ведомствоаралық жұмыс тобының отырысы өтті.

Жұмыс тобы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті жанынан құрылған. Күн тәртібінде 4 сұрақ қаралды. Олар: Ведомствоаралық жұмыс тобының жұмысын талқылау, 2016 жылы өткен қоғамдық мониторинг қорытындысын қарастыру, Алматы облысы бойынша мемлекеттік мекемелер басшыларының баяндамаларын тыңдау және қоғамдық мониторинг қорытындысы бойынша мемлекеттік мекемелермен шара қолдану.

Күн тәртібіне сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Алматы облысы бойынша филиалы – Халыққа қызмет көрсету орталығы департаменті директорының орынбасары А. Асылбековтың, Талдықорған қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі басшысының орынбасары Г. Оспановның, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары С. Наурызбаеваның мемлекеттік қызмет көрсету бойынша атқарылған жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

Ведомствоаралық жұмыс тобын құрудың мақсаты – жергілікті деңгейде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша түйткілді мәселелерді шешу, сондай-ақ, халықтың пікірін ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру. Ведомствоаралық жұмыс тобы отырысының қорытындысы бойынша мемлекеттік мекемелерге мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту туралы ұсыныстар дайындалды.

Дананың жеңісі

Жуырда Алматы қаласында М. Мақатаев атындағы қоғамдық қордың қолдауымен туған күніне орай ақынның сөзіне жазылған әндерді орындау мен өлеңдерін оқуға арналған республикалық IX «Жырлайды жүрек» атты балалар мен жасөспірімдерге арналған «Ғұмырдария» байқауы өтті.

Аталған байқауда көркемсөз номинациясы бойынша Текес ауылындағы Қазыбек Шорманов атындағы орта мектептің 4-сынып оқушысы Диана Сұлтанбай бас жүлделі болып, ауылының ғана емес, ауданның, облыстың мерейін аспандатып қайтты. Дианамен бір мектепте оқитын құрбылары Аяла Жандос, Айбану Көлбек 1-орынды, Алтынбек Көшербай 2-орынды иеленді. Олардың бәрі аталған қордың атынан бағалы сыйлықтармен марапатталып, диплом алды.

БРИФИНГ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР САРАЛАНДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен брифинг өтті. Онда «Жаңа экономикалық өрлеу және жаңа мүмкіндіктер» атты тақырып аясында сөз өрбіп, кәсіпкерлік саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар баяндалды.

Осыған байланысты облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұрат хабарлама жасап, журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Маржан Мұратқызы алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында айқындалған негізгі бес басымдыққа тоқталып, ел экономикасын дамыту бағытында алға қойылған мақсат-міндеттерді тағы бір саралады.

Осы ретте экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы, Қазақстандағы мемлекеттік бағдарламалар және олардың жүзеге асырылуы, еңбек нарығын жаңғырту, экспортты арттыру, елде өндірістер ашу жөнінде Қытаймен бірлескен инвестициялық бағдарламаны тиімді жүргізу, осы жобалар арқылы жұмыс орындарын ашу, аграрлық секторды экономиканың жаңа драйверіне айналдыру, осы ретте «Қазақстанда жасалған» деген атпен өнімдер өндіру, сондай-ақ, жаңа еуразиялық логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту, бизнес ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту, кәсіпкерлікті өрістетуде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясын ұлғайтудың маңыздылығы ерекше аталып өтті.

Басқарма басшысы мұның ел үшін зор жауапкершілік жүктейтінін және оны жүзеге асыруда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып қызмет етуге атсалысатындықтарын назарға алды. Айта кетейік, аталмыш сала бойынша бірқатар жұмыстар жүзеге асырылыпты. Мәселен, былтыр өнеркәсіп өндірісінің көлемі 645 млрд. теңгеден асып, болжамдағы көрсеткіштен бірнеше пайызға асыра орындалған. Жетпістен аса өнеркәсіп орындары іске қосылып, отыз төрт кәсіпорын өз өндірістерін кеңейтіпті. Шағын және орта кәсіпкерлік саласы бойынша екі жүз сексен мыңға жуық адам жұмыспен қамтылып, сауда және ішкі сауда айналымы, инвестиция, жер қойнауын пайдалану салаларында да айтарлықтай жұмыстар атқарылған.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

«ЭКСПО – 2017» көрмесін ойдағыдай өткізуде ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне артылатын жүк салмақты. Өйткені, көрме аясында қатысушы елдердің ғылым мен техникасындағы жетістігі ғана емес, өнері мен мәдениеті де сынға түседі. Осыған орай, еліміздің мәдениет пен өнер майталмандары көрме кезінде көрсетілетін іс-шаралардың кешенді бағдарламасын жасауға белсене кірісті. Бұл туралы жуырда Астана қаласындағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында айтылды.

ҰЛТТАР ДӘСТҮРІ айшықталады

Жетісу

Қажет АНДАС

КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мәдениет және өнер істері департаментінің директоры Алмаз Нұразханның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәдениет және спорт министрлігі, «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ және Астана қаласының әкімдігі бірлесіп, көрменің мәдени ойын-сауық іс-шараларының кешенді бағдарламасын әзірлепті. Бағдарлама бойынша, көрме кезінде 3,5 мыңға жуық мәдени және спорттық шара өтеді.

Кешенді бағдарлама бойынша түрлі жанрда қазақстандық және шетел шығармашылық топтары мен орындаушыларының, сонымен қатар, еліміздің жас дарындарының қатысуымен 3,5 мың мәдени және спорттық шара өткізу жоспарланған. Сондай-ақ, еліміздегі барлық ұлттың мәдениеті мен өнерінің жетістіктерін кеңінен, жан-жақты таныстыруды көздеп отыр. «Қазанат» ипподромының аймағында 2500 шаршы метр аумаққа орналасатын «Этноауыл» этномәдени кешені қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін көрсетудің орталығына айналады.

Этноауыл келушілерді қазақ халқының бай тарихы, мәдениеті, өнері және дәстүрлерімен таныстырып, әлемнің әр түпкірінен келген қонақтың әрқайсына көшпенділер өркениетінің этномәдени ортасын, өтіп кеткен ғасырлар тарихын сезінуге мүмкіндік береді.

АРНАЙЫ САЙТ АШЫЛДЫ

Мәдениет және спорт министрлігінің Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты «ЭКСПО – 2017» көрмесі аясындағы мәдени ойын-сауық шаралардың ақпараттарын қамтамасыз ететін ресми expo-2017culture.kz интернет-сайтының жұмыс істейтінін ресми мәлімдеді.

– Аталған веб-портал қазақ, орыс және ағылшын тілінде қызмет етеді. Шаралар өтетін күні мен уақыты арқылы іздестіріледі. Сондай-ақ, мәдени ойын-сауық шаралардың интерактивті картасы әзірленген. Бұл картада жаппай мәдени шаралар белгіленген. Осы белгіні басу арқылы қажетті ақпараттарды алуға болады. Сондай-ақ, портал арқылы қажетті шаралардың билетін де сатып алуға мүмкіндік жасалған. Кері байланыс арқылы кез келген пайдаланушы орналастырылған арнайы қызметке кіріп, толғандырған сауалына тиісті жауап іздей алады, – дейді Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының бас директоры Андрей Хазбулатов.

Бұдан өзге қонақтарға Елбасының «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, Қазақстанның тәуелсіздік жылдардағы жетістіктері, еліміздің бас қаласы Астананың көркеюі мен даму кезеңдері туралы ақпарат көрсетіледі. Оны көпшілік Астана қаласының сахналық алаңдарында тамашалай алады.

«TURKVISION» ӘН ДОДАСЫ

Түркі халықтарының тамыры бір екендігін насихаттайтын «Turkvision» заманауи эстрадалық ән байқауы көрме аясында Астана қаласында бірінші рет өтеді.

– Байқауға осыған дейін топ жарған таланттар шақырылады. Қазіргі уақытта Түркия және Орталық Азия елдерінде байқауға қатысу үшін іріктеу жүргізілуде», – дейді ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мәдениет және өнер істері департаментінің директоры Алмаз Нұразхан.

Turkvision – түркітілдес мемлекеттер арасындағы эстрадалық өнер байқауы. Байқауға түркітілдес мемлекеттер мен автономдық аудандар және түркітілдес халық көп тұратын мемлекеттер ғана қатыса алады. Қатысушы елдер мен аудандар байқауды жартылай финалдан бастайды. «Turkvizyon» ән додасын «TURKSOY» түрік мәдениетінің халықаралық ұйымының қолдауымен TMB TV түрік телеарнасы ұйымдастырып отыр.

КӘДЕСЫЙЛАР ДАЙЫН

Өткен жылы тамыз айынан басталған көрме лицензиаттарын таңдау шарасы бүгінде өз жалғасын табуда. Жақында «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ коммерциализациялау департаментінің директоры Дәулет Еркімбаев көрме қонақтарына берілетін алғашқы кәдесый өнімдерін көрсетті.

Департамент директорының айтуынша, бүгінгі таңда ағаштан, теріден жасалған өнімдер, шағын кәдесый өнімдері, мобильдік аксессуарика, полиграфия, ойыншықтар, ересектер мен балалар киімдері, зергерлік бұйымдар, іскерлік керек-жарақтар, кондитерлік өнімдер, музыкалық құралдар, тағы да басқа көптеген тауарларға ұсыныстар қабылдануда. Бұл тауарлар көрме аумағындағы фирмалық дүкендерде, сондай-ақ, әуежай, теміржол бекеті, ірі сауда ойын-сауық орталықтарында сатылады. Барлық тауар саудасы өндіруші компания есебінен жасалады.

Осыған дейін комиссияның алдын ала қарауы нәтижесінде көпшілік пайдаланатын 110 түрлі өнім шығаратын 13 компания анықталған. Қазірде 70 өнім бойынша тауарлар үлгісі әзірленіп, бекітілуде. Лицензиаттарды таңдау рәсімі ай сайын жүргізіліп, өтінімдер наурыз айына дейін қабылданады. Толығырақ ақпаратты www.expo2017astana.com сайтынан көруге болады.



ТӨРТ ТҮЛІК



ШЕЛДІ МАЛ – ТӨЛДІ МАЛ

Ата-баба дәстүрін үзбей жалғастырып келе жатқан қарасайлық малшылар қауымы мал қыстату науқанына тыңғылықты әзірленген болатын. Биылғы қыс төрт түлік үшін жайлы болып тұр. Төл алу науқаны жақындаған сайын қосымша азық берудің маңыздылығы артып келеді. Міне, Жаңашамалған ауылдық округіне қарасты «Бақтияр» шаруа қожалығында да осындай қауырт жұмыстар басталып кеткен.

Жетісу

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

– Біздің қожалықта 230 гектар жер бар, – дейді шаруашылықтың меңгерушісі Болат Мұратов. – Оның 60 гектары шабындық. Сонымен қатар 55 гектар алқапқа мал азығына арналған арпа егеміз. Қалғаны жайылымға арналған.

Негізінен мал бордақылауға маманданған шаруа қожалығы жылдың төрт мезгілінде де түліктерді арнайы салынған бордақылау алаңында ұстайды. Күз айларында 30 жылқы мен 30 өгізшені семіртіп, жақсы бағаға өткізген олар тағы осыншама малды байлап отыр. Алматыға жақын орналасқандықтан өнімдерін өткізуде қиналмайды. Сатылымға жіберілген мал өз төлі есебінен қайта өсіп, жақсы күтімнің нәтижесінде тез жетілді. Биыл да 150 бас саулықты төлдетеді. Мал төлдету науқанына қожалық жақсы дайындықпен келіп отыр.

Бұл ауылшаруашылық құрылымының тағы бір ерекшелігі – асыл тұқымды жылқы өсіріп, бәйге аттарын жаратуды жолға қойған. Ел көлемінде өткізіліп жататын түрлі бәйгелерге қатысып, жүлде алып жүрген жүйріктері де аз емес. Арнайы салынған жайларда тұрған жылқылар көз сүйсіндіреді. Олардың күтімімен маман-бапкерлер айналысады.

Малшылар мен мамандардың барлық жағдайы жасалған. Мұнда электр жарығы, таза су, теледидар, монша, өзге де қажеттіліктер толық қарастырылған. Шөп шабу, жер жырту, егін оруға арналған техникалармен бірге қажет болған жағдайда қалаға қатынау үшін жеңіл көліктер де сақадай сай тұр. Ең бастысы, шаруа қожалығы адамдарды жұмыспен қамтамасыз етумен қатар елдегі азық-түлік молшылығын қалыптастыруға өз үлестерін қосып келеді.

Қарасай ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

РЕСМИ САПАР



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Әлеуметтік жағдайға көңіл бөлінді

Облысқа арнайы жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Біржан БИДАЙБЕКҰЛЫ өңірдегі бірқатар елді мекендерді аралап, тыныс-тіршіліктерімен танысып қайтты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Вице-министрмен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қанибек Айтжанов бірге жүрді. Алдымен Жансүгіров кентіндегі «Жұмыспен қамту жол картасы –2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын несиеге қол жеткізіп, кәсіптерін дөңгелентіп отырған ақсулықтардың жұмыстарына назар аударды. Біржан Бидайбекұлы аталған бағдарламаның шапағатын көріп отырған Ақгүл Жанаттың цехында болды. Бұл жұмыстармен аудан әкімінің міндетін атқарушы Есім Базарханов таныстырды.

Жеке кәсіпкер осыдан екі жыл бұрын аталған бағдарлама шеңберінде бір миллион теңге көлемінде шағын несие алып, жұмыс жоспарына сәйкес ағаш өңдейтін цех ашқан. «Қыран» атты кәсіпорында қазір тапсырыс бойынша тұрмысқа қажет үй жиһаздарының небір түрі шығарылады. Бастысы санға емес, сапаға көп мән берілген. Сол себепті тапсырыс берушілер қатары күн өткен сайын көбейіп келеді. Кәсіпкердің айтуынша, мұнда айына кем дегенде алты, жеті жиһаз шығарылады. Табыс та жаман емес, орта есеппен екі жүз, екі жүз жиырма мың теңгенің көлемінде.

Бұдан соң вице-министр үй ауласынан орын тепкен мал бордақылау алаңына келіп табан тіреді. «Бекзат» деп аталатын жеке кәсіптің иесі үй іргесінен шағын қора салып, мал бағуды қолға алыпты. Қазір онда он төрт бас ірі қара мал бордақылауға алынған. Түлікке қажет жемшөп жеткілікті. Мал азығы сатып алынады. Кәсіпкер жігіт аталған бағдарлама бойынша 2 300 000 теңге көлемінде несие алған. Жангелді Мырзағалиевтің сөзінше, бордақыланып жатқан малға ветеринарлық көмектер де уақытылы көрсетіледі.

Сондай-ақ, ол өз қаражаты есебінен қосымша жылқы бағуды қолға алыпты. Тағы несие алып, Қамбарата түлігін одан әрі көбейтуді жоспарлап отыр. Байланып, семіртілген мал еті Жансүгіров кентіндегі сенбілік жәрмеңкеде сауда сөрелеріне шығарылып, халыққа бірнеше пайызға төмен бағада ұсынылады. Кәсібінің нәсібін көрген ауыл азаматы, сондай-ақ, екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Алдағы уақытта қоражайын кеңейтіп, кәсібін өрістетуді жоспарлауда. Кәсіпкер вице-министрмен жүздесу кезінде Үкімет тарапынан жасалып жатқан қолдауларға өз ризашылығын білдірді.

Бұдан соң Біржан Бидайбекұлы Ақсу ауданының Мәдениет үйінде жергілікті тұрғындармен жүздесті. Онда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа арнаған жаңа Жолдауы талқыланып, ондағы бес негізгі басымдық тарқатыла айтылды. Сонымен бірге ел экономикасын көтеріп, тұрмыс-тіршілікті жақсарту бағытында айқындалған мақсат-міндеттер түсіндірілді. «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар тілге тиек етіліп, бұл туралы егжей-тегжейлі сөз болды.

Біржан Бидайбекұлы Елбасы Жолдауын түсіндіру кезінде әсіресе әлеуметтік салаға баса назар аударып, аталған бағдарламаның бағыттарына, елдің күнкөріс деңгейіне, әлеуметтік төлемдер мен көмекterге, соның ішінде зейнетақы, өтемақы, жәрдемақы төлеу және жұмыспен қамту, несие беру, кәсіптік оқыту мәселелеріне айрықша ден қойды. Осыған байланысты жұртшылық тарапынан қойылған сауалдарға құлақ түріліп, тұшымды жауаптар қайтарылды. Сондай-ақ, вице-министр өзге облыстарға қарағанда Жетісу өңірінде жұмыссыздар деңгейінің әлдеқайда төмен, керісінше, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар санының жоғары екендігін және әлеуметтік саланың жұмысын жандандыруда көңіл толтыратындай іс атқарылып жатқандығын жеткізді.

Айта кетейік, Ақсу ауданында «Жұмыспен қамту жол картасы –2020» мемлекеттік бағдарламасының бағыттарын жүзеге асыруға соңғы бес жылда 1031,6 миллион теңге көлемінде қаражат бөлінген. Бірінші бағыт бойынша он тоғыз жобаны жүзеге асыру үшін 657,3 миллион теңге бөлініп, үш жүзге жуық жаңа жұмыс орындары ашылып, жұмыспен қамту орталықтары арқылы жүз елу шақты адам еңбекке тартылған. Екінші бағыт бойынша барлығы 323,0 миллион теңгеге төрт жүзге жуық адам шағын несиемен қамтамасыз етіліп, екі жүзден аса адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, үш жүзден аса қосымша жұмыс орындары құрылған. Бағдарламаның үшінші бағыты бойынша да қомақты қаражат қарастырылып, төрт жүзге жуық адам кәсіптік дайындықпен қамтылған. Сондай-ақ, төрт жүз шақты адам кәсіптік оқуды аяқтап, оның 82,1 пайызы тұрақты жұмыс орнымен қамтылған. Әлеуметтік жұмыс орындарына 103, жастар тәжірибесіне 96 адам жіберілген.

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК БАСТАУЫ

Ел экономикасының дамуындағы бұрыннан үйреніп қалған тәсіл – шикізат саласындағы мұнай-газ өндіру емес, жоғары технологиялы салаларды дамытуға негізделгені биылғы Жолдаудың ең басты ерекшелігі болып отыр. Сондықтан да Жолдау «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталып отыр. Алғашқы жаңғыру осыдан 25 жыл бұрын КСРО-дан шығып, өз іргетасымызды қалап, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет құрудан басталды. Екінші жаңғыру «Қазақстан – 2030» Стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда – Астананың салынуына ұласып, еліміздің экономикалық тұрғыда әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірумен аяқталды. Елбасының айтуынша, Үшінші жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа «Қазақстан – 2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын көпір болмақ.

Президент бұл Жолдауда негізгі бес басымдықты айқындап берді. Соның бірі үшінші басымдық – макроэкономикалық тұрақтылық. Мен өзім қаржы саласында жұмыс істегендіктен, жолдаудағы салық-бюджет саясатының жаңа экономикалық жағдайға бейімделу мәселесі уақытында қолға алынған шара деп есептеймін. Осыған дейін бюджет шығыстарының тиімділігіне аса көп мән берілмей келді. Енді осы бағытта қадағаланатын болады. Елбасы тиімсіз бағдарламалардың қаражатын Үшінші жаңғырту міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ететін бағдарламаларға қайта бөлу, жеткізу үшін, бюджеттік рәсімдерді жеңілдету туралы үкіметке нақты, сонымен қатар, қаражатты нақты экономикаға неғұрлым жылдам әрі тиімді жұмсауға тапсырма берді.

Жолдауда көрсетілген фискалдық орталықсыздандыру саясаты да «100 нақты қадам» Ұлт жоспарымен ұштасып жатыр. Өткен жылдарда орталықтан жергілікті жерлерге көптеген функциялар мен өкілеттіктер берілді. Енді олардың жеткілікті қаржылық дербестігін қамтамасыз етумен бірге, қаржы шығысы жөніндегі өкілеттіктердің облыстық деңгейде шоғырлануына жол бермеу, оларды әрі қарай аудандық және ауылдық жерлерге беру – өзегін тапқан маңызды мәселе екені анық.

Жолдаудың тағы бір ерекшелігі, барлық басымдықтардың бір-бірімен тығыз байланыстылығында. Елбасы салық саясатын бизнестің «көлеңкеден» шығуына бейімдеп, шикізатты емес сектордағы салықтық базаны кеңейтуге бағыттау керектігін атап айтты. Ол үшін, Жолдауда көрсетілген бірінші басымдық аясында экономика жаңғыруының жаңа салаларға көшуі, соған байланысты өсімнің жаңа факторларының ашылуы, екінші басымдық аясында – бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту, елдің жалпы өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін 50%-ға дейін қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру кезек күттірмейтін мәселе. Бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отыратын бес басымдыққа негізделген Үшінші жаңғыру – еліміздің дамуының көп жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік алгоритмі.

Еліміздің біртұтас болашағы, халқымыздың өсіп-өркендеуі мен бақыты үшін қажетті Үшінші жаңғыру еліміздің әрбір азаматы өз орнын табатын негізгі құжатқа айналуы сөзсіз!

Е. ҚЫДЫРАЛИЕВ,
облыстық қазынашылық департаментінің басшысы.

Ұстаздар қызу қолдады

Е. Берлікөжаұлы атындағы №11 орта мектепте Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын талқылауға арналған жиын өтті. Шараға білім ошағының ұстаздары қатысты.

Жиында мектеп директоры Қайрат Сарқытов Елбасының жаһандық даму тұрғысындағы Жолдауын баяндап, саяси мазмұнына ерекше көңіл бөліп, жан-жақты талдап, түсінік берді. Ол өз сөзінде:

– Елбасы үшінші жаңғырудың негізгі бес басымдығын айқындап берді, сол бойынша қажетті атқарылуға тиіс жұмыстарды тиісті органдарға тапсырды. Бұл басымдықтар экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етеді.

«Білім беру адами капиталдың сапасын жақсарту аясында «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады. «Үш тілді қоғамның негізгі іргетасы ретінде мемлекеттік тілді дамытуға тың серпін беріледі. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпыұлттық прогреске жете алмайды. 2019 жылдан бастап 10-11-сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытатын боламыз. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет», – деген Елбасының білім саласына қатысты істерін мектеп директоры кеңінен талқылады.

Жолдауды талқылау барысында физика пәнінің мұғалімі Қ. Жақсыбаев, тарих пәнінің мұғалімі А. Кенжебаева және қазақ тілі пәнінің мұғалімі Л. Жүнісбек жолдауға қатысты пікірлерін ортаға салып, Елбасының ұстанған ұстанымдарына қолдау көрсететіндіктерін айтты.

Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында жаңару мен жаңғырудың даңғыл жолына түскен Қазақстан аз уақыттың ішінде бүкіл әлемге қуатты, дамыған, ынтымағы жарасып, ырысы артқан мемлекет ретінде танылды. Әрбір қазақстандық осы береке-бірлік пен саяси тұрақтылықты одан әрі нығайтып, еліміздің іргесін бекіте түсуі қажет.

Біздің балаларымыз үшін, біртұтас болашағымыз, халқымыздың өсіп-өркендеуі мен бақыты үшін Үшінші жаңғыртудың берері мол.

«Көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам бастық. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік! Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз қанатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрініп, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың мәртебесі биіктей берсін. Мен халқыма сенемін!», – деген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың даналы сөзімен біз үнемі алға жылжи отырып, ұлы мақсаттарды іске асыра отырып, Мәңгілік Елдің берік іргетасын бірге қалайтындай ұрпақтарды тәрбиелейік!

Ш. МЫРЗАНҚЫЗЫ,
Е. Берлікөжаұлы атындағы №11 орта мектептің мұғалімі.

Еркін ауылы,
Талдықорған қаласы.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Өткен аптада облыстық әкімдіктің жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВТЫҢ қатысуымен екі маңызды кездесу өтті. Алдымен ауылшаруашылығы саласын несиелеудің жолдарын талқылаған көпшілік келесі жиналыста көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысын қарастырды. Оған облыстық ауылшаруашылығы басқармасының қызметкерлері, аудан әкімдерінің орынбасарлары, ауылшаруашылық бөлімдерінің басшылары, облыстық, аудандық кәсіпкерлік палатасының өкілдері, сондай-ақ, салаға жауапты басқа да тұлғалар қатысты.

ҚАМДАНҒАН қапы қалмайды

Жетісу
Қажет АНДАС

Күн тәртібіндегі агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды қаржыландыру мәселесі бойынша «КазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ бас менеджері Әсел Нүсіпбаева, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ өңірлік даму департаментінің басқарушы директоры Айжан Кенжебаева мен «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК» АҚ өкілдік директоры Асхат Базарқұлов баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Астанадан келген қонақтардың айтуынша, жыл сайын республикалық бюджеттен қыруар қаржы бөлініп, шауалардың көктемгі егіс жұмыстарына қолдау көрсеп келеді. Айталық, осы мақсатта, 2014 жылы 40 млрд. теңге бөлінсе, 2015 жылы бұл қаражат 60 млрд. теңгеге өскен. Өткен жылы тағы да 60 млрд. теңгенің несиесі берілсе, биылғы бөлінген қаржы мөлшері де сол соманы құрап отыр. Демек, мемлекеттік қолдау еліміздің агроөнеркәсіп саласын дамытуға айтарлықтай ықпал етуде. Биылдан бастап несиелеу тәртібі «Жібек жолы» бағдарламасы арқылы жүргізілетіндіктен несиелеудің кейбір механизмдеріне өзгерістер енген. Сондықтан несиеден үміткер шауалардың жаңа бағдарламаның қыры мен сырын толық білгені дұрыс. Жиналыста қонақтар осы және басқа да толғақты мәселелерді жан-жақты түсіндіріп берді.

Көктем айы да жақындап қалды. Бұл мезгіл әсіресе ауылшаруашылығы еңбеккерлері үшін аса жауапты кезең. Осыны ескерген сала мамандары қазірден бастап қызу дайындыққа кірісті. Бұл туралы облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексембай Бекішов баяндап, Жетісу өңірінде осы бағыттағы тындырымды істердің мол екендігін сөз етті. Онда өңір экономикасының негізгі тірегі ауылшаруашылығы болғандықтан жетекші саланың әрдайым басты назарда екендігін, сондай-ақ аграрлы өңірде егін егіп, төрт түлікті көбейтуде және жеміс-жидек пен көкөніс өсіріп, өндірілген өнімдерді қайта өңдеу сияқты істерде қол жеткізілген толайым табыстар мен атқарылған жұмыстардың аз еместігін мәлімдеді. Өткен жылғы ауа райының қолайлы сәтін тиімді пайдалана білген ауыл еңбеккерлері өнім берекелілігін арттыруға бар күш-жігерлерін жұмсап, мандай терлетіпті.

Келелі кеңесте саланың білікті мамандары егін шаруашылығын өрістетуге байланысты тұшымды ой, жаңа идеялар айтып, ауыл еңбеккерлеріне мол өнім алу бағытындағы озық технологияларды түсіндірді. Мәселен, суды үнемдеу технологиясы мен оны өндіріске енгізудің маңыздылығы, минералды және микротыңайтқыштарды қолданудың әдіс-тәсілдері, тамшылатып суарудың тиімділігі айтылды. Сала мамандарын жаңа технологиялық әдіспен оқыту, сапалы тұқыммен қамтамасыз етілу, ауыспалы егістік күйесін сақтау, жаңа техникаға қол жеткізу, егістік жерлерді тиімді пайдалану, қант қызылшасы алқабының көлемін ұлғайту, несиелендіру секілді мәселелер алға тартылды. Субсидиялау бойынша енгізілген өзгерістер тілге тиек етіліп, еңбеккерлер тарапынан қойылған сауалдарға да жауаптар қайтарылды.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Серікжан Үшкемпіров сала басшыларына мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан мол мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, көктемгі дала жұмыстарына бір кісідей жұмыла кірісу қажеттігін тапсырды.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ жайы толғандырады

Облыс әкімдігінде қосымша білім берудің жайын талқылаған селекторлық режимдегі жиын өтті. Оған аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, мектеп директорлары қатысты. Жиынды жүргізген облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР облысымызда оқушыларды қосымша білім берумен қамту республикалық көрсеткіш бойынша төменгі орында екендігін атап өтті.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

– Қосымша білім беру – оқыту саласының бөлінбейтін бір тармағы. Сондықтан оның төменгі деңгейде болуы баршамыз үшін үлкен сын. Оның салдарынан жасөспірімдер арасындағы қылмыс көбейе түсуде. Қыздардың жүктілігі, суицид, ұрлық-қарлық бүгінгі таңдағы өзекті мәселеге айналды. Осының бәрі қосымша білімнің жоқтығынан орын алуда. Өйткені, қолы бос, істерге іс таппайтын балалар әр нәрсеге бір соқтығады. Осыған орай қосымша білім берудің деңгейін көтеріп, балаларды барынша үйірмелерге, спорттық секцияларға тартуымыз керек. Ол үшін қосымша білім беру мекемелерін көптеп ашуымыз қажет, – деді.

Қосымша білім берудің бүгінгі жай-күйінен хабардар еткен білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова облыста 38 мектептен тыс мекеме жұмыс істейтіндігін, оған тартылған балалардың үлесі облысымыздағы жалпы оқушылардың 10 пайызын ғана құрайтынын, ал республика бойынша орта көрсеткіш 22,6 пайыз екендігін атап өтті.

Қосымша білім берумен қамтудың төменгі пайызын Қарасай, Іле, Ескелді, Панфилов, Еңбекшіқазақ, Балқаш аудандары көрсетуде. Ал Кербұлақ, Үйғыр аудандарында бірде-бір қосымша білім беру мекемесі жоқ.

– Ендігі мақсат – қосымша білім беру желісін кезең-кезеңімен дамытуға және материалдық-техникалық базасын жарақтандыруға бағытталған облыстық қадамдық жоспар құрып, оны жүзеге асыру. Қосымша білім беру жүйесін жаңғырту, инновацияларды енгізу, педагогикалық озық тәжірибелерді жинақтау, тарату, қызмет көрсету сапасының деңгейін көтеру. Қаратал, Кербұлақ, Балқаш, Сарқан, Ақсу, Үйғыр, Панфилов аудандарындағы жалпы білім беретін аудандардағы жобалық қуаттылығы бойынша оқушылары аз қамтылған мектептерде балалар шығармашылық орталықтарын ашуды қарастыру, – деді Ләззат Тілеубайқызы.

Будан соң Жақсылық Мұқашұлы селекторлық режимдегі жиынға қатысып отырған аудан-қала әкімдерінің орынбасарларынан қосымша білім берумен қамтудың не себепті өз дәрежесінде жүзеге аспай отырғанын, оны шешу үшін қандай көмектер қажеттігін сұрап білді. Жиынды қорытындылай келе, облыстық білім басқармасына осы орайда арнайы жұмыс тобын құрып, аудандар бойынша сараптама жасап, қосымша білім берумен қамту жайын жақсартуды тапсырды. Сонымен қатар облысымызда кәсіби волейболға жергілікті жердің жастарын тарту қажеттігін атап өтіп, балаларды спортқа баулудың маңыздылығына тоқталды.

– Спорттық секцияға баратын балалардың үлесі ең кемінде 40 пайыз болу керек. Бізде одан төмен. Облысымызда барлығы 353 600 оқушы болса, соның небәрі 27 мыңы ғана тұрақты түрде спортпен айналысады. Өнер де де солай. Кейбір балалардың жетістіктері болмаса, бұған да оқушыларды көптеп тарту жағы кемшін қалуда.

Қандай нәтиже бар, соған қанағат тұтуға ғана жүрсіздер. Балалардың тағдырын кім ойлайды сонда? – деп жергілікті билік өкілдеріне, білім саласы қызметкерлеріне бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен, жанашырлықпен қарауды тапсырды.

Әлем тынысы

ЖЕТІНШІ ҚҰРЛЫҚ



Жұмыр жерде алты құрлық бар екені белгілі. Алайда ғалымдар тағы бір беймәлім құрлықтың құпиясын ашты. Қысқасы, география ғылымына өзгеріс енгізіліп, жетінші құрлық ашылар күн жақын.

Тынық мұхитында ғылымға беймәлім жаңа құрлық табылды. Ғалымдардың айтуынша, оның көп бөлігі су астында жатыр. Ал көрінетін бөлігі Жаңа Каледония мен Жаңа Зеландияға тиесілі. Мамандардың пайымдауынша, ол шамамен 80 миллион жыл бұрын ежелгі Гондванадан бөлініп кеткен болуы мүмкін. Ғалымдар жаңа құрлыққа «Зеландия» деген атау берген. Ауданы – 5 миллион шаршы шақырым. Енді ғалымдар қауымдастығы бұл болжаммен келіссе, картада жаңа құрлықтың пайда болуы ғажап емес.

ЖЫНЫСЫН АУЫСТЫРДЫ



Төрінен көрі жуық қалған қытайлық қария жынысын ауыстырып әлемді дүрліктірді. Еріккен егденің есімі – Синь Юэ. Бейжің қаласында тұрады. Сорақысы, қария әйел болып жаратылмағанына бала кезінен бері өкініп келген.

Зейнеткер 72 жасқа биыл толды. Бұл жайында «China Daily» газеті хабарлады. Басылымның жазуынша, ота өткен сәрсенбі күні Қытайдың оңтүстігіндегі Гуандун провинциясы, Хуэйчжоу қаласында жасалды. Қартқа кеуде имплантары орнатылып қойған. Сондай-ақ, зейнеткер жатыр қынабын орнату отасын да бастан өткерді. «Мен өз арманымды іске асырдым. Мен әйел болдым», – деп мәлімдеді отадан кейін ол. Ота алдында Синь Юэ бірқатар тесттен өтіп, жынысын ауыстырғысы келетініне дәрігерлерді сендіру үшін мыңнан астам сұраққа жауап берген. Синь Юэнің айтуынша, бала күнінде ол жиі-жиі қыз болып киінген. 1970 жылы үйленіп, үш жылдан кейін қызды болған. 2000 жылы ерлі-зайыптылар ажырасып кеткен.

АЙДАН ЭНЕРГИЯ ӨНДІРЕДІ



Күн сайын көркем фильм түсіретін Үндістанның ғалымдары аспанға зер сала бастады. Олар 2030 жылға қарай Айдан гелий өндіруді бастап, оны энергия қоры ретінде пайдаланбақ. Бұл туралы Үндістан ғарыш зерттеулер ұйымының еңбек сіңірген профессоры Сиватхана Пиллаи айтты.

Ол гелийге бай Айдың беткі қабатын өңдеу басты әлеуетті жұмыстарының бірі екенін тілге тиек етті. «2030 жылға қарай бұл үдеріс жүзеге асады», – дейді Пиллаи өз сөзінде. Ғалымның айтуынша, Жердің табиғи серігінің қоры аса мол. Айта кетер болсақ, Айдағы аталмыш бағалы изотоптың қоры кемінде 500 мың тоннаны құрайды. Термоядролық синтез барысында 1 тонна гелийден 15 миллион тонна мұнайға пара-пар энергия бөлінеді. Демек, алдағы уақытта жердің энергиясы таусылып, адамдар аспанға қол созатын секілді. Адамзат өз пайдасына тұтынатын энергияны өндіру жолында аянып қалмайтыны анық. Алайда табиғаттың да бүтіндігін ойлау керек-ақ.

ЭФИРДЕ КӨЗ ЖҰМДЫ



Радио арқылы тікелей эфир жүргізіп тұрған екі журналист қаза тапты. Ақпараттың ақиқатын іздегендерді үш адам қастандықпен өлтірген. Қанды оқиға Доминикан Республикасында орын алды.

Журналистердің бірі эфир кезінде «Фейсбукта» тікелей трансляция жүргізіп отырған. Екі минуттық бейнебаянда Луис Мануэль Мединаның оққа ұшқаны және әйелдердің жан айқайы түсіп қалған. Мединамен қатар, «103 FM» жиілігіндегі Доминикан радиосының продюсері Лео Мартинес те қаза тапты. Полицияның мәлімдеуінше, оқиға кеше ел астанасы Санто-Домингоның шығысында орналасқан Сан Педро де Макорис қаласында болды. Ұсталғандарға әзірге айып тағылған жоқ. Сондай-ақ, неліктен ақпарат өкілдеріне шабуыл жасалғаны әзірге белгісіз. Айта кетейік, журналистика – әлемдегі адам өміріне қауіпті мамандықтардың бірі.

САЙЛАУ КҮНІ АРАҚ САТЫЛМАЙДЫ



Жексенбіден бері Эквадорда басталған ел президенті мен ұлттық ассамблея депутаттарының сайлауы қалыпты жағдайда өтіп жатыр. Сайлаудың ашылу салтанатына Эквадордың іс басындағы Президенті Рафаэль Корреа қатысты.

18–65 жас аралығындағы 12,8 миллион эквадорлық жаңа президентті 8 үміткер арасынан таңдауы тиіс. Сарапшылардың пайымынша, олардың арасында жеңіске ең жақын тұрғандары Ленин Морено, экс-банкир Гильермо Лассо және социал-христиандық партиядан ұсынылған кандидат Синтия Витери. Эквадорда сайлау күні спирттік ішімдіктерді сатуға және оларды қолдануға қатаң тыйым салынды. Егер сайлауға қатыспағандығы үшін 37,5 доллар көлемінде айыппұл қарастырылған болса, ішімдікке қатысты заңды бұзғандарға 187 АҚШ доллар айыппұл салынады.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚЫРАҒЫ

БІЗДЕН ДЕ БІР ПІКІР



Сәуле ҚҰСМОЛДАНОВА, Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасының директоры:

– Аурухана үш жүз төсекке есептелген. Мұнда он бөлім жұмыс істейді. Барлық бөлімде заманауи құрал-жабдықтар қойылған. Мамандар жаңа технологиямен шетелде оқып, тәжірибе алмасуда. Функционалдық диагностика аппараттары, компьютерлік және магниттік-резонанстық томографтар орнатылған. Бұлардан басқа, автоматтандырылған орталық зарарсыздандыру жабдығы жұмыс істейді. Бұл жабдықтар мен құралдарды аса жоғары деңгейде зарарсыздандыруға болады. Кадрлармен қамтамасыз етуде мамандарды өз облысымызбен бірге, республикадан да шақырдық. Ең бастысы, біздің заманауи аурухана сапалы әрі жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсете алады. Мұның барлығына ықпал еткен Амандық Ғаббасұлы, облыс, қала дәрігерлерінің атынан сізге зор алғыс айтамыз.







Аслан КҮБЕНТАЕВ, Сарқан аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі:

– «Жасыл ел» жастар жасағының бастамасымен Сарқанда «Жастар» шаруа қожалығы құрылып, біршама істердің басын қайырып келеді. Өткен жылы 4,5 гектар жерге қант қызылшасын өсірдік. Елбасының өзі жұмыс сапарымен біздің алқапқа келіп, ризашылығын білдірген болатын. Жыл соңындағы нәтижеге бойынша біздің осы жобамыз республика бойынша «Ең үздік жоба» номинациясын иеленді. Биыл біз жұмыс күшін арттыра отырып, он гектар жерге тәтті түбір егуді жоспарладық. Бізге көрсеткен қолдауыңыз үшін сарқандық жастар атынан сізге рахмет айтамыз.



Арман ДЖАВИДАН, «Империя Фуд» ЖШС-нің директоры:

– Ірі қара малы етінің экспорттық әлеуетін арттыру жобасы аясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында атап айтқан сүт пен ет өндірісін дамыту жөніндегі тапсырмаларға сәйкес өткен жылдың маусым айында біздің нысан іске қосылды. Содан бері жақсы нәтижемен жұмыс істеп келеміз. Жалпы, біле білген адамға Жетісу жері нағыз жаннат. Біздің ісіміздің алға басуына атсалысқан азаматтарға, оның ішінде Амандық Ғаббасұлы, өзіңізге ерекше ризашылығымды білдіріп, жұмысыңызға табыс тілеймін.





Виктория ГОРОБЦОВА, «Kagazy Recycling» ЖШС-нің директоры:


– Біз Қазақстан аумағында, сонымен қатар, Ресейдің бірнеше қаласында макулатура жинау бойынша өкілдіктер желісі бар жалғыз отандық компаниямыз. Компания шамамен 500 мың ағашты кесуден құтқара отырып, жыл сайын 50 мың тоннаға жуық макулатураны жинайды және қайта өңдейді. Қазақстан мен Орталық Азиядағы орау өнімдері мен гофрокартон жасайтын ірі өндіруші болғандықтан облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен біршама игі істерді атқарып келеміз. Халық үшін атқарған әрбір ісіңізге береке тілеп, жүйелі жұмысыңызды өте жоғары деңгейде бағалаймыз.



Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Біз ардагерлер кеңесі қала, аудан, ауыл жұртшылығымен кездесу өткізген кезде облыстық басылымға шыққан тезиспен жұртшылықты толықтай таныстырып шықтық. Әсіресе, өскелең ұрпаққа білім беру және спорт саласы бойынша атқарылған жүйелі жұмыстың нәтижесі көпшілікті қуантты. Атқарылатын жұмыстың да берер жемісі мол екеніне сенімдіміз. Жетісулықтар бірауыздан сізді қолдап, жеткен жетістіктерге дән риза болуда. Тұрғындар атынан өзіңізге жолданған алғысты жеткізуге рұқсат етіңіз. Елбасы тапсырмасының Жетісу жерінде толығымен орындалуын басты назарға ала отырып, халық үшін істеп жатқан әрбір ісіңізге жетісулықтар атынан алғыс білдіріп, бір жыл бойына атқарған еңбегіңізге қанағаттанарлық деген баға береміз.





(Соңы Басы 1-2-беттерде).

Олардың бірінші қабаттарында медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін орталық болады. Сөйтіп, Талдықорғанда теңдесі жоқ коттедж қалашығы салынады. Бір сөзбен айтқанда, Талдықорған өзге облыс орталықтарына, өзге қалаларға үлгі болуы тиіс.

Бұл айтылған деректердің бәрі тек бір жылдың ішінде атқарылған жұмыстар. Мәселе мұнымен бітпейді. Сонымен бірге бізде шешімін таппай жатқан жайттар да бар. Оның біріншісі ретінде ауылшаруашылығында кооперативтерге бірігу жұмыстарының баяу жүріп жатқанын атар едім. Облыста барлығы 268 мың жеке шаруашылық болса, оның небәрі 435-і ғана бірікті. Мәселен, биыл біз аталған шаруашылықтардың 1597-сін біріктіруді көздеп отырмыз. Алайда бұл тым аз. Елбасының айтуынша, республика бойынша 5 жылда 500 мың шаруашылық бірігуі тиіс. Демек, жылына 100 мың қожалықтың кооператив құрғаны жөн. Бұл – маңызды қадамның бірі.

Екіншіден, Алматы мен Талдықорған маңында азық-түлік белдеуін құру жұмыстары тиісті деңгейде жүргізіліп жатқан жоқ. Бізде көтерме сауда жасайтын орталықтар, логистика жоқ болып тұр. Үшіншіден, шағын және орта кәсіпкерліктен түсетін түсімдер кейбір аудандарда өте төмен. Атап айтсақ, Ақсу, Кербұлақ, Сарқан және Райымбек аудандары 12-20 пайыз көрсеткішінде қалып отыр. Төртіншіден, бізде жаңа форматтағы сауда орындары жоқ. Жаңа нысандар сыртқы келбеті жағынан өте әдемі, өнімдерді ұзақ сақтай алатын қоймалары бар, заман талабына сай болуы керек. Сонымен бірге, сауда нүктелерінің көліктер тоқтайтын тұрақтармен қамтамасыз етілгені абзал.

Тағы бір түйінді мәселе – облыста тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт жоқ. Жыл сайын облыс аумағына шамамен 800 мың тонна қатты қалдықтар шығарылады. Бүгінде шығарылған қалдықтардың көлемі 8,4 миллион тоннаға дейін жетті. Осы уақытқа дейін жұмыс істейтін қалдықтардың полигоны толып кеткен және бұл мәселе дер кезінде шешуді қажет етеді. Ең бастысы, біз қандай өзекті мәселелердің бар екенін және қай бағытта дамудың жолын жақсы білеміз.

Алматы облысы – ерекше өңір. Бауыры байлыққа, өрісі малға толған, топырағы қасиетті, табиғаты тамаша, сұлу жердің Жетісу деп аталуы тегін емес. Жетісу жері – кие қонып, бақ дарыған тарихи мекен.

Жетісулықтар ынтымағы жарасқан, ерен еңбектің туын биік ұстаған парасаты мол азаматтар.

«Жері байдың – елі бай» дегендей, байтақ өлкеміз – байлық пен берекенің, бақыт пен қуаныштың бесігі.

Егер де біз халыққа жағдай жасап, қолдау білдірсек, шықпайтын белес, алынбайтын қамал жоқ.

Біз, бәріміз бірге Елбасының салиқалы саясатының арқасында, қарапайым халықтың, еңбек адамдарының қажыр-қайраты арқылы алдымызға қойған міндеттерді орындап, басты мақсаттарға қол жеткіземіз деп сенемін.

Есебін осылай тұжырымдаған облыс әкімінің сөзінен кейін талқылау басталды. Жарыссөзге шыққандар облыс әкімінің жүйелі де жемісті жұмысын жан-жақты атап өтіп, қанағаттанарлық деген баға берді. Микрофонмен өз өтініш, ұсыныс-тілектерін білдірген көпшілік газдандыру, жол, мектеп салу, жас мамандарды баспанамен қамту, мұғалімдер мен дәрігерлерге жағдай жасау, саяжайды дамыту мәселелерін алға тартты. Тұрғындар сауалына тұшымды жауап берген облыс әкімі барлық мәселелердің рет-ретімен шешімін табатынын жеткізді. Талдықорғанда тағы бір әйелдер кеңесін ашу мәселесін көп созбай жүзеге асыруды облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысына тапсырды.

Жылы ауанда, халық пен әкім арасындағы түсіністік аясында өткен жиыннан Жетісу жұртшылығының ауызбірлігін сезіндік. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек ететін берекелі тірлік нышаны аңғарылып тұрды. Ең бастысы, халқын ардақтайтын әкімі, басшысын биікке көтеретін халқы бар. Лайым, осы берекеміз жарасып, түсініс-тігіміз арта берсін!

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

ЖАТ АҒЫМНАН САҚТАНДЫРДЫ

Елбасының биылғы Жолдауын талқылау мақсатымен ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің жауапты хатшысы Марат Әзілханов өткен аптада Жетісу жеріне табан тіреді. Облыстық журналистер үйінде бастау алған шараға өңіріміздегі діни бірлестіктер жетекшілері мен әр аудандағы бас имамдар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысып, Жолдаудың дінге қатысты тұстарын талқылады. Жиынды ашқан облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов Марат Алмасұлына алғысын жеткізіп, шара тізгінін қолына алды.

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы, жастар ресурстық орталығы, «Жас Отан» ЖҚ облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен шара Жолдауға қолдау көрсету, діни сауаттылықты арттыру, жастар саясатын жүзеге асыру, оларға патриоттық тәрбие беру мәселелерін көтерді. Жиын барысында Марат Алмасұлы биылғы Жолдаудың ерекшеліктеріне жіті тоқталып, еліміздің дамуына қосар үлесі мен халықтың белсенділігін оятар ықпалы мол екендігін тілге тиек етті. Оның ішіндегі бір бағытына – діни экстремизмнің алдын алу, жол бермеу мәселесіне кеңінен тоқталып өтті. Ол өз сөзінде:

– Діни экстремизмге елімізде арнайы мемлекеттік бағдарлама дайындалып жатыр. Ол жақын арада қабылданатын болады. Жалпы 2017–2020 жылдарды қамтитын бағдарламаның басты мақсаты халықты, жастарды діни эктремизм қаупінен сақтап қалу. Жастардың ой-санасына жат ағымдардың тигізетін әсерінің қаншалықты зиян екендігін жеткізу, – деп бұл мәселені талдап айтты.

Келесі болып сөз алған Талдықорған өңірінің өкіл имамы, «Иман» мешітінің имамы Серікхан Ахмадиев, «Мүшелтой» балалар және жасөспірімдер клубы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Дәния Қыдырбаева Жолдау жайында тереңнен тоқталып, балалардың болашағына ықпал етер оңды тұстарын атап өтті.

Журналистер үйінде бастау алған шара жастарға қызмет көрсету орталығында жалғасын тапты. Жоғары және арнаулы оқу орындарының білімгерлерімен кездескен Марат Алмасұлы діни экстремизм мәселесін түсіндіріп, жастарға дұрыс бағыт нұсқады. Оқуларының жайын сұрап, болашақтағы қызығушылықтарымен санасып, мәнді де мағыналы мамандық таңдау керектігін тілге тиек етті. Шара барысында жауапты хатшыға жауапты сұрақтар қойылып, нақты жауаптар айтылды.

Қазір қоғамда жас қыздардың мектепте орамал тағуы, кейбір ата-аналардың өз балаларына екпе екқізбеу мәселелері қаралды. Бұл жәйтті Марат Алмасұлы өз сөзінде айтып өтті.

– Біздің мемлекетіміздің заңы, қағидалары бойынша бәрі белгіленген. Екпеге келер болсақ, ғасырлар бойы жүргізіліп келе жатқан егу шарасы халық денсаулығына ешбір зиян келтірмейді. Екпе егу белгілі бір аурулардың алдын алу үшін өте керек. Шариғат жағынан қарасақ та оған ешқандай шектеу жоқ, тыйым салынбаған. Біз соны халыққа түсіндірудеміз. Ал мектепке келсек, мектепте үлгілі форма ата-аналардың келісімімен, солардың шешімімен қабылданған. Ол қағидатты орындау керек. Анығын айтқанда, діни белгілері бар киімдер қазір мектепте қолданылмайды.

Кездесудің жастар үшін басты жаңалығы жеткізіліп, көңілдеріне қуаныш сыйлады. Биылдан бастап жастар техникалық бағытта тегін оқытылмақ. Арнайы техникалық колледж деңгейіндегі білімді кез келген бала ала алады. Оқу үрдісі Елбасының тапсырмасы бойынша, үкіметтің шешімі бойынша тегін жүргізілмек. Басты мақсат – жұмысшы мамандықтарын жастарға үйрету, жұмыссыздықты болдырмау.

Талаптылық тұрғындар «Астана ЭКСПО – 2017» көрмесіне өз үлестерін қосуға дайын. Ауылдық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен ЭКСПО – 2017 көрмесін тұрғындарға насихаттау мақсатында өткен «дөңгелек үстелде» ауыл тұрғындары халықаралық көрменің маңызын салмақтады. Кездесудің тізгінін Мәдениет үйінің қызметкері Қуаныш Өнербеков ұстады.

КӨРМЕ АҚПАРАТЫНА ҚАНЫҚТЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Жетісу
Қажет АНДАС

– Аталған халықаралық көрмені Астана қаласында өткізу арқылы дамудың бірегей мүмкіндігіне ие болмақпыз. Өйткені мұнда әлем елдерінің соңғы жылдардағы экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктері таныстырылып, озығы елдің игілігі үшін қолданылмақ. Бұл тұрғыдан келгенде «Болашақ энергиясы» деген тақырыптың өзі көп нәрсені аңғартса керек. Ол балаларымыздың болашақ өміріне үлкен серпіліс беретіндігі анық, – деді сөз арасында ауылдық Мәдениет үйінің директоры Рустам Асқарбаев.

Бүгінгі күні екі жүзден аса отбасы түтін түтетіп отырған Талапты ауылы талантты ұлдарын да көп өсірген елді мекен. Соңғы жылдары мұнда бірқатар іргелі өзгерістер орын алыпты. Айталық, екіқабатты жаңа оқу орны бой көтеріп, Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткен, көшелеріне асфальт төселіп, бағдаршамдар орнатылған. Су құбырлары жаңадан тартылып, Талды өзеніне жаңа көпір салынып, ел еңсесін бір көтеріп тастапты. Жаңа амбулатория шалғай ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсете бастағалы да біраз болды. Биыл ауылдық Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде. Бұл жаңалық оларды жігерлендіре түсіпті. Осы жайлы Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Айгүл Ешмұхамбетова:

– Ауылымыз шағын болса да, ел болашағы үшін жасалатын шараға қашанда дайынбыз. Биыл жоспарымызға ЭКСПО – 2017 көрмесін насихаттауға бағытталған бірқатар жобаны енгізіп отырамыз. Сол арқылы Астанадан шалғайда жатқан ауылдың Елордамен тығыстас екендігін көрсетпекпіз, – деді.

Халықаралық көрме ауылдағы балғындардың да талабын ұштай түсіпті. Содан кейін де ауылдық «Балбөбек» балабақшасының ұжымы балаларға ЭКСПО – 2017 көрмесі жайлы ертеңгіліктер ұйымдастырып, қызықты ойындар өткізіп, көрме жайлы көп ақпарат беруге тырысады.

– Елбасының халықаралық көрмені Астана қаласында өткізуі келешек ұрпақтың басқалармен терезесі тең, еліміздің керегесі кең болсын деген ойынан туындап отыр. Қазір балабақшадағы балалардың бәрі ЭКСПО жайлы кішкентай болса да ақпараттардан хабардар. Сол арманын ары қарай ұштау үшін біз де барынша тырысып келеміз, – дейді балабақша меңгерушісі Мақсат Төрегелдинова.

«Азаматына қарап ауылын таны» дегендей, еліміздің жер-жерінде лауазымды қызмет атқарып, егемендігіміздің ертеңіне елеулі үлес қосып жүрген азаматтары көп ауылдың бүгінгі тұрғындары да өнерге бейім болып шықты. Арасында Қуаныш Өнербеков көрмеге арнап жазған тамаша өлең шумақтарын оқып, бәрімізді желпіндіріп отырды. Елордадағы шара жайлы жаңжақты ақпаратты шалғай ауылға жеткізген мәдениет саласының өкілдеріне көпшілік алғыстарын айтып тарады.

Талапты ауылы, Көксу ауданы.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№23 (18299)


Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сенбі, 25 ақпан, 2017 жыл.

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

ЭКСПО – 2017 көрмесі жақындаған сайын маңызды шараға дайындық жұмыстары да қыза түсуде. Еліміздің осыған дейін жеткен жетістігі сарапталып, болашақ табыстарға жол ашатын тарихи оқиға ешкімді бейжай қалдырмасы анық. Соған орай көрмені ұйымдастырушылар белсенді еңбек етуде.



ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗА ТҮСТІ

Жетісу
Қажет АНДАС

БАС ХАТШЫНЫҢ КӨМЕКШІСІ КЕЛДІ

“Астана ЭКСПО – 2017” ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов ЭКСПО – 2017 көрмесінің ұйымдастырушы кеңесінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының көмекшісі, БҰҰ Даму бағдарламасы Еуропа мен ТМД елдері бойынша өңірлік бюросының директоры, БҰҰ ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің бас комиссары Джихан Султаноглумен кездесіп, көрмеге қатысу келісімшартына қол қойды.

Сондай-ақ, кездесу барысында тараптар ЭКСПО – 2017 көрмесіне дайындық барысын талқылады. Ахметжан Есімов бүгінгі таңда 115 ел мен 18 халықаралық ұйымның көрмеге қатысатындығын растағандығы туралы мәлімдеді. Сондай-ақ, 18 ел павильондарын тақырыптық безендіруге кіріскенін жеткізіп, жаңартылған энергия көздері саласында БҰҰ экспозициялары ең үздік жобалар мен жетістіктерін көрсететініне сенімділік білдірді.

Өз кезегінде, Султаноглу ханым Қазақстанның көрмеге дайындығын жоғары бағалайтынын білдіре келіп:

– Біз Нұрсұлтан Назарбаевтың жасыл технология орталығын ашу жайлы бастамасын қолдаймыз. Сонымен қатар, осы жобаға өз көмегімізді көрсетуге дайынбыз. Тұрақты энергия тақырыбында бұл көрменің Қазақстан үшін таптырмас мүмкіндік болатынына сенімдімін. Оған БҰҰ өз үлесін қосуға дайын, – деді Султаноглу ханым.

МИНИСТР СЕНІМ БІЛДІРДІ

ҚР Сыртқы істер министрі Қайрат Абдрахманов бастаған министрлік өкілдері арнайы жұмыс сапарымен көрме орталығына келіп, “Астана ЭКСПО – 2017” ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ахметжан Есімовпен кездесіп, жұмыс барысымен танысты.

– Көрмені ұйымдастыру мен өткізу бағытындағы жұмыс қарқыны, шын мәнінде, бізге ерекше әсер қалдырды. Көрменің әлем назарын аударатын, жоғары деңгейде өткізілетін айтулы іс-шара болатындығына сенімдімін, – деді министр.

Өз кезегінде, Ахметжан Есімов ұлттық компания тарапынан өткен жылы атқарылған жұмыстармен таныстырып, барлығы 150 ресми кездесудің шетелдің премьер-министр, вице-премьер, министр деңгейіндегі 36 шетелдік делегацияның қатысуымен өтетіндігін айтып өтті.

АҚШ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ

ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрменің ұйымдастырушылары кеңесінде «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының басқарма басшысы Ахметжан Есімов АҚШ Мемлекеттік хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия мәселелері бойынша көмекшісі Ульям Тоддпен кездесті.

Басқосу барысында екі жақ ЭКСПО – 2017 көрмесіне дайындық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, АҚШ делегациясы ЭКСПО – 2017 құрылыс алаңы мен ұйымдастырушылар кеңсесінде болды.

– Бүгін біз көрменің құрылыс алаңындағы жұмысымен таныстық. Ұйымдастырушылардың ауқымды еңбегінің куәсі болдық. Халықаралық қауымдастықтың көрмеге деген үлкен қызығушылығы байқалады. Сондықтан дүниежүзіндегі технологиялық лидер ретінде ЭКСПО – 2017 көрмесінде жетістіктерімізді жан-жақты көрсету үшін барлық күш-жігерімізді салатын боламыз, – деді Тодд Ульям.

АЛҚА

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалығымен алқа мәжілісі өтті. Оған аудан, қала әкімдері, облыстық деңгейдегі басқармалар мен департамент басшылары, мәслихат хатшылары, құқық қорғау органдарының, кәсіподақ ұйымдарының, «Нұр Отан» партиясы филиалының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жиында өткен жылдың әлеуметтік-экономикалық даму барысы сараланып, алдағы міндеттер пысықталды. Сонымен бірге тұрғын үй, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым және білім нысандарының құрылысы бойынша «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуы талқыланды.


Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

«НҰРЛЫ ЖОЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Осы мәселелер бойынша облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов баяндады. Кемшіліктер де назарға алынып, түзету жолдары қарастырылды. Жиында мәлім болғандай, өткен жыл табысты аяқталған. Ауылшаруашылығы саласындағы жалпы өнім көрсеткіші 3,8 пайызға өсіп, 581,4 млрд. теңгені құраған. Егіс алқаптары ұлғайып, дәнді дақылдар молынан жиналған. Қант қызылшасы өндірісінің көлемі артып, жеміс-жидектерден, майлы дақылдардан, картоптан жоғары өнім алынған. Мал шаруашылығы саласындағы көрсеткіштер де жаман емес. Төрт түлік көбейіп, құс басы өскен. Үш жүз мың тоннадан аса мал мен құс еті өндіріліп, жеті жүз мың тоннаға жуық сүт сауылған. Жұмыртқа өндірісі жүз пайыздан аса орындалған. «Сыбаға», «Алтын асық» бағдарламаларының орындалу барысы да жаман емес.

Барлығы 102 тонна ірі қара мал еті экспортталып, болжамдағы көрсеткіштен асып түскен. Былтыр 156 жеке-қосалқы шаруашылықтарды тарту арқылы 10 кооператив құрылған. Бірақ, бұл тапсырма Алакөл, Балқаш және Қаратал аудандарында орындалмапты. Жаңа өнеркәсіп нысандары іске қосылып, бірнеше өндіріс орындары кеңейтілген. Екі мыңнан аса қосымша жұмыс орындары ашылып, талай адамның еңбекпен қамтылуына жол ашылған. Десек те, өнеркәсіп өндірісі бойынша көрсеткіштерді төмендеткен аймақтар да бар. Осы ретте Қаратал, Кербұлақ, Панфилов, Үйғыр, Ескелді және Ақсу аудандарының басшылары сынға алынып, ескертулер жасалды. Мемлекеттік «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында «Талдықорған» индустриялдық аймағы инфрақұрылымының құрылысы аяқталып, тағы бес индустриялдық аймақтардың техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленіп жатқан көрінеді. «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде үш жүзге жуық жобаға субсидиялар мен гранттар берілген.

«Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы, «Даму» қоры және «Ұлттық кәсіпкерлер палатасы» арқылы мыңнан аса адам шағын несиеге қол жеткізіпті. Нәтижесінде 2595 жұмыс орны құрылып, 7616 жұмыс орны сақталған. Бөлшек сауда көлемі өскен. Азық-түлік және басқа да тауар бағаларының өсуіне байланысты инфляция деңгейі 108,1 пайызды құрап, негізгі азық-түліктің отыз үш түрінің жетеуінің бағасы шекті деңгейден асыпты. Құс еті, қарақұмық жармасы, жұмыртқа, өсімдік майы, шай, қант және тұздың бағасы өскен. Өңір экономикасына тартылған инвестициялар көлемі артқан. Құрылыс жұмыстарының жүзеге асырылуы да ойдағыдай. «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы бойынша 35,3 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылып, үй кезегінде тұрғандардың саны артқан. «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде облигациялық қарыздар есебінен 1,6 млрд. теңгеге алты несиелік тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатқан көрінеді.


Елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамту деңгейі 84 пайыз. Жиырма үш елді мекен орталықтандырылған сумен қамтамасыз етіліп, тоқсан бір ауыл сапалы ауызсуға қол жеткізген. Көппәтерлі тұрғын үйлерде сегіз жүзден аса жылу есептегіш орнатылыпты. Облыс бойынша газдандыру деңгейі 22,8 пайыз. «Алматы–Талдықорған» магистральді газ құбырының құрылысы аяқталуға таяған. Автокөлік жолдарын дамытып, жөндеу үшін қомақты қаражат бөлінген. Әлеуметтік сала бойынша 25,5 мың жұмыс орны құрылып, жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайыз, жастар жұмыссыздығы 3,1 пайызды құраған. Білім саласында он сегіз нысан қолданысқа енгізілген. Оның ішінде тоғыз мектеп, алты балабақша, отыз жеті нысан күрделі жөндеуден өткен. Үш ауысымды мектептің орнына 4200 орынды 8 мектеп іске қосылған. Ал биыл облыста 44 мектептің құрылысы жүргізілмек. Оның басым бөлігі «Нұрлы Жол» бағдарламасы арқылы салынып, биыл іске қосылуы тиіс. Осыған байланысты Амандық Ғаббасұлы аудан, қала әкімдеріне құрылысы жүріп жатқан аумақтарды аптасына бір рет аралап, әсіресе сапаға көңіл бөлуді және олардың құрылысын уақытылы аяқтап, ауласын абаттандыруға мән беруді тапсырды. Денсаулық сақтау саласында нәрестенің шетінеуі, ана өлімі, қан айналымы жүйесінің аурулары мен қатерлі ісіктен қайтыс болу азайған. Керісінше, қылмыс саны өсіп, жол-көлік оқиғалары көбейген.

«Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан және осы бойынша алдағы кезде орындалуы тиіс жұмыстар көп. Бастысы Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында айқындалған басым бағыттар бойынша жұмыс атқарылуы керек. Көктемгі дала жұмыстарын уақытылы жүргізу, қызылша өсіру, «Нұрлы Жол», «Нұрлы жер» және «Өңірлерді дамыту» бағдарламаларын іске асыру, бөлінген қаражаттарды мақсатты пайдалану, инфляция деңгейін төмендету, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру, жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті дамыту, құрылыс жұмыстарын бақылауға алып, сапасына мән беру, жабайы сауданы реттеу, ана мен бала өлімін болдырмау, жол жөндеу, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу күн тәртібінен түспейтін мәселелердің бірі.

Картоп, ет өндеу және жылыжай да басты назарда болуы тиіс. Себебі, ол халық үшін маңызы зор жобалар. Өнеркәсіпті өркендету ісі де жандануы керек. Осы жұмыстардың талапқа сай атқарылуы үшін облыс әкімі ойын ортаға салып, салаға жауапты басшыларға тапсырмалар жүктеді.

ЖАМБЫЛ – 171


ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ



4-бет

АРДЫҢ ІСІ


ӘДЕБИЕТ – МӘҢГІЛІК АЛАМАН



7-бет

ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ...

ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЙЫМ



8-бет

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XII сессиясы өтті. Оған облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ,** облыстық мәслихаттың хатшысы Серік Мұқанов, аудан, қала әкімдері мен депутаттар қатысты. Сессия жұмысын облыстық мәслихаттың депутаты Жанболат Жүргенбаев жүргізді.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Күн тәртібінде қаралған алғашқы мәселе Алматы облысының 2017 жылға арналған бюджетіне өзгерістер енгізу жайы болды. Бұл турасында облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Асқар Қожабаев баяндама жасап, облыс бюджетінің 2016 жылғы қорытындысы бойынша қалыптасқан бос қалдықтар қатары 2 млрд. теңгені құрағанын, кірістердің артық орындалуынан 4,3 млрд. теңге, бюджет шығыстары бойынша 4,7 млрд. теңге үнемделіп отырғанын жеткізді. Осыны тиімді жұмсап, кезек күттірмейтін мәселелерді шешуде қаржыны төмендегідей мақсаттарға бағыттауды ұсынды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жұмыстарды іске асыру бойынша Балқаш, Қаратал аудандарында дамбалар орнатып, қалпына келтіруге, Көксу өзенінің арнасын тазартуға, Ескелді ауданындағы Мәмбет шаруашылық каналына, Жамбыл ауданының Жамбыл ауылы, Сұраншы көшесіндегі құбыр өткелдеріне жөндеу жүргізуге қаржы бөлу қарастырылған. Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік саласы бойынша 638 млн. теңге сомасында шығын көзделуде. Оның ішінде үш қалаға бейнебақылау жүйесін орнату үшін жобалық-сметалық құжаттар әзірлеуге, жеке құрамды тасымалдауға 5 автобус сатып алуға, полицияның қоғамдық көмекшілерін ұстауға, елді мекендерге жол белгілері мен бағдаршамдар орнатуға бағытталмақ.

Білім саласы бойынша 1,3 млрд. теңге қаражат бөлу жоспарлануда. Ол бірқатар білім мекемесінің материалдық-техникалық базасын жақсартып, 3 нысанды күрделі, 5 нысанды ағымдағы жөндеуден өткізуге, ағылшын тілі мұғалімдерінің білім деңгейін анықтауға, өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, өрт дабылын жөндеуге жұмсалмақ. Осы топ бойынша даму бюджетінің шығындары 125 млн. теңгені құрады. Оның ішінде Жаркент қаласындағы 300 орынды мектептің құрылысын аяқтауға, 10 нысанның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді аяқтауға көңіл бөлініп отыр.

Денсаулық сақтау саласына қосымша 384 млн. теңге жоспарлануда. Осы орайда өкпе гипертензиясына шалдыққандарды тегін дәрідәрмекпен қамтамасыз етуге, халыққа иммундық алдын алу шараларын жүргізу үшін вакциналар мен имуннобиологиялық препараттарды сатып алуға, Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы мен балалар үйіне бейнебақылау жүйесін сатып алуға, Жамбыл ауданының Қарақыстақ ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысын жүргізуге біршама қаражат бағытталып отыр.

Сондай-ақ, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, дін, тілдерді дамыту, спорт, туризм, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, сәулет және құрылыс, көлік және коммуникация, ауыл, орман, су шаруашылығы және жер қатынастары бойынша да қосымша қаржы бөлу қарастырылды.

Сессияда сондай-ақ, облыс әкімдігінің дербес құрамына облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов пен облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Асқар Қожабаевты енгізу, Алматы облысының шекарасын өзгерту туралы да мәселе қаралып, шешімдер қабылданды.

Осы айтылған ұсыныстарды депутаттар толықтай қолдап, дауыс берді. Сессия жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов бюджетке енгізіліп отырған өзгерістерді қуаттаған депутаттарға алғысын жеткізіп, ендігі мақсат осы қаржыны дұрыс игеріп, диттеген мақсаттарға жұмсап, қолға алған істі өз деңгейінде жүзеге асыру екендігін атап өтті. Оны аудан-қала басшыларына айрықша тапсырды.

СЕЛЕКТОР

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Онда «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңын іске асыруға орай Үкімет қаулысының жобасы қаралып, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасы сарапқа салынды. Сондай-ақ, көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар барысы талқыланды.

КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Алдымен Бақытжан Әбдірұлы Жамбыл облысындағы Көксай аңғарындағы қар көшкіні салдарынан қаза тапқан жеті сарбаздың отбасы мен жақындарына көңіл айтты.

– *Айдың-күннің аманында жеті арысымыздан айырылып қалдық. Өте қайғылы жағдай. Елбасының тапсырмасымен Қорғаныс министрі Сәкен Жасұзақов қаза тапқан сарбаздардың отбасыларына барып қайтты. Қажетті шараның бәрін жасаңыздар. Сарбаздардың қазасына қатысты тексеру шараларын тікелей өз бақылауыма аламын,*– деді Үкімет басшысы.

Қорғаныс министрінің айтуынша, қаза болған азаматтардың бес жылдық жалақысы олардың отбасына төленеді. Аталмыш дерек бойынша әскери прокуратурада қылмыстық іс қозғалған.

Бұдан соң күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, ҚР Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов, ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов, ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек, ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов және ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов хабарлама жасады. Жиында аталған қаулы жобасының бюджеттік кодекс талаптарына сәйкес әзірленгені аталып өтіп, 2017 жылға арналған маңызды республикалық бюджеттік инвестициялар тізімі бекітілді.

Сонымен бірге ҚР Үкіметі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заң жобасына енгізілген түзетулерді мақұлдады. Елжан Амантайұлының сөзінше, жалпы, заң жобасында денсаулық сақтау жүйесінің, оның ішінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің жұмысының тоқтаусыз жүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін негізгі жайттар қамтылған. Сондай-ақ, заң жобасы қабылданатын болса республикалық бюджет шығындары қысқармақ.

Су тасқыны кезінде автокөліктер мен теміржолдар тұрақты бақылауға алынбақ. Қауіптің алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары бекітіліп, комиссиялар жұмыс істеуде. Бекітілген жоспарға сәйкес қолға алынған жұмыстарды уақытылы ұйымдастыру үшін қазір қажетті құрылыс бұйымдары мен конструкциялар әзірленген. Қазіргі кезде су жүретін құбырларды тазалау жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді. Осы кезге дейін елде төрт мыңнан аса құбыр тазаланған. Көпірлердің астындағы мұз кептелісін жою үшін оны уату мақсатында бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу және қар көшкіндерін құлату бойынша келісімдер жасалған. Қауіпті жерлердің тізімі жасалып, өзендердегі су мөлшері анықталған.

Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы өзен суының мөлшері тасқын кезінде қалыпты жағдайдан бірнеше пайызға жоғары болады деп күтілуде. Сонымен бірге электр стансылары мен электр желілерінің жұмысын қамтамасыз ету мақсатында еріген қар суының әсерінен бұзылуы мүмкін электр желілік нысандар тексеріліп жатқан көрінеді. Жиын барысында су тасқыны қауіпке орай қабылданып жатқан әзірлік шаралары жөнінде бірқатар облыс әкімдері ақпарат берді.

Кезек Алматы облысына келгенде Амандық Ғаббасұлы: – *Жетісу өлкесіндегі жағдай тұрақты. Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында іс-шаралар қолға алынып, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биылдың өзінде бұл іске республикалық бюджеттен жарты миллиард теңге көлемінде қаражат бөлінді. Қауіпті аймақтар да, су қоймалары да бақылауда,* – деді.

Осыған байланысты ҚР Премьер-Министрі тапсырма жүктеп, су тасқынының алдын алу жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 24 (18300)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 28 ақпан, 2017 жыл

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Құрметті нұротандықтар!

Барша нұротандықтарды мерейлі мереке – партияның құрылуының 18 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – кезекті тарихи меже ғана емес, Тәуелсіз Қазақстан жылнамасының маңызды белесі. «Нұр Отан» партиясы жауапты саяси күш ретінде барлық қиындықтар мен сынақтарды халықпен бірге бөлісіп, әрқашан еліміз үшін күрделі әрі өмірлік маңызы бар шешімдер қабылдады және олардың орындалуына әрдайым қол жеткізіп отырды.

«Нұр Отан» Елбасының саяси жасағы ретінде, биліктегі партия ретінде бүкіл жауапкершілік салмағын сезіне отырып, өскелең ұрпақты ұлтжанды болуға шақырады.

Тәуелсіздік жылдарында қоғамымыздың барша қазақстандықтарды біріктіретін және елдің баянды болашағына берік іргетас қалайтын басты құндылықтары қалыптасты. Олар «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының негізіне айналып, «Нұр Отан» партиясының жаңа Саяси доктринасында бекітілді. Партия мен оның барлық жақтастарының күш-жігері оларды әрі қарай нығайтуға бағытталуға тиіс.

«Нұр Отан» әрдайым халықтың сенімі мен мүддесінен шыға білетін, елдегі саяси тұрақтылық пен тыныштықтың қырағы сақшысы болатынына сенімдімін.

Бүгін барша нұротандықтарға партияның қалыптасуына, оның Отанымыздың өркендеуі жолындағы жұмысына қосқан үлестері үшін шынайы алғысымды білдіремін!

Мерекелеріңіз құтты болсын, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін!

Амандық БАТАЛОВ,
облыс әкімі,
«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы.



Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары және қонақтары!


2017 жылғы 2–7 наурыз күндері аралығында Талдықорған қаласында жоғарғы лигадағы «Б» тобында волейболдан ерлер командалары арасында Қазақстан Республикасының XXV чемпионатының IV тур ойындарын тамашалауға шақырамыз.

Жарыс 2–7 наурыз күндері, күнделікті сағат 14.00-ден бастап «Жастар» спорт сарайында өтеді.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

ЕРТЕҢ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Еліміз Алғыс айту күнін былтыр тұңғыш рет атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялаған болатын.



«Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытуға орай қазақстандық құндылыққа негізделген Алғыс айту күні – ең алдымен еліміздегі тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барша қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына тағзым белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Күрделі заманда иық тіресе еңбек етіп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтары бір-біріне құрмет білдіретін сәт бұл. Алғыс айту күні туралы Президент: *«Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді»*, – деген болатын.

Осы күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпэтносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. Алғыс айту күні – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейірімділік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Алғыс айту күні қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірліктің, мәдени сан алуандығымыздың жарқын күні есептеледі. Себебі Елбасы 100-ден аса этностың әрқайсысы өзінің қайталанбас өрнегін салуының нәтижесінде біздің біртұтас ұлтымыз бірегей азаматтық қағидаға негізделген қазақстандық бірегейлікті дамыту арқылы халықтың бірлігін нығайту.

Дана халқымыз қиын-қыстау заманның ауыртпалығын жұмыла еңсеріп, бүгінгі таңда ортақ Отанымыз Қазақстанда тату-тәтті өмір сүруде. Сондықтан, Алғыс айту күні – ең алдымен, еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін, біздің ортақ тарихымызды қастерлейтін өзара көмек және қолдау көрсету күні.

Ертең Алғыс айту күні екінші рет аталып өтіледі. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы, облыстық басқармалар, департамент басшылары этномәдени бірлестіктер өкілдерін, жастар ұйымдарын және азаматтық қоғам институттарын қайырымдылық, әлеуметтік ынтымақпен өзара көмек дәстүрлерін жалғастыруға бағытталған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі.

(2-бетке назар аударыңыз).

МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

СЕЛЕКТОР

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТЕЛЕДІ

Облыстық денсаулық сақтау басқармасында селекторлық кеңес өтті. ҚР Денсаулық сақтау министірлігінің жауапты хатшысы Болат Төкежановтың төрағалығымен өткен жиында бір ғана мәселе қозғалды. Ол – бүгінгі таңда басты тақырыптың біріне айналған міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруды халыққа кеңінен таныстырып, тұрақты енгізу.

Жемісу

Айдар ҚАЛИЕВ

Болат Тұрғанұлы Үкімет деңгейінде бекітілген қызмет жоспарын талқылап, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауындағы медициналық сақтандыру мәселесі жайында әңгіме қозғады. Сонымен қатар, барлық облыстың денсаулық басқармасының басшыларына сақтандыру мәселесін қолға алып, тұрғындарды кеңінен ақпараттандырып, нақты жұмыс істеуді тапсырды.

Жауапты хатшы селекторлық жиында медициналық сақтандыру туралы ақпараттың аздығына тоқталып, жаңартылған бейнероликтер, буклеттер мен анықтамалар теміржол вокзалында, әуежай және мемлекеттік мекемелерде көрсетілуі тиіс деп түйіндеп өтті. Бүгінгі таңда медициналық-сақтандыру бойынша 13 мың адамды қамтитын 228 ақпараттық кездесу өткізілген. Бұл мәселеде Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл облыстары қарқынды жұмыс атқарып отыр. Сонымен қатар, Болат Төкежанов 1 шілдеден бастап міндетті медициналық сақтандыру халықаралық тәжірибеде енгізілетінін айтты. Сөйтіп, әлеуметтік аз қамтылған, қорғансыз азаматтардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалмақ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Жақында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XX конференциясы өтті.

ОРТАҚ ШЕШІМ НЕГІЗІНДЕ

Конференцияның күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясынан облыстық мәслихат депутатығына кандидат ұсыну мәселесі қаралды. Оған делегат ретінде облыс әкімінің орынбасары, аудан, қала әкімдері, аудандық, қалалық мәслихат хатшылары, облыстық саяси кеңес мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, аумақтық партия филиалдары төрағаларының бірінші орынбасарлары қатысты.

– Әкімдердің жауапкершілігі үкіметтен болса, мәслихат депутаттары – халық атынан. Бұл дегеніміз ел алдында билік пен халықтың ортақ жауапты ісі деп түсінемін. Кезінде құрылыста, бизнесте шыңдалған, Ескелді би және Қаратал аудандарында ұзақ жылдары әкім міндетін, кейінгі кезде облыс әкімдігінде аппарат басшысы қызметін абыроймен атқарған. Жоғары кәсіпқой маман, білікті басшы, жетісулықтардың зерделі, аса қадірлі перзенті ретінде танымал. Қандай жұмыс тапсырылса да өзіне тән жоғары жауапкершілікпен атқаратынына сенімдімін. Сондықтан ардагерлердің атынан облыстық мәслихат депутаттығына үміткер Дүйсембінов Сұлтанды қолдауыңызды сұраймын, – деді өз сөзінде Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Шаяхметұлы.

Жарыссөзге шыққан Ескелді аудандық мәслихатының депутаты, аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Қ. Тастанбаев пен «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ж. Тенелбаев та кандидат жөніндегі жеке ойларын білдірді.

Жиында қабылданған қаулы негізінде «Нұр Отан» партиясынан облыстық мәслихат депутаттығына бірауыздан Қарасай аудандық №15 Райымбек сайлау округі бойынша Дүйсембінов Сұлтан Мырзабекұлының кандидатурасы ұсынылды.

М. СЕРІККЫЗЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚОҚЫСТЫ СЫРТҚА ШЫҒАРАДЫ

Іле ауданындағы «Бастау и К–2008» ЖШС мемлекеттік қолдаудың арқасында қалдықтарды жинау және шығару істерін жандандыруда. Олардың қызмет көрсету нарығында жұмыс істеп келе жатқандарына тоғыз жыл болған. Штаттарында отыздан аса адам бар.

– Облыс халқы өсу үстінде. Оның ішінде Іле ауданы да бар. Құрылыс істері де қарқын алып келеді. Қазір тұрғындар өз үйлерінің ауласын, көшелерін, саябақтар мен демалыс аймақтарының тазалығын қамтамасыз етуге ерекше мән беруде. Десек те, олардың қоқыс шығаруға мүмкіндіктері жете бермейді. Сол себепті біздің компания бұл мәселе бойынша тапсырыс берушілердің кез келген сұранысын орындауға әзір. Мұндай жұмыстарды жүзеге асыруға мемлекеттік қолдаудың арқасында қол жеткіздік, – дейді аталмыш компания басшысы Индира Теналиева.

Серіктестік он қоқыс тасығыш пен үш жүз контейнер алуға 69 миллион теңге көлемінде қаржы алды. Оның 14 пайызының 10 пайызын субсидиялау бағыты бойынша мемелекет өтейді. Бұдан басқа «Даму» қоры 29 млн. теңгенің кепілдігін берді. Қазіргі кезде компанияның жаңа жобасында арнайы техникаға қызмет көрсету бойынша өндірістік база ашу, автожуу, ТҚС және қоқысты өндеу бар. Компания басшысы, сондай-ақ, Назарбаев университетіне «Шағын және орта бизнес топ менеджментін оқыту» бойынша өтініш берген.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

Облысқа арнайы іссапармен келген ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Марат НҰРХОЖИН Талдықорған қаласындағы бірқатар өндіріс орнында болды. Ондағы жұмысшыларға Елбасы Жолдауының маңызды тұстарын түсіндіріп, жұмыла жұмыс істеп, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу үшін белсене еңбек етуге шақырды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС МОЛ

Вице-министр алдымен қаламыздағы «Азия-электрик» АҚ-ның өндірістік цехында жұмысшылармен кездесті. Жиырма бес жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан өндіріс орнында экономиканың әр саласына қажетті кабельдер шығарылады. Мұнда 250-ге жуық адам жұмыс істейді. Олардың еселі еңбегінің арқасында өнім көлемі жыл санап артып, өндіріс өркендеп келеді. Өткен жылы 4 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Астаналық қонақ кездесу барысында өндірілген өнімнің еліміз бойынша сұранысқа ие екендігін атап өтіп, алдағы уақытта да осы қарқыннан жаңылмай еңбек етуге шақырды.

– Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын жұртқа түсіндіру мақсатында еліміздің барлық аймағын аралап жүрміз. Бүгінде елімізде өндірілетін отандық өнімдерге деген сұраныстың арта түскені байқалады. Соның бір айқын көрінісін осы кабель өндіретін зауыттың тыныс-тіршілігінен көруге болады. Өйткені бұл өндіріс орны тек Жетісу өлкесін емес, бүкіл елімізді қажетті өніммен қамтамасыз етуге қауқарлы, – дейді ол.

Вице-министр келесі кезекте «Қайнар-АКБ» ЖШС-ін аралап, елімізге белгілі зауыттың қуаттылығын көрді. «Қайнар-АКБ» ЖШС өткен жылы 1 миллион 700 мың аккумулятор батареясын өндіріп, рекордтық өнім шығарды. Кәсіпорынның мұндай көлемге жетуіне зауыт өніміне басқа елдерден сұраныстың артқандығы себеп болыпты. Бүгінде еуропалық, ресейлік және жапондық стандарттармен жұмыс жүргізетін кәсіпорын өнімінің 70%-ы шетелге экспортталып жатыр.

Жемісу

Қажет АНДАС

– 1975 жылы алғаш өнім берген өндіріс ошағында қазір аккумулятордың 52 түрі өндірілуде. 2007-2008 жылдары негізгі өндірістік жүйелер мен коммуникациялар және барлық цехтар толық жаңғыртудан өтті. Зауыттың сапалы өнімі бұрындары ТМД елдері мен көршілес Ресей және Украинаға экспортталып келсе, ендігі уақытта Германия, Иран, Моңғолия және Біріккен Араб Әмірлігі сияқты шет мемлекеттерге сатылуда. Сондықтан үлкен нарықта ұтылмау үшін маркетинг стратегиясын қолданып, тауар имиджін жақсартуға күш салудамыз, – деп таныстырды «Қайнар-АКБ» аккумулятор зауыты директорының орынбасары Есет Қанаев.

Өткен жылдың желтоқсанында «Қайнар-АКБ» Африка құрлығына «BARS Asia» батареяларының алғашқы партиясын жеткізіп, жаңа жылдан бері Бенин Республикасындағы дүкендер желісі бар серіктес арқылы сатылымға шығарды. Айта кетерлігі, былтыр 6 желтоқсанда Астана қаласында Елбасының қатысуымен индустрияландыру күніне орай өткен салтанатты шарада «Қайнар-АКБ» ЖШС «Ұлы Дала елі» брендімен марапатталды. Бұл бренд Қазақстандағы ең үздік экспорттаушы компанияға беріледі. Осыдан былай отандық тауар өндірушілер «Ұлы Дала елі» атауымен бірігіп, әлем нарығына өз қолтаңбасын қалдыруға тырыспақ. Осы көштің басында қайнарлықтардың тұрғаны жетісулық кәсіпкерлерді ынталандыра түсті. Жергілікті өндіріс осы жылы аккумулятор санын 2 миллионнан асыруды жоспарлап қойған.

Қос нысандағы жетістіктерге Марат Рахмалыұлы жоғары бағасын беріп, алдағы уақытта да ел болашағы үшін аянбай еңбек етудің қажеттігін алға тартты.

ЖЕТІСУ- ақпарат

Келелі кеңес

Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің мәжіліс залында Талдықорған гарнизонының әскери басқару және қылмыстық құдалау органдары ведомствоаралық кеңесінің отырысы өтті.

Жиында Талдықорған, Үшарал және Үштөбе гарнизондарының қадағалаудағы әскери бөлімдері мен мекемелерінде, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскери құрылымдарында құқық-бұзушылықтар профилактикасының 2016 – 2018 жылдарға арналған бағдарламасының орындалу барысы баяндалды. Сондай-ақ, Талдықорған, Үшарал гарнизондарының үшінші әскери бөлімінің және 5514 әскери бөлімінің әскери полиция қызметінің қорытындысы да айтылды.

Талдықорған гарнизоны әскери прокурорының орынбасары, әділет подполковнигі А. Рүстембеков, әскери полиция бөлімдерінің бастықтары подполковник Қ. Жүнісбеков, майор Ж. Мамырбаев, М. Имрамзиев, М. Иманбеков мінбеге шығып баяндама жасады. Ал 18404, 21751, 48386 және 54380 әскери бөлімдерінің командирлері полковник Ж.Жұмашев, подполковник Ж.Ермұханов, Т.Құсайынов, Ш. Саржігітов атқарылған жұмыстар жайында есеп берді.

Басқосудың соңында келешек жоспар талқыланып, нақты тапсырмалар сараланды.

Емдеу кешенін ашты

Жеке кәсіпкер Әнел Көксалова былтыр мемлекеттік қолдаудың арқасында Іле ауданы, Боралдай ауылында геотермалды су негізінде емдеу кешенін ашты. Кәсіпкер бұл істі жүзеге асыру үшін қонақүй кешенін салып, онда ашық бассейн мен су процедураларын қабылдайтын жеті ванна орнатты.

Нәтижесі жаман емес. Бүгінде аталмыш демалыс аймағы Алматы қаласы мен облыс тұрғындарының үлкен қызығушылығын тудыруда. Өйткені бұл жерде денсаулықты нығайтып, алаңсыз демалуға қажет жағдайдың бәрі қарастырылған. Сумен емдеу тәсілі атеросклерозға, қабыну аурулары мен перифериялық және орталық жүйке жүйесіне көмектеседі. Сондай-ақ, неврит, ишалгия, бел-сегізкөз ауруына, радикулитке де оң әсерін тигізеді.

– Біз демалушылардың денсаулығын нығайту үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз. Сол себепті олар бізге мұндай керемет сәттерді ешқашан ұмытпайтындықтарын айтып, алғыстарын білдіруде. «Даму» қорының арқасында қаржылық қолдауға ие болдық. Нәтижесінде біздің компания дамып, тәжірибе жинақтауда. Жақында Астанадағы «Топ-менеджмент» оқытуға өтінім бердік, – деді Әнел Қапалқызы.

Жеке кәсіпкер, сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Kassa Nova» банктен 14 пайызбен несие алды. Оның 10 пайызын мемлекет төлейді. Кәсіпкер «Даму» қорының кепілдемесіне де қол жеткізді.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

МЫҢ ТАҒЗЫМ САҒАН, АҒАЙЫН!

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ **1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ**



Дарья ЯРАПОЛОВА, облыстық болгар этномәдени бірлестігінің төрайымы.

РИЯСЫЗ КӨҢІЛМЕН

Ризашылық – адамдардың жүректеріндегі мейірімді ғана емес, қоршаған ортаның қуанышын арттырады. Риза болғанға ризашылық танытылады. Егер біреу қолыңызды шынайы түрде қысып, құшағын ашып риясыз ризашылық білдірсе қуаныңыз. Ондайда жүрегіңіз мейірімге толып кеткенін байқайсыз. Осыдан соң көңіліңіз өз-өзінен жайланып, қуанышты сәтті еске жиі аласыз, тіпті, көпке дейін ұмыта алмай жүресіз.

Дәл осындай сезімді әрбір адам басынан өткергені анық. Өйткені, шынайы ризашылық танытқан шынайы қуанышқа кенеледі. Әсіресе, Қазақстандағы әрбір адам осындай сезімге жиі бөленеді. Өйткені әрбір адам өз Отанының тарихындағы ақтаңдақтарды, мәжбүрлеп көшіру жылдарында ата-бабаларымыз қаншама жасын төккенін жақсы біледі.

XX ғасырдың басында Ресейден Қазақстанға, оның алдында Болгариядан Ресейге күшпен көшірілген дәл сондай отбасының бірі менің аталарым еді. Атамның ата-анасы сынық арбамен ұзақ жолды еңсеріп, жаңа мекенде жаңаша өмір күтіп тұрғанына сеніммен аттанады. Алайда олар ешқандай да жақсылық көрмей бақилық болады. Алдымен атамның анасы көз жұмады, оның артынан әкесі аттанады. Сөйтіп, менің атам мен бауырлары балалар үйіне түседі.

Бұл оқиғаның тарихы туралы айтардың алдында нені қайталап едім?! Ризашылық туралы. Менің атамды балалар үйінен алып, өз баласындай бағып-қағып өсірген, бар мейірімін төккен қазақ отбасына деген ризашылықты айтқым келген-ді. Сөйткен атам қазақ халқының адал ұлы ретінде ержетіп, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысады. Үйленіп, үш ұлды болады. Әрқашанда өзінің қастерлі әкесі Ақылбай мен аяулы анасы Гүлшатқа ризашылығын жасырмай айтып өтті.

Меніңше, осынау ризашылық сезімі қан арқылы берілетін секілді. Мен де атамды туған ұлдарындай көрген қазақ халқына ризашылығымды айтқым келеді. Өйткені атамыздың амандығы бүгінгі біздердің бейбіт өмірімізге жалғасты. Соның арқасында біз тыныштықта өмір сүріп, адал еңбек ете аламыз және ең бастысы тұлымшағы желбіреген қызғалдақтай қызымның тыныш ұйқысына еш алаңдамаймыз.

Қазақтарға қарыздармыз

Мен Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ даналығына, көрегендігіне, ұлттық саясатты дұрыс ұстануына ризашылығымды білдіргім келеді. Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында қасиетті жерде бейбітшіліктің, достықтың және ұлтаралық келісімнің туы желбіреуде.



Асед ИБРАГИМОВА, облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығы төрағасының орынбасары.

Бізге қиын-қыстау күндерде баспанасының төрін ұсынып, 1944 жылы 23 ақпанда Отанынан көшірілген ингуш ұлтына бүтін нанын бөліп, жарты нанын жарып берген қазақ халқына ризашылығымды білдіргім келеді. Көптеген отбасы қазақ халқының жанашырлығының арқасында тіршілікке араласты. Біздің ата-аналарымыз бен әкелеріміз осындай адал достықты жоғары бағалап, ұрпаққа өнегелі істерді үйретті. Қазақ халқына талмас төзім мен шытынамас шыдам тілеймін. Біз татулықтың туын желбіреткен қазақтарға мәңгі қарыздармыз.

Мен жарық дүниеге әкелген, жанашыр, мейірімді, қайырымды, адалдықты ту етер, еңбекқор жан болып өсуіме, қазақстандық патриотизм рухын асқақтатуға тәрбие берген ата-анама және барша қонақжай қазақ халқына ризашылығымды білдіргім келеді. Өзіме берілген осындай мүмкіндікті пайдалана отырып, өлкеміздегі вайнахтардың жас ұрпағына: «Өз Отандарыңды, туған жерлеріңді сүйіңдер, оның ең басты байлығы – Қазақстан халқының достығын көздің қарашығындай сақтаңдар!» – деген өсиет айтамын.



Көптің ризашылығы

Жазым деген аяқ астынан. Өткен жылдың соңында жазатайым трактордың астына түсіп, оң аяғымды дөңгелек басып кетті. Құдай сақтап, тірі қалғаныма шүкірлік айтқанымен ауыр соққыдан ет пен терінің арасына сарысу толып кеткен аяғым шаншып, жан таптырмады. Ауру шыдатпаған соң балаларым Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасына апарды. Күп болып ісіп кеткен аяғымды көрген дәрігерлер: «Оңайлықпен жазылмайды», – деп ауруханаға жатуым керектігін ескертті.

Сол сәттен бастап, йодты таңу, дәрі егу сияқты емдік шаралар ала бастадым. Жарақатымды көрген кезекші дәрігер: «Басқа жердің терісімен жаппаса болмайды», – дегені етімнен ет кесіп алатындай естілді. Соған келісіңкіремей жүргенім дұрыс болмапты. Жарақатым асқына берді. Ақыры хирург Құрмет Абзалұлы жарақатыма тері жапсыру отасын жасады. Жан қинаған отаны асқан шыдаммен жеңіп шықтым. Шыдамдылығымды көрген аға медбике Жансая Омарқызы бастаған медбикелер жандары қалмай: «Апа, халыңыз қалай?» – деп бәйек болып, жанашырлық танытты. Дәл Алғыс айту күніне орай қалалық көпсалалы аурухананың қалпына келтіру, ортохирургия бөлімінің меңгерушісі Анарбек Моңғолханұлына, осы бөлімнің дәрігерлері Ерік Жүнісовке, Құрмет Абзалұлына, Адай Қазбековке, Андрей Пакке, Мақсат Мейірбековке, медбикелері Жансая Қасеновaға, Айым Байгунусовaға, Аида Заманбековaға, Жеңісгүл Қанапияға, Элеанора Газиханға, Гүлмайра Есеновaға, санитарлар Кәмила Мамытова мен Талшын Мырзалиевaға аналық алғысымды айтамын. Қолдарың шипалы болсын, көптен рахмет ала беріңдер! Алла сендерге разы болсын! Бала-шағаларыңның қызығын көріңдер демекпін.

Ақ халатты абзал жандардың ыстық ықыласы мен аялы алақандарының арқасында ауруханадан шықтым. Жас пен кәріге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптанған науқасты айықтырған дәрігерлер қауымының мейірімі жанына дауа, тәніне шипа екен. Сөздің тәттісімен, көзінің жылуымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттырған дәрігер атаулының еңбегі ақ, халықтың алғыс-сауабына лайық.

Жамбы САРЫМОЛДАЕВА, Талдықорған қаласының тұрғыны.

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай Алғабас ауылдық округі кітапханасында «Алғыс айту – парызымыз» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатын ашып, жүргізіп отырған кітапханашы Б. Шағатаева өз сөзінде былтыр 14 қаңтарда Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні – 1 наурызды Қазақстанда Алғыс айту күні деп жариялау туралы №173 Жарлыққа қол қойғанын айтып өтті. Сол арқылы елімізде қалыптасқан атаулы күннің маңыздылығын айтып өткен жүргізуші алғашқы сөзді Алғабас ауылының тұрғыны, «Балауса» балабақшасының тәрбиешісі, неміс қызы Мария Гильгенбергке берді.

Бір серпілтті

– Бұл көктем бұрынғы көктемнен өзгерек. Наурыздың алғашқы жұлдызы алғыспен айшықталды. Алғыс айту күні адамдар арасындағы татулық пен бірлікті одан әрі берік ететін орны бөлек мереке, – деген Мария Карлқызы бұл күннің маңыздылығына тоқталды. *– Алғыс айту күні – бұл біртұтас азаматтық қағидаттарына негізделген Қазақстан қоғамын дамыту арқылы ел бірлігін нығайтуға ықпал етеді. Алғыс айту күні еліміздің әр азаматының жүрегіне жақын әрі жарқын мерекелердің біріне айналады. Қуаныш пен шаттық сыйлай білген мереке көпшіліктің есінде ұзаққа қалары сөзсіз. Көктемнің алғашқы күнімен көкіректерге қуаныш пен шаттық сыйлайтын атаулы күнді елімізге даралап, бастап берген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа алғыс айтамыз.*

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин атындағы медальдің иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, еңбек ардагері Нұртай Қыдырәліұлына, ауылдың әкімшілік қызметкерлеріне, ауыл медбикелеріне, ардагер ұстаздарға рахмет айтқан Мария Гильгенберг өзі үшін осы кісілердің орны ерекше екенін айтып өтті.

Шара аясында «Алғыс білдіремін» аты кітап көрмесі оқырмандарға таныстырылды. Сондай-ақ, шараға қатысқан «Балауса» балабақшасының меңгерушісі Э. Тауханова, тәрбиешілер М. Гильгенберг пен М. Жексенбаева, әкімшілік пен Мәдениет үйінің қызметкерлері, кітапхана оқырмандары осындай ізгі шара ұйымдастырғандарға ризашылығын білдірді.

Кеш соңында Мәдениет үйінің музыка жетекшісі Қ. Төлебай Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы» әнін нақышына келтіре орындап берді.

Венера ҚОНЫСБАЕВА, кітапханашы.

ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРДІМ

Қазақстан – әлемнің көптеген елдерінде өмір сүріп жатқан барша қазақ баласының үлкен мақтанышы. Бүгінде дүниенің әр тарапынан қасиетті жерге көшіп келіп, Қазақстан азаматы атанған қазақ баласы аз емес. Солардың бірі – туған әпкем Гүлбану Сағатбайқызы. Қазір Текелі қаласында тұратын туысымды көріп қайту үшін ақпан айының басында Шәуешек қаласынан шығып, Бақты шекара бекеті арқылы Қазақстанға өттім. Екі күндік жолдың ауырлығын әбден сезіндім.

Оның үстіне жолға шыққаннан бүйірім шаншып ауыра бастаған еді. Жол бойы мазам кетті. Бұрын асқазаныма ота жасалған болатын, бастапқыда соның салдары ма деп ойладым. Текеліге келген соң жергілікті ауруханаға қаралдым. Бойымды тәптіштей тексерген дәрігерлер тездетіп, облыстық ауруханаға баруымды тапсырып, аурудың себебін анықтау керектігін ескертті. Ертесі күні тіпті жүруден қалдым. Жиендерім облыстық ауруханаға алып келді. Ондағы дәрігерлер жағдайымды көрген соң дереу ауруханаға жатқызып, тексерді. Айтуларына қарағанда соқырішек іштен жарылып кеткен, ота жасау керек. Тосын науқасты естігенде қатты қиналып, талып қалыппын. Есімді жисам төсекте жатыр екенмін, жеңілдеп қалғаным сезіледі.

Тексеруге келген кезекші дәрігер енді жарты сағатқа кешіккенімде құтқарып қалудың мүмкін болмайтынын айтты. Іште жарылып кеткендіктен, соқыр ішекті алып тастаған соң ішкі ағзаларды да тұтастай тазалауға тура келген. Сонымен қалалық ауруханада 12 күн жатып, ауруымнан құлан-таза сауығып шықтым. Мен өзге елдің азаматымын. Осындай шұғыл жағдайда кім екенімді, қайдан келгенімді емес, алдымен асқынып тұрған ауруды емдеп жазған қазақстандық дәрігерлерге алғысым шексіз.

Қазақстанда көктемнің алғашқы күн – Алғыс айту күні екен. Алғысты ізгі іске, мейірім, шапағатқа айтады емес пе?! Қазақта: «Аман қалған жан олжа», – дейтін аталы сөз бар еді. Кездейсоқ келген дерттің кесірінен аман алып қалған атажұрттағы, жер жаннаты Жетісудың бас қаласы, – Талдықорғандағы және Текелідегі ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз. Өзім елге қайтып бара жатсам да, атажұртқа деген сүйіспеншілік пен құрметімді осы алғысым арқылы жеткізгім келеді.

Рахмет, саған, Қазақстан!

Сейітқали САҒАТБАЙҰЛЫ, Шыңжаң өлкесі, Тарбағатай аймағы, Шағынтоғай ауданының тұрғыны. Қытай Халық Республикасы.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Инновациялар көрмесі

Елордада екі күн бойы 100-ден аса мемлекеттен келген 326 делегат халықаралық қатысушылардың үшінші жиналысында бас қосып, көрмеге дайындық жұмысын пысықтады. Шара аясында делегаттарға көрме жұмысының барлық бағыты бойынша ақпарат беріліп, аккредитация және басқару операцияларын жүргізу жұмыстары таныстырылды.

Жетісу
Қажет АНДАС

ЖАҢА ҚАЛАШЫҚ

Жиналысты Халықаралық көрмелер бюросының бас хатшысы Висенте Лоссерталес ашты. Ол өз сөзінде ЭКСПО – 2017 көрмесінің ұйымдастыру жұмыстары қарқынды өтіп жатқанын және көрменің жоғары деңгейде өтетініне сенім білдірді.

– Мен бұл көрмені ұйымдастырып жатқан барша азаматтарға өз ризашылығымды білдіремін. Олар көрмені ұйымдастыруға барлық жағынан үлкен жауапкершілікпен қараған. Біз қазір көрменің соңғы кезеңіндеміз. Біздің ортақ жұмысымыз үлкен жетістік әкеледі деген үміттемін – деді Лоссерталес.

"Астана ЭКСПО – 2017" ҰК" АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов қатысушыларға павильондарды тапсыру жұмысы жүріп жатқанын атап өтті.

Төрағаның айтуынша, көптеген мемлекет құрылыс-монтаждық жұмысын жүргізуге кірісіп кетіпті. Тіпті, көрме қатысушыларына ыңғайлы болу үшін әртүрлі бағыттағы операциялық жұмыстар қаралып, бірыңғай қызмет көрсету орталығы өз жұмысын бастапты. Онда визалық қолдау, салық, банктік, сақтандыру және басқа да мемлекеттік органдардың қызметтері жұмыс жасайды. "Аккредитация" ақпараттық жүйесі өз кезегінде, осы жұмыстардың өту уақытын үнемдеуге сеп болмақ. ЭКСПО аумағынан 1374 пәтерден құралған қалашық тұрғызылып, шетелдік қонақтарға қолайлы болу үшін 45 мемлекеттің визасыз режимі дайындалыпты.

Әсіресе, Ахметжан Есімов көрме қатысушылары мен қонақтарына арналған қатаң қауіпсіздік шараларын өткізуді талап ететінін делегаттардың назарына ұсына келіп:

– Біз Милан мен Шанхай көрмелері, Сочи мен Рио-де Жанейро қалаларында өткен Олимпиада ойындары жұмысының тәжірибесін қарастырдық. Осы тәжірибеден біз барлық қауіпсіздік шараларының жұмыстарын еске алдық. Бұл көрмеге қатысушылардың барлығына максималды түрде қауіпсіздік шаралары қолданылады деген сөз, – деп атап өтті.

ДАЙЫНДЫҚ МЫҒЫМ

Жиналыста Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев бас қаланың туристерді қабылдауға дайын екендігін жеткізді.

Оның айтуынша, мамыр айында әуежайдың жаңа терминалы мен жаңа теміржол вокзалы қолданысқа беріледі. Нәтижесінде, әуежай жылына 7 жарым миллион адамға қызмет көрсетсе, теміржол вокзалы 9 миллион адамды өткізуге есептелген.

– Бұл Қазақстанның барлық өңірлерінің, сонымен қатар, таяу шетелдердің туристеріне ЭКСПО-ға келуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Әсет Исекешев көрмеге келетін қонақтарды орналастыру мәселесіне қатысты да жайттармен бөлісті.

– Қазіргі уақытта Елордада 169 қонақүй мен 36 хостел жұмыс істейді. Бұған қоса, көрме басталар алдында тағы 16 қонақүй кешені ашылады. Мұнан бөлек, біз жалдамалы баспаналарды тарту жұмыстарын қарқынды жүргізудеміз. Жалға берілетін пәтерлер әлеуеті шамамен 10 мыңды құрайды. Жалпы, кемінде 35 мың орын дайындау жоспарлануда», – деді Астана әкімі.

«ҒАРЫШ» СЫЙЛЫҒЫ

ЭКСПО – 2017 көрмесінде болашақтың энергиясы саласындағы үздік инновациялық жоба үшін 20 мың еуро мөлшерінде «Ғарыш» сыйлығы табыс етіледі. Бұл жөнінде «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының халықаралық қатысушылармен жұмыс атқару департаментінің директоры Илья Оразақов мәлімдеді.

– Бұл ЭКСПО – 90 халықаралық қоры мен Халықаралық көрме бюросы негізін қалаған әлеуметтік жоба. Ол ЭКСПО – 2017 көрмесі аясында бесінші рет табысталып отыр. Сыйақы мөлшері 20 мың еуро, жобаны дамытуға арналған стартап түрінде табыстаймыз. Сыйақы әлеуметтік саладағы үздік және анағұрлым инновациялық жобалар үшін беріледі. Байқауға қатысу үшін барлық елдер Астанаға шақырылып отыр, – деді Илья Оразақов.

Құжатқа «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясының басшысы Ахметжан Есімов, Халықаралық көрме бюросының бас хатшысы Висенте Лоссерталес және ЭКСПО – 90 жапондық қорының басшысы Нориаки Отсуки қол қойды.

– Бұл әлеуметтік жобаға қатысушы 160-тан астам ел және олардың тұрғындары мен ұйымдары шақырылады. Халықаралық көрме бюро мүшелерінен арнайы қазылар алқасы құрылады, байқаудың арнайы тақырыбы жарияланады. Қазылар алқасы қорытынды жасағаннан кейін біз оларды ЭКСПО сайтына орналастырамыз, көрменің жабылуы алдында қазылар алқасы сыйлықты табыс етеді», – деп хабарлады Висенте Лоссерталес.

ЕҢ ЖЫЛДАМ ЛАЗЕР

Румыния Астанада өтетін ЭКСПО – 2017 Халықаралық көрмесіне әлемдегі ең жылдам лазерді ұсынбақ. Бұл туралы Елордада өткен жиналыс аясында ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында Румыния ұлттық павильонының өкілі Рауд Петур мәлім етті. Сонымен қатар ол Румынияда өте жақсы шараптарда өндірілетіндігін баса айтты. Оның айтуынша, Румынияның лазерлер өндіру саласында мол тәжірибесі бар. Әрі лазерлер әлемінде ең үздік модельдер болады.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

Кемшілігін мойындап, кешірім сұрады

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

Басқосуды жүргізген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы Серікбай Нұрғисаев күн тәртібінде қаралатын мәселелерге тоқталды. Ең бірінші Текелі қаласы әкімінің орынбасары Р. Рақымбеков пен Текелі қаласы ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Н. Жылқыбаевқа қатысты тәртіптік істің мән-жайы таныстырылды.

Текелі қаласы прокуратурасының ұсынысы бойынша қала әкімінің орынбасары Р. Рақымбековқа қатысты тәртіптік іс Әдеп жөніндегі кеңес ережесінің 27 тармағының 2-тармақшасына сәйкес, тәртіптік теріс қылық белгілерінің болмауына байланысты тоқтатылды. Ал Текелі қаласы ауылшаруашылық бөлімі бойынша 2015-2016 жылдары шаруа қожалығымен айналысатындарға мемлекеттік бағдарлама аясында әр жылға 20 тонна арзандатылған жанармай бөлінген. Оның нарықтағы әр литрінің бағасы 2016 жылдың тамыз, қыркүйек, караша айларында 130 теңгені құраса, төмендетілген бағасы 92 теңге. Алайда, мемлекет қолдауына қарамастан Текелі қаласы бойынша 2015 жылы 20 тоннадан ешнәрсе жұмсалмаса, ал 2016 жылы 20 тоннадан тек 11 тонна ғана тиесілі шаруа қожалығына өткізілген. Мемлекеттік бағдарлама жайында шаруашылық басшыларына қалалық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Н. Жылқыбаев тек телефонмен ғана хабарласып айтқандығы анықталған. Ауқымды кездесулер, басқосулар немесе өңірлік басылым арқылы жеңілдетілген жанармай алу тәртібі, оның тиімділігі туралы кеңейтілген ақпарат берілмеген. Өз қызметіне немқұрайдылық танытқан бөлім басшысы жіберген кемшіліктерін мойындап, кеңес мүшелерінен кешірім сұрап, енді мұндай олқылықтың орын алмайтынын айтты.

Кеңес мүшелерінің қорытындысы бойынша Әдеп кодексінің 5-тармағының 3, 11-тармақшаларын бұзғаны үшін Текелі қаласы ауылшаруашылық бөлімінің басшысына «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

Әдеп кеңесінің отырысында Үйғыр ауданының екі бірдей ауылдық округ әкімдеріне қатысты тәртіптік іс қаралды. Аталған ауданға қарасты Авat ауылдық округінің әкімі Н. Кейінов пен Дардамты ауылдық округінің әкімі М. Мадамиловтың жіберген кемшіліктері сынға алынды.

Авat ауылдық округінің әкімі Н. Кейінов жол жөндеу жұмыстарын қайта қалпына келтіру шараларын жүргізгенде біршама кемшілікке жол берген. Атап айтсақ, Авat ауылдық округінің қоғамдық жиынында «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында бөлінген қаражат шеңберінде анықталған жобалар туралы хаттамасында екі көшенің құрылысын жөндеу қаулы етілген. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын «Эврика» шаруа қожалығы өз міндетіне алған. Осылайша ауылдық округ әкімі Н. Кейінов пен аталған шаруа қожалығы арасында мемлекеттік сатып алу туралы жұмыс шарты жасалған. Аталған шарттың қосымшасында жөндеу жұмыстың мерзімі қыркүйек, қазан айларында аяқталады деп көрсетілген. Әр ай сайын атқарылған жұмысқа сәйкес қажетті ақшаны ауылдық округ әкімі аударып отырған. Алайда көшенің 270 метрі ауа райының қолайсыздығына байланысты аяқталмай қалған. Ол жұмыс 2017 жылдың көктем айында аяқталады деп «Эврика» шаруа қожалығы кепілдік берген. Жұмыс беруші атқарылған жұмыс аяқталмайынша акт қағазға қол қоймау керек. Алайда, ауылдық округ әкімі бітпей қалған жұмысты қабылдап, қаражатты толығымен шотқа аударып жіберген. Өз кінәсін мойындаған мемлекеттік қызметкер алдағы уақытта мұндай олқылыққа жол бермейтінін айтып, ақталды.

Сондай-ақ, Шонжы ауылының тұрғыны Дардамты ауылдық округінің әкімі М. Мадамиловке шаруа қожалығын жүргізу мақсатында берілген 55 гектар жер телімін суармалы егістікке айналдыру үшін аумақта өскен сексеуіл ағашын кесуге рұқсат беру үшін өтініш берген. Ауылдық округ әкімі егістік алқабында кедергі келтірген ағашты кесуге рұқсат берген. Рұқсат негізінде заңсыз кесілген ағаштың салдарынан Дардамты ауылдық округ әкімдігіне жалпы құны 13 мың 44 теңге материалдық зиян келтірген. Мінберге көтерілген Дардамты ауылдық округінің әкімі М. Мадамилов өз кінәсін мойындап, кеңес мүшелерінен кешірім сұрады.

Кеңес мүшелері ақылдаса келе Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабының 1-тармағының 4-тармақшасын бұзғандары үшін екі ауылдық округ әкімдеріне «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолдануды ұсынды.

Кеңестің келесі бөлігінде облыстың жергілікті атқарушы органдарында мемлекеттік қызметті өткеруде жіберілген кейбір кемшіліктер туралы баяндама тыңдалды.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

РУХАНИЯТ



Жамбылдың ән-күйлері жан тербеді

Жуырда Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияда «Жамбылдың ән-күйлері» атты концерт өтті. Игі шараға мәдениет және өнер қайраткерлері, қала жұртшылығы және Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев бастаған ақын ұрпақтары қатысты. Жаңа мазмұндағы концерттің өзіндік ерекшелігі – бұл жолы Жамбыл атамыздың ән-күйлері бірінші рет тыңдаушылар назарына ұсынылды.

Жетісу
Болат МӘЖИТ

Кештің беташар сөзінде жазушы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, халықаралық «Жамбыл» қоғамдық қорының төрағасы Нағашыбек Қапалбекұлы ақын мұрасына жан-жақты тоқталды. Жыр жампозы небір сындарлы кезеңдерде өнер көшінің басынан көрінді. Домбырасын қолға алып, асыл сөзін ақтарды. Халқының ойына жігер, бойына күш берді. Бабамыздың ақындық жолы, тәлімі мен үлгісі бүгінгі ұрпаққа да керек. Енді, міне, жамбылтану үрдісінің жаңа қырынан танылуы табиғи құбылыс.

Арғы-бергі тарихымызға қарасақ, бабалар мектебінің сан қырлы екенін байқаймыз. Мәселен, ойлы өлеңдерімен қатар Абайдың ән шығарғанын, Махамбеттің күй тартқанын қазақ жақсы біледі. Енді сол сабақтастық жыр алыбы Жамбылмен толықты.

– Бүгінге дейін ақын атамыздың артында 50-ге тарта әндері, 20-ға тарта күйлері қалғаны белгілі. Ол кісінің мұндай шығармалары кезінде ел арасында кеңінен тараған. Зерттеушілеріміз атадан қалған ән мен күйді нотаға түсірді. Жамбылдың композиторлығының оның ақындық биігін асқақтата түсетіні анық, – деді Нағашыбек Қапалбекұлы.

Бұдан кейін М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының әртістері «Жамбыл ауылында» атты шығарма бойынша бірқатар айтулы тұлғалардың бейнелерін сәтті сомдады. Өткен заманнан сыр шерткен бұл көріністер көрермендер көңілінен шықты.

Концертте Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі Арман Жүдебаевтың дирижерлік етуімен «Ұлы Отанға» деп аталған Жамбылдың күйін орындады. Әсем саз құлақ құрышын қандырды. Ақын бабамыз елі мен жеріне арнаған сүйіспеншілігін жыр сарынынан күй сарынына айналдырып төгілдіріп тұрғандай.

Өмірден озарында ұлы композитор Нұрғиса Тілендиев «Мені Жамбыл тәтемнің қасына қойыңдар» деген екен. Осы бір аманат сөзде терең сыр жатқандай. Себебі, Нұрағаң кезінде ақынның сазгерлігін танып, бағалап, осылай айтты ма екен деп те ойлайсыз.

Келесі кезекте «Жанай құрбым» әні хабарланды. Бұл ән халыққа ежелден таныс. Оны Жетісу жұрты ғана емес, басқа аймақтың адамдары да жақсы көріп, жиын-тойларда әуелеткен. Жиналғандар әннің авторы кім екенін білген кезде сүйіспеншіліктері одан сайын арта түсті. Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжановтың дауысымен орындалғанда аталған шығарма құлпырып кетті. Шолпан Даржанова «Жиырма бесті», Мақпал Тоқтағанова «Күләшқа» арналған шығарманы, Ермек Шаштайұлы «Алатауды», Нәзира Асқар «Айрықша туған азаматты», Алма Аманжолова «Балаларға», Данияр Рахымбай «Кәрілік туралы» деген әнді және Б. Байқадамов атындағы хор капелласы «Үгәй-ай» әндерін нәшіне келтіріп орындады. Сондай-ақ, «Нәрікбайдың зары» деп аталатын күй де оркестрдің әсем үнімен әуеледі.

Алматы қаласындағы №161 Жамбыл атындағы мектеп-лицейінің оқушылары ақын жырларын қазақ, орыс, ағылшын, француз және қытай тілдерінде оқып, көпшілікті бір сүйіндірді. Мұндай ізденістерден алдағы уақытта Жамбыл даңқының әлемдік деңгейдегі алатын орнының арта түсетінін аңғарасыз.

Республикаға белгілі өнер ұжымдары – Н. Тілендиев атындағы «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі, «Құлансаз» ансамбльдері сахна шырайын арттырды. Алматы қаласының әкімдігі, «Ақорда» республикалық қозғалысы аталған шараға басты демеуші болды.

Бұл – Жамбылдың композиторлық қырын танытқан, рухани қазынасын байытқан ізгілікті істің басы ғана. Әнкүйлердің асыл қоры одан әрі де толыға түседі деген сенімдеміз.

Алматы қаласы.

ТАҒЗЫМ

АҚЫН САРА есімі ардақталды

Өткен аптада жерлестеріміз Талдықорған қаласындағы «Құс жолы» мейрамханасында ағайынның басын қосып, ақын Сара апамызға ас беріп, перзенттік борышын өтеді. Сауапты шараны жүргізу тізгінін танымал журналист Нұртілеу Иманғалиұлы ұстады. Осындайда Фариза ақынның «Мені өркеуде ақын десе, бұл ақын Саранын арқасы. Сарадан үйрендім, өнеге алдым. Сара менің – пірім» деген сөзі ойға оралады. Расында, Сара апамызға бұдан артық баға бере алмассың.

Жетісу
Қажет АНДАС

Талдықорғандағы асқа Сара апамызды пірім деп түсінетін зиялы қауым өкілдерінің тайлы-тұяғы қалмай жиналды. Сол көптің арасында облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың жүйелі сөзі қаламгер қауымға үлкен ой салды. Сөз басын облыс әкімі Амандық Ғаббасұлының көпшілікке жолдаған ыстық сәлемімен бастаған әкім орынбасары кейінгі жылдары қазақ әдебиеті мен өнерінің жарық жұлдыздарының есімін ел есінде жаңғыртуға қатысты атқарылған шараларды да салмақтады.

Бүгінде Ақын Сара атындағы ауыл, мұражай, ескерткіш бар. Ешкіөлмес тауының баурайындағы мәңгілік қонысында тастан қаланған зираты тұр. Облыс аумағындағы бірқатар мектепке апамыздың аты берілген. Талдықорған қаласындағы облыс әкімдігі мен «Қазақтелекомның» ғимараты, елдің өзегін жалғап жатқан бірқатар сауда орталығы, колледждер мен балабақшалар орналасқан көше апамыздың атымен аталады. Екі жылда бір рет республикалық «Біржанның інілері, Сараның сіңлілері» аты ақындар айтысы ұйымдастырылады. Қысқасы, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар айтқандай: «Қай қырынан келсек те, ақын Сара Тастанбекқызының биік парасаты, ұлы тұлғасы ескерусіз қалған жоқ».

«Сара мен Біржанның айтысы болмаған» деп тырбаңдағандар бұрын да болды, қазір де бар, болатын да шығар» – деп Камал Әбдірахман айтқандай, апамыздың мол мұрасы мен айтыс өнерінің төңірегінде әлі де алыпқашпа әңгіме түгесілер емес. Астың мақсаты да осы түйінді шешуге жұртты жұмылдыру. Апамыздың қазақ әдебиетіндегі орнын тұрақтандыру үшін тер төгетін азаматтарға қозғау салу.

Асқа жиналған қауымның да айтары көп екен. Бірінен соң бірі сөз алған игі жақсы азаматтар мен азаматшалардың лебізінен Сара апамыз жайлы салмақты дүниенің бар екенін пайымдадық. Сара ақынның біз білмейтін қырының көптігін ұғындық. Арасында Астана мен Алматыдағы ел тізгінін ұстап жүрген азаматтар мен зиялы қауым өкілдерінің де құттықтаулары оқылып тұрды.

Асқа келгендер осындай ақжарма ойларымен бөліссе, түрлі себеппен Талдықорғанға келе алмай қалған он саусағынан өнері тамған елге белгілі аналарымыз азаматтарға өз қолымен әдіптеген баскиім, қыздарға жаулық жіберіпті. Бұл бұйымдарды көпшілік ырым ретінде таратып алды.

ҚҰРМЕТТІ ҚАУЫМ! Ардақты ағайын!

Өткеніміз бен бүгініміздің алтын арқауы, елдігіміздің тұғыры – тәуелсіздікті баянды еткен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының, шынайы қамқорлығының нәтижесінде көне тарихымызды тірілтіп, бабалар рухын асқақтатуға қол жеткіздік.

Соның жарқын бір көрінісі – халқымыздың аяулы ақын қызы Сара Тастанбекқызының рухына арналып отырған бүгінгі тарихи тағылымы мол игілікті шара екенінде күмән жоқ.

Төл әдебиетімізде өзіндік орны бар кестелі сөз шебері, қазақ қызына тән қайсарлық пен өжеттіктің белгісі, айтыс өнерінің қайталанбас тұлғасы Сара Тастанбекқызына арналған ұлағатты істер ақын есімін ардақ тұтқан кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге екендігі даусыз.

Атадан балаға, ғасырдан ғасырға үзілмей жалғасып келе жатқан ақын Сараның туған елі мен жеріне деген адал махаббаты, азаттыққа деген арман-мұраты киелі өнерді серік еткен қазақ қыздарының бойтұмарына, өмірлік темірқазығына айналып келеді. Сондықтан қазақтай қабырғалы халқы барда ақын Сараның есімі мен өнегесі мәңгі жасай бермек.

Бүгінгі үлкен тәлімді шараның өтуіне ұйытқы болған баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Ақын Сара апамыздың есімін біз, ұрпақтары, құрмет тұтамыз және әркез есте сақтаймыз.

Баршаңызға еңбектеріңізге табыс, әрбір отбасына береке-бірлік, бақыт тілеймін!

Ізгі ниетпен, Е. БАБАҚҰМАРОВ,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесі басшысының орынбасары.
Астана, Үкімет үйі.

СПОРТ

Жалынды жастар жетістігі

Қапшағайдағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары талай дүбірлі додада облысымыздың намысын жыртып жүр. Спортшылардың былтырғы табысы тіптен ерек.

Өткен жылы облыстық, республикалық және халықаралық дәрежедегі өткен сында бұл мектептен 210 бала жеңімпаз атанса, 524-і жүлделі орыннан көрінген болатын. Ел біріншілігінде 51 спортшысы алтыннан алқа тақты. Ал, Азия біріншілігінде бір күміс және сегіз қола медальді еншілеген.

Сонымен қатар, бұл мектепте халықаралық дәрежедегі 3 спорт шебері, 12 спорт шебері, 41 спорт шеберіне үміткер, 25 бірінші санаттағы спортшы жаттығады. Ең бастысы, әр жас аралығындағы 112 спортшы ұлттық құрама сапына кірді. Енді олар ел намысын қорғап, байрақты бәсекелерде бағын сынамақ. Жалындаған жастарға сәттілік тілеп, жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспіз.

Айдын ДАЙЫНОВ,
ЖМУ-дің студенті.

КҮРЕТАМЫР

Үш тілді білім берудегі мақсат бірнеше тілді меңгерген, жан-жақты қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Ол арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп, оқушыларды өмірге даярлау міндеттеледі.

ЖҮРЕК ҮНІ

Тіл – жүректің үні ғана емес, ұлтымыздың абыройы мен болмысы. Осы ретте Елбасы биылғы халыққа арнаған Жолдауында қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, орыс тілі мен ағылшын тілін меңгеруді тапсырды. Оқу ошақтарын кезең-кезеңімен үштілді білім беруге көшірудің маңыздылығын атап өтті.

Үштілділік мәселесі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар – қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деген салиқалы Үндеуінен бастау алған болатын.

Біз үш тілді меңгеру арқылы әлемдегі алғашқы қатарлы ел бола аламыз. Біз ол арқылы біріншіден, өз тіліміздің бай екендігін көрсете отырып, өзге тілдерді еркін меңгере алатын ұлт екенімізді дәлелдейміз. Екіншіден, шет елмен тығыз қарым-қатынас орната отырып, экономикамызды жақсартамыз. Үшіншіден, «Жас болса да, бас бола алатын» мемлекет екендігімізді толығымен көрсетеміз.

Қорыта айтқанда, жарқын болашақта қазақ тілін әлемге әйгілі етіп, орыс тілі арқылы ұлтаралық қатынасымыз өрби түсіп, ал, ағылшын тілі арқылы жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігіп қана қоймай, онда Қазақстанның ойып тұрып орын алатынына сенеміз мол.

Гүлмира ЖАМАНШАЛОВА,
М. Бейсебаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Қарасай ауданы.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

«Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға өтініштерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен бекітілген ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес, қабылдайтындығын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығымен бекітілген

Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) су беруші – АШТӨ-ге су беруді жүзеге асыратын және су шаруашылығы жүйелері қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

2) суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтер – су көздерінен (өзен, су қоймасы, канал және басқалар) су алу жолымен су беру, су тартқыштар арқылы (канал, құбыр желісі) тасымалдау және бөлу және АШТӨ-ге су бөлу орындарына су беру;

3) субсидиялау – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, субсидияларды нақты алушыларды өтеусіз және қайтарымсыз негізде қаржыландыру.

3. Субсидия алушылар су берушіден суармалы су беру қызметтерін сатып алған және оларды төлеу бойынша шығынға ұшыраған АШТӨ-ге болып табылады.

2. Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау тәртібі

1-параграф. Субсидия алу шарты

4. Субсидиялар мынадай шарттарды сақтаған кезде төленеді:

1) АШТӨ-нің облыстың, Астана және Алматы қалаларының ауылшаруашылығы басқармасына (бұдан әрі – Басқарма) осы Қағидаларға

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға ай сайын өтінім беруі;

2) шаруа қожалығы, фермерлік шаруашылық немесе заңды тұлға ретінде тіркелуі;

3) құны 0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге) жоғары суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ су беруші алдында берешегінің жоқтығы;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 мамырдағы №266 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша су берушімен жасалған шарт бойынша суармалы су берілетін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне жер пайдалану немесе жеке меншік құқығының тіркелуі.

2-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

5. Сатып алынған суармалы судың 1 (бір) м^3 (текше метріне) субсидия нормативі тарифің субсидияланатын бөлігінен 50%-ын құрайды.

Субсидия мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің тиісті аумақтық бөлімшесі бекіткен тариф пен су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің (0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны арасындағы айырмашылық алынады – тарифтің субсидияланатын бөлігі.

1 (бір) м^3 (текше метр) сатып алынған суармалы судың субсидия мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = (T-S_{min})*50\%$$

мұнда:

S – сатып алынған суармалы судың субсидия мөлшері, тг/м^3 (текше метрге теңге);

T – бекітілген тариф, тг/м^3 (текше метрге теңге);

S_{min} – су беру бойынша қызметтердің (0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге)) ең төменгі (субсидияланбайтын) құны;

Күріш дақылдары үшін S_{min} кезең-кезеңмен енгізіледі:

2016 жылдан бастап – 0,10 тг/м^3 (текше метрге теңге);

2017 жылдан бастап – 0,20 тг/м^3 (текше метрге теңге).

6. Субсидияланатын суармалы судың көлемі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 82-бабына сәйкес бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бөлімшесіндегі су пайдалану лимитінен аспауы тиіс.

3-параграф. Субсидияны төлеу тәртібі

7. Басқарма тиісті жылдың 1 наурызынан кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында, облыс әкімдігінің интернет-ресурсында суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алу үшін ай сайынғы өтінімдерді қабылдаудың кезеңі туралы хабарландыру орналастырады.

8. Басқарма 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімді осы Қағидалардың 4-тармағында белгіленген субсидия алу шарттарына сәйкестігіне қарастырады.

Өтінімдер осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келген жағдайда Басқарма бюджеттік субсидиялар төлеуге арналған ведомості қалыптастырады және төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес төлемдер жүргізген кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем шоттарының тізілімін және төлем шотын ұсынады.

Өтінім осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда өтінім берушіге жазбаша түрде бас тарту себебі көрсетілген дәлелді жауап беріледі.

4-параграф. Сибсидиялау бойынша есептілік

9. Басқарма Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігіне суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтің құнын арзандатуға арналған субсидияларды пайдалану туралы тиісті қаржы жылына арналған есепті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 25 қарашадан кешіктірмей ұсынады.

Ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Облыстың (Астана, Алматы қалаларының) ауылшаруашылығы басқармасының басшысы _____
(Т.А.Ә.)

201__ жылғы _____ айға суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алуға өтінім

1. Ауылшаруашылығы тауарын өндіруші

_____
(атауы)

2. Орналасқан жері:

_____
(облыс, аудан, кент, көше)

3. Өтініш иесі туралы мәлімет:

р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
.	Заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		мемлекеттік тіркеу күні	
		кім берді	
		БСН	
.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
		берілген күні	
.	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	тіркеу күні	
		кім берді	
		берілген күні	
		ЖСН	
.	Жер пайдалану немесе жеке меншік құқығында өтінім берушіге тиесілі жер учаскесіне бірдейлендіру және (немесе) құқық белгілеу құжаты	кадастрлық нөмірі	
		барлығы алаң, гектар	
		оның ішінде суармалы жерлер	
		нысаналы мақсаты	
		бірдейлендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
		жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының атауы	
.	Су көзі	су көзінің атауы (өзен, бұлақ, суқоймасы жүйесі, үйлестіруші, су бөлушы)	
		су берушінің тарифі (теңге)	
		суармалы су беру бойынша қызмет ұсыну туралы су берушімен жасалған шарттың № және күні	
.	Өндіп өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша суармалы судың тұтыну көлемі	егістік алаңы	
		егістік алаңы, гектар	
		суландыру нормасы, м^3/га (гектарға текше метр)	
		су тұтыну көлемі, мың м^3 (текше метр)	
		судың тегі	
.	Ағымдағы шоттың бар-жоғы туралы ақпарат	Банктің не Ұлттық пошта операторының деректемелері: банктің не Ұлттық пошта операторының атауы:	
		БСК	
		К/С	
		БСН	
		Кбе	
.	Алынған суармалы суға алғашқы төлем қаражаты	төлем сомасы, теңге	
		төленген суармалы судың көлемі, мың м^3 (текше метр)	
		су берушінің заңды мекенжайы	
		нөмірі	
		берілген күні	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі):

_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Бас есепші (бар болса)

_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Мөрдің орны
20__ жылғы «___» _____

Өтініш 20__ жылғы «___» _____қарауға қабылданды

_____ _____
(қолы) (Т.А.Ә.(бар болған жағдайда), лауазымы)



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

МАМАН МІНБЕРІ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Қай ұлттың, қай елдің болмасын ең қастерлі құндылығы – Ана тілі. Туған тілі жетімдік көрмеген халық құдіретті. Шындығында тілдің асыл қасиеті әрбір адамның бойына ана сүтімен еніп, кісілік келбет-кескіні, тұлғалық бет-бейнесі қалыптасады. Жер бетіндегі мыңдаған халықтарды өзгелерден ерекшелеп, даралап тұрған да шұрайлы тілдің байлығы. Әлемдегі ұлттар мен ұлыстардың тілдік қорының мол болуы тарихына, дүниетанымына, көзқарасына, ұстанымына тікелей байланысты.

1995 жылы қабылданған Ата Заңның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – Қазақ тілі» деп анық та айқын көрсетілген. 1997 жылдың 11 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңы еліміздегі тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін қамтамасыз етуге арналған. Аталған Заң тілдерді оқып-үйрену мен дамытуға жағдай жасау жөніндегі міндеттерді белгілеп, мемлекетімізде өмір сүретін барлық халықтардың тіліне құрметпен қарауды міндеттейді. Осы Заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының тілі – қазақ тілі» деп анық көрсетілген.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің барлық аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылып, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу сынды аса жауапты салаларды қамтиды. Үкімет осы Заңның жүзеге асуы жөнінде көптеген қаулылар қабылдап, тілдердің қолданысын кеңейту бағытында арнайы мемлекеттік бағдарламалар жасады. Соның арқасында мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы іс қағаздары мемлекеттік тілге көшіріліп, қазақ тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдарының саны артты.

Дегенмен, елімізде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселесі бүгінгі күні өзекті тақырыптың біріне айналып отыр. Өйткені Ана тілі Ту, Елтаңба, Гимнмен қатар аталатын елдігіміздің басты белгілерінің негізгісі саналады. Сондықтан Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды тетігі есептелетін мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір жанның азаматтық парызы. Себебі, мемлекеттік тіл – тек қазақ тілі ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттың ортақ тілі екендігін ескеруіміз керек.

Н. ЖАНАНОВ,
Талдықорған қаласы прокуратурасы бөлімінің аға прокуроры.

САЛТ-САНА

Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

Қазақ халқы ежелден-ақ қыз баланы «күн түсірмей, жел қақтырмай» мәпелеп өсірген. «Жат жұрттыққа жаратылған бала», «қыз – қонақ» деп ең сәнді киімді кигізіп, бағалы заттар таққызған, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеген. Қыз бала жас шағынан абысын-жеңгелерінің қамқорлығына алынған.

Тұрмысқа шыққан соң да жас келінге жаңа отбасы құрметпен, жанашырлықпен, сыйластықпен қарағаң. Оны бірден-ақ бауырмалдық, туыстық қатынасқа баулығаң. Мұны «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген мақалдың мазмұнынан аңғарамыз. Мұны талдап айтар болсақ, отбасының басшысы ер адам, асыраушы ретінде танылған, ал әйел болса, сол табысты үй ішінде ұқсатқан. Сондай-ақ, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, сырмақ сыру, кілем тоқуды үйренген.

Мұндай өнерді қызға бастапқыда ісмер әжесі мен анасы үйретсе, кейіннен ұзатылып барған жерінде де ол жалғасын тапқан. Жас келінге енесі мен абысындары қонақ күтіп, дастарқан жаю мен оны жинап алу, шәй құю, күн сайын үй ішін жинастыру сияқты жұмыстардың жай-жапсарынан хабардар етіп, жөн сілтеп, ақыл- кеңесін аямай қажетті жерінде қол ұшын беріп отырған.

Қазақ отбасындағы мына бір жайт назар аударуға тұрарлық. Баласымен әйелі ренжісіп қалса, үй иелері кінәні баласынан көріп, келінге шаң жуытпайтын болған. Өршіп кетпес үшін балаларына ақыл-кеңес беріп, тәртіпке шақырған. Ұлдар тәрбиесіне де ерекше мән беріп қарағаң. Қазақ халқы қашанда ұл-қыздарын ұлттық дәстүр аясында тәрбиелеген. Оны ұмыт қалдырмай, отбасы, мектеп, оқу орындарында жүйелі түрде тәрбие беруді қолға алуымыз керек. Сонда ғана салтымызды сақтап қала аламыз.

Коксоген ОНОРБЕК,
Көктал негізгі мектебінің математика пәні мұғалімі.
Кербұлақ ауданы.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 26 (18302)
Сенбі, 4 наурыз, 2017 жыл.

ӘЛЕУМЕТ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ әлеуметтік саланың 2017 жылға арналған жаңа басымдықтарымен танысты. Талдықорған қаласының жастарға қызмет көрсету орталығында басқосқан басқарма басшылары тың жобаларын ұсынып, игі бастамалары жайлы жан-жақты әңгімеледі.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Аталмыш жиын әдеттегіден ерекше қалыпта өтті. Арнайы слайд арқылы өткен жылы атқарылған жұмыс пен биылғы жұмыс барысы баяндалды. Алғашқы болып сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев идеология саласында атқарылып жатқан жұмыстар жайында ақпарат берді. Айталық, «Жетісу» телеарнасы бүгінгі күннің талабына сай заманауи техникамен жабдықталған. Ал «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінің сайты онлайнға көшіп, басып шығару аппараты да жаңаратын болады. «Өздеріңіз білетіндей, қазір адамдардың көпшілігі әлеуметтік желіде отырады. Сондықтан салмақты соған салу керек», – деді Рустам Әлиұлы. Сондай-ақ, ол рейтингісі жоғары деген республикалық сайттармен қоян-қолтық жұмыс жасайтындарын жеткізді. Республикалық және өңірлік деңгейде жұмыс істейтін белсенділігі жоғары блогерлердің ықпалымен облысымыздың жетістіктерін айшықтауға жол ашылғанын айтты. Әлемдік БАҚ өкілдері де назардан тыс қалмады.

Облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауына сай үш тілді оқыту қолға алынғандығын жеткізді. Үшаусымды мектептерді болдырмау жұмысы да қарқынды жүріп жатыр. Оқушыларға қосымша білім беру жүйесін нығайтып, бос уақыттарын оңтайлы өткізу шарасы назардан тыс қалмады. Ал өңірдегі 72 колледжде облыс экономикасына қажетті мамандықтарға оқыту бөлімдері ашылып, дуалды оқыту жүйесі дами түспек. Оқуын тамамдаған жастардың жұмыссыз қалмауын қадағалау үшін арнайы топ құрылып, жұмыс



Сүретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ТЫҢ ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

атқарып жатқандығы да тілге тиек етілді.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиев болса, ана мен бала өлімін азайтып, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға күш салынатынына назар аударды. Осы жылы іске асатын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды халыққа терең түсіндіру үшін қарқынды жұмыс жасалатынын жеткізді. Әр ауданда мұғалімдер мен дәрігерлерге арналып пәтер салынатындықтан тапшы мамандардың орнын толтыру көзделуде. Алматы маңынан жаңа перзентхана салу мәселесі де шешімін тапқан.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қанымбек Айтжанов шағын және орта кәсіп иелеріне мемлекет тарапынан қолдау жасалып, үстемесіз жеңілдетілген несие мөлшерінің 16 млн. теңгеге артқандығын баяндады. Соның ықпалымен жаңа жұмыс орындары ашылып, жұмыссыздық деңгейі төмендейтін болады. Мемлекеттік бағдарламаға жүгінген кәсіпкерлерге шағын базар ашып, өнімдерін еркін саудалауға мүмкіндік берілмек. Облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов те тың жобаларды назарға ұсынды. Жат ағымға бас сұғатындардың басым көпшілігі жағдайы төмен немесе несиесін төлей алмай жүрген азаматтар екен. «Сондықтан оларға мемлекет тарапынан жағдай жасап, жұмыспен қамтитын болсақ, мәселе өз-өзінен шешімін табады», – деді Амандық Ғаббасұлы. Сондай-ақ, өңір басшысы әйелдердің жат ағымға еріп кетпеулерін қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан Әбдуәлиев болса, биылға жоспарланған 7 жобаның тізімін ұсынды. Әсіресе, республика көлемінде ғана емес, шетелдің өнер ордаларымен де тығыз қарым-қатынас орнатылып, әлемдік додалар ұйымдастырылатын болады. Және де Талдықорған мен Жетісу кереметтеріне арналған үздік композиторлар жарысы өтпек. Ақан Жылқышыбайұлы аудандық және ауылдық Мәдениет үйлерінің жұмысын жандандырып, маманмен және аппаратурамен қамтамасыз ету керектігін айтты. Биылғы «Экспо – 2017» көрмесінде өнер көрсететін әнші, бишілердің киімін тездетіп тіктіру қажет екендігін жеткізді. Сонымен қатар аудандық мәдениет күндерінің форматы өзгеріп, ауылдық мәдениет күндері де өтпек.

Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында атқарылар жұмыс шашетектен. «Әсіресе, соңғы уақытта қолға алынған медиация негіздерін қалыптастыру мақсатында үздіксіз семинар-тренингтер өткізілуде. Соның ықпалымен көптеген кикілжіндер сотқа жетпей өз шешімін тауып жатыр», – деді облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай.

Басқосу барысында «Анаға тағзым» атты ескерткіш қойылып, аллея ашылса екен» деген тілек те қылап берді. Сонда отбасы тыныштығы сақталып, ажырасу деңгейі азаймақ. Ал жастар саябағындағы этномәдени нысан «Мәңгілік Ел» деп аталатын болды.

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айдын Нұрмұхамбетовтың айтуынша жастар арасындағы жұмыссыздық пен қылмыстың алдын алуға барлық күш-жігерлерін жұмсауда. Сол үшін арнайы жұмыс тобы құрылып, облысымыздағы нақты жұмыссыз жүрген жастар тізімі жасалады. Жоғары және орта білімді, мектептен соң оқуды жалғастырмаған жастарды анықтап, жұмыспен қамтып, білім алуларына жол ашпақ. Ол үшін «Жастар жолы» жобасы бойынша жұмыс жәрмеңкесі өтпек.

– Маған жобалар өте ұнады. Бүгінгі жиынның мақсаты атқарылған жұмысты көрсету емес, тың идеяларды ұсыну. Енді бұл жерден халыққа пайдасы бар 5 жоба жандanып жатса, нұр үстіне нұр болмақ, – деді облыс әкімі Амандық Баталов.

Шара соңында облыс әкімінің орынбасыры Жақсылық Омар жауапты әлеуметтік салада тың өзгерістердің орын алып, халық игілігіне арналған жобалардың іске асатынына сенім артылды.

«Нұр Отан»

«Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалы «Жастар» ресурстық орталығының қатысуымен «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Жастық шақтан естелік» тақырыбында жастармен кездесу өткізді.

Жастармен кездесті

Шараға «Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты Гүлнәр Ибраимова және қаланың Құрметті азаматтары, тыл ардагерлері қатысты. Аға буын өкілдері жастарға өмірлік тәжірибелерінен түйген кеңестерді айтып, қандай жағдай болмасын ақ пен қараны ажырата білу маңызды екенін жеткізді. Әлеуметтік жағдайлардан бастап, білім, ғылым, ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер жайында әңгіме өрбіген кездесу жоғары деңгейде өтті. Гүлнәр Қалтайқызының ұсынуымен Елбасы Н. Назарбаевтың Үндеуі мен Жолдауы да талқыланды. Жолдаудың басты бағыттарын баяндап берген депутат «Нұрлы жер» бағдарламасы жайында да түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Текелі қаласы.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

«ЭКСПО – 2017» көрмесіне дайындық барысында Ұлыбритания павильоны тапсырылды. Салтанатты шара аясында Ұлыбритания ұлттық комиссары, профессор Чарльз Хендри және «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Әлішер Пірметов павильонның қабылдау-тапсыру актісіне қол қойды.

АҒЫЛШЫНДАРДЫҢ ТАҢДАУЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Ұлыбритания павильонына «Біз – энергиямыз» (We are Energy) тақырыбын таңдап алыпты. Осы арқылы адамның энергия өндіру және әлемді өзгерту қабілетін көрсетуді мақсат етіп отыр. Еуропалық әріптестеріміз осы тұрғыдағы ең жаңа технологиялық жаңалықты көрсетпекші.


Ұлыбритания павильоны ЭКСПО – 2017 көрмесіндегі таңдаулы орындардың бірі болатындығы анық. Естеріңізге сала кетсек, қалыңдығы бір атом бірегей екі өлшемді энергия өткізгіш материал алғаш рет 2004 жылы Манчестер университетінде сынақтан өтті. Алты жылдан кейін осы жаңалықпен британдық ғалымдар Нобель сыйлығына ие болады. Көрме аясында сол жетістіктің қыры мен сыры толықтай таныстырылады деп күтілуде.

Ұлыбритания павильоны киіз үйдің құрылымымен өрнектеліп, инновациялық дизайн, сондай-ақ заманауи инженерлік, ғылыми шешімдер, музыка және жарық бір-бірімен үйлесім тауып, үш ай бойы келушілерін іскерлік, мәдени және ғылыми іс-шараларымен қызықтырады.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Амиргалиев Ермек Еркенұлы Алматы облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Ермек Еркенұлы АМИРГАЛИЕВ



1981 жылы туған. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітірген. Мамандығы – экономист-менеджер.

Еңбек жолын Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік сатып алу бөлімінің жетекші маманы болып бастады. Кейін облыстық қаржы басқармасының мемлекеттік сатып алу және биржолғы талондарды беруге рұқсат ету бөлімінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және мониторинг бөлімінің жетекші маманы, облыстық құрылыс басқармасының бас маманы, бөлім басшысы, басқарма басшысының міндетін атқарушы қызметтерін атқарды.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Дастан Тұрарбекұлы Шалтабаев басқа жұмысқа ауысуына байланысты облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы қызметінен босатылды.

АРДАГЕРЛЕР ҮЙІНДЕ

Нәзік жандылар МАРАПАТТАЛДЫ

Облыстық Ардагерлер үйінде Халықаралық әйелдер күніне орай «Алматы облыстық кәсіподақ орталығы» аумақтық бірлестігінің кеңейтілген отырысы өтті.

Мереке қарсаңында ұйымдастырылған жиынға өз саласында жеткен жетістігімен өңір дамуына үлес қосып жүрген Жетісудың белсенді әйелдер қауымы қатысты. Олардың қатарында саясаткер, кәсіпкер, ұстаз, дәрігер, әскери қызметкер сынды түрлі саланың өкілдері бар. Аталмыш шараны «Алматы облыстық кәсіподақ орталығы» аумақтық бірлестігінің төрағасы Әсет Қыдырманов жүргізді.

Жиын барысында «Алматы облыстық кәсіподақ орталығы» аумақтық бірлестігі төрағасының орынбасары, жұмысшы әйелдер комиссиясының төрайымы Баян Рысбекова жұмысшы әйелдер комиссиясының 2015–2016 жылы атқарған жұмысы мен Мемлекет басшысының биылғы Жолдауынан туындаған тапсырмаларға қатысты баяндама жасады.

– Біздің жұмыс жоспарымызға сәйкес әйелдерге қатысты түрлі мәселелер қаралатын шаралар өткізіліп тұрады, – деген Баян Рысбекова Елбасының өзі Жолдауда отбасы мен әйелдер мәселесіне және денсаулық сақтау мен білім беру жүйесіне ерекше назар аударғандығын тілге тиек етіп, халыққа тиімді болып отырған Жолдаудағы бірқатар өзгерістерге де тоқталды.

Басқосуда әйелдер «дөңгелек үстел» басында жас отбасы, ана денсаулығы мен бала тәрбиесі жөнінде қызу әңгіме өрбітіп, отбасылық құндылықтар төңірегінде ой бөлісті. Өз салаларында атқарып жатқан жұмыстары жөнінде де мәлімет берді.

Шара соңында нәзік жандылар ҚР Кәсіподақтар федерациясының Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды. Бұған қоса мереке иелеріне шоқ гүлдер мен бағалы сыйлықтар да ұсынылды. Осы жиында республикалық «Кәсіпкер» журналының бас директоры, ҚР мәдениет саласының үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының Құрметті азаматы Гүлжиян Сүлейменоваға «Байланыс пен телекоммуникациялар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» медалі табыс етілді.

Кеңейтілген отырыс соңы мерекелік ақ дастарқан басында жалғасты.

М. СЕРІККЫЗЫ.

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР

АҒАЙЫН– ЫРЫСЫҢ, КӨРШІ – ТЫНЫСЫҢ



6-бет

КӨҢІЛ ТЕРЕЗЕСІ

МАХАББАТСЫЗ ДҮНИЕ БОС



8-бет

РУХАНИЯТ

АҚ ҚАНАТ ЖЫР ҚАЛЫҚТАДЫ



12-бет

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қалалық әкімдіктің мәжіліс залында техникалық реттеу мәселесі бойынша өңірлік штабтың отырысы өтті. Жиынға ветеринариялық бақылау, облыстық ауыл-шаруашылық басқармасы, кәсіпорын және мекеме басшылары қатысты.

САПА БАСТЫ НАЗАРДА

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Басқосуда баяндамалар оқылып, балық өнімдерінің қауіпсіздігі, бағалы металдар мен асыл тастан жасалған зергерлік бұйымдардың сапасы кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, Еуразиялық одақтың техникалық регламентінің талаптарға сәйкестігі тексерілді.

Отырыс барысында «Рыбпром» ЖШС компаниясынан ескертулер мен ұсыныстар келіп түсті. Олар: «Балық 5 пайыз ғана мұздатылады, осыны 10 пайызға көтеру керек», – деген мәселе көтерді. Осы және өзге де проблемалық мәселелер қамтылып, шешімін тапты. Енді балық өнімдері 1 қыркүйектен бастап техникалық регламент талаптарына сай дайындалатын болады.

Осыдан кейін зергерлік бұйымдардың бағасы мен сапасы жіті талқыланды. Зергерлік бұйымдар мен бағалы металдардың бас маманы Гүлмира Абдрасилова «Қазіргі кезде алтынның қайсысын алып қарасақ та 585 деген белгі тұрады, бірақ ол 375 болуы да мүмкін. Бүгінде осыны қадағалап, тексерістер жүргізудеміз», – деді. Отырыс барысында бағалы тастар мен балық шаруашылығы жайлы өнімді пікір алмасулар болып, басшылық осы салаға күш жұмылдыру керектігін айтты. Жиын соңында бүгінгі көтерілген мәселе бойынша нақты шешімдер қабылданды.

БРИФИНГ

БАЛАЛАР ҮЙІ БОЛМАСА...

Жетім балалардың болғаны өкінішті-ақ. Бірақ ол тағдырдың жолымен, өмірдің ағымымен орын алатын құбылыс. Жетім бала отбасы өнегесін, ата-ана тәрбиесін алуы тиіс. Бұл жайында өңірлік коммуникациялар қызметінде болған облыстық білім басқармасы қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің басшысы Әлиям Молотова баяндап берді.

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Бүгінгі таңда өңірімізде ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, тағдыр сынағына түскен 3 мыңнан астам бала бар. Жанары жасқа, көңілі мұңға толған балалардың 83 пайызы отбасылық тәрбиеге орналастырылған. Атап айтқанда, қорғаншылық пен қамқоршылықта 2479, ал патронаттық тәрбиеде 63, отбасылық үлгідегі балалар үйінде 35 бала тәрбиеленуде. Ал 536 бала білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау жүйесінің интернаттық мекемелерінде тәрбие алуда.

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкілі мен облыстық әкімдік және прокуратура арасында «Балалар үйісіз Жетісу» жобасына қол қойылған болатын.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің санын азайтып, отбасы өнегесін алатын балалардың санын арттыруды мақсат еткен жобаның күттірері көп. Анығын айтқанда, 2020 жылға қарай жетім балалардың 50 пайыздан астамын отбасылардың тәрбиесіне беріп, баланың өзін толыққанды сезінуіне жәрдемдесетін мекемелерді көбейтіп, балаларды қолдау орталықтары қайта құрылмақ. Әлиям Молотованың айтуынша, осы жоба арқылы жылусыз қалған балалардың саны жылдан-жылға азаймақ. Қазірдің өзінде-ақ жоба жұмысы жемісті. Мәселен 2014 жылы өңірімізде 3568 жетім болса, бүгін олардың саны 455 балаға азайған. Бүгінгі күні балалар үйінің есігінен шығып, отбасылық жылылықты сезген балалар саны да көбейген.

Естеріңізде болса, 2015 жылы Есік қаласындағы және Жамбыл ауданы Қарақастек ауылындағы сәбилер үйі, Үштөбе балалар үйі жабылған болатын. Спикердің сөзіне сүйенсек, облыстық бюджеттен 120 баланы патронаттық тәрбиеге орналастыруға 140 млн. теңге, 20 отбасылық үлгідегі балалар үйін ашуға 90 млн. теңге қарастырылған. Жобаның жетімдерге жылу сыйлау үшін іске қосылғаны көңіл қуантады.

Бәйге! Бәйге! Бәйге!

Биылғы 23 наурыз күні сағат 10. 00-де Ұлыстың ұлы күніне орай Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Сүмбе ауылының орталық атшабар алаңында ұлттық ат спорты (бәйге) ойындары өткізіледі.

Аламан бәйге – 20 шақырым.
Құнан бәйге – 10 шақырым.
Тай бәйге – 5 шақырым.

Аламан бәйгенің жүлде қоры:
5 орынға жүлделер тігіледі.
1-орынға ВАЗ 2121 (Нива) автокөлігі.

Құнан бәйгенің жүлде қоры:
5 орынға жүлделер тігіледі.
1-орынға 9 жасар айғыр.
Тай бәйгенің жүлде қоры:
3-орынға жүлделер тігіледі.
1-орынға 1 жасар сиыр (тана).

Жарнасы:
Аламан бәйгенің жарнасы – 25 000 теңге.
Құнан бәйгенің жарнасы – 15 000 теңге.
Тай бәйгенің жарнасы – 7 000 теңге.

Бәйгені ұйымдастырушы
БАУЫРЖАН.
Байланыс телефондары:
8 701 84 84 984
8 707 620 0936



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 28 (18304)
Сенбі, 11 наурыз, 2017 жыл.

МИНИСТРДІҢ ІССАПАРЫ

БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ қашанда өзекті

Бүгінгі таңда білім саласында көптеген өзгерістер орын алуда. Оның мәнжайын талқылап түсіндіру әрі Елбасы Жолдауында міндеттелген бірқатар мәселені саралап, нақтылау мақсатында облысымызға ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев арнайы келіп, ұстаздар қауымымен кездесті. Оқушылар сарайында өткен жиынды облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар ашып, білім саласына қатысты мәселелердің қоғам үшін қашанда өзекті болып табылатынын атап өтіп, осыған орай жер-жерде кездесулер өткізіп, ат басын Жетісудың төрі – Талдықорған қаласына бұрған еліміздің бас ұстазына ілтипатпен сөз берді.



Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Ерлан Кенжеғалиұлы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасының қалай жүзеге асып жатқанын кеңінен баяндап өтті. Ондағы ең бірінші мәселе – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жайы. Осы орайда 4 жыл ішінде 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндерді толықтай мектепке дейінгі біліммен қамту көзделген. Бұл міндетті орындау үшін мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамытуға барынша көңіл бөлінуде. Бұл бағытта атап айтарлық нәтижелер де бар. Өткен жылдың өзінде ғана 825 мектепке дейінгі білім беру ұйымы ашылса, оның 600-і жекеменшік балабақша. Осының арқасында балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші 4 пайызға өсіп, 85 пайызға жетіп отыр. Өз сөзінде министр осы бағыттағы жұмыстардың жалғаса беретінін айтып, 12 жылдық білім беруге көшу аясында мектептерге 0-сыныпты енгізу 2019 жылдан бастау алатынын да жеткізді.

– 0-сынып не үшін қажет дегенге келсек, бала 1-сыныпқа барғанда әріпті толықтай танып, оқи алуы тиіс. Ал қазіргі жағдайда балалардың шамамен 85 пайызы бірінші сыныпқа әріп танып келеді. Қалған 15 пайызы білмейді. 0-сыныпты мектепте немесе балабақшада өтуге болады. Бұл орайдағы мақсат – балаларды мектепке даярлаудың 0-сыныпқа арналған бірыңғай бағдарламасын енгізу. Көпшілік тарапынан «Әліппе» неге оқытылмайды?» деген алаңдаушылықтар білдірілді. Әліппе 0-сыныпта оқытылатын болады. Оны биыл пилотты жоба ретінде балабақша, мектептерге енгізе бастаймыз, – деді министр.

Орта білімге келсек, мұндағы ең басты мақсат – жаңартылған білім мазмұнына өтуді өз деңгейінде жүзеге асыру. Оның негізгі мәні – балалардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жатыр. Бүгінгі таңда білім алып қана қоймай, оны өмірде қолдана білу де аса маңызды болып табылады.

Біздегі үлкен мәселе – орыс мектебінде оқитын 500 мың баланың 11 жыл қазақ тілін оқыса да мемлекеттік тілде сөйлемейтіндігі. Оны оқытудың әдістемесі дұрыс емес. Осыған орай ғылыми негізде жаңа әдістеме жасап, оны пилоттық жоба ретінде қолданудамыз. Нәтиже ойдағыдай болса, келер жылы барлық мектепке енгізілмек.

Ағылшын тілін оқытуға да үлкен көңіл бөлінуде. Биыл ұстаздарды, оның ішінде пән мұғалімдері де бар, 9 айлық тереңдетілген курстан өткізуді қолға алудамыз.

Тағы бір өзекті мәселе – оқушыға берілетін үй жұмысының көлемін азайту, – деп жалғады сөзін Ерлан Кенжеғалиұлы. – Біздің оқушылар үй жұмысының көптігі жағынан 65 мемлекеттің арасында 4-ші орында тұр. Оқыту үрдісі жолға қойылған жағдайда үй жұмысының көлемі де азая түсуі тиіс.

Министрлік тарапынан мектептерге шкафтар қою туралы бастама көтерген едік. Өйткені, мектепте әр баланың оқулықтары, спорттық киімі, аяққиімін қоятын бұрышы болуы тиіс. Бұл өтінішімізді Қаржы министрлігі қолдамады, сондықтан атқарушы биліктен қолдау күтеміз.

Жоғары оқу орындары бойынша грант санын көбейттік. Биыл 5 мың бакалавр, 3 мың магистратура бойынша грант бөлінбек. «Серпін» бойынша да гранттар көлемі ұлғайтылды.

Елбасы Жолдауында атап өтkеніндей, әрбір қазақстандық жұмысшы мамандығын меңгеруі керек. Ертең жоғары оқу орнына түсе алмаған немесе ол бойынша жұмыс таба алмаған жағдайда оның көмегі көп болмақ. Қосымша мамандық ешкімге кедергі келтірмейді. Істің тетігін білсең, үйіңде де бұзылған затты жөндеп аласың. Сондықтан 10-11 сынып оқушыларының білім алумен қатар жұмысшы мамандығын меңгеруіне де мүмкіндік жасауымыз қажет, – деді ол.

Бұдан соң министр жаңартылған бағдарлама, Ұлттық бірыңғай тестілеу, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарына қатысты ұстаздарды толғандырған сұрақтарға жауап берді.

Министрдің қатысуымен өткен осындай жиын Алматы қаласындағы «Тұран» университетінде де жалғасып, оған сол маңдағы Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле, Қарасай, Жамбыл аудандарының ұстаздар қауымы қатысты.



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Әйел – отбасының шырағы

8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР Талдықорған қаласындағы нәзік жандыларды құттықтады.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Алдымен Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаевпен бірге тоқсанды алқымдаған облыстың Құрметті азаматы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бәтима Сақауованың шаңырағына бас сұққан облыс әкімінің орынбасары ұмырын халық игілігіне арнаған дербес зейнеткердің деніне саулық тілеп, ел анасына ортамызда аман-есен жүре беруін, жастарға ақыл-кеңес арнаудан әсте жалықпауын және ұзақ ғұмыр тілейтінін жеткізді.

Бұдан соң Жақсылық Мұқашұлы мен Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев «Ажар» тігін фабрикасында қызмет ететін әйелдер қауымын мерекемен құттықтап, ықыласқа ынтық көңілдерге шуақ құйды.

– Әйел деген отбасы тірегі, қоғамның қозғаушы күші, ұлттың тамыры. Біздің сәніміз, әніміз, жырымыз және жанымыз. Әрқайсыларыңыздың бастарыңыз аман, бауырларыңыз бүтін болсын. Елдің сәнін кіргізіп, экономиканың өсуіне үлес қоса беріңіздер, – деді облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар кездесуде.

Көктемнің жайдарлы күніндегі мерекеге орай облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Қаныбек Айтжановпен бірге «Ерлік» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің ұжымындағы нәзік жандыларды құттықтап, сый-сияпат үлестірді. Қоғамдық бірлестіктің төрайымы Роза Ақжаркенова облыс басшылығына алғыс білдіріп, келешекте бірлесе жұмыс жасауға атсалысатынын жеткізді.

КӨКТЕМГІ ЕГІС

ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жақында аудан әкімі Ғалым Тоқпейісов бірнеше шаруашылық басшыларының басын қосып, көктемгі дала жұмыстарының барысын пысықтаған болатын. Онда науқанды ойдағыдай өткізу жөнінде тапсырмалар беріп, міндеттер жүктеді.

Осы тапсырмалардың орындалуын бақылау мақсатында аудан әкімінің орынбасары Қанат Ақылбеков, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Бауыржан Дәрібаев «Тамшыбұлақ», «Өтес Ақдала» және «Бауыржан – 7» ЖШС мен «Владимир» шаруа қожалықтарына барып, егін науқанына дайындықтарын көріп қайтты. Жалпы аудан бойынша биыл 8350 гектар жерге күріш, 6900 гектарға арпа-бидай, 1500 гектарға сүрлемдік жүгері, 1650 гектарға дәндік жүгері, сондай-ақ 10014 гектарға көпжылдық шөп, 1395 гектарға көкөніс, картоп және бақша дақылдарының тұқымы себілмек.

«Тамшыбұлақ» ЖШС басшысы Мұстафа Қалиевтың айтуынша, көктемгі дала жұмыстарына сақадай-сай дайындалыпты. Қажетті техникалар мен жанар-жағармайлары да әзір. Аталған шаруашылықта биыл белгіленген мөлшерде арпа-бидай, күріш, көпжылдық шөп және жүгері егілмек. «Көктемнің бір күні – жылға азық» демекші, аудан диқандары сағынып жеткен көктемнің алғашқы күнінен бастап дала жұмыстарына кірісіп те кетті. Ендігі міндет – алдағы егіс науқанын ойдағыдай өткізу.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, аудан диқандары бұл науқанды сәтті өткізу үшін дайындықты жандандырып, іске кірісіп те кетті.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.
Балқаш ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



2-бет

ЖҮЗ ЖАСАҢЫЗ!

САРЫУАЙЫМҒА САЛЫНБАҢЫЗ



5-бет

ЖАНЫМ ҚАЗАҚ!

ДҮР ҚАМШЫ



12-бет

ҚҰРМЕТ

«Алтын алқа» тақты

Іргелі ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалының артып, мәдениетінің көркеюіне қыз-келіншектердің қосып отырған үлесі орасан. Ең бастысы, халық санын көбейтіп отырған алтын құрсақ аналарымыз аз емес.



Жетісу
Үлбосын ИСАБЕК

Айталық, жылдан-жылға өркен жайып келе жатқан Талғар ауданында осы күні 2318 көпбалалы ана тұрады. Олардың 540-ы алты және одан көп баланы дүниеге әкелген «Алтын алқа» иегерлері болса, 1778-і ұрпақ өрбітуде кеудесіне «Күміс алқа» таққандар. Ал қоғамның қозғаушы күші – мемлекеттік қызметкерлердің де тең жарымын әйел аналар құрайтынын ескерер болсақ, бұл күнде нәзік иықтылардың қазан қайнатумен ғана шектелмей, ұрпақ өсіріп, ел дамуына да айрықша атсалысып жүрген еңбектерінің еселене түскендігін аңғарамыз. Осы орайда, аграрлық аймақтың тізгінін ұстап, тіршілігін дөңгеленіп отырған Талғар ауданының әкімі Райхан Нұрмырзақызының да есімі ерекше аталары сөзсіз.

Көгілдір көктеммен келетін әйел-аналардың төл мерекесінде аудан әкімшілігінің ұйымдастыруымен көпбалалы және елге еңбегі сіңген аналардың құрметіне мерекелік дастарқан жайылды. Салтанатты шараға қатысушы әйел-аналарды аудан әкімі Райхан Садықова құттықтады.

– Көңілімізге шұғылалы шуағын төгетін көктем мерекесі құтты болсын! Бұл – баршаға ортақ қуаныш. Мемлекетімізде жүзеге асып отырған гендерлік саясаттың нәтижесінде қай салада да әйелдердің белсенділігі артып келеді. Бүгінде аудан экономикасын дамытуда жүзге жуық әйел кәсіпкерлікпен айналысуда. Шаңырақка жүрек жылуын сыйлайтын ақ жаулықты аналарымыздың ең басты міндеті – баланы өмірге әкелуде де белсенділік байқалады. Әрбір шаңырақта амандық боп, қуаныштары еселене берсін, – деген аудан әкімі бірқатар көпбалалы аяулы аналардың кеудесіне «Алтын» және «Күміс алқаны» жарқырата тағып, сый-сияпатын жасады.

Дәмге толы ақ дастарқан басына жиылған ақ жаулықты аналарды аудандық мәслихаттың хатшысы Жұмахан Еңкебаев құттықтаса, ұзақ жыл ұстаздық еткен Даша Ұлтанбекова, Бикеш Сейітова бастаған қадірменді мейман-дар алғыстарын жаудырды.

Мерекелік шараны аудан өнерпаздары ән-күймен, дөңгеленген бимен әрледі.

Талғар ауданы.

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

Қытайлықтар «ЭКСПО – 2010» халықаралық көрмесі аясында көп тәжірибе жинақтады. Әлемдік сарапшылардың пікірінше, осыған дейін ең көп адам қатысып, ең мол қаржы түскені де Шаңхайда өткен «ЭКСПО – 2010» көрмесі екен. Айта кетерлігі, бұл көрмеден кейінгі кезеңде Қытай экономикасы тоқтаусыз даму үстінде. «ЭКСПО – 2017» көрмесі де сол көрмеге жетекабыл абырой жинайды деген болжам бар. Бұл туралы «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтің Қытайдың Төтенше және өкілетті елшісі Чжан Ханьхуэймен кездесуі барысында айтылды.

Көршілердің қолдауы

Жетісу
Қажет АНДАС

Кездесу барысында ұлттық компания басшысы Қытай павильонының көрмедегі ең ауқымды әрі үздік павильон болатынын атап көрсетті.

– Жуырда Халықаралық қатысушылардың III жиналысы өтті. Жиналыста көрменің дайындық және ұйымдастыру жұмыстарына жоғары баға берілді. Көрме уақыты да сәт санап жақындап келеді. Біздің дайындық жұмысымызбен толық танысқан халықаралық көрмелер бюросының басшысы Висенте Лоссерталес «ЭКСПО – 2017» көрмесінің ең үздік көрме болатынын айтып өтті. Осы орайда, көрмеге дайындық барысында Қытай мемлекетінің жан-жақты көрсеткен қолдауына алғысымыз шексіз, – деді Ахметжан Есімов.

Өз кезегінде Ханьхуэй мырза Қытайдың баламалы энергия көздеріне аса мән беріп отырғанын тілге тиек етті. Әлем бойынша «Жасыл экономика» саласында Қытай бірінші орында келеді. Көрме барысында олар өздері қол жеткізген соңғы жаңалықтарын толығымен көрсетуге дайындалуда. Қытай елшісі «ЭКСПО – 2017» көрмесін ұйымдастырушыларға қытайлық павильонның дайындық және ұлттық секциясын дайындауда көмек көрсеткені үшін алғыс білдірді.

– Еліміз «ЭКСПО – 2017» көрмесіне баса назар аударып отыр. Осы арада халықаралық көрмеге қытайлық инвесторлар мен туристерді жұмылдыруға жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізгім келеді, – деп атап өтті ҚХР елшісі.

Айта кетерлігі, Қытай «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінің негізгі сериктестерінің бірі. Сондай-ақ, көрмеге қатысуға бірінші болып ниет білдірген елдердің де алдыңғысы. Көрмеге аспанасты елінен туристерді жұмылдыру үшін бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асыру үстінде. Сол қатарда қосымша әуе рейстерін ашу, жолаушы тасымалдайтын көліктердің жиілігін арттыру, Халық банкінің банкоматтары арқылы қытай юанін тікелей алуға мүмкіндік беру сияқты дайындық жұмысы мен қытай тілін білетін жолсеріктерді дайындау ісі мықтап қолға алынуда.

Тыңғылықты дайындықтың өзіндік себебі бар. Айталық, Астанада өтетін «ЭКСПО – 2017» көрмесінің ашылуына ҚХР төрағасы Си Цзиньпинь қатысады. Көрме барысында Шанхай күні (3 шілде) мен ҚХР ұлттық күні (5 шілде) аталып өтеді.

Кездесу соңында Қытай елшісі ҚХР мен ҚР арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанының 25 жылдығын атап өтіп, Ахметжан Есімовке Құрмет грамотасын тапсырды.

P.S. Газет беттеліп жатқанда республика аумағында 8-25-ші наурыз аралығында «ЭКСПО – 2017» көрмесінің билетін сатуға қатысты тағы бір ақпарат келіп түсті. Аталмыш шара кесте бойынша 12 наурыз күні түскі 12.00-де Талдықорған қаласындағы «Сити Плюс» сауда орталығында өтетінін хабардар етпекпіз. Қосымша ақпаратты https://tickets.expo2017astana.com/ сайтынан ала аласыздар.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Облыстық спорт басқармасы көктемнің алғашқы мерекесіне орайластырып өткен жылдың қорытындысын жасады. Расымен де спорт саласында жігіттерімізбен қоса нәзік жанды аруларымыз да өнер көрсетіп, республикалық, халықаралық ареналарда толайым табысқа жетіп жүр.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен өткен жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқарамасының басшысы Тұратбек Шарапиев, басқа да үздік спортшылар, бапкерлермен қоса салауатты өмір салтын насихаттап, саңлақтарымыздың жеңісін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттап жүрген тілшілер қауымы қатысты.

Басқосуды облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев жүргізді. Серік Мелісұлы облыстың спорт саласының жетістіктеріне кеңінен тоқталды. Былтыр Олимпиада жылының аталып өткені барлығымызға белгілі. Төртжылдықтың басты додасы Рио Олимпиадасы ойындарына біздің облыстан тоғыз бірдей спортшымыз қатысып, жаман өнер көрсеткен жоқ. Оның ішінде ауыр атлетші қызымыз Карина Горичева күмістен алқа тағынып, әлемдік сында ел абыройын асқақтатты. Бұл біз үшін қуаншыты жаңалық.

Паралимпиадалық ойындарда да айымыз оңынан туды. Тұңғыш рет паралимпиадалық ойындарда Қазақстан құрамасының жүлде алып, тарихтың жаңа парағын ашқаны қуанарлық жайт. Осындай тарихи сәтті бізге сыйлаған пауэрлифтингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Раушан Қойшыбаева күміс медальді жеңіп алды. Мұның барлығы спортқа деген қолдаудың арқасы екенін тілге тиек еткен Серік Мелісұлы. Елбасының нақты тапсырмаларының бірі саламатты өмір салтын насихаттау екендігін айта келіп, біз бұл үрдісте жақсы жетістікке қол жеткізіп келе жатырмыз деп сөзін түйіндеді.

Мұнан кейін ірі жарыстарда жеңіске жетіп жүрген спортшылар мен жаттықтырушылар және БАҚ өкілдері марапатталды.

Құрметке ие болғандардың қатарында Рио Олимпиадасында күміске қол жеткізген ауыр атлетші Карина Горичева, паралимпадалық ойында күміс алған Раушан Қойшыбаева, Рио Олимпиадасында бесінші орыннан көрінген Маргарита Елесеева, бокстан әлем чемпионы, Риода бесінші орыннан көрінген Жәнібек Әлімханұлы, Азия чемпионы Альберт Линдер, әйелдер күресінен ҚР чемпионы, Әлем чемпионатының күміс, Азияның қола жүлдесін жеңіп алған Марина Седнева, Азияның алтыны мен кубогын қанжығаға байлаған дзюдошы Камила Берлікаш бар. Мұнымен қоса оларды жаттықтырған бапкерлер де марапатталды. Әр саланың өз үздігі болады. Ендеше спортта дарынды балаларды тәрбиелеп, топқа қосып, жыл бойына уыстап жүлде алып жүрген спорттық мекемелердің жетістігі де сараланды. Осы орайда Талдықорған қаласының №1 мамандандырылған олимпиадалық резервтегі спорт мектебі, Іле кәсіпқой гандбол клубы, Қарасай аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі, облыстық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы құрметке лайық деп табылып, марапатқа ие болды. Осындай жетістіктерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы насихаттап жүрген бірқатар республикалық, облыстық телеарна мен газет-журналдардың журналистері де марапатталды. Сондай-ақ, велоспорттан Азия чемпионаттарында жоғары нәтижеге қол жеткізген бірқатар велошабандоздар «Жетісу» велоспорт федерациясы атынан велосипедтер сыйға тартылды. Мұнан кейін Универсиада алдында облыс орталығында Алау эстафетасын жоғары деңгейде өткізгені үшін спорт мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері және құқық қорғау орғандары мен төтенше жағдай департаментінің қызметкерлері уаниверсиаданың арнайы Алғыс хатымен ұлықталды.

Айта кетерлігі, жыл басынан облыста 2 Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, 25 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 98 спорт шебері, 666 спорт шеберлігіне үміткер және 390 бірінші дәрежелі спортшы жаттығып, түрлі жарыстарға қатысты.

Облыс спортшылары халықаралық және республикалық жарыстарда 1330 медальді жеңіп алды. Оның ішінде 483 алтын, 366 күміс, 481 қола медаль бар.

2016 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командасының сапына Алматы облысының 780 спортшысы енді. Олардың 611-і олимпиадалық спорт түрлері болса, 169-ы олимпиадалық емес спорт түрлерінен.

Облыс әкімінің өкімімен республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге жеткен облыстың 60 үздік спортшысына және 21 мүгедек-спортшысына 30 мың теңгеден 300 мың теңгеге дейін облыс әкімінің ай сайынғы сыйақысы төленуде.

Жиын соңында үздік споршы Динара Жұмабаева сөз алып, спортқа жанды қолдау танытып отырған облыс әкімі Амандық Баталовқа деген риясыз алғысын білдірді.

ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА түсіндірілді



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы және «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» мен «Аграрлық – несие корпорациясы» акционерлік қоғамының облыс бойынша филиалы өкілдерінің қатысуымен «Жетісу» телеарнасында тікелей эфир ұйымдастырылды. Эфир барысында нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы түсіндірілді.

Жетісу

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішев жаңа бағдарламаны қысқаша түсіндіріп, оның үш бағытты қамтитынын атап өтті.

– Олар кәсіби мамандармен қамтамасыз ету, жалпы кәсіпкерлікті өркендету, еңбек нарығын дамыту. Оның ішінде ауылшаруашылығы саласына жалпы кәсіпкерлікті дамыту – екінші бағыты тиесілі. Атап айтқанда, ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микроқаржы ұйымдарымен берілген микрокредиттерді кепілдендіру, микроқаржы ұйымдары шығындарын субсидиялауға жауапты болады. Бағдарлама шеңберінде істеп тұрған бизнесті кеңейтуге, жаңадан ашылатын шағын бизнеске, ауылшаруашылығы кооперативтеріне және олардың мүшелеріне, өздігінен жұмыспен қамтылғандарға және жұмыссыздарға микрокредит беру қарастырылған.

Микрокредит алуға үміткерлер қатысушының талаптарына сәйкестігін алу үшін тікелей немесе аудандық кәсіпкерлік палата филиалдары, ауылдық округ әкімдері арқылы жұмыспен қамту орталықтарына жүгіне алады. Жұмыспен қамту орталығы үміткерлерді тексергеннен кейін қатысушының сәйкестігі туралы анықтама ұсынады. Кәсіпкерлік негіздері (Бастауыш бизнес) оқу курстары бойынша сертификаттары жоқтар және оқуға қызығушылық танытқан үміткерлер жұмыспен қамту орталықтары арқылы бағдарламаның бірінші бағыты бойынша кәсіпкерлік негізде оқу курстарына немесе «Бастау Бизнес» жобасына қатысу үшін жіберіледі. Қолданыстағы бизнесі бар бағдарламаға қатысушылар жұмыспен қамту орталығымен микрокредит алу үшін тікелей кредиторға жіберіледі.

Бағдарламаға қатысушыларды оқытуды Ұлттық кәсіпкерлік палатасы өткізеді. Оқыту курстары нәтижелі аяқталған жағдайда бағдарламаға қатысушыларға кәсіпкерлік негіздері курстарынан өткені туралы сертификат беріледі. Осыдан кейін бағдарламаға қатысушы ережелерге сәйкес құжаттар топтамасын қалыптастырып, микрокредит алуға кредиторларға жүгінеді, – деді.

Сондай-ақ, бөлінген қаражаттың алпыс пайызы «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, қырық пайызы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және кредиттік серіктестерімен микроқаржы ұйымдары арқылы беріледі. Осы ретте мемлекеттен облысқа үш миллиард теңгеден аса қаражат бөлінген. Сонымен бірге, микрокредиттер көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге, үш жылдан артпайтын мерзімге төрт миллион теңгеге дейін берілмек.

Тікелей эфир барысында сала басшылары бағдарламаның басым бағыттары, оның өзге бағдарламалардан айырмашылығы, шағын несие беру, жеке шаруашылықтарды кооперативтерге біріктіру, көктемгі дала жұмыстарын несиелендіру, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдау, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, бизнесті қаржыландыру сияқты мәселелерге қатысты қойылған сұрақтарға жауаптар қайтарды.

Эфир соңында бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жанданып, жалғасатындығы мәлім етілді.

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ басты назарда

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ. ЖИЫНҒА АУДАН МЕН ҚАЛА СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Жетісу

Айдар ҚАЛИЕВ

Басқосуда былтырғы жыл қорытындысы мен биылғы жылға қойылған міндеттер, Қаратал ауданындағы бұқаралық спортты дамыту мәселесі қаралды.

Шара облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Тұратбек Шарапиевтің алғысөзімен бастау алды. Ол былтырғы жылы облысымыздағы спорттық құрылымдар саны 3347-ге жеткенін, өңіріміздің әр аудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің бой көтергенін, спортпен шұғылданатын балалардың саны артқанын тілге тиек етті. Сонымен қатар дене мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорттың дамып келе жатқанын айтып, спортшылардың жеткен жетістігіне тоқталды.

Былтыр облысымыздан Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген 2 спорт шебері, 25 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 98 спорт шебері, 666 спорт шеберлігіне үміткер және 390 бірінші дәрежедегі спортшы дайындалған. Осыған орай Тұратбек Шарапиев спортшыларға барлық жағдай жасалып, спорт кешендерін салуды басты назарға қойды. Атап айтсақ, Талдықорған қаласында 50 метрлік жүзу бассейнін, Райымбек, Кеген, Қарасай аудандары мен Қаскелең қаласына дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу міндеттелсе, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласына балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің базасын салу керек деп жоспарлады. Әр өңірдің спорт басшыларына аудандық спорт федерациясын ашуды талап етті. Өйткені жеңіл атлетика мен садақ ату спортында республикалық деңгейдегі федерацияның жоқтығынан халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін ала алмай жүрген жандардың барын айтып, өзекті мәселені қолға алуды жүктеді.

Осыдан кейін Қаратал ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Бағылан Бердімбаев аудандағы өткен спорттық шаралар жайлы қорытынды есеп берді. Ол, ауданда спортшылар саны 26,5 пайызды құрайтынын және бұқаралық спортты дамытуға түрлі шаралар өткізілетінін, сондай-ақ, әлемдік деңгейде өнер көрсеткен спортшылардың жетістіктерін айтты. Бұл баяндамаға Тұратбек Шарапиев сын-ескертпелер жасап, алдағы жоспарларды қалай құру керектігі жайлы кеңінен тарқатты. Ол:

– Бұқаралық спортты дамытатын ауылдағы адамдар. Солармен тікелей байланыста болған жөн. Пайыздық көрсеткіш те өзге аудандармен салыстырғанда аз, әлі де арттыру керек. Әр мектепке барып спортқа бейім балаларды шақырыңдар. Мүмкіндігі шектеулі спортшыларға да жағдай жасалсын. Оларға арнайы бапкерлерді алып келіңдер, – деп міндеттеді.

БРИФИНГ

Баспана құрылысы бәсеңдемейді

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1,5 млн. қазақстандық отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында ҚР Инвестициялар және даму министрлігі құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов хабарлады.

– Бағдарламаның негізгі бағыты – жеке тұрғын үй құрылысына қолдау көрсету. Мемлекет ипотеканың құнын пәтер сатып алу кезінде 10, жеке тұрғын үй сатып алу кезінде 5 пайызға дейін азайту үшін «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ арқылы субсидиялауды көзлеп отыр. Сондай-ақ, құрылыс салушыларды тұрғын үй салуға ынталандыру үшін несиелер бойынша «Даму» АҚ арқылы 7 пайыз мөлшерінде субсидия беріледі, – деді Мархабат Жайымбетов.

Бүгінде бұл бағдарламаның игілігін көргендер жетерлік. Айталық, былтыр 10,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда 7,9 пайызға немесе 8,9 млн. шаршы метрге артты. Шамамен 89 мың тұрғын үй, оның ішінде 36 мың жеке тұрғын үй салынды. Мемлекет тарапынан алдағы уақытта тұрғын үй құрылысын және инфрақұрылымды дамытуға 438,7 млрд. теңге бөлінеді.

Брифингте «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысының аймағына инженерлік коммуникацияны жеткізу үшін жыл сайын 80 млрд. теңге бөлінетіндігі мәлім болды. Сонымен қатар, облыс орталықтарында жеке тұрғын үй құрылысының пилоттық жобасын іске асыру жоспарлануда.

Жаңа бағдарламаның бұдан басқа да жақсылығы жетіп артылады. Әсіресе, бағдарлама құрылыс индустриясының дамуын тездетеді. Еліміздің экономикалық өсімін, тұрғын үй құрылысы қарқынының тұрақты сақталуын қамтамасыз етіп, жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес қосады. Жаңа жұмыс орындарының ашылуына да сеп болады.

Айым ЖАРКЕЕВА.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ үәкіл кеңес береді

Елбасының бастамасымен жасалып жатқан реформалардың негізгісі – «100 нақты қадамнан» тұратын Ұлт жоспарының алғашқы 15-і мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруден басталады. Мұның өзі қазіргі таңда мемлекеттік қызметке ерекше көңіл бөлініп отырғанының айғағы. Осы іс-шаралар аясында мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларға түбегейлі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жаңартылғандығы белгілі.

Жүйедегі өзгерістер сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастырып, мемлекеттік менеджменттің халықтың алдындағы абырой-беделін көтеріп, оның сапалы моделін жасауға бағытталған.

Бүгінгі күні 2 миллионға жуық тұрғыны бар Алматы облысында 7 мың 637 мемлекеттік қызметші, соның ішінде жергілікті атқарушы органдарда 4 мың 109 мемлекеттік қызметші мемлекеттік міндеттерді атқаруға өз үлестерін қосуда. Олардың тарапынан мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және қызметтік әдеп нормалары талаптарының сақталуына профилактикалық жұмыстар жүргізу заңнамаға жаңадан енгізіліп отырған Әдеп жөніндегі уәкілдің құзыретіне кіреді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, былтырдан бері Әдеп жөніндегі уәкіл деп аталатын жаңа қызмет енгізілді. Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қадағалайтын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі талаптары бұзылуының алдын алумен айналысатын, сондай-ақ, өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес беретін маман. Облысымызда осы бағытта қызмет атқаратын облыс әкімінің кеңесшісі Талғат Әбенұлы Өмірәлиевке Әдеп жөніндегі уәкіл қызметі жүктелді.

Әдеп жөніндегі уәкіл қызметіне тағайындалған кезден бастап Алматы облысы әкімдігінің ресми сайтында Әдеп жөніндегі уәкілдің блогы құрылып, ол туралы халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мәлімет таратылды. Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосады, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және қызметтік әдеп нормалары талаптарын бұзу профилактикасын қамтамасыз етеді, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация береді, сонымен қатар, мемлекеттік органның оң имиджін және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыруға елеулі үлес қосқан қызметшілерді көтермелеу туралы ұсыным білдіреді.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес атқара алады және жұмыс қорытындысы туралы мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті органға есеп беріп отырады. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан құқықбұзушылықтар көрініс тапқан жағдайда кез келген тұлға Әдеп жөніндегі уәкілге жүгіне алады. Сонымен қатар, облысымыздың Әдеп жөніндегі уәкілі Талғат Өмірәлиев әр айдың екінші дүйсенбісі күні сағат 15.00-ден 18.30-ға дейін азаматтарды қабылдауды облыстық әкімдік ғимаратының 116-кабинетінде жүргізеді.

Жұмыс телефоны: **8 (7282) 24-68-47.**

Е. ТЕЗЕКБАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

БІРТҮЙЕР

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.

МАЛ ТӨЛДЕТУ

БІЛІКТІ ЕРГЕ МАЛ БІТЕДІ

Күреңбел өңірі төрт түлік мал ұстауға қолайлы аймақ. Бүгінде осынау бай өлкенің мүмкіндігін тиімді пайдаланып отырғандар аз емес. Сол қатарда Қызылжар ауылындағы «Сүттіқожанов» шаруа қожалығы мал бағумен шұғылданып, ауылдастарына үлгі болуда. Шаруа қожалығының тірлігін үйлестіріп жүрген Шоқан Сүттіқожанов атакәсіпті өркендетіп, өрісті малға толтырып отыр. Осының арқасында кіріс көзін молайтып, ауылшаруашылығының дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Елдің гүлденуіне атсалысып келе жатқан азамат жас та болса саланың қыр-сырын жете меңгеріп алыпты.

Жетісу

Қажет АНДАС

Қожалықта негізінен сүтті бағытталған ірі қара бағылады. Шаруашылық жетекшісінің тіршілігін көзбен көру үшін мал бағылып жатқан жерге келдік. Матай тауының бөктеріне орын тепкен шаруа қожалығының өзіне тиесілі 300 гектарға жуық жері бар екен. Оның 80 гектарына күнделікті егіс дақылдары мен тұрмысқа керекті көкөніс егіледі. Оған қосымша атшаптырым аумақты алып жатқан жайылымдық, шабындық жер де бар. Малға қажет шөп сол алқаптардан дайындалады. Осы жерден нәсіп тауып, өрісті малға толтырып отырған қожалық иесі талай адамды еңбекпен қамтып, тұрмыстық жағдайының түзелуіне мүмкіндік беруде.

– Елбасымыз ауыл, соның ішінде мал шаруашылығы саласын өркендетуге баса мән беру қажеттігін үнемі айтып, оны аяқтан тұрғызудың басым міндеттерін айқындап келеді. Өйткені елдің азық-түлік қауіпсіздігі, жеңіл өнеркәсіптің дамуы осы саламен тығыз байланысты. Оған Үкімет тарапынан көрсетіліп жатқан түрлі қолдау мен көмектердің оң әсері тиюде. Сол себепті өңірімізде мал бағумен айналысушылар саны жыл сайын артып келеді, – дейді шаруашылық жетекшісі.

Мал өнімдерімен ішкі сұранысты қамтамасыз ету үшін оның сапасын арттыру – заман талабы. Осы ретте аталған қожалық басшысы мал басын асылдандыруға ден қойып келеді. Олар «Сыбаға» бағдарламасының да жақсылығын көріп отыр. Осындай жеңілдіктер қарастырылып, қол ұшын созған Үкіметке деген алғыстары шексіз. Алғашында елу бас ірі қарамен жұмыс бастаған шаруа қожалығы өткен жылы «Сыбаға» бағдарламасы аясында несие алып, сүтті сиыр санын жүз басқа жеткізді. Биыл 150 басқа көбейген сиырдың 102 басы төлдейді деп күтілуде. Қазірдің өзінде 50-ге жуығы төлдеп, оның сүтін сата бастапты. Былтырғы көктемнен бері күніне жарты тонна таза сүт сатқан шаруашылық биыл жоспардағыдай болса, күніне бір жарым тоннаға жуық сүт өткізу мүмкіндігіне жетуге ынталанып отыр.

Шаруашылықты өркендетуде ойға алған жоба-жоспарлар да аз емес. Бізбен бірге барған аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Болат Тастанбеков аталған қожалық иесінің «Сүтті бағыттағы ірі қара малын көбейту» бағыты бойынша ауқымды жұмыс атқарып жатқанын айтты. Сондай-ақ, мал төлдету науқанының қалыпты жағдайда өтіп жатқанын алға тартты. Шоқан Сүттіқожановтың айтуынша, түлік түрінің туу көрсеткіші былтырғыға қарағанда біршама артып, мал басы көбейген.

Іссапар кезінде қай кәсіпкермен жүздесіп, сөйлессек те өз ісіне деген ыстық ықылас, жылы лебіз аңғарылады. Яғни, бұл кәсіпкерліктің шалғай жатқан елді мекендерге де бет бұра бастағанын байқатады. Осыдан-ақ ауылдың алтын бесік екеніне, оны дамыту арқылы тәуір табысқа жетіп, кіріс көзін молайтуға болатынына көз жеткізіп қайттық.

Кербұлақ ауданы.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу
1918–2017

№28 (18304), 11 наурыз, 2017 жыл

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА КЕҢ ТАРАЛҒАН ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ БАРЛАУҒА НЕМЕСЕ ӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ БОЙЫНША КОНКУРСҚА ҰСЫНЫЛАТЫН ЖЕР ҚОЙНАУЫ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 27-бабы 2-тармағына, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291 Заңының 27-бабы 6) тармақшасына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер қойнауы учаскелерінің тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Алматы облысының жер қатынастары басқармасы» (Ж.Умаров) мемлекеттік мекемесі ерекше қорғалатын аумақтың шегінде орналасқан жер қойнауын пайдалану учаскелерін есебімен, конкурсқа ұсынылған бекітілген жер қойнауын пайдалану учаскелерінің тізбесінің негізінде жер қойнауын пайдалану мақсатына арналған жерлерді сақтық қорда сақтау жұмысын жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Тұрдалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы «___»_____ №_____ қаулысына қосымша

Алматы облысында кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер қойнауы учаскелерінің тізбесі

№ р/р	Кен орнының немесе бөлігінің атауы	Пайдалы қазба түрі	Жер қойнауын пайдалану түрі	Орналасқан жері	Географиялық координаттар	
1	«Ардарлы» («Солтүстік» учаске)	Қиыршық тас	өндіру	Кербұлақ ауданы	44°14'31"	77°41'32"
					44°14'34"	77°41'43"
					44°14'32"	77°41'51"
					44°14'22"	77°42'03"
					44°14'22"	77°41'39"
2	«Абай»	Құмды қиыршықты тас	барлау	Қаратал ауданы	45°2'12,73"	78°2'48,91"
					45°2'24,97"	78°2'58,39"
					45°2'25,79"	78°3'1,86"
					45°2'4,26"	78°2'51,93"
3	«Қарашілік 1»	Құмды қиыршықты тас	барлау	Ақсу ауданы	79°1'50,147"	45°26'26,208"
					79°1'54,786"	45°26'22,894"
					79°1'45,128"	45°26'16,192"
					79°1'45,1,574"	45°25'43,964"
					79°1'48,765"	45°25'45,719"
4	«Қарашілік 2»	Құмды қиыршықты тас	барлау	Ақсу ауданы	79°1'44,037"	45°25'51,141"
					79°1'436,384"	45°25'54,672"
					79°1'526,5"	45°26'40,862"
					79°1'540,554"	45°26'34,518"
5	«Қарлығаш»	туф	өндіру	Кербұлақ ауданы	44°13'24"	77°41'26"
					44°13'30"	77°41'27"
					44°13'29"	77°41'35"
					44°13'21"	77°41'31"
					44°13'19"	77°41'29"
					44°13'20"	77°41'28"
					44°13'24"	77°41'30"
6	«Придорожное»	құрылыс құмы	барлау	Қапшағай қ.	43°47'16,60"	77°3'40,64"
					43°47'26,44"	77°3'43,47"
					43°47'26,37"	77°47,59"
					43°47'16,12"	77°42,17"
					43°47'11,66"	77°4'4,89"
7	«Ұзынағаш»	Құмды қиыршықты тас	барлау	Жамбыл ауданы	43°13'21,07"	76°24'1,83"
					43°13'16,23"	76°23'59,60"
					43°13'9,59"	76°23'59,07"
					43°13'9,62"	76°23'59,93"
					43°13'4,46"	76°24'5,26"
					43°13'4,44"	76°24'9,63"
					43°13'11,02"	76°24'5,57"
					43°13'20,88"	76°24'8,27"
8	«Тасмурунское»	Құрылыс тасы	өндіру	Балқаш ауданы	44°29'47,3"	76°43'33,7"
					44°29'41,7"	76°43'37,2"
					44°29'33,5"	76°43'40,6"
					44°29'21,05"	76°43'40,5"
					44°29'13,2"	76°43'40,5"
					44°28'57,5"	76°44'09"
					44°28'57,0"	76°44'03"
					44°29'0,36"	76°43'48"
					44°29'8,9"	76°43'54"
					44°29'14,2"	76°43'6,56"
					44°29'21,3"	76°43'5,05"
					44°29'27,7"	76°43'4,56"
					44°29'30,8"	76°43'5,16"
					44°29'34,9"	76°43'10,4"
					44°29'42,59"	76°43'23,6"

ЖОБА

СУБСИДИЯЛАНАТЫН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІН ЖӘНЕ НОРМАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 4-тармағына сәйкес, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 29 мамырында № 11223 тіркелген) Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы «Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 16 сәуірде № 3786 тіркелген және 2016 жылғы 19 сәуірдегі «Жетісу» газетінің № 45 және 2016 жылғы 19 сәуірдегі «Огни Алатау» газетінің № 45 жарияланған) № 149 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Облыс әкімдігінің 2017 жылғы «__» _____ «Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және нормаларын белгілеу туралы» № ___ қаулысына қосымша

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке арналған субсидияның нормалары, теңге
	Отандық өндірушілердің тыңайтқыштары			
1	Азот-фосфор-калий-күкірт құрамды тыңайтқыш (NPKS – тыңайтқыш) Құрамында: Азот аммоний – 4,0%; P2O5 - 9,6%; K2O - 8,0%; SO3 -12,0%; CaO – 10,2%; MgO – 0,5%	тонна	50	44 898,00
2	Азот-фосфор- күкірт құрамды тыңайтқыш (NPS – тыңайтқыш) Құрамында: Азот аммоний - 6,0%; P2O5 – 11,0%; SO3 – 15,0%; CaO – 14,0%; MgO – 0,25%	тонна	50	44 100,00
3	Аммиакты селитра (N -34,4%)	тонна	50	34 000,00
4	Аммофос (N-10%: P2O5-46 %)	тонна	50	62 500,00
5	Калий күкіртқышқылды (K2O-50 %)	тонна	50	130 000,00
6	Микробиотыңайтқыш: "МЭРС" "Б" маркалы	литр	50	5 000,00
7	Суперфосфат (P2O5 -19 %)	тонна	50	32 500,00
8	Азот-күкірт құрамды суперфос	тонна	50	64 000,00
9	"Суперфос-NS" (N-12 % : P2O5-24%) + (Ca:Mg:SO3)	тонна	50	42 500,00
	Сұйық азотты тыңайтқыш (КАС) (N-28-34%, P2O5-0,052%, SO3-0,046%, Fe-0,04%)			
10	Сұйық азотты тыңайтқыш (КАС) құрамында кемінде: азот аммоний – 6.8%; нитраты азот - 6.8%; амидты азот – 13,5%	тонна	50	42 500,00
11	Фосфор-калийлы тыңайтқыш (РК– тыңайтқыш) құрамында кемінде: P2O5 - 14%; K2O - 8,0%; CaO – 13,2%; MgO – 0,45%	тонна	50	30 200,00
12	Фосфор-калий-күкіртті тыңайтқыш (PKS – тыңайтқыш) құрамында кемінде: P2O5 - 13,1%; K2O- 7,0%; SO3 - до7,0%; CaO – 13,3%; MgO – 0,4%	тонна	50	30 428,00
13	Фосфор- күкіртті тыңайтқыш (PS тыңайтқыш) құрамында кемінде: P2O5 -11,0%; SO3 -10,0%; CaO – 13,5%; MgO – 0,45%	тонна	50	25 165,00
14	Kristalon Cucumber 14-11-31	тонна	50	372 500,00
15	Kristalon Red 12-12-36	тонна	50	374 000,00
16	Kristalon Special 18-18-18	тонна	50	350 000,00
17	Kristalon Yellow 13-40-13	тонна	50	382 000,00
18	Yara Liva Calcinit (кальций нитраты N 15,5 : NO3 14,4 : CaO 26,5)	тонна	50	132 500,00
	Шетелдік өндірушілердің тыңайтқыштары			
19	Агрифул (N 4,5 : P 1 : K 1)	литр	50	1 750,00
20	Агрифул антихлль (N 9 : CaO 10)	литр	50	750,00
21	Агрохимикат	тонна	50	385 000,00
	монокалийфосфаты (P 52 : K 34)			
22	Агрохимикат калий Сульфаты (P 52 : SO18)	тонна	50	205 000,00
23	Активейн (N - 3,0%, K2O - 8,0%, C - 12,0%, Fe - 0,5% (EDDHA), Zn - 0,08% EDTA)	литр	50	2 250,00
24	Амино МО (8)	литр	50	4 718,50
25	Аминосит 33% (Ерекш аминоқышқылы 33%, N - 9,8%)	литр	50	2 520,00
26	Бенефит ПЗ (N - 3,0%, C - 10,0%)	литр	50	5 028,50
27	Бороплюс В - 11,0%	литр	50	1 257,00
28	Брексил кальций (CaO - 20,0% (LSA), B - 0,5%)	килограмм	50	1 838,00
29	Брексил комби (B - 0,9%, Cu - 0,3% (LSA), Fe - 6,8% (LSA), Mn - 2,6% (LSA), Mo - 0,2% (LSA), Zn - 1,1%)	килограмм	50	1 633,00
30	Брексил миксі (MgO - 6,0% (LSA), B - 1,2%, Cu - 0,8% (LSA), Fe - 0,6% (LSA), Mn - 0,7% (LSA), Mo - 1,0% (LSA), Zn - 5,0%)	килограмм	50	1 785,50
31	Брексил мультиі (MgO - 8,5%, B - 0,5%, Cu - 0,8%, Fe - 4,0%, Mn - 4,0%, Zn - 1,5%)	литр	50	1 449,50
32	Брексил темірі Fe - 10,0% (LSA)	килограмм	50	1 479,00
33	Брексил мырышы Zn - 10,0% (LSA)	килограмм	50	1 656,00
34	Вива (N - 3,0%, K2O - 8,0%, C - 8,0%, Fe - 0,02% (EDDHSA)	литр	50	1 608,00
35	Калий Го (K2O – 33,8%)	литр	50	1 746,00
36	Калий Го Плюс (балдырлы экстракт – 2,9%; K2O – 14%; ерекш аминоқышқылы – 2,4%)	литр	50	2 052,00
37	Хлорлы калий (K2O-60 %)	тонна	50	60 000,00
38	Кальбит Ц CaO - 15,0% (LSA)	литр	50	975,00
39	Карбамид (N-46,3 %)	тонна	50	47 500,00
40	Кендал (N - 3,5%, K2O - 15,5%, C - 3,0%)	литр	50	2 909,50
41	Кендал ТЕ (Cu - 23,0%, Mn - 0,5%, Zn - 0,5%)	литр	50	4 129,00
42	Контролфит CU (6,6)	литр	50	1 978,50
43	Контролфит Si (Si 17 : K2O 7)	литр	50	1 807,50
44	Контролфит РК (P 30 : K 20)	литр	50	1 750,00
45	Кремний К (K2O – 13,2%; SiO2 – 26%)	литр	50	2 430,00
46	Мантурон (N – 1,5%; P2O5 – 0,5; K2O – 0,5%; органикалық заттек – 23%)	литр	50	5 940,00
47	Мастер 13:40:13 (N - 13,0%, P2O5 - 40,0%, K2O - 13,0%, B - 0,02%, Cu - 0,005% (EDTA), Fe - 0,07% (EDTA), Mn - 0,03% (EDTA), Zn - 0,01% (EDTA)	килограмм	50	501,00
48	Мастер 15:5:30+2 (N - 15,0%, P2O5 - 5,0%, K2O - 30,0%, MgO - 2,0%, B - 0,02%, Cu - 0,005% (EDTA), Fe - 0,07% (EDTA), Mn - 0,03% (EDTA), Zn - 0,01% (EDTA)	килограмм	50	416,50
49	Мастер 18:18:18 +3 (N - 18,0%, P2O5 - 18,0%, K2O - 18,0%, MgO - 3,0%, SO3 - 6,0%, B - 0,02%, Cu - 0,005% (EDTA), Fe - 0,07% (EDTA), Mn - 0,03% (EDTA), Zn - 0,01% (EDTA)	килограмм	50	426,50
50	Мастер 20:20:20 (N - 20,0%, P2O5 - 20,0%, K2O - 20,0%, B - 0,02%, Cu - 0,005% (EDTA), Fe - 0,07% (EDTA), Mn - 0,03% (EDTA), Zn - 0,01% (EDTA)	килограмм	50	480,50
51	Мастер 3:11:38 + 4 (N - 3,0%, P2O5 - 11,0%, K2O - 38,0%, MgO - 4,0%, SO3 - 25,0%, B - 0,02%, Cu - 0,0005% (EDTA), Fe - 0,07% (EDTA), Mn - 0,03% (EDTA), Zn - 0,01% (EDTA)	килограмм	50	470,50
52	Мастер 3:37:37 (N - 3,0%, P2O5 - 37,0%, K2O - 37,0%, B - 0,02%, Cu - 0,005% (EDTA), Fe - 0,07% (EDTA), Mn - 0,03% (EDTA), Zn - 0,01% (EDTA)	килограмм	50	657,00
53	Метафол (N - 3,0%, K2O - 8,0%, C - 9,0%)	литр	50	2 025,00
54	Метафол протеин (N - 2,0%, K2O - 4,5%, C - 10,0%, Fe - 0,022 (EDDHSA), Mn - 0,026% EDTA)	литр	50	2 113,50
55	Азықтық моноаммонийфосфаты (N-12%: P2O5-61 %)	тонна	50	250 000,00
56	Аралық бадырлы А маркалы Моноаммонийфосфат, (N-12%: P2O5-61 %)	тонна	50	190 000,00
57	МС кремі (Mn - 1,5%, Zn - 0,5%)	литр	50	3 232,00
58	МС сеті (B - 0,5%, Zn - 1,5% EDTA)	литр	50	2 249,00
59	МС экстра (K20 - 20,0%, N - 1,0%, C - 20,0%)	литр	50	4 594,00
60	Нитроаммофоска NPK (N 10 : P 26 : K 26)	тонна	50	62 500,00
61	Нитроаммофоска NPK (N 14 : P 14 : K 23)	тонна	50	80 000,00
62	Нитроаммофоска NPK (N 15 : P 15 : K 15)	тонна	50	55 000,00
63	Нитроаммофоска NPK (N 16 : P 16 : K 16)	тонна	50	80 000,00
64	Нитроаммофоска NPK (N 23 : P 13 : K 8)	тонна	50	75 000,00
65	Бакшалы Нутривант Плюс - Азот (N) - 6%; - Фосфор (P)- 16%; - Калий (K)- 31%; - Магний (MgO) – 2%; - Темір (Fe) – 0,4%; - Мырыш (Zn) – 0,1%; - Бор (B) – 0,5%; - Марганец (Mn) – 0,7%; - Мыс (Cu) – 0,01%; - Молибден (Mo) – 0,005%	литр	50	1 500,00
66	Жүзімді Нутривант Плюс - Фосфор (P)- 40%; - Калий (K)- 25%; - Магний (MgO) – 2%; - Бор (B) – 2%	литр	50	1 500,00
67	Астықты Нутривант Плюсі 19+19+19 - Азот (N) - 19%; - Фосфор (P) - 19%; - Калий (K) - 19%; - Магний (MgO) - 2%; - Темір (Fe) 0,05%; - Мырыш (Zn) - 0,2%; - Бор (B) - 0,1%; - Марганец (Mn) – 0,2%; - Мыс (Cu) - 0,2%; - Молибден (Mo) – 0,002%	литр	50	1 500,00
68	Астықты Нутривант Плюсі 6-23+35 - Азот (N) - 6%; - Фосфор (P)- 23%; - Калий (K)- 35%; - Магний (MgO) – 1%; - Темір (Fe) – 0,05%; - Мырыш (Zn) – 0,2%; - Бор (B) – 0,1%; - Марганец (Mn) – 0,2%; - Мыс (Cu) – 0,25%; - Молибден (Mo) – 0,002%	литр	50	1 500,00
69	Картоп Нутривант Плюсі - Фосфор (P)- 43%; - Калий (K)- 28%; - Магний (MgO) – 2%; - Мырыш (Zn) – 0,2%; - Бор (B) – 0,5%; - Марганец (Mn) – 0,2%	литр	50	1 500,00
70	Майлы дақылды Нутривант Плюсі 0-20-33 - Фосфор (P)- 20%; - Калий (K)- 33%; - Магний (MgO) – 1%; - Күкірт (S) – 7,5%; - Мырыш (Zn) – 0,02%; - Бор (B) – 1,5%; - Марганец (Mn) – 0,5%; - Мыс (Cu) – 0,0025%; - Молибден (Mo) – 0,001%	литр	50	1 500,00
71	Арнайы Нутривант Плюсі - Фосфор (P) - 23%; - Калий (K) - 42%; - Мырыш (Zn) – 0,5%; - Бор (B) – 0,1%	литр	50	1 500,00
72	Жемісті Нутривант Плюсі - Азот (N) - 12%; - Фосфор (P)- 5%; - Калий (K)- 27%; - Кальций (CaO) – 8%; - Темір (Fe) – 0,1%; - Мырыш (Zn) – 0,1%; - Бор (B) – 0,1%; - Марганец (Mn) – 0,1%	литр	50	1 500,00
73	Күріш Нутривант Плюсі - Фосфор (P) - 46%; - Калий (K) - 30%; - Магний (MgO) – 2%; - Бор (B) – 0,2%	литр	50	1 500,00
74	Қант қызылша Нутривант Плюсі - Фосфор (P)- 36%; - Калий (K)- 24%; - Магний (MgO) – 2%; - Бор (B) – 2%; - Марганец (Mn) – 1%	литр	50	1 500,00
75	Томатты Нутривант Плюсі - Азот (N) - 6%; - Фосфор (P)- 18%; - Калий (K)- 37%; - Магний (MgO) – 2%; - Темір (Fe) – 0,08%; - Мырыш (Zn) – 0,02%; - Бор (B) – 0,02%; - Марганец (Mn) – 0,04%; - Мыс (Cu) – 0,005%; - Молибден (Mo) – 0,005%	литр	50	1 500,00
76	Әмбебап Нутривант Плюсі 19+19+19 - Азот (N) - 6%; - Фосфор (P)- 23%; - Калий (K)- 35%; - Магний (MgO) – 3%; - Күкірт (S) – 2,4%; - Темір (Fe) – 0,2%; - Мырыш (Zn) – 0,052%; - Бор (B) – 0,02%; - Марганец (Mn) – 0,0025%; - Мыс (Cu) – 0,0025%; - Молибден (Mo) –0,0025%	литр	50	1 500,00
77	Мақта Нутривант Плюсі - Азот (N) - 4%; - Фосфор (P)- 24%; - Калий (K)- 32%; - Магний (MgO) – 2%; - Темір (Fe) – 0,01%; - Мырыш (Zn) – 0,05%; - Бор (B) – 1%; - Марганец (Mn) – 0,05%; - Мыс (Cu) – 0,025%; - Молибден (Mo) – 0,001%	литр	50	1 500,00
78	Нутрифос (P2O5 – 28,3; N – 0,5%; гуминқышқылы экстракты – 21,6%; органикалық заттек – 21,6%)	литр	50	2 016,00
79	Омекс 3Х (N 24 : P2O5 24 : K2O 18 : MgO 1,5 : Fe 0,08)	литр	50	18 475,00
80	Омекс Био 20 (N 20 : P2O5 20 : K2O 20 : MgO 1,5 : Fe 0,16)	литр	50	28 810,00
81	Омекс КальМикс (N 15 : K2O 22,5 : Mn 1,5 : MgO 1,3 : Fe 0,075)	литр	50	16 835,00
82	Омекс Микромикс (SO3 1,42 : Zn 2,6 : Mn 1,95 : MgO 1,3 : Fe 2,6 : B 0,97)	литр	50	23 200,00
83	Омекс Сикветал 1 (N 10 : P2O5 40 : K2O 20 : MgO 1,5 : Fe 0,17)	литр	50	19 680,00
84	Омекс Сикветал 2 (N 10 : P2O5 20 : K2O 40 : MgO 1,5 : Fe 0,175)	литр	50	19 262,50
85	Омекс Фолиар Борон (N 6,5 : B 15)	литр	50	18 090,00
86	Плантафол 10:54:10 (N - 10,0%, P2O5 - 54,0%, K2O - 10,0%, B - 0,02%, Cu - 0,05% (EDTA), Fe - 0,1% (EDTA), Mn - 0,05% (EDTA), Zn - 0,05% (EDTA)	килограмм	50	845,50
87	Плантафол 20:20:20 (N - 20,0%, P2O5 - 20,0%, K2O - 20,0%, B - 0,02%, Cu - 0,05% (EDTA), Fe - 0,1% (EDTA), Mn - 0,05% (EDTA), Zn - 0,05% (EDTA)	килограмм	50	618,50
88	Плантафол 30:10:10 (N - 18,0%, P2O5 - 18,0%, K2O - 18,0%, MgO - 3,0%, SO3 - 6,0%, B - 0,02%, Cu - 0,005% (EDTA), Fe - 0,07% (EDTA), Mn - 0,03% (EDTA), Zn - 0,01% (EDTA)	килограмм	50	656,50
89	Плантафол 5:15:45 (N - 5,0%, P2O5 - 15,0%, K2O - 45,0%, B - 0,02%, Cu - 0,05% (EDTA), Fe - 0,1% (EDTA), Mn - 0,05% (EDTA), Zn - 0,05% (EDTA)	килограмм	50	780,00
90	Радифарм (N - 3,0%, K2O - 8,0%, C - 10,0%, Zn EDTA)	литр	50	4 595,00
91	Ризо В 18%	литр	50	2 286,00
92	Ризо Fe 6%	литр	50	3 672,00
93	Ризо L - B 15%	литр	50	2 052,00
94	Ризо L - Ca+B (ерекш аминоқышқылы – 3,1%; N – 0,5%; CaO – 20%; B – 0,9)	литр	50	2 160,00
95	Ризо L- Cu (Cu – 6,4%)	литр	50	3 420,00
96	Ризо L- Mn + Zn Plus (ерекш аминоқышқылы – 3,4%; N – 0,5%; органикалық N – 5%; Cu – 0,007%; Mn – 5,5%; Mo – 0,004%; Fe – 0,11%; Zn – 8,2%; B – 0,011%)	литр	50	1 908,00
97	Ризо Mo+B (P2O5 – 14,6%; K2O – 9,5%; Mo – 11%; B – 8,3%)	литр	50	9 450,00
98	Ризо Микс (Mn – 4%; Zn – 0,6%; Fe – 7%; Cu – 0,4%; B – 0,7%; Mo – 0,3%)	литр	50	3 780,00
99	Ризо Микс Некст (Cu – 0,5%; Mn – 7%; Mo – 0,1; Mg – 7%; Zn – 10,4)	литр	50	2 430,00
100	Ризо Рут (ерекш аминоқышқылы – 32%; N – 7,5%; P2O5 – 39%)	литр	50	11 736,00
101	Руткат (аминоқышлот, полисахарид, ауксин және т.б.)	литр	50	3 960,00
102	Сият (CaO - 10,0%, MgO - 1,0%, B - 0,1%, Zn - 0,01% (EDTA)	литр	50	4 275,00
103	Сульфат аммония (N-21 %)	тонна	50	38 500,00
104	Суприд (Ерекш аминоқышлоты – 16,5%; N – 10,7%; органикалық N – 5,2%; аммоний N – 5,1%; P2O5 – 0,1; K2O – 0,3%; полисахаридтер – 7,9%; гумин экстракты – 29,3%; органикалық заттек – 76,7%; органикалық комплекс- 40,6%; CaO – 0,05%; MgO – 0,04; Fe – 0,003; Zn – 0,003)	литр	50	2 700,00
105	Текамин брикс (K2O 18 : B 0,2)	литр	50	1 785,00
106	Текамин макс (N 7 : L 12)	литр	50	1 750,00
107	Текамин райс (N 5,5 : K2O 1 : Fe 0,5 : B 0,05 : Cu 0,05 : Mn 0,3 : Zn 0,15)	литр	50	2 416,37
108	Текамин флауэр (N 3 : P 10 : B 1)	литр	50	2 073,50
109	Текнокель амино Fe (6)	литр	50	2 188,00
110	Текнокель амино Mg (6)	литр	50	898,00
111	Текнокель амино Mn (6)	литр	50	1 217,50
112	Текнокель амино Zn (L 6,3 : Zn 8)	литр	50	1 370,00
113	Текнокель амино B (10)	литр	50	1 503,00
114	Текнокель амино микс (L 6,1 : Fe 3,2 : Mn 0,7 : Zn 0,7 : Cu 0,3 : B 0,12 : Mo 0,11)	литр	50	1 427,00
115	Текнокель амино СА (CaO 10,3 : B 0,2 : L 6,2)	литр	50	1 427,00
116	Текнофит pH (поли-гидроксикарбоксилаты 20 : pH 2)	литр	50	1 864,50
117	Тизим (Fe – 0,1%; B – 2,1%)	литр	50	8 460,00
118	Азот-фосфор-күкіртті күрделі құрамды тыңайтқыш 20:20:14	тонна	50	72 500,00
119	Сұйық азотты тыңайтқыш (КАС) (N-32%)	тонна	50	90 750,00
120	Фосфит (P2O5 – 42,3 %; K2O – 28,2%)	литр	50	2 700,00
121	Феррилен 4,8 Fe - 6,0% (EDDHSA)	килограмм	50	2 690,00
122	Феррилен Fe - 6,0% (EDDHSA)	килограмм	50	2 225,00
123	Феррилен триум Fe - 6,0% (EDDHA/EDDHSA), Mn - 1,0% (EDTA), K2O - 6,0%	килограмм	50	2 666,00
124	Ферт итрейн старт (аминоқышлоты 9,2 : L 6,6 : N 3,2 : органическое вещество 31,1)	литр	50	1 902,50
125	Ферт итрейн фолиар (N 5 : K2O 1 : Fe 0,1 : B 0,1 : Cu 0,1 : Mo 0,02 : Zn 0,75)	литр	50	1 902,50
126	Шутагон (Ерекш аминоқышлоты – 7,8%; N – 5,2%; олигосахаридтер – 29%; гумин экстракты – 15%; органикалық заттек – 29%)	литр	50	3 528,00
127	Aventrol (ди-1-п-ментен (Пиволин) 96%)	литр	50	4 050,00
128	BlackJak (гумин қышқылы 20%, фульвоқышқылы 4%)	литр	50	2 000,00
129	Krista K Plus (калий нитраты) (N-13,7%, NO3-13,7% K2O-46,3%)	тонна	50	263 500,00
130	Krista MAG (магний нитраты) (N-11%, NO3-11%, Mg-9%, MgO-15%)	тонна	50	172 000,00
131	Krista MgS (магний сульфаты) (MgO 16%, SO3 32%)	тонна	50	139 000,00
132	Krista MKP (монокалий фосфаты) (P2O5-52%, K2O-34%)	тонна	50	399 500,00
133	Krista SOP (калий сульфаты) (K2O 52%, SO3 45%)	тонна	50	225 000,00
134	Millerplex (N 3 : P 3 : K 3)	литр	50	4 200,00
135	Multimatr (ди-1-п-ментен (Пиволин) 96%)	литр	50	3 600,00
136	Rosasol - N - 29*10*10 (2,9MgO) ТЕ	килограмм	50	547,20
137	Rosasol - P - 15*15*10+ТЭ	килограмм	50	727,20
138	Rosasol - V - 12*03*43 + МЭ	килограмм	50	633,60
139	Terra - Sobr complex (кешенді ерекш аминоқышлоты + L - микроэлементтермен)	литр	50	2 500,00
140	Terra - Sobr foliar (кешенді ерекш аминоқышлоты + L - микроэлементтермен)	литр	50	2 000,00
141	VaporGard (ди-1-п-ментен (Пиволин) 96%)	литр	50	4 250,00
142	Yara Liva Brassitrel (MgO 8,3 : SO3 28,75 : B 8 : Mn 7 : Mo 0,4)	килограмм	50	1 267,00
143	Yara Vita Agriphos (P2O5 29,1 : K2O 6,4 : Cu 1 : Fe 0,3 : Mn 1,4 : Zn 1)	килограмм	50	1 383,00
144	Yara Vita Bortac 150 (N 4,7: B 11)	килограмм	50	810,50
145	Yara Vita Molytrac 250 (P2O5 15,3 : Mo15,3)	килограмм	50	6 565,50
146	Yara Vita Rexolin ABC (K2O 12 : MgO 3 : SO3 6,2 : B 0,5 : Cu 1,5 : Fe 4 : Mn 4 : Zn 1,5 : Mo 0,1)	килограмм	50	1 685,50
147	Yara Vita Rexolin APN (B 0,85 : Cu 0,25 : Fe 6 : Mn 4 : Zn 1,3 : Mo 0,25)	килограмм	50	2 007,50
148	Yara Vita Rexolin Ca10, кальций хелаты (9,7)	килограмм	50	1 629,50
149	Yara Vita Rexolin Cu15, хелатмеди EDTA (14,8)	килограмм	50	2 068,50
150	Yara Vita Rexolin D12, темір хелаты DTPA (11,6)	килограмм	50	2 105,00
151	Yara Vita Rexolin Mg13, марганец хелаты EDTA (12,8)	килограмм	50	1 533,50
152	Yara Vita Rexolin Q40, темір хелаты EDDHA (6)	килограмм	50	1 744,50
153	Yara Vita Rexolin Zn15, мырыш хелаты EDTA (14,8)	килограмм	50	1 533,50
154	Yara Vita Tenso Coctail (B 0,52 : Cu 0,53 : Fe 3,8 : Mn 2,57 : Zn 0,53 : Mo 0,13 : CaO 3,6)	килограмм	50	2 031,00
155	Yara Vita Zintrac 700 (N 1 : Zn 40)	килограмм	50	1 901,50

БІЛІМ САЙЫСЫ



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА жол ашқан

Үміттерін үкілей келген дарынды түлектерді шараның ашылу салтанатымен облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Майгүл Омарова, Талдықорған қазақ-түрік жасөспірімдер лицей-интернатының директоры Бақтияр Омаров құттықтап, сайыс жеңімпаздарының білім гранттарын иеленуге мүмкіндігі бар екенін атап өтті. Байқауға әділқазы ретін

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ҮШ ЖЫЛДА ӨҢІР КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 1 МЛРД. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН ҚҰҚЫҒЫ МЕН МҮДДЕСІН ҚОРҒАДЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ОБЛЫСТЫҚ ПАЛАТАҒА 319 ӨТІНІШ ТІРКЕЛІП, ОЛАРДЫҢ 70%-Ы КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ПАЙДАСЫНА ШЕШІЛГЕН.

БИЗНЕСТІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ БАҒЫТЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ КӘСІПКЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ 9 ОТЫРЫСЫ ӨТІП, ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ 80%-Ы ОҢ НӘТИЖЕМЕН ШЕШІЛІПТІ.

АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІ қолдауға мұқтаж

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және бизнеске әкімшілік кедергілерді төмендету облыстық кәсіпкерлер палатасы жұмысының негізгі бағыты болып табылады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде тұрғындармен тікелей байланысқа шыққан облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаева атқарылған жұмыстар мен кәсіпкерлердің мүддесін қорғау бағытындағы жетістіктерді әңгімелеп, алдағы жұмыс жоспарын таныстырды.

Жетісу

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, облыстық кәсіпкерлер палатасы үш жылда өңір кәсіпкерлерінің жалпы құны 1 млрд. теңгені құрайтын құқығы мен мүддесін қорғапты. Өткен жылы облыстық палатаға 319 өтініш тіркеліп, олардың 70%-ы кәсіпкерлердің пайдасына шешілген. Палата сарапшылары бизнесмендердің құқығын қорғау мақсатындағы 155 сот дауына қатысса, оның 108-і бизнестің пайдасына шешілген. Сол қатарда «Баға белгілеуде сыбайластыққа барды» деп кінәлаған «Алель Агро» және «Алатау Құс» фабрикасының мүддесін қорғап, оларды 30 миллион теңгелік айыппұлдан арашалап қалған. Сонымен қатар, жергілікті жерде әкімшілік құқықбұзушылыққа жол беріп, кәсіпкердің жалпы ауданы 769 гектар болатын жер телімін иеленіп алған, тіпті басқа бір тұлғаға сатып та үлгерген дау-шарға палата мен прокуратура араласып, кәсіпкердің құқығы қорғалған. Сонымен қатар, Көксу ауданындағы кәсіпкердің 1000 гектар жерін қайтарып алуына көмек беріліпті.

Бизнестің құқығын қорғау бағытында өткен жылы кәсіпкерлер кеңесінің 9 отырысы өтіп, қаралған мәселелердің 80%-ы оң нәтижемен шешіліпті. Десе де, кәсіпкерлерге әкімшілік кедергі де жоқ емес. Кәсіпкерлік палатасы әкімшілік кедергілерді төмендету мақсатында қоғамдық мониторинг пен кәсіпкерлердің өтініштеріне талдау жүргізіп келеді. Өткен жылы палата мамандары 49 әкімшілік кедергіні анықтап, оның 80%-н оң нәтижемен шешкен. Айталық, Текелі қаласының кәсіпкері цехын кеңейту үшін қала әкімшілігінен 10 сотық жер сұраған. Мәселе алты ай бойы шешілмеген соң облыстық кәсіпкерлер палатасына арызданады. Сосын прокуратура, мемлекеттік органдардың қатысуымен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылып, бірлескен жұмыс тобы құрылып, жарты жыл бітпеген дауды бір апта ішінде шешіп береді. Осы тұста облыстық кәсіпкерлер палатасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен өзара келісімге келіп, жұмыс картасы бойынша мемлекеттік органдардағы жемқорлық қауіпқатерлерін анықтау мақсатында 32 бағыт бойынша талдау өткізетінін айта кеткеніміз жөн. Әсіресе, денсаулық сақтау, кеден сияқты салалар бойынша түйінді жұмыстар атқарылуда.

Кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасының жасалуы да өткен жылдың маңызды оқиғасы болып саналады. Осы картаға облыс бойынша 22 инвестициялық жоба ұсынылып, Панфилов ауданында балық өнімдерін қайта дайындау жөніндегі зауыт құрылысы, Талдықорғандағы спорттық-сауықтыру кешенінің және Жамбыл ауданындағы этномейрамхананың құрылысы қаржыландырылды. Облыстық палатаның инвестициялық жобалары Қытайдың Бейжің және Чанша қалаларында өткен 8-ші инвестициялық жобалар жәрмеңкесі мен 10-шы мерейтойлық «Чанша-ЕО – 2016» инвестициялық форумында таныстырылды. Сондай-ақ, өңірлік карта жобасы «Made in Kazakhstan» тауар өндірушілері жәрмеңкесінің және кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік картасы жобаларының инвестициялық жәрмеңкесінің қатысушысы атанды.

Тағы бір айта кететін мәселе, мамандарды даярлаудағы халықаралық тәжірибемен танысу мақсатында палата мамандары былтыр Қытайдың Ганьсу провинциясына іссапарға барып, студенттерді ауыстырып оқытуға келісім жасап қайтты. Биыл олардың алғашқы тобы көрші елге бармақшы. Осы тұста дуалды оқытудың да жұмыс берушілер үшін маңызы зор екенін айта кеткен жөн. Қазір облыстағы 27 колледж 140 кәсіпорынмен бірігіп, 17 мамандық бойынша кадрларды дуалды оқыту әдісімен даярлауда. Бұл қатарда «ТАТЭК» АҚ, «Глазман» мен «Қайнар АКБ» ЖШС-лары бар. Сондай-ақ, былтыр «Байсерке-Агро» компаниясы Талғар агробизнес және менеджмент колледжін сенімділік басқаруға алды. Бұл Елбасының қолдауымен елімізде алғаш рет сынақтан өтіп жатқан жоба саналады. Сондықтан, биыл облыстық палата халықаралық деңгейдегі жұмыс берушілердің форумын ұйымдастырмақшы. Оған 300-ден астам кәсіпкер жиналып, дуалды оқытудың тиімді жақтарын айтып береді.

Айта кетерлігі, облысымызда 47 мыңнан аса шаруа қожалығы ауылшаруашылығы жұмысымен айналысады. Алайда, өңір тұрғындарының арасында бұрынғы кеңестік кооперативтер туралы теріс пікірден әлі де арыла қойғандар баршылық. Облыстық кәсіпкерлік палатасы сарапшыларының тиянақты түсіндіруінің нәтижесінде 22 ауылшаруашылық кооперативі тіркелді. Қазір сол кооперативтердің сауда желілерімен әріптестік орнатуына көмектесуде. Мысалы, «Ақөзек» АӨК Новосибирск қаласындағы супермаркет желілеріне пияз жеткізе бастады. Сондай-ақ, Алматы қаласының сауда желілері ет, көкөніс және жемістерді сатып алуға қызығушылық танытуда. Нәтижесінде, өңірлік «Федор» АӨК мен алматылық «Golden Food» компаниясының арасында 60 тонна көкөніс пен жеміс жеткізу туралы келісім жасалды.

Жетісу өңіріне сапары барысында Елбасы қант қызылшасын өсіруді жандандыру бойынша тапсырма берді. «Атамекен» ҰКП шағын несиелеу пилоттық бағдарламасын сәтті жүзеге асырған жетісулықтар «Өңірлер бизнесі» деп аталатын жобаны барынша шырата түсті. Оған «ALMEX» инвестициялық қоры арқылы «Атамекен» ҰКП мен облыс әкімдігі 300 млн. теңге бөлді. Жобаны жалғастыруға керекті несиелерді «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ ұсынды. Осы жоба аясындағы кәсіпкерлердің өтінішін облыстық кәсіпкерлер палатасының несие комитеті қарап, облыстың бизнес-қоғамдастық өкілдері ҰКП ұсынысы бойынша 87 жобаны қаржыландырды. Жобалар мен қаражат алу мәселесі кәсіпкерлерден құралған несие комитетімен қаралып, мақұлданып отырды. Барлығы бағдарлама бойынша 150-ден астам кәсіпкерге несие берілді. Қазіргі таңда несиелерді қайтару бекітілген кесте бойынша жүргізілуде, бірқатары толығымен қайтарып үлгерген. Бұл ауыл кәсіпкерлері екінші деңгейлі банктердің қаржыландыруынан қорықпауы керек дегенді білдіреді.

Әрине, ауылшаруашылығы саласында суды пайдалану, оның ішінде суды жеткізу бойынша баға мәселесі толғантпай қоймайды. Мысалы, өткен жылы Көксу ауданының кәсіпкерлері 1 текшеметр судың құны 52 тиынға дейін қымбаттағанын айтып облыстық кәсіпкерлер палатасына арызданады. Тексеріс кезінде Ескелді ауданында 1 текшеметр суға 18 тиын баға белгіленгені анықталады. Осылайша палата мамандары «Казсушаруашылығы» мекемесімен келіссөздер жүргізіп, су тарифтерін қайта қарау туралы ұсыныс беріп, судың бағасын төмендетуге түрткі болады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту аясында облыстық кәсіпкерлер палатасы агробіліктілік орталығымен бірлесе облыс шаруа қожалықтарында оқыту семинарын жүргізген. Жыл бойы 135 семинар ұйымдастырылып, оған 2 мыңнан астам адам қатысқан. Сонымен бірге, облысымызда сервистік-дайындау орталықтары құрылуда. Оларға бөлінетін қаржы алдымен облыстық кәсіпкерлік палатасының сараптауынан өтеді. Сонымен қатар, кооперация құру мен тауарларды өткізу бойынша жұмыстар да палатаның құзырына өткен. Осы орайда көрерменнен түскен сұрақ өте көп болды. Оған палата директоры:

– Палатаның қолдауымен пилоттық негізде 22 жеке ауылшаруашылығы кооперативі құрылды. Олардың тауарларын өткізу мақсатында алматылық кәсіпкерлермен кездесу ұйымдастырып, келісімшартқа қол қойылды. Шара Тимур Құлыбаевтың төрағалығымен, облыс әкімі Амандық Баталовтың және Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбектің қатысуымен өткенін айта кетейін. Бұл барыста біз ауылшаруашылығын дамытудың жаңа бағдарламасына кооперативтерді қаржыландырудың жаңа механизмін енгізу, құрал-жабдықтарды тиімді шарттармен алу бойынша сұрақтарға жауап таптық», – деп жауап берді.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпорындарға түрлі байқау арқылы да қолдау көрсетіп келеді. «Атамекен» ҰКП-ның «Алтын сапа», «Қазақстанның үздік тауары» сияқты республикалық байқауларына былтыр облыстан 20-дан астам компания қатысты. Астана қаласында Президенттің қатысуымен өткен жиында «ТК Метакон» компаниясы «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» атағына, ТАТЭК компаниясы «Экологияға қосқан үлесі үшін» қола медальға қол жеткізді. Қазақстанның үздік тауары байқауында «Үздік өндірістік мақсаттағы тауарлар» аталымы бойынша «Алматы бояулары» компаниясы 3-орын алды. Сонымен бірге, «Қайнар АКБ» компаниясына «Ұлы Дала елі» брендін пайдалану құқығы берілді. Осылайша, бұл компаниялар Жетісу жерінің абыройын асқақтатып, бизнесінің даму қарқынын көрсетіп тұр.

Кәсіпкерлік саласында әлі де күрмеулі мәселелер жетерлік. Облыстық кәсіпкерлік палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаеваның айтуынша, даму институттарының, қолдау құралдарының жұмыс жасап жатқанына қарамастан секторда туындап қалатын қиыншылықтар жоқ емес. Мәселе адам факторына ғана емес, сонымен қатар, заңдағы кедергілерге де тіреліп тұр. Осы кедергілерді жою керек. Десе де, отандық бизнес ішкі нарықтық және сыртқы экономикалық өзгерістерге қарамастан дамудың даңғыл жолын тауып, өз жұмысын жалғастыруда. Бәлкім, кәсіпкерлік қызметтің бір ерекшелігі де осында шығар.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының алдағы жоспары да ауқымды. Олар биылғы жылды «Аудандар мен ауылдар жылы» деп жариялап, аудандық филиал директорларының есебін тыңдауды бастады. Сондай-ақ, жергілікті жерлерде кооперация құру, тауарлы-сүт фермасын ашу, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ), туризм мәселелері бойынша өңірлік форумдар мен конференцияларды өткізуді жоспарлап отыр. Ең бастысы, облыстық палата «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйін құруды ұсынды. Бұл бастаманы Алакөл ауданының әкімі Әлібек Жақанбаев көтеріп отыр. Өйткені барлық жерде кәсіпкерлер мен әкімдердің қарым-қатынасы бір деңгейде емес. Бүгінгі таңда Текелі мен Қапшағай қалалары, Қаратал, Ескелді, Үйғыр аудандарының әкімдері кәсіпкерлерге мүмкіндік тудырып отырғанымен кейбір аудандардағы әкімшілікі кедергілер азаяр емес.

«Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін Кәсіпкерлер үйі құрылса кәсіпкер әкімдіктің табалдырығын тоздырмай, бар мәселені бір жерде шеше алады. Расымен, ауылдық жерлерде тұратын кәсіпкерлер қолдауға мұқтаж. Олар заңдағы соңғы өзгертулер, жеңілдіктер және бизнесті қолдау тетіктері туралы біле бермейді. Сондықтан биыл палата өкілдері ауыл кәсіпкерлерін қолдау тетігін күшейтуді мақсат етуде. Осы тұста кәсіпкерлердің аудандық кеңесінің жұмысын ширату мәселесі де күн тәртібіне қойылып отыр.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖЕРДІ ЗАҢ АЯСЫНДА пайдаланайық

Облыс бойынша жер қорының жалпы көлемі 22358,4 мың гектарды құрайды. Оның 8,6 млн. гектардан астамы ауылшаруашылығы маңызына ие десек, 1023,3 мың гектары егістік, 453,4 мың гектары суармалы алқап. Жер қатынастарын реттеудің бірден-бір жолы жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау болып саналады. «Алматы облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» (бұдан әрі – басқарма) ММ жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылады.

Жер қатынастары саласындағы түйінді мәселелердің қатарына мемлекет меншігіндегі жерлерді өз бетімен басып алуды жатқызуға болады. Бұл мәселенің басқадай жер заңнамаларын бұзушылардан айырмасы – кең көлемде және жүйелі түрде сипат алуы мен жылда қайталанылуы. Бұл мәселені бағамдаған Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы «Жерді өз бетінше басып алуға қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері туралы» 2016 жылдың 3 қарашасында өткен алқа отырысында қабылданған хаттамалық шешімінің негізінде «Жер заң аясында пайдаланылсын – басып алуды тоқтатайық» жобасын (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асыру бойынша негізгі тәсілдер мен ұсыныстарды мақұлдап, жергілікті жерлерде іске асыруға жолдады. Осы Жобаны жүзеге асыру бойынша жасалған іс-шаралар жоспарының 1.2.3. тармағына сәйкес облыс прокурорымен келісе отырып облыс әкімі бекіткен Алматы облысындағы жер заңнамаларын бұзып пайдаланушылар мен пайдаланбаушылардан жерді қайтарып алуды қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасын жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар іске кірісті.

Мұндағы мақсат – жергілікті атқарушы органдар мен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ Алматы облысы бойынша филиалы – «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру» департаментінің жер заңнамаларын бұзып пайдаланушылар мен пайдаланбаушылардың жер телімдерін зерделеп, мониторинг жүргізу, яғни облыс аумағын аралап шығу, жер телімін игеру мерзімін, нысаналы мақсаты мен мекенжайын анықтау, мүдделі мемлекеттік органдардан ақпараттар жинау болып табылады. Жол картасы бойынша атқарылған жұмыстардың есебі жарты жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігіне тапсырылады.

Жерді басып алуды қалай түсінуге болады?

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабының 27) тармағында меншік иесінің немесе жер пайдаланушының рұқсатынсыз бөтен жер учаскесін иелену, сондай-ақ, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскесін Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз иелену – жер учаскесін өз бетінше иеленіп алу деп танылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 136-бабында жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген, бұл жерде мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алу немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тіркелей немесе жанама нысанда бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сондай-ақ, уақытша иеленген мемлекеттік жерді уақытылы қайтармау – жеке тұлғаларға жетпіс бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатыны қарастырылған.

Мұнымен қоса жерге заттай құқықтарды бұзу бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 201-бабының 1. тармағында «…бөтен жер учаскесіне заңсыз кіріп кету, сол сияқты бөтен жер учаскесін заңсыз басып алу екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» делінген. Мемлекет меншігіндегі жерді заңсыз иеленіп алу өзекті мәселенің біріне айналуда, яғни мемлекет қорындағы жерлерді өз бетімен иелену бойынша 2015 жылы 49 субъекті әкімшілік жауапқа тартылып, жер заңнамасын бұзушыларға әкімшілік іс қозғалып айыппұл салынып, заңсыз иеленген жерлерді қайтару жөнінде нұсқамалар берілген болса, 2016 жылы 17 субъект әкімшілік жауапқа тартылды. Бұған азаматтардың өзінің жер телімінен тыс 3,5,15 метрге дейінгі жерлерді қосып, қоршап алуы, бос жатқан жер деп автогараждарды орнатуы, тағы сол сияқты әрекеттерді жатқызуға болады. Басқарманың аудан, қалалалардағы мемлекеттік инспекторларының жер иеленушілерге жер заңнамасын түсіндіріп, тексеру жүргізу кезіндегі қажырлы еңбегінің арқасында 2016 жылы жерді өз бетімен басып алу оқиғалары айтарлықтай азайды.

Жер иеленушілер мен пайдаланушылардың назарын Кодекстің 164-1-бабына сәйкес заңсыз иеленуші өз бетінше иеленіп алған жер учаскесін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген әкімшілік жазалар қолданылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде босатуға және өз бетінше иеленіп алған жер учаскесінде салынған (салынып жатқан) құрылысты, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзі немесе өз есебінен бұзуды жүзеге асыруға міндетті екеніне аударғым келеді. Заң талаптарын білмегендік жауапкершіліктен құтқармайды. Барлық жер пайдаланушылар алған жер телімдерін жер заңнамасының аясында күтіп-баптап, нысаналы мақсатқа сай, қоршаған ортаға зиян келтірмей пайдалануларын қажет.

Нұрғали БАҚТОРАЗОВ, Алматы облысы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы-мемлекеттік инспекторы.

СЕМИНАР



Жесірін қаңғыттапаған, жетімін жылатпаған текті елдің ұрпағы едік. Өкінішке қарай, бүгінде жетім-жесірлерді былай қойып, шімірікпей ата-анасын да Қарттар үйіне өткізіп жіберетіндер кездесіп қалады. Алайда, адамның ниеті өзгерсе, қоғамның бағыт-бағдары да түзелетіні сөзсіз. Оны әлеуметтік жағынан қорғалмаған жандарға деген жанашыр көзқарастан аңғарып жүрміз. Бұлай деуімізге Қарасай ауданында өткен екі шара негіз.

Балалар болашағы

Облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен Қаскелең қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияда өткізілген «Балалар үйінсіз Жетісу» атты семинар, аты айтып тұрғандай, жетім балалардың үйде тәрбиеленуі мәселесіне арналған болатын. Аудандағы мектептердің директорлары, мұғалімдер, ата-аналармен қатар қалалық және ауылдық округтердің әкімдері де қатысқан бұл алқалы басқосуды аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Такимова жүргізіп отырса, Қарасай аудандық прокуратурасының прокуроры Ермек Базарбаев, облыстық білім басқармасының мамандары Әлия Молотова мен Меруерт Әбдікәлиева көпшілік қауымға қажетті ақпарат жеткізіп, жетім балаларды асырап алудың, қамқорлыққа алудың заңды жолдарын түсіндірді.

Бүгінде өлкемізде мемлекет қамқорлығына зәру үш мыңға жуық жеткіншек бар. Олардың 51 пайызы жетімдер болса, 49 пайызы ата-ананың қарауынсыз қалған бейкүнә буын. Бір ғана Қарасай ауданында жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 248 бала тіркеуге алынған.

Семинар барысында жиналғандарға баланы өз атына жаздырудың, қамқорлыққа алудың, қорғаншылық жасаудың рәсімдеудің қыр-сырлары, отбасылық балалар үйін ашудың, құжаттандыру мен қаржыландырудың жолдары кеңінен түсіндірілді. Соңғы жылдары елімізде қараусыз жеткіншектерді отбасылық тәрбиеге алу жайы артып келе жатқанына байланысты балалар үйі азайған. Бұл жас өскіндерді масылдық көзқарастан құтқарып, ата-ана қамқорлығын көріп өсуіне септігін тигізері сөзсіз.

Шараның жалғасы «Samryk-Kazyna Trust» қорының әлеуметтік жобаларды қолдау бағдарламасы бойынша «Солнечный круг» үкіметтік емес ұйымы қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Қаскелең мектеп-интернатында өтті. Мұнда аталған қордың көмегімен жұмсақ сенсорлық бөлменің, логопед кабинетінің жиһаздары толықтай жаңартылып, коррекциялық және дидактикалық құралдар орнатылған. «Жылы жүрек – жомарт қол» тақырыбындағы семинарға қатысқандар осының бәрін көздерімен көріп, қалай жұмыс жасайтынымен танысып қайтты. Шарада «Самұрық-Қазына» қорының өкілі Азамат Жортекин, «Солнечный круг» ҮЕҰ-ның төрайымы Сәуле Оразбаева және оның орынбасары Нурия Литвинова өздері атқарып жатқан шаралар мен мақсаты жайлы түсініктеме берді.

Қуат ӘБІЛ.
Қарасай ауданы.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

Әйелдер құқығы шектелмейді

Соңғы жылдары ішкі саясаттың құрамдас бөлігі ретінде «гендерлік саясат» ұғымы көп айтылып жүр. Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерлеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Мемлекет басшысы бекіткен гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізу мақсатында билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталып шығарылған заң. Бүгінде азаматтық қоғамда ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға және өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемде жұмыстар жүріп жатыр.

Елімізде әйелдер теңдігін қамтамасыз етуге ықпал ететін екі заң қабылданған. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқықтарын сақтап, тұрмыстағы қысымды болдырмауға ықпал етеді. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» демейді ме? Бүгінгі күні әйелдер қоғамыздың барлық салаларында белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғарғы кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген сенімнің зор ұйытқысы болуда.

Г. МАЛЫБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының жетекші маманы.

ЖАЙДАРМАН

ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК

Астана қаласындағы G-Global баспасөз орталығында өткен брифингте жастарға арналған «Менің жасыл Қазақстаным» байқауының басталғаны туралы айтылды. Байқау шарттары мен өткізілу тәртібін «Ресурсты үнемдеу мен энерготиімділік қоғамдық палатасы» ЗТБ басқарма төрағасы Елдос Абақанов пен БҰҰ биоәртүрлілік саласындағы жобалар менеджері Талғат Кертешев түсіндіріп берді.

Ең алдымен аталған байқауды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен «Энергия тиімділік пен ресурстарды үнемдеу қоғамдық палатасы» ЗТБ бірлікте ұйымдастырып отырғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, байқаудың сәтті жалғасуына G-Global халықаралық хатшылығы мен «Жасыл» экономиканы қолдау мен G-Global-ды дамыту коалициясы» ЗТБ және «Қазақстанның еріктілер альянсы» ЗТБ қолдау көрсетуге ниет білдіріп отыр. Байқау жайлы қосымша ақпаратты www.green-kaz.org www.group-global.org сайттарынан көре аласыздар.

– Аталмыш байқаудың бірнеше түрлі маңыздылығы бар. Біріншіден, біз осы арқылы жастардың жасыл технологияға деген қызығушылығын оятамыз. Екіншіден, өңірлердегі жасыл технологиямен жұмыс жасайтын мекеме немесе басқа да ұйымдарды анықтауға мүмкіндік туады. Үшіншіден, байқаудың тақырыбы биыл елімізде өтетін ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесінің тақырыбымен үндесіп жатыр. Сондай-ақ, байқауда үздік деп танылған жұмыстарды ел аумағында насихаттап, басқалардың үлгі алуына мүмкіндік береміз, – дейді ұйымдастырушылар.

Демек, елімізде тұңғыш рет қолға алынған байқаудың арқалайтын жүгі аз болмайтыны анық. Өйткені, ол «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы және Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға өту тұжырымдамасын жүзеге асыру, жасыл технологиялар мен жаңартылған энергия көздерін қолдану мен ілгерілетуге жұмылдыру мақсатында «Қазақстан Республикасы Үкіметіне қолдау көрсету» жобасы аясында ұйымдастырылуда.

Оған ел аумағындағы 15 пен 29 жас аралығындағы азаматтар толық қатыса алады. Басты талабы қатысушы тұрғылықты жеріндегі жасыл технологиялар немесе жаңартылған энергия көздерін қолданатын мекеме, шаруашылық, жеке кәсіпкер, тағы да басқа субъектілер жайлы 30 секундтық бейнеролик түсіреді. Онда технологияның қалай жұмыс жасайтыны және оның артықшылықтарын толығымен көрсетілуі керек. Сонымен қатар, бейнеролик пен қатысушыларға арналған сауалнаманы толтырып, 10 мамырына дейін energy-2050@mail.ru электронды мекенжайына жіберуі тиіс.

Қатысушылардың жұмысын ҚР Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйым өкілдері, мемлекеттік ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінен құралған сарапшылар анықтайды. Ал жеңімпаздар халықаралық «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы конференциясы аясында шілденің 12, 13-жұлдызында Астана қаласында марапатталады.

Гүлназ КЕНЖЕХАНОВА,
ЖМУ-дың студенті.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

МӘСЕЛЕ САНДА ЕМЕС, САПАДА

Өткен аптада облыстық әкімдікте республикалық қой шаруашылығы палатасының жиыны өтті. Жиналысты облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров ашып, жүргізіп отырды. Шара аясында республикалық қой шаруашылығы палатасының төрағасы, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Тынышбай Досымбеков палата құрылғалы бергі бір жыл көлемінде атқарылған жұмыстармен таныстырып, алдағы міндеттерді саралады. Сондай-ақ, қой шаруашылығын өркендетуге кедергі келтіріп отырған кемшіліктер мен оны түзетудің жолдарын сөз етті. Жарыссөзге шыққан ҚазҰҒА мүшесі, академик, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, қой шаруашылығы палатасының мүшесі Төрехан Сабырқұлов, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Мамай Прманшаев қой шаруашылығын дамытудың қыры мен сырын салмақтады.

Жетісу

Қажет АНДАС

Баяндамашының сөзінен білгеніміздей, Кеңес одағы кезінде Қазақстанда 37 миллион бас қой болған. Кейін бұл көрсеткіш құлдырағанымен, қазір өріс қайтадан қойға толып, түлік саны 18 миллион бастан асты. Мұның ішінде облысымызда 3 миллионнан астам қой өсірілуде. Айта кетерлігі, отандық қой етінің дені экспортқа шығаруға сай емес. Сыртқы нарықтағы бәсекелестігі, рентабельдігі төмен, тауарлық түрі нашар. Сондықтан қойдың санын өсірумен қатар оның өнімінің сапасын жоғарылату үшін Үкімет тарапынан «Алтын асық» бағдарламасы қабылданып, жүйелі жұмыс атқарылуда. Десе де, бұл қой шаруашылығын дамытудың күрмеулі мәселелерін түбегейлі шешпейді. Сондықтан 2010 жылдан бастап еліміздегі ауылшаруашылық ғалымдары, республикаға, тіпті әлемге белгілі ауылшаруашылығы саласының мамандары бірлесіп, қой шаруашылығын нарықтық қатынасқа сәйкес дамытудың кешенді бағдарламасын жасапты. Осы бағдарламаны аяғына дейін жеткізу үшін өткен жылы республика бойынша қой шаруашылығы палатасы құрылды. Оның маңыздылығы туралы палата төрағасы Тынышбай Досымбеков:

– «Қой шаруашылығы палатасы ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің 2020 жылға дейінгі қой шаруашылығын дамыту, оның өнімдерін өңдеу туралы шеберлік жоспарына сәйкес жасалған. Сондай-ақ, бұл палатаның жарғысы Елбасының 2015 жылдың желтоқсан айындағы «Қазақстан Республикасы бойынша қой шаруашылығы палатасын құру туралы» Жарлығында көрсетілген талаптарға да сай. Жарлық өткен жылдың қаңтар айынан бастап жүзеге асырыла бастады. Демек, отандық ғалымдар жасаған жаңа жоспар мемлекет мүддесімен сәйкес келеді», – деп жан-жақты айтып берді.

Осындай себептермен құрылған палата жұмыс жасағалы да бір жыл уақыт өтті. Келесі кезекте палата төрағасы өткен бір жылда жеткен жетістіктер мен алдағы жұмыстар ретіне де тоқталып өтті.

– «Қой шаруашылығының өнімділігіне тоқталсақ, 1990 жылы 284 мың тонна, 2015 жылы 164 мың тонна қой еті өндірілген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақтар жылына 48 келі ет жейді екен. Оның 10 келіге жуығы қойдың еті болуы керек. Енді 164 мың тонна етті 17 миллион тұрғынға шағатын болсақ, бүгінгі Қазақстанда өндірілетін ет ішкі сұраныстан артып тұрған жоқ. Экспорт көлемін қарайтын болсақ, 2015 жылы 100, былтыр 191 тонна қой еті экспортталған. Демек, қазіргі қой шаруашылығының өнімділігі экспорттың тағдырын өзгерте қоймайды. Ал ұлан-байтақ даласы бар қазақтар еттен өнім ала алмаса бұл әлемдік тұтынудың азаюын туындатады. Сондықтан біз қой шаруашылығын дамытуды өз дастарқанымыз төңірегінен емес, әлемдік тұтыну нарығы тұрғысынан қарастыруымыз керек», – деп түйді ол өз ойын.

Палата төрағасы айтқан тағы да бір толғақты мәселе – қой жүнінің керекке жарамай жатқандығы. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады. Ал, жоғарыда айтқандай, жылына 7 миллионнан астам қой сойылады. Жыл сайын шетелге 10 мың дана тері сатылады екен. Ішкі сұраныс та шамалы. Демек, қой терісінің 99,8 пайызы далаға тасталып жатыр.

«Қой түлігінің өсіп-өнуі үшін жайылым болуы керек. Бүгінде әр жердің иесі бар. Тіпті, ауыл іргесіндегі жерлерге дейін жекеменшікке өтіп кеткен. Мал басын көбейту үшін алдымен жайылым мәселесін шешуге тұра келеді», – деген Тынышбай Досымбеков палата мүшелерінің осы мәселемен жүйелі айналысып жатқанын тілге тиек етті.

Қой шаруашылығын дамытуға кедергі болып отырған тағы бір мәселе – ветеринария мәселесі. Жасыратыны жоқ, бүгінде бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мал дәрігерлері тезірек зейнетке шығудың қамымен күн санап жүрсе, жастар мал дәрігері болып жұмыс істегеннен такси жүргізіп, жүргіншілерді тасығанды ұнатады. Палата мүшелері өткен жылдан бері малды емдеу жайындағы ұсынысын ветеринария комитетіне тапсырған. Онда мал ауруын анықтау, вакцинаны дер кезінде жеткізіп беру, мал дәрігерлерінің біліктілігін арттыру сынды бірқатар маңызды бағыттар қарастырылған. Бұл қатарда әрбір ауылдық округ орталығынан малдәрігерлік пункттің салу жобасы да бар.

Осы тұста Тынышбай Досымбеков: «Ең қызығы, бүгінде елімізде малға салынатын сырғаны шетелден тасимыз. Бұл да қой шаруашылығы палатасы мүшелерінің ойынан шықпайтын мәселе. Көктемде малшының қолына тиюге тиісті сырға тендер, шекара деген кедергілерден өтіп күз айланып шаруашылықтарға үлестіріліп жатады. Сондықтан малды сырғалау жұмысы кешіге түседі. Ал сырға болмағаннан кейін қойға тексеру жұмысы да жүргізілмейді», – деп тағы бір келеңсіздікті айтып салды. Осы мәселені дер уағында шешу үшін палата мамандары Ауылшаруашылық министрлігіне хат жазған екен. Министрліктен: «Қазір еліміз бойынша 8 миллион қойда сырға бар. Қалған 8 миллионы жуық арада сырғаланады» деген жауап алынған. Уәде қағазда жазылғандай орындалса игі еді.

Асыл тұқымды қошқар өсіретіндердің де қамы жеткілікті. Олар: «Жыл бойы асыл тұқымды қошқар өсіреміз. Оның біразы ғана сатылады да, қалғаны өтпейді. Оны қыстан шығарудың өзі қалтаға жүк түсіреді», – дейді. Әдетте 30 саулыққа бір қошқардан келеді десек, 500 саулығы бар шаруа қожалығы 16 қошқар сатып алу керек. Сондықтан шаруа қожалықтарының жетекшілері: «Қошқардың бағасы тым қымбат. 17 қошқардың орнына 10, тіпті 5 қошқар сатып алып, ұрықтандыру жоспарын орындай аламыз», – деп ат-тонын ала қашады. Расында, бір қошқар 40 мың теңге десек, 700 мың теңге шаруа үшін аз ақша емес. Сондықтан палата мүшелері осыған дейін әр қошқарға беріліп келген 8 мың теңге субсидияны 25 мың теңгеге дейін көтеру туралы ұсыныс көтерген. Ақыры бұл ұсыныс Үкімет тарапынан қолдау тауып, биылдан бастап субсидия көлемі 20 мың теңгеге көтерілді. Демек, 40 мың теңгелік асыл тұқымды қошқарды жарты бағасына сатып алады. Базардағы тауарлы қойдың өзі 20 мың теңгеден саудаланып жатқанын ескерсек, мұның өзі шаруаларға үлкен көмек деген сөз. Бұл да палатаның атқарған ауқымды шараларының бірі.

Бұл жерде мал шаруашылық палатасы тек қана асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтарға ғана көмек көрсетеді деген ой туындамауы керек. Бүгінгі таңда палата тауарлы мал өсіретін тұрғындардың қолындағы малын асылдандыруға көмек көрсете бастады.

«Мал баққанға бітеді», дейді халқымыз. Осы тұста қойды асылдандыру арқылы барлық жоспарды тындырып тастадық деуге болмайды. Сонымен бірге, сервистік қызметті де жақсарту керек. Мұндағы басты мәселе, алыс жайлаулардағы малшылар тұратын үйдің жағдайы. Палата мүшелері малшыларға киіз үй ең қолайлы деп отыр. Есептеп көргенде, бір үйдің құны 490 мың теңге көлемінде болады екен. «Инвест субсидия» бағдарламасы арқылы Үкімет киіз үйдің 80%-ын субсидиялауға ниет білдіріп отыр. Сонда әрбір киіз үйді 100 мың теңгеден сатып алады. Биыл палатаның мұрындық болуымен мың киіз үй жасалмақ. Осы тұста тері, жүн қабылдау пункттін ашамын деген тұрғындарға Үкімет 50 пайыз субсидия беруді жоспарлап отырғанын қоса кету керек.

Республикалық қой шаруашылығы палатасының алдағы жұмысы да ауқымды. Олар шаруа қожалықтарының қой тұқымын асылдандыру, будандастыру, тауарлы шаруашылықтардың өнімін, саулықтың үлесін арттыру, қой бордақылау алаңдарының жұмысын жандандыру, өндірілген өнімнің сапасын жақсарту, тері, жүн өңдеу саласын ретке келтіру, жайылымды тиімді пайдалану, оның құнарлығын арттыру, суландыру мәселесін шешу жұмыстарын қолға алмақшы. Осы жұмыстар іс жүзіне асқанда еліміз қой етін экспорттайтын әлеуетті мемлекеттер қатарына енетін болады.

■ 1990 жылы 284 мың тонна, 2015 жылы 164 мың тонна қой еті өндірілген. Ғалымдардың дәлелдеуінше, қазақтар жылына 48 келе ет жейді екен.

■ Экспорт көлемін қарайтын болсақ, 2015 жылы 100, былтыр 191 тонна қой еті экспортталған. Демек, қазіргі қой шаруашылығының өнімділігі экспорттың тағдырын өзгерте қоймайды.

■ Тағы да бір толғақты мәселе – қой жүнінің керекке жарамай жатқандығы. Бүгінде елімізде жылына 37 мың тоннаның төңірегінде жүн өндіріледі. Бұл жүннің 5500 тоннасы шетелге кетеді, 5500 тоннасы өзімізде өңделеді, 26 мың тоннасы іске жарамай қалып жатады.



ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

...Біз жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін барынша пайымдауымыз қажет.

Н. НАЗАРБАЕВ.

ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

XX ғасырдың 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында бұрынғы Кеңестер Одағының керегесі сөгіліп, уығы ыдырап түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл жағдай экономиканың «мемлекеттік жоспар» моделін күйретіп, кешегі «қуатты да мызғымас Социалистік Республикалар Одағының» құрамында болған халықтың ұлттық сана-сезіміне ықпал етіп, жаңа кезең өзінің жаңа сындарын алға тартты.

Сол кездегі қалыптасқан жағдай миллиондаған адамдардың тағдырына қатысты мәселені де оңтайлы шешуді талап етті. Дәл осындай тарихи сәттердің өзі халықты соңынан ілестіретін, мемлекетті басқаруды батылдықпен қолға алатын, жауапкершіліктің ауыр жүгін көтере білетін шынайы көшбасшыны сахнаға шығарады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының бүгінгі тарихы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты.

Салыстырмалы түрде айтқанда 25 жыл дегеніміз тарих үшін көп уақыт та емес. Дегенмен, осы кезеңнің өзінде Қазақстан азаматтары түбегейлі өзгерген, адам танымастай жаңарған елдің куәсі болып отыр. Ал, әлем елдері Қазақстанның өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет екендігін мойындады.

Кез келген мемлекеттің тәуелсіздігі – оның ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілу деңгейіне тікелей байланысты.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбевтың терең мағыналы дәйекті сөзін келтіре кеткен орынды: «Ұлттық қауіпсіздіктің міндеті – елдің негізгі, өмірлік аса маңызды мүдделері – ұлттық дербестікті, аумақтық тұтастықты, халықтың өмірін қорғауды кепілді түрде қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ететін жүйе түрінде танылады. Ұлттық қауіпсіздік болмаған жерде ұлттың өзі де жоқ».

Қоғам мен мемлекеттің басты стратегиялық басымдығы – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің шешуші де негізгі рөлі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктеліп отыр.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті құрылған күннен бастап Мемлекет басшысы бақылайтын және оған тікелей есеп беретін мемлекеттік орган болып саналады.

1992 жылдың 20 маусымындағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Заңы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің құзырлылығы мен қағидалары жөнінде жазылған алғашқы құқықтық акті болып табылады.

Президент 1992 жылдың 13 шілдесінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті етіп қайта құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы заң қабылданған сәттен бастап арнаулы қызметтің бұған дейінгі жинақталған тәжірибесі мен іс-қимылы, сондай-ақ, елдегі қоғамдық қарым-қатынастардың барлық саласында қалыптасқан жағдайлар еліміздің басты Заңы – Конституциямыздың деңгейінде келесі реформа жасаудың негізін қалады.

1995 жылдың 6 қыркүйегіндегі жаңа Негізгі Заңды ұсыну салтанатында Н. Назарбаев: *«Қазақстан бастан өткеріп отырған серпінді өзгерістер жаңа конституциялық бағдарларды талап етуде»,* – деп атап өтті.

Ресей Федерациясы Саяси ғылымдар академиясының академигі Ярослав Бутаков өзінің «Эталон лидера» атты мақаласында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына сіңірген еңбегін бағалай отырып, оны шығыстың Махатма Ганди, Мұстафа Кемал Ататүрік және батыстың Франклин Рузвельт, Шарль де Голль секілді көрнекті тұлғаларының қатарына қояды.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев мыңжылдықтар межесінде XX ғасырдағы тарихи тұлғалардың еңбектері мен табыстарын зерделей отырып, сол кездегі мемлекеттік билік пен басқару органдарын реформалап қана қоймай, сондай-ақ оларды қайта жаңғыртты.

1995 жылдың 21 желтоқсанында жаңа Конституцияның ережелеріне сәйкес Президент «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» заңдық күші бар Жарлыққа қол қойды. Бұл заңдылық акті еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде қалыптасқан ұлттық қауіпсіздік органдарының рөлі мен орнын, оның міндеттерін, мақсаты мен құзырлылығын нақты анықтады.

Заңнамалық деңгейде белгіленген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының жауапкершілік ауқымы «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Жедел іздестіру қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Терроризмге қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңдардың қабылдануына негіз болып, бұдан әрі қарай құқықтық базаның жетілуіне жол ашты.

Ұлттық қауіпсіздік органдары өзінің даму жолында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, сонымен қатар республикадағы саяси және экономикалық жаңғыртуларға орай бірнеше рет құрылымдық және функционалдық өзгерістерге ұшырады.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының алғашқы қалыптасу жылдарындағы айтарлықтай оқиға ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жүйесінің құрылғандығын атап өткен орынды.

1992 жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрлық арқылы өтетін әлемдегі ең ұзын мемлекеттік шекарамызды қырағылықпен күзету үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамында Шекара әскерлері құрылды.

Азия өңірінің «тұрақсыз нүктелерінен» бақылаусыз ағылған босқындар тарапынан туындайтын қауіп-қатерлерді ескерер болсақ, онда заман талабына сай техникалық тұрғыдан толық жабдықталған, тыныштығымызды күзетуде мол іс-тәжірибе жинақтаған шекара әскерлерінің алар орны маңызды екендігі сөзсіз.

Шекара тыныштығын қорғау мәселесі қазіргі уақытта түпкі ойларын жасырып, адамзаттың басты байлығы – дін және адамның бостандығын желеу етіп, жымысқы әрекеттерін жүзеге асыру үшін түрлі құйтырқылыққа баратын XXI ғасырдың «індеті» – халықаралық терроризммен тығыз байланысты.

Орын алып жатқан террорлық актілер географиясының кеңеюі, терроризмге қарсы соғысты жүргізудің түрлері мен тәсілдерінің өзгеруі және жаңа халықаралық террористік, діни-экстремистік ұйымдардың пайда болуы – терроризмді ескерту бойынша барлық мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіруді, бұған азаматтық қоғамды бірегей қатыстыра отырып, шаралар қабылдауды қажет етеді.

Орталық Азия аумағындағы жаңадан туындаған қауіп-қатерлер жағдайды ушықтырып, терроризмге, діни экстремизмге және сепаратизмге қарсы күрестің өзектілігі 1999 жылдың шілдесінде «Терроризмге қарсы күрес туралы» жаңа Заңның қабылдануына негіз болды.

Аталған заң терроризмге қарсы күрестің ұйымдастырушылық және құқықтық негіздерін қалады, терроризмге қарсы әрекет етуге байланысты қандай да қызметті жүзеге асыруда мемлекеттік органдар және меншік түріне қарамастан барлық ұйымдар, сондай-ақ әрбір азаматтың құқығы мен кепілдіктерін тайға таңба басқандай айқындап береді.

Сонымен бірге, халықаралық терроризм және діни экстремизмге қарсы күрес мемлекеттерден барлық деңгейде өзара әрекеттестікті талап ететіндігін *(жаһандық, өңірлік, екі жақты)* жете сезіне отырып, Қазақстан бірқатар халықаралық, мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қол қойды.

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы күрес орталығы *(ТМД ТҚО),* Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының өңірлік терроризмге қарсы күрес құрылымы *(ШЫҰ ӨТҚҚ),* сондай-ақ терроризм және діни экстремизммен күрес іс-шаралары шеңберінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымдарымен өзара ынтымақтастықтың дамуына ерекше маңыз беріледі.

Мәскеу қаласында 2000 жылдың 19 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтері басшылары кеңесінің *(ҚОБК)* 7-отырысында Тәуелсіз мемлекеттер достастығы құрылымында Терроризмге қарсы күрес қауіпсіздігі орталығын құруға бастама көтерді.

Жоғарыдағы аталған өңірлік құрылымдық отырыста қабылдаған шешімдерді жүзеге асыру барысында түрлі бағыт бойынша өңірлік және ұлттық қауіпсіздік, терроризмге қарсы әрекет етуде ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Оқу-тактикалық жиындар, террорға қарсы жаттығулар тұрақты негізде өткізіліп, заңнамалық базасы жетілдіріліп тұрады.

Терроризмге қарсы күрес бойынша жүйенің дамуына Мемлекет басшысының бастамасымен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымында ведомствоаралық Терроризмге қарсы күрес орталығының (ТҚО) құрылғаны ерекше орын алады. Бұл мүдделі мемлекеттік органдардың террористік қауіп-қатерлерді анықтау, ескерту және жолын кесу бағытында үйлестіру жұмыстарын қамтамасыз етуге ықпал етті.

Баршаға аян, 2011-2012 жылдардағы терроризм мен экстремизмнің көрініс берген деректері еліміздің терроризмге қарсы құрылымының жұмыстарына тиісті нақты өзгерістер енгізуді талап етті. Осы мақсатта терроризмге қарсы әрекет ету мәселелері бойынша кейбір заңдылық актілерге елеулі өзгерістер мен қосымшалар енгізілді.

Мемлекет басшысының 2013 жылдың маусымындағы Жарлығымен ҰҚК ТҚО құқықтық мұрагері болып табылатын тұрақты әрекет етуші консультативтік кеңесші орган ретінде Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған Терроризмге қарсы күрес орталығы қазіргі уақытта өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқарып келеді. Құрылым терроризм мен діни экстремизмге қарсы әрекет ету жүйесін ұйымдастыру кеңістігінде тиімді механизм болып қалыптасты.

Еліміздің ұлттық қауіпсіздік органдарының даму тарихында Президенттің 2016 жылдың 26 қарашадағы «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралары туралы» Жарлығы маңызды қадам болып саналады.

«Ақпараттық ғасыр» талабына сай еліміздегі құқық қорғау және басқа да органдар арасындағы жауапкершілік аясының шегін белгілеу, құрылымды жетілдіру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ортақ жұмысқа жаңа серпін берері сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы жаһандану дәуірі мен кең ауқымды ақпараттандыру кеңістігіндегі ұлттық қауіпсіздікке, өзекті мәселелерге қозғау салды.

Жолдау мәтінінде: *«Қауіпсіздік ахуалы қуатты және әрекет ете алатын мемлекеттің өлшеміне айналып келеді... Діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу, әсіресе интернет пен әлеуметтік желіде оның жолын кесу жұмысын жүргізу керек... Киберқылмыспен күрестің өзектілігі барған сайын арта түсуде»* деп анық айтылған.

Мемлекет басшысы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Үкіметіне бірлесе отырып, «Қазақстан киберқалқаны» жүйесін қалыптастыруға тапсырма берді.

Елбасының тікелей басшылығымен 2017-2020 жылдарға арналған Діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету бағдарламасын дайындау бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Бұл шаралардың барлығы, ең алдымен, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктелген міндеттерді пәрменді атқаруға бағытталған, оның ішінде, өңірлік ахуал мен ғаламдық көлемде серпінді дамып отырған Қазақстанның мүдделері мен қажеттіліктерінен туындап отыр.

Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің алдыңғы деңгейде және басым бағытта болуы керектігін үнемі басты назарда ұстайды, мұны Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларынан, Қазақстанның дамуы бойынша дайындалған барлық стратегиялық құжаттарынан байқауға болады.

Отандық арнаулы қызмет – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қалыптасуы мен дамуының Тұңғыш Президент – Елбасының ерекше көңіл бөліп, тікелей басшылық жасауымен жүзеге асырылғандығы даусыз дерек болып қала бермек.

Бүгінгі таңда Ұлттық қауіпсіздік комитеті қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласында еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүктелген міндеттерді орындауға толығымен қабілетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облысы бойынша департаменті.



СЕМИНАР

3000 БАЛА АНА МАХАББАТЫНА ЗӘРУ

Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған қазақпыз. Бірақ кейінгі уақытта қоғамды дүр сілкіндірген оқиғалар жиілеп кетті. Нәтижесінде қарттар мен жетімдер үйі көбейді. Осындай қоғамдағы келеңсіз жайттарды болдырмау мақсатында «Балалар үйінсіз Жетісу» жобасы жүзеге асуда. Бұл жөнінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Зағипа Балиева мәлім еткен болатын. Аталған жоба аясында «Мемлекеттік қолдауды қажет ететін балаларды отбасына орналастыру» тақырыбында Ескелді ауданының Қарабұлақ орта мектебінде семинар өтті.

Жетісу

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Ата-ана махаббатынан шеттетілген жәудіркөздерге мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатқанымен маңдайынан сүйіп, еркелетіп, айналып, толғанатын аяулы жанның алақаны жетіспейді. Мұндай теріс әрекеттердің белең алуы ең әуелі отбасындағы тәрбиенің таяздығынан. Ресми деректерге сүйенер болсақ, елімізде отыз мыңнан астамы жетім балалар бар. Оның 80 пайызы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған.

Басқосуда облыстық білім басқармасының қамқоршылық және қорғаншылық органы бөлімінің басшысы Әлиям Молотова жоба туралы кеңінен баяндама жасады. Әлиям Максимқызының айтуынша, облыс бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған 3 мың бала бар.

– Жыл сайын жетімдер үйі жәудіркөздерге толып келеді. Біздің мақсат – жетімдер үйін азайтып, ондағы тәрбиеленіп жатқан балаларды толық отбасында өсіру. Осы жолда біраз игі істер де атқарылды. Бір қуанарлығы, бала асырап алушылардың саны артып келеді. Мысалы, 2014 жылғы есеп бойынша 328 бала асырап алынса, 2015 жылы 333, 2016 жылы 264 бала ата-ананың аялы алақанын сезінді. Асырап алатын ата-аналар көбіне жаңа туған, әлі есін біле қоймайтын балаларды алғылары келеді. Ал үш жастан жоғарылары ата-ана махаббатын сезінбей, жетімдер үйінде қала береді, – дейді Әлиям Молотова.

Ал патронаттық тәрбие жүйесі облыста 2004 жылдан бастап жүзеге асып келеді. Әсіресе, Еңбекшіқазақ, Қаратал, Іле аудандарының көрсеткіші жоғары. Патронат ата-ана үш балаға дейін тәрбиелеуіне заң жүзінде рұқсат бар. Әрбір балаға мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінеді. Сонымен қатар, отбасылық жетімдер үйі бар. Мемлекет тарапынан мұндай отбасында тәрбиеленген балаға жылына 824 мың теңге төленеді. Ал мұндай балаларды тәрбиелеп отырған ата-анаға 70 мың теңге айлық беріледі.

Кездесуге келген текелілік Құдыс есімді азамат өзінің алты баласына қоса, тағы екі бала асырап алмақшы екенін айтты. Ол әке-шешенің махаббатына зәру балаларды толық отбасында өсіруді арман-дағанына екі жыл болған. Осы басқосудан кейін ол барлық құжатты рәсімдеп, жәудіркөздерге отбасылық махаббат сыйлайтын болды.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастырудың баламалы нысандары бойынша Ескелді ауданы білім бөлімінің бас маманы Шолпан Жақанова тәрбие саласындағы өзекті мәселелер туралы облыстық білім басқармасының тәрбие бөлімінің басшысы Айнагүл Үшкемпірова баяндама жасады. Ескелді ауданының аға прокуроры Самат Олжас аталған жобаны бірауыздан қолдап, осы жолда нәтижелі жұмыс жасайтынын айтты. Басқосу соңында Қарабұлақ орта мектебінің педагог-психологы Ирина Лебедева «Бақытты отбасындағы бақытты бала» атты практикалық көмекті көпшілікпен бөлісті.

Ескелді ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 35 (18311)
Бейсенбі, 30 наурыз, 2017 жыл.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС



ҚЫТАЙ ИНВЕСТОРЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Қытай Халық Республикасы Бас консулдығының Алматы қаласындағы сауда жөніндегі Консулы және «Beijinq Lonhua Yang Guang Investment Co. Ltd» компаниясы мен «Лунянь Жетісу» ЖШС өкілдерімен кездесті. Ресми түрде өткен басқосуда «НТК Лунюань» Қытай және «Дос Жетісу» ЖШС – Қазақстан компанияларының бірлесуімен жүзеге асырылатын жоба жайында сөз өрбіді.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен Амандық Ғаббасұлы ресми қонақтарға Алматы облысының ел экономикасын дамыту бағытындағы зор мүмкіндіктері жайында жан-жақты айтып берді.

– Жер жаннаты атанған Жетісу өлкесіне қош келдіңіздер! Біріншіден, инвестиция тарту бағытында Елбасы тапсырмасының жүзеге асырылуына үлкен үлес қосып жүрген «Лунянь Жетісу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы, белгілі кәсіпкер Болат Әбіловке ерекше ризашылығымды білдіргім келеді. Бізде де қазір көптеген кәсіпорындар ашылып жатыр. Біз былтыр Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданына барып, басшылармен және ірі кәсіпкерлермен жүздесіп, бизнес форум өткізген болатынбыз. Облысымыз Қытай елімен шекаралас жатыр. Жетісу – Ұлы Жібек жолының Шығысқа шығатын басты қақпасы. «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы, Алтынкөл стансысы ел экономикасын өркендетудегі қуатты жаңа нүктелер болып табылады. Олар тек біздің облыстың ғана емес, сондай-ақ бүкіл Қазақстанның экономикасын дамытуға әсер етеді. Барлығы 224 мың шақырымды алып жатқан өніміміз елдегі ірі аймақтың бірі саналады. Бұл Елбасының туған өлкесі. Өніміміз аграрлы аймақ. Ауылшаруашылығы саласымен айналысуға өте қолайлы. Жалпы республика бойынша ауылшаруашылығы өнімдерінің он алты пайыздан астамы Алматы облысында өндіріледі. Өнімізде мүйізді ірі қара да, ұсақ мал да жетеді. Бізге заманға лайықты жаңа технология бойынша өнімді терең өңдейтін кәсіпорындар керек. Біз Сіздермен осы бағытта жұмыс істейтін боламыз, – деді облыс басшысы.

Бұдан соң Болат Мұқашұлы жаңа салынатын кәсіпорын жайлы қысқаша мәлімет беріп, облыс басшысының жылы ілтипатына ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ ол аталған жобаның алғашқы кезеңінде 15 млн. АҚШ доллоры көлемінде инвестиция тартылатынын, ал кластер толық іске қосылғанда инвестиция көлемі 80-100 млн. АҚШ доллорына жететінін айтып өтті. Келесі сөз кезегі «НТК Лунюань» компаниясының бас директоры Ян Гуанға берілді.

– Көрсетіп жатқан қолдауларыңыз үшін үлкен рахметімді айтқым келеді. Біраз уақыттан бері ауылшаруашылығы бойынша сараптама жүргізіп, нәтижесінде Алматы облысының аталған жобаны жүзеге асыруға қолайлы аймақ екендігіне көз жеткіздік. Сол себепті ет комбинатын осы өңірге салуды жөн санадық. Бұл жобаны жүзеге асыруға сіздердің тараптарыңыздан да көп көмек көрсетілуде. Егер осы кәсіпорынды өсіп тұрған ағашқа теңесек, сол талды суаратын су табылды деп есептейміз. Аталған жоба ойдағыдай іске асатын болса Талдықорған қаласы экономикасының өркендеуіне айтарлықтай оң әсерін тигізеді деп білеміз. Ол үшін жұмыс істеп, біраз тер төгу керек. Жобамыздың ауқымы кең. «Лунянь Жетісу» ЖШС-нің ауылшаруашылығы кластерлік тізбегін қалыптастыру бағытындағы жоба-жоспарларымыз көп. Олар май, құрама жем, органикалық тыңайтқыштар зауыты, бордақылау алаңы, асыл тұқымды құс фабрикасы болып табылады. Жалпы, бұл жобалар Алматы облысында жүзеге асырылады. Ал ет комбинатына заман талабына сай жаңа құрылғылар орнатылады. Кәсіпорында өндірілген өнімдер сапалы әрі табиғи жағынан таза болады. Сондықтан сіздерге инвесторларға жасап жатқан жақсы жағдайларыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз де сіздердің қоғамдарыңыздың жақсаруына өз үлесімізді қосатын боламыз. Сондай-ақ, ауыл-аймақтарға балабақша да салу ойымызда бар, – деді ол.

Жылы жүздесуден соң Амандық Ғаббасұлы осы бағыт бойынша барлық жағынан қолдау көрсетілетінін алға тартты. Себебі, өндіріс орындарының көптеп ашылуы салық түсімінің молаюына және елдің тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына мүмкіндік тудыратынын сөз етті. Сондай-ақ, өңір басшысы тамшылатып суару құрылғыларын шығаратын зауыт салынса, бой көтеретін жаңа өндіріс орындарының құрылысына өзіміздің отандық бұйымдар қолданылса деген тілегін жеткізді.

Жылы жүздесуден кейін ресми қонақтар «Шығыс» шағынауданындағы Индустриалды аймаққа барып, аталған өндіріс ошағындағы құрылыс жұмыстары жүретін орынды көрді. Сонымен бірге жаңа салынатын ет өңдеу комбинатының іргетасы қаланды. Бұдан соң салтанатты жағдайда екіжақты меморандумға қол қойылды.

Айта кетейік, аталған жобаның жалпы ауданы 25 гектар, соның 5 гектары ет комбинатына, қалғаны мал бордақылау алаңына арналған. Бұл жоба ірі қара мал өсіріп, халал стандарттарына сай сапалы ет өнімдерінің барлық түрін дайындайтын кешенді өндіріс ошағы болмақ. Жоба ауылшаруашылығын индустрияландыруға, мал шаруашылығының дамуына және шаруалардың тұрақты табыс табуына ықпал етпек. Жобаның құрылысы наурыз айының соңынан басталып, бірінші қыркүйекке дейін жалғаспақ. Барлығы үш мың бас ірі қараға арналған бордақылау алаңы жылына он мың бас ірі қараны ет комбинатына дайындап, өткізеді. Мал сою және технологиялық желілері жылына елу мың бас ірі қараны союға есептелген.



Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

БРИФИНГ

Жаңа жоба жүзеге асады

Еуропалық Одақтың Орта Азиядағы өкілдігі саналатын Internews жүзеге асырып отырған «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа жобасында облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андастың «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы жобасы жеңімпаз атанған болатын. Осыған орай Журналистер үйінде өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен брифинг өтті.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Жиында облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу жайлы келелі әңгімеледі.

– Облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Облыстық экология департаментінің ақпаратына сүйенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы, – дей келе соның салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтардың жиілей түскендігін айтты.

Сонымен қатар әр аудандардағы жағдайға тоқталып, экологиялық өзекті мәселелерді атап өтті. Еліміздің көркеюі және саф ауамен тыныстануы үшін экология мәселесін басты назарда ұстап, қатты қалдықтарды өңдейтін зауыттар салу керектігін айтты. Жиын соңында тілшілердің сауалына тұшымды жауап беріп, тың идеялармен де бөлісті.

ЖАҢҒЫРУ — ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы еліміздің әрі қарайғы дамуын айқындап берді. Тәуелсіздіктің 25 жылында Елбасы мен халқымыз орасан зор жұмыстар атқарып, барлық отандастарымыз үшін дамудың мол мүмкіндіктерін қалыптастырды.

Бұл шын мәнінде еліміздің ширек ғасырда жеткен жетістіктерін түйіндеп, жаһандық бәсекелестікке қабілеттілігімізді арттыруға бағытталған маңызды құжат болды. Еліміздің ең басты жетістіктері дегенде, әсіресе «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесін өткізудің орны ерекше. Қазіргі таңда біздің мемлекет әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуға үздіксіз ұмтылыс үстінде. «Нұрлы жол» және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының арқасында тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған көптеген игілікті істер жүзеге асырылды. Бұл ел экономикасын одан әрі өркендетуге, сонымен қатар кәсіпкерлікті қолдауға мол мүмкіндік туғызады.

Бүгінде әлемдегі жағдай түбегейлі өзгеріп келеді. Бұл жаңа жаһандық ахуалды біздің ел де қабылдауы керек. Әлемде Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Сондықтан Мемлекет басшысы алдымызға Қазақстанның Үшінші жаңғыруы міндетін қойып отыр. Бұл ретте Жолдауда белгіленген бес басымдықты жүзеге асырудың маңызы зор. Әлемді қамтыған түбірлі өзгерістерден өз үлесімізді бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана ала алатынымызға Жолдауда ерекше назар аударылған. Осы мақсатта Елбасы мемлекеттің билік тармақтарын қоғамның әрбір буынын қозғаушы күшке айналдыратындай әлеуетті жүйемен құруды ұсынды. Мәселен, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту арқылы ауыл еңбеккерлерін демеу, жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын енгізу, отбасылық бизнесті қолдау сияқты салаларға Жолдаудың нақтылы тармақтары арналып, қиын түйіндерді шешудің бірегей жоспары жасалды. Ең қуанарлығы, бұл құжат қазақ қоғамының әрбір мүшесін белсенді әрекетке, шуақорлыққа бастайтын жолдарды көрсетіп берді.

Елбасының бастамасымен Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Конституциялық реформа – ел ахуалын жақсартудың даңғыл жолы. Парламент пен Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын іске асуына тікелей жауапты болуы – олардың құзыретін арттырып қана қоймай, жауапкершілігін күшейтеді. Конституцияға енгізілген өзгерістер алдағы уақытта мемлекеттің дамуына жол ашатын берік көпір болмақ. Себебі, бұл өзгеріс жалпыхалықтық бірлік пен келісімге, азаматтардың жақсы өмір сүруіне негізделген.

Доғдыркүл МОЛДАХАЛЫҚОВА,
облыстық мәслихат депутаты,
Жамбыл аудандық орталық ауруханасының директоры.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

ҚАУІПСІЗДІК қамтамасыз етіледі

«ЭКСПО – 2017» көрмесінің сәтті өтуіне қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ақпараттық-байланыс шаралары да айтарлықтай ықпал етеді. Осыған орай көрме алаңында ІІМ ішкі істер бөлімінің ресми ашылу рәсімі өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Жиын барысында Астана қаласы бойынша ішкі істер департаментінің басшысы Амантай Әубәкіров бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне жаңадан ашылған ішкі істер бөлімінің құрылымын таныстырды. Онда заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған кабинеттер, тир және спортзал, тағы да басқа бөлмелер бар. Осы орайда журналистер «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы мен құқық қорғау органдары бірігіп әрекет етуге бағытталған ортақ жоспардың таныстырылымының куәсі болды.

– ЭКСПО аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 9 мыңға жуық құқық қорғау органдарының өкілдері, Ұлттық гвардия мен Қорғаныс министрлігінің әскерилері, сондай-ақ, жеке күзет құрылымы мен еріктілер жұмылдырылады. Шетел азаматтарының өтініштеріне дер кезінде назар аудару үшін полиция қызметкерлеріне ағылшын тілін меңгеру курстары жүргізілуде, – деді Астана қаласы ІІД басшысы Амантай Әубәкіров.

– Жұмыс қорытындысы бойынша «ЭКСПО – 2017 кешенді қауіпсіздік жүйесі» жобасы құрылып, жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тексеру құралдарымен жабдықтау, көрме аумағында қонақтарға жайлылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету талап етіледі. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жүкті әйелдерге, балаларға арналған бөлек жол қарастырылған, – деп түсіндірді Ұлттық компания қауіпсіздік департаментінің директоры Рустам Чакенов.

Тағы бір айта кетерлігі, ЭКСПО аумағында жедел әрекет ету үшін Астана қаласы ІІД оперативті басқару орталығына қосылған 2 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған және адам тану міндеттерін атқаратын 140 бейнекамерасы сақадай сай.

Қауіпсіздік қызметімен қатар ақпараттық хабар тарату және байланыс қызметтері де жолға қойылған. Бұл туралы ҚР Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев және «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК басқарма төрағасы бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен өткізген жиналыс барысында айтылды. Жиналыста баспасөз құралдарының өкілдері басылымдар мен редакциялық саясаттың бірегейлігін қамтамасыз ету мәселесін қозғады.

– Еліміз бұл шараның қалай өткендігін ақпараттық тұрғыдан насихаттау арқылы биік беделге ие болатынын білемін. Сондықтан бар күшімізді саламыз. Ол туралы кешенді бағдарламалар дайындалып жатыр. Өз кезінде көрмелер үшін тиімді жұмыс атқарылатын болады, – деп атап өтті Ақпарат және байланыс министрі.

Осы кездесу барысында немістің белгілі ішекті квартеті мен танымал виолончелисінің 25 маусымда Астанада өнер көрсететіні белгілі болды. «Нью-Йорктегі Карнеги-Холл, Амстердамдағы Консертгебоу, Лондонның Вигмор холында, Берлин филармониясында және көптеген қалаларда өнер көрсеткен берлиндік «Кусс квартет» өзінің бірегей классикалық туындыларымен және қызықты музыкалық бағдарламасымен көрме қонақтарын тәнті етпек.

ІССАПАР

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР Алакөл ауданының әлеуметтік саласымен танысты. Өңірдегі жөндеуді қажет ететін бірқатар нысандарды аралап, жай-күйіне қанықты.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Бірінші кезекте Үшарал қаласының Зейнеп Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйіндегі кітапханаға бас сұқты. 76 мың кітап қоры бар кітапханаға айына тек 63 адам келетін көрінеді. «Оқырмандарды тек кітаппен емес, сауда-саттық, туризм секілді салаларға қатысты республикалық, шетелдік түрлі журнал, аудио, бейнематериалдармен және деректі фильмдермен қамтуға тиіссіздер», – деді Жақсылық Мұқашұлы. Сондай-ақ, ол кітапхана ұжымына оқырман санын арттыруды тапсырды.

Мәдениет үйінің ғимаратында Алакөл ауданының әлеуметтік саласына жауапты басқарма басшылары атқарған жұмыстары мен жобаларын ұсынды. Аудандағы 15288 жастың 224-і жұмыссыз жүр. Олардың қатысуымен 2016 жылы 124 қылмыс тіркелген. Сондықтан ең алдымен жұмыссыздықты жою керектігі тілге тиек етілді.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР жүктелді

Жалпы өңірдегі 12439 оқушының 7%-ы ғана қосымша біліммен қамтылған. Қосымша біліммен қамту мақсатында Үшарал қалалық шығармашылық орталығында 548 бала жаттығады, жыл сайын олардың саны артып келеді. Сол себепті нысан таршылық етуде. Басшылық аудандық орталық аурухана жұмысымен танысып, Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжіне де бас сұқты. 500 орынды білім ордасында қазіргі таңда 243 студент оқуда. Күрделі жөндеуді қажет ететін колледж ұжымына білімгер санын арттыру керектігі айтылды. «Былтыр 90 студент оқуын бітірсе, қазір соның жартысы жұмыссыз жүр», – деген облыс әкімінің орынбасары жастар арасындағы қылмыстың көбіне жұмыссыздық салдарынан жасалатынын ескертті.

Облыс бойынша Алакөл ауданы ҰБТ-дан орта есеппен 74,1% балл жинап, соңғы орындарда келеді. Білім сапасы – 54,5%. Алакөл аудандық білім бөлімі басшыларының назарына білім сапасын арттырып, үш тілді оқу жүйесін дамыту керектігі салынды. Бүлдіршіндерді балабақшамен қамту 91,2 пайыз, бұл жақсы көрсеткіш.

– «Мектеп жанынан мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап интернат ашсақ, олар сау балалармен қатар білім алатын болады. Сонда өзгелерден өздерін төмен сезінбей, қоғамға оңай бейімделеді» деген мәселе бойынша ата-аналардың ойын біліңіздер, қолдап жатса, нұр үстіне нұр болмақ, – дей келе Жақсылық Омар үйде отырған мүгедек балаларға назар аудару керектігін айтты.

Іссапар соңындағы актив жиынында ауданға 15 дәрігер мен 29 мұғалімнің жетіспейтіндігі атап өтілді. Сондықтан аудан әкімі Әлібек Жақанбаевқа жыл соңына дейін жетіспей жатқан мамандарды іздестіру тапсырмасы жүктелді.

Алакөл ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ЖАЙДАРМАН



Қарттардың да өнерге бар таласы

Қариялар – қазына, ағып жатқан дария. Халқымыздың шежіресі, салт-дәстүрі мен тағылым-тәрбиесін ұрпаққа жеткізуші қойнауы құт қарттарымыз ұлттық өнерді де ұлықтаушы. Оған біз ардагерлер ұйымының 30 жылдық мерекесі аясында І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты өнер байқауының гала-концертінде көз жеткізе түстік. Облыс әкімі Амандық Баталов, Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов арнайы қатысқан шара ата-әжелеріміздің ән-биімен өрнектелді.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Концертте Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай аудан, қалаларда өткен «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты байқаудың үздіктері өнер көрсетті. Шараның шымылдығын Ақсу аудандық Мәдениет үйі жанынан құрылған ардагерлер хоры «Қазақстан» әнімен ашты. Сондай-ақ, аудандардағы Әжелер халықтық ансамбльдері айрықша өнер көрсетіп, қазақтың халық әндерін шырқады. Атап айтар болсақ, алакөлдік әжелер «Ақ дариғай, Қапшағай қаласының «Әжелер» вокалдық» тобы «Аққөгершін» әндерін әуелетсе, жеке дауыста ән салған Жамбыл аудандық ардагерлер ансамблінің әншісі Сарагүл Машакова бұлбұлша сайрап, тамсандырды. Ал, ілелік Людмила Коласкова Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін шырқап, көпшілікті тебіренттті.

Биімен де таңғалдырған ата-әжелеріміз ерекше ықыласқа бөленеді. Әсіресе, Жамбыл ауданынан келген 86 жастағы Үмітжан Ботбаева әжеміз «Ата толғауы» биін билеп, ширақ қимылы, әсем биімен көрермендерді таң-тамаша етті. Ұйғыр биін билеген Панфилов ауданының қарт өнерпаздары Именжан, Гүлнұр Мұсаевтар да ырғақты биімен көпшіліктің көңілін көтеріп, бір серпілтіп тастады.

Жаркент қалалық Мәдениет үйінің «Ерлер вокалдық тобы» да патриоттық әндерімен елдің рухын көтерсе, Қаратал ауданының «Аталар» вокалдық ансамблі халық әндерін попурри орындап, бір желпінтті. Қарасайлық Таухидин Заманұлы домбырамен «Балқадиша» әнін, кербұлақтық Тілеуқабыл Күдербаев «Сұрша қыз», Еңбекшіқазақ ауданынан келген Тоқтасын Әбзелов «Айбозым» әнін шырқап, құлақ құрышын қандырды. Ерекше жанрда өнер көрсеткен қараталдық қария Руслан Цой сықырымен жұртшылықты таңғалдырды.

Концерттің шымылдығы облыстық ардагерлер үйінің жанынан құрылған ардагерлер хорының орындауындағы әсем туындылармен жабылды.

Осындай тамаша кешке куә болған Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов өнерлі елдің оты сөнбес дегендей, Жетісу жұртшылығының руханияты өрістей беруіне тілектестігін білдірсе, облыс әкімі Амандық Баталов ата-әжелеріміз шындығында ән-биімен таң-тамаша етіп, ерекше әсерге бөлегенін айтып өтті. Әлі де жалынды, жігерлі, бойларында өнер шырағы маздаған жетісулық ардагерлердің өнерін республикаға танымал етсек, деген де ойын да жеткізді.

Кеш соңында облыс әкімінің ықылас гүлі табыс етілді.



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

СЕЛЕКТОР

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Онда көктемгі егіс жұмыстарына дайындық барысы қаралып, «Индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

ДАЙЫНДЫҚ пысықталды

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов хабарлама жасады. Онда мәлім болғандай, биыл 22 млн. гектар жерге дәнді дақылдардың тұқымы себілмек. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 311 мың гектарға артық. Бүгінгі күнге дейін 2 млн. тоннадан аса ауылшаруашылығы дақылдарының тұқымы себіліпті. Оның басым бөлігі дәнді дақылдар. Тұқым тексеру, сұрыптау жұмыстары да өз деңгейінде жүргізіліп жатқан көрінеді. Көктемгі науқанды жүргізетін техникалардың әзірлігі де жаман емес. Дизель отынының қажетті көлемі де анықталған. Осы мәселеге байланысты бірқатар облыс басшылары есеп берді.

Өз кезегінде Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бұл бағыттағы жұмыстардың Жетісу өңірінде де қарқынды жүріп жатқанын мәлім етті. Биыл облыста барлығы 9 мың гектар жерге қант қызылшасының тұқымы себілмек. Алдағы екі жылда тәтті түбірге арналған алқап көлемі екі есеге ұлғайып, жүгері шаруашылығына да жете көңіл бөлінетін болады. Жалпы, техникалардың дайындығы 97 пайыз. Сондай-ақ, 80 мың тонна дизель отыны бар. «Индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасының қорытындысына сәйкес, облыс алдыңғы лектен көрінуде. Ауылшаруашылығы мен экономикалық әлеует артып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілген. Жалпы, ел бойынша қайта өңдеу көрсеткіші мен еңбек өнімділігінің өсу қарқыны жақсарған.

ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбектің сөзінше, былтыр Индустрияландыру картасы аясында 878 млрд. теңгеге жүзден аса жоба жүзеге асырылып, он мыңнан аса тұрақты жұмыс орны құрылған. Жиын соңында Бақытжан Әбдірұлы Үкімет тарапынан көктемгі егісті қаржылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету бойынша қажетті шешімдердің қабылданғанын назарға салды. Осыған байланысты барлық ауылшаруашылығы жерлерінің тиімді пайдаланылуы керектігін, бюджетте егістік үшін қарастырылған қаражаттың мақсатты пайдаланылуы тиістігін, бұл тұқымдарды субсидиялауға да қатысты екендігін сөз етті.

Осы ретте ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметовке Энергетика министрлігімен бірлесе отырып ауылшаруашылығы өндірушілерін дизельдік отынмен қамтамасыз ету мәселесін бақылауға алуды, сондай-ақ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-на ақшалай қаражатты уақытылы бөлу және ауылдықтар үшін оның қолжетімділігін қамтамасыз етуді жүктеді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ТАТАРСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІ КЕЛДІ

Қазақстан – Еуропа пен Азияның ортасында орналасқан дамушы жас мемлекет. Шетелдік туристерге, табысы тасқындаған әлемнің белді кәсіпкерлеріне Қазақстан әлі ашылмаған арал секілді. Бәрі біздің елдің жауһарларына қызығып қарайды. Әсіресе, мыңдаған жыл сауда-саттық пен мәдени байланыстың себепшісі болған Ұлы Жібек жолының әлі де өз құндылығын жоймай, бүгінде транзиттік дамудың жаңа белесіне көтеріліп отырғанын қалай жасырайық?! Сол тарихи жолдың Панфилов ауданымен өтетін бөлігінде халықаралық ауқымдағы үлкен жобалар іске асып жатқанын біреу білсе, біреу білмес.

Өткен сәрсенбіде «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығына Татарстан Республикасының Менделеев ауданынан арнайы делегация өкілдері келді. Құрметті қонақтарды Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Абдулдаев, «Алатау» АҚ Басқарма төрағасы Болат Тәкенов алып жүрді. Менделеев муниципалды ауданының басшысы Валерий Чершинцев бастаған делегация өкілдері шекара маңында жүзеге асып жатқан жобалардың жоспарымен танысты. Орталық президенті Қаһарман Жазин қонақтарға құрылыстың бас жоспары туралы аз-кем айтып өтті. Мұнда халықаралық орталықтан бөлек «Жетіген – Қорғас» темір жолы, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы көптеген шетелді компаниялардың инвестиция салуға деген қызығушылығын тудырып отырғаны жасырын емес.

Биыл мұнда бес инвестициялық нысан пайдалануға берілмек. Атап айтқанда, бас алаңның, қолөнершілер қалашығының, бизнес-орталықтың, көп функционалды ғимарат пен сауда орталығының құрылысы аяқталуға таяу. Орталықтың құрылыс жұмысы келер жылы толық бітеді. «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы – сауда-саттықты дамытуға, экономиканы нығайтуға бағытталған үлкен мүмкіндік. Бұл жерде Қазақстан мен Қытай елінен, сонымен бірге, үшінші мемлекеттен келген азаматтар өзара әріптестік орната алады. Олар өз кәсіпорындарының өнімдерін бір-біріне таныстырып, тәжірибе алмасады.

Орталықтың жалпы аумағы 560 гектарды құрайды. Оның 217 гектары Қазақстанға, 343 гектары Қытай Халық Республикасына тиесілі. Екі мемлекетке бөлінген аумақтың арасын жаяу және көлікпен жүретін жол жалғап жатыр. Мұнда күнделікті келетін адамдар саны 1700 – 2200 аралығында. Ал демалыс күндері туристердің саны 2700-ге жуықтайды. Делегаттар шекара маңындағы орталықтың жұмысымен танысқан соң «Казстройинвест» және «Қорғас-КАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері жүргізіп жатқан құрылыс алаңдарын көрді.

Инвестициялық нысандардың инфрақұрылымымен танысқан қонақтар «Қорғас» халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығының Қытай аумағындағы нысандарын аралады. Мұнда қазірше «Дунь Фань» сауда орталығы бар. Татарстаннан келген кәсіпкерлер келесі кезекте «Алтынкөл» теміржол бекетінің, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының жұмыстарымен де танысты. Сапар соңынан Панфилов және Менделеев ауданының кәсіпкерлері өндірісті өркендету бағытында халықаралық келісімшарттарға қол қоймақ.

Әсел МҰҚАШЕВА.
Панфилов ауданы.

КОРЕЯЛЫҚТАР НАУРЫЗДЫ ТАМАШАЛАДЫ

Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев Оңтүстік Кореядан келген бір топ делегация өкілдерін қабылдады. Таң самалы елінен келген қадірлі меймандар Наурыз тойын тамашалап, үлкен әсер алды.



Емен-жарқын жүздесуде делегация өкілі, Чонсон уезі мэрінің орынбасары Шин Джу Хо мырза бұл жолғы іссапардың мақсаты – Қазақстан корейлерінің депортацияға ұшырауына 80 жыл толуына арналған іс-шара жоспарын талқылау әрі Наурыз мерекесіне арнайы келіп, жергілікті халықтың салт-дәстүрімен етене танысу екенін мәлімдеді.

Корей ұлты өкілдерінің қасиетті Қаратал топырағына табан тіреуі бекер емес. Сонау ХХ ғасырдың 30 жылдары репрессия кезінде Қаратал жеріне корейлер отбасымен бірге қоныс аударылған болатын. Қазақ халқы осынау қиын-қыстау кезеңде жат жерліктерді бауырына басып, бір үзім нанымен бөлісіп, екі бөлмесінің бірін босатып беріп паналатқан еді. Бұл жанарға жас іркілтер жақсылықты ұмытпаған кәріс ұлтының өкілдері Үштөбеге жиі келіп, осындағы қандас бауырларымен қарым-қатынас жасап тұрады. Ал тумысынан қонақжай әрі мейірбан қазақ жұртының құрметіне «Қазақ халқына мың алғыс» атты ескерткіш те орнатты.

Чонсон уезі мэрінің орынбасары Шин Джу Хо мырза жылы жүздесу үшін алғысын білдіріп, Наурыз мерекесіне шақырғанның өзі үлкен мәртебе екенін айтты. «Қазақстанда кәріс диаспорасы емін-еркін, бақуатты өмір сүріп жатқанын жақсы білеміз, өзім Қазақстанға алғаш рет келсем де, өз Отанымға келгендей сезінемін. Қос мемлекеттің арасы қанша алыс болса да, осындай жылы қабылдаулар халық арасын жақындатады», – деді. Корейден келген қонақтар: «Қазақстан корейлерінің депортацияға ұшырауына 80 жыл толуына орай концерттік бағдарламамен келуге бола ма?» – деген сауалына аудан әкімі Қайрат Әшірәліұлы: «Әрине, келуге рұқсат», – деп көңілдерін бір марқайтып тастады.

Чонсон мэрінің ынтымақтастық жөніндегі бөлім қызметкерлері Ким Су Бок, Со Гон Хви, Чхве Сын Чжа және До Сан Хви, «Арианг» музейінің директоры Чин Ен Сон екі ел арасындағы мәдени, тарихи байланыстардың тамыры тереңде жатқанына баса назар аударды. Делегация өкілдері аудан басшыларына 2018 жылы Пхенчханда өтетін қысқы Олимпиада ойындары тақырыбында жасалған сый-кәделерді табыстады. «Орамал тон болмайды, жол болады» деген ниетпен қараталдықтар да қонақтарға ұлттық кәдесыйлардан тарту-таралғы жасады. Осыдан кейін қадірлі қонақтар алаңда өткен Наурыз мерекесін тамашалады.

Ұлыс тойын көруге алыстан ат терлетіп, арнайы келген Оңтүстік Корея қонақтары қазақтың қонақжайлылығын сезініп, ақ дастарқанынан дәм татты. Ұлттық сарындағы ән-күйімізге елітіп, болмыс-бітімімізді айшықтайтын төл туындыларымызға тәнті болысты.

Той шымылдығы «Нұрлы Наурыз» атты ұлттық дәстүрімізге негізделген, театрландырылған көрініспен түрілді. Сахна төрінде аудан әкімі Қайрат Бисембаев барша қараталдықтар мен қадірлі меймандарды Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз мерекесімен құттықтап, өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан бірқатар азаматтарға алғыс хат табыстады.

Торқалы тойда аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Тұрсын Оспанов Наурыз тойы құтты болсын деп ақ тілегін жеткізді. Бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай болып кеткен, ауданымызда мекендейтін ұлт пен ұлыс өкілдері де елімізге тыныштық, жерімізге бейбітшілік тіледі. Нақтырақ айтсақ, күрді этномәдени бірлестігінің мүшесі Айша Кусеиновна, корей этномәдени орталығының мүшесі Евгений Ким, славян этномәдени бірлестігінің мүшесі Анжела Беляева, ұйғыр этномәдени орталығының мүшесі Сеитжан Ниязов елімізде әмсе бірлік пен береке салтанат құрсын деп ақ тілегін арнады.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.

ҚҰРЫЛЫС

САПА БАСТЫ НАЗАРДА

Облысымызда кейінгі жылдары түрлі саланы байыпты дамытудың кешенді жоспарлары қолға алынды. Сол қатарда құрылыс саласының тамырына да қан жүгіріп, өлкемізде көз сүйсінетін ғимараттар бірінен соң бірі бой көтере бастады. Саннан гөрі сапаны басты орынға қоятын жерлестеріміз құрылыс басталмас бұрын оған тапсырыс беруші және жобалаушы мекемелердің жұмысын саралап, сараптап алуды дәстүрге айналдырды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Бұған мысал ретінде облыстық әкімдікте өткен сәулетшілер басқосуын айтуға болады. Жиында алдағы уақытта өңірімізде салынатын 13 нысанның жобасы таныстырылды. Облыстық мекеме басшылары, Қазақстан Сәулетшілер мен Дизайнерлер одақтарының мүшелері және аудан, қалалардың бас сәулетшілері шақырылған шараны облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов ашып, облыстың бас сәулетшісі Дәркен Нұржанов жүргізіп отырды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары алдымен өңірімізде салынып жатқан ғимараттардың жағдайы мен алдағы уақытта бой көтеретін нысандар туралы ақпарат беріп өтті. Келесі кезекте жобалаушы кәсіпорын өкілдерінің өз жобасын таныстыруына уақыт бөлінді. Бұл жолы 3 бюджеттік және 10 инвестициялық жобаның таныстырылымы болды.

Осыған дейін де талай маманның алдынан өтіп, сансыз өзгерту мен түзетуден, толықтырудан өтіп, әбден иі қанған жұмыстар алғашында кемшіліксіз көрінгені рас. Алайда, елімізге танымал сәулетшілер мен жобалаушылардың сарабына түскенде олардың кейбір олқылығы айқындалып, кемшін тұстары белгілі болды. Әсіресе әр жобаның қала мен елді мекендердегі жол қауіпсіздігі ережесін сақтау мен қаланың сәулетіне тигізетін кері әсері туралы көп айтылды. Кейбір жобаға тиісінше сын-ескертулер беріліп, алдағы уақыттағы құрылыс жұмысын жүргізу барысында түзетулер енгізу тапсырылды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов жұмыстың сапасына айрықша мән берді. Жіберілген қателіктерді сол жерде сынға алып, тез арада түзетуді тапсырды. Осыған байланысты тапсырыс беруші және жобалаушы мекеме өкілдеріне сапаға көңіл бөлуді айрықша міндеттеді.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАТ АҒЫМҒА жол берілмейді

Панфилов аудандық әкімдігінің мәжіліс залында облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен облыс әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің алғашқы тоқсандағы отырысы өткізілді.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Отырыстың негізгі мақсаты – дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, қоғамның бірлігі мен татулығын нығайту, конфессиялар мен ұлттар арасындағы конструктивті диалогты дамыту, жастар арасында отансүйгіштікті, толеранттықты, төзімділік пен байсалдылықты насихаттау. Басқосуға өңірлердегі аудан әкімдерінің орынбасарлары мен ішкі саясат бөлімдерінің, құқыққорғау орындарының басшылары, білім беру және әлеуметтік салаға жауапты тұлғалар, аймақтағы мешіттердің имамдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Кеңес жұмысына облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар төрағалық етті.

Жиында Жақсылық Мұқашұлы діни экстремизм мен радикализм идеяларының алдын алу барысында облыста атқарылған іс-шараларды атап өтіп, олардың маңызын, мән-мақсатын түсіндірді. Сөз тізгінін алған облыстық Дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов аймақтағы дәстүрлі дін өкілдері жүргізіп жатқан жұмыстар дамуы мен қызметі туралы жан-жақты әңгіме өрбітіп, мемлекетімізде тыйым салынған кейбір діни ағымдардың іс-әрекеттеріне, олардың қоғамдық ахуалға кері әсері жөнінде мысалдар келтіре отырып баяндама жасады. Сала басшысының баяндамасында жастарды жат ағымға жолатпай, ата-бабамыз ұстанған діни сенімге сай тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдері нақты деректермен дәйектеліп айтылды.



Мысалы, Жаркент өңіріндегі жат ағымдағы діншілдердің 76 пайызы жұмыссыз жүрген жастар екен. Жат ағымға еріп, адасқандармен түсінік жұмыстарын жүргізу мен оларға тұрақты жұмыс тауып беру шаралары кемшін. Жаркент қаласындағы кейбір мешіттерде жат ағым өкілдерінің емін-еркін уағыз айтып, өз мақсаттарын дәріптеуіне жол берілген. Сол сияқты мектептерде хиджап киетін оқушылар саны да кемімей тұр. Өңірде екі мешіт тиісті мемлекеттік тіркеуден өтпеген. Шет елден діни білім алып келіп, ел ішінде кереғар түсінік таратып жүрген дін мамандары бар. Осының бәріне жергілікті мемлекеттік қызметкерлер мен дәстүрлі дін жетекшілері көп ретте атүсті қараған.

Екі сағатқа созылған кеңес барысында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рустам Алпысбаев, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған аймағы бойынша өкіл имамы Серікхан Ахмадиев, Панфилов ауданының әкімі Бердәулет Абдулдаев діни экстремизмге қарсы күрес бағытында атқарылған іс-шаралар жөнінде қосымша баяндама жасап, кеңеске қатысушыларға мол ақпарат берді. Басқосу барысында баяндамашылар мен жиынға қатысқан жауапты тұлғаларға көптеген сұрақтар қойылып, оларға тұшымды жауап берілді.

Семинар жұмысын облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қорытындылап, өңір белсенділерін діни экстремизм мен жат пиғылды ағымдардың әрекетіне бейжай қарамай, оларға жергілікті жерде батыл тойтарыс беруге, барша ағайынды елімізде ертеден қалыптасқан діни салт-дәстүрлеріміздің оңды дамуына үлес қосуға шақырды.

Панфилов ауданы.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ТЕҢ ҰСТАҒАН

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында жемісті еңбек етіп жүрген ұстаздың бірі – орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Светлана Садырқұлова. Ол «Жырдың қара жорғасы» атанған Үмбетәлі орта мектебінде отыз жылға жуық еңбек етіп келеді. Тәжірибелі мұғалім осы уақыт ішінде мыңдаған шәкіртті түлетіп ұшырып, қияға қанат қақтырды.

Мұғалімнің алдына қойған мақсаты – жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, дамыта оқыту. Осыған орай өз жұмысын шығармашылықпен үндестіріп, озық әдістерді қолдана отырып жүргізеді. Мәселен, ұстаздың «Осложненные предложения» тақырыбында кубизм стратегиясы және «Lesson stadi» зерттеу әдісі бойынша жаңа технологияны қолдана отырып өткізген сабағы жоғары бағаланды. Оның бастамасымен орыс тілі апталығында «Поэзия қанатында» тақырыбында мәнерлеп оқудан жарыс ұйымдастырылып, оған оқушылар белсене қатысты. Сондай-ақ, мұғалім оқушылардың білімін тексеру формасының тест әдісін сабағында кеңінен қолданады.

Балаларға сабақ берумен, білім үйретумен мұғалімнің қызметі тамам болмайды. Мұғалім – бірінші кезекте тәрбиеші. Сондықтан балалардың тәліміне де жауапты. Балаларды үлгі-өнегеге баулуда ұстаз тәрбие сағаттарын қызықты етіп өткізеді. Өзі жетекшілік ететін 8 «в» сыныбында «Біздің заманның батырлары», Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Анашым – ардағым» атты тәрбие сағаттары әсерлі өтті.

Ұстаз еңбегі шәкірттерінің жетістігімен де өлшенбек. Бұл тұста аудандық интеллектуалдық «Ақбота» марафонына бірнеше оқушысы қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын, сондай-ақ, орыс тілінен қашықтық халықаралық монопәндік супер жарысында Алғыс хат пен дипломдармен марапатталғанын айта кетуге болады. Халықаралық «Инфоурок» олимпиадасына оқушылары Н. Асымхан, Т. Серік, Ө. Аманғабыл қатысып, 1-ші орынды иеленді.

Білікті ұстаздың өзі де «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филалының сертификатын иеленіп, ауыл әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Аудан көлемінде өткен «Жаңашыл мұғалім» жарысында 3-ші орынды еншілеген.

Білім саласында орын алып жатқан жаңашылдықтарға да үн қосып, ұстаз ретінде өз пікірін білдіріп отыратын Светлана Бегалиқызы орыс тілі пәні мұғалімдері бірлестігінің отырысында «Дамыта оқыту» тақырыбында, мектеп мұғалімдерінің әдістемелік кеңесінде «Ана тілі – асыл мұра» атты, ал аудандық тамыз кеңесінде жаңа бағдарлама бойынша бірінші сыныпқа арналған «Оқу мен жазу арқылы ойлауды дамыту» атты баяндамалар жасады.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаздық атаққа еселі еңбек, шынайы шеберлік арқылы ғана жетуге болады. Осыны өмірлік шамшырағы еткен Светлана Бегалиқызының жас жеткіншектерге берер тәлімі зор, тағылымы мол екені сөзсіз.

С. АЛИБАЕВА,
Үмбетәлі Кәрібаев атындағы орта мектептің мұғалімі.
Жамбыл ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail. ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Өзегі өткенмен жалғанғанымен дәріптеуі кем болса тарихтың да құны түспек. Ал құндылығымызды ұрпақ санасына орнатып, олардың отаншыл сезімін ояту үшін рухани шаралар ұйымдастырылса игі. Айталық, халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне орай Талдықорған төрінде мерекелік шара өтіп, жастарға тарихи жәдігерлерді құрметтеудің парыз екені паш етіледі.



БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

Жетісу
Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Аталмыш шара «Жастар» мәдениет және демалыс саябағындағы ақиық ақын Мұқағали Мақатаев бюстінен бастау алды. Алдымен құрметті қонақтар ақын рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Одан кейін Талдықорған гуманитарлық-экономикалық колледжінің студенттері дара тұлғаның сөзіне жазылған әндерді әуелетіп, өлең жолдарынан үзінді оқыды. Сонымен қатар, XXI ғасырдың құрдасы болған заманның заңғар ақыны бюстінің тарихи мәні мен архитектуралық құрылымы таныстырылып, арнайы келген қонақтар жиылған қауымды мерекемен құттықтап, ізгі ниеттерін білдірді.

Рухани шара Талдықорған қаласының орталығында орналасқан Даңқ обелискісінде жалғасын тапты. Тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығы мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастырумен, №2 орта мектеп ұстаздары мен оқушыларының қатысуымен өткен шарада Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысы ардагерлерінің Даңқ обелискісіне гүл шоғы қойылды. Шара барысында ардагерлер сөз алып, жас ұрпаққа деген жүрекжарды тілектерін арнаса, мектеп оқушылары рухты оятар жыр оқып, облысымызға белгілі өнерпаздар тамылжыта ән салды.

Осындай көңілді де ғибрат аларлық кеш Нұрғиса Тілендиев атындағы саз мектебінің алдында да өтті. Даңқты сазгердің бюстіне гүл шоқтары қойылғаннан кейін алғашқы сөзді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан Әбдуәлиев алды.

– Тарихы бай елдің танымы да соғұрлым терең болмақ. Біздің дарқан даламыздың төсінде мыңжылдықтардан бері сақталып келе жатқан ескерткіштер мен құны бөлек қасиетті жәдігерлердің саны шежіреміздің шексіздігін көрсететіндей. Облысымыздың өзінде 2345 ескерткіш бар. Ал оған жыл сайын қосылып жатқан тұлғалардың бюст-мүсіндерін қоссақ, ұрпаққа аманаттар тарихи құндылықтарымыздың қоры еселеніп келе жатқанын мақтанышпен айта аламыз, – деген Ақан Жылқышыбайұлы көпшілікті мерекесімен құттықтады. Өз кезегінде сөз алған зиялы қауым да мерекенің маңыздылығын тілге тиек етіп, Нұрғиса Тілендиев жайлы естеліктерімен бөліссе, облыстық тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі орталық директоры Есет Дәуренбаев өңірімізде атқарылар жұмыстарды атап өтті. Мәселен, облыста алдағы уақытта өңірлік ескерткіштердің картасын жасау жүзеге аспақ.

Мерекелік шара Нұрғиса Тілендиев атындағы саз мектебі шәкірттерінің концерттік бағдарламасымен мәресіне жетті.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

РУХАНИЯТ

КОРЕЯЛЫҚТАР музейге келді

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде мазмұнды шара өтті. Ол Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне арналды. Айтулы күнді атап өту мұнда жыл сайынғы дәстүрге айналған. Онда тарихшы ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен туристік компания өкілдері, еліміздің әр аймағынан келген қонақтар бас қосты.

Жетісу
Болат МӘЖИТ

Қонақтар тарихқа қатысты пікір алмасып, ойларын ортаға салды. Қызықты әңгімелер өзара сабақтасып бірін-бірі толықтырды. Дәл сол күні музейге Оңтүстік Кореяның туристік делегациясы арнайы ат басын бұрыпты. Шетелдіктердің қатысуы кездесудің мазмұнын одан сайын аша түсті.

– Оңтүстік Кореяның Кенджу аймағы сол елдің туристік орталықтарының бірі саналады. Ол жерден адам қарасы үзілмейді. Себебі, ежелгі тарихи ескерткіштерге бай өңір. ЮНЕСКО-ның құрамына енгені де сондықтан. Ондағы Силла қаласындағы ұлттық құндылықтарды зерттеу институтымен біздің музей әріптестік байланыс орнатқан.

Бұрнағы жылдары Оңтүстік Кореяға барып қайттық. Кореялықтардың тарихи жәдігерлерге аса құрметпен қарайтындарын өз көзімізбен көріп, риза болдық. Тәжірибе алмастық. Көптеген өнегелі істерді үйрендік. Енді, міне, өз кезегінде әріптестеріміз бізге келіп отыр. Бұл әрине, үлкен қуаныш. Олар Алтын Адамның отанынан әдемі әсер алады деген сенімдеміз, – деді музей директоры Гүлмира Мұхтарова.

Шетелдік қонақтар музей ішін мұқият аралап көрді. Қазақ тарихының көне жәдігерлеріне куә болды. Экскурсоводтардың ел мен жерге қатысты айтқандарына назар салып, ықыласпен тыңдады. Тіпті, таңданыстарын да жасырмады.

– Аңызға айналған Алтын Адам туралы көп оқыдық. Бірақ, оны көзбен көру бір бөлек. Бүгін сол мүмкіндікке ие болып отырмыз. Бүкіл адамзатқа ортақ құндылық – Алтын Адам табылған киелі жердің топырағын басып тұрмыз. Мұндағы музей қызметіне көңіліміз толды. Дән риза болдық. Сол дәуірдің тарихына қатысты толыққанды мағлұмат ала алдық, – дейді Силла ұлттық құндылықтарды зерттеу институтының докторы Ли Же Хйон.

Музейде өткен игі шара одан әрі қарай мектеп оқушыларының арасындағы қызықты ойынға ұласты. Олар екі командаға бөлініп квест, яғни топтық құрамда ой жарыстырды. Жастар белгілі тапсырмалар бойынша қорық-музей аумағындағы ежелгі тарихқа қатысты біраз жұмбақтарды шешуге тырысты. Олар әрі ойнады, әрі ойлады. Солай ете отырып тарихқа терең бойлады. Сонымен қатар, музей жұмысын насихаттап жүрген бірқатар журналистер мен туристік компания өкілдері музей әкімшілігінің арнайы дипломдарымен марапатталды.

Шара соңында қонақтар музей ұжымы ұйымдастырған Наурыз мерекесін тамашалады. Аулада тігілген киіз үйлердегі дастарқанға жайғасып, наурызкөжеден дәм татты. Әсем ән әуелеп, кеш шырайын одан сайын қыздыра түсті. Шетелдіктер қазақтың қонақжайлық дәстүріне риза болды.

Еңбекшіқазақ ауданы.

СЕЛЕКТОР

Жеке жауапкершілік жүктеледі

Биыл экономика өсімінің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін барлық шараларды қабылдау керек. Бұл туралы селекторлық тәртіпте өткен жиында ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВ айтып өтті.

Үкімет отырысында «2017 жылғы 1 тоқсандағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы және республикалық бюджеттің атқарылуы қорытындылары туралы» мәселе қаралды. Кездесу барысында министрліктер басшылары ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевқа биылғы жылдың 1 тоқсанындағы экономика өсімінің мақсатты көрсеткіштерінің орындалу барысы туралы есеп берді. Ұлттық экономика, Ауылшаруашылық, Инвестициялар және даму, Білім, Денсаулық сақтау, Мәдениет және спорт министрлерінің баяндамалары тыңдалды.

ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтың айтуынша, биылдың алғашқы тоқсанында орташа жалақының көлемі өсіп, жұмыссыздықтың деңгейі төмендеген. Ал Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов аталған мерзім аралығында мемлекеттік бюджет кірістерінің жоспарланған көрсеткіштерден асқанын, нәтижесінде республикалық бюджетке 1 157 млрд. теңге көлемінде кіріс түскен. Бұл жоспардан 52 млрд. теңгеге көп. Жоспарды асыра орындаудың импорт көлемінің артуы мен металл бағаларының өсуі сынды бірнеше фактор негізінде жүзеге асқаны тілге тиек етілді.

Осы барыста Үкімет басшысы 2017 жылдың бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша Қазақстан ЖІӨ-нің 3% деңгейіндегі оң көрсеткішін атап өтіп, жауапты мемлекеттік органдарға экономикалық өсімнің қол жеткізілген қарқынының төмендеуіне жол бермеуді тапсырды.

– Біз мұндай тәжірибені алғаш рет енгізіп отырмыз, ешқандай себептер қабылданбайды, бізге нәтиже керек. Мемлекет басшысы орташа мерзімде экономиканың 5% өсімін қамтамасыз ету міндетін қойды. Сондықтан, министрлік басшыларының назарын әрбір көрсеткіштің орындалуы үшін жеке жауапкершілік жүктелетіндігіне аударамын, – деді Бақытжан Әбдіұлы.

Сондай-ақ, Үкімет отырысы барысында ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев облыс, қала әкімдері мен жауапты мемлекеттік органдарға су тасқыны жағдайын ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА

2017 жылғы 25 сәуірде Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің отырысы өткізіледі.

Күн тәртібінде:

1. Талдықорған қаласының әкімі Б. Қарасаевтың есебі.
2. «Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің Ережесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3. Алматы облысы әкімдігінің «Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
4. Алматы облысы әкімдігінің «Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
5. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы» № 244 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
6. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» №243 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
7. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысының елді мекендерінің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің жіктелімін бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
8. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
9. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысы бойынша тауарлық және сұйылтылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
10. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 мамырдағы «2015 жылға тұқым шаруашылығын дамытуға субсидия көлемдерін белгілеу туралы» № 216 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.
11. Алматы облысы әкімдігінің «Тұқым шаруашылығын дамыту субсидияларының квоталарын белгілеу туралы» қаулысының жобасын жария талқылау.

Басталу уақыты – 15.00, өткізілетін орны – Талдықорған қаласы, І. Жансүгіров көшесі, №36 «Б» (Тіл сарайы).

ІССАПАР

РӘМІЗДЕР – ұлт айнасы

Туған жерін, елін сүйетін әрбір адам Мемлекеттік рәміздер – Гимнді, Елтаңбаны, Туды қашанда биік ұстап, қастерлейтіні анық. Жуырда облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жаныс Сапарғалиевтің жетекшілігіндегі комиссия Сарқан ауданындағы мемлекеттік мекемелерге арнайы ат басын бұрды.

Сапар барысында бөлім, мекеме ұжымдарына Мемлекеттік рәміздердің орналасуы, қолданылуы жөнінде әдістемелік көмек берілді. Комиссия мүшелерінің, аудандық бөлім, мекеме-ұйым басшыларының қатысуымен өткен жиынды аудан әкімінің орынбасары Ғалымжан Маманбаев ашып, жүргізді. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық ішкі саясат басқармасы талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Олжас Ескендіров хабарлама жасап, жастарға патриоттық тәрбие беруде ҚР Мемлекеттік рәміздерінің ұлт айнасы екендігін тілге тиек етті. Сонымен қатар, облыстық ішкі саясат басқармасы саяси партиялар және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істеу бөлімінің басшысы Әлия Құрманғалиева аудандағы үкіметтік емес ұйымдар жұмысын жандандыруға қатысты ой-пікірлерін ортаға салды.

Жиында көтерілген мәселелер бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жаныс Сапарғалиев атап көрсетті.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КӨШЕТТЕР КӨП ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Көктемнің жайма-шуақ күндері басталғанымен, бірде күн күрт суытып, бірде жаңбыр жауып, ауа райы сан құбылып тұр. Осыған қарамастан жер-жерде сенбіліктер өткізіліп, санитарлық тазарту жұмыстары қолға алынып жатыр. Соның бірі – «Қаскелең орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысшылары Іле өзені бойына тазарту жұмыстарын жүргізіп, жылда көшеттер отырғызады.

Іленің жағалауында орман күтушілері әрбір демалушылармен тазалық сақтау ережесіне сәйкес үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, бақылауда ұстап отырады. Бұл бастама 2009 жылдан бастап жалғасын тауып келеді. Арнайы белгіленген алқапқа екпе ағаштары отырғызылады. Ерте көктемде басталатын бұл игі шараға орман шаруашылығының барлық ұжымдары қатысады.

Аталмыш мекеменің басшысы Наурызғали Айдабосын:

«Өткен жылы Қызылтаң орманшылығының 1965-1982 жылдардағы қарағаш пен жиде тұқымдастарының жалпы аумағы 3020 гектар жерді алып жатқанын анықтадық. Мемлекеттік орман жолақтарының 1170 гектар аумағы табиғи түрде қурап кеткен. Мемлекеттік орманшылығының тұқымбағында жиде, қарағай, қарағаш ағаштары өсіріледі. Осы жерден жас көшеттерді қазып алып, Іле өзені бойына орман екпелері жобасы бойынша 3 телімге 25 орам апарып ектік», – дейді.

Нәтижесінде 15 гектар жерге 50 мың дана көшет отырғызылды. Ағаштар күнделікті күтіп-бапталады. Жерсінуі жылда 70-80 пайызды құрайды. Бұл Іле аумағындағы аң-құстардың бірден-бір панасы болып табылады.

Орман күтушілері 14 мініс атпен ертұрманмен, 12 тасымал құралдарымен, 7 тұрақты байланыс құрылғысымен қамтамасыз етілген.

М. МЫСА.
Іле ауданы.

БРИФИНГ

ҚАЗ-ҮЙРЕК азайып барады

Өңірлік коммуникация қызметі облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысымен жүздесу өткізді. Басқосуда инспекция басшысы Темірлан Мамиев облыстағы орман, аңшылық шаруашылықтар жайлы кеңінен әңгімелеп берді.

Оның айтуынша, облыста жалпы 4 миллион гектардан аса жер аумағын алып жатқан 109 аңшылық шаруашылық бар. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың аңшылық орындары 133614 гектарды құрайды. Бұл аймақтар «Іле Алатау», «Алтынемел», «Көлсай көлдері» ұлттық саябақтарына тиесілі. Бақылаудағы аумақта республикалық және халықаралық маңызы бар 5 су қоймасы бар. Оған Балқаш көлі, Қапшағай су қоймасы, Іле өзені, Іле өзенінің атырауы, Алакөл көлдер жүйесі және жергілікті маңызы бар 57 су қоймасы кіреді. Темірлан Болатұлының сөзіне сүйенсек, осы аймақтар күн-түн демей күзетіледі. Қасқөйлер сонда да айла-шарғысын қояр емес. Өткен жылы аталмыш инспекция 821 рейд пен 156 тексеру ұйымдастырған.

Журналистермен болған брифингте инспекция өкілдері браконьерліктің қыр-сыры жайлы айтып берді. «Олар жол талғамайтын заманауи көліктермен келеді. Мұздай қаруланған. Қашса жеткізбейтін, атса оқ өтпейтіндей жарақтанған. Осындайлар Қызыл кітапқа енген аң-құстарды атуға әуес», – дейді инспекция басшысының орынбасары Нұрқуат Райымбекұлы. Браконьерлердің кесірінен бүгінде қаз-үйректің саны азайған. Еліміз бойынша, үйректің саны 2016 жылы 12 млн. болса, бүгінде 1 млн.-ға азайып кеткен. Сондай-ақ, қырғауыл, елік қарасы ілуде бір рет қана кездесуде. Қалаға жақын жердегілер мүлде жоғалған. Оған тұрғындардың табиғат байлығына немқұрайды қарауы себеп. Сондықтан, аң-құсты жөнсіз атпау, азайып бара жатқандарына мүлде тиіспеу жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек. Инспекция өкілдері жоғалып бара жатқан аң-құстарды сақтап қалу барысында жүргізіліп жатқан шараларға тоқталды. Құлан саны 3500 басқа жеткен. Сондай-ақ, сазан, тұқы, алабұға балықтары да жасанды жолмен көбейтілуде.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Германия Бундестагының депутаттары Христиан демократиялық кеңесі фракциясының атқарушы хатшысы Манфред Грундтың бастауымен Астанаға ат басын бұрып, ЭКСПО қалашығындағы атқарылған жетістіктерді көріп қайтты. Алыстан келген құтты қонақтарды «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов жылы қабылдап, көрмеге дайындық жұмыстарының бүгінгі жағдайынан хабардар етті.

ДАЙЫНДЫҒЫ КӨҢІЛДЕГІДЕЙ

Жетісу
Қажет АНДАС

Бүгінге дейін көрмеге 115 ел мен 21 халықаралық ұйым қатысатынын растады. Тіпті, Астана төрінде өз елдерінің ұлттық күндерін өткізуге ресми қатысушылардың 113 өтінімі қабылданған. Қазіргі кезде қатысушы елдер өздеріне тиесілі ұлттық павильондарын контенттік толтыру жұмыстарымен белсенді айналысуда.

– Неміс павильонының ауданы 1252 шаршы метрді алады, ол Монакомен, Нидерландымен және Испаниямен көршілес орналасқан. Неміс компанияларының 24 жобасының 3-еуі бірден өз жетістіктерін «Үздік тәжірибелер аймағы» павильонында көрсетеді. Оларды іріктеу жұмысымен әлемге танымал ғалымдар және Нобель сыйлығының лауреаттарынан құрылған арнайы халықаралық комиссия айналысады. Біз Германияның жаңартылатын қуат көздері саласындағы бай тәжірибесін білеміз және бұл тәжірибе көрмеге қатысушылар үшін танымдық және қызықты болады, – деп атап көрсетті Ахметжан Есімов.

Өз кезегінде Бундестаг депутаты Германияның жаңартылатын қуат көздерін пайдалануды қолдайтын ел ретінде «ЭКСПО – 2017» көрмесіне қатысудың маңыздылығына тоқталды:

– «Германияда ЭКСПО-ны өткізу тәжірибесі бар және біз өзімізге Астанада осындай тамаша алаңның ұсынылатынына қуаныштымыз. Мұнда жасыл энергия саласындағы білім және жетістіктерімізбен бөлісе аламыз. Германияда тек үлкен павильон ғана болып қоймайды, біз үлкен мәдени бағдарлама дайындап жатырмыз. Осы арқылы неміс мәдениеті көрсетілетін 3 ауқымды шара өткізгіміз келеді, соның ішінде 12 маусымда Германияның ұлттық күнін өткізу де бар», – деп хабарлады Манфред Грунд.

Әрі қарай Бундестаг депутаттары логистикаға келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және медициналық көмекке қатысты өздерін қызықтыратын сұрағын қойып, оларға толық жауап пен түсініктеме алды.

Кездесуден кейін ЭСКПО насындарына шағын топсаяхат ұйымдастырылып, экспозицияның тақырыптық безендірілуі жөніндегі монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатқан неміс павильоны көрсетілді.

АКЦИЯ

Көктем шыққалы еліміздің әр өңірінде көгалдандыру жұмыстары басталды. Биыл да бұл үрдіс өз жалғасын тапты. Еліміздің басты қаласында ҚР Мемлекеттік рәміздерінің 25 жылдығына орай «Байтақ болашақ» экологиялық альянсы «Өз талыңды отырғыз» акциясын ұйымдастырып келеді. Міне, аталмыш шара Жетісуға да жетіп, Текелі қаласына 25 түп қарағай көшеті отырғызылды. Мемлекет және қоғам қайраткері Ирак Елекеев, Текелі қаласының әкімі Бақтияр Өнербаев, «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының президенті Азаматхан Әміртаев игі шараның басын бастап, өз қолдарымен қарағай түптерін екті.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

25 ТҮП ҚАРАҒАЙ ЕГІЛДІ

Жетісу
Құралбек СӘБИТОВ

Текелі жұртшылығы жауған жауынға қарамастан, Тәуелсіздік аллеясындағы қызу жұмысқа білек сыбана кірісті. Мемлекет басшысының Н. Ә. Назарбаев: «Әр адам үйінің ауласына ағаш отырғызса, ол – халықтың байлығы. Ағашы, орманы бар өңір – бай өңір», – деген сөзін жұртшылыққа жеткізген Ирак Қасымұлы егілген көшеттердің әрбірін ерекше күтіп-баптау керектігін айтып өтті. Сондай-ақ, ол жасыл желектендіру бағытындағы қоғамдық бастамалардың әрдайым мемлекет қолдауында болатындығын тілге тиек етті. «Байтақ болашақ» экологиялық альянсының президенті Азаматхан Әміртаев акцияның халқымыздың табиғатты аялауға, экологиялық мәдениетті үйренуіне үлкен септігін тигізетіндігін жеткізді. Сонымен қатар, 18 миллионға жуық қазақстандық 18 миллион түп тал отырғызуы және оны күтіп-баптауы керектігін айрықша айтып өтті.

Акцияның кеншілер қаласынан бастау алғандығының да өзіндік ерекшелігі бар. Таза ауа, тұмса табиғатымен өзгеден ерекше, әсемдігі бөлекше болған қаланың көркі көз тартарлық. Дегенмен, Текелі өндіріс қаласы болғандықтан зауыттардан шыққан түтін аймаққа тарап жатыр. Бұл – экологияның ластануына әсер ететін жайттың бірі. Сондай-ақ, моноқалада қорғасын қалдықтары бар. Міне, тұрғындарға осының зияны тимес үшін қала әсемдігін әрмен қарай арттыру бағытында әлі де тал егіп, жайқалту жұмыстарын жандандыру керек. Қала әкімі Бақтияр Өнербаев отырғызылған қарағай түптерін күтіп-баптауды ерекше қадағалауға алатынын жеткізді. Иә, әр түптің өзіндік маңызы бар. Келешек ұрпақ таза ауамен тыныстауы керек. Акцияның негізгі мақсаты – жұртшылық пен кәсіпкерлерді жұмылдыра отырып, 18 миллион тал егу.

Ұйымдастырушылардың сөзіне сүйенсек, осы айдың ішінде барлық қалаға, аудан орталықтарына, ауылдарға аталмыш жоба жеткізіліп, жоспар орындалмақ. Қарағай көшеті отырғызылғаннан кейін қонақтар қалалық қоғамдық бірлестік өкілдерімен бірге өндіріс қалдықтары қоймасында болып, мән-жайымен танысты. Бүгінгі таңда үлкен қоймалардың көбісі жекеменшік қолға өтіп кеткен. Алайда оларды мемлекет балансына беріп, ретке келтіру үшін жұмыстар жүргізілуде.

Текелі қаласы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанған бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 46 (18322)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

Сейсенбі, 25 қазан, 2017 жыл.

Сот жұмысымен таныстыры

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мен Бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжінде заңгер мамандығы бойынша оқып жатқан білімгерлер облыстық сот жұмысымен танысты.

Студенттер облыстық соттың кеңсе жұмысына, мұражай және медиация кабинетіне, сот отырысы залдарындағы аудио-бейнежазбалар жүйесіне көз жүгіртті. Сондай-ақ, бейнеконференция өткізуге мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технологиялар арқылы аудандық соттармен байланысу мүмкіндігін бағамдады. Облыстық сот төрағасы М.Таймерденов пен Н. Аймханова, М. Мұсабекова және Б. Загиев сынды заң саласының мамандары заңнамадағы жаңашылдықтарды ескере отырып, сот төрелігін жүзеге асыру бойынша өзекті тақырыптарда дәріс оқыды. Кездесуде:

– Сот жұмысының сапасы – бұл біздің еліміздің демократиялық дамуының айқындаушы факторы. Сондықтан барлық сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне қол жеткіздік, – деді М. Таймерденов.

Жиын соңында студенттер қылмыстық және азаматтық істерді қарау мерзімдері мен тәртібі, медиация институтын қолдану, сондай-ақ, мемлекеттік қызметке қабылдану және өту шартына қатысты сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Осылайша, білімгерлердің арманына қанат бітіп, келешек қызметінің мән-жайына қанықты.

Жұмысы өрістеп келеді

Гүлнар Досмұхамбет 2011 жылдан бері Қытайдан тауар тасып, Жаркент қаласындағы базарларды жабдықтаумен айналысты. Осындай ұсақ-түйек сауданың арқасында қаражат жинап, туған жері Ұзынағаш ауылынан жеке дүкенін ашты.

Нәтижесі жаман болған жоқ. Бүгінде кәсіпкер Жамбыл ауданының орталығында бес дүкеннен тұратын сауда желісін басқарып отыр. Сондай-ақ, ол азық-түліктен басқа да тауар сатумен айналысады.

Гүлнәр кейіннен өз дүкенінің екінші қабатынан тренажер залын ашуды ойлайды. Сөйтіп, «Еуразиялық банк» АҚ арқылы 14 пайызбен 12 млн. теңге қаражатқа қол жеткізіп, қажетті құрал-жабдықтарды сатып алады. Оның 10 пайызын мемлекет субсидиялайды. Одан бөлек «Даму» қорының 1 200 000 теңге кепілдігін, сондай-ақ, қордың субсидиялаудан басқа кепілдеме беру мүмкіндігін де пайдаланған. «Дүкен құжаттары несиелендіру кезінде мүлікті заңдастыру бойынша әзірленіп жатқан еді. Сол кезде кепілдікке қоятын бір ғана дүкеннің құжаты дайын болған. Жоба бойынша 12 млн. теңге қаражат керек болды. Әрине, ол үшін 1 200 000 теңге кепілдік жетпей тұрған еді. Сол кезде мемлекеттің тиімді бағдарламасы көмек болды», – дейді кәсіпкер.

Ендігі кезекте ол сән салонын және дәмхана ашуды жоспарлап отыр.

СЕНБІЛІК

8 мың түп ағаш отырғызды

Іле ауданының орталығы Өтеген батыр кентінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерінен құралған топ арнайы сенбілікке шығып, көше тазарту жұмыстарына кірісіп кетті.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, экология, архитектура және құрылыс басқармаларының қызметкерлерінен құралған облыстық тексеріс тобы аудан ғана емес, ауылдардағы көктемгі санитарлық тазарту жұмыстарының барысын бақылады. Аудан орталығындағы бірқатар көшелерде жиналған қоқыстың төгілмегендігі сынға алынды. Мәселен, Ілияс Жансүгіров атындағы көшеде «Светлана» дүкенінің алды тазартылмаған. Дүкен иесі мұнда тазару жұмыстарын жүргізіп тұратындығын, бірақ такси аялдамасына айналған соң, шопырлар үнемі қоқыс тастап жүретіндігін алға тартты. Сәкен Сейфуллин көшесінде екі бос контейнер табылғанымен, өртелген қоқыс жиналмаған, кесілген талдар шашылып жатыр. Ал, Гагарин көшесінде пакеттерге салынған қоқыс үйінділері аула сәнін қашырып тұр.

Энергетик ауылы әкімінің орынбасары Мақсат Орынбасаров бұл орындардың жекеменшік аймақ, яғни бұл жерге контейнер қойылмайтынын, бірақ аптасына бір рет «Бастау Ик – 2008» компаниясы келісімшартпен қоқыс тасып тұратындығын айтты. Аудандағы сынға алынған аймақтардың көбісі жеке секторлар болып шықты. «Алматы – Жетіген» тас жолы бойындағы жер телімдері сатылған, сатып алынған, қоршалған. Ал, кафе, асхана, дүкен, автокөлік жуу, монша сияқты ғимараттардың 90 пайызы жұмыс істеп тұр. Бизнес көзін бастаған жобалар да көзге көп ілігеді. Тіпті, қожайындары белгісіз бос тұрған жерлер бар. Мұнда да қоқыс үйінділері көптеп кездеседі. Бір қуантарлығы, сенбілік кезінде ауданда 8 мың түп декоративті және жидек ағаштарының көшеттері отырғызылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.
Іле ауданы.

ҰЛТТЫҚ РУХ



ДОМБЫРА ҮНІ ТӘУЛІК БОЙЫ ТОЛАСТАМАДЫ



Журналистер үйінің алдына алты қанат ақшаңқан киіз үй тігіліп, домбырашылар ән орындап, күй шертті. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен шара «Dombra Party – non stop» деп аталды.

Жетісу

Гүлжан ТҰРСЫН

Оған облысқа танымал домбырашылар, әуесқой әншілер келді. Қаладағы үлкен экраннан тікелей көрсетіліп тұрған шара 24 сағатқа созылды. Оған ең кішісі 8, ең үлкені 80 жастағы өнерпаздар қатысты. Игілікті іске облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы қолдау білдірді. Нәтижесінде, Көксу, Қаратал, Ескелді аудандары мен Текелі қаласының өнерпаздары да жырдан шашу шашып, күймен шара көркін кіргізді.

Шараны танымал күйші Бақберген Асқарбеков, Нұржан Жанпейісов әрлендіріп жіберді. Жезтаңдай әншілер таң атқанша тоқтамай домбыра шертті. «Dombra Party – non stop» атты шараны ұйымдастырудың мақсаты – ұлттық аспапты, ұлттық өнерді дәріптеу, халқымыздың дәстүрлі ән-күйлерін насихаттау, өскелең ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеу, жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыру.

Шара діттеген мақсатына жетті. Домбыраларын көтерген Қанабек Байсейітов атындағы колледж білімгерлері, Нұрғиса Тілендиев атындағы саз мектебінің оқушылары, Н. Назарбаев атындағы зияткерлік мектеп шәкірттері, «Көркем-ай!» өнер-тәлім отауының мүшелері ұлттық өнердің туын түнімен желбіретті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараға 100-ден аса домбырашы қатысыпты. Бәрі бірінен-бірі өткен саңлақтар. Құдіретті ән-мен күй тәулік бойы шаһар халқын рухтандырып тұрды. Тұрғындар ұлттық өнерді дәріптеудің жаңа нұсқасын ойлап табушыларға алғыстарын білдірді.

ІСКЕР ӘЙЕЛ

Кез келген іскер келіншек өз ісінде биіктен көрініп, жетістікке жеткенді қалайды. Ал оған қалай қол жеткізуге болады? Әрине, оған ең алдымен білім керек. Сондай-ақ, адамның бет-бейнесі, сырт келбеті, қимыл-қозғалысы, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, дауыс ырғағы, тіпті киім кию мәдениеттілігіне дейін маңызды рөл атқарады.

КИІНУ МӘДЕНИЕТІ

Мұның бәрі көпшілік ортада, жұмыс орнында, іскерлік кездесулер мен адамдармен қарым-қатынаста анық аңғарылады. «Style Session» Қазақстан стилистер қауымдастығы, облыстық іскер әйелдер ассоциациясы, Талдықорған қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі қалалық комиссиясының ұйымдастыруымен өткен басқосу дәл осыған байланысты болды.

«Қазіргі заманғы іскер әйел бейнесі» атты тақырыптағы іс-шара «Көктем гранд» қонақүй кешенінде өткізілді. Осы ретте стилист, гардероб ревизоры, шопинг маманы, аталмыш қауымдастықтың негізін қалаушы, стилистика бойынша «Жасалған стилге алты қадам» атты кітабының Қазақстандағы алғашқы авторы, бас скипер Мәди Бекдаир іскер әйелдермен кездесіп, киім кию этикеті жайлы шеберлік сыныбын өткізді.

Ол телекөрсетілім арқылы бизнес саласында, қызметте жүрген қыз-келіншектердің жұмыста, іскерлік кездесулерде, мерекелік іс-шаралар мен кештерде қалай киініп, бояуы, қандай әшекейлік бұйымдар тағып, дене бітіміне қарай жарасымды киінуі қажеттігін, оның түр-түсі мен үлгісі, матаның сапасына дейін маңызды рөл ойнайтынын, бір сөзбен айтқанда, заман талабына ілесіп, сәнді киіне білу керектігін үйретіп, ақыл-кеңес берді.

Шара соңында шеберлік сыныпқа белсенді қатысқан қыз-келіншектерге сертификаттар табысталды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР НАЗАРЫНА

АВТОКӨЛІГІҢІЗ АШЫҚ ҚАЛМАСЫН

Талдықорған қаласының прокуратурасы автокөліктен болатын ұрлықтың алдын алу жобасын жүзеге асыруда. Қазіргі кезде қала бойынша тіркелетін ұрлықтың әр бесіншісі автокөлікке қатысты.

Қылмысқа қарсы тұруда барлығын құқық қорғау органдарына артып қоюдың жөні жоқ. Осыған орай қалалық прокуратура автокөлік ұрлығын алдын алуға қатысты кеңес берді.

Бірінші кезекте, темір тұлпарыңызға дабылдатқыш, мүмкін болса, иммобилайзер орнатыңыз. Статистика бойынша автокөлік ұрлығының 90 пайызы дабылдатқышы жоқтарға тиесілі. Автокөлігіңізді күзетілетін тұраққа қоюға тырысыңыз. Оған мүмкіндігіңіз болмаса, жарық жерге қойыңыз. Аулаға жарық және бейнебақылау орнатуға ықпал етіңіз. Автокөлігіңізге бағалы заттарыңызды қалдырмаңыз. Дөңгелектеріңіздің ұрлануына жол бермеу үшін арнайы қырлары бар бұрандалар сатып алыңыз. Автоайналарды ұрламауы үшін оған өз автокөлігіңіздің нөмірлерін бедерлеңіз. Аккумулятор және тағы басқа да қосалқы бөлшектердің қолды болмауы үшін капотқа арнайы құлып орнатыңыз. Егер, сіз аккумуляторы оңай жерде тұратын жүк көлігінің иесі болсаңыз, онда қосымша қауіпсіздік шараларын ойластырыңыз. Жоғарыда айтылған кеңестерді орындау мүмкін болмаған жағдайда аулада тұратын автокөлік иелерімен бірлесіп түнгі кезекшілік ұйымдастыруға болады.

Ең бастысы, ұрлыққа қамсыз жүргізушінің де кінәлі екенін есте ұстаңыз. Автокөлігіңізде ұрлық тіркеле қалған жағдайда дереу 102 телефоны бойынша полицияға хабарласыңыз. Қылмысты ізі суымай тұрып ашудың мүмкіндігі мол болады.

Г. КУЗУТБАЕВ,
Талдықорған қаласы прокуратурасы бөлімінің аға прокуроры.

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

Елбасының қатысуымен Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО – 2017» көрмесінің дайындығы тексерілді. Шара аясында бірқатар ведомство басшылары көрмені ойдағыдай өткізуге дайын екендіктерін мәлімдеді. Қазақстанның мегажобасын көруге 5 миллион адам келеді деп жоспарлануда. Ал, оның 2 миллионы туристер, яғни шетелдіктер болмақ. Сондықтан, сырттан келетін меймандарға барлық жағдайды жасау ісі қатаң тапсырылды.

Дайындық барысы ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жетісу

Қажет АНДАС

Олардың қауіпсіздігі толықтай қамтамасыз етілуі тиіс. 115 мемлекет пен 21 халықаралық ұйым қатысқалы отырған ауқымды шараны абыроймен өткізу – басты міндет.

Алдымен жұмыс барысын таныстырған Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев бас қаланың көрме қонақтарын қабылдауға дайын екенін жеткізді. Оның айтуынша, бас қаланың қонақүйлеріндегі бөлмелердің жалпы саны 35 мың орынды құрайды. Одан бөлек, оқушылар мен студенттердің 11 жатақханасы алдын ала дайындалған. Тамақтану мәселесінде де ешқандай қиындық тумауы тиіс. Сонымен бірге мәдени-спорттық бағдарлама жоспары да жасалып қойған. Жалпы 93 күнде 18 халықаралық спорттық жарыс, театр, цирк фестивальдері және тағы да басқа жүздеген іс-шара өткізілмек. Әуежайда, вокзалдар мен қонақүйлерде, саябақтарда қонақтарды көптеген тілді меңгерген мыңға тарта волонтер күтіп алады. Таксилерді төрт тілді білетін жүргізушілер тізгіндейді. Көрме аумағында 7 медициналық бөлім жұмыс істейді, қала бойынша 13 медициналық мекеме дайын тұр. ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов көрменің ашылуына бір ай қалғанда «ЭКСПО» кеңсесінің ғимаратында қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы жұмыс істей бастайтынын мәлімдеді. Туристерді бес мыңнан астам сақшы күзетеді. Ал ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың айтуынша, болашақ энергиясына арналған төрт экспозициядан құралған тақырыптық бөлімді дайын деуге болады.

«Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясының басшысы Ахметжан Есімов бүгінгі күні көрменің 20 нысанының 18 нысаны салынып біткенін айтты. Конгресс-орталық пен қонақүйдің құрылысы жалғасуда, қайта жобалау нәтижесінде шығынның 39 млрд. теңгесін қысқарту мүмкін болыпты. Бұл нысандардың құрылысы мамыр айының ортасында аяқталады деп жоспарланған. Ахметжан Есімовтің айтуынша, осы нысандардың құрылысына демеушілерден 38,5 млрд. теңге қаражат тартылған, оның ішінде 22,8 млрд. теңге ақшалай берілсе, 15,7 млрд. тауар түрінде ұсынылған. Көрме билетін 40-тан астам елдің өкілі сатып алған. Қазірдің өзінде миллионға жуық билет сатылып үлгерген. Ахметжан Есімовтің айтуынша, нысандардың көрмеден кейін пайдаланылуы, оның тиімділігі мен өз шығынын өтеуіне байланысты шешілмек.

Әр тараптың дайындығын тыңдаған Мемлекет басшысы:

– Енді көрмені мазмұндық жағынан толтыру мәселесіне келейік. Қатысушы елдер экспозиция жобаларын әлі бекітіп болған жоқ. Барлық шетелдік қатысушының өз павильондарын мазмұндық жағынан толтыру процесін тездетуді «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы мен Сыртқы істер министрлігіне тапсырамын. Қазақстанның павильонына да ерекше назар аударылады. Оған отандық 28 өзірлеме, соның ішінде жоғары оқу орындарының жобалары іріктеп алынды. Біздің экспонаттар жәдігерлердің халықаралық экспонаттарынан кем түспеуге тиіс, – деп нақты тапсырма берді.

БРИФИНГ

СЕНІМ КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық сот төрағасы Мейрамбек ТАЙМЕРДЕНОВТЫҢ қатысуымен брифинг өтті. Баспасөз отырысында сот төрелігі мен билігі тұрғысында әңгіме өрбіп, рақымшылыққа ілінгендердің жайы сөз болды.

Жетісу

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Облыстық соттың жұмысына Мейрамбек Таймерденұлы, облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қалдарбек Досымбет, судья Арман Күлбеков, БАҚ-пен жұмыс жөніндегі үйлестіруші Назгүл Жекенова жеке-жеке тоқталып өтті. Спикерлер қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қараудағы сот төрелігінің сапасын жүзеге асыру, сонымен қатар, соттардың бірыңғай сот тәжірибесін ұсыну, аталған істерді қарау кезінде туындайтын мәселелерді баяндады. Облыс соттарында биылғы бірінші тоқсанда 13160 сот өндірісі аяқталса, соның ішінде 8163 азаматтық, 829 қылмыстық, 4168 әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қаралған. Үкім шығарыла отырып 427 адамға қатысты 373 қылмыстық іс қаралды, соның ішінде 421 адам сотталып, 139 адам бас бостандығынан айырылды. Ал алтауы жеке айыптау істері бойынша ақталған. Сондай-ақ, облыс соттарында медиация тәртібімен 214 қылмыстық іс қаралып, соның ішінде өндіріспен аяқталғаны 25%-ды құрады.

– Қазақтар ертеден кешірімді ұлт болып қалыптасқан. Сол қасиетін әлі де жоғалтқан жоқ. Оның дәлелі сотқа жүгінген адамдардың көпшілігінің кешірім беріп жататындығы, – деді облыстық сот төрағасы Мейрамбек Таймерденов. Сонымен қатар ол рақымшылыққа ілінгендердің жайын да айтып өтті. Мысалы, Алматы облысы бойынша биыл 43 адам рақымшылыққа ілінген. Ал былтыр рақымшылыққа 60 адам босатылса, биылғы алғашқы тоқсанда 43 адам бостандыққа шығарылды.

Мамандар өз кезегінде сот ісін жүргізудегі заманауи ақпараттық технологияларды енгізу және «Сот кабинеті» сервисінің жұмысы туралы да айтып өтті. Облыс соттарына барлығы 10 950 талап-арыз түскен болса, соның ішінде 10 938-і (яғни 99,8%-ы) электронды сервис арқылы жолданған. Барлық сот залдары аудио, бейнежазба құрылғыларымен толықтай қамтылған. Сондықтан азаматтардың сотқа деген сенімдері артып келеді.

ҮН ҚОСУ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын санасы сергек, болашақты ойлайтын әрбір азамат оқуы тиіс деп ойлаймын.

Жетісі тоғ бастама



Мемлекет басшысы алға тартқан әрбір бағдарлама халық игілігіне арналған. Елбасы өз мақаласында бүгінге дейін елімізде саяси реформа, экономикалық даму мен өркендеу мәселесі айтылғанын, ендігі уақытта солардың негізгі ұстыны — рух тақырыбын көтеру керектігін айтады.

Дүниеде көптеген ұлт осындай ұстынның жоқтығынан, әркімнің жетегінде кетудің кесірінен, болмаса адами, пенделік адасудан жер бетінен жойылып, тек аттары қалғанын тарихтан біліміз. Осындай үлкен қатердің алдын алу мақсатында Ұлт Көшбасшысы барлық қазақстандыққа рухани жаңғырудың даңғыл жолын көрсетіп отыр. Сондықтан Елбасы айтқандай, рухани мәселелер бәрінен ең бірінші орында тұруға тиіс.

Ұлттық рух – ұлттың өмір сүруі мен дамуындағы рухани тірек. Ұлтты алға қарай жетелейтін, күш-қуатын сәулелендіретін қозғаушы күш әрбіріміздің жүрегімізден орын алуы керек. Ғылым-біліммен сабақтасқан тектілік пен кемелді кісілік, мұқалмай асқақ тұратын ұлттық рух өздігінен пайда болмайды. Оны жастарымыздың бойына тағылымды тәрбие арқылы біртіндеп сіңіруге болады. Өсер ұрпақты тағылымды тәрбиемен өзіміз баурай алмасақ, әрине, еліктіріп, баурап әкететіндер табылады. «Ертеңін ойлаған ел азбайды», – дейді дана халқымыз. Тек өз ұлтын сүйе білген терең ойлы, текті ұрпақ қана тұтас ұлт рухын жоғары көтеруге өзіндік үлесін қоса алады.

Мақалада көтерілген латын әліпбиіне көшу туралы кесек ой да елді жаңа өзгерістер белесіне бастары анық. Дүйім жұрт жаңа әліпби арқылы әлемдік өзгерістер көшіне еркін араласады. Бұл бағытта арнайы бағдарлама, әдістеме, әліпбидің өзіндік стандарты әзірленетін болады. Қазақстанды өркениет көшінің алдына бастайтын жаңа бастамаларға халық қашанда қолдау білдіреді. «Алматы облыстық жергілікті агроөнеркәсіп кешені және мемлекеттік қызметкерлер» қоғамдық бірлестігі Елбасы Жолдауында айтылған міндеттер бойынша жұмыс істеп, агроөнеркәсіптің өркендеуіне үлес қосып отыр. Бұл орайда Мемлекет басшысының халықты рухани жаңғыруға бастауы, сөз жоқ, жаңа бастамалардың бірі дер едім.

Рая ИДРАЛИЕВА,
Алматы облысының Құрметті азаматы, «Алматы облыстық жергілікті агроөнеркәсіп кешені және мемлекеттік қызметкерлер» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АЛТЫН БЕСІК

Суықтөбе тауының етегіндегі елді мекеннен түлеп ұшқан белгілі қаламгердің туған жер десе етжүрегі ерекше езіліп тұратынын ел жақсы біледі. Қаламгерді ауылдастары қашанда құшақ жая қарсы алатыны сондықтан. Өмірінің алпысыншы асуын бағындырған Манарбек Ізбасаров бұл жолы Алматыдан Сұраншы батыр ауылына өзінің жеке кітапхана қорынан 600 кітап арқалай келіпті.



АЛТЫ ЖҮЗ КІТАП сыйлады

Жетісу
Серік САТЫБАЛДИЕВ

Осындағы орта мектепте өткен кітап тапсыру рәсімін білім ұясының ұстаздары мен шәкірттері «Жанымда менің жалын бар» атты әдеби-сазды кешке айналдырып жіберді. Ақын, жазушы, журналистке мектептің жас ақыны Аманжол Байтілесов арнау айтса, автордың «Астана», «Ана», «Мезгіл», «Соқ, жүрегім, сыздама», «Он сегіз жас», «Барыңды бағала», «Он ұлан», «Сен қазақсың» сияқты өлеңдерін Анар, Дана, Айтуған, Ақбота, Айкүміс, Нәзира, Ұлпан, Сымбат, Дамир, Айкүнім, Толған есімді оқушылар мәнерлеп жатқа оқыды. Мәдина мен Еркеназ «Қазақ елі осындай», «Атамекен», «Әкелерге» әндерін орындап, өнерпаз өрендер қазақ биін биледі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нәзипа Алдабергенова мерейтой иесіне өлеңін арнады.

Ауылдың «Наурыз» әжелер тобы «Саржайлау», «Тау ішінде» әндерін әуелете шырқады. Талап селолық округінің әкімі Берік Әлішев, ауылдағы ірі шаруа қожалығының жетекшісі, аудандық мәслихат депутаты Сатыбалды Нұрманов, мектеп директоры Гүлжан Талдыбаева, округтік қоғамдық кеңес төрағасы Бейсенбек Смағұлов құттықтау-тілектерін білдіріп, қаламгердің иығына шапан жапты. Суырыпсалма ақындығы бар ауыл ақсақалы Серікбай Сабырұлы домбырамен бата берді.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері, «Жанымда менің жалын бар», «Сәулесін төгіп нұр сезім», «Күй домбыра, саз ғұмыр», «Табиғат хикаялары», «Елге сәлем», «Мен секірейін», «Замандасқұрдасқа», «Жайымды қайсың ұғарсың» тәрізді бірқатар жыр жинақтары мен прозалық шығармалардың, «Қасиет қонған Қастек» кітабының авторы Манарбек Сәукенұлы мектебіне қандайда бір жақсылық жасауды жеке дәстүріне енгізген. Ол 50 жасқа толғанында осы білім шаңырағының сегіз сыныбына күрделі жөндеу жұмысын жасатып, сол сыныптарды осы ауылдан шыққан елге елеулі азаматтардың есімімен атауға ұйытқы болды. 55 жасында мектеп ансамбліне арнап 12 домбыра алып берген еді. Енді, міне, асқаралы алпыс жаста 600 кітап тарту етіп, оның тең жартысын ежелден еншісі бөлінбей қатар жатқан Қастек ауылының мектебіне сыйлады.

Шараға осы ауылдан, ауданнан шыққан Арықбай Ағыбаев, Жұмаш Арғымбайұлы, Орысбай Әбділдаұлы, Нұрманбет Қизатов, Өмірбай Өмірзақов, Өмірхан Жақыпов, Бекжан Өтепов сияқты академик-ғалымдар, әдебиетші, өлкетанушылар ере келіп, олар да бірді-екілі кітаптарын мектепке тапсырды. Кешке киногер-қаламгер Доқтырхан Тұрлыбек, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессорлары Тәкен Нұрғасенов, Еділ Шәкубайұлы мен Серік Бекбосынов та келді.

Сұраншы батыр ауылы, Жамбыл ауданы.

ТАЛДЫҚОРҒАН БӨРІСІ

Қарқыны қатты КОСАЧЕВ

Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайында дәстүрлі қазақ күресінен «Талдықорған бөрісі» турнирі өз мәресіне жетті. Қала әкімінің жүлдесі үшін өткен балуандар бәсекесіне жиырма балуан қатысты.

Жетісу
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Боз кілемде бақ сынаған мықтылардың ішінде тұңғыш рет «Қазақстан барысы» атағын жеңіп алған Ұлан Рысқұл, өткен жылы республикалық турнирде «Көрермендер көзайымы» деген арнайы жүлдені жеңіп алған Александр Косачев, ауыр салмақты Нұрсұлтан Аманжол, бірнеше рет осы доданың алтын жүлдесін қанжығасына байлаған Жәнібек Дүйсенбаев секілді оғландар бар. Нағыз апайтөс балуандардың басын қосқан доданың ашылу салтанаты да жоғары деңгейде өтті. Жарыстың шымылдығын түрген қала әкімі Бағдат Қарасаев жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, қазақ күресі мен жарыстың маңыздылығына кеңінен тоқталды. Мұнан кейін ортаға ұрпақ сабақтастығы ретінде ардагер балуандар мен балғын балалар қазақ күресінің әдіс-тәсілдерін көрсетіп, жанкүйерлердің делебесін қоздырды. Әншілер әннен шашу шашса, бишілер би билеп, нағыз тойдың көрігін үрледі.

Екі топқа бөлініп, жиырма балуан боз кілемде шелектеп тер төкті. Шын мықтылар қарсыластарының жауырынын жер иіскетіп, жүлделі орынға қарай жақындай берді. Бірінші кілемде қарсылас шақ келтірмеген Ұлан Рысқұл белдескенін баудай түсірді. Ел чемпионатында алған жарақатына қарамай қайсарлық көрсеткен Ұланға сүйсінбеген жұрт болмады. Нағыз қаһарманға сай ерлік көрсеткен балуан қарсыластарын таза ұтып отырды. Ал екінші кілемде қарсы келгеннің жігерін құм еткен Александр Косачев ешкімді шыдатпады. Осылайша екі мықты финалда жолдары түйісті. Жартылай сында есе жіберген Жәнібек Дүйсенбаев пен Нұрсұлтан Аманжолұлы қола жүлдеге таласты. Нәтижесінде қарсыласын шалып жыққан Нұрсұлтан қола тұғырдан қол бұлғады. Ал ақтық сын айтарлықтай қызықты бола алмады. Екі мықтының арасындағы алапат айқасты көреміз деген жанкүйерлердің көңіл-күйі су сепкендей басылды. Алғашқы минуттарда бір-бірін жұлқылай жөнелген екі балуан біраз әбігерге түсті. Осындай теке-тіресті аяғы жарақатқа ұласты. Алтын жүлдеден дәмелі деген Ұлан Рысқұл жарақат алып, дәрігерлердің көмегіне жүгінуге тура келді. Білезігі тайқып кеткен Ұланға дәрігерлер рұқсат бермей, ақыры күміс тұғырға орналасуға мәжбүр болды. Осылайша техникалық жеңілістің арқасында Александр Косачев «Талдықорған бөрісі» атанды. Енді екі балуан алдағы «Жетісу бөрісінде» қаланың намысын қорғайды. Жеңіске жеткен үш балуанға да қомақты қаржы беріп, қала әкімі дәстүрлі кубокты Александрдың қолына табыстады.



Суретті түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ.

ЖАЙДАРМАН



Тағылымды мереке

Ескелді аудандық кітапханасында «Әз Наурыз әкелсін құт-береке, ырысын» атты мерекелік шара өтті. Осы арқылы ескелділіктер ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін паш етті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Аудандық Мәдениет үйінің әншісі Ардақ Көмекованың «Наурыз» әнімен шымылдығы ашылған мерекелік шараның өтуіне Қарабұлақ және Н. Алдабергенов пен Титов атындағы орта мектептердің оқушылары көп үлес қосты. Кітапхана ұжымы Наурыз мерекесінің беделін, мәртебесін көтеріп, шараның әсемдік жағын үйлестіріп тұрған кітап макетін және қазақтың қолөнеріне арнап бұрыш ұйымдастырды.

Айтулы мереке ел бірлігін сақтап, алыс-жақынның басын қосатын, бауырмалдыққа шақыратын қасиетімен де ерекше. Сондай-ақ, ұлағаты мол ұлттық мейрам жақсы пейіл мен ізгі тілеу, кешірім мен табысу сияқты адамгершілік мұратты жас ұрпаққа үлгі-өнеге етуімен де құнды. Шара аясында балғындар салған тамаша ән, мағыналы тақпақтар, биленген би, жырмен көркемделген риясыз тілектер жұртты желпінтіп отырды. Осы көріністерге көз сүйсіндірген көпшілік аудандық және ауылдық кітапхана ұжымдары бірлесіп әзірлеген мол дастарқаннан дәм татты.

Иә, балаға да, жасқа да, жасамысқа да тәрбиелік тағылымымен әсер ететін ұлттық мейрамды аудандық кітапхана директоры Толқын Бойтанова қорытындылап, мұндай шараның ұрпаққа беретін тағылымдарын сөз етті.

Ескелді ауданы.

БҰЛДІРШІНДЕР ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Жақында Талдықорған қаласындағы «Ален» балабақшасында «Қарлығаш» тобының ұйымдастыруымен «Аяулы анашым» атты ертеңгілік өтті.

Аталмыш ертеңгіліктің шымылдығы топ тәрбиешілерінің құттықтау сөзімен ашылды. Өмірден алынған оқиғаларды көрсете отырып, балалардың аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында өткен шара бұлдіршіндердің үш тілде өнер көрсеткендігімен де ерекшеленді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үшін үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. Сол себепті балабақшамызда осы мақсатты ұстанып, балаларымызға барынша ағылшын тілін үйрету жұмыстары жүргізілуде.

Ертеңгілік барысында қойылым көрсетілсе, ағылшын тіліндегі мюзиклдың қызық болғаны сонша, балалардың көңілі көтеріліп, ата-аналар риза болды. Айталық, бұлдіршіндер қазақ, орыс, ағылшын тілінде рөл сомдап, ана туралы ән шырқап, тақпақ айтты. Шара барысында, бұлдіршіндер мен мұғалім арасындағы ағылшын тілінде сөйлеу қарым-қатынасы жақсарғанын, балалардың заман ағымына қарай жаңартылып жатқан білім жүйесіне дайын екені сезіліп тұрды. Өнерлі балдырғандар мұнымен тоқталған жоқ. Ортаға әке мен қыздары шығып би билесе, анасы мен ұлдары ән айтып, жүректі елжіретті. Балаларымыз қолөнер сабағында жасаған сыйлықтарын аналарына тарту етіп, перзенттік сезімдерін білдірді. Осындай шырайлы кеш соңында «Қарлығаш» тобының тәрбиешілері шәкірттері мен олардың ата-аналарға алғыстарын білдірді.

Айта кетелік, ертеңгілікке балабақшаның ағылшын тілі мұғалімі, бала-кутушісі, психолог маманы қатысып, сонымен қатар, балабақша әдіскері, музыка және қолөнер жетекшілері, ата-аналар да зор үлестерін қосты.

Мейрамгүл ТҰМАНБАЕВА,
«Ален» балабақшасының ағылшын тілі пәні мұғалімі.
Талдықорған.

ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өркендеуіне қылмыс пен құқықбұзушылық кедергі келтіреді. Осыған орай құқық қорғау органдары көптеген іс-шаралар өткізіп, көпшілікке заң бұзудың зардабын түсіндіріп отырады.

ЗАҢ БҰЗУДЫҢ ЗАРДАБЫ

Дегенмен, заңсыз әрекеттер жасаушылардың қатары толастамай тұр. Әсіресе, өскелең ұрпақтың өміріне балта шабатын есірткі тасымалдау еліміз үшін ең өзекті мәселенің бірі. Мұндай жағымсыз істен Жетісу жері де сырт қала алмай отыр. Өйткені, тоғыз жолдың торабындағы Алматы облысы есірткіні заңсыз жолмен жеткізетіндер үшін таптырмас өткел. Сондықтан болар, өңірдің барлық аймағынан есірткімен ұсталушылар ұдайы кездеседі. Бұл ең алдымен тәртіп сақшыларының жұмысының нәтижесі.

Күні кеше ғана Қапшағай қаласында шұғыл тексеру жұмыстарын жүргізген Есірткіге қарсы күрес басқармасының қызметкерлері 1972 жылы туған қала тұрғынын қолға түсірді. Оның бойынан 1 грамм 29 миллиграмм марихуана есірткісі табылды. Адамның санасын улап, денсаулығына зиян келтіруге есірткінің аздаған мөлшерінің өзі жеткілікті. Яғни, анашаның кішкентай бөлігінің өзі өскелең ұрпақты жаман әдетке оп-оңай үйір етеді.

Осыған орай ҚР Қылмыстық-процессуалдық кодексінің 128-бабы бойынша қамауға алынған күдіктінің үстінен тергеу амалдары жүргізілуде.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

2014 жылы Көкше академиясынан «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша біліктілігін алған **Алханбаева Нургуль Нурмухамбетовнаның** атына берілген ЖБ-Б №0786480 нөмірлі дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЕСКЕ АЛУ



«Дүние жалған, адам мейман» дейді. Бәріміз де бұл дүниеге келіп-кетер жолаушымыз. Бірінің сапары ұзақ болса, біреуге қысқа. Өмір адам ойлағандай бола бермейді. Күні кеше ғана ортамызда жүрген Райымбек ауданы, Саты ауылының тұрғыны, бірімізге әпке, бірімізге сіңлі, аяулы жан **Эльмира Иембергенқызы Байгөзовадан** қапыда айырылып қалдық. «Тіршілік – тұтамдап таусылар шырақтай» демекші, дәм-тұзы таусылған шақта бұл пәнимен қош айтысып, мәңгілік сағынышқа айналып кете барды. Қанаты бүтін сұңқар, тұяғы бүтін тұлпар жоқ. Биылғы жылдың қаңтар айының 11-і біздің отбасымыз үшін қаралы күн болып есте қалды. Ата-анамыздың бауыр ет баласы, бір отбасының түтінін түтетіп отырған асыл жар, ардақты ана, ибалы келін болған Эльмира Иембергенқызын дауасыз сырқат ортамыздан алып кетті. Тірі болса, сәуірдің 6-сы күні 45 жасқа толып, зор қуаныштың үстінде отыратын едік. Амал қанша. Ажалдың аты суық. Әсіресе, кенеттен келген қазаның. Көңілге медеу болатыны – артында өшпес ізі балалары қалды. Жаны жайсаң, абзал бауырымыздың нұр бейнесі мен есімі жадымызда сақтала бермек. Көзден кетсе де, көңілден кетпейді. «Орнында бар оңалар» дейді дана халқымыз.

Артында қалған адал жарың, ұл-қыздарың мен бауырларың сенің аманатыңды арқалап, ары қарай жалғастырады. Елге істеген жақсы ісің мен күлімдеген жылы жүзің, сабырлы мінезің, жаңға қуат берер демеуші сөзің көзіңді көрген адамдардың есінде сақталатыны рас. Алланың бұйрығына, тағдырдың жазуына шара бар ма? Рухына Құран бағыштап, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат нәсіп етіп, жатқан жері жарық, жаны жұмақта шалқысын деп дұға жасаудан басқа амалымыз жоқ.

Бұлақтай тұнық мөлдір ең,
Биік еді-ау, шығар тұғырың.
Қамшының қысқа сабындай,
Болғаны-ай сенің ғұмырың.

Әке-шешесі қалды аңырап,
Ұл-қызы қалды жамырап.

Жарыңның көңіл сарайы,
Лезде қалды-ау қаңырап.

Ерте сарқылған бұлақ ең,
Қайратты қайсар ұлан ең.
Жолдасың болсын иманың,
Бұйыртсын Алла жұмағың!

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: ата-анасы, бауырлары.

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, әдебиет және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37, 279-13-86.

Меншікті тілшілер: Панфилов – 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы – 8-777-016-44-11, Жамбыл – 8-701-254-97-55, Талғар – 8-701-400-28-49, Қарасай – 8-701-347-60-32, Еңбекшіқазақ – 8-701-212-00-96.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 495.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 58 714, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 34 684.
Индексі — 33 374.

Кезекші редактор: Алма ЕСЕНБАЕВА.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 52 (18328)
Сенбі, 13 мамыр, 2017 жыл.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ



Облыс әкімі А. БАТАЛОВ Қарасай ауданындағы «Алматы продукт» кәсіпорнында.

ЖЕМІСТІ ЖОБАЛАР жүзеге асуда

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жұмыс сапарымен Жамбыл, Қарасай аудандарын аралап, бірқатар өндіріс орындарында болды

Экономиканы өркендету жолында қолға алынған тың жобалардың жүзеге асу барысына оң баға берген өңір басшысы кәсіпорын жетекшілерінің ел әлеуетін арттырар ізденісті істеріне қолдау білдірді.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ. Амандық Ғаббасұлы алдымен Шолаққарғалы селолық округіне атбасын тіреді. Осы аумақта салынып жатқан «Империя Фуд» ЖШС-нің ет комбинаты құрылысымен аталған серіктестіктің бас директоры Арман Джавидан таныстырды. Мұнда қазір 42 адам еңбек етуде. Салынған инвестиция көлемі 2,3 млрд. теңге. Ет өңдеу зауытының құрылысы былтыр басталған, осы жылдың қыркүйек айында аяқталуы тиіс. Бұл жобаның қуаттылығы жайына келсек, жылына 8 мың тонна ет өңдеу мүмкіндігіне ие. Бір ауысымда 120 бас ірі қара сойылады. Тиісті инфрақұрылым тарту үшін облыстық бюджеттен 80,1 млн. теңге бөлініп, қазіргі кезде құрылыс жұмыстары жүріп жатыр.

Одан кейін облыс әкімі Қасымбек ауылындағы жарық-электр техникаларын және металл бұйымдарын шығаратын зауытқа келді. «Тексан Қазақстан Инвест» ЖШС 2012 жылы іске қосылған. Өндірістік цехтарды аралатып, жұмысымен таныстырған аталмыш кәсіпорынның бас директоры Диас Құрмашевтің айтуынша, зауытта жарықдиодты шамдардың 350-ден астам түрі шығарылады. Олардың қатарында кеңсеге, көшеге, тұрмысқа және өнеркәсіп орындарына арналған әртүрлі шамшырақтар бар. Сонымен қатар ыңғайлы оқушы парталары, көшеге, саябақтарға арналған әдемі орындықтар, кеңсе сейфтері сияқты сапалы бұйымдар өндіреді. Ұлттық нақышпен жасалған шырағданға өңір жетекшісі назар аударып, ізденсе осындай тартымды дүниені өзгелердің де жасауына болатынын айтты. Кәсіпорында бұйымға қажет ою-өрнек лазер қондырғысымен салынады. Зауыт айына 200 мың бірлік өнім шығарып отыр. Бұл еліміздегі нарық сұранысының 70 пайызын қамтиды. Зауыт өнімдері таяу шетелдерге, сондай-ақ, Парсы шығанағы мен Латын Америкасы елдеріне де экспортталады. 2016 жылы Дубай мен Панама қалаларында филиалдары ашылыпты. Өндірілген өнімдегі қазақстандық мазмұн 92 пайызды құрайды. Жыл сайын зауыттың техникалық жарақтандырылуына 500 млн. теңге инвестиция салынады. Зауытта 220 жұмысшы бар. Облыс басшысы осындай сапалы дүниелерді Талдықорған қаласын көркейту жұмыстарына да пайдалану мүмкіндігін қарастыруды орынбасары А. Байжановқа тапсырды.

«Алматы Сұңқар құс фабрикасы» ЖШС осы ауылда орналасқан. Аудандағы іргелі кәсіпорынның жобалық құны 1,2 млрд. теңгені құрайды. Бұл фабрика да 2012 жылы іске қосылған болатын. Өткен жылы мұнда 42,4 млн. дана жұмыртқа өндіріліпті. Биыл 80 млн. дана, келесі жылы 130 млн. дана жұмыртқа өндіруді межелеп отыр. Кәсіпорынды кеңейту және жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жаңа құрал-жабдықтар мен құстар сатып алыныпты. Мұнда жұмыс істейтін 80 адамның ең төменгі жалақысы 172 мың теңге. Бұл туралы облыс басшысын фабриканың бас директоры Дмитрий Чалых хабардар етті. Амандық Ғаббасұлы жұмысшыларына қажетті жағдай жасап, барлық заңнама талаптарына сай жұмыс істеп отырған осындай кәсіпорынның өзгелерге үлгі болатынын айтты.

Облыс әкімі бастаған топ халықаралық Алматы – Бішкек күрежолынан шалғайдағы Қопа бағытына бұрылды. Дегерес ауылдық округіне қарасты бұл аумақта жаңғақ бағын өсірудің қолға алынуы ауыз толтырып айтарлықтай жаңалық. Ауданда бақ өсіру жандануда келеді, ал жаңғақ бағын өсіру бүкіл елде жоқ тың іс. «Green farm» шаруа қожалығы биылдан бастап үш жыл ішінде жаңғақ ағашының 220 мың дана «Чандлер», «Франкет» сортты көшеттерін 800 гектар аумаққа отырғызуды көздеп отыр. Жобаның алғашқы кезеңіндегі инвестиция көлемі 1,8 млрд. теңгені құрайды.

Шаруашылық басшысы Махмет Мимикенов: «Осы көктемде 200 гектар алқапқа 40 мың жас көшетektік. Бақтың 400 гектарына тамшылатып суару әдісін қолданатын боламыз. Ол үшін қазіргі кезде 2 ұңғыма бұрғыланып, француз технологиясы бойынша су жинау үшін 5 мың текшеметрлік екі бассейннің құрылысын аяқтадық. Бір ағаштан алғашқы 4-5 жылда 5 келіден одан кейінгі 10-11 жылда 180 келіге дейін өнім аламыз деп үміттенеміз. Биіктігі алты метрге дейін жететін ағаш 65 жыл өмір сүреді. Жаңғақ экспортқа бағытталады. Бұл іске шетелдің тәжірибесін зерттеп барып кірістік. Еуропадан екі агроном тартылды. Топырақ құрамын әбден зерттеп септік. Қазір мұнда 57 адам еңбек етуде. Жалпы жұмысшылар саны 80 адам. Әр талды мәпелеп күту керек. Енді қараша айында әрбір ағашты қысқа жылылап қымтайтын боламыз. Мұнда коммуникация желісі, табиғи газ құбыры тартылса жақсы болар еді», – деді.

Амандық Ғаббасұлы жаңа істі батыл қолға алған Мимикеновтер отбасының бұл игі бастамасына «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдау шараларын қарастыруды облыстық кәсіпкерлік және индустриялдық-инновациялық даму басқармасына тапсырды.

Жоғарыда аталған «Империя Фуд» ЖШС 2014 жылы Үңгіртас ауылының сыртында инвестициялық құны 1,4 млрд. теңге тұратын мал бордақылау алаңын салып, 2015 жылы оны іске қосқан болатын. Өңір басшысы жаңғақ бағынан қайтар жолда осында бұрылды. Аз уақыт ішінде нәтижелі жұмысымен танылған серіктестіктің ірі қара мал етін өндіру ісіне қосып отырған үлесі қомақты. Жыл басынан бері 55 тоннаға жуық ет өткізіпті. Бүгінгі күні мұнда 2700-ге жуық етті бағыттағы еркек мал семіртілуде. Әрқайсысы тәулігіне 2 келіге дейін салмақ қосады. 44 адам осында еңбек етеді, олардың орташа жалақысы 80 мың теңге. Келешекте өндірістік қуаттылықты 10 мың басқа ұлғайтуға ниетті. Өз астық қоймасы, құрама жем зауыты, сүрлем сақтайтын ұрасы осында. Ірі қара тасымалдайтын арнайы жүк көлігі бар. Шаруашылық иесі Арман Джавидан ірі қараның жемшөп жейтін астауының ерекшелігі, малдың тез ет алып, көбірек салмақ қосуы үшін жасалатын амал-әрекетер жайында ашыла әңгімеледі. Асыл тұқымды бұқаларын осы маңдағы ауыл тұрғындарына тұқым асылдандыру үшін белгілі бір мерзімге ақысыз беретінін, олардан бордақыға қою үшін сатып алатын өгізшелердің етті бағытта болуына осылайша қарайласатынын жеткізді.

– Жамбыл ауданы жер бедерімен климаты жағынан малға жайлы, ауылшаруашылығы бойынша кластер құруға өте қолайлы аймақ. «Империя Фуд» ЖШС-нің айналасында ет кластерін құру керек. Шағын шаруашылықтарды кооперативке біріктіру үшін осындай іргелі, жаңа технологиямен жұмыс істейтін орталық қажет. Сапалы өнім шығаратын, техникалық жағынан жаңжақты қамтамасыз етілген осындай кәсіпорындар өнімін өткізу, тасымалдау жағынан шаруаларға да тиімді болады. Жалпы отандық өндірушілерді, өз өнімдерімізді қолдау шараларын нығайта түсуіміз керек, – деді Амандық Баталов.

Облыс әкімі Үңгіртас ауылындағы су және газға арналған полиэтилен құбырларын, фланцтер, фитингтер шығаратын «Plast invest» зауытында болды. Кәсіпорынның өндіріс жөніндегі директоры Өмірғали Батырғалиұлы цехтардағы жұмыс үрдісімен таныстырды. Зауыт өткен жылдың 9 айында 1912,6 млн. теңгенің өнімін өндірген.

Сапар кезінде Амандық Ғаббасұлы Қарақыстақ ауылындағы «Табыс» шаруа қожалығының сүт өндірісімен танысты. Мұнда жаңадан салынған 600 басқа арналған сүт кешені биыл жұмысқа кірісті. Оның жобалық құны 1 млрд. 780 млн. теңге. Наурыз айында Украинадан 300 бас асыл тұқымды құнажын сатып әкелінген. Қазір олардың алды бұзаулап, сиырлар сүт бере бастады. Алдағы күндері тағы 300 бас асыл тұқымды «Гольштейн» сиырын әкелмек. Тауарлы-сүт фермасында 45 адам еңбек етеді, орташа айлық жалақысы 75-80 мың теңге. Кешен жылына 6 тонна сүт өндіре алады.

Қожалық иесі Талғат Естібеков алдағы уақытта сүт өңдейтін зауыт салуды жоспарлап отырғанын айтты. Ол үшін арнайы жер бөлініп, жобалық-сметалық құжаттамалары дайындалыпты. Демек, келешекте мұнда сүт кластерін құруға негіз бар.

Жұмыс сапарының соңында облыс басшысы Ұзынағаш ауылының жоспарымен танысты. Ол аудан әкімі Жандарбек Далабаевқа сәулетшілер әзірлеген жобада белгіленгендерді сақтай отырып, аудан орталығының бір шетінен жаңадан бой көтеретін шағынауданды келешекте үлгілі етуді тапсырды.

(Соңы 2-бетте).

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп Халықаралық көрме жұмысын ілгерілету мақсатында «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Астана, Алматы қалалары, облыс әкімдерімен ауқымды кеңес өткізді. Шара аясында облыс басшылары көрме нысандарын, павильондарды аралап көріп, іскерлік және мәденисауықтыру бағытында жүзеге асырылатын шаралармен танысты. Облыс әкімі Амандық Баталов жетісулықтардың көрмені өткізуге қатысты тапсырмаларды тыңғылықты орындап жатқанын жеткізді.

ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жемісу
Қажет АНДАС

Кеңесте Ахметжан Смағұлұлы көрмені өткізудің Елбасының жобасы екендігін айта келіп, оның ел экономикасына берер әсерін жан-жақты түсіндірудің маңыздылығын жеткізді.

– Өткен аптада Президенттің төрағалығымен кеңес өтті. Мемлекет басшысы Көрменің дайындық дәрежесін жоғары бағалады. Көрменің ашылуына аз ғана уақыт қалды. Сондықтан шараның жоғары деңгейде өтуі үшін жұмыла жұмыс істеудеміз, – деді ол.

Қазір барлық қатысушы ел өздерінің павильондарын жабдықтаумен айналысуда. Соған орай, көрмені өңірлер мен шетелдерде насихаттау шаралары жүргізіліп жатыр. Осыған орай, Ұлттық компания жетекшісі бірегей шараны аймақ тұрғындарына насихаттауды жандандыру қажеттігін атап өтті.

Сол күні WBC Конвенциясының туын көрменің штаб-пәтеріне табыстау рәсімі өтті. Бұл әлемдік бокс жұлдыздарының жекпе-жегі Астана қаласында 25 тамызбен 1 қыркүйек аралығында ЭКСПО – 2017 көрмесі аясында өтеді дегенді білдіреді. Олардың қатарында әлем чемпиондары, меценаттар, менеджерлер мен промоутерлер бар. Кәсіби бокс федерациясының президенті Ерлан Бекхожиннің айтуынша, қазақстандықтар мен көрме қонақтары әлемдік бокс майталмандарын жақыннан көруге мүмкіндік алады.

– WBC басшылары Астанаға келуге ынталы былғары қолғап шеберлерінің тізімін жіберді. Олар Флойд Мейвезер, Мэнни Пакьяо, Майк Тайсон, Мұхамед Әлидің қызы Лейла Әли. Әйгілі жұлдыздар мен WBC белбеуіне ие чемпиондар, сондай-ақ, Геннадий Головкин де төбе көрсетпек. Ол уақытта Головкин өз жекпе-жегіне дайындық кезеңін бастап кетеді, дегенмен, біз оның осы шарағa қатысу мүмкіндігі жайлы келіссөздер жүргіземіз, – деп атап өтті Ерлан Қалижанұлы.

Осылайша қазақстандық және әлемдік жұлдыздардың қатысумен ЭКСПО – 2017 көрмесі аясында кәсіби бокс кеші өтеді. WBC дәрежесіндегі әлем чемпионы атағын иелену үшін өткізілетін жекпе-жек әлемнің 40-тан астам елінде эфирден көрсетілмек.

Облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің назарына

2017 жылғы 17 мамырда Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің отырысы өткізіледі.

Күн тәртібінде:

1. Алматы облыстық мәслихатының «Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Алматы облысының 2017–2019 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы №11-54 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімінің жобасын жария талқылау;
2. Талдықорған қаласының әкімі Б. Қарасаевтың есебін тыңдау;
3. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау;
4. Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысы бойынша тауарлық және сұйылтылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекіту туралы» қаулысының жобасын жария талқылау;
5. «Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің Ережесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін талқылау.

Басталу уақыты – 15.00, өткізілетін орны – Талдықорған қаласы, І.Жансүгіров көшесі, №36 «Б» (Тілдер сарайы).

Облыстық мәслихат депутаттарының назарына

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабына сәйкес VI шақырылған облыстық мәслихаттың кезекті XVI сессиясы Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, облыстық әкімдіктің **ғимаратында 2017 жылғы 18 мамырда сағ. 15.00-де** шақырылады.

Күн тәртібінде:

1. 2016 жылға арналған Алматы облысы бюджетінің атқарылуы туралы;
2. Алматы облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Алматы облысының 2017–2019 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» № 11-54 шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
3. VI шақырылған Алматы облыстық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасы туралы;
4. Өзге де мәселелер.

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!



Сіздерді 16-17 мамыр күндері Талдықорған қаласының «Жастар» спорт сарайында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдығы құрметіне Ауған соғысы ардагерлері арасында волейболдан Алматы облысы әкімінің жүлдесі үшін өтетін республикалық турнирді тамашалауға шақырамыз.

Жарыстың басталуы 2017 жылғы 16 мамыр, сағат 11.00-де

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

БЕРЕКЕ

САПАЛЫ ӨНІМ сатылды

Халықты сапалы әрі қолжетімді бағадағы ауылшаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында өткен сенбіде Талдықорғандағы «Жерұйық» коммуналдық базарында жәрмеңке өтті. Оған облыс орталығына жақын орналасқан аудандардың фермерлері ет, сүт, балық секілді күнделікті сұранысқа ие сапалы өнімдерін әкелді.

Талдықорғандықтар асыға күтетін бұл жәрмеңке соңғы жылдары апта сайын өткізіліп тұратындықтан қала халқы қашанда ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілерге риза. Бұл ықыласты ерте көктемнен қоңыр күзге дейінгі тынымсыз еңбектің жемісі деп бағалайтын шаруа адамдары да жәрмеңкеге асығып тұрады. Сондай-ақ, азық-түлік бағасы да жергілікті атқарушы биліктің бақылауына алынған. Коммуналдық базарда көкөністен басқа күріш пен қант та нарықтағыдан 10-15 пайызға арзан бағамен сатылды.

Әдеттегіше, облыс орталығындағы коммуналдық базарда ұйымдастырылған ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ертемен басталды. Қала мен облыс аудандарынан келген танымал кәсіпорындар, қайта өңдеу цехтары, серіктестіктер мен шаруа қожалықтары жұмысшылары өз өнімін тұтынушыларға ұсынды.

Жәрмеңкені аралап көрген мекеме басшылары мен мамандар қойылған тауарларды көріп, бағаларын білді. Әр бөлікке қойылған аудан шаруашылықтарының өнімдерін де қарап, сатушы, өндірушілерімен әңгімелесті. Белгілі болғанындай, кейбір аудандар, ауылшаруашылығы тауарларын молынан жеткізген. Бұдан сол аумақтарда осы саланың қаншалықты өркендегенін білуге болады дейді мамандар.

Мереке қарсаңында ұйымдастырылған жәрмеңкеге қалалықтардың алғысы мол. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері мұндай шараларды өткізу тауар өндірушіге де, тұтынушыға да өте тиімді екенін айтады. Олар өзімізде өндірілген отандық әрі сапалы өнімді өткізудің ұтымды жолының қалыптасқанын мақтаныш етті. Ал облыстық ауылшаруашылығы басқармасының мамандары бұл шараның екі жаққа да тиімді екендігін айтады.

Қорыта айтқанда, өңір халқы жәрмеңкеден сапалы ауылшаруашылығы өнімдерін қолжетімді бағада сатып алып, риза болып қайтты.

Қ. ОМАРАҚЫН.

Баспасөз – 2017 **АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!** Баспасөз – 2017

Баспасөзге 2017 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Жайдарман жаңалықтың жаршысы – «Жетісу» газеті қырағы оқырмандарымен 99 жыл қауышып келеді.

Бұл – бір ғасырдың бүтін болмысы ата басылымның өн бойында аңқып тұр деген сөз. Бүгінгі ақпараттық технологияның дамыған шағында да газет өз мақсатын, өз мәртебесін, өз оқырманын жоғалтқан жоқ. Газет елу мың отбасының ой-таразысы, рухани азығы болып отыр. Мәнді де мәйекті пікір, байыпты да байламды сарап, тамырлы тарих, салиқалы сұхбат сіздің сүйікті басылымыңыз – «Жетісу» газетінде. Бізбен бірге болыңыз, патша көңілді оқырман!

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250
2.	Зейнеткерлер үшін	1800
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900
4.	Жалпы жеке жазылу	2100



ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға	
			қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАҢҒЫРУ — ЖАҢАРУ БАСТАУЫ



ТҰРАН мен ТӘУЕЛСІЗДІК ТОҒАУЫ

Үштөбе қаласының Бастөбе сервистік-техникалық колледжінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев, «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін жас буын өкілдерімен кездесу өткізді.

Жиынды Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев ашып, еліміз жаңғырудың экономикалық, саяси сатысынан өтіп, рухани өркендеуге аяқ басқандығын тілге тиек етті. Көпшіліктің алдына көтерілген Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Әміре Әрін Президент мақаласындағы айтылған орамды ойларды тарихпен сабақтастыра өріп, жастарға жаңаша ой салды. Ол қазақты рушылдық, жершілдіктен жиренуге шақырып, береке-бірліктің арқасында ғана Мәңгілік Ел жолында жарқын табыстарға жетуге болатынын айтты.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, қазақ тарихында ұялатын ешнәрсе жоқ. Біздің тарихымыз – ұлы тарих. Жершілдік, рушылдық бізге жат. Жастар жақсы білім алып, ертеңгі күнге үлкен сеніммен қарауы керек. Ертеңгі күні жастар шағын және орта бизнесте жарқырай көрініп, өзара әріптестік орнатады. Бұл кезде жершілдік, рушылдық жойылып, нағыз әділ бәсеке орын алады, – деген Әміре Әрін Президент мақаласындағы туған жерді түлету турасында сөз саптады. Былтыр Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өткенімізді, хандық дәуірге дейін қазақ жерінде 21 мемлекет болғанын жеткізді. Қазақ даласын мекендеген Тұран патшалығы, көне түркілер, Шыңғысхан империясы, Алтын Орда секілді мемлекеттердің тікелей мұрагері екенімізді, біздің бабаларымыз ұлы болғанын жадымызға түйді. «Американың мемлекеттік хатшысы болған Генри Киссинджер: «Қазақстан – барлық өркениеттің бесігі», – деп айтқан. Шынында Қазақстан бүкіл әлемге өркениет таратты. Біздің ата-бабаларымыз осыдан 6 мың жыл бұрын Астана мен Қостанайдың территориясында жылқыны қолға үйретті. Жезқазғанда әлемде тұңғыш рет темір кенін балқытқанбыз. Әлемдегі алғашқы металлург қазақтан шыққан. Ең алғашқы арбаны, ер-тоқым, жүген, шалбарды біздің бабаларымыз ойлап тапқан. Дүние жүзіндегі ең алғашқы алфавит – біздің бабаларымыздың руна (бітік) жазуы. Сол кезде Шумерлердің мемлекеттік тілі бітік болған. Бұл тілмен сол кездегі өзге де халықтар сөйлеген. Демек, біздің тіліміз қазіргі ағылшын тілі секілді әлемдік тіл болған», – деді Әміре Әрін.

Ол сөзінде Шыңғысхан барлық түркі тайпаларының басын біріктіріп, сол тұста саны жағынан басым Қытай мен өзге де мемлекеттерге жұтылып кету қаупінен сақтап қалғанын тілге тиек етті. Әсіресе, Елбасы мақаласында айтылған сананы жаңғырту төңірегінде жастарға нақты дәлел келтірді. Қазіргі таңда Есік қаласынан табылған «Алтын адам» киімінде 4 мыңнан астам әшекей бар, соған әлем таңғалып отыр. Қазақта сол заманның өзінде керемет технология болғанын айта келе, қорымнан табылған патша табағында «Бөтен адам, тізеңді бүк, елім ауқатты болсын» деген жазу бүгінде Елбасы Н. Назарбаевтың сөзімен етене қабысып отырғанын жеткізді.

Сөз тізгінін алған Ғалиасқар Төлендіұлы Президенттің рухани сананы жаңғырту жайындағы өзекті мақаласының ерекшеліктерін алға тартты. Еліміздің соны жетістіктерін тізбелеп, әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің сапынан көрінуге, замана көшінен қалмай, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған маңызы зор құжаттың мәні мен мағынасы, идеясы терең екеніне тоқталды. Аталмыш мақала өмірдің өзіндік ерекшелігін айқындап, тарих қойнауын зерттеуге, танып-білуге жол ашып, ұлттық болмысымызды айшықтайтынын әңгімеледі. Әсерлі басқосуда жастар облыс орталығынан келген қонақтарға Елбасы мақаласына қатысты сауалдарын қойып, толыққанды жауап алды. Аудандық мәслихат депутаты Базархан Байтаев жастарды барынша өмірге икемді болып, кәсіптік, техникалық мамандықтарды игеруге үндеді. Жиынды қорытындылаған Қаратал ауданының әкімі Қайрат Бисембаев дәл бүгін егжей-тегжейлі сараланған аталмыш мақала түсіне білгенге маңызы зор, тәлім-тәрбиесі мен бағыт-бағдары мол құнды дүние екенін мәлімдеді. Және өзі де осыған тән көкейінде жүрген көрікті ой-тұжырымдарын көркем кестелеп берді.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.

ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА — 31 ЖЫЛ

ЕРЛІК ДАҢҚЫ ӨШПЕЙДІ

Талдықорған қаласының орталық саябағында Чернобыль апатына 31 жыл толуына орай «Ерлік даңқы ешқашан ұмытылмайды» атты салтанатты шара өтті. Бірінші кезекте ардагерлер мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, апат болған қаруластарын еске алды.

Kemicy
Мәулен ӘНЕРБАЙ

1986 жылдың 26 сәуірі Кеңес одағының құрамында болған республикалар үшін трагедиялық күн болып есептеледі. Себебі дәл осы күні Чернобыль атом электр стансысында ірі апат болып, көп адамдар зардап шекті. Апат зардабын жоюға 32 мыңнан астам қазақстандық жауынгер белсене қатысты. Олар Отан алдындағы борыштарын адал өтеп, миллиондаған адамдардың өмірін сақтап қалды. Қазіргі таңда Чернобыль апатының мүгедектерін Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестіріп, мемлекет тарапынан көптеген көмектер көрсетілуде.

– Осыдан 31 жыл бұрын барша әлемді дүр сілкіндірген апат болды. Ұландарымыз азаматтық борыштарын аянбай өтеді. Бүгінгі күнде Талдықорған қаласында апатты жоюға қатысқан 109 ардагер тұрып жатыр. Сіздердің ерлік-теріңіз болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге.

Аман болыңыздар, бейбіт заманда күн кешейік, – деп жиында сөз алған Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев ардагерлерге алғысын айтты. Содан кейінгі кезекте «Чернобыль апатына 30 жыл» медалімен Рахат Ақжолтаев, Бауыржан Жансейітов, Бауыржан Мамырбаев сынды бірнеше ардагер марапатталды.

Ортамызда жүрген ардагерлерге құрмет көрсетіп, мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы мен шипажайларда емдеу шаралары жалғасын табады.



4298 ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында партиялық куратор комиссиясы халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобын жұмыспен қамту тақырыбында отырыс өткізді.

Басқосуда қаралған негізгі мәселелер – еңбек нарығы, тұрғын, үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, жұмысқа орналастыру бойынша бірыңғай цифрлық алаң құру. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, еңбек нарығында жағдай тұрақты.

Экономикалық белсенді халық саны облыс бойынша 2016 жылы 1034,8 мың адамды құрады. Жұмыспен қамтылған халық саны 900 адамға ұлғайған. 2016 жылдың қорытындысы бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылған халық саны 280,0 мың адам. Халықты жұмыспен қамту әрқашан басқарманың басты назарында болмақ.

Биыл «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын» жүзеге асыруға 8,5 млрд. теңге қарастырылған. Бағдарлама аясында мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде 25157 жұмыс орнын құру жоспарда бар. Жыл басынан жаңа өндірістердің ашылуы мен шағын кәсіпкерліктің дамуы есебінен өңірде 4298 жұмыс орны құрылған.

Отырыс соңында жиынға қатысушылардың ұсыныстары тыңдалып, хаттамаға енгізілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

КӨКЖИЕК

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау» бағыты бойынша жаңа оқу жылына 1535 білім алушы қабылданады.

СҰРАНЫСЫ КӨП КӘСІП

Олар білім берудің екі деңгейлі моделі бойынша оқытылады. Сонымен қатар, бағдарламаның «Жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және бағдарлар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқу» бағыты бойынша 3825 адам кәсіптік оқытуға тартылмақ. 2017 жылға барлығы 1,6 млрд. теңге қарастырылған, оның 308,4 млн. теңгесі мамандар даярлауға, 1264,1 млн. теңгесі қысқа мерзімді оқытуға бағытталуда. Қазіргі уақытта білім алушылардың тізімдерін реттеу үшін 19 мобильдік топ құрылды. Оқыту техникалық, технологиялық, ауылшаруашылық, сервис және қызмет көрсету бағыттарында 2017 жылғы 1 қыркүйекте басталады. Білім басқармасы колледждермен бірлесе отырып, екі деңгейлі модульдік интеграциялық оқу жоспарларын дайындауда. Өңірлік комиссиямен 45 колледж, 43 жұмысшы мамандықтың тізбесі бекітілген.

Қысқа мерзімді курстарда жұмысшы мамандарды даярлау үшін 19 аудан мен қалада өңірлік комиссиялар құрылған. Экономика салаларының сұранысына байланысты жұмысшы мамандарды даярлау бойынша мамандықтардың және оқу орындарының тізбелері белгіленді. Оқыту 42 колледже, 3 оқу орталығында өткізіледі. Өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып қысқа мерзімді оқытудың жұмыс жоспары бекітілді. 2017 жылдың 3 сәуірінен бастап 25 колледжде, 2 оқу орталығында 39 мамандық бойынша 2491 адам қысқа мерзімді оқумен қамтылды (оқу мерзімі 1-6 айға дейін). Кәсіптік білім алуға ниетті азаматтар аудандық, қалалық жұмыспен қамту орталықтары мен білім бөлімдерінен қажетті ақпарат ала алады.

А. ТОПАНТАЙҚЫЗЫ.

Қазақстан 2050

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Медициналық қызметті жандандырудың бір жолы – мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орнату. Облыстық денсаулық сақтау басқармасында өткен жиында емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық сапасын көтерудің жаңа әдістері мәлім етілді. Жиынды облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар жүргізіп, ауруханалар мен емханаларды сапалы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жайымен таныстырды.

САПАЛЫ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

Өлке халқының саны жыл санап артып келеді. Соған орай әлеуметтік сала жұмысы жандануда. «Денсаулық» бағдарламасы іске асырылуда. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша көптеген игі істер атқарылмақшы. «Барлықтарыңыз алдағы уақытта жекеменшіктермен бірлесіп жұмыс істейтін боласыздар. Құрал-жабдықтарды алу үшін жекеменшік фирмалармен әріптестік келісімшарттар жасасуымыз керек», – деді Жақсылық Мұқашұлы жағдайды түсіндіріп. Мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында аурухана, емханаларға жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мекемелер жаңартылып жатқанымен, атқарылуы тиіс шаралар әлі де шаш етектен. Облыс бойынша, 175 нысанға күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуі тиіс.

Бұл орайда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиев: «Облыстық инсульт орталығына ангиограф керек. Сондай-ақ, Алматыдағы көпсалалы клиникаға магниттік-резонанстық томография алу да өзекті мәселе. Қарасай аудандық орталық ауруханасына компьютерлік томография, кардиология орталығына ангиограф, Қаскелең мен Талдықорған қалаларына 500 адамдық екі емхана тұрғызу кезек күттірмес мәселе», – деді.

Жиында «Казмедтех» медициналық жабдықпен қамтамасыз ету акционерлік қоғамы өз мүмкіндіктерімен таныстырды. Олар ангиограф, томография қондырғыларын бес жылға дейін лизингпен береді. Сондай-ақ, жиында «Жедел жәрдем» станысын да сатып алу мәселесі көтерілді.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ.

Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіруді мақсат еткен қазақ елі үшін халықтың өмір сүру ұзақтығын қамтамасыз ету, тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру мәселелері өзекті болып қала бермек. Бұл орайда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды жүзеге асырудың да маңызы зор.

Kemicy
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Күні кеше Қарасай ауданына қарасты Үшқоңыр ауылының Мәдениет үйінде өткен алқалы басқосу денсаулық сақтау жүйесіне енгізілмекші осы бір жаңалықты халыққа насихаттауға, оның артықшылықтары мен тиімді тұстарын түсіндіруге арналған болатын. Жиынды ашып, жүргізіп отырған аудан әкімі Махаббат Бигелдиев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлт жоспары – 100 қадам стратегиясының 80 – 83 қадамдарында көрсетілгендей, дамыған елдердің тәжірибесінде кең қолданылатын медициналық сақтандыру жүйесінің тиімді әрі ұтымды жақтары алынып, жергілікті факторларды ескере келе әзірленген жобаны жүзеге асырудың жолдарына тоқталды.

– Қазір еліміз бойынша осы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізу мәселелері жан-жақты талқылануда, – деді Махаббат Сәдуақасұлы сөзін сабақтап Азаматтар табыстарының белгілі бір мөлшерін өз денсаулықтарын жақсарту мен медициналық қызмет алу үшін арнайы қорға аударып отыруға міндеттеледі. Осы шара қалай жүзеге асырылмақшы және дәрігерлік көмектің қолжетімділігі жайлы мамандар нақтылы айтып беретін болады. Бұл жүйе 1 шілдеден бастап ішінара қолданысқа енгізіле бастаса, 2018 жылдың 1 қаңтарынан толық жүзеге асырылмақшы.

Жиынға қатысып отырған Үшқоңыр ауылдық округінің активі, қоғамдық ұйымдардың мүшелері, мұғалімдер мен дәрігерлер, ауылдың тұрғындары алдында аудандық ауруханаңың ақпараттық сараптау орталығының басшысы Ербол Дүйсебаев баяндама жасап, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың қазақстандық жобасы, оның халық үшін тиімді тұстары аудан көлемінде осы жүйені жүзеге асыру барысында атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде жан-жақты хабарлама жасады.

Соңынан Ербол Қанатұлы тұрғындардың медициналық сақтандырудың жекелеген мәселелері төңірегінде қойған сұрақтарына жауап берді.

Қарасай ауданы.



Электрлік тартылыс күші бар «Формула Е» жарыс автомобилі ЭКСПО – 2017-нің Германиядағы павильонына қойылады. Бұл жайында германиялық өнертапқыш Андреас Хорбельт хабарлады. Оның айтуынша, тартылыс күші бар мұндай автомобильдер жаңа көлік жасаудың таптырмас көзі болып саналады.

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАРТУ

– Жаңғырмалы энергия көзінен қуат алатын электрлі тартылыс күшіне ие қозғалыс құралы – ауа райына зияны тимейтін жаңа көлік жасап шығарудың таптырмас көзі. Біздің павильондарда лимузин, «Формула Е» жарыс автокөлігі және электр жетекті қос дөңгелекті көліктер қойылатын болады, – деді Андреас Хорбельт.


Адреас Хорбельт ЭКСПО – 2017 көрмесінде Германия павильонында «Болашақтың қаласына» кеңінен үңілуге мүмкіндік болатынын да айта кетті. Оның айтуынша, неміс павильондарында тұрғын үй мен көлік жайын жақсартуға және жаңартуға қатысты тың дүниелер ұсынылатын көрінеді. Көрмеге келушілерге электромобильдер мен энергия алу үшін шығыннан гөрі қуат көзін көбірек бөлетін балдырлармен көмкерілген үйалды жиектері бар «ақылды үй» де ұсынылмақ.


Осы тұста көрме аясында Дю Солей циркінің қойылымы да көрсетіледі. Оның билеттері 10 мамырдан бастап сатылымға шықты. Штаб-пәтері Канаданың Монреаль қаласында орналасқан дю Солей циркі қазіргі таңда ойын-сауық индустриясындағы алып компаниялардың бірі саналады. Цирк ұжымында әлемнің 50 елінен жиналған 4000-ға жуық адам еңбек етеді, оның 1300-і әртіс. Әлемге әйгілі цирк осы уақытқа дейін 400-ден астам шаһарда өнер көрсетіп үлгеріпті. Енді олар ЭКСПО – 2017 аясында алғаш рет Астанаға жол тартпақ.

Қазақстанның бай мәдениеті мен тарихынан және «Болашақ энергиясы» атты көрме тақырыбынан шабыттанған цирк әртістері Астана тұрғындары мен қонақтары үшін арнайы эксклюзивті «REFLEKT» шоу-бағдарламасын дайындап жатыр.

Таңғажайып қойылымда қазақ халқының мәдени мұрасы мен болашаққа деген заманауи көзқарас өзара үндестік табады. Жалпы, көрме басталып, аяқталғанға дейін 71 қойылым жоспарланып отыр. Цирк қонақтары бірегей шоуды арнайы жабдықталған үшбұрыш төріздес павильонда тамашалай алады. Оның сыйымдылығы 2000 көрерменге жоспарланған. Қойылым тұсаукесері көрме алаңында 16 маусымда өтпек. Егер қойылымның көрермені болғыңыз келсе 4000 теңгеден басталатын билет сатып алуыңыз қажет.

Қ. ОМАРАҚЫН.





Көпсалалы ауруханада бас дәрігерлер міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру жүйесіне ену тақырыбында жиналыс өткізді. Басқосуда Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруды жүзеге асыру жөніндегі штабтың мүшесі Құрал Құрақбаев жаңа бағдарламаны халыққа түсіндірудің қыр-сырын, әдіс-тәсілін айтып берді.

ТҮСІНДІРУ ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Kemicy
Гүлжан ТҰРСЫН

Міндетті сақтандыруды қарапайым халыққа түсіндіру әлі де өз дәрежесінде жүрмей жатыр. Емханаларға тіркелу басталғанымен, ел көлемінде өз емдеу мекемесін таңдағандар саны бар-жоғы 100 мың адам. Кім қайда тіркеледі, оның қандай заңдылықтары бар? Қай мекемені таңдағаны дұрыс? Осы жайында халықты ақпараттандыру әлі де кемшін. Құрал Құрақбайұлының айтуынша, жер-жерлерде бірнеше адамнан тұратын түсіндіру тобы құрылды. Олар медицина мамандары мен ауыл әкімдері. Түсіндірушілер көпшілікке сауалнама үлестіріп, жауап берушілердің талап-тілегін мұқият зерттеуі тиіс. Әсіресе, әлеуметтік әлсіз топтар ерекше ескерілуі керек. Сондай-ақ, сауалнамада жауап берушінің аты-жөні, құжаты жазылмағаны абзал. Себебі, құжаты сұралса адамдар жалтақтап, өз ойын батыл айтпайды.

Бір таңғаларлығы, осы күнге дейінгі жүргізілген сауалнамада жұмыссыздар қатарын 25-29 жас аралығындағы жас жігіттер мен қыздар құраған. Жиында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың артықшылығын халыққа түсіндіру жайы айтылды. Болашақта алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына кіру үшін міндетті түрде медициналық сақтандыруды күн тәртібіне енгізуіміз керек. Қор жұмысын бастаған соң медициналық мекемелердің қызмет көрсетуі жақсарады. Себебі, қор қаржысы тіркелген адамның санына қарай бөлінеді. Мұнда емхананы таңдау өз құзырында болғандықтан, сапалы қызмет көрсететіндерді ғана іздейтініміз рас. Қордан түскен қаржыға заманауи технологиялар сатып алынады. Талап күшейеді. Қаржының жұмсалуы қатаң қадағаланады. Мұның барлығы айналып келгенде жұртшылықтың дұрыс ем алуы үшін жасалып жатқан игі қадам болмақ. Ендеше, әрбір тұрғын емханасын таңдап, тіркелуге асығу керек.

ФЕСТИВАЛЬ

ҚАЗАҚСТАН – қызғалдақтың Отаны



Адамның көңілін көтеріп, жанын жадырататын табиғи гүлдердің ішінде қызғалдақтың орны бөлек. Өйткені, көз жауын алатын қызғалдақтың Отаны Голландия емес, Қазақстан екендігін біле жүргеніміз абзал.

Kemicy
Ұлбосын ИСАБЕК

Осыған орай, Алматы қаласының Орталық саябағында аталған тақырыпта қызғалдақтар фестивалі өтті. Мәні зор мәдени шараға Алматы қаласының табиғи ресурстарды реттеу және қалалық білім беру басқармасы, Медеу ауданының әкімшілігі, сондай-ақ, «Грин Ланд» ЖШС бірлесе отырып ұйымдастырды. Гүлмен көмкерілген саябаққа жиылған жұрттың қарасы қалың болды.

– Аталмыш фестивальдің басты мақсаты – тұрғындардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, қызғалдақтың шығу тарихымен таныстыру. Қызғалдақтың Отаны болып табылатын елімізде оның 30-ға жуық түрі өсіріледі. Оның ішінде 18-і Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Бұл дегеніміз, қызғалдақтың кейбір түрі жойылып бара жатқандығын білдіреді. Сол себепті де қызғалдақ – халқымыздың асыл мұрасы, біздің табиғи байлығымыз екенін жас өскіннің санасына сіңіруіміз қажет. Қызғалдақты Қазақстанның брендіне айналдыруымыз керек, – деді салтанатты шарада сөз алған «Грин Ланд» компаниясының директоры Гүлзада Қалдыбаева. Сондай-ақ, ол Президент саябағына 25 мың гүл отырғызғандықтарын тілге тиек етті.

Соның ішінде қызғалдақтың «Қазақстан Республикасы», «Президент Н. Назарбаев» деп аталатын жаңа екі сұрыбының отырғызылып, олардың аз күнде гүлдейтіндігін қуана жеткізді.

Фестиваль аясында жиылған жұрт саябаққа отырғызылған сан түрлі қызғалдақтардың композициясымен танысты. Сондай-ақ, «Қызғалдақ шеруі», «Мың бір қызғалдақ» атты шеберлік сағаттары өткізілді. Ал саусағынан өнер тамған балалар қызғалдақтың суретін салудан өзара сынға түсті.

Көгілдір көктемде көпшіліктің көңіліне қуаныш сыйлаған қызғалдақтар фестивалінің соңы мерекелік бағдарламаға ұласты. Онда қазақ эстрадасының жұлдыздары, «Отырар сазы» ұлт аспаптар оркестрі мен танымал би ұжымдары өнер көрсетті.

Қазақстанның даңқын шығаруға лайық отандық қызғалдақтың ел аумағында жаппай өсірілуін қамтамасыз етумен айналысып отырған «Грин Ланд» ЖШС ұжымы бұл фестивальдің жібін үзбей жылда жалғастындығын айтты.

Алматы қаласы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 55 (18331)
Сенбі, 20 мамыр, 2017 жыл.

ЕРТЕҢ — МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

МӘДЕНИЕТТІ ЕЛ – РУХТЫ ЕЛ

Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ мәдениет және өнер саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, үздіктерді марапаттады. Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан салтанатты жиынға аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары, аудандық музей, кітапхана, Мәдениет үйлерінің директорлары, халықтық ұжымдардың жетекшілері және аудан, қаладан ұсынылған «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясының иегерлері қатысты.

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Көпшілікті айтулы мерекемен құттықтаған өнір басшысы Амандық Ғаббасұлы:

– Мәдениет – ұлттың қуаты, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан рухани болмысы, ақыл-ой, парасаты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Мәдениет – елдің ең басты рухани байлығы, асыл мұрасы. Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, сол елдің еңсесі де биік болады», – деп атап өтті. Бүгінде Еуразияның ең бай да бірегей мәдениетінің қатарына қазақ мәдениетінің де кіргендігі біз үшін үлкен мақтаныш. Халқымыз: «Өнер – ұлттың жаны» дейді.Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады, – деп облыста атқарылған жұмыстар мен жетістіктердің көрсеткішін саралап шықты. *– Жетісу өлкесі – қасиетті өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың мекені. Қабан жырау, Ескелді, Балпық билерден бастау алып, Молықбай күйші, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Ілияс, Сара, Дәнеш, Мұқан сияқты саңлақтар көтерген өнердің тұғыры әрқашан биікте. Облысымыздың мәдениет саласының қызметкерлері ғасырлар бойы мұра болған асыл қазынаны – ұрпаққа жеткізу жолында ауқымды жұмыстар атқаруда.Өнерді құрметтеп, мәдениетті өркендету – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Бүгінгі ерекше мереке күні мәдениет пен өнер саласына еңбегі сіңген аға буын өкілдеріне айтар алғысымыз шексіз. Еліміздің биік рухы мен өркенден-өсуіне қызмет етіп, халықты тамаша өнермен қуанта беріңіздер! Бүгінгі күн – Тәуелсіз Қазақстанның, Мәңгілік Елдің келешегін кемел, болашағын жарқын ететін, өнерді ұлықтайтын жақсы күн болсын дегім келеді. Сіздердей зиялы қауым, өнер адамдарын құрметтей отырып, біз жастарды тәрбиелейміз. Баршаңызға шығармашылық табыс, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Әрдайым абыройларыңыз асқақ, мерейлеріңіз үстем, жұлдыздарыңыз жарық болсын демекпін! Береке құтты болсын!*

Өңірдің мәдениет саласының бюджеті 2015-2016 жылдарға қарағанда 40 пайызға өсіп, биылғы жылы 7,6 миллиард теңгені құрады. Бұл қаржының 2 миллиард 600 миллион теңгесі Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының жаңа ғимаратының құрылысына бөлінген. Сондай-ақ, мәдениет нысандарының күрделі жөндеу жұмыстары мен жобалық-сметалық құжаттарын жасатуға барлығы 870,2 миллион теңге бөлініп отыр. Жыл сайын жергілікті ақын-жазушылар мен өнер саласы қызметкерлеріне облыс бюджетінен арнайы стипендия беріліп, облыс әкімдігінің қолдауымен қаламгерлердің кітаптары шығып тұрады. Осындай қолдаудың арқасында жергілікті өнерпаздар халықаралық, республикалық, облыстық байқаулардан жүлделі оралып жүр. Мысалы, Шымкент қаласында өткен Ш. Қалдаяқов атындағы халықаралық байқаудан облыстық филармония әншісі Тілек Нағымбаев жүлделі 1-орынды иеленсе, Астана қаласында өткен «Ақ көгершін» халықаралық балалар шығармашылығы байқауына қатысқан үміткерлер облыстың намысын жоғары деңгейде қорғап қайтты. Тере берсек, Жетісу жерінің өнерпаздары қатысқан байқаулар мен фестивальдер өте көп.

Салтанатты шара аясында Б. Римова атындағы Талдықорған драма театрының әртісі Мұса Әжібеков, «Талдықорған әуендері» халықтық фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің әншісі Дәурен Оқапов, Текелі қалалық Мәдениет үйінің әдіскері «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ, облыстың мәдениеті мен өнеріне үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлерге ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар, өңірдің өркендеуі жолында еңбектенген мәдениет пен өнер қызметкерлеріне ұжымдарға «Үздік мәдениет қызметкері», «Үздік Мәдениет үйі», «Үздік кітапхана», «Үздік музей», «Үздік өнер ұжымы», «Үздік Халықтық», «Үлгілі ұжым», «Үздік театр әртісі», «Үздік қолөнер шебері» аталымдары берілді. Солардың арасынан Талдықорғандағы «Көркемсурет галереясы» мемлекеттік-коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Үздік облыстық мәдениет мекемесі» номинациясы бойынша марапатталып, «Лада Ларгус» автокөлігін иеленді. Үздіктерді облыс әкімі марапаттап, сыйлықтарын өз қолымен табыстады.

Салтанатты шара соңы мерекелік концертке ұласты.

ҚАБАНБАЙ БАТЫР — 325

ДАРАБОЗ БАТЫР ДИДАРЫ

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Ерлігімен, өрлігімен ел есінде қалған даңқты қолбасшы, батыр Қаракерей Қабанбайдың туғанына биыл 325 жыл. Абылай ханның өзі «Дарабоз» деп ат қойған, Бұхар жырау «Көкірек әулие» деп төбесіне көтерген, Түркістанда халқы «Хан Батыр» сайлаған, 103 жекпе-жектің бәрінде жеңіске жеткен бабадұр бабамыз қазақтың алып даласын ауыздықтан су ішіп, мұз жастана жүріп қорғаған.

Ұлы тұлғаның есімі елімізге ғана емес өзге мемлекеттерге де мәшһүр. Қытай мен Түркия елінде тас мүсінінің қойылуы – соның дәлелі. Қытайдың Іле аймағы Көлденең жайлауында 4257 метрлік биік шың «Қабанбай шыңы» деп аталады. Ал түркиялықтар тіпті Қабанбайды «мыңжылдықтағы бас батыр» деп таниды. Еліміздің әр өңірінде батырға арналған ескерткіштер қойылған. Соның бірі Талдықорған қаласының «Қаратал» шағын ауданында 2009 жылы бой көтерген еді. Бабамыздың 325 жылдығына орай облыс орталығында өтетін ғылыми-тәжірибелік конференцияға жиналған қауым алдымен осы ескерткішке барып тәу етіп, гүл шоқтарын қойды.

(Соңы 3-бетте).

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫЛЫС жұмыстарымен танысты

Талдықорған қаласында жуық арада құрылыс жұмысы аяқталып, ел игілігіне берілетін бірнеше маңызды нысан бар. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ сол нысандардың бірқатарымен танысып, инженерлік-техникалық жұмыстарда орын алған кемшіліктерге сын-ескертулер айтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Биыл қыркүйек айында облыс орталығында жабық бассейннің құрылысы басталады. Бассейннің жобасымен танысқан өнір басшысы жобалау барысында кеткен кейбір кемшілікті көрсетіп, біраз өзгерістер енгізуді тапсырды. Оның себебін «ПС Аксент» ЖШС-нің жобалаушысы Есім Мананов түсіндіріп берді. Оның айтуынша, нысан бұған дейін 84х50 метр аумаққа салынады деп жоспарланған. Алайда қала аумағының кеңеюіне, облыс орталығында бірде-бір халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізуге арналған бассейннің болмауына байланысты оның аумағы 120 х 90 метрге ұлғайтылып, қайта жобалау жүріп жатыр екен. Сонымен қатар, бассейн ғимаратының ішінен бұрын қарастырылмаған жуынатын орын мен жарыс кезінде дайындалуға арналған шағын бассейн салынбақшы. Бұл өзгерістер нысанды салу уақытында кедергі келтірмейді.

«Қаратал» шағын ауданындағы құрылыс жұмысы қызу жүріп жатқан ашық бассейннің де артық-ауыс тұстары көп. Әсіресе, тұрғындарға арналған орындықтар мен бассейнді жарықтандыру мақсатында орнатылған электр шамдары, мүгедектер пандусы облыс басшысының көңілінен шықпады. Оларды сапалы әрі әдемі етіп қайта салу керектігі тапсырылды.

Биыл Талдықорған қаласын газдандыру жұмысы қауырт қолға алынды. Алайда, облыс әкімі алдымен көшелерге газ құбырын тартып алып, содан кейін жөндеу жұмысымен айналысуды тапсырған болатын. Бұл қала жолдарын күрделі және ағымдағы жөндеу уақытын кешіктіруде. Аталмыш шара – жолды жөндеп алып, біткен істі қайта қазып жататын жағдайды алдын алу үшін жасалған қадам. Аталған тапсырма аясында нақты мысалдар келтірілді. Қаланың батыс кіреберісіне салынып жатқан арканың жобасы да облыс басшысы назарындағы нысан. Арканың бірнеше жобасы дайын. Оларды көріп шыққан Амандық Ғаббасұлы әрбір жобаның артықшылығы мен кемшілігін саралай келіп, классикалық бағытта дайындалған бір-екі жұмысты жоғары бағалады. Сондай-ақ, арканың айналасын абаттандыруға ерекше ден қоюды міндеттеді.

Талдықорған қаласының абаттандыру жұмысымен танысқан өнір басшысы бірқатар кемшілікті көрсетіп берді. Соның бірі – көпқабатты үйлердің ауласындағы ескірген ойын құрылғылары, тозығы жеткен суағарлар, қобырсып жатқан қоқыс жәшіктері. Бұл жағдай сәулетшілерді де алаңдата бастаған көрінеді. Олар алдағы уақытта қаладағы көпқабатты үйлердің ауласына қойылатын құрылғылар мен жол бойына егілетін ағаштардың түр-түрін, абаттандырудың заманауи үлгілерін облыс әкімінің назарына ұсынбақ. Сонымен қатар, мердігер компания өкілдері құрылыс материалдарының нысандарға орнатылатын жиһаздардың үлгісін таныстырып, сапасын көрсетті. Өңір басшысы жаңа құрылғылардың облыс орталығының табиғи жағдайына үйлесетіндерін таңдау керектігін ескертті. Кейбір нысанның ішкі безендірілуіне көңілі толмайтынын да жасырып қалмады. Әсіресе, Көрме үйінің ішкі қабырғаларын түрлі-түсті бояулармен әрлеудің нысанның әдемілігін арттыра түсетінін жеткізді.

Жұмыстың сапасына айрықша мән берген Амандық Ғаббасұлы жіберілген қателіктерді сынға алып, орынбасарлары мен мекеме, басқарма басшыларына, құрылыс компаниясының өкілдеріне көрсетілген кемшілікті белгілі уақыт шегінде түзетуді тапсырды.





Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Жылыту маусымы қорытындыланды

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалығымен өткен бұл жолғы жиында өткен жылыту маусымының қорытындысы талқыланып, алдағы қысқа дайындық барысы пысықталды. Мәжіліске облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық деңгейдегі басқарма, департамент басшылары, мәслихат хатшылары, аудан, қала әкімдері, салаға жауапты тұлғалар мен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының, кәсіподақ ұйымдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Амандық Ғаббасұлы алдымен күн тәртібінде қаралатын негізгі мәселелермен таныстырып, баяндама жасау үшін сөзді орынбасары Айдарбек Байжановқа берді. Айдарбек Естебекұлы өңір бойынша жылыту маусымының қалай өткенін баяндап, алдағы міндеттерге шолу жасады. Онда мәлім болғандай, өткен қысқа дайындық жұмыстары мен оны қалыпты өткізу үшін бюджет есебінен 4 млрд. 703 млн. теңге қаражат бөлініп, мақсатты жұмсалған. Нәтижесінде жоспарланған іс-шаралар толығымен орындалып, жылыту маусымының қалыпты өтуіне жағдай жасалған. Жылу беру маусымына барлығы 33 орталықтандырылған қазандық дайындалып, 38,7 шақырым жылу желілері жөнделген. Сонымен бірге 54,2 шақырым сумен жабдықтау жүйелері мен су кәріздері, 13 мың шақырым электр желілері қайта жаңғыртудан өткен.

Барлығы 2185 бюджеттік сала нысандары дайындалса, соның ішінде білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала нысандары мен көпқабатты тұрғын үйлер бар. Сұйық отынмен жылытылатын 94 бюджеттік сала нысандарында бірнеше қазандық ауыстырылып, автономды қазандықтар шығару бойынша жұмыстар жүргізілген. Заречный кентінде жаңа қазандық іске қосылып, қуаттылығы 21-ден 31 ГКалл/сағ.-қа арттырылған № 4 қазандық күрделі жөндеуден өткен.

Аталған салаға қатысты кемшіліктер де тізбектелді. Мәселен, сапасыз жылу энергиясының берілуі, білім беру нысандарында температуралық режімнің дұрыс сақталмауы сияқты мәселелер сынға алынып, берешек мәселелері сөз болды. Осы ретте облыс басшысы Текелі қаласы бойынша мерзімі өткен берешектің ең жоғары сомасының жинақталғанын сынға алып, бұл мәселені бір ай ішінде шешу керектігін тапсырды. Ал температуралық режимге байланысты жұмыстар әсіресе білім беру, денсаулық сақтау нысандарында жүйелі жүргізіліп, оны бақылауда ұстау қажеттігі айтылды. Көмір бағасының шарықтамауына да ден қойылып, осыған байланысты тиісті міндеттемелер берілді.

Алдағы қысты ойдағыдай өткізу үшін бюджеттен қарастырылып отырған қаржы көлемі де аз емес. Мәселен, бұл мақсатқа бюджет есебінен 5 млрд. 937 теңге қаражат бөлініп отыр. Соның ішінде 410 млн. теңге бюджеттік ұйымдардың жылу жүйелерін күрделі жөндеу мен қазандықтың қосалқы бөлшектерін, қалғаны отын сатып алуға жұмсалмақ. Бұдан өзге жылыту маусымына кәсіпорындардың 2 млрд. 34 млн. теңге жеке қаражаттары тартылмақ.

Жиын соңында Амандық Ғаббасұлы Талдықорған қаласындағы жаңа жылу электр орталығының құрылысы жоспарланған ұзақмерзімді жұмыс екенін, сол себепті бұл жобаның сәтті жүзеге жүзеге асуына, «Басқуат» қазандығын қайта жаңғырту істеріне, Ақсу ауданындағы қант зауытындағы ЖЭО қалақұраушы мекемеге айналып, Жансүгіров кентін жылумен, ыстық сумен толық қамтамасыз етуге, осының есебін жасап, ұсыныс енгізуге, сондай-ақ, облыс орталығын газдандыру мәселесіне назар аудару керектігін еске салып, жалпы жылу беру маусымының ойдағыдай өткенін сөз етті. Сөйтіп, жауапты тұлғаларға міндет жүктеп, бұл бағыттағы жұмыстарды мейлінше жандандырып, бақылауға алуды қадап тапсырды. Осыған байланысты проблемалар болып жатса, оны дер кезінде қолға алып, тиісінше жұмыстар жүргізу керектігін ескертті.

Облыс басшысы бұдан соң жылыту маусымын ойдағыдай аяқтаған аудандар мен қалалардың басшыларына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласының мамандары мен электр энергиясы, су және жылумен қамтамасыз ететін кәсіпорын қызметкерлеріне сый-құрмет көрсетіп, оларды облыс әкімдігінің Құрмет грамотасы, Алғыс хаты және түрлі дәрежедегі дипломдармен марапаттады. Мәселен, Балқаш ауданына арнайы техниканың кілті табысталып, Қаратал ауданына трактор, ал Талдықорған қаласы мен Жамбыл ауданына дизельді-генераторлық қондырғы берілді.

Баспасөз – 2017 АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН! Баспасөз – 2017

Баспасөзге 2017 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

Жайдарман жаңалықтың жаршысы – «Жетісу» газеті қырағы оқырмандарымен 99 жыл қауышып келеді.

Бұл – бір ғасырдың бүтін болмысы ата басылымның өн бойында аңқып тұр деген сөз. Бүгінгі ақпараттық технологияның дамыған шағында да газет өз мақсатын, өз мәртебесін, өз оқырманын жоғалтқан жоқ. Газет елу мың отбасының ой-таразысы, рухани азығы болып отыр. Мәнді де мәйекті пікір, байыпты да байламды сарап, тамырлы тарих, салиқалы сұхбат сіздің сүйікті басылымыңыз – «Жетісу» газетінде. Бізбен бірге болыңыз, патша көңілді оқырман!

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Жетісу» газеті редакциясына келіп, балама жазылып, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, онда:

№		6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	3250
2.	Зейнеткерлер үшін	1800
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	1900
4.	Жалпы жеке жазылу	2100



ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

№		Индексі	6 айға	
			қала	ауыл
1.	Заңды тұлғалар үшін	15469	4326,48	4636,08
2.	ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлер үшін	35469	2849,76	3159,36
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	45469	2972,16	3281,76
4.	Жалпы жеке жазылу	65469	3096,00	3405,60

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ТАЛАПКЕР НАЗАРЫНА!

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», – деген болатын.

Білім несиесін кепілдендіру

Қазақта «Білімді мыңды жығады», – деген сөз бар. Шындығында, білімдінің алмайтын қамалы жоқ. Әсіресе, бәсекелестік заманында бір ел басқа елден білімнің арқасында ғана озады. Сондықтан, білімді ұрпақ тәрбиелеу жеке адам үшін де аса маңызды. Яғни, болашағын ойлаған азамат ұрпағының білімді болуына ертеден қамдануы қажет. Сонымен бірге, ақпарат ғасырында кез келген тұлға терең білім мен үздіксіз ізденістер үдесінен шығуы керек.

Әрине, әрбір ата-ана өз баласын биіктен көргісі келеді. Бұл тек қазаққа ғана тән «синдром» емес. Әлемдегі барлық ата-ана өз баласының бақытты болашағын көзге елестетеді, көңілге түйеді. Дегенмен, баланың кішкентай кезінде әке-шешесі оның сұранысын қанағаттандыру үшін қиналмайды. Бала өскен сайын қажеттілігі де арта түседі. Сол үшін отағасы мен отанасы күні-түні тынбай еңбектенеді. Сөйтіп жүргенде балаларының мектепті бітіретін, үлкен өмірге жолдама алатын шағы келеді. Осы сәтте, перзентіне мықты мамандық алып беру әр ата-ананың басты парызы саналады. Кейбір бала өзінің білімімен озып, грант иесі атанып, әкешешесіне салмақ түсірмейді.

Әрине, кез келген талапкер бала кезден армандаған мамандықтың иесі атана алмауы мүмкін. «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» деген тәмсілге сүйенсек, кейде білімді оқушының өзі асқақ мұратына қол жеткізе алмайды. Сонда айлығы шайлығынан артылмайтын кейбір отбасылардың арманы күл-талқан болмай ма?! Әйтсе де кез келген ата-ана баласының оқуынан ақша аямайды. Өткен дәуірдің кескін-келбетін суреттеген кез келген көркем шығарманы парақтасаңыз үлкен қалаға оқу үшін аттанған балаға отбасы ғана емес, күллі ауыл тілектес болатын еді. Бүгінде сол ниеттестік мемлекет деңгейінде де сақталып отырғанына куәміз. Олай дейтініміз, **білім берудің жинақтау жүйесінің** қолайлылығы оқуға жұмсалатын шығынның бір бөлігін мемлекет өз мойнына алатындығында. Мұндай жүйе әлемнің біраз елдерінде, Бельгия, Канада, Малайзия, Нидерланд, Сингапур, Испания, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ-та бар. Ал енді тапқан ақшасы күнделікті тірліктен артылмайтын отбасылар арасында білім депозиті секілді ұтымды бағдарламаларды естімегендер де бар. Бұл кезде бар ауыртпалық ата-анаға түспей ме?! Үкімет тарапынан басқа да қолдау бар ма!? Әрине, бар.

Тағы бір маңызды әлеуметтік жоба ретінде «**Білім кредиттерін кепілдендіру**» бағдарламасын айтуға болады. Мұнда ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Қаржы орталығы» АҚ мемлекет атынан кепілдік беретін компания ретінде қызмет атқарады. Айта кетерлігі, білім кредиттерін кепілдендіру жүйесі бойынша «Қаржы орталығы» АҚ еліміздегі филиалдық желілері жұмыс істейді. Жеке тұлғаларды кредиттеу саласында оң тәжірибе жинақтаған бірқатар жетекші банктермен әріптестік орнатқан. Олардың ішінде «Тенгри банк» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Форте Банк» АҚ және «Ресей жинақ банкі» АҚ бар.

Білім кредиттерін кепілдендіруге қатысты студент-салымшыларға бірқатар талаптар белгіленіп отыр. Атап айтқанда, кредитке үміткер адам Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеуі болуы тиіс. Бұдан бөлек, салымшының орташа үлгеріміне де назар аударылады. Мәселен, үміткердің Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу бойынша сынағының нәтижесі 50 балдан кем болмауы тиіс. Емтихандық сессиялардың нәтижесі бойынша орташа балл 3,5-тен (5 балдық жүйе) және 1,33 балдан (GPA – кредиттік жүйесі) төмен болмағаны жөн. Білім несиесіне Қазақстан аумағында орналасқан барлық қазақстандық жоғары оқу орындарындағы студенттер қол жеткізе алады. Студент оқып жүрген уақытында кредиттің негізгі сомасын өтеуді кейінге шегеріп, тек пайыздық қарызын төлеу мүмкіндігіне ие бола алады. Бұл жүйеде ерекше жағдайлар болмаса, кредит үшін кепілге мүлік қою қарастырылмаған. Ал несиенің мөлшерінде шектеу жоқ. Ең бастысы, несие мөлшері оқу бағасынан асып кетпесе болғаны. Жалпы алғанда кредиттік тетік те өзінің тиімділігін дәлелдеді. Мәселен, бүгінгі таңда білім кредиттері бойынша шамамен 7 мыңнан астам салымшы «Қаржы орталығы» АҚ-ның кепілдігін алған. Жалпылама айтатын болсақ, білім кредитінің келесідей артықшылықтары бар: кепілзатсыз; кредит мерзімі 12 жылға дейін; кредиттің негізгі қарызын өтеу ЖОО-ды бітіргеннен соң 6 айдан кейін; кредиттің сомасы шектелмейді; тек Қазақстан ЖОО-ларында оқу үшін кредит беру. Әрине, бұдан бөлек, әр банктің өздерінің жеке талаптары, шарттары және ұсыныстары бар. Мәселен, «Форте банк» АҚ «Тұрар Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті» АҚ студенттерін ғана несиелендіреді.

Білім кредитінің тағы бір ерекшелігі, егер салымшы білім депозитинде оқуға төлеуге қажетті қаражаттың жартысынан астамын жинақтаған болса, онда мемлекеттің 100 пайыз кепілдік етуімен екінші деңгейлі банктерден кредит алу мүмкіндіктері ұсынылады.

Елбасымыз: «Құрметті отандастар! Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер» – деген болатын. Ал қазіргі таңда жастарға білімді болуға мүмкіндік басқа заманға қарағанда әлдеқайда жетерлік. Ол мүмкіндіктің бірі – білім беру несиелерін кепілдендіру бағдарламасы.

А. САТЫБАЛДИН,
ҚР Білім және ғылым министрлігі қаржы орталығының менеджері.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЕМДЕУ КЕШЕНІНІҢ кеңесі

Ораза тұту дегеніміз – жалпы денсаулық жағынан өте пайдалы үрдіс. Бүкіл организм демалады, тынығады, күш алады. Ми жұмысы жақсарады. Түрлі қысымдар себебінен нашарлап тұрған қан айналу жұмысы жеңілдейді. Іш-құрылыс органдары жұмысы ретке келеді. Бүкіл ағзадағы жан-жақты жақсарудан адамның қимыл-қозғалысы ширайды.

Әрбір ораза тұтуға ниетті адам ағзаны ай бойына ашығуға дайындық кезеңінен өткізгені жөн. Күнделікті күйкі тірліктен әбден қажып, шаршаған организм ораза тұту кезінде әлсіреп, жақсару есесіне одан әрі нашарлайды. Нәтижесінде ораза тұтуды тоқтатуға немесе ілініп-салынып күн санап, сағат санап ораза айының ақырын асыға күтетін жағдайға жетеді. Кейін де бірталай уақыт есін жиып, қалыпқа түсе алмай жүреді.

Күні бойына ашыққан адам шыдамсыздықпен ауыз-ашар кезде шектен тыс мөлшерде ас ішеді. Өз үйінде ішкені былай тұрсын, әр үй ауыз-ашарға шақырады. Сөйтіп жүргенде түн ортасы ауады. 1-2 сағат тынығып алып, сәресін ішуге қайта тұрады немесе сол қалпы ұйқысын қимайды әрі асқазаны ауырлап, толып, ішкен асы қорытылмай тұрғандықтан, тіпті, сәресі де ішілмейді. Күні бойына су да, дәрі-дәрмек те қабылдауға құқы жоқ. Ол аздай, "өмір – күрес" демекші, түрлі күйзелістерге түсіп қалатын жағдайлар да жоқ емес. Шаршау тағы бар, сөйткенше ауызашар уақыт та келеді. Әрі қарайғы ауыз бекітер кезге дейін адамның асқазаны ауырып, басы айналып, бүкіл денесі сыздап, аяқтарының жүргісі, қолдарының қимылдағысы, миының жұмыс істегісі келмейтіндей күйге түседі.



Осы кезде біздің, яғни "Сайлаухан" емдеу, қайта оңалту кешенінің әлемге әйгілі, теңдесі жоқ, ғалымдардың зерттеуінен өткен, түрлі халықаралық марапаттарға, сапа белгілеріне ие "Сайлаухан" емдік ауыз, ас суы сіздерге көмекке келеді.

Мекенжайымыз: Алматы қ., Афцинао көш., 34.
Тел: 8-707-203-60-35 (директор),
8 (727) 226-08-00, 8-701-179-06-06, 8-707-049-85-24
Instagram: Sailaukhan_nagyz_anyz_adam
Вконтакте: Сайлаухан Ауелбаева,
Facebook: Сайлаухан Ауелбаева,
Youtube: Сайлаухан Ауелбаева.

Жақсыбек КЕНЕШОВ, «Сайлаухан» емдеу, қайта оңалту кешенінің қызметкері.

Служба Центральных Коммуникаций

Халықаралық BI марафоны

Екінші халықаралық қайырымдылық BI марафоны 28 мамыр күні Астанада өтеді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «BI Group Development холдингі» басқармасының төрағасы Аманкелді Омаров хабарлады. Брифингке боксшы, Олимпиада чемпионы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Бақтияр Артаев, «BI-Жұлдызай» корпоративтік қорының директоры Гүлхан Исабаева, жеке кәсіпкер және марафоншы Ақмарал Мейірман қатысты.

Жетісу

Қажет АНДАС

Шара аясында басқарма төрағасы «BI Group» компаниясы елдің халық арасында бұқаралық спортты дамыту бойынша саясатын белсенді түрде қолдайтынын айта келіп, компания басшылығының спорт шараларын қаржыландырып және жоғары нәтиже көрсеткен спортшыларды марапаттап, мыңдаған ұжымды салауатты өмір салтына баулитынын жеткізді.

Марафонға қатысу арқылы әрбір адам қайырымды іс жасай алады. Жиналған барлық қаражат «BI-Жұлдызай» қайырымдылық қорына жіберіледі. 2004 жылдан бастап қор мүгедек балаларға, сондай-ақ, балалар мекемелері мен ауруханаларға материалдық және әлеуметтік көмек көрсетіп келеді. Қор шетелден жоғары білікті мамандарды шақыра отырып, емделіп жатқан балаларға хирургиялық ота жасайды. 2,5 жылдың ішінде сал ауруына шалдыққан үш жүзден астам қазақстандық балаға ота жасалды, 1000-нан астам оңалту курсы жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік, «BI-Марафоны» өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылды. Жиналған қаражатқа сал ауруына шалдыққан балаларды емдеу үшін медициналық жабдықтар сатып алынды. Олар Астанадағы «BI-Жұлдызай» медициналық оңалту орталығында балалардың емдік іс-шараларына қолданылып келеді.

Алдағы уақытта өтетін марафоннан түскен қаржы да осындай игілікті істердің қатарын толтыратын болады.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Бала бақыты

Бақыт... «Бақыт деген не?» деп сұрадым өзімнен де, өзгеден де. Бақыт деген біреулер үшін бала болса, біреулер үшін байлық.

Біреулер бақытты абырой, даңқ деп түсінсе, енді біреуі мықты денсаулық деп біледі. Әрине, мұның бәрін бақыт деп айтуға болар. Ал менен өзге біреу «Бақыт деген не?» деп сұраса, қолда барды бағалау дер едім.

Нақтырақ айтар болсам, бақыт деген анаңды құрметтеп, бағалау. Бұл әлемде ананың жылы алақаны мен мейіріміне жетер ештеңе жоқ! Әрбір ана «баламның табанына кірген тікен менің маңдайыма қадалсын» дейді. Баласы ауырса түн ұйқысын төрт бөліп, ем-домын жасап, алаңдайтын жанашыр адам – ол ана!

Ана деген үш-ақ әріп, бірақ қаншама махаббат, мейірім тұнып тұрған сөз десеңші! Ана – мен үшін киелі. Себебі, «ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді». Менің сөзіме дәлел іздесеңіз, балалар үйіне барыңыз да «Бақыт» деген не деп сұраңыз. Ондағы балалар жүздеріне, жүректеріне жылу келгендей болып, «Бақыт деген ананың жанында болу, ол ананың мейірімі ғой» дер еді. Ал, біз ше? Анамыздың қадірін білмейміз, сөзін көтере алмай, ренжітеміз. Әрине, көпке топырақ шашпаймын. Аналарын қадірлеп, қастерлеп, құрметтеп жататындар да бар. Оларды толық бақытты жандар деуге болады. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Сондықтан да барымызды бағалайық, анамызды жерге қаратпайық, өзгеге баласын сынатпайық, ешқашанда жылатпайық.

Ана деген көркем сөз,
бітпес дастан,
Ана деген жүрегі алтын,
асыл тастан.
Балаға деген көңілі
даркан даладай,
Ана деген кең дария, ашық аспан.

Талшын НҰРТІЛЕУ.
Талдықорған.

ЕСКЕ АЛУ



Қаратал ауданының Үштөбе ауылында ғұмыр кешкен асыл досымыз Сатаев Төлеген Исатайұлын сағынышпен еске аламыз. Тірі болса ол бүгінде 65 жасқа толар еді. Амал қанша, аққөңіл де ақпейіл, айналасындағының бәрін бауыр көріп, жақын тұтып жүретін ғазиз досымыз, жігіттің төресі дерліктей атпал азамат осыдан алты жыл бұрын өмірден өтті.

Төлеген Исатайұлы қазақтың киіз үйін шығаратын зауытта шаруашылық басшысы болып еңбек етіп, аталған өндіріс жабылған соң кәсіпкерлікпен айналысты. Зайыбы Майра екеуі заманаға сай ұрпақ тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Бүгінде ұл-қыздарынан 3 немере өсіп келеді.

Тірі болсаң, шаттыққа
Толып әбден кенерең,
Бейнетіңнің зейнетін
Көретұғын ғажап жас –
65-ке келер ең.

Амал қанша, тағдырың
Ұзақ ғұмыр қимады.

Орның қалды ойсырап,
Жүрек шіркін сыздауда.
Жаны жақсы қайран дос,
Ұмытылмас әз бейнең
Тіршілікте біз барда.

Азамат ең ақпейіл
Үзілмеген думаны.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: достары – **Айдархан, Ғалымжан, Аян, Әмірхан, Ықылас, Серік.**

ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

«Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» облыстық конкурсын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» облыстық конкурсы (бұдан әрі – конкурс) облыстағы мемлекеттік органдарының іс қағаздарын жүргізу саласында мемлекеттік тілдің рөлін арттыруға бағытталған.

2. Конкурсты өткізудің мақсаттары:

1) мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және дамыту;

2) мемлекеттік тілді қолданудың беделін арттыру;

3) мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру.

3. Конкурс мемлекеттік тілде өтеді.

4. Конкурсқа тиісті мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерінен құралған үш адамнан тұратын командалар қатысады.

2. Байқауды өткізудің тәртібі

5. Алматы облысы әкімдігінің Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) конкурстың ұйымдастырушысы.

6. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Басқарманың интернет-ресурсында орналастырылады.

7. Мемлекеттік органдар осы Қағиданың қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысуы үшін өтінімді Басқармаға 2017 жылғы 1 шілдеге дейін ұсынады.

8. Конкурс мынадай тапсырмалардан тұрады:

1) «Сәлемдесу»: команда атауы мен ұраны (үш минуттан көп емес);

2) «Жер-судың аты – тарихтың хаты»: командаларға лэд-экраннан танымал жерлердің (мысалы, Оқжетпес, Қарқаралы, Жетісу т.б.) суреттерін көрсеткеннен кейін олардың атауларын анықтап, қысқаша тарихын айтып берулері тиіс;

3) «Қазақ сөзі»:

– мемлекеттік тіл туралы басталған қанатты сөздерді командалар аяқтайды (үш минуттан көп емес);

– тілдерді дамыту саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы сұрақтарға жауап береді (үш минуттан көп емес);

4) «Үй жұмысы»: «Мәңгілік Ел – Мәртебелі тіл» тақырыбында командалар музыкалық және театрландырылған қойылымдарды көрсетеді *(бес минуттан көп емес).*

3. Қорытынды ережелер

9. Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау үшін білікті мамандарынан, ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінен қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасы бес адамнан тұрады. Оның құрамын Басқарма анықтайды.

10. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалау кезінде төмендегі талаптарды ескереді:

1) сөйлеу мәдениеті;

2) дұрыс айтылуы;

3) жауаптың толықтығы мен нормативтік құқықтық актілерді білуі;

4) сахналық образы.

11. Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы дипломдармен, алғысхаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

12. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Басқарманың интернет-ресурсында орналастырылады.

Байланыс телефондары:
8 (7282) 400-161, 400-156, 400-160.

Құрметті Алматы облысының тұрғындары!

Алматы облысының Әділет департаменті **2017 жылдың 25 мамырында сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін** азаматтарға адвокаттық тегін заң кеңесін беру мақсатында Ашық есік күнін өткізетінін хабарлайды.

Осы іс-шараның шеңберінде барлық өтініш білдірген азаматтарға адвокаттық тегін құқықтық көмегі көрсетіліп, қолданыстағы заңнама нормаларына түсініктемелер беріледі.

Заң кеңесін алуға ниет білдірген барлық азаматтарды Ашық есік күніне қатысуға шақырамыз.

Мекенжайымыз: Талдықорған қаласы, Қаблиса Жырау көшесі, №69, облыстық адвокаттар алқасының ғимаратында жүзеге асырылады. Байланыс нөмірі:

8(7282) 24-01-47, 24-40-33, 24-32-54.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы» Заңына сәйкес облыс бойынша 2017 жылға заң көмегін көрсететін адвокаттар тізімі:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына берілген лицензияның нөмірі және күні	Адвокаттық қызмет мекемесінің нысаны	Қызметтік кеңсенің атауы және орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Дюсембаев Сагиндык Асманович	№17006745 от 18.04.2017 г.	Талғар аудандық заң кеңсесі	**Алматы облыстық адвокаттар алқасы** *Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Асан қайғы көшесі, 70-үй*	8 747 804 51 78
2	Тлеукеев Ермек Нурмуханбетович	№12019991 от 28.12.2012 г.	Талғар аудандық заң кеңсесі	**Алматы облыстық адвокаттар алқасы** *Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Асан қайғы көшесі, 70-үй*	8 701 653 46 93
3	Каметов Ринат Исаханович	№16015684 от 12.101.2016 г.	№1 Орталық заң кеңсесі	**Алматы облыстық адвокаттар алқасы** *Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 53-үй, 1-пәтер*	8 701 900 43 02

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры: Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор: Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37, 279-13-86.

Меншікті тілшілер: Панфилов – 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы – 8-777-016-44-11, Жамбыл – 8-701-254-97-55, Талғар – 8-701-400-28-49, Қарасай – 8-701-347-60-32, Еңбекшіқазақ – 8-701-212-00-96.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 763.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 58454, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 34 502.
Индексі — 33 374.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚОШ, АЯУЛЫ МЕКТЕБІМ!

Бүгін білім ошақтарында соңғы қоңырау соғылады



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

✸ Облысымыз бойынша 14 177 түлек алтын ұя мектебінен түлеп ұшады, оның 9877-сі Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға тілек білдірді.

✸ Биыл республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарына облыстан 210 оқушы қатысып, 82 медаль иеленді, оның 13-і алтын, 35-і күміс, 34-і қола медаль.

✸ Алматы қаласында өткен республикалық ғылыми жобалар байқауына облысымыздан 34 оқушы қатысып, 10 жоба жүлделі орынды иеленді. Байқаудағы жоғары жетістігі үшін Кербұлақ ауданының №49 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Абзал Айтмолданов «Үздік ауыл оқушысы» дипломымен марапатталды.

✸ Павлодар, Ақтау қалаларында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиадасына 71 оқушы қатысып, 5 алтын, 11 күміс, 12 қола медальға ие болды. Қорытынды есепте облысымыздың құрама командасы жүлделі II орынды жеңіп алып, «Үздік олимпиадалық команда» атағын тағы да растады.

ТҮЛЕК СЫРЫ

Ұстаз болу — ізгі арманым

Ұстаз... Осы бір сөзді айтқанда жан дүнием нұрланып, ерекше сезімге бөленемін. Алтын ұя мектебіме деген сағыныш кеудемді кернейді. Балалық балғын шағым, білім берген апайларым мен ағайларым көз алдыма келе қалады.

Әсіресе қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген апайым Салтанат Ідірісқызын қатты сағынамын. Ол кісі әр сабағын әсем қоңыр даусымен баурап алатындықтан білім теңізіне қалай сүңгіп кеткенімізді білмей де қалатынбыз. Ұстаздың бар бітім-болмысы, тұлғасы, жүріс-тұрысы, сөз саптау мәнері, дауыс ырғағы, бәрі-бәрі жүрегімізден өшпестей орын алған. Ол кісінің сабағында ешбір оқушы басқа нәрсемен айналысып отырмайтын. Бізге терең білім мен дұрыс бағыт-бағдар беруінің арқасында ҰБТ-дан бәріміз жоғары балл жинадық. Екі сыныптасымыз – Жұлдыз Балтамұратова мен Гауһар Төлеген «Алтын белгі» иегері атанды.

2013 жылы Талдықорған қаласында арнайы курста үш ай оқып, біліктілігін арттырған ұстазымыз біздің сыныпқа жаңаша әдіспен топтық жұмыс жүргізген еді. Бұл оқушыларға үлкен әсер етіп, бойымызда ерекше талпыныс пайда болды. Бәріміз жұмыла, бір-бірімізге сабақты түсіндіріп, берілген тапсырманы ізденіспен атқаруға ұмтылдық.

Салтанат апай бізге сынып жетекшісі болмаса да үнемі қамқор, ақылшы бола білді. Сол үшін де біз ол кісіні ерекше жақын тартатынбыз. Тіпті үзіліс кезінде де апайдың кабинетіне барып, өз пікірімізді ашық айтып, кеңесе алатын едік. Ұстазымыз да әр сұрағымызға жауап беруден жалықпайтын.

Апайыма тамсана қарай жүріп, ұстаз болсам деген арман жүрегімде бүр жарған еді. Бірақ, мектеп бітірер жылы әжем қатты ауырғандықтан мұғалім боламын деген арманымды ысырып, көңілім қаламаса да медицинаны таңдап, дәрігер болуға бел байладым. Бірақ дәрігер болу маған бұйырмаған сияқты. Медицина бойынша білім грантына іліге алмадым. Кеш болса да өз қателігімді түсіндім. Апайымның сөздері, берген тиянақты білімі мен әсерлі айтқан әңгімелері көңілімнен еш кетпеді. Ақыры, осы өзім сүйетін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі боламын деген тұжырымға келдім. Салтанат апай бізге білімді адамгершілікпен, таза сүйіспеншілікпен берді. Мен де шынайы алғысымды білдіре отырып, сіз секілді ұстаз болуды армандаймын дегім келеді.

Әлия НҰРҒАЛИЕВА,
Қазыбек бек бекетіндегі орта мектептің түлегі.
Жамбыл ауданы.

СЕМИНАР



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ЕГІНШІЛІККЕ ДЕН ҚОЙЫЛДЫ

Ақсу ауданына қарасты Алтынарық ауылында «Дала күні» көшпелі семинары өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров қатысты.

Жиын барысында майбұршақ дақылының қуаңшылыққа төзімді әрі өнімді тұқымдары көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар минералдық тыңайтқыштар мен зиянкестерге қарсы препараттардың да жаңа түрі таныстырылды. Бұдан бөлек ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында отандық тұқымға деген сенім нығайып, оған сұраныстың артып келе жатқаны, осыған орай алдағы жылдары тұқым шаруашылығын дамыту қажеттілігі айтылды.

Кездесу аясында Серікжан Ісләмұлы аграрлық сектордың өңір экономикасының қозғаушы күшіне айналуы керектігін, өйткені облыс халқының дені осы салада еңбек ететінін тілге тиек етті.

– Жалпы, бүгінде ақсулықтар майбұршақ пен қант қызылшасын өсіруге ден қойған. Ең бастысы, сұраныс бар. Облыс әкімдігінің қолдауымен Ақсу қант зауыты да іске қосылатын болады. Соның арқасында өңір экономикасы өркендеп, халықтың әл-ауқаты артады, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жансүгіров ауылдық округі аумағында 325 шаруа қожалығы бар. Құрамында 7 мыңға жуық адам еңбек етуде. Жансүгіров ауылдық округінің әкімі Болат Шәріповтің айтуынша, бүгінде шаруалар егіншілікке көптеп көңіл бөлуде. Өңір топырағының құнары да мол. Тиісті технологияның сақталуы өнім түсіміне айтарлықтай әсер етуде.

Семинар соңында шаруалар сала мамандарына өз сауалдарын қойып, жауаптар алды.

Қ. ӘБДІҒАПАР.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Ел өмірінде өзгеше мәні бар халықаралық көрменің ашылу салтанатына да аз уақыт қалды. «Тойдың болғанынан болмағысы қызық» демекші, дайындықты жан-жақты пысықтап, орын алған кемшіліктерді дер кезінде түзетіп, маңызды шараға тас-түйін дайын болған жөн. Елбасы айтқандай, «Бұл жұмыстарға ел болып жұмылуымыз керек». Президенттің бұл тапсырмасы өз деңгейінде атқарылып жатқанына күмәніміз жоқ. Бұл туралы жаңалықтарды Орталық коммуникация қызметінде өтіп жатқан игі шаралардан біліп келеміз.

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Жетісу
Қажет АНДАС

Осы тұста 70-ші Канн фестивалі аясында Қазақстанның ұлттық павильоны ашылатынын айта кеткеніміз жөн. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің апталық брифингі аясында ОКҚ ресми өкілі Оксана Лоскутова хабарлады.

– Каннда Қазақстанның ұлттық павильоны ашылады. 17 – 28 мамыр аралығында өтетін 70-ші Канн фестивалінде алғаш рет отандық киноиндустрияның өнімдері ұсынылады. Сондай-ақ, 19 мамыр күні павильонның ашылуы қарсаңында ресми қабылдаулар мен концерттер өтті. Аталған шараға елге белгілі жұлдыздар Айман Мұсаходжаева, Димаш Құдайберген қатысып, өз өнерін көрсетеді, – деді ол.

Спикердің айтуынша, 19 – 21 мамыр аралығында қазақстандық делегация Минск қаласында 8-ші MILEX – 2017 қару-жарақ пен әскери техникалардың халықаралық көрмесіне қатысады. Мұнда да көрменің әлеуетін өсіретін бірқатар кездесулер өтпек.

Тағы бір айта кетерлігі, бюджеті аз еуропалық әуе компаниялары ЭКСПО – 2017 көрмесінен кейін де Астанадан тұрақты әуе сапарларын жалғастыратын болады. Оның нақты себебін Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен апталық брифинг аясында ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің ресми өкілі Мұрат Жұманбай хабарлады.

– ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесін өткізу уақытында Астана үшін «ашық аспан» тәртібі енгізілді. Барлық шетелдік әуетасымал аптасына Астанаға 7 рейстен ұшу құқығын ұсынатын болады, – деді спикер.

Мұрат Жұманбайдың айтуынша, жаңа рейстердің ашылуы шетел әуекомпанияларының коммерциялық дайындығы мен ниеттеріне байланысты.

– Бүгінгі таңда жаңа ұшу сапарларын орындау мақсатында шетелдік әуекомпаниялар тіркеуден өтуде. Бірқатар компанияға осындай құқық берілді, – деді ол.

«FinnAIR» әуекомпаниясы көрменің өткізілу уақытында Хельсинкиден Астанаға аптасына 2 рейстен жасауды жоспарлауда. 7 маусымнан бастап «WizzAir» әуекомпаниясы Будапештен аптасына 2 рейс, 24 мамырдан бастап «LOT Polish Airlines» Варшавадан аптасына 4 әуе сапарын, маусымнан бастап «Air China» Пекиннен аптасына 3 рейстен жасайды.

– Егер қолға алынған «ашық аспан» тәртібі оң нәтиже беретін болса, жоғарыда аталған әуе компанияларының жұмысы көрме аяқталғаннан кейін де ұзартылуы мүмкін», – деді Мұрат Жұманбай.

БРИФИНГ

МУЗЕЙГЕ ТАРТУ

Республикада музейлер саны бойынша біздің облыс бірінші орында. Облыс тұрғындарына 22 музей, 2 галерея қызмет етуде.

Облыс әкімінің қолдауымен алты жыл ішінде 16 музейге жөндеу және безендіру жұмыстары жүргізіліп, музей қорлары жаңа экспонаттармен толықты.

Бұл туралы Алматы облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Рысжан Аязбаева айтты.

– *«Музалар ғибадатханасы», «ескілікті сақтаушы» немесе «көне құндылықты сақтайтын орын» деген мағынаны білдіретін музейлердің негізгі міндеті – жас ұрпақты тәрбиелеу, ұлт тарихын таныту. Әр музей құнды жәдігерлерімен, қайталанбас тарихымен ерекше. Облыс аумағындағы музейлер қоры 60 239 жәдігерді құрайды. Оның 30 081-і негізгі қорға, 30 158-і көмекші қорға жатады. Осы жәдігерлерге есеп пен сақтау жұмыстарының дұрыс жүргізілуін ұйымдастыру – кез келген музейге қойылатын басты талап*, – деді Рысжан Әбсеметқызы.

Жалпы, облыстағы музейлердің ішінен ең көне жәдігерлердің бірегейі деп бір шегесіз тұрғызылған Жаркент мешітін айтуға болады. 1946 жылы құрылған Ж. Жабаевтың, қазақтың тұңғыш саяхатшы-ғалымы Ш. Уәлихановтың, елімізде ең бірінші болып «Алтын адам» ескерткіші табылған Есік қаласындағы археологиялық-өлкетану, «Черкасск қорғанысы», М. Мақатаевтың және М. Төлебаевтың музейлері де көне жәдігерге толы. Қорларды толықтыру мақсатында «Музейге сый тарту» акциясы жарияланды. Нәтижесінде қала тұрғыны В. Агафонова музейлік маңызы бар орындық, жапқыш, кітап тапсырса, Б. Иманбаева 1983 жылы жасалған домбыра, С. Дәуталиев ардагерлер жайлы екі альбомды жас ұрпаққа арнап өткізген. 17 сәуір күні Талдықорған қаласының тумасы, бүгінгі күні Ресейдің Липецк қаласында тұратын Светлана Болдырева елге арнайы келіп, өзінің «60-шы жылдардағы фонтан» атты туындысын М. Тынышпаев музейіне сыйға тартты.

Ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейінің директоры Дәулет Шоқпаров брифингте ұлттық нақыштағы туындыларды жасайтын ұсталар жайын айтты. Біздің заманда ол дәстүрлі кәсіпті сақтай отырып, ата-бабасының ісін жалғастырып келеді. Қырыққа жуық шәкірт тәрбиелеген ұстаның айтуынша, қазір ауыл жастарының осы салаға деген қызығушылығы артуда. Ал «Жауынгерлік Даңқ» музейінің директоры Айдос Жампейісов ел басына күн туғанда елін, жерін жаудан қорғаған батырлардың ерлігі жайлы сыр шертетін музейдің бүгінгі келбеті жайлы баяндама жасады.

Е. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.

ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕР

Талдықорған қаласының жеткіншектері үшін биылғы жыл аса жемісті болды. Оқушылар сарайының ашылуы 2,5 мыңға жуық жеткіншектің қосымша білім, өнермен қамтылуына жол ашты. Балалардың оқу жылында қол жеткізген жетістіктерін саралау барысында Оқушылар сарайында шығармашылық есеп беру концерті өтті.

Шәкірттер бағындырған биік

Концертте қобыз, домбыра, фортепиано үйірмелерінде музыкалық қабілеттерін шыңдап жүрген балалар аспаптарда күй, шығарма ойнаса, вокал бойынша білім алып жатқан оқушылар әуелете ән шырқады. Ал хореография үйірмесінің жеткіншектері ең үздік билерін ұстаздар мен ата-аналар назарына ұсынды.

«Сән және дизайн» үйірмесінің талантты шәкірттері киім үлгілерінен сән көрсетсе, «Шебер қолдар» үйірмесі жеткіншектерінің қолынан шыққан әсем бұйымдар көрмеге қойылды.

Оқушылар сарайының талантты балдырғандары көптеген жетістікке қол жеткізді. Қосымша білім беру мекемесінің директоры, фортепьяно үйірмесінің жетекшісі Ләззат Есболова баулыған шәкірттер түрлі байқауда топ жарды. Атап айтар болсақ, «Болашаққа жол» өнер байқауында «Аспапта ойнау» жанры бойынша шәкірті Ернұр Абділдинов I орынды жеңіп алса, Аруна Тұрсынбай II орынды иеленді.

Оқушылар сарайы директорының орынбасары Алмагүл Арапованың жетекшілігімен «Жас қаламгер» үйірмесінің жеткіншектері де республикалық «Атадан мұра» байқауында жүлделі орындарды иеленіп, дипломдармен марапатталды.

Хореография үйірмесінің жетекшісі Г. Оспановаңың бастауымен «Арман-ай» тобы XII республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестивалінде және аймақтық «Үміт керуені» байқауында 1-орынды жеңіп алды.

Жаңылсын Абдуллина мен Хайырниса Базарбаеваның жетекшілігімен «Домбыра» үйірмесінің жеткіншектері Семей қаласында өткен халықаралық Л. Хамиди атындағы байқауда I орын тұғырынан көрінді.

«Сәнді қолөнер» үйірмесінің жетекшісі Нұргүл Ершатқызының шәкірті Қамқа Қизатова республикалық «Ғұмырдария» байқауының «Қолөнер» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом, республикалық «Болашаққа жол» өнер байқауының «Қолөнер» номинациясы бойынша Аяулым Мангазова I дәрежелі диплом иегері атанды.

Хореографиялық «Солнышко» би ансамблі республикалық «Болашаққа жол» балалар өнер байқауында I орынды иеленді. Ансамбль биыл жазда маусым айында Испанияда өтетін фестивальға дайындық үстінде.

Бұдан басқа да үйірмелер шәкірттерінің жетістіктері көп. Қорытынды есеп беру шарасында Оқушылар сарайының директоры Ләззат Есболова ұстаздар мен оқушыларды оқу жылын сәтті аяқтауымен құттықтап, дипломдар табыс етті. Жаз айында бастауыш сынып оқушылары үшін лагерь жұмысын бастайтынын айтып, шәкірттерді демалыс уақытын қызықты өткізуге шақырды.

А. ТОПАНТАЙҚЫЗЫ.

ЖҮРЕК СӨЗІ

Алтын ұямды қимаймын

Кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған балдырған едік, бүгін, міне, сол алтын ұямен қоштасатын сәт те келіп жетті.

Расында мектеппен қоштасу балалықпен қоштасу дегенді білдіре ме? Бірақ, әлі де өзімді балдәуреннің құмарына қанбай қалғандай сезінемін. Алаңсыз балалық шаққа не жетсін, шіркін?! Алғашқы және соңғы қоңырауға ерекше дайындықпен баратынбыз. Түрлі шаралар, сынып сағаттарын қызықты етіп өткізуге тырысатынбыз. Мектепке ертерек барып сыныптастарымызбен әңгімедүкен құруға, қоңырау уақытын асханада өткізуге асық едік. Енді біз үшін соңғы қоңырау соңғы рет соғылмақшы. Бұдан былай қызықты сәттеріміздің өткізген мынау мектебіміздің ауласында жарыса жүгіріп, партаға таласа-тармаса отырмаймыз. Он бір жыл бойы еркелігіміз бен тентектігімізді көтерген ұстаздарымыздың алдында тұрып, тақтаға шығып сабақ та айта алмаймыз. Енді мектеп біз үшін жауапты емес, бірақ біз оның алдында мәңгі қарыздар болып қаламыз. Ол қарызымызды алдымызға үлкен мақсат қойып, асқар асуларды бағындырып, еліміз үшін қызмет еткенде ғана өтеміз деп ойлаймын. Соған сай жақсы бір кәсіпті меңгеріп, ел-жұрт мақтан тұтатын маман болғым келеді. Бұл менің мәпелеп өсірген әке-шешемнің, ақылшы ұстаздарымның, алтын ұям мектебімнің алдындағы борышым деп білемін.

Мектеп қабырғасында өткізген әрбір күн, әрбір қырық бес минут балалық шағымның ең бақытты сәті болып қала бермек. Оны мәңді де сәнді өткізуге үлес қосқан, бойымызға асыл қасиеттер мен білім дәнін еккен ұстаздарымызға айтар алғысымыз шексіз. Біз сіздердің үміттеріңізді ақтайтын боламыз.

Әлия ҚАЛИЕВА,
Қабан жырау атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы.
Көксу ауданы.

ТЕМІРҚАЗЫҚ



Бастауышым – балбұлағым

Талдықорған қаласындағы №17 орта мектептің 4 «а» сынып оқушылары білім негізі саналатын бастауышпен қоштасса, оларға әріп танытқан ұстазы Жансая Қайратқызы өзінің алғашқы қарлығаштарын түлетіп ұшырды.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Осыдан төрт жыл бұрын мектеп табалдырығын құлдыраңдай аттаған бүлдіршіндер оқушылық өмірге қадам басқан еді. Жас маман Жансая Қайратқызы да дәл осы мектептен өзінің педагогикалық еңбек жолын бастаған. Бүгінде, міне, оқушылар ұстазына әбден бауыр басып, осы аралықта жазу-сызуға, мүдірмей оқып, ойларын еркін жеткізуге, сауатты сөйлеуге, есептерді оңай шығаруға төселді. Осы жылдарда ақыл-ойлары да толысып, өздеріне қажетті білім нәрін бойларына жинады. Оқудың келесі сатысына қадам басуға әбден лайық балдырғандармен ұстазы қимастықпен қоштасты.

Бастауышпен қоштасуға арналған салтанатты кеште оқушылар алған білімдері мен өнерлерін ортаға салды. Ұстаздарға арнаған тақпақтарын оқып, ән шырқап, би биледі. Әсерлі кештің куәсі болған мектеп директоры Раушан Нұрғалиева балалардың өнеріне ризашылығын білдіріп, бұл сыныптың білім көрсеткіші жоғары екенін атап өтті.

Ата-аналар да ұстазға алғысын жеткізіп, еңбегіне табыс тіледі. Білімнің ірге тасын қалайтын бастауыш сынып оқушыларының баянды болашағына жол ашса, білім нәрімен сусындатқан алғашқы ұстаздың да әр шәкірттің жүрегінде қалары анық.

МАҚТАНЫШ!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Ақмола облысының «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы екі жылда бір рет жас мұғалімдер арасында «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» атты жас педагогтардың республикалық байқауын ұйымдастырып, өткізеді. Бұл байқау талантты жас мұғалімдерді анықтауды, олардың кәсіби өсуін жандандыруды және әлеуметтік мәртебесін көтеруді көздейді.

ЖАҢАШЫЛ ЖАС МАМАН

Биыл республика бойынша өткен байқауға 65 педагог қатысты. Біздің облыстың намысын 3 жас маман қорғап, үшеуі де жүлделі орындарға ие болды.

Бұл байқаудың бір ерекшелігі – ұстаз бейтаныс сыныппен күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес сабақ өткізеді. Сабақ барысында біздің жас мамандарымыз сыныпта оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, жеке, жұптық, топтық жұмыстарды жүргізуде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мұғалімнің сабақта қолжетімді оқу мақсатын айқындау, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмаларды қолдану мен белсенді оқыту әдістерінің тиімді пайдалану критерийлерін басшылыққа ала отырып, қазылар алқасы қатысушылардың өткізген сабақтарын бағалады.

Соның нәтижесінде Талдықорған қаласы Е. Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектептің физика пәні мұғалімі Қанат Жақсыбаев ең жоғары 140 ұпайды жинап, Гран-приді жеңіп алды. Ал, Алакөл ауданы Үшарал қазақ гимназиясының технология пәні мұғалімі Ержан Омарханов III орынды иеленсе, Панфилов ауданы Пенжім орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Самал Кенжебекова «Үздік педагог» номинациясымен марапатталды.

Бұл жеңіс ешкімге оңайлықпен келген жоқ. Ерінбей еңбек еткеннің арқасында жастарымыз биіктерден көрінеді. Аталмыш байқауда аудандық, облыстық әдістемелік кабинеттердегі әдіскерлер де кәсіби қолдау мақсатында аянбай еңбек етті. Бұл – тынымсыз еңбектің, бірлескен жұмыстың жемісі.

«Ұстаздан шәкірт озар», – демекші белестерді бағындырған жастарға артар үмітіміз бен сеніміміз мол. Осындай білімді де білікті жас мамандарымыз егеменді елімізде болашақ жеткіншектерге білім берсе, алар асуымыз әлі де алда демекпіз. Ендеше, іске сәт, жас маман дегіміз келеді!

Облыстық әдістемелік кабинет.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Талдықорған қаласында «Өрлеу» БАҰО АОПҚБАИ ұйымдастыруымен информатика пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсы өтті.

ШЕБЕРЛІКТЕРІН ШЫҢДАДЫ

Курс барысында жаңартылған бағдарлама негізінде критерийалды бағалау, белсенді оқыту, саралау тапсырмалары, графикалық органайзерлер және сабақты жоспарлау кезінде педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдануды үйрендік. Спиральді білім беру бағдарламасының қарапайым идеялардан анағұрлым күрделіге қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік беретінін түсіндік. Критерий негізінде білім алушы сандық баға үшін емес, білім алу үшін оқитындығына көңіліміз толды.

Оқу бағдарламасын, жоспарын, қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды жасауды, мақсат қоюды, бағалау критерийлерін құруды, дескрипторларды жазуды үйрендік. Мұндағы жаңартылған жалпы білім беру бағдарламасының ерекшелігі оқушылардың бойында дағдыларды (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) дамытуға бағытталғанында. Ол бойынша ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту, рухани адамгершілік құндылықтарымен танысып, іске асыру жолдарын талқыладық.

Біздің білімге деген құштарлығымызды арттырып дәріс берген тренеріміз Фатима Наубатқызына айтар алғысымыз мол. Алдыңғы білімді жаңа біліммен салыстыра, ұштастыра отырып, түсінбегенімізді түсіндіруге, әр тыңдаушының біліктілігін көтеруге ықпал етті. Курсқа алғаш келген күннен бастап көкейімізде жүрген көп сауалдың жауабын алдық, жалпы білім беру мазмұнының өзгешелігімен, ерекшелігімен таныстық. Осы бағдарламаны іске асыру кезінде оқушыларымыздың өз ойларын еркін жеткізе алатын, сын тұрғысынан ойлайтын бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасатынын ұғындық.

А. АЛПЫСБЕКОВА,
Талапкер орта мектебінің мұғалімі,
Д. КОЖЕБАЕВА,
Қант зауыты орта мектебінің мұғалімі.
Алакөл ауданы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ қазаққа жат емес

Елбасы елімізді рухани жаңғыртудың жүйелі, жоспарлы бағдарламасын ұсынды. Өйткені әлем тарихындағы соңғы онжылдықтағы өзгерістер, ғылыми-техникалық жаңалықтар мен рухани, мәдени құндылықтардың көз ілестірмей өзгеруі жүріп жатқан заманда дамыған мемлекеттердің көш соңында қалып қалмау үшін біз рухани құндылықтарды да ұмытпауымыз керек. Сол жолда озық елдердің ортасынан ойып орын алу үшін технология мен инновацияға, экономиканың жаңа салалары мен инфрақұрылымды дамытуға көңіл бөлуіміз керек.



Ұлан-ғайыр даласының қарыс жерін қасық қаны қалғанша қорғап келген ата-бабамыздың ерлігін, асыл текті намысқойлығын ұрпақ бойына сіңіруде бұл бағдарламаның алатын орны ерекше. Қашанда халық қамын ойлаған, жеткіншек ұрпақтың білімді, білікті болып өсуін мақсат еткен, әр азаматтың бойына бала кезінен ізгілік пен ізеттілікті дарытуда ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген ұстаздар үлкен жұмыс атқаруда. Әрбір педагогикалық ұжымда бұл тарихи құнды құжат талқыланды. 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, латын әліпбиіне көшіру керектігі туралы да қызу қолдау жүріп жатыр. Өйткені қазақ халқы үшін латын әліпбиі жат құбылыс емес. 1926 жылы желтоқсан айында Қазақ атқару комитеті және халық ағарту комиссариатының ұйымдастыруымен қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жайлы кеңес өтіп, латын әліпбиі қазақ қоғамын Еуропа өркениетіне жақындатады деген пікір болған. Ал бүкіл қазақ зиялылары 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әліпбиін қолданған.

Қазақ әліпбиінің латын нұсқасын Түркиядағы және бірқатар Батыс елдеріндегі қазақ диаспорасы қолданады, бірақ оның ресми мәртебесі жоқ, сондықтан оны заңдастыру, көшу кестесін Елбасы Үкіметке тапсырды. Ендігі кезекте Үкіметтен нақты жоспарларды, нақты мерзімдерді, сапалы оқулықтарды, көрнекіліктерді күтеміз.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бала жас шыбық сияқты, қалай иілдірсең солай иіледі, сондықтан балаға латын әліпбиінен бастап кету қиындық тудырмайды. Мектепке қызметке келетін келешек ұстаз, бүгінгі студент жоғары оқу орнында жақсы меңгеріп келсе, мектеп ұстаздарын білімін жетілдіру институттарынан өткізіп алса бағдарламаның еш қиындықсыз іске асатыны сөзсіз. Өйткені қазір мектептерде ұстаздық қызмет атқарып жүрген 20 – 25 жастағы жас мамандар 2025 жылы нағыз мектептің тірегі, оқу- тәрбие үрдісін үйлесімді өткізетін тәжірибелі маман болары анық. «Ел иесіз, жер киесіз болмайды» демекші, осындай киелі жердің Нұрсұлтан Әбішұлындай иесінің, жанашырының, елін, жерін шексіз сүйген азаматымыздың барына мақтанамыз.

Ж. ҚҰЛАХМЕТОВА,
облыстық мәслихат депутаты,
Алмалы орта мектебінің директоры.
Сарқан ауданы.

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы жарияланды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік теледидар материалы»;
2) «Үздік радиоматериал»;
3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб., «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: 8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.president - foundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы «Рухани керуен» жобасы аясында арнайы жоспар жасап, өз жұмыстарын атқаруда. Солардың қатарынан Астанадан арнайы келген режиссер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақовтың жазушы А. Ихсанның теріс діни ағымдар жайлы «Хақ жолы» атты әлеуметтік драмасын көрермен назарына ұсынуын ерекше атауға болады.

РУХТЫ ЕЛ – МЫҚТЫ ЕЛ

Діни экстремизм мен теріс діни ағымдардың қоғамға, оның ішінде жастарға деген әсерін азайтуды мақсат еткен театр ұжымы 17 сәуір мен 5 мамыр аралығында аталмыш драмамен аудан, қалаларға гастрольдік иссапармен шығып, ел көңілін марқайтып қайтты.

Сонымен қатар, облысымыздағы басты өнер ұжымдары – Сүйінбай атындағы облыстық филармония мен «Құлансаз» фольклорлы-этнографиялық ансамблі осы мақсатта шалғай жатқан елді мекендерге тегін концерттер қойып, рухани кештердің ұйытқысы болды. Сондай-ақ, облыс аумағындағы қарттар үйлері мен жетім балалар үйлеріне де қайырымдылық концерттер берілді.

Жұмыс жоспарына сәйкес, облыстық С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы, аудан, қалалардың шалғай ауылдарына шығып, «Рухани керуен» жобасы аясында «Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы» атты кітап көрмесін, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Тарихы терең қазыналы өлке» буктрейлерін, «Сирек кездесетін кітаптар» слайд-шоуын, діни терроризм және экстремизмнің алдын алу үшін «Діни экстремизм – ғасыр індеті» атты ақпарат сағатын, халықтар достығын нығайтуға бағытталған «Қазақстан халқының байлығы – бірлікте» мерзімді басылым мақалаларынан библиографиялық дайджест, «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығына арналған танымдық сағаттар өткізді.

Одан бөлек, халқы тығыз орналасқан елді мекендерде аудандық, қалалық, ауылдық Мәдениет үйлері өнерпаздарының қатысуымен бірқатар мәдени-көпшілік шаралар, тарихи, діни құндылықтарды насихаттау мақсатында Ақсу, Балқаш, Ескелді, Көксу, Панфилов, Райымбек аудандары мен Талдықорған қаласында рухани тағылымдық шаралар, әдеби кештер, кездесулер, жастарға өнеге боларлық әңгіме сағаттары жүргізілді.

Қаһарман бабалар бойындағы батырлықты келер ұрпақ жадында қалдыру мақсатында ұйымдастырылған «Дарабоз батыр Қабанбай» атты ғылыми тәжірибелік конференция Қаракерей Қабанбай батырдың Талдықорғандағы ескерткішіне гүл шоғын қоюдан басталды. Облысқа белгілі ақсақалдар, зиялы қауым, ақын-жазушылар мен қала тұрғындары қатысқан конференцияда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті гуманитарлық факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты Амангелді Төлемісов, тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Ахмет Тоқтыбай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Какен Хамзин, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгеруішісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрдәулет Ақыш, Қаракерей Қабанбай батыр қоғамдық қорының төрағасы, кесене шырақшысы Камал Әбдрахман сөз сөйлеп, көпшіліктің көңілін серпілтті.

«Кітап – білім бұлағы», – деп бекер айтылмаған. Облыс әкімінің қолдауымен жыл сайын жергілікті ақын-жазушылардың кітаптарын шығару дәстүрге айналған. Биылғы жарты жылдықтың өзінде 39 автордың туындысы жарық көрді. Жергілікті ақын-жазушылар рухани керуен сапарымен өздерінің туған аудан, қалаларында кітаптарының тұсаукесерін ұйымдастыруда.

Алдағы уақытта рухани керуен көші Өзбекстан еліне жоспарланып отыр. Еларалық қарым-қатынасты арттырып, ұлттық өнеріміздің паш ету жолында жұмыстар жоспарлы түрде жалғаса береді.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ғимаратында қоғамдық қабылдау өтіп, облыстық білім басқармасының басшысы Ләззат Базарқұлова азаматтарды жеке мәселесі бойынша қабылдады.

Жетісу
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

БІЛІМ БАСШЫСЫ жауап берді

Бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып тұрған білім саласы бойынша сауалдар әр адамның көкейінде жүргені анық. Сондықтан да тұрғындардың облыстық білім басқармасы басшысына қоятын сауалдары аз болмады. Қоғамдық қабылдауға облыс бойынша бес адам тіркеліпті. Оның үшеуі арнайы басқарма басшысымен көзбе-көз тілдессе, екеуі онлайн режимінде байланысқа шықты.

Ләззат Тілеубайқызы Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылынан келген Жанғазы Жексенбаевты қабылдады. Жанғазы Жұманұлын толғандырып жүрген мәселе, Кербұлақ ауданында өнер мектебін ашу. Күреңбел өңірі өнерлі таланттар қанат қаққан киелі мекеннің бірі. Міне, осы аймақта өнер мектебі жас жеткіншектерді құшағына басса деген сауалына тұшымды жауап алды. Басқарма басшысы бұл мәселе алдағы уақытта шешімін табатынын жеткізді. Облыс әкімінің назарына іліккен, бүгінгі таңда қаражаты да есептеліп, мәслихат шешімін тауып отыр. Аудан басшылығы жекеменшік ғимаратты тауып, жалға алу мәселесі де шешімін табады дейді. «Өнер мектебін ұстап тұруға облыстық бюджеттен 29 млн. 460 мың теңге көлемінде қаражат есептеліпті, мәслихат сессиясына ұсынып отырмыз және жыл аяғына дейін шешімін табады», – деп Жанғазы Жұманұлының сауалына нақты жауап берді. Одан кейін жасы жетпіс төрттен асқан Бақыт Дүйсенбаева апамыз немересінің оқу бітіретінін және спорттық жетістіктері көп екенін алға тартып, «ҰБТ- да қандайда бір жеңілдіктер бола ма?» деген сауал тастады. Көптеген халықаралық жарыста жеңімпаз атанып жүрген Аделя Дүйсембаеваны басқарма басшысы бірден таныды. Ендігі жерде боксшы қыздың оқуға түсуі тек болашақ талапкердің өз қолында екенін жеткізді. ҰБТ-да ешқандай жеңілдіктер болмайтынын және ол талапкердің өз білімі мен біліктілігіне байланысты екенін жете түсіндірді. Ал, информатика мамандығы дипломымен қаладан жұмыс сұрап келген Гүлмира Оқапқа бірден жұмыс табыла кеткен жоқ. Отбасылы Гүлмираны жас маман ретінде ауданға жібере алмады. Отбасылық жағдайға байланысты ваканциялық орын бар ауданға барудан өтініш білдірушінің өзі бас тартты. Қалалық мектептерде бос орын жоқ. Тек алдағы уақытта қаладан орын табылып қалар деген үмітпен тамыз айында тағы бір жолығуды ұсынды. Скайп арқылы байланысқа шыққан Талғар ауданының тұрғыны С. Үскібаева қызының дефектолог мамандығы бойынша оқуға барғысы келетіндігін және оған грант мәселесі қалай болатындығын сұрады. Бұл сауалға басқарма басшысы грант мәселесі өте қиын сауал, ол талапкердің ҰБТ-да алған балына байланысты екенін айтып, оның аз қамтылған отбасыға жатпайтындығын ескертті. Райымбек ауданынан Дариға Құрманбаеваның сауалы да өз шешімін тапты. Бүгінгі таңда ағылшын пәні мұғалімдері жетіспейді дегені шындыққа жанаспайды. Дәл қазіргі уақытта кадр мәселесі дұрыс жолға қойылған және ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері толықтай жеткілікті екенін айтты. Екінші сауалы – оқушылардың кітап мәселесі. Бастауыш сыныптың оқулықтары өте ауыр, салмағы баланың жас ерекшелігіне келмейтінін айтты. Бұл сұраққа Ләззат Тілеубайқызы бастауыш сыныптың ата-анасы балаларын мектепке өздері әкеліп, өздері алып кетуі тиіс. Бұл заңды түрде қабылданған қағида және кітаптың салмағына қатысты мәселе келер жылы оңтайлы шешімін табады. Әр оқушының оқулығы әр тоқсанға бөлініп шығарылады. Сонда кітап салмағы төмендеп, балаға жеңіл болатынын айтты.

Келіп түскен сауалдардың барлығына басқарма басшысы толықтай жауап қайтарды.

СЕЛЕКТОР

Кооперативтер жайы талқыланды

Облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровтің қатысуымен селекторлық кеңес өтті. Жиналыста нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасының орындалу барысы мен Астана қаласында «Астана ЭКСПО – 2017» көрмесі аясында ұйымдастырылатын ауылшаруашылық жәрмеңкесіне дайындық жұмыстары пысықталды.

Бүгінгі таңда ауылшаруашылық кооперативтерін құру қауырт қолға алынып, қыруар шаруа тындырылды. Биыл облысымыз бойынша 111 ауылшаруашылық кооперативін құру жоспарға еніп, оның 52-і орындалған. Шаруашылықтарды ірілендіру мақсатында аудан-қалалардағы 702 ұсақ шаруа және үй қожалықтарын қамтуды жоспарлаған. Мұның сыртында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 29 сервистік дайындау орталығы ашылып, оның айналасына 456 ұсақ шаруашылықты топтастыру жұмысы жүргізілуде. Осындай жұмыстың нәтижесінде облысымыздың ауылшаруашылық кооперативтерін құру көрсеткіші республикада көш бастап тұр. Яғни, елімізде құрылуға тиісті кооперативтің төрттен бірі Жетісу жерінде ұйымдасып, тиісінше өнім шығара бастады.

Осы жайға тоқталған облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров жетістіктеріміз көп болғанымен бірқатар ауданда кооператив құру жоспары әлі де өз деңгейінде орындалмай жатқанын тілге тиек етті. Осындай кемшілікке жол берген аудан басшыларына ауылшаруашылық кооперативтерін көптеп құрып, ел игілігін арттыру керектігін тапсырды.

Күн тәртібінде көтерілген екінші мәселе Астанада өтетін халықаралық көрмеге дайындық барысын пысықтауға арналды. Көрме аясында облысымыздың ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесі өтетінін жеткізген облыс әкімінің орынбасары оған жетісулық шаруалардың 19 мың тонна өнімі ұсынылатынын тілге тиек етті.

– Қазір Астана қаласында облысымыздың ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесін өткізетін орын белгіленді. Оған қай ауданның қандай өнім түрін және қаншалықты мөлшерде ұсынатындығы анықталды. Бүгін сол мәселені егжей-тегжейлі пысықтап шықтық. Демек, жәрмеңке ойдағыдай өтеді деп ойлаймын, – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Иә, белгіленген кестеге сай облысымыз 17-18 маусым күндері астаналық тұрғындарға өз өнімдерін ұсынады. Жерлестеріміздің экологиялық таза өнімдері астаналық ағайынның көңілінен шығатындығы анық.

Қ. ОМАРАҚЫН.

СЕМИНАР

САҚТЫҚ ШАРАСЫ басты назарда

Қаскелең қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ, терроризм актісі кезіндегі іс-қимыл тақырыбында облыстық семинар болып өтті. Оған Қарасай, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Кербұлақ, Талғар аудандары мен Қапшағай қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшылары, кітапхана, Мәдениет үйлерінің директорлары қатысты.

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жаһандану үрдісі әлемге жақсылықпен қатар қауіп-қатерді қоса ұсынуда. Шекараларды да, құрылықтарды да місе тұтпайтын терроризм мен экстремизм белгілері, өкінішке орай, бейбіт шілікті арқау еткен біздің елде де көрініс бере бастағаны осыны аңғартады. Осыған байланысты, бейқамдықты қойып, оқыс оқиғалардың алдын алу, жаманат бола қалған жағдайда қажетті іс-қимылдар жасауға дайын болу – әркімнің жадында жүруі тиіс. Мәдениет саласы қызметкерлерінің алқалы жиынында осы мәселелер жан-жақты талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасаған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбекова Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы бесінші басымдықта көрсетілгендей, терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу шараларын ұйымдастыруда мәдениет саласы қызметкерлерінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге тоқталды. Тәжірибе көрсеткендей, жанкештілер ең алдымен адам шығынының барынша мол болуын қамтамасыз етуге тырысады. Ал жұртшылық әуежайларда, теміржол вокзалдарында, содан кейін театрлар мен көпшілік мәдени шаралары өтетін жерлерде молынан жиналады. Мысалы, былтыр ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты республика бойынша ауқымды шаралар жүзеге асырылса, жыл басында Алматы қаласында өткен қысқы Универсиадаға әлемнің әр шалғайынан жүздеген спортшы мен қонақ келгені белгілі. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бұрын-соңды болмаған сақтық шаралары жүзеге асырылды. Осыны айта келе облыста 243 Мәдениет үйі бар екеніне тоқталған Әлия Әлімжанқызы бүгінгі күнге олардың тек 151-і ғана террористік акт бола қалған жағдайда құтқару шараларын ұйымдастыруға қатысты паспорт жасап үлгергенін тілге тиек етті.

Облыстық ішкі істер департаментінің қызметкері, полиция полковнигі Қалибек Еселбаев өз сөзінде еліміздегі діни экстремизм мен терроризм көріністері турасында жалпы мағлұмат беріп, жастарымыздың жат ағымдарға бой алдыруы, олардың жасаған қылмыстары үшін алатын жазасы жайлы заң тұрғысында түсіндіріп берді. Одан соң облыстық халық шығармашылығы орталығының мәдени көпшілік шараларды ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Асқар Нұрмұхаметов жұртшылық молынан жиналатын басқосулар мен көпшілік шаралардың сырт көзге көріне бермейтін тұстарын да жақсы білетінін атап өтіп, оқыс оқиғалардың алдын алу және сақтық шаралары жайында нақты мысал келтіре әңгімеледі. Ал облыстық дін істері басқармасының дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының директорының орынбасары Ерлан Матаев экстремизм және терроризм деген ұғымдардың шығу тегі, әлемдегі көріністеріне тоқталып, теріс ағымдардың жетегінде кетпеудің жолы жайлы ойын ортаға салды. Сонау VIII–X ғасырларда қазақ жеріне орныққан Ислам діні ата-бабаларымыздың дәстүрлі дініне айналып, ізгілік нәрін сеуіп келе жатқанын тілге тиек еткен ол түрлі ағымдардың ықпалымен жат әрекеттерге барып жүрген бауырларымызды түзу жолға шақырды. «Экстремизм мен терроризммен күресеміз деп жүріп өзіміздің дәстүрлі дінімізбен күресіп кетпейік!» – деген Елбасының сөзін мысалға алған Ерлан Жұманұлы діни сауаттылық адасудан сақтайтынын жеткізді.

Соңынан семинарға келген мәдениет қызметкерлері күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша баяндамашыларға өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойып, жан-жақты түсініктеме алды.

Қарасай ауданы.

Орталық коммуникациялар қызметі

Жуырда Астана қаласындағы «Hilton Garden Inn Astana» мейманханасының «Garden» залында KIB Finance, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Astana Invest» ЖШС, сондай-ақ, қазақстандық және халықаралық қаржылық институттардың ұйымдастыруымен «COCAD «Consortium of Central Asia Development» заңды тұлғалар қауымдастығының тұсаукесер рәсімі өтті. Оған ұлттық компаниялар, дамыту институттары, үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстандағы дипломатиялық және шетелдік инвесторлардың өкілдері қатысты.

БАҒЫТЫ АЙҚЫН БАСТАМА



Жетісу
Қажет АНДАС

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде «Consortium of Central Asia Development» заңды тұлғалар қауымдастығының президенті Серік Садықовтың қатысуымен өткен баспасөз конференциясында сөз болды. Баспасөз мәслихатына халықаралық заңгер, «KIB Finance» өкілі Әйгерім Берекешева, Астана қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғани Тасмағанбетов, «Astana invest» ЖШС бас директоры Абай Қожамжаровтар қатысып, өз ойымен бөлісті.

Айта кетерлігі, мемлекеттің тікелей қолдауымен барлық жұмысын жүйелеп отыратын қауымдастық сәуір айында құрылған еді. Ол Қазақстан және Орталық Азиядағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың мүшелігі негізінде ұйымдасқан ұйым болып табылады.

Естеріңізге сала кетейік, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев әр жылғы Жолдауларында елімізге шетелдік инвестицияны тарту және шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындар құру қажеттігі туралы жиі айтып келеді. Тіпті Президент биылғы Жолдауда кәсіпкерлік субъектілерінің бірлесуі мен кооперациясының рөліне, сондай-ақ елдің өндірістік әлеуетін жаңғырту қажеттігіне ерекше назар аударды. Осы тұрғыдан алғанда «COCAD «Consortium of Central Asia Development» заңды тұлғалар қауымдастығының қызметі сол тапсырмаға қол жеткізуге бағытталған. Мәселен, ұйым әлемдік нарықта отандық өндірушілердің мүдделерін қорғай отырып, кәсіпкерлікті жан-жақты дамытуға ықпал етуді, экономика, ғылым, сауда-саттық саласында әріптестерді табуға жәрдемдесуді, сондай-ақ, елімізде, шетелдерде сауда-экономикалық қарым-қатынастардың барлық түрін дамытуды ниет етеді.

Осындай салмақты мақсатты арқалаған қауымдастықтың атқаратын міндеті мен жұмыс бағыты да салмақты. Шара аясында бұл жайлы да кеңінен әңгіме болды. Спикерлердің айтуынша, қауымдастық инвестициялаудың негіздемелік жағдайлары туралы ақпаратты ұсыну, инвестицияларға жәрдемдесу, бірлескен кәсіпорындар, техникалық және қаржылық әріптестіктерді құру бойынша әріптестерді табу, қауымдастық мүшелеріне мемлекеттік қолдау шаралары туралы кеңестер беру, ішкі және сыртқы сауда-саттықты ұйымдастыруға жәрдемдесу қатарлы бағыттарда жұмыс атқарады.

Жаңадан тұсаукесері өтіп, болашаққа жол алған қауымдастықтың алғашқы отырысында ынтымақтастық туралы 10-ға жуық келісімге қол қойылды. Олардың бір бөлігі жобаларды мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің механизмін пайдалану арқылы жүзеге асыруға қатысты болса, екіншісі, әлемдік деңгейдегі модераторлар мен спикерлер қатысатын іскерлік кездесулерді ұйымдастыру, «Қазақстан инвестициялар үшін ашық» роуд-шоуын жүргізу жоспарларына арналды. Сонымен қатар, кездесуде Қазақстанда қаржылық технологияларды дамыту, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті нығайту, еліміздің инвестициялық ахуалы және Еуропа елдерінің осы жайлы көзқарастарын бағамдау, экономиканың нақты секторларына инвестициялар құю қатарлы маңызды мәселелер де талқыланды.

Жетісу

1918 – 2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖЕТІСУ – АЛТАЙ АРАСЫ қазақтың байтақ даласы







Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жиынды Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов қорытындылады. Өңір әкімі жетісулықтардың жылы лебіздері үшін алғысын айтып, ШҚО-ның Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және басқа да облыстармен өңіраралық әріптестігі жақсы жолға қойылғандығын, енді Алматы облысымен де байланыс нығая бастағанын атап өтті.

ШҚО әкімінің сөзіне сүйенсек, мәселен, Алматы облысының орталығы Талдықорғандағы Оқушылар сарайы мен «Жастар» спорт кешенінің жұмысы шығыстық әріптестерге ұнағандығына байланысты осы өңірде де осы типті нысандар салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ Даниал Ахметов Алакөл жағалауын дамытудағы Алматы облысының тәжірибелеріне де қызығушылық танытатындықтарын білдіре келе, облыстар өзара ынтымақтастық пен әріптестік қарым-қатынастарын дамыту арқылы Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы орындауға мүмкіндік алатындығын және ол үшін өңірлердің бірбірімен соңғы жетістіктерімен бөлісіп, тәжірибе алмасуы қажет екендігін атап өтті.

Қос тараптың кәсіпорын басшылары екіжақты 8 меморандумға қол қойды. Енді екі облыстың кәсіпорындары жалпы құны 20 млрд. теңге көлемінде бір-бірінің шығарған өнімдерін сатып алып, тұтынатын болады. Жалпы, Алматы облысының күндері аясында шығыстық көрермендерге өңірдің шығармашылық ұжымдарының «Жер жаннаты Жетісудан алтын Алтайға» атты мазмұнды концерттік бағдарламасы мен облыстық көркемсурет галереясының қорындағы қылқалам шеберлерінің үздік туындылары ұсынылды.


Делегация мүшелері кәсіпорындарды да аралап, олардың жұмысымен танысты. Ірі өндіріс ошағы саналатын Үлбі металлургия зауыты ураннан, бериллий мен танталдан және ниобийден өнім шығаратын әлемдегі санаулы зауыттардың бірі. Зауыт директоры Юрий Шахворостовтың айтуынша, мұнда 4 мың адам жұмыс істейді, олардың орташа айлық жалақысы бүгінгі күні 175 мың теңгені құрап отыр. Уран диоксиді ұнтағын, отын таблеткаларын, мыс-бериллий лигатурасы мен құймаларын, металды бериллий, тантал мен ниобий қосылған өнімдерді, жалпы аталған металдардан көптеген өнім түрлерін шығарып отыр. Дайын тауар түгелдей экспортқа бағытталған.

Делегация ат басын тіреген «ОХМК» ЖШС-нің 400 бас ірі қараға арналған фермасы да табысты жұмыс істеп отыр. Сонымен қатар мұнда жоғары репродуктивті майлы және дәнді дақылдардың тұқымы көбейтіліп, майлы дақылдарды өсірудің технологиясы жетіліп, диірленеді. Ет пен сүт өндірісі жолға қойылған. Қара ала сиырларды селекциялық-асылдандыру жұмысы жүргізіледі. Өскемендегі Ольга Рыпакова атындағы жеңіл атлетика манежінің жұмысы да қызығушылық туғызды. Мұнда бір мезгілде 500 адам жаттыға алады. Қазір 780 адам 46 топта өзінің шеберліктерін шыңдап жүр. Ал облыстық оңалту орталығында кардиологиялық, неврологиялық, ортопедиялық оңалту, қалпына келтіру емі бөлімдері жұмыс істеп, ем алушыларға сауықтырудың сан түрі қолданылады.

Сәулеттік – этнографиялық және табиғи-ландшафттық қорық-музейі, Ертіс өзені жағалауының абаттандырылуы, сондай-ақ қаланың өзге де көркейту шаралары ерекше назар аудартты. Жетісулықтар әсіресе қорықтың ландшафтық дизайны, Шығыс Қазақстанды мекендейтін этностардың 16 үй-жайы орналасқан этноқалашық, түрлі стильдегі бақтар, ботаникалық бақ пен қайыңды тоғай және кешеннің құрамына кіретін басқа да орындар тәжірибеге енгізуге тұрарлық дүние екенін көңілге түйіп қайтты.

Сағыныш НАМАЗШАМОВА,
облыс әкімі баспасөз қызметінің бас маманы.

РУХАНИЯТ



«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры күндері» жобасы аясында аталмыш қор өкілдері облыс орталығына ат басын бұрып, шеберлік сабақтарын өткізіп, бірқатар игі шараға ұйытқы болды.

Әуелі аталмыш қор мүшелері Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаевтің қабылдауында болды.

Ресми кездесу барысында сөз алған қордың Алматы қаласы бойынша атқарушы директоры Сергей Тохтаров қордың мақсаты мен міндеттеріне кеңінен тоқталып, атқарылып жатқан жұмыстарды баян етті. Айтуынша, қор азаматтардың әлеуметтік мәселелерін шеше отырып, өз жобалары арқылы мәдениет пен әдебиет, өнердің дамуына және өзге де инновациялық істердің жүзеге асуына ықпал етуде. Өңірдің белсенді жастарын ғылым мен шығармашылық саладағы жобаларға, сондай-ақ, қордың гранттар мен степендияларын ұтып алу үшін байқауларға қатыстырған делегация мүшелері еліміздің бірқатар қалаларында болып, жоспарларын жемісті жүзеге асырып келеді.

Кездесуде қонақтар облыс пен қала әкімдігіне қор басып шығарған Мемлекет басшысының 7 том кітабын тарту етсе, дефектология кабинетінің материалдық базасын нығайту үшін «Қамқор» балалар үйіне 1,5 млн. теңгенің сертификатын табыс етті. Ал қала әкімдігінің өкілі қонақтарға Талдықорған шаһарының тарихы мен бүгінгі келбетін танытатын кітап сыйлады.

Қонақтар «Айналайын» балалар үйінде болып, бүлдіршіндердің өнерін тамашалады. Әсем ән мен күмбір күйдің ырғағына елтіген олар «Алтын сақа» қойылымын ерекше атап өтті. Белгілі сазгер, Алматыдағы Чайковский атындағы музыка колледжінің директоры Біржан Хасанғалиев: «Өнер үшін жаралғандарыңды таныттыңдар, балалар! Алайда, елге танымал өнерпаз, ұлт мақтанышы болу үшін табанды еңбек, үлкен талап және білім керек екендігін ұмытпаңдар!» – деді. Сондай-ақ, рухани кеш барысында қор өкілдері балалар үйі тәрбиеленушілеріне базарлық үлестірді.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен кездесу барысында ҚР Тұңғыш Президенті қоры грантының иегері, педагог, математика бойынша олимпиадалық резервтің тұрақты тренері Ибрагим Ибатулин шеберлік сабағын өткізсе, тағы бір дәріс «Қамқор» балалар үйінде оқылып, қонақтар кездесу соңында балалармен бірлесіп көшет отырғызды.

Маңызы мен мәні зор шара І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Мейір Байнешов, Болат Есімхан, Азамат Жылтыргөзов сынды бірқатар өнерпаздың қатысуымен өткен концертпен мәресіне жетті.

АРДА БИ.

ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

ӘДЕП КЕҢЕСІ

Мемлекеттік қызметкерлердің тәртібі мен әдебін қарайтын Әдеп кеңесі өзінің кезекті отырысында бірқатар жауапты мамандардың жұмысында кеткен кемшіліктерді қарап, теріс қылыққа барғандарға қатаң сөгіс берді. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің төрағасы Серікбай Нұрғисаев ашып, жүргізіп отырған алқалы жиында 19 тәртіптік іс қаралып, 10 мәселе талқыланды.

ӘДІЛ БАҒА БЕРІЛДІ

Жетісу

Мәди АЛЖАНБАЙ

Облыстық прокуратураның ұсынысы бойынша Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшылығы мен қызметкерлеріне қатысты тәртіптік іс қаралып, департамент басшысы Н. Құдайбердиевтің зейнет жасына толуына байланысты тәртіптік іс тоқтатылды. Сонымен қатар, департаменттің талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің жетекшісі Г. Ұзақова мен бас маман А. Мадиярованың жұмыстарында заңдылықты бұзу белгілерінің болмауына орай оларға қатысты тәртіптік іс тоқтатылды. Ал, облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары Х. Баилов және квазимемлекеттік сектор аудиті бөлімінің жетекшісі Ж. Үсенбаеваға қатысты тәртіптік істер олардың қызметтен кетуіне байланысты тоқтатылды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексінің 5 бабы, 11) тармағындағы талаптарды бұзғаны үшін департаменттегі №1 мемлекеттік сектордың аудит бөлімінің басшысы Қ. Шалғымбаевқа, осы бөлімнің бас маманы С. Исмаиловқа, мемлекеттік сатып алудың аудит бөлімінің бас мамандары И. Акишевке, Е. Байғалыққа, талдау, есептілік және сапаны бақылау бөлімінің бас маманы Ж. Шаймерденовке кеңес мүшелері «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза беруді ұсынды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 50 бабы,1 тармағы,4) тармақшасындағы талаптарды бұзғаны үшін аталған департаменттегі №1 мемлекеттік сектордың аудит бөлімінің бас мамандары Б. Молдабеков пен Н. Айдабұловқа қызметке толық сәйкес еместігін ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

Сондай-ақ, облыстық прокуратураның ұсынысы бойынша облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары С. Төребаевқа және осы басқарманың жолаушы көлігі бөлімінің жетекшісі Л. Қарсыбаеваға қатысты тәртіптік іс қаралып, Әдеп кеңесі оларға Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 50 бабы, 1 тармағы, 4), 5) тармақшаларындағы талаптарды бұзғаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі жазаға лайық деп танылды.

Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Н. Ертасқа және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Е. Жұртшиевке қатысты мәселені мұқият қараған кеңес мүшелері аудан әкімі орынбасарының әрекетінде өрескел әрекет белгілерінің болмауына байланысты тәртіптік істі қысқартса, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 50 бабы, 1 тармағы, 4), 5) тармақшаларындағы талаптарды бұзғаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза беруді қолдады.

Әдеп кеңесінің отырысында Алакөл ауандық прокуратурасының ұсынысымен тәртібі қаралған «Алакөл ауданының ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ. Жұбаев Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 50 бабы, 1 тармағы, 4), 8) тармақшаларындағы талаптарды бұзғаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі жазаға лайық деп танылды.

Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылдық округінің әкімі С. Амитованың үстінен азамат А. Аманова шағымданып,мемлекеттік қызметкердің аузынан боқтық сөздің қарша боратынын алға тартқан. Осыған орай тәртіптік істі қараған кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің 5 бабы, 2 тармағындағы талаптардың бұзылғандығын ескеріп, Қызылағаш ауылдық округінің әкімі С. Амитоваға қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза беруді дұрыс деп тапты.

Әдеп кеңесінде Іле ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Р. Қайыповқа мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің 5 бабы, 3), 11) тармақтарындағы талаптарды өрескел бұзғаны үшін қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі жаза берілсе,кеңес шешімімен Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Ш. Құрбановқа салынған тәртіптік жаза мерзімінен бұрын алынды. Сондай-ақ, отырыста облыстың мемлекеттік қызмет көрсету перспективалары және 2016 жылдың жұмыс қорытындылары таныстырылды.

Жиын соңында Қапшағай қаласының әкімі Т. Қайнарбековтың мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу бойынша атқарған жұмыстарының қорытындысы қаралды.

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАНДАР

КЕМШІЛІККЕ КЕҢШІЛІК БОЛМАЙДЫ

Талдықорған қаласы күн сайын гүлденіп, түрленіп келеді. Ондағы миллиардтаған қаржының есебімен атқарылып жатқан жобалардың келешегі кемел. Сондықтан бұл орайдағы жұмыс барысы тиісті мекеме, басқармалардың жіті қадағалауында. Дей тұрғанмен, баянды істің бағасын қашырып, тапсырылған міндетті өз деңгейінде орындамайтын құрылыс ұйымдары да жоқ емес. Облыс әкімі Амандық Баталов осы мәселелерге орай облыс орталығындағы құрылыс жұмысы жүріп жатқан бірнеше нысанды аралап, кезіккен келеңсіздіктерге ескерту айтты.

Жетісу

Қажет АНДАС

Өңір басшысы жұмыстың басын Талдықорған қаласына кіреберістегі арка орналасатын аумақты анықтаумен бастады. Естеріңізге сала кетсек, кейінгі кезде қала тұрғындары санының артуына орай қала аумағы да кеңи түсті. Осыған орай, қаланың бас жоспары қайта жасалып, қаланың батыс кіреберісіндегі арканы көшіріп, жаңалап салу күн тәртібіне енген болатын. Осы ретте облыс әкімі Амандық Баталов арка орналасатын жерді анықтап, мердігер компания өкіліне құрылыс жұмысына қойылатын талаптарды түсіндірді. Жаңадан салынып жатқан 3-ші бөлімшедегі жеке тұрғын үйлердің құрылыс жұмысының талапқа сай келмейтіндігі өңір басшысының сынына ұшырады. Жалпы, ауыл үйлері тиісті мекемелердің келісімін алмастан құрылыс жұмысын бастай бергендіктен үйлер ретсіз орналастырылған. Бұл қаланың көркемдігіне кері әсерін тигізетіні белгілі. Оның үстіне, облыс әкімінің ауыл көшелерін ретке келтіруге қатысты берген тапсырмасы толық орындалмаған. Кеңдігі тоғыз метр, оның үстіне жаяу жүргіншілер жолы қосымша салынатын ауыл көшелеріне қойылатын талаптың қағаз жүзінде ғана орындалып жатқаны белгілі болды. Бұл жағдай облыс басшысының ренішін тудырғаны анық. Соған орай ол қала басшыларына 3-ші бөлімшедегі үйлерді белгіленген уақыт шегінде қаланың бас жоспарында көрсетілген өлшем бойынша тексеріп, жоспарға қайшы келгендерін тәртіп бойынша біржақты ету керектігін тапсырды.

Келесі кемшілік қалаға кіреберістегі күрежолдың бойынан табылды. Ондағы жаяу жүргіншілер жүретін жолдар талапқа сай жасалып, жасыл желек отырғызылмаған. Жол бойындағы аялдамалар мен абаттандыру жұмысы көңіл көншітпейді. Тіпті, жол жағалауындағы кейбір жеке тұрғын үйлердің қоршаулары қаланың сәулетін бұзып тұр.

Сәулет демекші, облыс әкімі Амандық Баталовтың тікелей қолдауының арқасында Талдықорғанда жаңа драма театры, көрме залы, Салтанат сарайы, ашық және жабық бассейн сынды жобалар қолға алынуда. Бұл жолы Амандық Ғаббасұлы құрылыс жұмысы қарқынды жүріп жатқан облыстық драма театры мен Салтанат сарайының қазіргі жағдайымен танысып шықты. Ондағы жұмысшылардың қарқыны мен шеберлігіне ризашылығын білдірген өңір басшысы нысанды уақытында бітіріп, ел игілігіне беру керектігін тапсырды. Әсіресе, Салтанат сарайының заманауи үлгіде, сапалы салынып жатқаны көңілден шықты.

Десе де, облыс әкімінің ренішін тудырған нысандар да болды. Сол қатарда «Жастар» шағынауданындағы көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыру жұмысына жеткілікті қаржы бөлінсе де, жұмыс қол ұшымен істелген. Тіпті «облыс әкімі келеді, көреді» дегенді есті сала асығыс жасалған жұмыстың сапасыздығы көрініп тұр. Қалай болса солай қоя салған қоқыс жәшігі, сыры кеуіп үлгермеген орындықтар, жерге асығыс төселген ойлы-шұқыр қиыршық тастар соны айғақтайды. Облыс басшысы келіпті дегенді естіген тұрғындар аулаға шығып, сапасыз жұмыстың салдарынан балаларын аулаға шығарып ойнатудан алаңдайтындарын айтып шағымданды. Қысқасы, ауланы абаттандыру жұмысы қайта істелетін болды.

Орталық саябақты абаттандыру жұмысының да аяқ алысы мәз емес. Өткен жазда басталған жөндеу жұмысының қарқыны көңіл көншітпейді. Жоспар бойынша жұмыстың дені бітуі керек болса, мердігер компания «Астана-Достық-НС» ЖШС-нің құрылысшылары әлі ағаштарды кесіп, шөптерді жұлып, алаң аумағын керексіз ағаш пен тас-топырақтан тазарту жұмыстарымен айналысып жүр. Егер жұмыс осы қарқынмен жалғасатын болса, жоспар белгіленген уақытта орындалмайды. Ал «Қаратал» шағынауданындағы ашық шомылу алаңындағы кемшіліктер де шаш-етектен. Ең қызығы, шомылу алаңына солтүстікте өсетін қылқанжапырақты ағаштар отырғызылып, облыс әкімі талап еткендей тұрғындар демалатын орындықтар әлі ауыстырылмаған. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қауырт жүргізіліп жатқан қаланы газдандыру жұмысының да аяқ алысы баяу. Бас мердігер «Ақниет БН» ЖШС өкілдері жоспарды уақытында орындаймыз деп сенім білдіргенімен жұмыс қарқынының баяулығы басқа жоспарларға кері әсер етелі тұр.

Қала іргесіндегі Еркін ауылының маңынан бой көтерген тәлімбақтағы тынымсыз тіршілік пен жаңа жайлы жағдай облыс әкімінің көңілінен шықты. Қаланы көгалдандыруға керекті қылқан және кеңжапырақты өсімдік пен түрлі гүл өсіру мақсатында өткен жылы қолға алынған тәлімбақтың жұмысы қарқынды. Жалпы, 18 гектарға жуық аумаққа орналасқан тәлімбақта қайың, ұсақжапырақты жөке, үшкіржапырақты үйеңкі, көпжылдық шөп, арша, Тянь-Шань самырсыны сияқты түрлі ағаш мәуелеп өсіп келеді. Биыл тәлімбақта жерсіндірілген бес мың қылқанжапырақты ағаш қала көшелері мен көрнекті жерлерге егіліпті. Алдағы уақытта бұл көрсеткіштің арта түсетіні анық. Осындай жетістікті көрген өңір басшысы алдағы уақытта тәлімбақта жылыжай құрылысын жүргізіп, қаланы көркейтуге керекті гүлдің түр-түрін өсіруді тапсырды. Және мұнда жұмыс істейтін 20-ға жуық маманға шетелдегі көрікті қалалардың тәжірибесін таныстырып, жұмыс ауқымын кеңейте беру керектігін табыстады.

Осы жерде Амандық Ғаббасұлы жұмыс сапарын қорытындылай келіп:

– Біз қандай жұмыс бастасақ та қала тұрғындарының игілігі үшін қолға аламыз. Сондықтан бұл әркез назарда болады. Шаһар өзінің тазалығымен және жасыл желегімен ерекшеленеді. Сондықтан құрылысы жүріп жатқан барлық ғимараттың айналасы абаттандырылып, көгалдандырылуы тиіс. Жаңа отырғызылған көшеттерді күтіп-баптау ісін мамандардың жүргізгені жөн. Құрылысқа сапалы бұйымдар пайдаланылып, оның ережелері мен нормалары қатаң сақталуы қажет, – деді.

Соңында орынбасарлары мен басқарма және қалалық әкімдік басшыларына осыдан былай әр сенбі сайын қаланы аралап, қалада атқарылып жатқан жұмыстың сапасы мен қарқынын қадағалап отыруды міндеттеді.





Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 66 (18342)
Бейсенбі, 15 маусым, 2017 жыл.



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan

ЖАСАМПАЗДЫҚ ҮЛГІСІ

ЭКСПО көрмесі ашылғаннан кейінгі үшінші күні Астана төрінде бірқатар игі істер атқарылды. Алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Грузия Президенті Маргвелашвили мырзамен кездесіп, ек ел арасындағы саяси, экономикалық, кәсіпкерлік, тағы да басқа саладағы ынтымақтастық аясында әңгімелесті. Осыдан кейін Грузия Президенті өз елінің ұлттық павильонының ашылу салтанатына қатысып, отандастарының жұмысына сәттілік тіледі. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері ЭКСПО – 2017 көрмесі бойынша бас комиссары Джихан Султаноглуның бастауымен «Арнасай» жасыл технологиялар орталығына барып қайтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Осы күні бастау алған қос шараның да ел өмірінде алар орны ерекше. Айталық, биыл Қазақстан мен Грузия арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 25 жыл толады. Сондықтан Грузия Президенті Маргвелашвили мырза өз сапарын Астанада «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі өтетін кезге орайластырыпты. Бүгінде қазақ елінің кәсіпкерлері Грузия инвесторларының біріне айналып, жергілікті инфрақұрылымға және кәсіпорындарға мол инвестиция құйып отыр. Одан бөлек Кеңес одағының құрамында болған екі елдің тағдыр-талайы да ортақ. Ал мәдени байланыстарға келсек, 2014 жылдың маусым айында Тбилисиде Қазақ киносының апталығы өтсе, сол жылғы 27–29 мамырда Қазақстандағы Грузия елшілігінің және Грузин мәдени орталығының бастамасымен Грузияның тәуелсіздігі күнін тойлау шеңберінде елімізде бірқатар іс-шаралар өткізілді. ЭКСПО көрмесі екі елдің ынтымақтастығын одан ары нығайтады деген сенімдеміз.

«Астана «ЭКСПО – 2017» көрмесінің шымылдығы БҰҰ-ның көрмесімен ашылғаны белгілі. Оның тұсауын «Астана «ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы АҚ басқармасының төрағасы Ахметжан Есімов пен БҰҰ-ның «ЭКСПО» көрмесіндегі Бас комиссары Джихан Сұлтаноглы кесті. Сол кезде Джихан Сұлтаноглы ханым сөз алып:

– Тұрақты қуат көздерінің нәтижесінде мемлекеттер экологиялық таза орта құрып, экономика үдемелі дамитын болады. «ЭКСПО» көрмесі адамзат үшін маңызды. Біріккен Ұлттар Ұйымы осы көрмеге үлкен қызығушылық танытады және қолдау көрсетеді, – деген болатын. Осыдан кейін «Арнасай» жасыл технологиялар орталығына» арнайы барған Джихан Султаноглу Қазақстанның осы бағытта қол жеткізген нәтижесін жоғары бағалады. Тіпті, осы орталықтың ЭКСПО – 2017 көрмесінің тақырыбымен үндесіп жатқанын тілге тиек етіп:

– «Арнасай» жасыл технологиялар орталығы – бұл білім алуға, алған білімін бөлісуге және таратуға ниетті барлық адамдардың басын қосатын жасыл платформаны құрайтын тұтас инновациялар кластерінен тұратын бірегей жоба, – деген бағасын берді.

Астана қаласынан 40 км қашықтықта орналасқан «Арнасай» жасыл технологиялар орталығы 2015 жылы ЭКСПО – 2017 аясында және Қазақстанның «жасыл экономикаға» өтуі шеңберінде құрылған болатын. Онда Қазақстандағы тұрақты дамуды қамтамасыз етуге қажетті заманауи технологиялар мен «экологиялық таза» практикалар көрініс тапқан. Мұндағы орнатылған күн коллекторлары электр тұтыну мөлшерін 48%-ға дейін үнемдеуге, сондай-ақ, тамшылатып суару әдісі мен өзге де су үнемдеуші технологияларды қолдану судың тұтынылу көлемін екі есеге кемітуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, алғаш рет Орталық Азияда өсімдіктердің өсуін жылдамдатып, өнімнің жыл сайынғы түсімін арттыруға мүмкіндік беретін фотожарық-сәулелендіруші диодтардан тұратын жылыжай да осында. Әлемдік жылыжай саласында ең озық үлгі саналатын жылыжай әлі талай турист пен шетелдік ғалымдарды, зерттеушілер мен ауылшаруашылық саласының мамандарын өзіне тартатын болады. Бұл балалардың арзан әрі сіңімді элементтерге бай тағамдарды жыл бойы тұтынуларына мүмкіндік беріп, ересектерге арналған «жасыл» жұмыс орындарын құрады.

Жасыл технологияларды енгізу және тарату шараларына қол ұшын созудан бөлек, БҰҰ ДБ әлсіз топтардың «жасыл» мамандықтарды меңгеруіне қолдау көрсету мақсатында жасыл технологияларға инвестиция бөледі. Султаноглу ханым ондағы ұлттық қолөнершілер көрмесіне қатысып, жергілікті шеберлермен де кездесіп, жаңа технология мен ұлттық дәстүрді үйлестірген қазақстандықтардың ізденісіне шынайы ризашылығын білдірді.

Мемлекеттік бағдарлама

Кәсіпкер Григорий Красноусов 2006 жылы Талдықорған қаласының орталығында кішігірім дәмхана ашу үшін ғимаратты жалға алып, бизнес бастайды. Қосымша алкогольдік және алкогольсіз сусындар сату үшін дистрибьютерлік келісімшартқа отырып жұмыс істейді.

Бірте-бірте бастаған ісі жанданады. Кейіннен несие арқылы азық-түлік дүкенін сатып алып, кәсібін одан әрі дөңгелентеді.

– Бизнесте бір орында тоқтап қалмай, мемлекеттік қолдауларды пайдалана отырып өндіріс саласына бет бұруды ойладым. Сөйтіп, «Даму» қорынан «Даму-Өндіріс» мемлекеттік бағдарламасы бар екенін біліп, осы бойынша толық мәлімет алдым. Бүгінде мен «Эковата» құрылыс бұйымын шығару өндірісін сәтті жүргізіп келемін,– дейді кәсіпкер.

Эковата – бұл жаңа өнім. Ол дәстүрлі оқшаулағыш бұйымдармен жылылап қаптағыштардың барлық артықшылығының басын қосады. Негізінен жеке үйлер, қоғамдық, коммерциялық және өндірістік ғимараттар мен ауылшаруашылығы құрылысында дыбыс өткізбеу үшін қолданылады.

Евгений Красноусов өз кәсібін «Жеке кәсіпкер Триумф» деп атап, қайта өңдеу өнеркәсібі бағдарламасы аясында өндіріс құралын алу үшін алты пайызбен «Центр Кредит Банк» АҚ-дан несие алды.

Өндірістік база жаңаланды

Облыстағы «Salben Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік қолдаудың арқасында өндірістік база сатып алды. Аталмыш компания 2004 жылы жобалау-құрылыс ұйымы ретінде құрылып, сала бойынша жетекші кәсіпорындардан мамандар жинайды.

Инженерлік-техникалық құрамның жеке кәсіби базасы және барлық жұмысқа арналған мемлекеттік лицензиялардың пакеті бар. «Бүгінде біздің компания әйнекфибробетон және гипс бұйымдарын монтаждау мен жеткізу жұмыстарын атқарады. Сондай-ақ, экстерьер және интерьер әрлеу үшін кез келген күрделі эксклюзивті бұйымдар өндіріп, шағын мүсін, қыш құмыра, орындық, субұрқақ сияқты заттар дайындалады. Фибробетоннан жасалған дайын өнімнен үлкен таңдау ұсынамыз», – дейді аталмыш компанияның директоры Мақпал Түркпаева.

Компанияның кеңейіп, өнімнің молаюы және қызметкерлер санының көбеюі ескі өндірістік базада ыңғайсыздық тудырған. Сол себепті үлкен база алуға шешім қабылданыпты. Осы ретте он тоғыз пайызды құрайтын несие қаражатына қол жеткізілген. Оның он пайыздық ставкасын субсидиялау арқылы мемлекет өтемек.

«Айбында» бақ сынамақ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен маусым айының 12 – 17-і аралығында Қарағанды облысының «Спасск» оқу-жаттығу орталығында ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 25 жыл толуына орай «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны өтеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

Талдықорған гарнизонының әскери прокуроры, әділет подполковнигі Есжан Сыбанбаев пен облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының тәрбие және идеология жұмыстары жөніндегі орынбасары, әділет подполковнигі Қуандық Әділбеков халықаралық сайыста облысымыздың намысын «Жетісу тарландары» әскери-патриоттық клубы қорғайтынын жеткізді. Осымен үшінші мәрте өтетін додаға 2000-2001 жылы дүниеге келген 15 ер және 5 қыз бала қатысады.

– Биылғы жарыстың ерекшелігі – «World of Tanks» атты желідегі танкі ойынынан командалар бақ сынасады. Соған орай осы ойынды мықты ойнайтын жастарды жасақтадық. «Жетісу тарландарына» жеңіс тілейміз, – деген Есжан Әріпұлы аталмыш доданың шартымен таныстырып, жастарға сәттілік тіледі.

ВОЛЕЙБОЛ



ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ

Талдықорғандағы «Жастар» спорт кешенінің маңында орналасқан әуе добы алаңында жағажай волейболынан ардагерлер арасында жолдастық кездесу өтті. Оған өңір басшысы Амандық БАТАЛОВ пен облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қатысты.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Облыс әкімі Амандық Баталовтың бастамасымен мемлекеттік қызметкерлер, жастар мен ардагерлер әр сейсенбі сайын спорт күнін өткізуді дәстүрге айналдырмақ. Бұл күнгі жолдастық кездесу жазғы жағажай волейболының ашылуы мен елімізде өткізіліп отырған «ЭКСПО — 2017» көрмесіне арналды.

Қиыршық құмда өткен дода тартысқа толы болды. Ардагерлер алғашқы партиядан-ақ барын салып әдемі ойын өрнегін көрсетті. Әуе добының шеберлері бірде жойқын соққыларымен ала допты ұршықша иірсе, енді бірде қорғаушылардың желкесінен асыра салып та ұпай жинады. Асқан шеберлік пен тактиканы паш еткен спортшылар нағыз классикалық ойын үлгісін көрсетті. Әсіресе, өңір басшысының ойын өрнегі жұртшылықты тәнті етіп, көермендердің қошеметіне бөленді. Жолдастық кездесу төрт партияға созылып, 2:2 есебімен аяқталды. Достық жеңді.

2013 жылы құрылған жағажай волейбол алаңында өткен кездесудің маңызы зор. Өйткені ардагерлердің ойыны жастарға үлгі болса, жастардың да спортқа қызығушылығы арта түспек. Осылайша бұқаралық спортты дамытуға үлкен үлес қосылатыны анық. Құм үстінде волейбол ойнау денсаулыққа өте пайдалы. Иә, жастарға салауатты өмір салтын насихаттайтын ардагерлеріміздің қатары көбейе берсін демекпіз.

СЕЛЕКТОР

ЕГІС АЛҚАПТАРЫ ҰЛҒАЙДЫ

Кезекті Үкімет отырысында көктемгі егіс жұмыстарының қорытындысы қаралып, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау шаралары пысықталды. Сонымен бірге, орталық және жергілікті атқарушы органдарда сыбайлас жемқорлықты жою мәселелері талқыланды.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен ҚР Ауылшаруашылығы бірінші вице-министрі Қайрат Айтуғанов көктемгі егіс жұмыстарының қорытындысын баяндады. Онда белгілі болғандай, биыл елдегі егіс алқабы 22,5 млн. гектарды құраған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 650 мың гектарға артық. Егіс жұмыстарын әртараптандыру аясында сұранысы жоғары дақылдар алқаптары 1 млн. 348 мың гектарға ұлғайтылған. Бұл АӨК дамыту мемлекеттік бағдарламасының жоспарланған индикаторынан 340 мың гектарға жоғары. Биыл қант өндірісі бір жарым, майлы дақылдар алқаптары 1,3 есеге ұлғайтылады деп күтілуде. Жүзеге асырылып жатқан әртараптандыру жұмыстары әр гектардың тиімділігі мен өндірістің табыстылығын арттырмақ. Тұқым шаруашылығын қолдауға бағытталған қаражат көлемі де өскен. Бірегей және элиталы тұқым өндірісі қайта қалпына келтіріліп, тұқым шаруашылығына қолдау көрсетудің өзге де шаралары қабылданған. Егіс жұмысын жүргізуге қажет дизельдік отынға сұраныс толығымен қамтылған.

Аталған мәселелерге орай бірқатар облыс әкімдері мен ауылшаруашылығы тауарын өндіруші шаруа қожалықтарының басшылары хабарлама жасады. Кезек Алматы облысына келгенде Амандық Баталов егіс жұмыстарының ойдағыдай аяқталып, қант қызылшасы алқабының тоғыз мың гектарға ұлғайғанын, сондай-ақ, Ақсу қант зауытын іске қосу үшін дайындық жұмыстарының қызу жүріп, қосымша бес сервистік дайындау орталығының құрылғанын мәлімдеді.

Келесі кезекте жаңа Еңбек кодексінің құқықтық қолданылу тәжірибесі мен жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау шаралары сөз болды. Осы ретте ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова 2016 жылдан бастап елде минималды еңбек стандарттарын, жұмысшыларға кепілдіктер мен өтемақыларды бекітетін жаңа Еңбек кодексі қолданыста екенін айтты. Өткен жылдың қорытындысына сәйкес Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінде 20 орынды иеленген және «еңбек нарығының тиімділігі» бойынша көшбасшы елдердің отыздығына кіріпті. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қазақстандықтардың денсаулығын жақсартуда алдағы үш жылда қысқартылған жұмыс уақытын, ақысы төленетін қосымша жыл сайынғы еңбек демалысын беру, сүт немесе сүтпен бағалас өзге емдік-профилактикалық тамақтандыру өнімдерін жеткізу бойынша салалық нормативтер қайта қаралмақ.

Мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықты жою шараларына қатысты ойын жеткізген ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Алик Шпекбаев осы жағдайдың алдын алу бойынша қолданылатын шараларды сөз етті.

Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев мемлекеттік органдардың басшылары мен өңірлердің әкімдеріне биылғы нәтижелер бойынша экономикада жоспарланған индикаторларға қол жеткізудің кешенді жұмыстарын жалғастыру, ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдау, егістіктердің фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмыс орындарындағы жарақаттанушылық деңгейін төмендету, еңбек құқықтарын сақтау, анықталған жемқорлықты жою бағытында нақты шаралар қолдану туралы салаға жауапты лауазымды тұлғаларға тапсырмалар берді.

ЖӘРМЕҢКЕ

АСТАНАҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Іле ауданының Ақши ауылынан Жетісу жерінде өсірілген ауылшаруашылық өнімдерінің алғашқы автокеруені Астанаға аттанды. Жергілікті диқандар мен өндірушілер өндірген көкөністер мен жеміс-жидектер, сүт пен ет өнімдері тиелген жүк көліктері Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін айтулы тарту болмақ.

Маусым айының 17-18 күндері «Қазақстан» спорт кешенінің маңында өткізілетін ауылшаруашылық жәрмеңкесін күтушілер көптеп саналады. Себебі, Астана жұртшылығы Жетісу жерінде өскен дақылдардың, азық-түліктің дәмін жақсы біледі. Ондағы жерлестеріміздің туған жердің дәмін татқысы келетіні тағы бар. Сондықтан да болар, Алматы облысы өткізген әрбір жәрмеңке қашанда сұранысқа ие.

Бұл жолғы жәрмеңке халықаралық ЭКСПО–2017 көрмесіне орай ұйымдастырылғандықтан мемлекет астанасына жаңа піскен жеміс-жидектер мен бақша дақылдары, қазы-қарта, шұжықтар мен ірімшіктер, балық пен ет, сүт өнімдері мен бал сынды экологиялық таза өнімдер жіберіліп отыр. Тауарлар мен өнімдердің жалпы саны – 42.

Жәрмеңкеге орай арнайы сұхбат берген облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішевтің айтуынша, өнімдер Алматы облысының барлық өңірінен жинақталған.

– Негізінен бұл жолғы жәрмеңкеге көкөністер мен жеміс-жидектер жіберіп отырмыз. Өйткені, біздің аймақтың өнімдері күллі республикаға танымал, – деген басқарма басшысы жәрмеңкеге қатысушылар жайлы мәліметтер бере кетті. – *Меніңше, жетісулық өндірушілердің өнімдері астаналықтардың үлкен сұранысына ие. Өйткені біз өткізген жәрмеңкеде сөредегі азық-түлік тез таусылып жатады. Мысалы, былтыр күзде жұртшылық біз апарған етке таласып қалды. Сондықтан бұл жолғы жәрмеңкеге Ақсу, Ескелді, Қаратал және Көксу аудандарында өндірілген экологиялық таза өнімдер – көкөністер мен жеміс-жидектер, сүзбе мен ірімшік, сүт пен май, ет іріктеліп алынды.*

Естеріңізге сала кетсек, жәрмеңкеге облыстың 16 ауданы мен 3 қаласындағы өнім өндірушілер қатысады. Олар Астанаға барлығы 3 мың тонна өнім апара жатыр. Оның 1200 тоннасы көкөніс, 500 тоннасы жеміс-жидек, 20 тоннасы бал болса, қалған 470 тонна басқа да өнімдер. Сонымен қатар, қазірдің өзінде Елордада жұмыс істеп жатқан алты дистрибьютерлік бөлімше 400 тоннадан астам ауылшаруашылық өнімдерін ұсынады.

Жәрмеңке аясында облыстық филармония әртістері дайындаған концерттік бағдарлама көпшілік назарына ұсынылады.

М. ӘСЕТҰЛЫ.
Іле ауданы.

ЖЕТІСУ - ақпарат

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Орталық коммуникациялар қызметі

НЬЮ-ЙОРК МУЗЕЙІНІҢ жаңалықтары



Орыс суретшісі Николай Рерихқа арналған Құрама Штаттардағы жалғыз мұражай аты аңызға айналған суретші, философ, саяхатшы, археологтың жұмыстарын Қазақстанда алғаш рет көрермен назарына ұсынады. Бұл жаңалық Астанадағы халықаралық көрмелер жөнінде Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясы барысында айтылды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Николай Рерихтің «Нью-Йорктегі музейінен алынған жаңалықтар» көрмесі шебердің шығармашылық ауқымын көрсетіп, жасөспірім шағында, сондай-ақ, 1920-40 жылдары жарыққа шыққан 37 жұмысын қамтиды.

Талантты суретші Қытай Түркістанында, Моңғолияда, Үнді, Тибет және Алтайда мыңдаған жұмыстар жазған. 1926 жылдың көктемінде Рерихтардың экспедициясы Шығыс Қазақстандағы Зайсан көлінің маңында болды, Өскемен, Семей, Павлодар және Омбыны басып өтті.

Рерих мәдени құндылықтарды таратудағы керуен жолдарының маңыздылығын терең түсінді. Ұлы Жібек жолының айтарлықтай бөлігін жүріп өткен Рерихтар отбасының зерттеулері өте құнды.

Көрме Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы Миссиясының және Қазақстан мен АҚШ Елшіліктерінің ресми қолдауымен өткізілді.

Қазақстан жағы логистикалық және сақтандыру шығындарын көтерсе, көрмені ұйымдастыруға байланысты басқа шығындарды американдық «Son Mar Group» компаниясы мен АҚШ-тың жеке қорлары өтейді.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Астанадағы ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесінің жылдың басты оқиғасы екендігін атап өтті. Астанадағы ғаламат іс-шара ғылым мен техниканың үздік әлемдік жетістіктерімен ғана емес, сондай-ақ, Қазақстанды бүкіл әлемге танытып, есте қалатын мәдени шараларымен де ерекшеленбек.

Көрме аясында «Мәдениеттің динамикалық моделі: Қазақстан және әлемдік қауымдастық» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жоспарланған.

СУРЕТТЕ: Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Қазақ ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Андрей Хазбулатов, Орыс-американдық қордың президенті, американдық «Son Mar Group» компаниясының негізін қалаушы, Мемлекеттік Бруклин мұражайының экс-кураторы Марина Ковалева, американдық «Son Mar Group компаниясының және TondoArt арт-платформасының негізін қалаушы, «Сотбис» аукциондық үйінің экс-аға вице-президенті Соня Беккерман.

КӘСІПКЕРЛІК

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР көтеріледі

Астана қаласында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының төртінші съезі өтеді. Оған облыстан кәсіпкерлердің өңірлік кеңесінің 10 мүшесі қатыспақ. Олар съезде облыстық палатаның жетістіктерін саралап, бизнеске кедергі келтіріп отырған мәселелерді көтереді. Облыстық кәсіпкерлер палатасының жиынжайында журналистермен кездескен өңірлік кеңестің төрайымы Римма Салықова бастаған кеңес мүшелері осы жайлы әңгіме өрбітті.

Биыл Президент кезекті Жолдауында бизнес қоғамдастық алдына маңызды міндеттер қойды. Сол қатарда елдің жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта бизнес үлесін 50%-ға дейін арттыруды тапсырды. Бұл көрсеткішке жетуге мүмкіндігіміз бар, алайда, ол үшін жергілікті жердегі кәсіпкерлердің белсенділігі қажет. Осыған орай, өткен жылы облыстық кәсіпкерлер палатасы филиалдарының жанынан аудандық және қалалық кәсіпкерлер кеңесі құрылды.

Өңірлік кеңес өткен жылы 15 отырыс өткізіп, онда 43 мәселе қаралыпты. Сол қатарда бизнес өкілдерінің кен шаруашылығы кооперациясының дамуы, техникалық реттеу және метрология, 2016 – 2020 жылдарға арналған облыстың агроөнеркәсіптік кешенін дамыту сауалдары көтеріліп, дені шешімін тапқан.

Бүгінгі таңда облыста 16 аудандық және 3 қалалық кәсіпкерлер кеңесі жұмыс істейді. Кәсіпкерлер кеңесі қызметінің жарқын үлгісін Талдықорған қаласының кеңесі көрсетуде. Мәселен, осы жылдың наурыз айында қалалық кәсіпкерлер кеңесінің бастамасымен бірінші қалалық кәсіпкерлер форумы өтті. Іс-шара кәсіпкерліктің облыстың индустриалды-инновациялық дамуындағы рөліне, бизнес пен биліктің арасында жаңа форматтағы байланыс орнатуға, өзекті сауалдар мен ұсыныстарды талқылауға арналды. Сонымен қоса, журналистермен кездесу барысында өңірлік кеңес мүшелері туризм, агроөнеркәсіп кешені, бизнесті қаржыландыру салаларындағы мәселелерге тоқталды.

Кеңес аясында бизнес негіздеріне оқытудың маңыздылығы да сөз болды. Қазіргі таңда бес облыста «Bastau Бизнес» жобасы іске асырылуда. Жоба аясында жұмыссыздар мен шағын кәсіпкерлік субъектілері кәсіпкерлік негіздеріне бір ай ішінде оқиды. 7 ауданда оқыту 26 сәуірден басталды. Олар оқу курсын тамамдағаннан кейін бизнес-жобаларын облыстық комиссия алдында қорғайды. Оқыту Үйғыр, Райымбек, Панфилов, Іле, Еңбекшіқазақ, Қарасай және Жамбыл аудандарында ұйымдастырылды. Жалпы оқу аясында 1300 ауыл тұрғынын қамту жоспарланған.

Шара аясында өңірлік кеңес басшысы Римма Салықова 14 маусымда Астанада өтетін «Атамекен» ҰКП кезекті төртінші съезінде облыстағы ревизиялық комиссия қызметінің нәтижелері таныстырылып, осы төңірегіндегі сауалдарды қарастыратындығын жеткізді.

Қ. ОМАРАҚЫН.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ

Қоғамның жегіқұрты – сыбайлас жемқорлықты болдырмау барлық сала басшылары мен әрбір азаматтың басты ұстанымына айналуы тиіс. Сонда ғана қоғамдық дамуды тежеген дерттен құтылуға болады. Мұндай пікір облыс әкімдігінде өткен онлайн «дөңгелек үстел» отырысында айтылды. «Сыбайлас жемқорлықты жалпыға бірдей қабылдамау – бірлік және тұрақтылықтың кепілі» атты алқалы жиынды ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Алик ШПЕКБАЕВ ашып, жүргізіп отырды.

Жетісу
Мәди АЛЖАНБАЙ

Республикалық деңгейде өткен жиында сөз кезегін алған Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Дархан Мыңбай, Парламент Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму бойынша комитетінің мүшесі, ҚХА депутаттық тобының жетекшісі Сауытбек Абдрахманов көпшілікті алаңдатып отырған сыбайлас жемқорлық сынды зауалдың алдын алуға қатысты өз ойларын ортаға салса, Стратегиялық даму, зерттеу жұмысы және халықаралық әріптестік жөніндегі вице-ректоры А. Көшербаева «Сыбайлас жемқорлықты жалпыға бірдей қабылдамау Ұлттық идеологиясын қалыптастыру» деген тақырыпта, облыстық аналар кеңесінің өкілі Сәуле Сұрабалдинова «Рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеудегі отбасы рөлі» деген тақырыпта, Павлодар облысындағы «Қ. Даржұман атындағы Ұлттық жаңғыру мектебі» МҚКК директорының міндетін атқарушысы Ж. Байманова «Қоғамдық сананы жаңғырту: Қазақстан республикасының рухани жоғары азаматын тәрбиелеу» деген тақырыпта, Алматы қаласындағы республикалық неміс драмалық театрының әдеби-драмалық бөлімінің меңгерушісі А. Диденко «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы гуманизм және азаматтылықтың идеясы» деген тақырыпта баяндама жасап, көтеріліп отырған мәселенің маңыздылығын жан-жақты түсіндіріп өтті.

Жетісу жұртшылығының атынан сөз алған облыстық аналар кеңесінің өкілі Сәуле Сұрабалдинова:

– Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Мен өз халқымды сүйемін. Оның мені бала кезімнен сабыр мен парасатқа баулығанын мақтан тұтамын. Сол үшін басымды иемін!», – деген сөзі әр отбасына арналғандай, – деп отбасы құндылығына қатысты өз ойын ортаға салды. *– Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған аналар кеңестерінің басты мақсатының бірі – отбасылық құндылықтарды нығайту, мәдениетті, жоғары дамыған тұлғаны тәрбиелеу, өнегелі, тату шаңырақ иелерін насихаттау. Халқымызда: «Ұлы жол үйдің табалдырығынан басталады» деген ұлағатты сөз бар. Елге, жерге деген құрмет әр үйдің алтын босағасынан бастау алады. Биік белестерге жетелейді. Сондықтан да, әркімге өз отбасы – ыстық, өз отбасы қымбат. Ежелден қалыптасқан осы ұлттық тәрбиені өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің қасиетті борышымыз.*

Оның айтуынша, отбасынан басталған дұрыс тәрбие мемлекеттің іргетасын нығайтып, шаңырағын биіктететін азаматтардың адамдық айбынын асқақтатып, кісілік келбетін көркейтеді. Сондай-ақ, дамуға кедергі келтірер жағымсыз әдеттерден арылу арқылы әрбір азамат қоғамның жақсы жағына өзгеруіне ықпал етеді. Сол себепті, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған аналар кеңесінің тұтас ұлттың тәрбиесін қадағалай алатынын жеткізген баяндамашы Алматы облысында жұмыс істейтін 265 аналар кеңесі ең алдымен бала тәрбиесін кезең-кезеңмен қарастыратынын түсіндіріп өтті.

«Дөңгелек үстел» отырысының соңы қойылған сұрақтарды талқылауға арналды.

КӘСІБІ — НӘСІБІ

БОРДАҚЫЛАУ АЛАҢЫ КӨБЕЮДЕ

«Нұр Отан» партиясының «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» атты арнайы жобасы жүзеге асуда. Осы ретте аталған партия облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев Көксу ауданының бірнеше шаруа қожалығына барып, ондағы мал бордақылау алаңдарының жұмысымен танысты.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Ғалиасқар Төлендіұлы алдымен Еңбекшіқазақ ауылында орналасқан «Жанат» шаруа қожалығына барды. Ұжым өткен жылы «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жеке шаруа қожалық болып тіркеліп, мал бордақылауға 6 млн. теңге несие алған. Қазірде 28 бас ірі қара бордақылау алаңында бағылуда. Бұл туралы кездесуде аталмыш қожалық басшысы Асхат Қапшағаев айтып, партиялықтарға өз алғысын жеткізді.

– Мемлекеттік бағдарламаның көмегі зор, осындай қомақты қаражат алуымызға партиялықтардың ақыл-кеңесі себепкер болды. Бүгінде ойға алған шаруамыз ілгері басуда, – дейді кәсіпкер азамат.

Осыған орай Ғалиасқар Сарыбаев та мал бордақылап, одан табыс табудың оңай шаруа емес екенін тілге тиек етіп, шаруаларға «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» атты партиялық жобаның мақсатын таныстырды.

– Жоба аясында өңірлерде мал, егін шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге қолдау көрсетуіміздің басты себебі – ауылдың әл-ауқатын көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашып, жастарды кәсіп игеруге ұмтылдыру, – дейді «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Өз кезегінде Көксу аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Жанар Байұзақова аталмыш партиялық жоба аясында ауданда 29 азамат несие алғанын, кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 21 адам жіберілгенін атап өтті.

Бұдан соң жұмыс тобы Көксу ауданы, Балпық би кентінде тұратын Нұркелді Мазмақынның жеке шаруашылығына ат басын бұрып, ондағы шаруашылықты көріп қайтты.

Көксу ауданы.



ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жүгері себіліп бітті

Жаркенттік диқандар биылғы жүгері егу науқанын нәтижелі аяқтады. Жер жылуын күтіп жүрген жүгерішілер жылдағыдай сәуір айының алғашқы аптасынан бастап егіс алқаптарын суғарып, одан соң жер жыртып, тұқым себуді бастап кетті. Оған дейін топырақ жылуын талғамайтын жаздық бидай, көп және біржылдық шөп, картоп, майлы дақылдар егу жұмыстарын қолға алып, жоспарланған іс тиянақты тындырылды.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Аудандық ауылшаруашылығы бөлімі мамандарының мәліметі бойынша жүгерінің қажетті тұқымы алдын ала дайындалған. Оның ерте және орта мерзімде пісіп-жетілетін 365 тоннасын өңірдегі тұқым өсірумен шұғылданатын жеке шаруа қожалықтары қамтамасыз етті. Ал кеш пісетін түріне қажет 260 тоннасын Еңбекшіқазақ ауданындағы «Бұдан» шаруашылығынан сатып алыпты.

Аудандағы егін егілетін жердің бәрін құнарлы деп айта алмаймыз. Сондықтан тәжірибелі егіншілер тыңайтқыштарды пайдалану арқылы мол өнімге қол жеткізбек. Биыл мемлекеттен жүгері өсіруге жеңілдікпен бөлінетін минералды тыңайтқыш сатып алу жоспары 7150 тонна болса, бүгінгі күнге дейін оның 5700 тоннасы сатып алынған. Оның 4900 тоннасын шаруалар жеңілдетілген бағамен, қалған 800 тоннасын өз бағасында сатып алды. Бұл биылғы 25780 гектар жерге себілген жүгері алқабын құнарландыруға жеткіліксіз болғандықтан егіншілер тыңайтқышқа тапшылықты мал қораларынан шыққан көң арқылы толықтырып отыр.

Жүгері егу науқанын ерте аяқтаған жаркенттік егіншілер қазірдің өзінде өніп шыққан жүгері өркендерін технологиялық баптау мен суаруды бастап кетті.

Панфилов ауданы.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ



ФАБРИКА ФИЛИАЛЫ ашылды

Сарқан ауданында Талдықорған қаласындағы «Ажар» тігін фабрикасының филиалы ашылды. Сарқан политехникалық колледжінің базасында ашылып, 23 қыз-келіншекті тұрақты жұмыспен қамтыған филиал бүгінде бірыңғай әскери киім тігуге машықтанған.

Аталмыш филиалдың ашылуына Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, «Ажар» ТФ ЖШС-нің бас директоры Хамидулла Ержанов қатысып, жаңа цехтың жұмысына сәттілік тіледі.

– Талдықорған тігін фабрикасы бастауын 1933 жылдан алады. 1991 жылы «Ажар» кәсіпорны болып қайта құрылып, республикалық «Алтын сапа» байқау-көрмесінің дипломанты атанып, республикалық «Сенім – 2010» конкурсының «Ең озат жұмыс беруші» номинациясы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталдық,– дейді аталған кәсіпорынның бас директоры.

Келер жылы өзінің алпыс жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Сарқан политехникалық колледжіне бұл тігін цехы таптырмас дүние болғалы тұр. Жастарға кәсіптік білім мен білік беруге маманданған оқу ордасындағы 7 түрлі мамандықтың бірі – тігіншілік. Бұл дегеніңіз ине, қайшы ұстаған шәкірттің кәсіби мамандардан тәлім алып, өз ісінің білімін білік, тәжірибемен ұштастыра алады деген сөз.

– Ерінбеген жанның еңбегін жеймейміз,– дейді тігін цехының басшысы болып тағайындалған Үмітжан Тертюбаева. Тігін машиналарының бәрі жаңа. Екі жетіде 150 дана дайын өнім шығарылған. Бұл істе әсіресе «Ажар» ТФ ЖШС-нің бас технологы Роза Рамазанқызы өз тәжірибесін ұштастыра отырып, ерекше бағыт-бағдар нұсқаған.

Жаңа цехтағы тігіншілердің жұмыс орнын ашып, халықтың тұрмыс жағдайын көтеруге игі ықпалын тигізіп отырған жергілікті басшылыққа ризашылықтары шексіз.

Жомарт ИГІМАН.
Сарқан ауданы.

БАСЫЛЫМ

«Баспасөзі мықты елдің – келешегі зор» деп өткен ғасырдың басында Алаш арысы Міржақып Дулатов атамыз бекер айтпаған. «Кім ақпаратқа ие болса – сол әлемді билейді» деген де түсінік бар. Демек, қоғамдық өмірде ақпараттың алатын орны өте жоғары. Онда сол ақпаратты жинап, халыққа тарататын құралдардың – газет, журнал, радио, телеарна, интернеттің де қоғамда өзіндік орны бар екені даусыз. Бірақ бүгінгі таңда халықтың экономикалық ой-түсінігі мен білім-білігінің дамуына қызмет ететін қазақ тіліндегі арнайы басылымдар аз.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ жаңалықтың жаршысы

Бүгінде күнделікті өмір қажеттіліктерінің 90 пайызы экономикалық сипатқа ие болса да біздің ақпарат құралдарымыз тура қарама-қарсы мөлшерде әдеби, мәдени, рухани тақырыптар мен әлеуметтік мәселелер төңірегінде хабарлар таратып жатады. Тәуелсіздік жылдарында ауыл экономикасы дамымай тұралап қалды, тіпті «Болашағы жоқ ауылдар» деген түсінік пайда болды десек, оның да бір себебі сол ауылда тұратын тұрғындардың төл тілінде қажетті экономикалық ақпарат алатын құралдары болмағанынан деудің де жөні бардай. Ал, қазіргідей қаржылық қиындық, экономикалық дағдарыс кезінде халықты экономика мәселелеріне қатысты қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету тіпті де қажет. Осы тұрғыдан дәл жаһандық экономикалық дағдарыс тұсында өмірге келген «Экономика» газетінің бүгінгі қазақ қоғамында атқарар қызметі де аса маңызды дер едік.

«Экономика» газеті 2006 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстандағы тұңғыш апталық экономикалық басылым ретінде қазақ және орыс тілдерінде жарық көріп келеді. Ол басқа да қажеттіліктермен бірге негізінен қазақ тілді оқырмандардың экономикалық сипаттағы ақпараттарға деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Еліміздің ақпарат кеңістігінде бұл тұс іс жүзінде осы күнге дейін бос тұрған еді. Сол себепті де газет уақыттың өзі қойған талапқа сай өмірге келді. Мемлекеттік тәуелсіздіктің 18 жылы реформалар кезеңі, бәрінен бұрын экономикалық реформалар кезеңі болды. Оның негізгі стратегиялық міндеті еліміздің жоспарлы экономикасын нарықтық негіздерге ауыстыру болатын. Тиісінше барлық саяси және әлеуметтік жүйе, сондай-ақ қоғамдық құрылыс тұтас күйінде түпкілікті өзгеруі қажет еді. Осылай барлық өзгерістердің локомотивіне айналған экономикалық реформалар 18 жыл ішінде материалдық өмірдің қалыптасқан бейнесін толық өзгертті. Соған байланысты қоғамның өмірге деген көзқарасы да айтарлықтай өзгерді. Мұның бәрі көз алдымызда өтіп жатты. Көп нәрсе көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп, осыған орай қоғамдық пікір қабылдап, түсінуге де үлгермеді. Әсіресе бұл экономикалық реформаға қатысты өзгерістерге байланысты еді. Сондықтан бұл өзгерістердің нәтижесі қоғам мүшелерінің бір бөлігін қанағаттандырмайтын тұстар да болмай қалмады. Осы кезге дейін ақпарат құралдарында еліміздің экономикалық өмірі қазақ тілінде мақсатқа сай және ізбе-із сәулеленбегендіктен де осылай болды. Әрине, телеарналар мен радио жекелеген бағдарламалар шеңберінде бұл олқылықтың орнын толтыруға тырысып, газеттер мен журналдарда жекелеген жарияланымдар басылды. Бірақ күні бүгінге дейін толығымен осы тақырыпты көтеретін қазақ тіліндегі жеке ақпарат құралы болған жоқ.

Міне, енді ол «Экономика» газеті болып «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрамында дүниеге келді. Бүгінгі күнге дейін газеттің 508 саны жарық көрді. Тіркеу құжаттарына сәйкес ол А3 пішіміндегі 16 беттік газет. Бірақ 2008 жылдың шілдесіне дейін газеттің 42 нөмірі 12 беттен екі аптада бір рет жарық көрді. Тек шілде айынан бастап қана апта сайын толық көлемде шыға бастады. Ал 2009 жылдың 20 наурызынан А2 пішімінде 10 бет болып басылатын болды. Осы күнге дейін газет бетінде Үкімет мүшелерімен, облыс, аудан әкімдерімен, ірі кәсіпорындардың, оқу орындарының басшыларымен сұхбаттар, еліміздің индустриалды-инновациялық дамыту мәселелеріне арналған көлемді мақалалар, отандық экономиканың дамуына өзіндік үлес қосқан азаматтар жайында көркем очерктер жарияланды. Келешекте көлемі бұдан да үлкеюі әбден мүмкін. Өйткені қазіргі нарықтық экономика жағдайында қоғамда жаңа кәсіпкерлік психология, экономикаға деген өзгеше көзқарас пен қызығушылық пайда болып келе жатыр. Қарапайым кәсіпкерден бастап ірі бизнес өкілдерінде күнделікті экономикалық жаңалықтар мен ақпараттарға деген қажеттілік пен сұраныс өсіп келеді. Олар өздерінің экономикалық түсініктерін кеңейтіп, білімдерін нығайта түсуге мүдделі. Себебі, нарықтық жағдайды естіп, біліп үйрену және өз қажетіне жарату қажеттілігі кәсіпкерлерден осыны талап етеді. Бір қиындығы, біздің осы күнге дейінгі бүкіл экономикалық ой-пікірлеріміз, түсініктеріміз кешегі кездегі кеңестік білім жүйесі арқылы санамызға сіңді. Соған байланысты экономикалық мәселелерді қазақ тілінде жазып жеткізетін тілшілер мен авторлар қауымы да аз. Тәуелсіздік шарапатымен елімізде ана тілімізге деген қызығушылық артып, алыс-жақын шетелдерден атажұртқа бір миллионнан аса қандастарымыз көшіп-қоныстанғанын, олардың басым көпшілігі кәсіпкерлік саласында екенін ескерсек, төл тілімізде шығатын экономикалық басылымға деген сұраныс пен қажеттілік жеткілікті екенін сеземіз. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев мырза да мемлекеттік басылымдарға үнемі қолдау көрсетіп, келешекте қамқорлықтың күшейе түсетінін бірнеше рет айтты.

«Экономика» газетінің негізгі мақсаты – еліміз аймағында болып жатқан экономикалық жаңалықтарды қазақ тілінде қарапайым да ұғынықты тілмен жеткізу, отандық экономиканың сан-саласы, ауыл шаруашылығы, құрылыс, өнеркәсіп, қаржы саласы, тұрғын үй және т.б. секторлардағы ұнамды өзгерістер мен түйткілді мәселелер жайында мамандардың, сарапшы ғалымдардың пікірлерін жалпы жұртшылыққа жеткізіп, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге, сол арқылы халықтың экономикалық ой-түсінігінің өсуіне қызмет ету. Осы мақсатта газет редакциясы жанынан құрамына белгілі экономист-ғалымдар, қаржыгерлер, заңгерлер кіретін ақылдастар алқасы ұйымдастырылды. Олардың қатарында Әбдіжапар Сапарбаев, Рахман Алшанов, Айтқали Нұрсейіт, Тілектес Есполов, Оразалы Сәбден, Әбдісағит Тәтіғұлов, Жантемір Хамзин, Нұрлан Темірбеков сынды белгілі кәсіпкерлер, экономист ғалымдар бар. Күн өткен сайын қалыптасып, қазақ тіліндегі экономикалық басылым ретінде еліміздің ақпарат кеңістігінен өз орнын табуға ұмтылып келе жатқан «Экономика» газетіне келешекте оның қоғамдық-мемлекеттік маңызын ескере отырып, еліміздің әкімшілік-саяси және кәсіпкерлік ортасында қолдау күшейеді деген сенім мол.

Ақас ТАЖУТОВ,
«Экономика» газетінің бас редакторы.

БРИФИНГ

ОБЛЫСТА РҰҚСАТСЫЗ САЛЫНҒАН ҮЙ ҚҰЖАТЫН ТІРКЕУ ҚҰНЫ ҮЙ САЛУҒА КЕТЕТІН ШЫҒЫННАН ҚЫМБАТ. БҮГІНДЕ ОБЛЫСТАҒЫ 13 МЫҢҒА ЖУЫҚ ОТБАСЫ САЛЫП БІТКЕН ҮЙЛЕРІН ТІРКЕТЕ АЛМАЙ СОТТЫ ЖАҒАЛАП ЖҮР. ҚАЗІРГІ ТАҢДА РҰҚСАТСЫЗ САЛЫНҒАН ҚҰРЫЛЫСТАР СОТ САЛАСЫН ӘБІГЕРГЕ САЛЫП ҚОЙДЫ.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС қымбатқа түседі

Жетісу

Қажет АНДАС

Осы тұрғыда облыстық сотта 2015 жылы 2651, 2016 жылы 1622 талап-арыз қаралса, биылғы 5 айда 354 талап-арыздың 228-і қаралып, қанағаттандырылған. Әсіресе, Алматы қаласына іргелес орналасқан Іле, Қарасай, Талғар аудандарының тұрғындары үшін бұл бас ауыртып, балтыр сыздататын жағдай. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында облыстық соттың судьясы Арыстанбек Стыбаев айтты.

Бұл келеңсіздік 2015 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, өткен жылдың 1 қаңтарынан күшіне енген «Сәулет-қалақұрылысы туралы» Заңның жетілмеген баптарынан туындап отыр. Айталық, «Сәулет-қалақұрылысы туралы» Заңның 74-бабының 1-тармағында: «Меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылыс салушы) құрылысы аяқталған, техникалық жағынан күрделі емес нысандарды өз бетінше қабылдауды жүзеге асырады», – деп жазылса, мұндай жеңілдік осы баптың 3-ші тармағында: «осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, сейсмикалық қауіптілігі жоғары не өзге де геологиялық (гидрогеологиялық) немесе геотехникалық жағдайлары ерекше аудандарда, сондай-ақ ерекше реттелетін аймақтарда орналастырылатын (орналастырылған) нысандарға қолданылмайды», – деп көрсетілген.

Алматы облысы сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймаққа жататындықтан үйді тіркеу жұмысын арнайы комиссия қабылдайды. Заң талабы бойынша жетісулықтар үй салу үшін алдымен болашақ нысанның жобасын сыздыруы, экспертизадан, санитарлық, авторлық, экологиялық, сейсмикалық сараптаудан өткізу керек. Оның қорытындысын мемлекеттік және жекеменшік мекеме мамандарынан құралған комиссия береді. Жоғарыдағы аталған құжаттар дайын болғаннан кейін үйді қандай материалдан тұрғызу, сейсмикалық өңірде үй сала алатын құрылыс компаниясымен бірлесе құрылыс жұмысын жүргізу керектігін де комиссия қадағалап отырады.

Әр деңгейдегі әкімшілік сол өңірде тіркеуде тұрған, жер, үй кезегінде бар азаматтарға екі жылдық уақытша тіркеу жолымен жер телімін береді. Демек, жерге ие болғандар екі жылда тиесілі жеріне өз мақсаты бойынша құрылыс жұмысын жүргізіп, тәртіп бойынша тіркеп, ұзақмерзімді меншіктеу құқығына қол жеткізу керек. Жерлестеріміз екі жылда нысанды тұрғызып үлгермейді. Жеке тұлға жерді белгіленген екі жыл шегінде өз мақсатында пайдалана алмағандықтан Жер кодексіндегі белгілемелер бойынша жерді меншіктеу құқығы күшін жояды. Уақытша тіркеу уақытын екі жылдан ары ұзартуға жергілікті үкіметтің құзыреті жетпейді. Сонымен жеке тұлға сотқа жүгінеді.

Брифинг барысында облыстық сот пен прокуратура Парламентке арнайы сауал дайындап жатқаны туралы да айтылды.

Фұр Отан

Жамбыл ауылдық округінде 12 мың адам тұрады. Жыл сайын тұрғындар санының артуына байланысты балаларды мектеппен қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналуда. Қазіргі күні Жамбыл ауылындағы 600 орынды мектепте 1600 бала үш ауысымда білім алуда. Оның ішінде 600 оқушы өзге ауылдар мен саяжайлардан келеді. Сондықтан «Нұрлы Жол» бағдарламасына сәйкес жаңадан салынып жатқан 600 орынды мектеп жалпы жұртшылықтың қуанышына айналып отыр, – деді ауыл әкімі Бекзат Мыржиев қонақтарды ел жайымен таныстырып.

Тексеру тобының мүшелері ішкі-сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізіліп жатқан аумағы аттаптырым әсем ғимараттың ішін аралай жүріп, өздерін толғандырған сауалдарға жауап алды. Олар бірінші кезекте құрылыстың қаржымен қамтамасыз етілуін, оның орынды жұмсалуын, құрылыс жұмыстарының жоспарға сәйкес жүргізілуі мен «Қазақстандық мазмұн» бағдарламасына орай отандық материалдармен жасалынып, жабдықталуын жанжақты сұрап білді. Мектепті салып жатқан «Құрылысшы ТБС» компаниясының директоры Батырхан Тоқтаев кездескен кедергілерге қарамастан ғимараттың белгіленген мерзімде, яғни 25 тамызда пайдалануға берілетінін жеткізді.

– Құрылыс жұмыстары сәл кешіктіріліп, өткен жылдың қыркүйек айында басталды. Бірақ біз бүгіндері қауырт қимылдай отырып, белгіленген кестеге сәйкес жұмыс атқарудамыз. Қазірдің өзінде мұнда жұмыстың 70 пайызы жасалынды. Құрылыста 182 адам екі ауысымда жұмыс істеуде. Үлкен еңбек ұжымының әрбір мүшесі өздеріне жүктелген міндетті сезіне отырып, қызметін сапалы атқарып келеді. Ендеше, қанша қысылтаяң болғанымен мектепті жаңа оқу жылы басталғанға дейін бітіреміз, – деді Батырхан Сыдықұлы.



БЕЛГІЛЕНГЕН мерзімде бітеді

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, САЯСИ КЕҢЕСТІҢ МҮШЕСІ ГҮЛНАР ТОЙЛЫБАЕВА, САЯСИ ЖҰМЫС БӨЛІМІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ ЛӘЙЛӘ САҒЫНҒАЛИҚЫЗЫ, «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ҚАРАСАЙ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ БЕЙБІТ ТӨЛЕГЕН ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТЫ АТЛАНА ИСАЕВА БАСТАҒАН ТОП ҚАРАСАЙ АУДАНЫ, ЖАМБЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ «ЖАҢАҚҰРЫЛЫС» ЫҚШАМАУДАНЫНДА САЛЫНЫП ЖАТҚАН МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Жетісу

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Осы және өзге де жұмыстармен таныса келіп комиссия мүшелері «Кедергісіз келешек» бағдарламасына сәйкес мүгедек жандардың жүріп-тұруына арналған арнайы құрылғылардың толық назарға алынбағанын ескертті. Атап айтқанда, ғимаратқа кіретін пандустар бар болғанымен газ құбыры тартылып, қосуға дайындалып қойылған. 280 метр тереңдіктен ұңғыма арқылы таза су шығарылып, өртке қарсы су сақтайтын резервуар да пайдалануға дайын тұр.

Осы және өзге де жұмыстармен таныса келіп комиссия мүшелері «Кедергісіз келешек» бағдарламасына сәйкес мүгедек жандардың жүріп-тұруына арналған арнайы құрылғылардың толық назарға алынбағанын ескертті. Атап айтқанда, ғимаратқа кіретін пандустар бар болғанымен олардың төбесіндегі шатыры, мүгедектер арбасы сияқтын дәретхана ойластырылмаған болып шықты. Құрылыс басшылары ресми рұқсат беріліп, қаржы қарастырылған жағдайда аталған мәселелердің тез шешімін табатынын айтты. Орындалуы оңай осындай олқылықтар болмаса, құрылысшылардың жұмысы қарқынды екенін көрген қонақтар риза көңілмен сәттілік тілеп аттанды.

Қарасай ауданы.



ЭКСПО-ға жол тартқан оқушыларды шығарып салу сәті.

ЭКСПО-ны қызықтайды

«ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі ел тарихындағы елеулі оқиға. Сондықтан оны көргісі келетіндердің қатары күн санап артып келеді. Осыған орай Еңбекшіқазақ ауданынан оқушылардың алғашқы легі сәрсенбінің сәтінде Астанаға жол тартты. Ауданның әр аумағынан жиналған 200-ге жуық мектеп оқушысын аудандық білім басқармасының өкілдері Есік қаласынан шығарып салды.

Жетісу

Болат МӘЖИТ

Оқушылардың жазғы демалысты қызықты әрі мазмұнды өткізгеніне не жетсін?! Аудандағы 605 оқушыға «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне билет алынып, олардың барып-келуі облыстық бюджет есебінен қамтамасыз етілетін болды. Оқушылар тобы төрт кезеңге бөлініп, үш айдың ішінде кезек-кезек сапарға шықпақшы. Әр 20 оқушыға бір жетекші тағайындалды.

Көрмеге барушылардың қуанышында шек жоқ. Себебі, бұл олардың Астана қаласына бірінші сапары. Балалар осы жолы көрме павильондарын асықпай аралап, ондағы жаңалықтармен жақыннан танысады. Әсіресе, отандық жетістіктерге ерекше назар салынатыны белгілі.

Көрмеде өздері секілді оқушылардың да ойлап тапқан жаңалықтарының тұруы мүмкін ғой. Оны көрген оқушылар мол әсерге бөленетіні анық. Күні ертең өз араларынан талантты өнертапқыштардың шықпасына кім кепіл. Қалай айтсақ та, бұл шараның балаларға беретін игілігі көп.

Еңбекшіқазақ ауданы.

ЕРТЕҢ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

1992 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заң қабылдады. Бұл Қазақстан полициясының қызметі мен міндетін анықтайтын алғашқы құқықтық акт болатын. 2007 жылы 5 маусым күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жарлығымен 23 маусымды Полиция күні деп бекітті.

Кәсіби мерекені Алматы облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/16 мекемесі жоғары деңгейде атап өтеді. Қазақстан полициясының 25 жылдық мерейтойына орай жас қызметкерлердің шеберлігін шындау мақсатында көптеген игі істер атқарылды. Ардагерлеріміз жиі-жиі ақыл-кеңестерімен бөлісіп отырады. Әртүрлі жаттығу сабақтары да жұмыс бабында үлкен септігін тигізеді.

Біздің қызметімізге үлкен жауапкершілік артылған. Тәртіп сақшылары ел тыныштығын күні-түні күзетіп, қоғамдық тәртіпті қадағалайды. Төнген қауіпті ауыздықтауда жан қиюға дейін барады. Еңбегіміз елеусіз қалмай, халықтың көңілінен шығып жатамыз. Айтқан алғыстары жігерімізді шыңдап, жұмысқа деген сүйіспеншілігімізді арттырады.

Қазіргі таңда елдің артқан сенімін ақтау үшін аянбай еңбек етіп келеміз. Тұрғындардың тыныш ұйықтауын қадағалап жүрген әріптестерімізге деген құрметім шексіз. Баршамызға мереке құтты болсын!

Б. ТОЙШИБЕКОВ,
ЛА-155/16 мекемесінің
ТИБКК әділет майоры.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ: ҚАНША ТӨЛЕЙМІЗ ЖӘНЕ ОДАН НЕ АЛАМЫЗ?

Қазақстанда Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу (МӘМС) көптеген сұрақтарды көлденең тартты. Біріншіден, оның қаржылық құраушысы: тұрғындар қанша төлейді және сол ақшаға қандай қызмет көрсетіледі? Ең бастысы, жекеменшік клиникалардағы онсыз да арзан емес медициналық қызметтерден артық төлеп жүрмейміз бе?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына бірінші болып 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмысшылардың еңбекақысынан 1% құрайтын жарнаны жұмыс берушілер төлейді. 2020 жылға дейін олардың жарнасы 3%-ға дейін көбейтіледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуші азаматтар, олардың ішінде жеке кәсіпкерлер және келісімшарт бойынша жұмыс істейтін азаматтардың жарналары 2 ЕТЖ-дан (ең төмен жалақы көлемі) 5%-ы немесе айына 2 884 теңгені құрайды және одан әрі қарай өспейді. Белсенді емес тұрғындар немесе өнімсіз жұмысшылар санатына жататын үй шаруасындағы әйелдер, такси жүргізушілері, кішігірім қосалқы шаруашылық иелері, базардағы сатушылардың медициналық сақтандыру қорына төлемдері 2018 жылдан 1 ЕТЖ-ны 5%-ын немесе айына 1 414 теңгені құрайды және осы мөлшер тұрақты болып қалады.

Мемлекет әлеуметтік қорғалмаған топтар үшін 2018 жылдан бастап елдегі орташа еңбекақы мөлшерінің 3,75% көлемінде бастапқы жарна төлейді. МӘМС шеңберінде жарна төлемейтін әлеуметтік топтар тізімі өте кең: оларға зейнеткерлер, мүгедектер, балалар, студенттер, көп балалы аналар және ана болуына байланысты демалыстағы әйелдерді қоса алғанда 14 санат бойынша 10 миллионнан аса отандасымыз енеді. Жалдамалы жұмысшылар 2019 жылдан бастап ай сайынғы еңбекақыдан 1% көлемінде жарна төлейді және бұл мөлшер 2020 жылға қарай 2%-ға ұлғаяды.

Осы төлемдер үшін қандай қызмет көрсетіледі?

МӘМС сақтандыру пакетіне мемлекетпен кепілдендірілген медициналық көмек пакетінен басқа медициналық қызметтердің үлкен тізімі енгізілген. Олар: емханаларда қызмет көрсету, дәрігердің қабылдауы, түрлі зерттеулер, рецептік дәрілер, стационарда емделу. Одан басқа, сақтандырылған азамат екі себепке байланысты – мемлекет тарапынан жасалатын оталарға үлкен кезектің болуына немесе өз қалтасынан жасату өте қымбат болуына байланысты қолжетімділігі төмен болып саналатын түрлі оталар жасатуға, соның ішінде қымбат тұратын оталар істетуге құқылы.

МӘМС енгізудің ең басты тиімділігі – бәсекелестікке байланысты медициналық қызмет сапасын жоғарылатудың мүмкіндігі. Қарап тұрсақ, бәрі де түсінікті. Адамдардың сұранысына лайықты, білікті дәрігерлері бар, клиентке сапалы қызмет көрсететін клиниканың табысы да жоғары болады. Кейбір медициналық ұйымдардағы асқақтап тұрған бағаларға тұрғындардың артық шығындарын банбауына мүмкіндік береді. Барлық шығындарды ауруханамен келісімшартқа отырған медициналық сақтандыру қоры өз міндетіне алады. Қор қаржының барынша тиімді және дұрыс жұмсалуына мүдделі болғандықтан қызметтің сапасына және толықтай көрсетілуіне бақылау жасауды өз міндетіне алады.

Әлем тынысы

ЕКІ ЕЛДІҢ ДОСТАСТЫҒЫ



Қырғызстан мен Ресейдің Қаржы министрлері Адылбек Касымалиев пен Антон Силуанов Қырғызстанның РФ алдындағы 240 млн. АҚШ долларын құрайтын қарызын кешіру туралы хаттамаға қол қойды.

Қол қою рәсімі Мәскеуде Қырғызстан президенті Алмазбек Атамбаевтың Ресей Федерациясына жасаған мемлекеттік сапары аясында жүргізілді. Қырғызстанның Қаржы министрі журналистерге 2012 жылдан бері Қырғызстанның Ресей алдындағы қарызы 488 млн. долларды құрағандығын айтып берді. «2013 жылы 188,9 млн. доллар қарыз кешірілді. Алайда, 300 млн. доллар қарызды бөліп өтеуге келісілді. 2016-2017 жылдары 60 млн. доллар есептен шығарылды. Енді, бізде 240 млн. доллар қалып тұр еді және бұл сома бүгін қарыздық есептен шығарылды», – деді министр.

КИНОҒА ТҮСПЕЙДІ



«Оскар» сыйлығының үш мәрте иегері енді киноға түспейді.

Британдық актер өзінің өнердегі мансабын аяқтауға шешім қабылдады. Дэниел Дэй-Льюис – тарихта ең үздік ер адам рөлі үшін «Оскар» сыйлығын үш рет (1990, 2008 және 2013 жылдары) алған жалғыз актер. Оның өкілі мынадай хабарлама жасаған: «Енді сіздердің сүйікті актеріңіз Дэй-Льюис актер ретінде жұмыс істемейді. Қолдау білдіріп келген әріптестері мен көрермендеріне шексіз алғыс айтады». Алайда атақты кино жұлдызы не үшін өнердегі мансабын аяқтап отырғандығын ашып айтпады.

МЫСЫҚТАР ҮЙІ САТЫЛАДЫ



Аризона штатындағы Стэнфордта мысықтарға арналған үйді сатылымға қойды.

Бір қызығы, бұл үйдегі мысықтардың саны өте көп. Үйдің жалпы аумағы 2500 текше фут (232,36 текше метр). Онда қонақүй, жұмыс кабинеті, сондай-ақ екі жатын және жуынатын бөлмелер бар. Алайда, оның бәрі мысықтардың суретімен безендірілген. Үйдің жертөлесінде мысықтардан жасалған үлкен ағаш, ағаш бағандарға қойылған жануарлардың тұлыбы, мысықтардың суреті бейнеленген контейнерлер, мысықтардың суреті салынған кілемдер және тағы да басқа дүниелермен жабдықталған. Өзіндік ерекше үйді сатылымға шығарған «Coldwell Banker» компаниясы оны 240 мың долларға бағалап отыр.

ҚЫТАЙ ХАКЕРЛЕРІНІҢ МҮМКІНДІГІ



Қытай хакерлері әлемнің кез келген нүктесіндегі веб-камераларды басқаруға мүмкіндік беретін бағдарламалар сата бастады.

Бұл аппараттың жалпы құны 28 доллар. Оның көмегімен қасқүнемдер құрылғыларды көбінесе үй маңындағы және балаларды бақылауға арналған камераларды аша алады. Хакерлер әлеуметтік байланыс арқылы камераларды бұзу туралы толыққанды ақпаратпен бөлісуге арналған топ құруда. Көбінесе олар камераға қолжетімді логин мен кілтсөздерді жариялайды. Тұтынушылар жүйелік икемдеу және кілтсөздерді жиі ауыстырып тұрмағандықтан, алаяқтар олардың келісімінсіз бақылау жасайды. Сарапшылар құрылғыларды бастапқы қалпы бойынша пайдаланбай, гаджеттерінің кілтсөздерін жиі ауыстырып тұруға кеңес береді.

ТЕГІН ҰШАДЫ



Әуеде дүниеге келген сәби өмір бойы тегін ұшу мүмкіндігіне ие болды.

Эд-Даммамадан Коччи қаласына бағыт алған Үндістанның «Jet Airways» лайнерінің бортында аяқастынан тағы бір жолаушы босанып, сәбилі болды. Ұшақ ішінде дүниеге келген сәби әуе компаниясының ерекше сыйлығына ие болды. Борттағы фельдшер мен экипаж жүкті әйелге көмек көрсетті. Бала «Boeing» 747 жерге қонып үлгерместен дүниеге келді. Бұл әуе компаниясы үшін алғашқы тосын жағдай. Сондықтан да, олар жаңа туған нәрестеге өмір бойы рейстерде тегін ұшу мүмкіндігін сыйлады. Айта кетейік, мұндай сыйлықтар сирек кездеседі. Соңғы рет 2009 жылы «AirAsia» әуе компаниясы Пенангтан Кучингке бағытталған екі сағаттық ұшу кезінде дүниеге келген сәбиге осындай сертификат табыстаған.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ қаладағы бірқатар нысанды аралады. Өңір басшысы атап көрсеткен нәтиже мен түзетілуі тиіс кемшіліктің бірқатарын біз де көріп қайттық.

НӘТИЖЕ БАР, кемшілік те жоқ емес...

Жетісу

Қажет АНДАС

Облыс әкімінің бірінші орынбасары алдымен Талдықорған әуежайына ат басын тіреді. Өткен жылы күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген нысанның бүгінде әлеуеті арта түскен. Ұшып-қону алаңында сапалы жұмыс атқарылғаны көрініп тұр. Алайда әуежай ауласындағы санитарлық жағдайдың нашарлығы, кейбір қалтарыс жерлердегі күл-қоқыстың толық тазаланбауынан туындаған кемшіліктер байқалып тұр. Лаззат Махатұлы осы кемшіліктерді жою керектігін тиісті мекеме басшыларына тапсырды. Осыдан кейін жұмыс тобы «Қаратал» шағынауданындағы ашық шомылу алаңын аралап шықты. Нысанды қайта жаңғырту жұмысының қарқын алғаны бірден аңғарылады. Десе де, мұнда көңіл толмайтын тұстары бар. Әсіресе, судан құтқару қызметінің дайындығы өңір басшысының сынына ұшырады. Қазір шомылу алаңына су жіберіліп, суға шомылу басталып кетті. Сондықтан облыс әкімінің бірінші орынбасары құтқарушыларды моторлы қайықпен жабдықтап, әрқандай жағдайға дайын болу керектігін тапсырды.

Лаззат Махатұлы келесі кезекте «Қаратал» шағынауданындағы азаматтық үкіметке арналған ғимаратта болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында салынып, белгілі себептермен құрылысы тоқтап тұрған ғимарат келесі жылы қала әкімдігі мен оған қарасты бөлімдердің қызметтік ортасына айланбақ. Қазір ондағы жұмыс қарқыны ойдағыдай.

Бірақ, Орталық саябақтан қарқынды жұмыстың ыңғайын көрмедік. Десе де жауапты мекеме басшылары жобаның белгіленген мерзімде бітетіндігіне сенімді. Абай мен Қабанбай көшелерінің қиылысындағы бірнеше облыстық басқарма орналасатын ғимаратты әрлеу жұмысы басталыпты. Лаззат Махатұлы жұмыстың сапалы жүріп жатқанына ризашылығын білдірді.

Осы күні қала тұрғындары Ардагерлер саябағына сенбілікке шығыпты. Жалпы, саябақтағы сенбілікке 700 адам жұмылдырылып, 54 техника тартылған. Күні бойғы тынымсыз еңбектің нәтижесінде айтарлықтай күл-қоқыс шығарылып, тазаланған. Саябақты аралап шыққан Лаззат Тұрлашов Ардагерлер саябағын абаттандыру жұмысын алдағы уақытта мықтап қолға алу керектігін айтты. Айта кетерлігі, биыл да қаламызда құрылыс жұмыстары қарқын алуда. Қазірдің өзінде несиелік, коммуналдық, жалдамалы 7 тұрғын үй салынып жатыр. Жақын арада екі үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындар қуанышы еселене түспек. Лаззат Махатұлы осы үйлерді аралап, құрылыс жұмысымен танысып шықты.

Сөйтіп, бір күнін қаланың маңызды нысандарындағы жұмыс сапасымен танысуға арнаған Лаззат Тұрлашов жетістіктерді мақтап, кемшіліктерге сын-ескертпе айтты. Кемшілікті уақытылы түзету міндетін жауапты тұлғаларға жүктеді.

ІССАПАР



Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР және әлеуметтік салаға жауапты басқармалар басшылары Талғар ауданының тыныс-тіршілігімен танысты. Әлеуметтік нысандарды аралап, шешілуі тиіс мәселелерге ден қойды.

Бес мектеп есік ашады

Жетісу

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Басшылық бірінші кезекте студенттердің арыз-шағымынан соң күрделі жөндеуден өткен Талғар медициналық колледжінің жатақханасына бас сұқты. Аталмыш білім ордасында 978 білімгер тәрбиеленуде. 250 орынды жатақханаға студенттер сыймай жатады. «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Талғар филиалының нысаны талапқа сай емес. Құжаттар жертөледе сақталады, ауа температурасы да стандартқа сай емес. Сондықтан болашақта жеке ғимарат салу болмаса ғимарат сатып алу мәселесі назарға алынды. Облыстық медициналық-әлеуметтік оңалту және психотерапия орталығының нысаны жөндеу құрылыс жұмысын қажет етеді. Психологиялық ауытқуы бар науқастарға жағдай жасап, заман талабына сай емдеу шаралары сөз болды. «Оларға науқас деп емес, сау адам ретінде қараңыздар. Қолдарынан келген іспен айналыстырыңыздар. Бос уақыттарын тиімді пайдаланып, еңбек етсін», – деген Жақсылық Мұқашұлы үлкен мән берген жағдайда науқастардың сауығып кететініне сенім білдірді. 10 жылдан бері мүлдем жөндеу жүргізілмеген аудандық Мәдениет үйінің жағдайы сын көтермейді. Қазір шатырын жөндеуге қаржат бөлінді. Кейін толық құрылыс жұмыстары жүргізіледі.

Орталық ауруханаға аралау барысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды тұрғындарға түсіндіру шарасына назар аударылды. 2016 жылы аудан бойынша 3320 нәресте дүниеге келсе, жыл басынан бері 1504 сәби өмір есігін ашқан. Аналардың басым көпшілігі қаназдық науқасымен ауырады. Тұрғындардың қатерлі ісікпен сырқаттану көрсеткіші де жоғары. Талғар ауданы мемлекеттік маңызы бар жол бойында орналасқан соң көлік апаты жиі орын алады. Облыс бойынша жол апатынан жарақаттанушылар саны бойынша 2-орында тұр.

Аудандық актив жиынында аудан әкімі Райхан Садықова өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайымен таныстырды. Сөз алған облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар мектептегі ұшауысымды оқу жүйесін болдырмау үшін жаңа оқу жылына дейін 5 жаңа мектептің пайдалануға берілетінін жеткізді. Сондай-ақ, ол жастар арасындағы жұмыссыздық пен қылмысты азайту керектігін айтты. Қатысушылар тарапынан «тарихи-өлкетану музейі ашылса екен» деген ұсыныс түсті.

Іссапар барысында басшылық заман талабына сай жабдықталып, тұрғындардың спортпен айналысуына жағдай жасап отырған "Triumpher" спорт комплексі, "Almaty Horse&Polo Club" ат-спорттық комплексі, "AIBA" әлемдік бокс академиясын аралап, қызметіне тәнті болды. Сондай-ақ, "Ақбұлақ" балалар лагері тек қыста ғана емес, жаз мезгілінде де оқушылар мен туристердің демалуына мүмкіндік ашып отыр.

Талғар ауданы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ



ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ЖАС ҰРПАҚ

ТАЛДЫҚОРҒАНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНДА ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ ОБЛЫС БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҮЗДІК БЕЙНЕРОЛИКТЕР, СУРЕТТЕР ЖӘНЕ ИНСТАЛЛЯЦИЯЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.

Аталған шараға мыңнан аса оқушы мен студент қатысты. Үміткерлер 50-ден аса бейнеролик пен 200 сурет өткізген.

Ғимарат дәлізінде үздік суреттерден көрме ұйымдастырылды. Жиналғандар бейнеролик байқауының іріктеу кезеңінен өткен, үздік жұмыстарды тамашалады. Бес номинация бойынша іріктелген бейнероликтер көрсетілімінен кейін, мінберге департамент басшысы Серікбай Нұрғисаев шығып, «Үздік бейнеролик» және «Үздік сурет» номинациясының жеңімпаздарын жариялады. Талдықорған қаласындағы Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының студенті Югай Александр «Үздік бейнеролик» атауы бойынша жеңіске жетіп, 100 мың теңгеге ие болды. Ал «Үздік сурет» бас жүлдесін «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Ангелина Витионова жеңіп алып, 50 мың теңгені иеленді.

Әрі қарай бейнероликтер санатындағы номинациялар бойынша марапаттаулар жалғасты. «Үздік сюжет» жеңімпаздары болып І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттері Исмаил Ялкун және Амир Оратевтар анықталды. «Көрермен көзайымы» бейнехостингтің интернет пайдаланушылары анықтаған номинациясын Көксу ауданының Қ. Жалайыри орта мектебінің оқушылары қанжығаға байлады. Жеңімпаздарды Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев құттықтап, ақшалай сыйлық табыс етті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Дәурен Қаратай «Үздік актерлық ойын» және «Үздік монтаж» номинацияларының жеңімпаздарын жариялады. «Үздік актерлық ойынды» Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжінің студенті Әсел Ботаева көрсетсе, «Үздік монтаж» номинациясы бойынша Ескелді ауданының Ж. Жақыбаева орта мектебі оқушыларының жұмысы бағаланды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында суреттер байқауының жүлдегерлерін марапаттау үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Данияр Абдыбеков сахнаға көтерілді. Сурет байқауы бойынша екінші орынды иеленген Нинель Хрипунова мен үшінші орын алған Диас Жетпісбаевқа смартфон телефондар сыйлады.

Кеш соңы облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Әсем ЕСКЕНДІРОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің бас маманы.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК медициналық сақтандыру

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізу – оны неге енгізу керек, ол қалай жұмыс істейді және ең бастысы, кімдердің және медициналық сақтандыру қорына қанша төлеуі керек деген сияқты сауалдарды туындатып отыр.

Статистикалық мәліметтер бойынша бүгінгі күні қазақстандықтар өз қалтасынан медициналық көмек алу үшін бүкіл денсаулық сақтау бюджетінің үштен бір бөлігінен артық қаражат жұмсайды. Азаматтардың төлем қабілетінің төмендеуі қажетті медициналық көмекке қолжетімділіктің шектелуіне әкелетіндіктен бұған мүлде жол беруге болмайды.

МӘМС жүйесін енгізілгеннен кейін қанша төлейміз? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына бірінші болып 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс берушілер жұмысшылардың еңбекақысынан 1% жарна көлемінде төлейді. 2020 жылға дейін олардың жарнасы біртіндеп 3%-ға дейін көбейтіледі. Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер, олардың ішінде жеке кәсіпкерлер мен келісімшарт бойынша жұмыс жасайтын азаматтардың жарналары 2 ЕТЖ-ның (ең төмен жалақы көлемі) 5%-ы құрайды және оданәрі де сол қалпында қалады. Белсенді емес тұрғындар немесе өнімсіз жұмысшылар, яғни уй шаруасындағы әйелдер, такси жүргізушілері, кішігірім қосалқы шаруашылық иелері, базардағы сатушылардың медициналық сақтандыру қорына төлемдері 2018 жылдан басталады және 1 ЕТЖ-ның тұрақты 5%-ын құрайды.

Мемлекет әлеуметтік қорғалмаған топтар үшін 2018 жылдан бастап елдегі орташа еңбекақының 3,75% көлемінде жарна төлейді және ол 2022 жылға қарай 4-5%-ға жеткізіледі. МӘМС аясында жарна төлемейтін әлеуметтік топтар тізімі өте кең. Олардың қатарына зейнеткерлер, мүгедектер, балалар, студенттер, көпбалалы аналар және ана болуына байланысты демалыстағы әйелдер және сол сияқтылары қоса алғанда 14 санат бойынша 10 миллионнан аса отандасымыз жатады.

Жалдамалы жұмысшылар 2019 жылдан бастап ай сайынғы еңбекақысының 1% көлемінде жарна төлейді және бұл төлем 2020 жылға қарай 2%-ға ұлғаяды. Осы төленетін қаражат МӘМС шеңберінде кездесген көлемі аса үлкен медициналық көмек пакеті үшін аз ба, әлде, көп пе оны өздеріңіз есептеп көріңіздер. Аталған пакетке дәрігердің қабылдауы, түрлі зерттеулер жасау, стационарлық емделу, дәрімен қамтамасыз ету сияқты емхана қызметі енгізілген. Тағы бір баса атап өтетін жай, сақтандыру пакетіне көптеген азаматтардың қалтасы көтере бермейтін қымбат ота жасату енгізілген, мұндай жағдайда сақтандырылған азаматтар үшін барлық шығынды медициналық сақтандыру қоры өз міндетіне алады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының актуарлық есептеуі бойынша, орташа еңбекақының көлеміне қарай болжам жасалып, төлеушілердің әрбір санаты бойынша орташа шамаланған жарналар есептелген.

Мысалы, жеке кәсіпкерлердің ай сайынғы жарнасы 2 800 теңгені құрайды, белсенді емес немесе өнімсіз жұмысшылардың төлемі одан да аз – айына 1 414 теңге болса, жұмыс беруші бір жұмысшыға шамамен 2 280 теңгені төлейді. Ал жұмысшылардың өздері төлейтін жарналар 2020 жылы 3 300 теңгені құрайды.

Ал мемлекет тарапынан не жасалады? Әлеуметтік тұрғыда қорғалмаған тұрғындар санатындағылардың әрқайсысына бюджет есебінен 65 070 теңге жарна төленеді. Осылайша, 2019 жылы медицинаға жұмсалатын қаржының 80%-ы мемлекет тарапынан өтеледі.

Салыстыратын болсақ, бүгінгі күні коммерциялық клиникалардағы маманның бастапқы қабылдауы 3 500-5 000 теңге. Яғни, жалдамалы жұмысшы үшін сақтандырудың жылдық төлемі жекеменшік дәрігерге екі рет қаралумен бірдей.

Медициналық сақтандыру ол біріншіден, медициналық қызмет алуға тұрғындардың шамасы келмейтін шығындардан қаржылық тұрғыда қорғалуының кепілі, медициналық көмек сапасының жоғары болуына, қаржылық тұрақтылық және жүйенің тиімділігіне ықпал етсе, бұлар өз кезегінде тұрғындардың медициналық қызметке қолжетімділігіне оң әсер етеді. Жүйенің базалық принципі – денсаулық сақтауды қаржыландыруда, мемлекеттік, жұмыс берушінің және адамның жауапкершілігімен қатар, табыс көлеміне қарамастан, медициналық қызмет алу бірыңғай пакетіне барлық сақтандырылғандардың тең қолжетімділігі болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 26-бабындағы 2-тармағына сәйкес Алматы облыстық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау бойынша таңдаушылардың тізімін жариялайды

Алматы облысы бойынша
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау жөніндегі
ТАҢДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

р/б №	Таңдаушының тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Таңдаушының тұрғылықты жерінің мекенжайы
1	2	3	4
	1. Алматы облыстық мәслихаты		
1	Айдарбеков Ерік Серікұлы	1968	Еңбекшіқазақ ауданы, Саймасай а., Колхозная к-сі, 103-үй
2	Айтжанов Аян	1947	Қарасай ауданы, Жоғарғы Каменка а., Дрозд к-сі, 26 -үй
3	Алпысбаев Әли Демегенұлы	1956	Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 121 -үй
4	Артемов Борис Борисович	1955	Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Спортивная к-сі, 2/24 -үй
5	Аубакиров Мұрат Амангелдіұлы	1965	Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Түркебаев к-сі, 37 в -үй
6	Әлишев Сәзбек Әліпбайұлы	1959	Алматы қ., Бағанашыл к-сі, 5 -үй
7	Байтаев Базархан Измуханұлы	1961	Қаратал ауданы, Бастөбе, Гастелло к-сі, 50 -үй
8	Бектұрсынов Ыбырабек	1948	Талдықорған қ., Қаратал ш/а., 43а -үй, 4 –пәтер
9	Богданова Ольга Имантовна	1966	Талдықорған қ., Қойшыбеков к-сі, 23 -үй
10	Ботабеков Тоқан Көкенұлы	1955	Іле ауданы, М.Түймебаева а., Тәуелсіздік к-сі, 209 -үй
11	Бірбаев Бекболат Ибраимұлы	1953	Райымбек ауданы, Нарынқол а., Ұзақ к-сі, 28 -үй
12	Жарықбасов Едіге Солтанбайұлы	1959	Еңбекшіқазақ ауданы,Бәйдібек би а., Рысқұлов к-сі, 1/2 -үй
13	Дәнбаев Серік Дәлібайұлы	1959	Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл к-сі, 39 –үй
14	Дәнсебаев Қалмұхамет Жағыпарұлы	1957	Талдықорған қ., Ескелді би к-сі, 272 –үй
15	Дүйсембінов Сұлтан Мырзабекұлы	1959	Талдықорған қ., Өтепай ауылы, Жасұлан к-сі, 60
16	Естібеков Талғат Нұрмолдаұлы	1973	Жамбыл ауданы, Шитымақ а., Сұлыбеков к-сі, 25 –үй
17	Жоргенбаев Жанболат Әкебайұлы	1960	Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Южный ы/а., Коктобе к-сі, 19 –үй
18	Ибраймова Рахат Нигметбекқызы	1968	Ақсу ауданы, Жансүгіров а., Желтоқсан к-сі, 25 -үй, 5 –пәтер
19	Исаков Марат Алтынбекұлы	1988	Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер а., Артема Гайдович к-сі, 8 –үй
20	Касанов Усеин Исмаханович	1961	Алматы қ., Самал-3 ы/а., 12 – үй, 25 –пәтер
21	Қасенова Динара Есенқалыпқызы	1981	Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер а., Тастанбекова к-сі, 51 –үй
22	Келемеситі Ермек Әбілмәжінұлы	1952	Талдықорған қ., Қаратал ы/а., 10 -үй, 12 - пәтер
23	Қожабеков Қанат	1953	Алакөл ауданы, Қабанбай а., Горбатов к-сі, 113 –үй
24	Которова Ольга Васильевна	1960	Талғар ауданы, Талғар қ., Ломоносов к-сі, 62 –үй
25	Кузиев Закиржан Пирмухамедұлы	1969	Алматы қ., Жансүгіров к-сі, 445 а -үй
26	Құлахметова Жамал Ағабалдықызы	1957	Сарқан ауданы, Алмалы а., Абай к-сі,16
27	Қыдырманов Әсет Серікқалиұлы	1981	Ескелді ауданы, Қарабұлақ а., Жамбыл к-сі, 25 -үй
28	Мәлтекбасов Марат Жабықбайұлы	1958	Талдықорған қ., Островский к-сі, 6 –үй
29	Молдақалықова Дөгдөргүл Өмірқұлқызы	1960	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш а., Бәйдібек би к-сі, 124 –үй
30	Мұқанов Серік Мейрханұлы	1953	Талдықорған қ., Қаратал ы/а., 45 -үй, 6 - пәтер
31	Нұрбаев Данияр Молдиярұлы	1974	Талғар ауданы, Тұздыбастау а.,Қанай к-сі, 1 -үй
32	Нурланов Дүйсенбек	1954	Балқаш ауданы, Баканас а., Байшиков к-сі, 10 а -үй
33	Нүсіпов Қанатхан	1952	Алакөл ауданы, Үшарал қ., Панфилов к-сі, 57 –үй
34	Осан Жанкелді Қопымбайұлы	1962	Еңбекшіқазақ ауданы, Жаңатаруа а., Шадай батыра к-сі, 7 –үй
35	Сарпеков Төлеу Құмарбекұлы	1960	Панфилов ауданы, Жаркент қ., Уәлиханов к-сі, 12 –үй
36	Сарыбаев Ғалиаскар Төлендіұлы	1963	Талдықорған қ., Тәуелсіздік көшесі, 101 үй, 24 пәтер
37	Сүлейменов Аскар Фазылұлы	1960	Талғар ауданы, Панфилов а., Бокин к-сі, 32 –үй
38	Сұлтангазиев Қуат Елеусізұлы	1975	Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек а., Тайров к-сі, 81 –үй
39	Телпекбаева Жанна Тлеубекқызы	1972	Іле ауданы, Өтеген батыр к., Батталханов к-сі, 7 -үй, 24 -пәтер
40	Үмбетов Мұхит Әбікенұлы	1960	Алматы қ., Тәутүл-1 ы/а., 82/69 үй
41	Үнікемпіров Жақсылық	1951	Жамбыл ауданы, Ұзынағаш а., Қарасай батыр к-сі, 33 –үй, 3-пәтер
42	Хильниченко Виктор Петрович	1951	Ескелді ауданы, Қарабұлақ а., Қыдырбаев к-сі, 5 –үй
43	Шеңгелбаев Секенбай Сейітжанұлы	1961	Көксу ауданы, Жарлыөзек а., Жансарбаев к-сі, 29
44	Юнусов Отеғали Әбуталиұлы	1963	Қаратал қ., Қойшыманов к-сі, 6 -үй, 32 - пәтер
	2. Ақсу аудандық мәслихаты		
1	Бармақов Сәбит Әбікенұлы	1956	Қапал а., Л.Исмаилов к-сі,. 56 үй
2	Баулыбаев Тарғын	1955	Жансүгіров а., Толғанбай ақын к-сі,8/1 -үй
3	Дәулетбекова Күлайхан Тұрсынбекқызы	1963	Жансүгіров а., Кенжебаев к-сі, 151-үй
4	Досмұхамбетов Асхат Сейлеңұлы	1962	Жансүгіров а., Қалиханов к-сі, 63 -үй
5	Естібаев Марат Дәулетұлы	1990	Қызылағаш а., Абай к-сі, 6 -үй
6	Жуанышов Талғат Жұмашұлы	1964	Алтынарық а., Ұрмұрзин к-сі, 1 -үй
7	Құлшанов Балташ	1963	Жансүгіров а., Р.Рахымбекова к-сі, 15 -үй
8	Мұсабаланов Fабит Ахметқожаұлы	1958	Жансүгіров а., Сәтбаев к-сі, 101 -үй
9	Самбетов Елдар Ермолдаұлы	1983	Матай ст., Оңғарбаев к-сі, 17/2 -үй
10	Сейсебаев Ғалымбек Құлайбергенұлы	1957	Арасан а., Қызылжар бөлімшесі
11	Сексенбаева Раушан Қадырханқызы	1962	Суықсай а., Омаров к-сі, 14 -үй
12	Сүлейменов Бейбіт Жаңалыеұлы	1962	Алтынарық а., Қ.Тербаев к-сі, 7 -үй
13	Тыныштаев Берік Тыныштайұлы	1974	Жансүгіров а., Бұхарбаев к-сі, 27 -үй
	3. Алакөл аудандық мәслихаты		
1	Абдрахманов Қайыржан Кәрімұлы	1957	Қабанбай а., Мұратбаев к-сі,5-үй
2	Абдрахманов Елжан Кәрімұлы	1966	Үшарал қ., Жеңіс к-сі, 256-үй
3	Ахметов Умирбек Шабданбекұлы	1964	Қабанбай а., Шевченко к-сі, 56-үй
4	Бабичев Алексей Яковлевич	1953	Тоқжайлау а., Центральная к-сі, 555-үй
5	Жабжанов Саяхат Рымжанұлы	1959	Үшарал қ., Жеңіс к-сі,11-үй
6	Жуанышбаев Ерік Өсербайұлы	1960	Үшарал қ., Тошенко к-сі,56-үй
7	Игнатченко Валерий Вячеславович	1962	Үшарал қ., Исмайлов к-сі,51-үй
8	Қайранбеков Қайржан Бақытұлы	1973	Достық а., Ж.Жабаев к-сі,18/4-үй
9	Қарабеков Совет Жұмашұлы	1962	Үшарал қ., Б.Момышұлы к-сі, 201-үй
10	Қасымжанова Алмагүл	1966	Көктұма а., Б.Момышұлы к-сі,32-үй
11	Қатыкбаев Қайрат Әділханұлы	1967	Бұлақты а., Қатыкбаев к-сі,12-үй
12	Қойшыманов Өмірсерік Төлегенұлы	1961	Үшарал қ., Панфилов к-сі,60-үй
13	Көкебаев Қайрат Торебайұлы	1963	Үшарал қ., Панфилова к-сі,51-үй
14	Оралтаев Нұрлан Сабырұлы	1958	Қабанбай а., Абылайхан к-сі,11-үй
15	Слямов Аскат Слямұлы	1974	Үшарал қ., Әлібаев к-сі,66-үй
	4. Балқаш аудандық мәслихаты		
1	Әліпбаев Айдар Кенесбекұлы	1959	Бақанас а., Ахметов к-сі,15/1-үй
2	Абдукулов Ғалымбек Сәрсембекұлы	1964	Бақбақты а., Рысқұлов к-сі, 36-үй
3	Аймақов Айдар Жанатұлы	1975	Бірлік а., Бәрібаев к-сі, 16-үй
4	Исабаев Өмірәлі Қыдырәліұлы	1959	Бақанас а., Рысқұлов к-сі,147-үй
5	Қонысбаев Нүркен Исатайұлы	1967	Ақдала а., Мәметов к-сі, 17-үй
6	Қосаев Мақсат Әбсаматұлы	1970	Бақанас а., Ахметов к-сі,13/1-үй
7	Нұрман Мақсат Маратұлы	1990	Бақанас а., Бижанов к-сі,80-үй
8	Нұрханов Ақшабай Сүйеубайұлы	1964	Бақанас а., Өзірбаев к-сі,26-үй
9	Омаров Кәдірбек Тыныштәлеұлы	1961	Бақанас а., Өзірбаев к-сі,17-үй
10	Өтелбаев Бақдәулет Әскербайұлы	1967	Балатопар а., Топар к-сі, 31-үй
11	Хамзина Бибігүл Мұхамәдиқызы	1964	Қарой а., Досболов к-сі, 4-үй
	5. Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты		
1	Ахметов Бекет Төлегенұлы	1961	Есік қ., Западная к-сі, 1/4-үй
2	Байгоджаев Куат Сұлтанұлы	1962	Есік қ., Вавилова к-сі, 73-үй
3	Вальков Виталий Викторович	1976	Тұрген а., Масягина к-сі, 1-үй
4	Дауылқұлов Айдарбек Ақанбекұлы	1974	Бижанов а., Назарянца к-сі, 22-үй
5	Демесинов Мақсат Аманғалиұлы	1977	Тұрген орманшылығы
6	Джақыпбаев Еркін Қанетұлы	1958	Қайыпов а., Қайыпов к-сі, 99-үй
7	Егінбаева Гүлсара Қалиқызы	1960	Есік қ., Полевая к-сі, 27-үй
8	Жаманбаев Ербол Қадырұлы	1959	Құлжа а., Восточная к-сі, 2а-үй
9	Жұмағожа Қайнар Жұмағожаұлы	1990	Есік қ., Яблочная к-сі,30 үй
10	Жылқыбеков Жақсылық Тлеуұлы	1973	Бәйдібек би а., Садыкова к-сі, 1а-үй
11	Ілебаев Айбек Қасымханұлы	1992	Масака., Әуезов к-сі, 22-үй
12	Исаев Лема	1959	Аманғелді а., Якупова к-сі, 69а-үй
13	Искаков Марупжан Масимжанович	1964	Шелек а., Таиров к-сі, 222-үй
14	Крылов Виталий Любомирович	1975	Ават а., Абай к-сі, 3-үй
15	Құраметова Гүлнәр Сьездбекқызы	1964	Есік қ., Правда к-сі, 139-үй
16	Қыркынбаев Сейіткан Есенбайұлы	1956	Есік қ., Кешубаева к-сі, 44-үй
17	Мұхтарова Гүлмира Раилқызы	1962	Есік қ., Береке к-сі,153-үй
18	Мықыбаев Жұман Сембайұлы	1959	Есік қ., бақ қоғамдастығы «Ромашка», 260-үй
19	Надыров Надо Азизович	1961	Ақбастау а., Центральная к-сі, 14-үй
20	Нүрбеков Болатжан Саймасайұлы	1972	Ұлтарақов а., Абай к-сі, 5-үй
21	Рустамбеков Айдар Омарханұлы	1961	Космос а., Молодежная к-сі, 37-үй
22	Сайдуллаев Абликим Садыкович	1959	Қызылшарық а., Рысқұлбеков к-сі, 10/1-үй
23	Тіккелдиев Бөкен Игібайұлы	1961	Ақши а., Наурызбай батыр к-сі, 3-үй
	6. Ескелді аудандық мәслихаты		
1	Алпысбаев Қуат Майнұрұлы	1956	Қарабұлақ к., Б.Момышұлы к-сі, 12/1-үй
2	Бозов Шынарбек Қасымұлы	1970	Ақын Сара а., Ш.Айманова к-сі, 55-үй
3	Досанов Қосан Сыдықұлы	1956	Көкжазық а., Ә. Қашаубаев к-сі, 72-үй
4	Жапабаев Бағлан Балғынбайұлы	1975	Қарабұлақ к., Әуезов к-сі, 6/8-үй
5	Ибраева Роза Мухаметчанкызы	1960	Талдықорған қ, 6 ш/а, 31-үй, 36-пәтер
6	Идрисов Дәулет Садырұлы	1972	Қарабұлақ к., Панфилов к-сі, 120/29-үй
7	Қарасаев Мәлік Әбілмажинұлы	1961	Талдықорған қ., Жансүгіров а., 35-үй, 65 пәтер
8	Кенесов Әлішер Берікұлы	1992	Аладабергенов а., Нысанбаева к-сі,64
9	Нам Герман Николаевич	1964	Қарабұлақ к., Көпесбаева к-сі,50-үй
10	Сарыев Серік Маманұлы	1958	Бақтыбай а., Жансүгіров к-сі, 28-үй
11	Сыбанбаева Баян Темірбайқызы	1964	Сырымбет а., Жастар к-сі, 12-үй
12	Тайжанов Әбен Бейсекұлы	1957	Екпінді а., Ескелді би к-сі, 24-үй
13	Тастанбаев Қалабек	1948	Қарабұлақ к., Капсаматова к-сі, 45а-үй
	7. Жамбыл аудандық мәслихаты		
1	Абаев Әскербек Көкеұлы	1943	Ұзынағаш а., Макатаев к-сі, 232-үй
2	Ахметжанов Нұрлан Ұлатайұлы	1961	Шитымақ а., Абай к-сі, 19-үй
3	Ахшалова Салтанат Ержігітқызы	1978	Шитымақ а., Ахметжанова к-сі, 3-үй
4	Әлімқұлова Сәуле Кенесқызы	1967	Самсы а., Сұрапбергенова к-сі, 75-үй
5	Батырбаев Тұрар Болатханұлы	1991	Сарыбастау а., Далабаева к-сі, 33-үй
6	Бигельдиева Балқия Садуақасқызы	1958	Қарақыстақ а., Өтеген батыр к-сі, 112-үй
7	Гринченко Виталий Николаевич	1966	Қарғалы а., Құлантөбе к-сі, 61-үй
8	Жұрын Саят Мұхамедқалиұлы	1971	Шитымақ а., Сұлыбекова к-сі, 5-үй
9	Керімбаев Кенесқұл Нұрғисаұлы	1954	Сарыбай би а., Сарыбай би к-сі, 2-үй
10	Қалыбаев Мұрат Данияұлы	1975	Ақдала а., Абай к-сі, 13-үй
11	Нұрманов Сатыбалды Әбдікалықұлы	1962	Сұраншы батыр а., Архабай к-сі, 44-үй
12	Мустахметов Бақытжан Мұхамедиұлы	1959	Қарғалы а., Уәлиханов к-сі, 6-үй
13	Талдыбаев Сәбит Әділбекұлы	1963	Шынбаев а., Қонаев к-сі, 2-үй
14	Тортаев Орымбасар Сатымбекұлы	1977	Шынбаев а., Рысқұлов к-сі, 17-үй
15	Чажабаев Жұмабек Тоқаұлы	1954	Ұзынағаш а., Бекболат к-сі, 30-үй
16	Шайнуспов Темірлан	1960	Актерек а., Таутеке к-сі,11-үй
17	Шейкин Юрий Алексеевич	1959	Үлкен а., 30-үй
	8. Іле аудандық мәслихаты		
1	Абилова Роза Михаил кизи	1963	Өтеген батыр к., Спортивная к-сі, 2/12-үй
2	Батыр Василий Владимирович	1973	Өтеген батыр к., Гагарин к-сі, 5/86-үй
3	Бейсембаев Жеңісбек Жұмабекұлы	1959

САҒЫНЫШ

Уақыт аққан сумен тең. Міне, кеше ғана көктем еді, аунап түсіп жаз болды. Әне, өткен жылы осы уақытта «Шырын шындық пен шырыл» кітабын қолтығына қысып, кабинеттің есігін еппен ашып кіріп келе жатқан Айтмұхамбет атамыздың да мәңгілік мекеніне аттанғанына бір жылдың жүзі болыпты. Уақыт өткені болмаса сол баяғы кірпияз қалпы, жеңіл жүрісі, аңқылдақ асыл бейнесі көз алдымызда тұр. Селт етіп, сергіп барып, атамыздың арамызда жоқ екенін ескеріп, алдымызда тізіліп жатқан кітаптарын еппен қолыма алдым. Көңіл көк дөнені алай-дүлей құйын ойдың иірімін бір малтып алды да, ары қарай ата мұрасына үңілді.



Жарқын жүзі ЖАДЫМЫЗДА

Жетісу

Қажет АНДАС

Әлі есімде, сексеннің сеңгіріне шыққан Айтмұхамбет қарияның үйінде бір қабырға түгел иін тірескен кітап. Сөренің екінші қабаты қарияның қолтаңбасын танытатын туындылар мен соған қатысты кітаптарға толысқан. Міне, сарғыш тартып көнерген бір кітап «Керуен» аталыпты. Көз алдыма тоқтамайтын өмір көші келе қалды. Жинақтың алғашқы бетінен-ақ сағыныш сазы ойнап сала берді. Ақ парақтың маңдайшасында: «Репрессия қырғынының құрбаны болған әкем – Есімжанға, сол қасіреттен 29 жасында көз жұмған шешем – Рәзияға арнаймын. Автор», – деген бірауыз сөз тұр. Енді маған бәрі де алақандағыдай аян. Жазықсыз жалаға ұшырап, оққа ұшқан зұлматты жылдардың қанды парағы көз алдыма келіп, жүрегім сыздап қоя берді. Менің осы көңіл күйімді сезсе керек:

«Менің ата-бабамның қадір-қасиетін білгің келсе, «Туыс» атты дастанымды оқы», – деді жаймен ғана.

Айтмұхамбет атаның басынан сан түрлі қиындық өтті. Екі жарым жасында әкесі, төрт жасында шешесі саяси құғынның құрбаны болды. Бүкіл әулеттен құдайдың құдіретімен жалғыз өзі тірі қалды. Нағашы әжесі Мәрия Ырысалдықызы сәби кезінен бауырына басып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді. Алайда ол заман өте қиын еді. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қара жұмыстың соңында жүрді. Бірде аш, бірде тоқ күнұзаққа шөмеле тасып, түнімен масаға таланды. Ауыр, азапты күндер жетім баланың желкесінен басып, жүрегін жегідей жеді.

–Көктерек деген жерде туып-өстім, – деп еді атамызбен болған әңгімеде қасіретті жылдарды ой елегінен тағы бір мәрте өткізіп.

– Арғы аталарым мұсылманшылықты жүрегіне құйған діндарлар еді. Мамажан атам Қазанда діни білім алып келген. Атамыз татардың қызымен танысып, үйленген. Жасы 82-ге келіп өмірден өтті. Апам ақылды, шешен, сөзге шебер адам. Бес келіні болыпты. Ауылға келген қонақтар апамның әңгімесін тыңдаймыз деп жиналады екен. Атамның қасиеті сол, жаз жайлауға көшерде, шаянның аузын байлап тастайды екен. Яғни, көштен бұрын өзі барып, зиянды жәндіктердің аузын дұғамен байлап шығады. Көш қыстауға қайтқанда қайтадан жәндіктердің аузын ашады. Мамажаннан Кәкіш, Тышқанбай, Хасен, Ахмет, Есімжан тарайды. Кеңес өкіметінің сайқал саясаты оларды және балалары Омарғали, Құрманғали, Қалидың мал-мүлкін түгел тәркілеп, «халық жауы» деп ату жазасына кеседі. Ол кезде мен екі жарым жаста едім. Бүкіл әулетте он еркек кіндіктен тек мен ғана қалдым.

Иә, Айтмұхамбет Есімжанұлы бұрынғы Бөрлітөбе ауданы, Көктерек ауылында өмірге келген кезден тұрмыстың қиыншылығына тап болады. Бабаларынан дарыған күйшілік, көріпкелдік, шешендік, ақындық сынды ізгі қасиеттер Айтмұхамбеттің де бойынан шығып, өлең жазуға әуестенеді. Мектеп қабырғасында жетімдіктің ащы запыранын татып өскен бала еңбекке ерте жасынан шыңдалады. Қара сирақ бала кезінде шөп басында ауыр жұмысқа жегіліп, азаптың құрсауында есейеді.

Қария қырық жылға жуық ұстаздық еткен уақытын өмірінің ең жарқын сәттеріне балайды. Ол заманда мұғалім болу – екінің бірі қолы жеткізе бермейтін әрі жауапкершілігі үлкен қастерлі мамандық. Тіпті, Айтмұхамбет бастаған ауылдың бір топ шуылдақтары қонақтардың қолына су құю үшін шекісіп қалып жүреді. Себебі, келген мейман су құйып болған соң, міндетті түрде: «Рахмет, балам! Мұғалім бол!» – деп бата береді екен. Осы бір ауыз қасиетті батаны алғысы келген балалар ұстаздықты төбесіне құрметтеп өсті.

Айтмұхамбет Есімжанұлы аңсаған арманына жетеді. Ол ауыр азапқа толы балалық шағымен қоштасып, Семей қаласына оқуға аттанады. Бүтін әулеттің жалғыз ұрпағы қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі атанып, бес жылдан кейін ұстаздық қызметке кірісіп кетеді. Сүйіп істеген қызмет әрқашан абырой әкеледі. Жас маман аз уақытта оқу ісінде үздіктер қатарынан көрініп, жаппай алғысқа бөленеді. Аудандық, облыстық және республикалық мұғалімдердің оқыту біліктіліктерін шыңдайтын жарыстарда үнемі алдыңғы орындардан көрінді. Проблемалық оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытты. Әрине, әдебиеттің сыйқыр күші бар. Бірақ әркімнің бұл жолға келуі сан алуан. Айтмұхамбет Есімжанов өмірінің денін ұстаздық қызметке арнап, содан бақыт тапты. Озат ұстаздық мектептегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы озық үлгісі облыстық, республикалық педагогикалық оқуларда үнемі ескеріліп, тәжірибесі таныстырылып отырды. Ал әдебиетті проблемалық жүйеде оқытуға байланысты ұсынысы «Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Сәт-сапар жас ұстаз» кітаптарына енгізілген. Осындай еңбектің арқасында бүгінде елге тұлға болып жүрген бір топ азаматтарды оқытты. Айталық, Мұхтар Арын, Тұрсын Сыдықов, Тілеуқажы Есімжанов, Әбдіғали Садықов, Құсайын Тілеубековтардың қоғамға, ғылымға, әдебиет, мәдениетке қосып жүрген үлестерінің басында ұстазы Айтмұхамбет Есімжановтың тұрғанын ешкім терістей алмайды.

Ұстаздықтың ауыр жүгін арқалай жүріп, қадірменді қария шығармашылықтың да биік шыңына көтерілді. Мен атаның барлық кітабын оқып шықтым. «Керуен», «Жүрек сөзі», «Ой көзі», «Өмір өзі», «Жас пен наз», «Ғасыр үні», «Уақыт таңбасы», «Кезген көңілде», «Күз мәредегі сөз» атты кітаптарын оқып шықтым, салмақтап ой түйдім. «Елім деп соққан жүрегім» атты кітабына салмақты ой өрбіткенім бар. Ал автордың «Ой көзі» кітабының ішкі бетінде ақынның шежіресі шер аралас жыр жолдары өрнектеліп, ақ қағазға түскен өлең тармақтары небәрі тоғыз-ақ жылда топырақ жамылған пәк әпкесі Бибануды жоқтаған жырлармен толып тұр. «Жүрек сөзі», «Өмір өзімен» жалғасып, кейінгі заманға «Ғасыр үнімен» үндеу тастайды. Сан жылдар санасында сәулеленіп келген «Уақыт таңбасын» «Көзден көңілге» бекітеді. Қолындағы қаламымен «Шырын шындықпен шырылдап» үн қатады. Жас ұрпаққа «Күз мәредегі сөзімен» өнеге қалдырып, ой тамшыларын, даналық сөздерін «Шіркін, дүние, тым ыстық!» кітабына тоғытады. Қарт қаламгер жастық өмірде көрген азабын, жүріп өткен өнегелі жолын, ұстаздық қызметін түгел осы кітаптарға жинақтай салған.

Айтмұхамбет Есімжановтың «Шырын шындық пен шырыл» атты кітап оқырманын өзгеше ойға, тылсым әлемге жетелейтін құдіретімен құнды. Расында, көлемі бес жүз бет тұратын салмақты туындының қамтитын мазмұны одан бірнеше есеге көп деуге болады. Себебі, кітаптың алғашқы бетін парақтағаннан бастап, соңына дейін түйірдей қателік, оғаш ұғым, жағынып жағатсу немесе жақсы көріну үшін ойлап тапқан бүркеншік ойларды кездестірмейсіз. Аты айтып тұрғандай, шырылдаған шындықтан сыр аулаған, көңіліндегі пікірін дәл басқан шынайы болмысты аңғарасыз. Иә, осындайда ойына : «Шындық» деген не? – дейтін сұрақ келеді. Мүмкін, оны әркім әртүрлі қабылдайтын шығар. Ал Айтмұхамбет Есімжанов іздеген шындық қайсы? Өмірдің өгейлігі ме? Тірліктің теперіші ме? Кісіліктің кішіреюі, адалдықтың арзандауы ма? Жоқ, әлде, безбүйрек бетсіздік, арсыз ұят па? Санаң сан-саққа жүгіріп, салып ұрып ақиқат іздейсің. Айналып келіп, кітапқа үңілесің де іздегеніңді тауып, бір тыныстап аласың.

Адам өмірі сан тарау. Сол тараудың бірі кәрілік. Бірақ, кәріліктің екі түрі бар: бірі – жан, енді бірі тәннің қартаюы. Осындайда қайсы бір ақынның: «Осы күнде келініне келін боп, ұлына құл болған кемпір-шал аз ба?» деген өлең жолы оралады көз алдыңа. Расында, сексен деген белесті бағындырып үлгерген Айтмұхамбет атаның айтып отырғаны осы. Тәні қартайса да, жаны қартаймаған адамдық болмыстың ащы ақиқатын алға тартқаны. Солай емей не? Сексенге келдік деп селкілдеп отырғандар жетеді арамызда. Бірақ, сексен жасында кеше мен бүгінді салмақтап, еліме игілігі, ұрпағыма үлгісі қалсын деп бес жастағы баланың белі бүкірейіп көтеретін салмағы бар кітапты жазу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Кітаптағы айтпақшы болған шындық осы.

Иә, Айтмұхамбет поэзиясын талдау керек болса мұнанда көп түйіндерді тарқатуға болады. Бұл жолы біз бұны мақсат етпедік, ойымыз оның поэзиясы арқылы кісілік болмысын көрсету. Әсіресе, «Қазақ әдебиетіндегі күй жанры» атты зерттеуін әдебиет танудағы ерен еңбегі ретінде бағалауға болады. Күймен құлақ құрышын қандырмайтын қазақ баласы кемде-кем. Бірақ, осы «күй» деген жалғыз ұғымның астарына терең үңілген қазақ баласы аз-ақ, тіпті, күй өнерін зерттеп жүрген зерттеушілердің де ауқымының таяздығын осы зерттеу еңбегін оқып көрсеңіз түсінеріңіз хақ. Бұл еңбек осыдан жиырма қанша жылдың алдында жазылған екен. Ол кезде Айтмұхамбет Есімжанов Ақсу ауданының, Қызылағаш ауылындағы мектепте мұғалім болып жүрген кезі. Тіпті, сол тұста бұл еңбекпен танысқан қазақтың белгілі қаламгері Мұхтар Мағауиннің өзі таңданысын жасырмапты. Қарап отырсаңыз, ұлттық кітапхана сияқты көне мұралар қатталған мәдени орталық жоқ, бар болғаны мектептің азын-аулақ кітаптары жинақталған кішкентай ауылда тұрып, осындай дәуір бұзған игі дүниені жазу екінің бірінің ғана қолынан келетінін несіне жасырайық.

Ол шығармашылық пен өмірді қос бұрымдай қатар өрді. Шабытын өмірдің өзінен алды. Ақынның кітаптары қазақ тарихының жыртығын жамайтын құнды дерек іспетті. Қолынан қаламы түспеген қария бірде сері бабасы Қапсаланды, енді бірде сопы атасы Мамажанды өлеңге қосып, бабаларын бір аунатып түсіреді. Кейде қоса ағарып отырған қосағы Нұрбижамалға бас иіп, өлеңмен сыйластық танытады. Ал қарияның немерелеріне деген тәтті сезімі «Ғасыр үні» кітабында жырланады. Айтмұхамбет Есімжановтың бүкіл өмірі кітаптарында көрініс тапқан. Ол өзгенің өмірін қаламына арқау етіп, шарқ ұрып кейіпкер іздеген емес. Өмірдің өзі оны кейіпкер жасады. Тағдырдың бұралаң жолынан сүрінбей өтті. Басына түскен сынаққа сабырмен қарап, ақиқатты басты нысан етіп алды. Қария өзі бастан өткерген жетімдік тақсіретін «Жетім жиен» повесінде кеңінен толғайды. Артық сөз қоспай жазып шыққан әдеби туынды қарапайым өмірді сәтті бейнелейді. Оқырманын үлкен ойға қалдырады.

Қоғамның алға басуы мен өмір сүрген ортасындағы толғақты мәселеге араласып, ел жүгін жеңілдету жолындағы қажырлы еңбектері де аз емес еді. Өмірінің 33 жылында Сарқан өңіріндегі маман басшыларға саяси сабақ беріп, барлық жылда озат насихатшы деген мақтау мен марапаттары жайлы жазылған дүниелер сол кездегі сарғайған басылым беттерінде сайрап тұр. Жергілікті кеңестің ұдайы депутаты, бірнеше рет аудандық партия конференциясының делегаты, республикалық конференцияға да қатысып, талай орамды ұсыныстарымен көпшілікті мойындатқан шешен. Облыстық білім жетілдіру институтының штаттан тыс лекторы ретінде қаншама жас маманның көңіліне болашаққа деген сәуле сепкенін есептей алмаймыз. Облыстық мұғалімдердің білімін аттестациялауға да мүше болып, бірнеше жыл белсенділік танытты. Бірнеше жыл туралы кітапта да, Ақсу ауданының 80 жылдығына орай құрастырылған «Абыз Ақсу, аңыз Ақсу, нағыз Ақсу» тарихи-естелік кітап-альбомда тамыздың суреті мен қысқаша өмір тарихы таныстырылып, тарихқа таңбаланып қалды. 2014 жылы облыс әкімінің қолдауымен «Жерұйық мекен, Алматы облысының мәдениеті мен өнері» атты кітап-альбом шықты. Оған елге танымал Жетісу өлкесінің белгілі өнер, ғалым, ақын-жазушылары енгізілген. Сол қатарда Айтмұхамбет Емісжанов атамыздың да суреті тұр. Қаламгер, ақын атамыздың шығармалары да аймағымызға танымал ағалардың кітабына еніп, сол кітаптардың құнын асырып, салмағын арттыра түскенінің де куәсі болып жүрміз. Айталық, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ахмет Кендірбекұлының «Жылдар сөйлейді» кітабында «Өмірдің өзін жырлаған» деген мақаласы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Әміре Әріннің «Томирис» кітабында «Шаттандым жырын оқып Әміренің», «Іңкәр жинақ» өлеңдері, «Бойды билер бір өлең» мақаласы басылыпты. Бірқатар автордың еңбегіне жазған алғысөздерінің өзі неге тұрады. Тіпті, атамыздың өмірі мен ерен еңбегі жайлы жазылып, республикалық, облыстық баспасөздерде жарық көрген еңбектеріде аз емес. Сол қатарда философия ғылымдарының кандидаты, Ақтөбе университетінің ректоры болған М. Арын туралы жазылған «Нар қазақ» атты кітапта ғалымның ұстазы Айтмұхамбет Есімжановтан алған үлгі-өнегесі туралы көлемді лебіз берілген. 2005 жылы 21 мамырдағы «Жетісу» газетінің №55 санында филология ғылымдарының докторы, академик Тұрсын Сыдықов ұстазы Айтмұхамбет Есімжанов туралы ауқымды мақала жариялап, кішілік танытты. «Жақсылық кешігіп жетеді» деген тақырыпта қалам тербеген Кенжехан Рақыштың облыстық «Алатау» газетінде шыққан мақаласы Айтмұхамбет Есімжановтың кісілік келбетін бір көтеріп тастаған керемет мақала ретінде оқырмандардың жылы қабылдағанына куә болғанбыз. Ал «Егемен Қазақстан» газетінің 2009 жылғы 3 қазандағы нөмірінде белгілі ақын Әділбек Алпысбаев Айтмұхамбет Есімжанов шығармашылығы туралы жазған «Өмір базарындағы ақсақал» атты мақаласы республика аумағына таралып, атамыздың беделін биіктетті. Атамыздың кісілік келбетін асыратын мұндай мысалдарды мыңдап келтіруге болады. Бірақ, мұнда бір ғана нәрсені ескеруіміз керек. Дүниеде бәрін ақшаға сатып алуға болады. Алайда, адамдардың ықыласы мен пейілін сатып ала алмайсың. Біз жоғарыда келтірілген санаулы ақпарат тек замандастарының, шәкірттерінің, оқырмандарының, жерлестерінің Айтмұхамбет атаға деген шынайы ықыласы. Сол ықыластан туындаған ізгі ниеті. Осындай ізгілікке жол ашқан атамыз ортамызда болмағанымен сол еңбектер ол кісінің рухын мәңгі биіктетіп жүре береді.

Атамыз өзінің бір естелігінде:

– Жеті жастан бастап сексен үш жасқа жеткенше ғұмыр бойы түрлі дерттер иектеп-ақ келді. Талант-дарын көзін ашып, кененді кең, табанды шабыт құшағында толғанып дүние туғызу қайдан болсын. Тек көңіл көкжиегінің бірде жылт еткен нәтижесі ғана. Сөйтсе де бірер дүние бітірдім деймін. Бұл ұлы бабамнан (Құдайменде) басталған асқан күйші әкеме дейінгі тектіліктің үзілмей, мені де шарпыған киелістің жұрнағы болар. Ұлттық намыс пен ата-баба, атамекен бәрінен биік, нысаналы мүдде ғой. Намыс пен тектілікті тектілер ғана құдіреттер. Осын-ау ұрпағыма жан жүректен өзіне де, жалғастарына мәңгілік аманат боп жалғаса берсін демекпін. Адам хайуанша қарын тойғызып, күйсеп жата беру емес, із қалдыру, еліне, қоғамға аянбай үлес қосу, – деп жазыпты. Құдайға тәубе, атамыздың мұратын жалғастыратын шәкірттері, ізін басар ұлқыздары бар. Айта кетсек, атамыздың жаратқан нәсіп еткен үш баласының бірі – математик, бірі – құқық қорғау саласында жауапты қызметкер, бірі – ауыл-шаруашылық саласының маманы. Олардан өрбіген немере-шөберелер қазір қадірлі қарияның болашағының тірегі.

ТҮЙІН

Расында, әр заманның өз кейіпкері, өз тұлғасы, таным-талғам таразысы болатыны анық. Ал пешенесіне жазылған тағдыры елдің өрлігімен, ерлігімен, ерінбей еңбек етуімен тұспа-тұс келіп жатса – сынақтың үлкені осы. Одан ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар, таным-талғамы тұрақты, ең бастысы, өз басын алдымен өзі сыйлайтын адам ғана ізгілік ізінен адаспай өтетіні хақ. Сонда оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, жүрегі ақ, беделі жоғары болады. Айтмұхамбет атамыз осындай мағыналы өмір сүрген ел қалаулысы, жұрт мақтанышы.

Халқымызда: «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Айтмұхамбет атамыз қайтыс болғалы жыл өтсе де Нұрбижамал апамыз жұма сайын жеті нанын пісіріп, мешітке барып дұға бағыштатудан танған емес. Бұл да болса тәрбиелі әулеттің ұлағатты ісі деп білген жөн. Ал ұрпақтарының ұлылығы атамыздың ризалығына бөленіп жатқан шығар. Олардың жетістігінің бір ұшы осында жатыр.

Ал ата жасымыз қанша парықта болса да тірлікте шын түсініп, шынайы сыйласып өтіп едік. Күлсек көмекейіміз көрініп, пікіріміз қашан да бір бағытта өрбитін. Бүгін сіз арғы жақта, біз бергі жақта жүрсек те тағы да ниетіміз бір екен. Осы жазған азырақ естелігімді рухыңызға деген сүйінішім ретінде қабыл аларсыз.

ЖҮРЕК ҮНІ

БОЛАШАҚ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА

Болашақ! Осы бірауыз сөздің астарында еліміздің санғасырлық тарихы тұнып жатқандай. Сол себепті де ел ертеңі мені ерекше ойландырады. Ежелден бері біздің ата-бабамыз тәуелсіздік үшін, жер үшін күрескен. Біздің қазақ хандары мен батырлары қасық қаны қалғанша, бар күшін салып кіндік қаны тамған кеңбайтақ жерін қорғаған. Біздің еліміз көптеген қиындықтан өткен. Нәубет заманнан аман-есен ұрпақты сақтап қалған бабаларымызға біз жас ұрпақ мәңгі қарыздармыз. Ел басына қара бұлт үйірілген уақытты, өте ауыр зардап әкелген ашаршылық жылдарын еске алмау мүмкін емес. Тарих беттерін парақтасақ, аштық құрбандарының 2 млн. 200 мың адамнан асып түсетінін аңғарамыз. Ал 1946-1980 тоқырау жылдарында қазақ халқының қамын ойлап, тағдыр, адалдық үшін күрескен, ақын-жазушыларымыз бен зиялы қауым тоталитарлық режимге қарсы шыққаны үшін репрессияға, қуғын-сүргінге ұшырады. Біз мұның барлығын том-том жазылған тарих арқылы білдік. Көзімізге жас ала отырып оқыдық. Ата-бабаларымыздың арқасында біздің еліміз тәуелсіздігін алып, Көк Туымызды көк аспанда желбіретіп, басқа елдерді мойындаттық. Содан бері еліміздің экономикасы, әлеуметтік жағдайы реттелді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында айқын мақсаттар қойып, сол мақсаттарға халықпен бірге жету үшін аянбай тер төгіп келеді. 1991 жылдан бастап Президенттің бастауымен көптеген оқу орны, спорт кешені, медициналық орталықтар салынып, халыққа қызмет көрсетуде. Бұның бәрі Елбасымыздың жастарды, болашақты ойлайтынының айқын көрінісі. Елдің болашағы біздің қолымызда екенін ұмытпағанымыз жөн. Артылған жауапкершілікті ауырсынбай арқалау – біздің басты міндет. Олай болса, жастар артылған сенімге селкеу түсірмейік.

Балерке КЕҢЕСБАЙ,
Е. Сыпатаев атындағы орта мектептің түлегі.
Панфилов ауданы.

ҰЯТ-АЙ!

ПАРАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қоғамның жегіқұртына айналған парақорлықтың құйрығы бір-ақ тұтам. Ұйғыр ауданындағы белгілі бір мемлекеттік мекеменің қызметкері «Ө» есімді азаматша лауазымын асыра пайдаланып, 150 мың теңге пара алғаны үшін сотталды.

Оқиғаның қалай өрбігеніне тоқталсақ, биылғы жыл басында мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының жұмысшылары еңбекақы мен іссапар шығындарының толық төленбегендігі туралы аудандық прокуратураға ұжымдық арыз түсіреді. Арызды қарау барысында Ұйғыр аудандық прокуратурасы жан-жақты тексеру үшін Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бір қызметкерін маман ретінде шақырып, есептік тексеру жүргізеді. Кәсіби маманның тексеруі бойынша былтыр зейнетақы қорына және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді қоспағанда «К» есімді азаматшаға 71 мың 670 теңге, «Б» есімді азаматқа – 80 мың 751 теңге, «А» есімді азаматшаға – 77 мың 884 теңге, «Ж» есімді азаматшаға – 69 мың 285 теңге төленбегені анықталды. Осыған орай тексеру қорытындысы негізінде кінәлі тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту және азаматтардың бұзылған құқын қалпына келтіру үшін аудандық прокуратура биылғы 6 ақпанда Заңбұзушылықты жою туралы ұсыныс енгізеді.

Алайда «дәніккеннен құныққан жаман» деген рас екен. Осы кезде мемлекеттік қызметкер болса да «Ө» есімді азаматша өз қарамағында жұмыс істейтін «А» есімді азаматшаны қызметтен құдаламай, өз қамқорлығына алу үшін 150 000 теңге көлемінде пара сұрайды. Жеңіл жолмен оңай баюға бағытталған пасық ниет ақыры әшкере болды. Осыған орай Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық Бюросының Жаркент аймақтық «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің» тергеушісі «Ө» есімді азаматшаның үстінен Қылмыстық кодекстің 366-бабының 2 бөлігімен қозғалған қылмыстық істі ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 190-бабы, 7 бөлігінің 1 тармағына сәйкес жеделдетілген сотқа дейінгі терген-тексеру жүруі үшін Ұйғыр аудандық сотына жолдайды. Қылмыстық істі қараған Ұйғыр аудандық соты мамыр айының 4-і күні өткен сот отырысында Қылмыстық кодекстің 366-бабы, 2 бөлігімен сотталушы «Ө» есімді азаматшаны кінәлі деп танып, мемлекеттік басқару жүйесінде лауазымды қызмет атқару құқығынан өмір бойына айыруға, сондай-ақ, айыпталушының мүлкін тәркілей отырып 60 еселенген, яғни 9 000 000 теңге мөлшерінде айыппұл түріндегі жаза қолдануға үкім шығарды.

Н. ЖҰНІС,
Ұйғыр аудандық прокуратурасының прокуроры.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 76 (18352)
Сейсенбі, 11 шілде, 2017 жыл.

АКТИВ

ӘКІМНІҢ ОРЫНБАСАРЫ таныстырылды

Облыста кадрлық ауыс-түйіс болды. Осыған дейін облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарып, өңірдің туризм, спорт, инвестиция салаларына жетекшілік етекен басқарған Серік Тұрдалиев өз еркімен жұмыстан босап, орнына Жетісудың тумасы, Алматы, Жамбыл, Павлодар облыстарында жауапты қызметтер атқарған Жеңіс ТҰЯҚОВ келді. Аудан әкімдерінің, әр деңгейдегі мәслихат депутаттарының басын қосқан облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жаңа орынбасарын таныстырды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Еске сала кетсек, Серік Тұрдалиевтің өз еркімен жұмыстан кететіні туралы ақпараттан жетісулықтар осыған дейін де хабардар болған. Ол облыс әкімінің орынбасары қызметінен кетіп бара жатқанын Фейсбук желісіндегі парақшасына: «Биыл Алматы облысы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалғаныма 5 жыл толды. Әрине, бұл аз уақыт емес. Осы жылдар ішінде тәжірибе жинақтадым. Көптеген жұмыс атқарылды. Бірақ әр нәрсенің өз уақыты бар және жаңа көзқарас қажет. Сондықтан басшылықтан мені өз еркіммен жұмыстан босатуды сұрадым», – деп жазған еді.

Оның өтінішін облыс басшылығы да құп көріпті. Сонымен Серік Мелісұлы осыған дейін жетекшілік еткен саланы Жеңіс Шылбынұлы жалғастырмақ.

– Жетісудың тумасы. Облыста бірқатар лауазымды міндеттерді атқарған, «KEGOK», «КОРЭМ», «ТАЭТК» ұлттық компанияларында басқарушылық лауазымдарда болған, сондай-ақ, Жамбыл және Павлодар облыстарында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасын басқарған Жеңіс Шылбынұлы өніріміз үшін де аянбай тер төгіп, ерінбей еңбек ететініне сендік. Сонымен ҚР Президенті Әкімшілігінің рұқсатын ала отырып, осы лауазымды міндетке тағайындадық. Оның білімі мен білігі өзі басқаратын саланың тамырына қан жүгіртіп, өңірдің дамуына үлкен жаңалық әкелетініне сенеміз, – деді облыс әкімі.

Жеңіс Шылбынұлы облыс әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарып, бар біліктілігін жұмсайтынын тілге тиек етті.

Көпшілікке жаңа орынбасарын таныстырған Амандық Ғаббасұлы Жеңіс Шылбынұлын кабинетіне апарып, орнына отырғызды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен Жеңіс Шылбынұлы Тұяқов Алматы облысы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

ТҰЯҚОВ Жеңіс Шылбынұлы



1967 жылы дүниеге келген. Экономика және құқық институтын «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша және Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген.

Еңбек жолын 1993 жылы Алматы қаласының коммерциялық ұйымдарында бастаған. Әр жылдары «KEGOC» акционерлік қоғамында, Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің экспорттық бақылау және лицензиялау департаментінің директоры, «КОРЕМ», «KEGOC», «ТАЭТК» акционерлік қоғамдарының директоры, басқарма басшысы, басқарушы директоры, Жамбыл облысы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және энергетика басқармасының басшысы, Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының индустрия, инновация және инфрақұрылымды дамыту бөлімінің басшысы болып еңбек етті.

2015 жылдың желтоқсан айынан – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің өңірлік даму бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы.

Хроника

Алматы облысы әкімінің өкімімен Серік Мелісұлы Тұрдалиев басқа жұмысқа ауысуына байланысты Алматы облысы әкімінің орынбасары қызметінен босатылды.

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ

Осыдан бір жыл бұрын «Естелікке автограф» атты мақаламда мен жекелеген, сонымен бірге, архивінде, кітаптарда және кәдесыйлар жиынтығында көп данамен Елбасының атына арнайы, естелікке және сыйлық ретінде қалдырылған қолтаңбаларға қысқаша шолуды ұсынған едім.

Аталған мақалаға арналған жылы лебіздер легін мен, әлбетте, Тұңғыш Президентіміздің тұлғалық қасиетіне деген жұртшылықтың үздіксіз қызығушылығымен, сонымен бірге, автографтар топтамасында үлкен саясат «кәдуілгі құрғақ ресмилік» формасында емес, адамдармен емен-жарқын кері байланыс түрінде берілгенімен байланыстырамын.

Дәл сол кездің өзінде егер «Назарбаевқа» деген автографтар сыйға тартылған болса, әрине, «Назарбаевтан» деген де автографтар тақырыптың бір тармағы болатыны белгілі еді. Сол себепті, бүгін мен оқырманды өзіммен бірге Елбасының қолтаңбалық әлеміне көз жүгіртуге шақырамын.



Махмұт ҚАСЫМБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Президенті Кеңсесінің бастығы.

ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАСАМПАЗ ҚОЛТАҢБАСЫ

Әңгімемізді бастамас бұрын «автограф» сөзінің екі түрлі мағынаға ие екенін еске салу артық болмас. Автографтың жалпыға ортақ және кең қолданыстағы мағынасы өз қолымен жазылған жазу немесе қол қоюды білдіреді. «Автордан автограф алу» дегенді тілге тиек еткенде нақ осыны аңғартады. Филологтар ұдайы сүйенетін келесі мағынасы: автордың өз қолымен жазылған қолжазба мәтіні. Яғни, нақты адам жасаған және тасқа басқан кез келген ауызекі шығарма.

Бас құжатымыз – Ата Заңнан бастап, мемлекеттің өмірін реттейтін барлық негізгі қағидаттар, ережелер, нормалар мен бағдарлар Елбасының қаламынан туды. Президенттің актілері деп аталатын ресми құжаттар өмірдің барлық жағдайына бағытталған. Олардың толық тізбесі көп орынды алатындықтан, ең бастыларына тоқталайын. Олар: жарлықтар мен өкімдер, жекелеген жағдайларда заңдық күші бар, вето құқын қолданатын заңдар мен жарлықтар, Парламент ұсынған заңдарға қол қою, Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы, Үкіметтің құрамын белгілеу, лауазымды тұлғаларды тағайындау, мемлекеттік бағдарламаларды бекіту, референдум өткізу туралы шешім қабылдау, халықаралық келісімдерге қол қою, мемлекеттік наградаларды табыс ету, әскери және басқа да атақтар, шендер, рангтар мен сыныптарды тағайындау.

Олардың әрқайсысының артында нақты адамдардың өмірімен өрілген еліміздің тағдыры тұр. Бұлардың қатарында Қазақстан азаматтығына қабылдау немесе жазаға тартылған азаматтарға рақымшылық жасау туралы мейлінше нәзік шешімдер де бар.

Президенттің жұмысында мәтіннің қыруар жүктемесімен айналысу әдеттегідей аса ауқымды. Мәселен, 2016 жылы 6 мыңнан астам құжат, оның ішінде 107 заң, 243 жарлық, 88 өкім, 16 кеңес хаттамалары, 1 042 қызметтік жазба хат, 4 200 сараптамалық және ақпараттық-анықтамалық материалдар, 309 азаматтар өтініштері қаралып, қол қойылды. Егер мұны елестетер болсаңыз, үйіңіздегі ең үлкен бөлмеде төбеге дейін үйілген қағаздар топтамасы көз алдыңызға келер еді. Десек те, Президент Әкімшілігінде қолданысқа енген электрондық құжат айналымы және іс жүргізу жүйесіне байланысты бұл әлдеқайда жинақы көрінеді.

Және аталған мерзімде Нұрсұлтан Әбішұлының шетелдерге сапарлар, өңірлерге жұмыс сапарлары, түрлі отырыстар мен кеңестерге, халықаралық форумдарға, конференциялар мен съездерге қатысуы, шетелдік мемлекет және қоғам қайраткерлерін қабылдауы, қоғамдық және еңбек ұжымдары өкілдерімен кездесулер, өнеркәсіп орындары мен әлеуметтік нысандарды аралауы сияқты хаттамалық іс-шараларды өткізгенін қоспағанның өзінде 700-ге жуық мәтінмен жұмыс істегенін көресіз. Президентке осындай тіпті қысқамерзімді әрі эпизодтық іс-шараларда өзінің сөйлейтін сөзін немесе диалогқа қатысқанда айтатын ойын тез арада зерделеп, алдын ала әзірлеуіне тура келеді.

(Соңы 3-бетте).

АСТАНА КҮНІ

ЕЛДІГІМІЗДІҢ ерен белгісі



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК.

Еліміздің ғана емес, әлемнің ең жас қаласы Астана күннен-күнге сәулеттеніп, көркейіп келеді. Бүгінде Есіл жағасын бойлай орын тепкен, заманауи үлгіде салынған ғимараттар мен зәулім үйлерге қызыға көз тікпейтін жан жоқ шығар, сірә! Еуразияның жүрегі саналатын Ұлы Дала ордасы – әрбір жастың арманына, бар қазақтың мақтанышына айналған. Сәулетті шаһарға шетелдіктер де масаттана, қызыға қарайды. Осынау бейбітшілік пен бірлікті ту еткен, жарқын болашаққа құлаш ұрған нұрлы Астана – Елбасының ерен еңбегі мен халықтың арман-мұратының, ертеңгі күнге деген сенімінің айғағы.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Бүгінде айбыны асқақ, бес құрлыққа танымал Астананың он тоғызыншы белесті аттап, жиырмасыншы жылға аяқ басқан мерейлі мерекесі. Биылғы Астана күні әлем жұртшылығының назарын аударған «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінің өткізілуімен ерекшеленіп отыр. Бұл үлкен ғанибет, тарихи қайталанбас кезең деуге болады.

Еліміздің мақтанышына айналған Астана күні мерекесі жыл сайынғы үрдіспен еліміздің барша аймағында аталып өтті. Облыс орталығындағы «Жастар» саябағында Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтарына арналған «Жайнай бер, жарқырай бер, Астана» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Жастар саябағына кіреберістегі балалардың асфальтта сурет салып, әсем Астана бейнесін айшықтауынан Елордаға деген терең сүйіспеншілік, асқақ сезімді байқадық. Әр бала қиялындағы Астананы және ондағы зәулім ғимараттарды бейнелеп, жақсы тілектерін жазуды да ұмытпапты. Бұл талдықорғандықтардың Астанаға деген ыстық сәлемі десек болады. Оқушылар сарайы мен Балалар көркемсурет мектебі жеткіншектері ұсынған сурет көрмесі де салтанатты шараға рең бере түсті. Майлы бояудан, түрлі түсті қағаздар мен матадан жасалып, салынған өнер туындылары көрген жанды сүйсіндіріп, талдықорғандық жеткіншектердің талантты екендігін таныта түсті.

Бұл күні облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт, Талдықорған қаласының әкімі Бағдат Қарасаев бастаған топ көпшілік ортасынан табылды. Сахна төріне көтерілген қала әкімі жетісулықтарды мерекемен құттықтап, ақ тілегі мен ізгі ниетін білдірді.

– *Баршаңызды Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

Астана әлемді тамсандыра отырып, еліміздің барлық өңірі үшін серпінді дамудың үлгісін көрсетті. Бүгінде облыс орталықтары бас қаламызға қарап бой түзейді. Солардың қатарында біздің Талдықорған қаласы да нық қадаммен алға басуда десек артық емес. Мемлекеттік бағдарламалар аясында өнеркәсіп орындары ашылып, жаңа тұрғын аудандар бой көтеруде. Әлеуметтік бағыттағы нысандар қатары да жылдан-жылға көбейіп, тұрғындарға қызмет көрсету сапасы жақсара түсуде. Нәтижесінде тұрғындардың әл-ауқаты артып, ертеңгі күнге сенімі нығая түсті. Демографиялық жағдай жақсарды, Талдықорғанда жылына орташа алғанда 3600 – 3800 сәби дүние есігін ашады.

Құрметті қауым! Біз жуырда тарихта қалатын қуанышты оқиғаның куәсі болдық. Біздің қаламызда, ұстаздар отбасында 18 миллионыншы қазақстандық дүниеге келді. Сонымен қатар, Астана күні қарсаңында өткен дәстүрлі «Қазақстан барысы» сайысында біздің палуанымыз Ұлан Рысқұлдың жүлделі екінші орынды жеңіп алуы біз үшін зор мақтаныш, үлкен абырой. Мұндай жетістіктер Астанамыздың шамшырақтай болып бүкіл елге шуағын шашуынан деп білеміз. Сондықтан да еліміздің көгінде шамшырақ болған Астана күнін айрықша ынта, қуанышпен атап өтудеміз. Біз – берекесі мен ынтымағы жарасқан елміз. Бірлігіміз бекем болып, еліміздің абыройы асқақтай берсін! Туымыз тұғырлы, тәуелсіздігіміз ғұмырлы болсын! Астана күні мерекесі құтты болсын! – деді Бағдат Әбілмәжінұлы.

Бұдан әрі мерекелік шара Сүйінбай атындағы облыстық филармония мен қалалық «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің ұсынған концерттік бағдарламасымен айшықтала түсті. Спорттық жарыстарға да орын беріліп, оқушылар қазақ күресі, қол күресі, аударыспақ, арқан тартыс, көңілді сөре ойындарында бақ сынады.

Облыстың өзге өңірлерінде де Астана күні салтанатты жағдайда аталып өтті. Ал Талдықорғандағы мереке жастарға арналған көңілді кешпен тамамдалды.

БЕРЕКЕ

Жетісу жеміс-жидегімен қуантты

Өткен аптада Астана қаласының төрінде «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесіне орай ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Мұндағы мақсат – Елорда тұрғындарын экологиялық жағынан таза, әрі бағасы базардағыдан әлдеқайда арзан ауылшаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету. Жәрмеңкеге облыстың аудандары мен қалаларының, сонымен қатар Солтүстік Қазақстан мен Атырау облыстарының өнім өндірушілері қатысты.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жетісулықтар Астана тұрғындарына азық-түлікпен қоса, әнкүй де ала келді. Концерттік қойылымда неше түрлі ән-күй орындалып, халқымыздың музыкалық мол мұрасын жарқырата таныттты. Онда өнерпаздар бар өнерлерін ортаға салып, мың бұрала би билеп, әуелете ән шырқап, Елорда төрін ән-думанға бөледі. Халықтың көңіл-күйі көтерілген сайын сауда көрігі қызып, тауар өтімділігі де арта түсті. Жұрт өзгеше құрмет пен ыстық ықылас, ерекше ілтипат танытумен болды.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы мамандарының айтуынша, екі күнге созылған жәрмеңкеге жалпы аймақтан төрт мың тоннадан аса өнім жеткізілген. Негізінен онда балғын көкөністер мен жеміс-жидектің түрі көп болды. Мәселен, жеткізілген өнімнің 2861 тоннасы көкөніс, 930 тоннасы жеміс-жидек, қалғаны бал мен басқа өнімдер. Алыстан ат терлетіп жеткен жетісулықтар арнайы белгіленген орындарда сөрелерін жайып, жұртшылыққа өз тауарларын тиімді бағада ұсынды. Онда ет-май, сүт, көкөніс және өзге де тұрмыстық өнімдер мол болды.

Аудандардан жеткізілген қой, сиыр, жылқы және шошқа еттері сауда сөрелеріне лықа толып, өз алушыларын тапты. Қазықарта мен жал-жаяға да сұраныс аз болған жоқ. Қайта өңдеу кәсіпорындарында дайындалған шұжық пен сүт өнімдері және ас атасы – нанның да небір дәмдісі ұсынылды. Әсіресе, дәмі тіл үйірер жеміс-жидек пен көкөніс түріне, бау-бақша дақылдарына сұраныс көп болды.

Жалпы, азық-түлік өнімдерін сатып алуға келгендер сөрелерден өз іздегендерін тапты. Сатушылар да сапалы қызмет көрсетіп, ел ризашылығына бөленді. Тұтынушылар базар тарқағанша толастаған жоқ. Артынып-тартынған астаналықтар мен қала қонақтары мұндай игілікті іске қызығушылық танытып, керек-жарақтарын түгендеп алды. Жалпы, бұл жәрмеңкеде барлығы 936 миллион теңгенің саудасы жасалды.

Астана қаласы.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 84 (18360)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сенбі, 29 шілде, 2017 жыл.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ФУТБОЛ ЖҰЛДЫЗДАРЫ «АСТАНА АРЕНА» АЛАҢЫНДА ОЙНАЙДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ «АСТАНА ЭКСПО–2017» ҰК» АҚ ДАМУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ **Аллен ЧАЙЖУНУСОВ** ХАБАРЛАДЫ. ОЛ ӨЗ СӨЗІНДЕ ОСЫ ТУРНИРДІ ЕЛ АСТАНАСЫНДА АЛҒАШ РЕТ ОРЫН АЛАТЫН БІРЕГЕЙ ІС-ШАРА ДЕП СИПАТТАДЫ.

«FOOTBALL CUP» турнирі өтеді

Жетісу
Қажет АНДАС

5-6 тамызда Халықаралық «EXPO – 2017 Football Cup» турнирінде Қазақстан, Ресей, Италия, Германия, Португалия және әлем құрама командалары «Астана арена» алаңында кездеседі. Онда отандық футбол ардагерлері де ойнады. Сонымен қатар, олар халықаралық турнир аясында футбол жанкүйерлерімен кездесу және спорттық мектеп тәрбиеленушілеріне шеберлік сабақ өткізеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, футбол жарысы билетінің құны 2000 теңге болады, алған билет арқылы кешкі уақытта 18.30-дан кейін Халықаралық «ЭКСПО – 2017» көрмесін тамашалауға болады. Аталған сала қазақ футболының дамуына серпін береді деп күтілуде.

Кубадағы жаңармалы энергия көздерінің үлесі шамамен 20% құрайды. Бұл туралы Куба Республикасы Ұлттық күні аясында сөз болды. Шараға Куба Республикасы Сауда Палатасының Президенті Орландо Николас Эрнандес Гильен және ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Ақылбек Камалдинов және басқа ресми тұлғалар қатысты.

Куба Республикасы Сауда Палатасының Президенті Орландо Николас Эрнендес Гильен өз сөзінде Куба мемлекетінің болашақ ұрпақ үшін тұрақты дамуды қамтамасыз ететін модель негізінде өз экономикасын нығайтуға деген ынтасын атап өтті. Ұлттық күнде «Куба ырғағы» музыкалық шоуы көрсетілді.

Ал Иордания 2020 жылға қарай жаңармалы энергия көздерінен алынатын қуатты 20% арттыруды көздеп отыр. Бұл жайлы Иорданияның Ұлттық күнін тойлау барысында Иордания Хашемит Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті хатшысы Ахмад Идрис Еннаб мәлімдеді. Ол Иордания энергетика секторын әртараптандыру саласында қыруар жұмыстарды атқарып, энергетикалық тәуелсіздікті арттыру үшін бар күш жұмсап жатқанын айтты.

Иордания энергетика саласына тартылған инвестициялар көлемі бойынша салыстырмалы түрде өз өңірінің көшбасшысы. Мемлекеттің басты энергетика саясаты – мұнайға деген тәуелділікті барынша азайтып, табиғи газды дұрыс пайдалану және энергетика секторында жаңартпалы энергия көздерінің рөлін барынша бекіту. Энергетика саласын әртараптандыру бойынша Иорданияның энергетикалық стратегиясының басты мақсаты – энергетикалық қауіпсіздік пен экологиялық тұрақтылық.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысы Ермек Көшербаев Қазақстан мен Иордания барлық салаларда екі ел арасында өзара достастық пен бауырмашылдық қарым-қатынас орнағанын айта кетті. Иорданияның «ЭКСПО – 2017» көрмесіне қатысуы екі елдің өзара тиімді ықпалдастықты ары қарай дамытуға ниетті екенін жеткізді.

Еске сала кетсек, биыл Қазақстан мен Иордания арасындағы екі жақты дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 24 жыл толып отыр. Екі ел арасында достық қарым-қатынас бұдан ары қарай да нығая түседі.

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ НЫСАНДАР



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

БАСТЫ МІНДЕТ – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

ОБЛЫС ӘКІМІ **Амандық БАТАЛОВ** ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ БІРНЕШЕ НЫСАНДЫ АРАЛАП, ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖҮРУ ҚАРҚЫНЫМЕН ТАНЫСТЫ. КЕТКЕН КЕМШІЛІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМА БЕРІП, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТАЛАП ЕТТІ. ӘСІРЕСЕ, ҚАЛАНЫҢ КӨРКІН АШАТЫН КӨГАЛДАНДЫРУ, АБАТТАНДЫРУ СЫНДЫ МӘСЕЛЕГЕ ЖІТІ НАЗАР АУДАРДЫ.

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Алдымен басшылық әуежайға бас сұғып, бірқатар кемшілікті кезіктірді. Әлі де болса тазаланбаған құрылыстың қалдықтары көзге бірден түседі. Асфальттанбаған аумақ та әуежайдың сәнін бұзып тұр. Сондықтан 1 аптаның ішінде көгалдандыру мен абаттандыру аяқталуы тиіс. Жарық шамдарын орнату, гараждар мен бокстарды нөмірлеу, құрылғыларын орналастыру сынды тапсырма берілді. Әуежай осыған дейін көмірмен жылынып келген, енді газ тарту мәселесі қозғалды. Сонда шығын да барынша азаятын болады. Алматы – Өскемен тас жолының орта-

жол жиегіндегі коттеджді қалашықтың жоспарына көз жүгіртті. Қаладан шеткері орналасқан аумаққа тұрғындар үй салып жатыр. Алайда әлі күнге дейін жарық, су тартылмаған әрі жол да салынбаған. *«Келісімсіз үй тұрғызуға болмайды. Қайда қарап жүрсіңдер? Халыққа түсіндірмейсіңдер ме? Жолы мен жарығы, жылуы мен су жоқ жерде жұрт майшаммен отыра ма? Алдымен осы маңызды нәрселер шешілуі керек, содан кейін барып үй тұрғызуға рұқсат береміз»,* – деген Амандық Баталов облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов, қала әкімі Бағдат Қарасаев, қала әкімінің орынбасары Асқар Тұтыбаевқа қатаң ескерту жасады. Және басшылық апта сайын осындай жерлерді аралап, тексеру жүргізуі тиіс екенін айтты.

Мұнан соң өңір басшысы жақында пайдалануға берілетін Салтанат сарайына кіріп, құрылыстың мәнжайын анықтады. Жүйелі жұмысқа тәнті болып, құрылысшыларға ризашылығын білдірді. Әрмен қарай галерея нысанына барып, ондағы қызмет барысын бағамдады. Қала тұрғындарының саны жыл сайын артып келеді. Сондықтан мектеп қажеттілігі туындауда. Осы орайда қаланың онтүстік-батысы мен солтүстік-батысында 1200 орынды қос жаңа мектеп салынып жатыр. Білім ордаларына арнайы барған өңір басшысы мамандарды барынша сапалы қызмет етуге шақырды. Өйткені мектеп – болашақ ұрпақтың білімін жетілдіретін киелі мекен. Сол себепті мектеп заманауи құрылғылармен қамтылуы керек.

сындағы шөптер құрап жатыр, суғарылмағыны бірден байқалады. Осыны ескерген Амандық Ғаббасұлы дизайнер шақырып, гүл отырғызу, ағаш егу, көріктендіру жұмыстарын қолға алуды ескертті. Жол жиегіндегі демалыс алаңқайда ағаштар құрап жатыр, сондықтан көшет отырғызу, абаттандыруды қажет етеді. Қаратал өзенінің арнасынан сумен бірге ағып келген ағаштар көзге ілікті. Тез арада қызметкерлер соны тазартып, ретке келтіруі тиіс. Ал жаңадан ашылып жатқан жағалауды жарықтандыру мен жол салу 1 ай мерзім ішінде аяқталады деп күтілуде.

Облыс әкімі Амандық Баталов қаланы газдандыру қалай жүріп жатқанымен танысты. Қазір 218 үй газбен қамтылды. Сондай-ақ, асфальт салынбаған көшелерді жыл сайын жасау, әсіресе, газ тартылып жатқан көшені қалпына келтіру міндеттері жүктелді. Орталық саябақтың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жүйелі жұмысқа куә болған облыс басшысы ең бастысы сапа екендігін ескертті. Қаланың оңтүстік-батысында бой көтеріп жатқан жаңа әрі биік үйлер облыс орталығының сәнін киргізуде.

– Пәтерлердің ауласын барынша көрікті етіңдер. Әсіресе, балалар емін-еркін ойнап, тұрғындар дұрыс демалуы керек. Ақша жоқ емес, бар, қанша сұрасаңдар да беремін. Тек сапалы жұмыс атқарсаңдар болды. Әр нәрсеге жанашырлықпен қараңдар. Үйлердің сыртын бояу туралы қаншама рет тапсырма бердім, әлі орындалмаған. Балкондарды да біркелкі етіп, жүйеге келтіріңдер, – деген Амандық Ғаббасұлы жауапты тұлғаларға тапсырманы жылдам әрі сапалы орындауды тапсырды. Әрмен қарай басшылық Алматы–Талдықорған

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ОБЛЫС ӘКІМІ **Амандық БАТАЛОВТЫҢ** ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІМЕН БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ МЕН ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА АРНАЛҒАН МІНДЕТТЕРДІ САРАЛАҒАН ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ АСҚАР ҚОЖАБАЕВ БАЯНДАМА ЖАСАП, БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫНДА ӨСІМ ҚАРҚЫНЫ САҚТАЛЫП, ЖАЛПЫӨҢІРЛІК ӨНІМНІҢ 3,3 ПАЙЫЗДЫҚ ӨСІМІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕНІН АТАП ӨТТІ.

ІС АУҚЫМДЫ, мереже биік

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Өткен алты айда өнеркәсіптік өнім көлемі 329,4 млрд. теңгені, физикалық индекс көлемі 104,4 пайызды құраған. Оның ішінде азық-түлік өнімдері 8 пайызға, сусындар 22,3, дәрі-дәрмек 1,8, көлік құрастыру 35,2 пайызға өсуі есебінен өндірістік өнім 3,6 пайызға артқан. Азық-түліктің ішінде қант, сүт, сары май, ұн, макарон өнімдері көбірек өндірілген.

Дәрі-дәрмек шығаруда да жоғары өсім байқалып отыр. Ол 6 фармзауыттағы өнім көлемінің 8 млрд. теңгеге артуымен байланысты. Зауыттар жұмысына индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы серпін беруі арқасында облыс экономикасына өз үлесін қосып жатқанын айта кеткен орынды. Бұған керісінше, темекі өнімдерін шығару 21,9 пайызға азая түскен. Бұл «Филип Моррис» ЖШС өнімдерінің 2 есе қысқаруымен тығыз байланысты. Металды емес минералды өнім көлемі де 19 пайызға төмендеген. «Темірбетон» ЖШС-де темірбетон өндірісі, «Пеноплекс» ЖШС-де жылуизоляциялық материалдарды шығару, «Құрылыс» ЖШС-де керамзиттік кірпіштердің өндірісі қысқарған.

Бірінші жартыжылдықта 39 нысанды енгізу мен кеңейту негізінде 665 жұмыс орны құрылған. Кәсіпкерлерді қолдау картасының аясында 55 млрд. теңгелік 7 жобаны жүзеге асыру арқылы 1475 жұмыс орнын құру көзделуде. Бүгінге дейін екі нысан іске қосылды.

Кәсіпкерлікті қолдау және нарықты кеңейту мақсатында өңіраралық әріптестік нығая түсіп, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарымен меморандум бекітілген. Бүгінде 5 кәсіпорын өнімдерін жеткізу бойынша келісім бар.

Ауылшаруашылығында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясындағы қаржылық қолдаудың арқасында 3 пайыздық өсімге қол жетті. Мал шаруашылығында барлық ірі қараның және құстың саны артты. Ет өндіру 4,2, сүт 3,8, жұмыртқа мен жүн 2,5 пайызға көбейді. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 1,4 мың бас ірі қара мал, «Алтын асық» аясында 4,5 мың ұсақ мал, «Құлан» бойынша 405 жылқы алынды. Үйғыр ауданында 2 мал бордақылау алаңы іске қосылып, Талғар ауданыда «Байсерке Агро» ЖШС сүттауарлы фермасы кеңейтілді. «Ырыс» бағдарламасы аясында Ақсу және Райымбек аудандарында екі сүт-тауарлы фермасын құру жұмысы басталды.

Алайда, 820 тонналық жылдық жоспар бойынша бірде-бір тонна ет экспортқа шықпады. Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу көлемі де төменгі деңгейде қалып отыр. Кішігірім қожалықтар мен үй шаруашылықтарын біріктіру негізінде ауылшаруашылық кооперативтерін құру жұмысы да баяу жүргізілуде.

(Соңы 2-бетте).

АЛТЫН ОРАҚ

ҚЫЗЫЛЖАРДА ҚЫЗҒАН ЕҢБЕК



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

БІР ТОННА ТҰҚЫМНЫҢ ӨЗІ БІР ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ШАРУАСЫН ШАЛҚЫТЫП, ТАБЫСЫН ТАСЫТАДЫ ДЕСЕ, СІЗ СЕНЕРСІЗ, СЕНБЕССІЗ, ЕГЕР ӨЗ БАСЫҢЫЗДАН ӨТПЕСЕ. АЛ БІЗ ӘҢГІМЕГЕ АРҚАУ ЕТКЕЛІ ОТЫРҒАН КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ «ҚЫЗЫЛЖАР» ӨНДІРІСТІК КООПЕРАТИВІ СОЛ ТӘЖІРИБЕНІҢ ТӘТТІ ЖЕМІСІН БІР КІСІДЕЙ-АҚ ЖЕГЕН ҰЖЫМ. БҮГІНДЕ ЕГІСТІК АЛҚАБЫНА СЕБІЛГЕН ҮШ СҰРЫПТЫ ТҰҚЫМНЫҢ КӨП МӘЛШЕРІН «БАГАРНИ - 56» СОРТЫ ҚҰРАЙДЫ. ҚЫП-ҚЫЗЫЛ БИДАЙДЫҢ ҚЫЗЫЛЖАР ТОПЫРАҒЫНА СҰҢГІ БАРЫП ТАМЫР ЖАЙҒАНЫНА ДА ҮШ ЖЫЛ БОЛҒАН. САЛМАҒЫ МЕН ТҮСІМІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ ӨЗ АЛДЫНА, ҚҰНАРЛЫҒЫ ТАТҚАННЫҢ ТАҢДАЙЫНДАҒЫ АЛҒЫС.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Алғаш 1963 жылы «Қызылжар» қой кеңшары болып құрылған шаруашылық 2000 жылдары өндірістік кооператив негізінде қайта жаңғырады. Қазір иелігіндегі 4000 гектар жер танабының 2800 гектары ырысқа толы. Бұл былтырдың еншісіндегі 1700 гектар. Егістік алқабынан екі есеге таяу өскен аумақ. Осылайша, бидай мен арпаның дән теңізі жыл сайын ұлғайып дала көркіне, диқан байлығына айналуда.

Биыл науқан алды ауа райының күрт ысуы да шаруалар үшін тиімді болған. Нәтижесінде, «танаптағы егін жылдағы орақ мерзімінен он күнге ерте басталды, түсімі де тәуір. Гектарына 28 – 30 центнерден айналуда», – дейді аталмыш кооператив басшысы Ержан Күлшембаев. Таңғы сағат алтыдан тоқтаусыз екі апта еңбектенген ұжым еңбеккерлері қазір 1100 гектардан аса аумақтың астығын қамбаға жөнелтіп үлгерген. Осы барыста 100-ден аса жұмсышы жұмылып, бес комбайн мен 20-дан аса техниканы еңбек даласында тоқтаусыз ағылтқан.

Осыншама еңбекпен келген қыруар астықтың қыр басында рәсуә қалған тұсы да жоқ. Ауыл арасы, аймақ, облыс іші сұранысын айтпағанда, таза өнім «Дон Агро», «Азия Фуд» компанияларының еншісіне бұйыруда. Асып-артылғаны Тәжікстан, Өзбекстан асып, өзге елдердің де қызығушылығын оятып отыр. Оған себеп те жоқ емес. Ержан Әшімұлының айтуынша, Қызылжар топырағында өскен астықтың барлық азықтық қасиеті, сұрып сыйпаты аталған көрші ел зауыттарының қажеттілігін қанағаттандырады.

Осы ретте тағы бір жайтты айта кеткеніміз артық болмас. Өнімнің таза орылуы да еңбекшінің ептілігі мен техниканың тегеурініне байланысты екені анық. Алғашқы адам күшінің қуатын айтпағанда, соңғы үлгіде жабдықталған «ЕСІЛ», «VECTOR» комбайндарының алқаптағы адымы ширақ. Жүріп кетсе жүк көлігін әп-сәтте толтыратын мұндай озық технологияның өзіндік артықшылықтары да жетерлік. Комбайншы Берік Асанов алғыстан басқа айтары жоқ. Басқасы басқа, ішінің салқындатқыш құрылғымен жабдықталғаны да техника тізгінінде жүргендердің әңгімелерінің тұздығына айналған. Ол жайлы ыстықтың бетін байқап, еңбекшілерге абай болуды ескертіп отыратын бас агроном Сағындық Қоңыров та, жүк көлігін құйғытқан Бекжан Мұсаев та, трактортшы Әнуар Құдайбергенов те майын тамызып айтады.

Десек те, бір түйткілдің түйіні шешілсе дейді шаруалар. Егер көктемгі егіс десе сіздің есіңізге тұқыммен қатар жанар-жағармайдың түсетіні рас болса, шаруашылық үшін оның қажеттілігінің қандай екені де байқалса керек. Бүгінде техника атаулы тәуелді жағар отын бағасының қарыштап кетуі диқан терімен келген нәсіптің көп бөлігін үптеп алуда. Нақтырақ айтқанда, нарықтағы 1 литр жанар-жағармайдың өзі шаруаның 4 килограмм бидайын жұтып тынуда. Ал науқандағы әрбір техниканың күндік пайдаланатыны 150 – 300 литр жағар отынға тәуелді екенін ескерсеңіз, шаруаның шығыны шаш етектен дейді еңбекшілер. Бұл енді біз көрген егістіктен, сіз, түйер түйткілдің түйіні ғана. Диқан аманатының ескерілмегі де алдағы уақыттың еншісінде.

Кербұлақ ауданы.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

КОНКУРС

«ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ» БАЙҚАУЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы»** тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік теледидар материалы»;

2) «Үздік радиоматериал»;

3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;

4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб., «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. **Байланыс тел.: 8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.**

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

ІССАПАР

ҚАРҚЫН мен САПА САРАЛАНДЫ

Панфилов ауданында биыл екі мектеп және орталық аурухана күрделі жөндеуден өткізілуде. Аталған әлеуметтік нысандардың бәрінде құрылыс жұмыстары алдын ала белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Өйткені жаңа оқу жылының басталуына санаулы күндер қалды. Осыдан бір ай бұрын аяқталуы тиіс аудандық орталық ауруханадағы жөндеу жұмыстарының тоқтап тұруы да қысылып- қымтырылған сырқаттарға қолайсыздық туындатуда.

Осы әлеуметтік нысандардағы жұмыс қарқыны мен сапасын өз көзімен көру үшін облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар өткен бейсенбіде өңірге келіп, алдымен орталық ауруханадағы жағдаймен танысты. Панфилов аудандық орталық ауруханасын күрделі жөндеуден өткізуге облыстық бюджеттен бөлінген 171 миллион теңгені тендерде ұтып алған «Лан» ЖШС жергілікті құрылыс-шыларды жалдап, өткен жылдың қазан айында іске кіріскен. Жалпы атқарылған іс сапасы көңіл көншітерлік. Алайда жұмыс-шылардың жалақысын іркіп қалған құрылыс ұйымының басшылары ауруханаңың хирургия, терапия бөлімдеріндегі жұмысты толық тамамдамай тайып тұрған сыңайлы. Содан кейін де тапсырыс беруші мен атқарушы арасындағы дау экономикалық сотқа дейін жеткен. Едені төселмеген, есіктері салынбаған бөлімдерді аралап көрген Жақсылық Мұқашұлы аудандық орталық ауруханаңың бас дәрігері Төлеу Сарпековке құрылыс басшыларын жедел тауып, жұмысты мүмкіндігінше бейбіт келісіммен сапалы аяқтатуды тапсырды.

Бұдан кейін облыс басшысының орынбасары Жаркент қаласындағы Н. Крупская атындағы орыс орта мектебіндегі құрылыс алаңына келді. Мұнда биыл 1500-ден астам бала білім алмақ. Осыдан 37 жыл бұрын салынып, пайдалануға берілген мектеп ғимараты содан бері күрделі жөндеу көрмеген. Соңғы жылдары оқу ошағының есік-терезелері, шатыры тозып, қыс маусымында жылу сақтаудан қалған. Өткен оқу жылында оқушылар апталап сабақ көрмей, ұстаздарының тапсырмасын үйлерінде орындауға мәжбүр болған. Күрделі жағдайға сәйкес республикалық бюджеттен 156 миллион теңге қаржы бөлініп, оны игеруді астаналық «Нұрсад» ЖШС міндетіне алып, үстіміздегі жылдың 13 шілдесінен бастап, бұл мектепте күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ғимараттың шатыры жаңаланып, жылу жүйесі жай жөндеуден өткізіліп, (жылу жүйесі бұрын жөндеу көрген), біраз терезелері ауыстырылыпты. Облыс әкімінің орынбасарына жұмыс барысын баяндаған мектеп директоры Зина Ниязова уақытпен санаспай күндіз-түні іс тындырып жүрген жұмысшылардың белгіленген мерзімде, 20 тамызға дейін күрделі жөндеуді толық аяқтайтынына сенімді екенін айтты. Астанадан өз жұмысшыларын ала келген құрылыс ұйымының басшысы Нұрғазы Сейтенов іс басында жүр. Оған облыс әкімінің орынбасары қарқынды бәсеңдетпей, сапалы іс тындыруды, ары кеткенде 25 тамызға дейін күрделі жөндеу жұмыстарын тамамдап, оқушылардың оқу жылының алғашқы күнінен партаға отыруына жағдай жасауды тапсырды.

Лесновка ауылындағы Дәнеш Рақышев атындағы орта мектеп те өңірдегі көне ғимарттардың бірі. Биыл бұл мектепті күрделі жөндеуден өткізуге 120 миллион теңге бөлінген. Құрылысты «Энерго-эксперт» ЖШС атқаруда. Жөндеуге қажет құрылыс материалдары толық әкелініп, құрылысшылар қарқынды жұмыс жасауда.

Жақсылық Омар құрылыс ұйымының басшысы Айдын Бегімбековке құрылысшылар санын көбейтіп, уақытпен санаспай діттеген мерзімде жұмысын сапалы тындыруды тапсырды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ.
Панфилов ауданы.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ: жауапкершілік пен сенім

ҰСЫНЫСТАР назардан тыс қалмайды

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесулерінде айтылған ұсыныстар мен ескертулер бойынша қабылданған іс-шаралар жоспары 2017 жылдың I жартыжылдығында орындалып келеді.

2017 жылғы қаңтар-ақпан айларында 792 есепті кездесулері өткізілді. Шара барысында аудан, қала әкімдерінің және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтер және кент әкімдерінің атына 352 ұсыныс пен ескерту айтылды. Атап айтар болсақ, жолдарды жөндеу мен салу, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының құрылысы, ауызсу мәселесі, абаттандыру, санитарлық және экологиялық жағдай, елді мекендерді электрмен, газбен, телефонмен қамтамасыз ету, тұрғын үй және жер қатынастары тақырыбында ұсыныс, тілектер айтылды.

Облыс әкімінің есепті кездесуінде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына төмендегі 11 мәселе енгізілді. Атап айтсақ «Ақсу ауданы Ашыбұлақ ауылын орталықтандырылған ауыз-сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысы және қайта жаңғырту» жобасы әзірленіп, су құбырын салуға облыстық бюджеттен 151,6 млн. теңге бөлінді. Жобаға сәйкес I және II көтергішті сорғы станциясын, хлор-сатуратор құдықтарын, бақылау-өткізу пунктін, су жинағыш резервуар, арынды мұнара, фильтр тұндырғыштар салу қарастырылған. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Ал Қарасай ауданы Береке ауылындағы бос тұрған жекеменшіктегі Мәдениет үйін сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 25,4 млн. теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. Текелі қаласындағы №2 психологиялық-педагогикалық кабинетке қажетті ғимаратты сатып алуға қаржы бөлу бойынша облыстық білім басқармасы мен Текелі қаласы әкімдігі тарапынан қажетті ғимарат іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Төртінші тоқсанға жоспарланған Жамбыл ауданы Қарақастек ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория салу үшін жергілікті бюджет есебінен 255,4 млн. теңге бөлінді. Қазіргі уақытта мердігер ұйым «Еламан» ЖШС-і құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде. Нысанды 30 тамызда пайдалануға беру жоспарланған. Іле ауданы Өтеген батыр кентінде 125 төсектік перзентхана салу бойынша облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 1-маусымдағы №12-62 шешімімен перзентхана құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге 5 млн. теңге бөлінді. Нысанның атауын қолданыстағы аудандық орталық ауруханаға перзентхана жапсаржайының құрылысы деп өзгерту мәселесі қарастырылуда. Қаратал ауданы Үштөбе қаласының ішкі жолдарын жөндеу үшін облыстық бюджеттен 284 млн. теңге бөлінді. Қазіргі кезде мердігерді анықтау үшін ашық конкурс жарияланды. Панфилов ауданы Үлкеншыған ауылындағы үш ауысымды мектепке 300 орынды жапсаржай құрылысына жергілікті бюджеттен 300 млн. теңге бөлініп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алуды жариялауға конкурстық құжаттамалар дайындалуда. Нысанды 2018 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Талғар ауданының Нұра ауылындағы «Төле би», «Бәйдібек» шағын аудандарын электр желісімен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 166,2 млн. теңге бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Талдықорған қаласы «Жастар-1», «Жастар-2» және «Ынтымақ» шағын ауданының жолдарын жөндеуге 443,6 млн. теңге қажет, бүгінде оның 150 млн. теңгесі бөлінді. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. «Жастар-2», «Ынтымақ» шағын ауданының жолдарын абаттандыру, инженерлік жерасты коммуникацияларын жүргізу жұмыстары аяқталған соң жүргізіледі. «Жастар-1», «Жастар-2», «Ынтымақ» шағын аудандарын сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйесінің құрылысына Ұлттық қордан 1,5 млрд. теңге бөлінді. Қазіргі уақытта мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс өткізілуде. Аталған шағын аудандарды газбен қамтамасыз ету 2018 жылы Талдықорған қаласының газ тарату желілері құрылысының 4-кезеңі аясында жоспарлануда.

Аудан және қала әкімдерінің есепті кездесулері жөніндегі іс-шаралар жоспарына 176 ұсыныс енгізілген. 2017 жылдың екінші тоқсанға 29 мәселе жоспарланып олар толығымен орындалды. Мәселен, **Талдықорған қаласы** әкімінің есептік кездесулерінде тұрғындардан түскен 13 ұсыныстың бірінші тоқсанда алтауы, екінші тоқсанында бесеуі толығымен орындалды. Екінші тоқсанға жоспарланған қаланың 3-ші бөлімшесіндегі үйлерді инженерлік желіге қосуға жоба-сметалық құжаттарды дайындау үшін 6,2 млн. теңгеге тапсырыс дайындалды. Қаланың Біржан сал, Д. Рақышев көшелерінің жолдары жөнделуде. Қабанбай батыр және Медеу көшелерінің аралығындағы Абай көшесіне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге 427,1 млн. теңге қажет, оның 350 млн. теңгесі бөлінді. Бүгінгі күні мердігер мекемені анықтау мақсатында мемлекеттік сатып алу байқауы жарияланды. Еркін ауылындағы Қазақстан көшесіндегі жолға күрделі жөндеу жұмыстары газ тарату жүйелері орнатылып біткеннен кейін жүргізіледі.

«Мерекелік» «Қаратал», «Ключи», «Сарыбұлақ» қала жанындағы елді мекендердің электр желілерін қайта жаңғырту жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге конкурс жарияланды. Көпқабатты үйлерді жөндеу бойынша тұрғындардан қайтарылған 82,9 млн. теңге есебінен қаланың төрт көпқабатты тұрғын үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланды. Бұдан басқа жалпы құны 298 млн. теңгені құрайтын 15 үйдің жөндеу жұмыстарына өтінімдер мен есептер жасалып, оларды да тұрғындардан қайтарылған қаражат есебінен жүргізу жоспарлануда.

Қарасай ауданы әкімінің есептік кездесулерінде айтылған 12 ұсыныстың жетеуі орындалуы екінші тоқсанға жоспарланып, өз шешімін тапты. Қаскелең қаласы және Үштерек, Жандосов, Бекболат, Жаңатұрмыс, Көксай ауылдарындағы көшелердің жолдарын жөндеуге 279,9 млн. теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Қаскелең қаласы Қарасай батыр көшесінде орналасқан №62, 64 көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларына 19, 3 млн. теңгеге абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Алакөл ауданы бойынша 1-шілдеге жоспарланған 5 ұсыныстың барлығы орындалды. Атап айтсақ, жергілікті бюджеттен 276 мың теңге бөлініп, Достық ауылдық округіндегі 177 қаңғыбас иттердің көзі жойылды. Көктұма ауылының учаскелік полиция пунктінің құрылысына 22 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қарабұлақ орта мектебіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 100 млн. теңге қарастырылып, құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында 411,9 млн. теңге бөлініп, Ақтүбек, Қарлығаш ауылдарының ауызсу жүйесінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қоңыр ауылының кіреберісіндегі автомобиль жолдарына 151,4 млн. теңгеге жөндеу жұмыстары атқарылуда.

Жамбыл ауданы бойынша бес ұсыныстың үшеуі үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанына, екеуі екінші тоқсанына жоспарланып, толығымен орындалды. Мыңбаев ауылының Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге 237 млн. теңге, Шиен ауылының ауызсу жүйесін күрделі жөндеуге 143,7 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Балқаш ауданы әкімінің есептік кездесулерінде айтылған 13 ұсыныстың үшеуінің орындалуы бірінші тоқсанға, үшеуінің орындалуы екінші тоқсанға жоспарланып, өз шешімін тапты. Атап айтқанда, Көктал ауылдық округінде жаңа фельдшерлік акушерлік пункті іске қосылды. Қарой ауылының көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар аудандық орталық ауруханаға ультрадыбыстық зерттеу (УЗИ) аппараты алынып, дәрігер арнайы қайта даярлау курсынан өтіп, аудан тұрғындарына қажетті қызмет көрсетуде.

Сарқан ауданы әкімінің есептік кездесулерінде тұрғындардан түскен 7 ұсыныстың екеуі үстіміздегі жылдың екінші тоқсанына жоспарланып, шешімін тапты. Яғни, Шұбартүбек ауылындағы бұзылған су құбыры қайта қалпына келтіріліп, ауылдағы 39 үй толық ауызсумен қамтылды. Бірлік ауылынан 6 жұмыссыз азамат жұмыспен қамту орталығына тіркеуге алынып, 3-і кәсіптік оқуға, 2-і қоғамдық жұмысқа тартылды және 1 азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің есепті кездесуінде айтылған ұсыныс бойынша Есік қаласының санитарлық тазалығына 9,2 млн. теңге бөлініп, қаражат толығымен игерілді.

Қапшағай қаласы әкімінің есепті кездесуінде тұрғындардан түскен 11 ұсыныстың 1-уі екінші тоқсанға жоспарланған. Бүгінгі күні аталған мәселе бойынша «Алтын-Алма» бағбандық серіктестігінің кіреберіс жолдарын жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау және жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларына бюджеттік өтінім жолданды.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтер мен кент әкімдерінің есепті кездесулерінің қорытындысы бойынша 176 ұсыныс іс-шаралар жоспарына енгізілген. Соның ішінде екінші тоқсанда 49 ұсыныстың орындалуы жоспарланған және олар толығымен орындалған.

Барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен өткізген есепті кездесулерінде айтылған ескертулер мен ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуы тұрақты бақылауға алынып, облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктерінің отырыстарында тоқсан сайын қаралып отырады. Есепті кездесулерінде айтылған ұсыныстар мен ескертулерді орындау жұмысы жалғастырылуда.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көтерілген мәселелердің бірі – еліміздің қасиетті рухани құндылықтары мен киелі жерлерінің географиялық картасына байланысты. Қазіргі таңда «Жетісудың киелі жерлері» жобасын жүзеге асыру тарихи-өлкетану музейлерінің танымдық, ағарту жұмыстарының өзегіне айналып отыр.

Жетісудың киелі жерлері

Жетісу
Мұхтар КҮМІСБЕК

Ғылыми деректерде ұланбайтақ еліміздің аумағында 220 мыңға жуық өзен, көл, тау-тас атаулары бар десек, осыншама жер-су атауларының қойнауында тұнып жатқан өзіндік тарихы, шежірелі сырлары бар. Осындай өлкеміздегі жер-су атауларының шығу тарихын білу әркімді-ақ қызықтырары сөзсіз.

«Киелі жерлер географиясы» арнайы жобасы бойынша қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік комиссия құрылды. Музейдің ғылыми кеңес мүшелері және жергілікті өлке тарихын танушылар бірлесе отырып, аудандағы қасиетті жер мен киелі орындар жайлы мәліметтерді кеңінен талқылауда. Аталған орындардың фотосуреттері, олар жайлы ел аузындағы аңыз-әңгімелер топтамасы жинақталып, география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарымен тығыз байланысы зерделенуде. Жер-су атауларының шығу тарихы мен пайда болуын, мағынасын, дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, жазылу мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін топонимика ғылымының деректеріне толықтырулар енгізіледі. Сондай-ақ, ел аузындағы аңыздар желісі мен көнекөз қариялардың айтуына сүйеніп, еліміздің киелі жерлері мен қасиетті орындары, ашық аспан астындағы мұражайлар жайлы жаңа тарихи ақпараттар арта түсері кәміл. Жер-су атауларының шығу тарихын зерттеу, зерделеу жұмыстары қолға алынды. Сол нышанның негізінде «Бастау–2017» танымдық экспедиция маршрутының жобасы дайындалып, өз жұмысын бастады.

Соған орай облыста «Жетісудың киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы жүзеге асуда. Кеңес мүшелерінің алғашқы отырысы 2017 жылдың 28 маусымында өткен еді. Енді Жетісудың қасиетті жерлерінің тізімін қалыптастыру мақсатында Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасында екінші рет бас қосты.

Жиынға сараптамалық кеңес мүшелері, облыстық мәдениет басқармасы, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталық, аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары және жұмыс тобының мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Әр ауданнан келген зерттеу топ мүшелері өз өңірлерінен шыққан әулие-әмбиелердің, киелі жерлердің, музейлердің, тіпті елеулі ескерткіштердің шығу тарихын түптұқиянына шейін таныстырды. Олардың қасиеттілігін, ерекшелігін көрем деп келген арнайы туристік топтардың бар екендігін мақтанышпен жариялады. Жергілікті жерлердегі жасампаз дүниелерді бейне-ролик арқылы көрсетті.

Жоба бойынша ұсынылған 57 сакралды нысанынан кеңес мүшелерінің шешімімен «Қазақстанның киелі жерлері» картасына алтауы енетін болады. Елбасы мақаласына білек сыбана кіріскен жұмысшылардың еңбегі ерен екені даусыз. Түптеп келгенде, осының бәрі Жетісу жерінің рухани мұраға мол екендігін айқындай түсетіндей.

ҚҰРЫЛЫС

Ауылдарды АРАЛАДЫ

Балқаш ауданының әкімі Ғалым ТОҚПЕЙІСОВ шалғайда орналасқан Құйған, Топар ауылдық округтеріне арнайы іссапармен барып қайтты.


Аудан басшысы жұмыс сапарын Құйған ауылындағы Іле өзенінің үстіне салынып жатқан көпір құрылысының жұмысымен танысудан бастады. Көпір құрылысымен таныстырған «Фирма «ИнтерТехСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Асқар Битұрсын жаңа нысанның автокөлік жүретін әрі жаяу жүргіншілерге арналған жолымен заманауи үлгіде жасалатындығын тілге тиек етті. Осы құрылыс жұмысын өз мойнына алған аталмыш мердігер үстіміздегі жылдың сәуір айынан бері көпір құрылысын бастап кеткен. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың күз мезгілінде аяқталады деп жоспарлануда.

Бүгінгі таңда көпір құрылысын салу үшін Іле өзенінің жағалауына сына тастары жеткізілді. Жалпы ұзындығы 63 метр, ал ені 8 метрге жуық көпір ауыл халқы үшін тиімді екені сөзсіз. Атқарылған жұмыстарды өз көзімен көріп қайтқан аудан басшысы серіктестік басшылығына сапалы көпір салумен қатар кемшіліктерге де жол бермеу керек екендігін қатаң тапсырды.

Мұнан кейін Ғалым Қасымұлы іссапарын Топар ауылдық округінде жалғастырды. Аталмыш ауыл тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және салуға облыстық бюджеттен 155 млн. 821 мың теңге көлемінде қаражат бөлінген болатын. Өткізілген ашық конкурстың қорытындысы бойынша «JMI Компани Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз атанып, су жүйесін жүргізу жұмыстарын үстіміздегі жылдың маусым айынан бастап та кеткен еді. Мұнда «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша сегіз адам жұмыспен қамтылған. Жыл аяғына дейін ауызсу жүргізу жұмыстары толыққанды аяқталып, халыққа пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Аудан басшысы екі бірдей ауылдың тыныс-тіршілігімен жете танысып, қарқынды жүріп жатқан құрылыс жұмыстарын өз көзімен көріп, салынып жатқан көпір мен ауызсу жүйесі халыққа неғұрлым тезірек пайдаланылуға берілсе, аталмыш ауыл тұрғындары үшін тиімді болатынына сенім білдірді. Қуанарлық жайт, үстіміздегі жылы аудан көлемінде көптеген құрылыс нысандары бой көтеруде.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.
Балқаш ауданы.



Апта ішінде «ЭКСПО – 2017» көрмесіне 309 832 адам, орта есеппен алғанда, күніне 44 261 қонақ келген. Естеріңізге салсақ, көрменің бірінші жұмыс аптасында күніне орташа есеппен 23 мың адам барған. Көрменің алғашқы қырық күнінде келушілердің саны 1 794 132 адамды құрады. «Нұр-Әлем», коммерциялық павильондар, «Шелл» балалар саябағы, тақырыптық С3.5, С 2.4, «Дю Солей» циркі, Амфитеатр, шығармашылық энергия аймағы, АРТ орталығы адамдар ең көп келетін орындар санатында. Ал Африка Плазасы, Үндістан, Мысыр, Түркия, Ресей, Тайланд, Жапония, Өзбекстан, Әзірбайжан, Сауд Арабиясының Патшалығы павильондары келушілер жағынан көш бастап тұр. Көрмеге келушілер қатарының көп болуына «ЭКСПО» қалашығында өтіп жатқан түрлі шаралар да себеп.

ЭКОНОМИКА мен ЭНЕРГИЯ

Жетісу
Қажет АНДАС

Оған дәлел ретінде көрме аясында өткен Румынияның Ұлттық күніндегі мәдени шараны айтуға болады. Іс-шараға Румынияның Сыртқы істер министрі Теодор Мелешкану, Парламент депутаттары Палатасы төрағасының орынбасары Флорин Иордаке, Румыния павильонының комиссары Михаил Дору Дедиу және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев қатысты.

Румынияның Сыртқы істер министрі Теодор Мелешкану өз сөзінде «ЭКСПО – 2017» көрмесі адамзат қол жеткізген технологиялық даму деңгейінің көрінісі болып табылатындығын атап өтті.

– «Болашақ энергиясы ЭКСПО – 2017» көрмесі экономикалық ынтымақтастығымыздың жаңа деңгейге көшуіне серпін беретіндігіне кәміл сенемін. Атап айтқанда экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ, шағын және орта кәсіпорындарды қоса алғанда экономика субъектілерін біріктіру салаларында, – деп атап өтті Теодор Мелешкану.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «ЭКСПО – 2017» көрме тақырыбының және Румынияның аталған көрмеге қатысуының маңыздылығын айтты.

– Румыния көрмеде балама-лы және таза энергия саласындағы прогресстің нышаны болып табылатын жарық энергиясы концептін ұсынды. Бүгін тарихы бай және мәдени мұрасы тамаша мемлекетпен танысу мүмкіндігі туындап отыр, – деді министр.

Ұлттық күннің мәдени бағдарламасы жанды дауыс және би қойылымдарын қамтыды. Сондай-ақ, іс-шараға арнайы шақырылған қонақ флейташы, музыкант, суретші, ақын, сондай-ақ, Франция, Бельгия, Люксембург серісі атағының иегері Георге Замфир өз орындауымен көрермендерді қуантты. Әлем сахнасында 50 жыл аралығында өнер көрсетіп келе жатқан ең танымал пан-флейтист көрермендерге ұмытылмас әсер сыйлады. «ЭКСПО – 2017» көрмесінің қонақтары «The Lonely Shepherd» (Жалғыз бақташы) туындысын орындаушы Георге Замфирді сахнадан құрметпен шығарып салды.

Осы ретте Парагвай Республикасы әлемдегі табиғи энергия өндіруші елдердің бірі екенін айта кеткен жөн. Елдегі 99,6 пайыз электр энергиясы Итаипу, Якирета және Акарай гидроэлектростансысы арқылы алынады. Бұл туралы Парагвай Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Оскар Кабельо Ұлттық күнді тойлау барысында айтты. Өз кезегінде ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары Әбілқайыр Ысқақов бұл елдің қалпына келетін энергияның әлем бойынша динамикалық нарығымен ерекшеленетінін ескере келе, Қазақстанның Латын Америка елдерінің «ЭКСПО – 2017» көрмесіне қатысқанына ықылас білдіретінін жеткізді. Парагвай елінің экономикасы соңғы он жылда көршілес елдермен салыстырғанда орташа есеппен 5 пайызға өскен. Парагвай аграрлық ел болып саналады. Негізінен мал шаруашылығы дамыған. Бұл ел экспортының үлкен бөлігін қамтамасыз етеді.

Айта кетерлігі, «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ қазіргі уақытта көрме демеушілері мен әріптестері болып табылатын қазақстандық және халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнатуда. Бұл қадам көрменің алдағы уақыттағы жоспарларын жүйелі атқаруға ықпал етпек.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 88 (18364)
Сейсенбі, 8 тамыз, 2017 жыл.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

КЕПТЕЛІС БОЛМАЙДЫ

Алматы – Бішкек күре жолының бойында орналасқан «Алтын Орда» базары маңындағы көлік кептелісінің қалалықтарды да, далалықтарды да әбден мезі қылғаны белгілі. Жұртшылық діттеген жеріне межелеген мерзімде жете алмай, алтын уақытын көлік тығынында өткізуге мәжбүр. Сонымен қатар, халықаралық көлік дәлізі болғандықтан бұл кептелістің барыс-келіске, алыс-беріске де зиянын тигізіп жатқаны рас. Осы түйткілдің түйінінің ендігі жерде біржолата тарқайтынын естіп қуандық.

Жетісу
Болат МӘЖИТ

Облыс әкімінің Алматы қаласындағы өкілдігінде дәл осы мәселе бойынша өткен баспасөз жиынында облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов және осы салаға жауапты бірнеше маман алдағы уақытта басталатын жол құрылысының жобасын таныстырды.

– Былтыр қараша айында облыс әкімі Амандық Баталов игілікті бастама көтерген болатын. Аталған мәселе Үкіметте қаралып, қолдау тапты. Содан кейін тиісті орындарға осы аумақтағы жолдарды кеңейту үшін атқарылатын жұмыстардың жобасын әзірлеу тапсырылған еді. Қазіргі таңда жобалық-сметалық жұмыстар толық аяқталып, сараптамалық комиссияға өтті, – деген облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов атқарылар жұмыстың жауапкершілігі зор екендігін айтып өтті. *– Тамыз айының соңына дейін нақты шешім қабылданады. Нәтижесінде мердігер компаниялар арасында байқау өткізіліп, бұл жұмыстарды қай ұжымның қолға алатыны белгілі болады. Жобаның жалпы сомасы 10-12 миллиард теңгені құрайды. Соның 800 миллионы биылғы дайындық жұмыстарына бөлініп отыр. Бұйыртса, таяу уақыттарда жол жасау жұмыстарына кірісетін боламыз.*

Бұдан кейін сөз алған «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Нұрхат Ақылтаев болашақ жол құрылысының қандай болатынын журналистерге кеңінен жеткізді. Оның айтуынша, қаладан шығып «Апорт» сауда орталығына жеткенше күре жол 8 жолақты қамтиды екен. Яғни, бір бағыттағы жолға 4 жолақ түседі. Екінші бағыттың да көлемі тура осындай. Мұндай жолдарда транзиттік автокөліктер де, жергілікті көліктер де еш кедергісіз жүретін болады деп жоспарланып отыр. Ал, «Апорттан» бастап «Алтын Орда» базары аяқталғанша көліктер 10 жолақты жолға түседі.

Сонымен қатар, «Асыл арман» тұрғын үй кешенінің тұрғындарына қалаға қарай бірден бұрылатын жол жасау да қарастырылыпты. Ал, Райымбек ауылы аумағынан жерасты жолы түседі деп жоспарлануда. Іргелі және Абай елді мекендеріне де айналма жолдар салынады. Түйіндеп айтқанда, бұл жоба осы маңдағы көлік кептелісінің мәселесін түбегейлі шешеді.

Жолдарды кеңейту жұмыстары жоспар бойынша 2019 жылы толық аяқталады деп күтілуде. Ендеше, жаңа жолмен жүретін кезең де алыс емес.

Алматы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Әр әріптің артында ҰЛТ ТАҒДЫРЫ ТҰР

Төл дыбысынан әріп саны асып түсетін әліпби тілге қауіп төндіреді. Осы уақытқа дейін қолданылып отырған қырық екі таңбаның тең жарымы қазақ тіліне қажетсіз. Басы артық әріптер дыбыстарға нұқсан келтіріп, тілді ұлттық құнарынан айырады. Өкініштісі, кирилл әріптері қазақтың шұрайлы тілін жетпіс жеті жыл бойы шұбарлап келеді. Сондықтан, латын әліпбиіне көшу – кезек күттірмейтін міндет. Латын қарпі қазақ тілін оқытуды жеңілдетеді әрі түркілік бірегейлікті нығайтады.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Жетісу
Қуаныш ТҮНҒАТАР

Тіл сарайындағы «Латын әліпбиіне көшу: дайындық барысы» атты жиында филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ерден Қажыбек осындай ой өрбітті. Оның айтуынша, ең үлкен қасірет – ауылда өскен қазақтың қара баласы ана тілінде акцентпен сөйлей бастауы. Мұндай қауіптің бетін латын қарпіне тез арада көшкенде ғана қайтарамыз. Қазіргі таңда қырық екі әріпті кирилл әрпінің кесірінен қазақ тілінде бірізділік жойыла бастады. Әр ғалым, әр газет, әр адам өз бетінше грамматикалық, орфографиялық ереже қалыптастырып алды. Профессор бұл арада бір сөзді бірнеше нұсқада таңбалайтын республикалық басылымдарды, түрліше жазу ережесін ұсынған орфографиялық сөздіктерді меңзеді.

– Бүгінде латын жазуына көшудің бірнеше себептері бар. Біздің елімізде нақты міндеттер айқындалып қойды. Атап айтқанда, латын графикасына көшудің түпкі мақсаты – ұлттық әрі түркілік бірегейлікті қалыптастыру, қазақ тілін әлемдік ақпарат кеңістігіне енгізу әрі мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту. Аталған айқын мақсаттарды ақпарат құралдары арқылы түсіндіру керек, – деді Ерден Қажыбек өз баяндамасында. Ғалым өз ойын осыған дейін үш мәрте әліпби ауыстырған қазақ халқының бүгінгі рухани бейнесімен сабақтастырды. Қазақ тілінің көш басында тұрған Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иасауи еңбектерін атап, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуда латын графикасының маңызы ерекше екендігін жеткізді.

Түркі халықтарының латын графикасына көшуін кезінде коммунизмнің көшбасшысы Владимир Ленин қызу қолдап: «Шығыстағы ұлы төңкеріс», – деп атаған көрінеді. Алайда қызыл жендеттер түркілердің латын таңбасына көшуін көп ұзатпай тоқтатып, кеңес билігін бірегейлендіру мақсатында іріліұсақты ұлттардың жазуын кириллицаға ауыстырып жібереді. Саяси шешімнің салдарынан қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған үндестік қағидасы да, төл дыбыстарды таңбалаған латын қаріптері де ескерусіз қалады. Нәтижесінде, қалай таңбаланса, солай сөйлейтін, сырттан енген сөздерді ұлттық фонемаға бейімдемей, еш өзгеріссіз жазатын жаңа емле қалыптасты. Семинар-кеңесте бас қосқан ғалымдардың пікірінше, латын қарпін қолданғанда осындай олқылықтар болмайды. Қазақ тілі славян дыбыстарынан арылады.

Бұл тақырыпты А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Әлімхан Жүнісбек кеңірек түсіндіріп берді. «Қазіргі әліпбиімізді қазақ әліпбиі деп атаудың еш реті жоқ. Өйткені, ол қазақ-орыс, тіптен, ақиқатын айтсақ, орыс-қазақ әліпбиі десе де болады. Әліпбиіміз бір тілдің емес, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі болып орнығып алды. Бүгінгі қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек болып тұр. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Дыбыс, әліпби және емле-ереже реформасы керек», – дейді ғалым. Қазіргі уақытта А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына латын графикасының 100-ден астам жобасы келіп түскен.

Семинар-кеңесте латын әліпбиіне көшуге қандай кедергілер бары жан-жақты айтылды. Ғылыми және тәжірибелік бағыттар көрсетілді. Сүлеймен Демирель атындағы университет профессоры Құралай Күдеринова әріп ауыстырудағы графикалық және фонологиялық сана туралы баяндама жасады. Ғалымның сөзіне сүйенсек, кирилл әліпбиі қазақ халқын орыс тілінде акцентсіз сөйлеуге үйретті. «Біз бұл әліпби арқылы орыстың ойлау жүйесін, орфографиясын айна-қатесіз көшіріп алдық. Орыс тілін қазақ тіліне бейімдеп сөйлейтіндерге жата қап күлетінді шығардық. Ал қазақ тілінің орфоэпиясы бұзылып жатса мән бермейтін болдық», – деген пікірін алға тартқан профессор өз тарапынан ұсынған дыбыстық фонема мен морфемаларды айтып берді. Сондай-ақ, ғалым кейбір тілшілердің латын графикасына көшуді латын тіліне көшу деген жаңсақ мағынада түсініп, қате ақпарат тарататынына қынжылыс білдірді. Өз сөзінде ол қазақ тілінің әрпі ғана латын таңбасына ауысатынын түсіндіріп өтті.

Латын әліпбиіне көшуде қордаланған ғылыми мәселелерден бөлек, саяси және рухани тұрғыда да түсіндіруді қажет ететін сауалдар жеткілікті. Семинарға келген саясаттанушы Дос Көшім латын әліпбиіне көшуді отарсыздандырудың басты белгісі деп атады. Дос Көшім ғасырлар бойы бодандықта өмір сүрген халықты Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан отарсыздандыру саясаты жүргізілетінін айтып өтіп, алайда мұндай бағытта біздің елде бірдебір әрекет белгісі байқалмағанын алға тартты. Бір сөзбен түйіндегенде, латын қарпіне көшу ширек ғасыр толған азаттығымызды тағы бір мәрте сезіндіре түспек. Ал саясаттанушы Айдос Сарым әр әріптің артында ұлт тағдыры тұрғанын тілге тиек етті. Латын графикасына көшу Мұхаммед пайғамбарымыздың Мединеден Меккеге көшкеніндей үлкен өзгеріс болғалы тұрғанын айтты. Латын графикасына көшер кезде ғалымдар осындай философиялық ұғымды меңгеруі тиіс. «Әліпби ауыстырған кезде төл дыбысымызды бейнелейтін бір әрпімізді жоғалтып алсақ, басқа ұлтқа айналып шыға келетінімізді ұмытпайық. Мұндай реформа кезінде пікірталас қызу болуы керек еді. Әрбір ұлт перзенті өзін тіл жанашыры ретінде сезінгенде ғана пікірталас туады және келісіммен жетілген әліпбиді қабылдаймыз», – деді Айдос Сарым.

Филология ғылымдарының докторы Ғарифолла Әнес әліпби реформасы арқылы мемлекеттік тіліміздің аясын кеңейтуге болатынын, әсіресе, орыс тілді қазақтардың қолдау танытуы өте-мөте қажет екенін тарқатып берді. Ғылым докторының айтуынша, латын қарпіне көшу экономикалық реформалар секілді өте қысқа мерзімде жүзеге асуы керек. Сондай-ақ, мемлекеттік тіл мұнда жеке-дара қазақ тілі мәселесі ретінде түсіндірілмей, жалпыұлттық сипатта қорғалғаны абзал.

Семинардың ерекшелігі сол, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ақпарат жетекшілері, басқарма басшылары мен түрлі саладағы мамандар жаңа әліпбидің жобаларын бірлесе талқылады. Айта кетейік, семинарда пікір білдірген ғалымдар – ҚР Президенті жанындағы Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру жұмыс тобының мүшелері. Басқосу көшпелі отырыс форматында әр өңірлерде өтеді. Латын әліпбиіне көшу үлкен жауапкершілікті сезіндіреді. Осындай жауапкершілікті абыроймен ақтау бүгінгі буынның еншісіне тиіпті. Ғылым бар жерде сараптама, талдау, салыстыру бар. Семинар соңында жиынды жүргізген облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар қорытынды сөз сөйлеп, көпшілікті әліпби реформасына біркісідей атсалысуға шақырды.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

6 тамыз күні Астана уақыты бойынша сағат 20.21-де есепке алу жүйесі ЭКСПО – 2017 көрмесінің екі миллионыншы келушісін тіркеді. Ол 34 жастағы оралдық кәсіпкер Ғайса Жұмалиев. Лондон бизнес мектебі түлегінің бизнес саласында еңбек етіп жүргеніне биыл бес жылдың жүзі болыпты. Ол «ЭКСПО – 2017» көрмесі аясында өтіп жатқан Батыс Қазақстан облысының мәдениет күндеріне орай жерлестерін қолдауға келген екен.

ЕКІ МИЛЛИОНЫНШЫ қонақ тіркелді



Жетісу
Қажет АНДАС

– Еліміздің осындай жоғары деңгейдегі көрмені өткізіп жатқаны мені қуантады. Бірнеше жыл шетелде тұрдым, екі жыл оқыдым, төрт жыл жұмыс істедім. Ең бастысы, біз көрме арқылы көпке танылдық. Қазіргі уақытта, көріп тұрғанымыздай, көптеген турист бізде қонақта және бүкіл әлем елімізді жақсы қырынан көруге мүмкіндік алды. «ЭКСПО – 2017» көрмесі менің туған жеріме деген мақтаныш сезімін оятты, – дейді ол.

Сонымен қатар, «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов көрме келушісін құттықтап, оған естелік сыйлық тарту етті. Ұлттық компания басшысы өз сөзінде атап өткендей, жоспардағы меже уақытынан бір ай бұрын орындалды.

– Көрме Елбасының саликалы саясатынан туындаған үлкен жоба. «ЭКСПО – 2017» көрмесінің әрбір қатысушысы өз елінің тек жақсы қырын көрсетуге тырысады. Біз көрменің аяқталуына 30 күн қалғанда жоспарлы көрсеткіш – екі миллион келушіге қол жеткіздік. «ЭКСПО – 2017» көрмесінің халықаралық павильондары мен нысандарына келуші санына тоқталатын болсақ, олардың көрсеткіші 15 млн.-нан асып кетті, – деп атап өтті Ахметжан Есімов.

Сондай-ақ, Ұлттық компания басшысы «ЭКСПО – 2017» көрмесінің арқасында, Астанамыздың экономикалық жағдайының жақсара түскенін, сонымен қатар, Астанада тұрғын үйді жалға беру 33%-ға, қонақүйлердің сұранысы 28%-дан 60%-ға дейін өскенін жеткізді. Туризм саласында да өрлеу бар. Айталық, көрме барысында туроператорларға жүгіну 78%-ға дейін жеткен. Күн сайын Астанаға тікұшақпен ұшатын адамдар саны 7 мың, 16 мың адам теміржолмен келеді. Астанадағы тауар айналымы 20%-ға өссе, ал қызмет көрсету саласына сұраныс 2,5%-ға дейін көтеріліпті.

Айта кетейік, 11 шілде күні Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО – 2017» көрмесі миллионыншы келушіні қарсы алған болатын. Бұл қуанышқа Астана қаласының 27 жастағы тұрғыны ие болған еді.

ЕГІНЖАЙ



ҚАРБЫЗ ЕГЕТІН ҚОЖАЛЫҚ

Қаратал ауданына қарасты Бастөбе ауылдық округі аумағында орналасқан «Нам» шаруа қожалығы қарбыз егеді. Аталмыш шаруашылықтың іргетасы 2010 жылы қаланып, содан бері ауылшаруашылық өнімдерін өсірумен айналысуда. Соның ішінде басты бағыт – көкөніс өсірумен айналысу. Ол үшін арнайы жылыжай салып, қарбыздан бөлек қызанақ пен қияр да өсіріпті.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Ал ала жолақты тәтті дақылдың жөні бөлек. Былтыр 7 гектарға тұқым сеуіп, гектарына 440 центнер өнім жинады. Сөйтіп, жоспарда белгіленген гектарына 405 центнерлік межелі өнім көрсеткіші артығымен орындалды. Шаруа қожалығы басшысы Лаврентий Нам биыл да егіннің шығымы айтарлықтай екенін, түсімнің өткен жылдағыдан артық болмаса, кем болмайтынын тілге тиек етті. Егінге ауа райының қолайлылығы да өз септігін тигізуде. Себебі, аталған өнім түрі көбінесе ыстықты қалайтындықтан, биыл өнім де ерте піскен.

Қазірде аумағы атшаптырым атызда жиын-терін науқаны қызу жүруде. Шаруашылық техникалық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Түрлі науқандық кездегі қосымша жұмысшыларды айтпағанда, тұрақты бес адамды жұмыспен қамтып отырған ұжымның еңбеккерлеріне төлейтін еңбекақысы да көңілге қонымды. Мұндағы орташа айлық 60 мың теңгені құрап отыр.

Ел аузында «Үштөбенің қарбызы» деген атау қалғаны да рас. Аймақтық брендке айналғандай. Сондықтан ба, тәтті өнімге сұраныс та көп. Аудан, облыс, республика көлемінен тыс, көрші Ресей мемлекетінен де тапсырыс көптеп түскен. Егінжайдан жүк көлігіне тола шыққан қарбыздар теміржол бойында арнайы қойылған вагондарға тиеліп, түстіктегі көрші елдерге тасымалдануда.

Іссапар барысында жолсерік болып, аймақтың ауылшаруашылығы саласында атқарып жатқан қызметі жайында мол мағлұмат берген аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Ғалым Увалиевтің айтуынша, «Нам» шаруа қожалығы жерді тиімді пайдалану жағынан көпке үлгі. Олай дейтініміз, қазірде өз қарамағындағы суармалы 19 гектар жерді толығымен игеріп отыр.

Қаратал ауданында биылдың алты айында ауылшаруашылығы бойынша өндірілген өнім көрсеткіші 3484 млн. теңгеден астам соманы құрап, 21547 гектар егістік көлемі толығымен игерілген. Оның ішінде бақша дақылдары 505 гектар аумаққа себілген.

Қаратал ауданы.

БҮТІНГІ НӨМІРДЕ:

ТІЛШІЛЕР ӘСКЕРИ өмірмен таныстық 2-бет

БҮГІНГІ БАҒАЛАУ 3-бет

Жұрт Отан

«Нұр Отан» партиясы Қапшағай қалалық филиалы жанынан құрылған ақпараттық топ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіру бойынша «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС ұжымымен кездесу өткізді.

ДӘРІГЕРДІ халық таңдайды

Жиынға Қапшағай қалалық аурухана басшысының орынбасары Қайрат Иманғалиев, «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС директоры, қалалық мәслихат депутаты Александр Ефименко, қалалық «Нұрлы Өлке» газетінің тілшісі Айжарық Көптілеуов және тұрғындар мен зауыт қызметкерлері қатысты.

– Медициналық сақтандыру жүйесі дәрігерлерді таңдау мүмкіндігін кеңейтеді. Науқастар әр сала маманына өз қалауынша жүгіне алады. Қор жұмысы емханаларға адам санына қарай, аурухаларға көрсетілген нақты көмекке қатысты қаржыландыру жасайды. Әрбір ем алушы кез келген ұнаған медициналық орталықтан көмек ала алады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу алдында Денсаулық сақтау министрлігі жекеменшік емханалар тарапынан түсініспеушіліктерге тап болды. Алайда жаңа жүйе аясында қызмет көрсететін медициналық орталықтардың саны үлғаяды, – деді Қапшағай қалалық аурухана басшысының орынбасары Қайрат Иманғалиев.

Өз кезегінде «Кнауф Гипс Қапшағай» ЖШС директоры Александр Ефименко: «Сіздер уақытылы маман көмегіне жүгінесіздер. Медициналық көмекке алдын алу, диагностикалау, ауруын емдеу мәселелері де кіреді. Министрлікте бекітілген арнайы тізім бойынша тегін дәрілерді пайдалануға мүмкіндік мол», – деп әрбір жұмысшы медициналық сақтандыру жүйесі аясында бірқатар құқықтарға да ие болатынын түсіндірді. Кездесу барысында зауыт жұмысшыларының қойған барлық сұрақтары жан-жақты талқыланып, жауаптар толыққанды берілді.

Бағдагүл АХМЕТЖАНОВА,
«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының баспасөз хатшысы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 89 (18365)
Бейсенбі, 10 тамыз, 2017 жыл.

АЛТЫН ОРАҚ

ШАРУАСЫ МЫҒЫМ шаруашылық



Аптапта алтын дән сапырған күреңбелдіктердің биыл да ырысы мол. Жаз ыстық болғасын ба, егіннің пісуі ерте, түсімі мол, құнарлық деңгейі де жоғары. Бұл туралы Кербұлақ ауданына қарасты Қызылжар ауылында орын тепкен «Асанұлы Б» шаруа қожалығының жетекшісі Бауыржан Асанұлы айтып берді.

Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

Аталған шаруа қожалығы 2007 жылы ірге тасын қалаған. Шаруашылық бүгінде шамамен мың гектар жердің егінін орады. Егіс алқабының жартысынан көбі күздік бидайдың еншісінде. Шаруашылық жетекшісінің айтуынша, соңғы апталардағы ыстықтың ықпалы тәуір болыпты. Нәтижесінде, бидай күткен уақытынан бұрын піскен. Сондықтан биыл орақ науқаны шілде айының ортасында-ақ басталып кеткен.

– Биыл гектарына 20-25 центнер өнім алуды жоспарлағанбыз. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен әлдеқайда жоғары. «Богарный – 56» және «Одесский» тұқымдарын пайдаланамыз. Нәтижесі жаман емес, – дейді қожалық басшысы Бауыржан Асанұлы.

Осы орайда, ұжым жетекшісі өңірде тұқым шаруашылығын дамытудың бүгінгі күн тәртібіне қойылуы тиіс өзекті мәселе екенін, аты әйгілі отандық сала ғалымдары бола тұрса да олардың білім-білігі, қарым-қабілеті шаруа игілігіне толық бағытталмай келе жатқанын айтады. Сонымен қатар, жиналған астықтың ендігі құйылар қамбасының белгісіздігі, яғни, өткізу мәселесінің қиындығы да қазірге шешімін таппаған.

Бұл ретте аудандық ауылшаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жалғас Катжанов осы мәселе сала басшыларының назарында екенін айта келіп, науқанға орай аймақ көрсеткішін де тілге тиек етті.

Ауданда биыл 85 мың гектарға жуық аумаққа дәнді дақыл себіліп, бүгінде оның 25 мың гектары орылып бітken. Астық ору науқанына 247 комбайн, 188 жүк көлігі және басқа да қосымша техникалар жұмылдырылуда. Бұдан бөлек, мыңнан аса трактордың көмегімен 100 мың тонна шөп дайындалған.

Соның ішінде «Асанұлы Б» шаруа қожалығының атқарған қызметі еселі. Ұжымда қазір 12 адам табан аудармай тер төгуде. Біз барғанда комбайншы Ғалымжан Тоқсабаев серіктестері Қайрат Қожахметов және Дәуітбай Қашағановпен бірге күннің ыстығына қарамастан орылған астықты жүк көлігіне құйып жатты. Олардың өз жұмысына шеберлігі мен еңбеккерлігіне қарап «Еңбегі қаттының татқаны тәтті» екенін бағамдайсыз.

Еңбек демекші, өз кезегінде Бауыржан Асанұлы жақсы өнім алудың оңай шаруа емес екенін жеткізді. Әрі өз тәжірибесін де ортаға сала отыруды ұмытпады.

– Мен мемлекеттік бағдарламаның мүмкіндігін пайдаланамын. Қазір «КазАгроҚаржы» АҚ арқасында жаңа техникаларға қол жеткіздім. Келешекте жер көлемін ұлғайту да ойда бар, – дейді шаруашылық жетекшісі.

Ұжым егіннен бөлек қосалқы мал шаруашылығымен де айналысады. Қазір қожалықта бір отар қой, бір үйір жылқы, 100-ден аса ірі қара бар. Сол себепті жұмысшылар жұмыссыз қалмайды. Жазда егін басында, қыста фермада еңбек етеді.

Кербұлақ ауданы.



Суретте: шаруа қожалығының жетекшісі Бауыржан Асанұлы мен аудандық ауылшаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жалғас Катжанов.

Суреттерді түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖЕР СІЛКІНІСІ БОЛДЫ

2017 жылдың 9 тамызы күні Астана уақыты бойынша 5 сағат 28 минутта Алматы қаласының сейсмоорталығымен ҚХР аумағында, Алматы қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 485 шақырым жерде жер сілкінісі болғаны тіркелді.

Сезілгендігі туралы мәлімет (MSK-64 шкаласы бойынша): Алматы қаласы – 4 балл, Алматы облысы (Панфилов ауданы, Талдықорған қаласы, Үшарал қаласы, Үйғыр ауданы – 4 балл).

Ғимараттың қирауы және адамдардың қаза болғаны туралы ақпарат тіркелген жоқ.

Алматы облысы ТЖД мемлекеттік тіл және ақпарат тобы.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

МҰҒАЛІМ – мектептің жүрегі

Жас ұрпақтың тағдыры – ұстаз қолында. Елбасы Н. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да, ұстазға жүктелетін міндет ауыр», – деген болатын.

Ендеше, қазіргі таңдағы мұғалімнің білігі мен білімі өте жоғары дәрежеде болуы аса маңызды. Ал оқушылар заманға лайық білім алуы тиіс. Осыған орай білім стандартына көптеген өзгеріс еніп, қайта жасалынып, жаппай ақпараттандыру, инновациялық технологияларды енгізу, оқу мазмұнын терең байыту, әлемдік деңгейдегі білім кеңістігіне ену мақсатында көптеген игі жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл ретте мұғалімнің ең басты мақсаты – алдындағы шәкірттеріне таза білімнің өзін ғана беру емес, сонымен қатар, оны өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету. Оны жас буынның бойына дарытатын тұлға – жаңа технологиямен қаруланған білім мен ғылымдағы соңғы жетістіктерді серік еткен шығармашыл мұғалім болуы тиіс. Ұстаз бұл мақсатқа жаңартылған бағдарламаны терең меңгеріп, өз бетінше ізденіп, күнделікті ақпараттан құлағдар болып, оны да біліммен сабақтастырып, сабағында қолдана алғанда ғана мақсатына жетеді.

Қазіргі оқытудың мақсаты – білім мен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүріп, жұмыс істей алатын, кәсіби біліктілікке, яғни ақпаратты өзі ізденіп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, елінің экономикалық дамуына зор үлес қосатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Ал, баланы жан-жақты дамытатын шығармашыл, талантты, білікті ұстаз. Барлық мұғалім талантты болмаса да өз ісінің шебері болуға міндетті. Шығармашыл, рухани бай педагог өзінің шеберлігін ұтымды пайдалана біледі. Олай болса, ондай мұғалім қай бағытта да табысты болмақ.

Жаңа қоғам педагогы жаңашылдыққа бет бұрумен қатар атабабадан келе жатқан тәрбие үрдісін де ұмыт қалдырмай, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар негізінде тәлім беруі тиіс. Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, «жақсы мұғалім мектепке жан кіргізетінін» де бір сәт ойдан шығармай, ұрпақ тәліміне өлшеусіз үлес қосуымыз қажет.

Сонда ғана ел болашағының тұтқасын ұстайтын білімді, жігерлі, көкірегі ояу, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелей аламыз.

Эльмира КАСЕНОВА,
№ 2 Кеген орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Райымбек ауданы.

Жұрт Отан

БІРЫҢҒАЙ ҚАБЫЛДАУ КҮНІ

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсету мәселесіне баса назар аударуды тапсырған болатын.

Елбасы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында «Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында қоғамдық қабылдау бөлмесінде мүмкіндігі шектеулі жандарды бірыңғай қабылдау күні өтті.

«Нұр Отан» партиясы Текелі қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлнар Ибрайымова, «Текелі қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің сектор меңгерушісі Ақтолқын Ысқақова, «Жас Отан» ЖҚ Текелі қалалық бөлімшесінің басшысы Айдос Жұматаев, «Текелі қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің маманы Жұматай Әділбеков, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, БАҚ өкілдері қатысқан шараның мақсаты – мүгедек жандарға көмек көрсету, олардың қоғамға қиындықсыз икемделуі үшін қолайлы жағдайлар туғызу. Қабылдауға келген 6 адамның қаладағы мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту, тегін медициналық көмек көрсету, жолаушылар тасымалын ұйымдастыру сынды мәселелері жайында қойған сауалдарына Гүлнар Қалтайқызы заң аясында жауап берді.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Текелі қаласы.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ серіктестікті қалайды

Доминикан Республикасының Ұлттық күніне арналған пресс-конференция барысында сол елдің Үндістандағы Елшісі Ханс Данинберг Қазақстанның Кариб теңізі мен Латын Америка аймағындағы стратегиялық серіктесі болуды жоспарлайтынын және елімізді Орталық Азиядағы стратегиялық серіктес ретінде санайтындығын атап өтті. Бұл қадам Латын Америкасы елдеріне ашылған даңғыл соқпақ. Оның ел экономикасының өркендеуіне ықпалы да аз болмайды.

Жетісу
Қажет АНДАС

EXPO 2017 · Future Energy · Astana Kazakhstan

Жыл сайын Доминикан еліне саяхаттайтын қазақстандықтар саны артып келеді. Екі ел азаматтарының қолайлығы үшін «Эйр Астана» компаниясымен кедергісіз, тікелей рейспен ұшу туралы шарт жасалған. Ал «ЭКСПО – 2017» көрмесі Қазақстанның Кариб теңізі мен Латын Америка аймағындағы стратегиялық серіктестігін нығайта түсті. Әсіресе, көмірсутек саласындағы Қазақстанның тәжірибесі Доминикан үшін маңызды болатыны анық. Шара аясында Доминикан Республикасының Энергетика және тау-кен өнеркәсібі министрі Антонио Иса Конде Доминикан өңірлеріндегі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мүмкіндігін баяндады.

– Жаңартылатын энергия көздері шалғайдағы өңірлердегі электр желісімен қамтамасыз етілмеген жағдайда теңсіздік мәселелерін шешуге мүмкіндік береді деп санаймыз. Қазіргі кезде шалғай орналасқан өңірлерде микрогидравлика құрылысының стратегиясын әзірлеп жатырмыз. Бұл өз кезегінде электр энергиясы болмаған өңірлердің көптеген тұрғындарының күнделікті өмірін жеңілдетуіне жол ашады. Тұрғындар тұрмыстық техниканы пайдалануға мүмкіндік алады, – деді ол.

Сол орайда, ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Ержан Ашықбаев осындай ауқымды көрмені өткізу халықаралық қауымдастықтың бірлескен жұмысы нәтижесінде жүзеге асып жатқанын атап өтті.

– Доминикан Республикасы Үкіметі басымдылығының бірі болып саналатын баламалы энергетика ресурстарының дамуын ескерсек, жаңартылатын энергия көздері және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы Қазақстан-Доминикан қарым-қатынастарының нығаю әлеуеті зор. Доминикан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрінің Қазақстанға сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосады, – деді ол.

Іс-шараның ресми бөлігінен кейін ауқымды мәдени бағдарлама ұсынылды. Осы күні «National Geographic» «Мегақұрылыс: Астана – болашақтың қаласы» атты деректі фильміне арналған пресс-конференция өтті. Іс-шараға «National Geographic Partners, Europe & Africa» вице-президенті Дебора Армстронг, «Off the Fence» продакшн компаниясының бас директоры Эллен Уиндемут және фильмнің орындаушы продюсері National Geographic Partners, Europe & Africa Иван Бусо қатысты. Фильмде «Хан-шатыр», «Бәйтерек», Халықаралық Әуежай, сондай-ақ жаңа теміржол вокзалы сияқты Астана қаласының ерекше сәулет нысандары көрсетілді. Фильм барысында негізгі назар әлемдегі ең үлкен сфералық ғимарат Астана «ЭКСПО – 2017» көрмесінің архитектуралық символына айналған «Нұр Әлем» павильонына аударылды.

«Мегақұрылыс» бағдарламасының басты топтамалары заманауи сәулет нысандарының құрылысына арналды. Әрбір бағдарлама Дубай қаласындағы Бурдж-Халифа, Куала-Лумпур қаласындағы Петронас, Ла-Манш бұғазы астындағы Еуротуннель сияқты, тағы басқа әлемдік ірі ғимараттардың құрылысына және тарихына шолу жасады. «National Geographic» түсірілім тобын өзінің ерекше құрылыстарымен таңғалдырған жас қала – Астана қаласына ерекше назар аударғаны да аңғарылады. Заманауи стильдегі фольклорлық әуендермен баурап алатын әлемге әйгілі «Di Gasn» израильдік трионың репертуары ұсынылды. Израильдің ұлттық павильоны қонақтарға баламалы энергетика саласындағы технологияларын ұсынып қана қоймай, қызықты шоу-бағдарлама дайындады.



БӘРЕКЕЛДІ!

Сәрсенбінің сәтті күні Теректі ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт есігін айқара ашты. Сап түзеген сарбаздай қазқатар өскен терегі көп ауылдың халқы таңды асыға күтті. Күн арқан бойы көтерілісімен ауылдың орталығында бой көтерген жаңа ғимаратқа қарай ағылды. Қызылды-жасыл жалаушалар тігілген ем алу пунктінің ашылу салтанатына жиылған жұртшылықта есеп жоқ.

Жетісу
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ

Әрине, сағына жеткен қуанышты кім қызықтамасын?! Барлығы да дән риза. Шынайы ықыласын білдіріп, бірбірін құттықтап жатқан ақсақалдар мен апаларды көрдік. Расында да ауылға көрік берген жаңа ғимарат кімді болса да қуанышқа бөлемей қоймайтыны анық. 1210 тұрғыны бар ауылға салынған фельдшерлік-акушерлік пункттің жалпы көлемі 1100 шаршы метрді алып жатыр. Ғимаратқа жергілікті бюджеттен 77,7 миллион теңге жұмсалып, 13,4 миллион теңгеге медициналық құрал-жабдықтар алынған. 2016 жылы басталған құрылыс толықтай аяқталып, жан-жағы абаттандырылып, деніне шипа іздеген адамға толық қызмет көрсете алады. Құрылысты жүргізген – «Асатай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жаңа пункт күніне 30 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Онда жалпы 6 адам жұмыс істейді. Оның ішінде 3 орта буын фельдшер, акушер, медбике және үш техникалық персонал бар. Әр кабинет толықтай жаңа заманауи құралдармен жабдықталған. Ем алушыларға он екі кабинет қызмет көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, тұрғындар денсаулығын нығайтуға, халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруға қызмет көрсететін пункт көптің көңілінен шықты.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанатына аудан әкімі Алмас Әділ, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Амангелді Нұрахметұлы және аудандық мәслихаттың депутаты Шахгусен Гусенов қатысты. Ең бірінші болып сөз алған аудан әкімі ауыл тұрғындарын жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің ашылуымен құттықтады.

– Елбасы халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауында еліміздегі денсаулық сақтау саласына айрықша көңіл бөліп, материалдық базасын нығайтуға бар күш-жігерімізді салуды баса айтқан. Соның жарқын дәлелі – бүгінгі ашылып отырған ФАП, – деп атап өтті. Сондай-ақ, Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадамның» көздеген мәселелерінің бірі Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу екенін де тілге тиек етті.

Расында да, Көксу ауданында денсаулық саласы бойынша көңіл көншітерлік жұмыстар атқарылуда. Соңғы бес жылдың ішінде 3 емдеу мекемесінің жаңа ғимараты бой көтеріп, оның екеуі күрделі жөндеуден өткен. Аудан орталығында салынған аудандық емхана бүгінде халыққа қызмет көрсетуде. Толықтай жаңа жабдықпен жабдықталған орталық аурухана заманның көшімен жылжып, сапалы жұмыс істеп келеді. Кадр мәселесі де дұрыс жолға қойылып, ауылдық жерлерге жас мамандар тартылып отыр.

Аудан әкімінің құттықтау сөзінен кейін ортаға аудандық мәслихат депутаты, ауыл тұрғыны Шахгусен Гусенов, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Амангелді Нұрахметұлы шығып, жүрекжарды тілектерін ақтарды. Мәслихат депутатының осы мәселені көтергеніне талай жыл болыпты. Ауыл тұрғындарының талабын ескерген аудан басшысына алғысын жеткізген Шахгусен Гусенов бүгінгі қуанышты күн барлығымызға ортақ деп сөзін аяқтады.

Бұдан кейін аудан әкімі Алмас Әділ мен ақсақалдар алқасының төрағасы Амангелді Нұрахметұлы салтанатты лентаны қиса, әжелер шашу шашты. Ғимараттың құрылысын жүргізген «Айсат» ЖШС қызметкері Әлімжан Сейітов аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Марат Абдығалымовқа ғимарат кілтін табыс етті. Мұнан кейін салтанатты шараға келген аудан басшылығы мен ауыл тұрғындары жаңа емхананың ішін аралап көріп шықты.

Көксу ауданы.

Жетісу 1918–2017

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

ДАНАЛАР ДАҢҒЫЛЫМЕН ДАМИМЫЗ

Жер-жаһанға тектілігімен танылған, қайсарлығымен аты дүркіреген ерен ел екенімізді ұлт зиялыларының аузынан көп естіп жүрміз. Айдай әлемге ақиқат болған ақпарды ғажайып шығармалардан да жиі оқып, маңғаз жұрттың перзенті екенімізге іштей шүкіршілік айтатын кездеріміз аз емес. Бүгінгі жаһандану дәуірінде даналар даңғылын жалғап, замана талабына сай тұтас ұлт болып рухани жаңғыруға тиістіміз. Бұл жайлы Президентіміз дер шағында тағылымы мол мақала жазды. Содан бері жер-жерде аталмыш мақала қызу талқылауға түсуде. Осыған орай, облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Дөңгелек үстел» өтті.

Жетісу

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Алқалы жиынның шымылдығын облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жаныс Сапарғалиев ашып, жүргізіп отырды. Ол маңызы мол мақала бойынша көптеген игілікті іс-шараның ұйымдастырылып жатқанын тілге тиек етті. Сонымен қатар, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жайлы кеңінен тоқталып, алғашқы сөзді облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әміре Әрінге берді.

– Қазіргі таңда қазақ халқының жаны мен тәні үшін қатты күрес жүруде. Әдебиет пен мәдениет, экономикада қордалы мәселелер жетерлік. Қазір баласы әкесін тыңдамайтын, ата-ана қызына «тек» демейтін заман болды. Бір отбасындағылар бірнеше діни ағымды ұстанатын күнге жеттік... Сол себепті халық қайда барарын білмей «шөре-шөре» күйге түсуде, – деген қаламгер рухани тұрғыдағы көптеген кемшіліктерді тереңнен қазып, күндылықтарымызды құнттамайтындарды сынға алды. Сонымен қатар, тауанды тарихтан сыр шертіп, кешегі күнгі бабалар болмысын, олардың әлемге өркениет таратқан даналығын тағы бір мәрте санада жаңғыртты. – Елбасы бастамасымен Мәңгілік Ел болуға бет бұрумыздың негізгі астары кешегі айбарлы Мәде мен жарты әлемді жаулаған Шыңғыс қағанның ұранымен астасып жатыр. Олар да тұғыры мызғымас мәңгілік империяның салтанат құруын көкседі.

Әміре Әрін тарих ұлттық сананың негізі екенін, шежірені білмей, өткенді танымай болашаққа жарқын қадам жасай алмайтындығымызды тілге тиек етті. Қабырғалы қайраткер әлемге өркениет таратқан, ең алғаш рет алфавит ойлап тапқан және темір соғу мен жабайы жылқыны қолға үйреткен дана ел екендігімізді де ақынға тән асқақ көңілмен жеткізіп, бес басымдыққа ие «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының әр жолын тереңнен тарқатып берді.

Өз кезегінде сөз алған облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалим Саламұлы мақаланың әр тармағы өміріміз үшін өзекті екенін алға тартты. Ол ұлттық, халықтық тұрғыда ой қорыта келе, замана жастарының келбеті мен қоғамның дертін де тақырыпқа арқау етті. Кешегі батыстан тараған дерттің ел іргесіне келгендігін, азғындықтың алуан белгілері етек алып жатқандығын қинала термеледі. Қоғамдық иммунитет қалыптастырмай рухани даңғылда даралана алмайтындығымызды да әңгіме өзегі ете білді.

Журналистика майталмандарының ұтқыр ой, тұшымды пікірлерінен кейін «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы облыстық филиалының жетекшісі Мейраш Шынасилова ниетін жеткізді. Ол көкейіне түйген ойды, күрделі мәселелер мен бүгінгі күннің келеңсіз жайттарын қозғаса, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Қаламқас Исаева атқарылып жатқан игі шараларды баян етті. Аталмыш партияның «Ауылым – алтын тұғырым» атты байқау ұйымдастырып, поэзия, проза, драматургия жанры бойынша үш томдық жинақ шығарылғандығын сүйіншіледі. Сондай-ақ, киелі жерлердің географиясын жасау мәселесін әңгімеге арқау етті.

Жаһандану – ұлттық құндылықтарымыз бен болмысымызды сақтауға күресетін, арман-мұраттарымызды қоғамдық ықпалға сай айқындайтын кезең. Бұл жағынан алғанда, Ұлт Көшбасшысының мақаласын халық болашақты бағдар ете білуге, жазбадағы әр мәселені тереңнен түсініп, соған сай амал етуге күш салып жатқаны айқын. Алқалы жиында айтылған салиқалы пікір, салмақты ойдан түйгеніміз осы. Ұтымды ұсыныс тасталған ауаны кең отырыста, тыңдарман тарапынан да алуан пікірлер айтылды. Бірі жастарды сынға алса, енді бірі Мағжан ақын сенген жаңа буынның жетістігіне тоқталып, ертеңгі елдің болашағы осылардың қолында деген сенімін білдірді. «Дөңгелек үстел» әр адам рухани жаңғыруға өз үлесін қосуы тиіс деген ортақ ойымен қорытындыланды.

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

БІЛІКТІЛІКТЕРІН ШЫҢДАДЫ

Елбасы Н. Назарбаев: «Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады. Ендеше, біз халыққа білім беру және ғылымды дамыту, оларды реформалау ісін қарқынды жолға қоюымыз керек», – деп міндеттеді. Оқу бала өміріндегі аса маңызды іс болып табылады.



Уақыт ғылыми және практикалық педагогикаға жаңа ізденіс, жаңа талап, жаңа технология әкелді. Соған байланысты осы бағытта жүзеге асырылып жатқан игі шаралардың бірі – еліміздің білім сапасын әлемдік деңгейге жеткізетін мұғалімдер қауымын қайта даярлау курстарынан өткізу. Осы орайда «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша І деңгейлі білікті мұғалім Әсия ИСЛАМОВА мұғалімдермен тренерлік жұмыс жүргізді.

Курс оқуына жиырма ұстаз қатысып, жан-жақты білім алды. Онда алғашқы күннен бастап белгілі жоспар бойынша тиімді жүргізілген оқуда түрлі жағдаяттарды шешу, топпен жұмыс істеу, мұғалім мен оқушылар арасындағы белсенді іс-әрекет ұзақ және қысқамерзімді жоспарлар жазу, жеті модуль, диалогты сөйлеу сияқты әртүрлі тақырыптағы бірі-біріне ұқсамайтын жүз сағаттан тұратын оқу курсында түрлі пікірталастар ұйымдастырылды. Нәтижесінде, мектеп әкімшілігімен бірлескен түрде «Сындарлы оқыту үдерісі – оқушы жетістіктерін өрістетудің маңызды факторы» атты онкүндік ашық оқу өткізілді. Оқытудың жаңа технологияларын пайдалану арқылы мұғалімнің біліктілік пен кәсіптік деңгейінің өсуін ынталандыру мақсатында өткізілген бұл оқу іс-әрекеттеріне мектепалды дайындық тобынан бастап қатысушылар өз дәрежесінде сабақтарын өтіп, тәжірибелерін ортаға салды.

Онкүндіктің қорытындысы ретінде мектепалды дайындық топтарымен өткізілген коучингте ата-аналар өз іс-әрекеттерін сурет салу, ойларын бүкпесіз ашық айту арқылы білдіріп, бала тәрбиелеудегі мұғалімдердің зор еңбегін бағалай келіп мектеппен тығыз байланыста болатындықтарын айтты. «Жеткіншек үлкендерден тәрбие алу үшін ғана емес, бізді де тәрбиелеу үшін дүниеге келеді», – деген тоқтамға келді. Жеткіншекті қалай тәрбиелеу қажеттігі турасында мол мағлұмат алып, бала мен ата-ана арасында тәрбиелік үйлесім болған жағдайда ғана өз армандарына жететіндіктеріне көз жеткізді.

Шараны қорытындылаған мектеп директоры Молот Солтанаев: «Балаға тәрбие беру – үлкен ғылым, оған жан-жақты ізденіс арқылы ғана қол жеткізуге болады, – деп түйіндеді сөзін.

Мектебімізде «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы бойынша да курс өткізілді. Оны өз дәрежесінде жүргізген мектеп тренері Әсия Исламоваға қатысушылар атынан зор алғысымызды айтамыз.

Қ. ҮЙСІНТАЕВА,
Елтінді батыр атындағы орта мектептің мұғалімі.
Панфилов ауданы.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Терроризмді дәстүр тыяды

Адамзаттың санасына қорқыныш сезімін ұялатқан дүлей күш – терроризм. Бүгінгі таңда терроризм мен діни экстремизмнің қаупі бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отырғаны баршамызға аян. Күн сайын әлемде орын алып жатқан лаңкестік оқиғаларды естіп-білген сайын жаңағы үрей одан сайын ушыға түсері сөзсіз. Жарылыстар мен атыстардың салдарынан қаншама бейбіт тұрғындар ажал құшып жатыр десеңізші?! Сондықтан да, бұл тажалға тойтарыс беруге бүкіл қоғам болып атсалысу – бүгінгі күннің талабы.

Жетісу

Болат МӘЖИТ

Талғар қаласындағы агробизнес және менеджмент колледжінде өткен жиын дәл осы мәселеге арналды. «Ақпараттық майдан және терроризм: қауіптің алдын алу» атты семинар-кеңеске республикалық ақпараттық топтың сарапшысы, республикалық «Білім» мәдени-танымдық орталығының директоры Руслан Иржанов, психолог-практик, халықаралық сарапшы Лола Шакимова, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жаныс Сапарғалиев, Талғар ауданы әкімінің орынбасары Дәрменияр Қыдырбекұлы, сонымен қатар, Іле, Еңбекшіқазақ және Талғар аудандары әкімдіктерінің бөлім басшылары, ауыл әкімдері, аудандық мәслихат депутаттары, мешіт имамдары мен құқық қорғау органдарының өкілдері қатысты. Жиынға қатысушылар ең алдымен «Білім» мәдени-танымдық орталығының директоры Руслан Иржановтың «Ақпараттық майдан және терроризм: қауіптің алдын алу» атты баяндамасын тыңдады. XXI ғасыр техника мен технология ғасыры екені даусыз. Бүгінде ғаламтордың арқасында бүкіл дүние уысында тұрғандай сезінесің. Үйден аттап шықпастан әлеммен тілдесетін жағдайға жеттік. Дегенмен, осынау адамзат қол жеткізген жетістікті теріс пиғылдылар өз пайдасына шешіп отырғаны жасырын емес.

Терроризмді насихаттайтын түрлі радикалдық діни ұйымдар дәл осы әлеуметтік желі арқылы жастардың санасын улап, рухын жаныштауда. Соның салдарынан олар теріс ағымның жетегінде кетіп жатқаны өкінішті.


– Ақпараттық майдан бұрын да болған, қазір де бар, болашақта да бола береді. Бұл да соғыстың бір түрі. Және де ең қауіптісі. Бір сөзбен айтқанда, мылтықсыз майдан. Олардың мақсаты адамдардың санасын улау арқылы рухына қанжар тығу. Лаңкестер сол жолда еш аянып жатқан жоқ. Ақпараттық технологияларды да мықтап меңгерген. Уағыз айтудың нағыз шеберлеріне айналған. Сондықтан бір сәтке де босаңсуға хақымыз жоқ. Оларға тойтарыс беру үшін үгіт-насихат шараларын мейлінше күшейте түсуіміз қажет, – деді Руслан Иржанов.

Баяндамашының айтуынша бұл жұмыстарды ең алдымен мектеп жасындағы жасөспірімдерден бастау керек. Осындайда: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», – деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің сөзі еске түседі. Әр отбасы тәлімтәрбиені мықтап қолға алуы қажет. Сондай-ақ, мектептегі мұғалімдер де этнопедагогикалық дәрістерді оқушылардың құлағына күн сайын құйып отырғаны абзал.

Келесі кезекте баяндама жасаған психолог-практик, халықаралық сарапшы Лола Шакимова «Террористің психологиясы» тақырыбында ой өрбітті. 2011 жылдан бастап террология деген термин пайда болған. Бұл терроризммен айналысатын арнайы ғылым деген сөз. Соңғы бес жылда елімізде 64 террорист және экстремистік діни ұйым әшкереленіп, 445 адам құрықталыпты. Психологтың айтуынша, осындай қауіпті ұйымдарды басқарғандардың дені-бұрын қылмысты болғандар. Олардың өмірбаяндарын зерттегенде, бала кезден психологиялық соққы алғандар болып шыққан.

Қос маманның әңгімесінен жиналғандар көп жайды көңілге түйді. Семинар-кеңестен ұққанымыз, дәстүр жоқ жерде терроризмнің де күшейетіні анық. Ендеше, ата-баба дәстүрін жас ұрпақтың бойына сіңіруге әр ата-ана атсалысуы қажет. Өйткені, жарқын болашақ – рухы мықты жастардың қолында.

Талғар ауданы.



МАМАН МІНБЕРІ

Баланы ойын өсіреді

Ойын – бала өмірінің нәрі. Ойын арқылы баланың дүниетанымын қалыптастыруға, қиялын шыңдауға, арман-тілегін білуге, зейінін, жадын қалыптастыруға, ойлау қабілетінің дамуына әсер етуге болады.

Сонымен қатар, ойын – оқу саласындағы аса қажетті үрдіс. Оқу іс-әрекетінде тиімді қолданылған ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың аса зор ілтипатпен тыңдап, меңгеруіне жол ашады. Өйткені, ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттыратын басты құрал.

Тәрбиеші ойын элементтерін қолдана отырып балалардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, ойын жағдаяттарын туғыза отырып, түрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, оны түсіндіріп, ойын сюжетін құрастырады. Ересек топтардағы тіл-дамыту, оқу іс-әрекеті дидактикалық балалардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойын балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорын молайтып, сауатты жазуға да баулиды.

Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдық маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын күшейтеді.

Балалар ойындары бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы: ұлттық, желілі-рөлді, дидактикалық, қимылды-қозғалысты, спорттық ойындар сияқты сан алуан түрі бар. Мен өз сабақтарымда, ертеңгіліктерде, мерекелік іс-шараларда ұлттық ойындарды көп қолданамын. Оны балалардың жас ерекшеліктеріне сай өңдеп, жаңартып пайдалануға болады.

Мысалы, тіл дамыту, оқу іс-әрекеті барысында қызықты ойналатын ұлттық ойындар: "Сақина салу", "Қамшы тастау", "Ханталапай", "Орамал тастау", "Шаңырақ". Сонымен қатар, оқу іс-әрекетінде кеңінен қолданатын ойындардың бір түрі – дидактикалық ойындар. Олар: "Дұрыс ата", "Не өзгерді?", "Не жоқ?", "Ғажайып қалта", "Төлдерді ата", "Гүлдене бер, Астана", т.б.

Балалармен бірге қызыға ойналатын ойындардың тағы бір түрі – желілі-рөлді ойындар. Ондағы мақсат – ойын барысында әлем, өзін қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту, әлеуметтік қарым-қатынасты дамыту. Бұл ойындардың ерекшелігі сол – оны балалардың өзі жасайды. Мұндай ойындар қызық әрі қысқа болады.

"Баланы ойын өсіреді" демекші, жеткіншектер үшін ойынның пайдасы зор. Ұстаздар оны сабағында ұтымды пайдалана білсе, балаға берер әсері де мол болмақ.

Меруерт МАЛҒАЖДАР,
«Айбөбек» балабақшасының тәрбиешісі.
Талдықорған қаласы.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Біз Швейцарияны қаржының қоймасына теңеуге әдеттенгенбіз. Алайда Еуропада бұл елдің тұрақтылық пен сенімділік нышаны – швейцар банктерінен бөлек, жаңғыртылатын энергия өндірісіндегі технологиялары да кеңінен танымал.

Күн көзімен ұшатын ұшақ

Жетісу

Қажет АНДАС

Швейцарияда энергия өндірісі бойынша алғашқы компаниялар осыдан 20 жыл бұрын пайда бола бастады. Содан бері елде бұл бағыт қарқынды дамып, экологиялық таза энергия ресурстарының дамуы мемлекеттік деңгейде қолдау тауып отыр. Бүгінде экологиялық таза технологиялардың дамуы ЖІӨ-нің 3,5 пайызын құраған. 2050 жылға қарай Швейцарияның энергетикалық саласы көміртекті қолдануды азайтуға, ал атомдық электр стансыларынан мүлдем бас тартуға ниетті. Әлбетте, таңдау күн, жел және су энергиясына түсіп отыр.

Швейцарлық новаторлардың бірегей жобасы күн панельдерінен қуат алатын «Solar Stratos» ұшағы. Инновациялық жоба «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесінің Швейцария Ұлттық павильонындағы Монте Роса секциясында көрсетілді. «Solar Stratos» ұшағының ұзындығы 8,5 метр, қанаттарының өрісі – 24,8 метр. Сонымен бірге, ұшақтың салмағы небәрі 350 кг. 22 шаршы метрді құрайтын ұшақ қанаттарының ауданы күн батареяларымен төселген.

«Solar Stratos» ұшағы аналогы жоқ экологиялық жоба. Оның мақсаты – стратосфераға тарихтағы алғашқы «күн сәулесі» арқылы ұшуды жүзеге асыру. Айта кетерлік жайт, ұшақ жасау жобасына Швейцарияның өнеркәсіптік ірі концерндерінен бөлек, стартап-кәсіпорындар тобы, сондай-ақ, материал шығару, энергетика және машина жасау салаларында жұмыс істейтін шағын және орта бизнес компаниялары да атсалысқан.

Ғаламат жобаға әртүрлі елдің компаниялары тартылған. Соның ішінде Ресей ғалымдары ұшу кемесінің ұшқыштарына арнап заманауи жеңіл скафандр жасап шығарған. Костюмді жобалаумен кезінде Юрий Гагарин және Алексей Леоновтың скафандрларын жобалаған компания айналысуда.

Танымал швейцарлық саяхатшы, сынаушы-ұшқыш және «Solar Stratos» жобасының жетекшісі Рафаэль Домжан командаға қатаң талап қойып келеді. Ол 2018 жылдың соңына қарай стратосфералық мәңгі суықтың биігіне (теңіз деңгейінен 25 мың метр биіктік) жетуді көздеп отыр. Бұл адамзат тарихындағы алғаш рет күн батареяларымен жұмыс істейтін ұшақтың осынау биіктікке ұшуы болып саналмақ. Бірақ бұл жобаның басты – мақсаты таптаурындарды бұзып, жаңа мүмкіндіктерге, жер бетінде адам өмірінің сапасын жақсартудың экологиялық шешімдеріне қол жеткізу.

Рафаэль Домжан Астанаға келіп, «ЭКСПО – 2017» көрмесіндегі павильондарды аралап шықты. Осыған орай Швейцария павильонында ұшқыш болуды армандап жүргендер арасында байқау жарияланып, оның жеңімпаздары анықталды. Бес жеңімпаз әйгілі ұшқыштың қолынан сыйлық алды.

«Solar Stratos» жобасының жетістігі бүкіл адамзаттың жемісі. Бұл таза технологияларды дұрыс және тиімді қолданудың мысалы. Жоба бастамашылары экологиялық таза технологиялардың жарқын болашақтың нышаны екендігін дәлелдеуге ниетті. Біз де тек сол технологияларды қолдануды үйренуіміз керек.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Өзекті мәселелер қаралды

Облыс орталығындағы Тіл сарайында Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, алқалы жиында төрт мәселе қаралды. Атап айтқанда, облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Алматы облысының 2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №11-54 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімінің жобасы жария талқыланса, екінші болып ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында атқарып отырған жұмысы тыңдалды. Үшінші мәселе ретінде Қоғамдық кеңес мүшелері облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішевтің ауылшаруашылық кооперативтерін құру және оларға мемлекеттік қаржылай көмек көрсету туралы есебін тыңдаса, төртінші болып жария талқылануы тиіс облыстық мәслихаттың 2 шешімінің және облыс әкімдігінің 4 қаулысының жобасы кейінге қалдырылды.

Жетісу

Мәди АЛЖАНБАЙ

Алғашқы болып мінберге шақырылған облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Рауан Дауталинов облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Алматы облысының 2017-2019 жылдарға арналған бюджеті туралы» №11-54 шешіміне өзгерістер енгізу жайын түсіндіріп өтті. Жауапты маманға арналған сұрақтар өзектілігімен ерекшеленді. Басқарма басшысының орынбасарына қойылған сұрақтардың қатарында Қаратал өзенінің жаңа арнаға ауысуы салдарынан Қаңбақты ауылдық округіне қарасты шабындықтар мен мал өрісі су астында қалып, шаруа қожалықтары шөпті 200 шақырым жерден тасымалдауға мәжбүр болғандығы айтылды. Осыған орай өзен суы тартылған қазіргідей тұста Қараталды бұрынғы арнасына түсірудің тиімді болатынын ұсынған Қоғамдық кеңес мүшесі Әміре ӘРІН аталған мәселеге қаржы қарастыру керектігін алға тартты. Одан бөлек Қоғамдық кеңес мүшесі Роза Ақжаркенова мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін әлеуметтік көмектерді нақтыласа, облыстық ата-аналар комитетінің төрағасы, Қоғамдық кеңес мүшесі Дания Қырықбаева білім беру саласында жұмыс істеп жатқан үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік тапсырыстар беру керектігін алға тартты. Осындай өзекті мәселелерге қажетті қаржыны қарастыру үшін айтылған тілектер мен ұсыныстар назарға алынды. Айтылған талап-тілектер мен қойылған сұрақтар арқылы талқыланған бірінші мәселені Қоғамдық кеңес мүшелері қолдап, өзгерістер енгізуге келісті.

Екінші мәселеге орай ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Данияр Сабирбаев баяндама жасап, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Қоғамның жегі құртындай болған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін тәрбиені отбасынан, мектептен бастау керектігін айтқан баяндамашының сөзін Қоғамдық кеңес мүшелері қолдап, айтылған ұсыныстар назарға алынды.

Одан кейін мінберге көтерілген облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай Бекішев ауылшаруашылық кооперативтерін құру және оларға мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету мақсатында облыс көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Көтерілген мәселеге орай Қоғамдық кеңес мүшесі, «АгроОдақ» республикалық ауылшаруашылық кооперативтері қауымдастығының» президенті Алик Сағындықов қосымша баяндама жасап, мәселенің мәнін аша түсті. Оның айтуынша, ауқымды шаруашылықтар мен қожалықтардан гөрі ұсақ шаруашылықтарды біріктіру тиімді болмақ. Осыған орай облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының есебіне орай қабылданар қарарға ұсыныстар тыңдалды. Басқарма басшысы келтірген деректерді аудандардағы қоғамдық кеңес мүшелері саралап, өз ойларын ашық айтты. Атап айтқанда, ұсақ шаруашылықтарды өзара бірлестірудің тиімділігін аймақтағы жұртшылық әлі де толық білмейді. Соған орай түсіндіру, насихаттау жұмыстарының әлі де кемшін соғып жатқанын айтқан Жамбыл, Қарасай, Ақсу, Сарқан, Алакөл, Іле аудандарындағы қоғамдық кеңес мүшелері ұсақ шаруа қожалықтарының бірігуі істі алға жылжытып, табысты арттыратынын ескерткен.

Жиынды облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Әлихан Тойбаев қорытындылады.

Тәуелсіздік – біздің маңдайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№92 (18368)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Сенбі, 19 тамыз, 2017 жыл.

Құрметті Алматы облысының тұрғындары мен қонақтары!



2017 жылғы 27 тамызда сағат 10.00-де Жамбыл ауданындағы «Көкбастау» ипподромында Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне және «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне орай және Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының міндеттерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогы үшін ұлттық ат спорты түрлерінен республикалық жарыс өтеді.

Келіңіздер, көріңіздер!

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

ҚОНЫСТОЙ



Сүретті түсірген Аслан ҚАЙКЕЕВ.

ҚУАНЫШ ЕСЕЛЕНЕ ТҮСТІ

Талдықорғандықтар тағы да қоныстойын тойлап жатыр. Бұл ретте «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшылары есебінен бой көтерген 1 және 2 бөлмелі 168 пәтер иесіне табысталды. «Арлан жоба» ЖШС-ның жобасы бойынша «Жетісужилсоцтрой» ЖШС-нің құрыш қолды құрылысшылары тұрғызған 5, 6, 7 қабатты үш үйдің құрылысы 2014 жылы басталған болатын. Жалпы алаңы 11 мың шаршы метрге жуықтайтын үйлерді тұрғызуға 1 млрд. теңгеге жуық қаржы жұмсалған. Құрылыс жұмысы басталғаннан аяқталғанша «Krav Инженеринг» ЖШС техникалық қадағалау жұмысын жүргізіп отырғандықтан нысан сапалы салынып, уақытында бітіп, ел игілігіне берілді. Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ пен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ляззат Ибрагимова көптің қуанышына ортақтасып, пәтер кілтін табыстады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Құрылыс индустриясы – ел экономикасын өркендететін күш делінсе, облысымыз осы көштің басында тұр. Оған жыл сайын бой көтеріп, ел игілігіне берілген көпқабатты үйлер мен халыққа қызмет көрсететін орталықтарды дәлел ретінде келтіруге болады. Олар қалаға сән беріп қана қоймай, облыс орталығының инфрақұрылымын дамытуға қозғау салуда. Нәтижесінде Талдықорған қаласы күн сайын өзгеріп, түрленіп келеді. Сол қатарда «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ жергілікті билікпен бірлесіп, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз етуді сәтті жалғастыруда.

Бүгінде облысымыздың 43 мыңнан астам тұрғыны «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» салымшы ретінде тіркелген. Олардың 20 мыңы облыс орталығында тұрса, қалғандары елді мекендердің тұрғындары. «Бұл еліміздің өзге аймақтарына үлгі болатын көрсеткіш», – дейді Ляззат Еркенқызы. «Олардың дені дәрігерлер, мұғалімдер, қарапа- йым еңбек адамдары, мемлекеттік қызметкерлер, тағы да басқа санаттағы азаматтар. Олардың бәрі орташа табыс иелері болса да, тұрмысынан үнемдеген қаржысын банктегі есепшотына аударып, кезегі келгенде тұрғын үйге ие болуға үмітті», – дейді «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Ғалымжан Шалғынбаев. Міне, бүгін сондай үміттегі азаматтардың ойлары жүзеге асып, жүздері күлімдеп пәтер кілтін алып жатты.

Жасыратыны жоқ, бүгінге дейін банк облыс орталығында ғана тұрғын үй салумен айналысып келді. Енді «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында барлық аудан осындай тұрғын үйлермен қамтылады. Бұл жайлы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ляззат Ибрагимова:

– Алдағы уақытта шағын қалалардағы тұрғын үй құрылысына ерекше мән беріледі. Алматы облысында тұрғын көп, шағын қалалар жеткілікті. Алғашқы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Қаскелең қаласында салынған тұрғын үй биыл пайдалануға беріледі, – деп атап өтті.

Айта кетерлігі, көп уақыт өтпей облыс орталығында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша екі қабатты 607 коттедж салына бастайды. Ол үшін облыс әкімдігі 100 гектар жер бөліп, дайындық жұмыстарын бастап та қойыпты. Аталған банк жетісулықтардың бұл бастамасына ерекше ден қойып, қолдау танытуға ниетті. Осы мақсатта облыстық әкімдікте облыс әкімі Амандық Баталов пен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ля ззат Ибрагимова екіжақты ынтымақтастық келісімге қол қойды.



Он жетінші ғасырдың басында қазақ жерінің шығысында күшейіп, көршілеріне көз аларта бастаған Жоңғар-қалмақ мемлекеті елімізді «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» нәубетіне ұрындырғаны белгілі. Дегенмен, қазақ халқы үшін жүз жылдан астам азапқа айналған бұл соғыстың бүгінгі ұрпаққа көмескі тұстары әлі де көп. Оны анықтап, нақтылап, ұрпаққа өнеге етіп, тарихымызға алтын әріптермен шегелеу уақыт еншісінде.

САЛҚАМ ЖӘҢГІР ХАН

ескерткішін алқаушы Бекет Тұрғараұлы Орбұлақта орнатты



Ғасырға созылып, ақыры еліміз елдігін сақтап қалған Қазақ-қалмақ соғысының бастапқы ең ірісі 1643 жылы жазда, Жаркент өңіріндегі Үйгентас жайлауында болған Орбұлақ шайқасы. Бұл тұста өз алдына жеке мемлекет атанғанына 178 жыл толған қазақ елін Есімхан билегені тарихтан мәлім. Алайда қазақ даласының іргесін бүтіндеп, байтақ елдің қай құбыласынан жау тисе де аттан түспей жұртын қорғаған ер Есімхан қартайып, тәнін сырқат меңдеген-ді. Сондықтан шығыстан қара бұлттай түйіліп, қазақ жеріне қаптап келе жатқан Батур қонтайшының 50 мыңдық қолына қарсы Есімханның баласы сұлтан Салқам Жәңгір жедел жиналған батырларымен аттанды. Бар-жоғы 600 адамнан тұратын бұл қолда сол кездегі қазақтың тайпа жасақтарын басқарған ең мықты батырлары шоғырланған еді. Олардың арасында сан соғыста сыннан өткен Қарасай, Ағынтай, Жиембет, Сарбұқа, Көксерек, Жақсықұл, қырғыз Көтен мен Тобай сияқты қайтпас қайсар тұлғалар болған.

Жәңгірдің кілең батырлардан топтасқан жасағы Жаркенттен күншілік жердегі Белжайлауда, Қосқолан тауға келіп, оқпана қазып бекініп, жауды күтті. Қаперсіз келе жатқан жау қысталаң қылтада төбеден жауған жебенің астында қалып, мойын бұруға мұршасы келмей, бірін-бірі таптап, қатты қырғынға ұшырады.

Осы сәтті Қазыбек бек Тауасарұлы «Түптұқияннан өзіме шейін» атты кітабында былай суреттейді: «Жәңгір Қарасай мен Ағынтай екеуінің қолын оқпанаға орналастырды.

(Соңы 3-бетте).



БРИФИНГ

ТАЛДЫҚОРҒАН ТҮРЛЕНІП КЕЛЕДІ

Кейінгі жылдары Талдықорған қаласында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жүзеге асырылды. Қаланың көркемдігі мен келешек кемелділігі үшін атқарылған жұмыстар жұрт ризашылығын туғызуда. Бойында отансүйгіштік қасиеті бар әрбір жас облыс орталығының бүгінгі келбетіне сүйсініп, келешек көркімен мақтана алады. Осындай ерен еңбек қала басшылығының ұйымдастыруымен атқарылды десек, артық айтқандық емес. Өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте журналистермен жүздескен қала әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ өткен жылдардағы жетістіктер желісін тілге тиек етіп, биылғы табыс пен алдағы атқарылатын жұмыс жоспары туралы әңгіме өрбітті.

Қашанда қаланың өркендеуі өндірістің өрге басуымен еншілес десек, бүгінде Талдықорғанда 20 ірі және орта өндірістік кәсіпорын қала бюджетін еселеп келеді. Салыстырмалы түрде айтсақ, есепті мерзімде 37,0 млрд. теңгенің өнімі шығарылып, кәсіпорындардың 85,0%-ы өндіріс көлемін ұлғайтты. Өнімнің нақты көлемі жөнінен қала облыста алдыңғы қатарда. Былтырға қарағанда аккумулятор, алюминий катанкасы, сүт өнімдерін өндіру ісі өркендей түскен. Жұмыс істеп тұрған екі өндіріс орны кеңейтіліп, жаңа жұмыс орнының санын көбейткен. Биылғы жеті айда 5,0 млрд. теңгенің ауылшаруашылығы өнімі өндіріліп, егіс көлемі ұлғайып, майлы дақылдар, көкөніс, ет, сүт, жұмыртқа өндіру көлемі артқан. Қаладағы 59 жеке шаруашылық бірігіп, 3 ауылшаруашылығы кооперативін құрыпты. Әсіресе, өткен жылғы желтоқсан айында ашылған «Сардар ЛТД» ЖШС-не қарасты нан комбинатының жұмысы қарқын алып, «Алтын Емел» логотипімен сапалы нан шығаруда.

Қаладағы мемлекеттік бағдарламалардың атқарылуы да ойдағыдай. «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламаларын орындау бағытындағы жұмыстар жанданып, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жетістіктер тіркелген. Қаланың діни ахуалы мен қоғамдық тәртібі орнықты. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширату мақсатында қомақты қаржы бөлініп, тың жобалар қолға алынған. Әлеуметтің әлеуеті артқан сайын тұрғындар арасындағы береке-бірлік нығайып, өмір сүру деңгейі де жоғарылай түскен.

Айталық, шағын және орта бизнестің де салмағы артып, саны молайған. Биыл 12 жаңа нысан ашылып, 247 адам жұмыспен қамтылған. Бір ғана бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 29,0 млрд. теңгені құрап, жылдық жоспар артығымен орындалған. Осы мерзімде қала экономикасына 25,0 млрд. теңге инвестиция тартылып, бюджеттен тыс көздер есебінен қала экономикасына 16 млрд. теңге тартылған. Құрылыс жұмыстарының көлемі артып, жылдық жоспардың дені орындалыпты. «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы аясында тұрғын үй шаруашылығын қайта жаңғырту бағыты бойынша көпқабатты үйлерді қайта жаңғырту жұмыстары да жүйелі іске асуда. Аулалар мен арықтарды реттеу жоспары да белгіленген. Биыл қаланы абаттандыруға бағытталған қаржы есебінен қайта жаңарту бойынша жұмыстар жалғасуда және орталық саябақты абаттандыру, қалалық жүзу бассейнінде қызу жұмыс жүріп жатыр. Бүгінге дейін 6 аула жаңа түрге еніп, жаңадан тартылған 8,2 шақырым арық желісімен су ағып тұр. Ақылбеков көшесіндегі №4 қазандықты күрделі жөндеу толығымен аяқталыпты. Қаланың электр және жылу желілерін жаңарту жоспары да кесте бойынша жалғасуда.

Биыл қаланың жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуге қомақты қаржы бөлініп, игерілуде. Бүгінде Талдықорғанды көгілдір отынмен қамту 4 кезең бойынша жүргізілуде. Қаланы газдандырудың бірінші кезеңі аясында 82 шақырым газ құбырының құрылысы аяқталуға жақын. 225 абонентті техникалық іске қосу жұмысы жүргізілуде. Қала әкімі келесі кезектегі жұмыстар да кестеге сай бітеді деп сендірді. Өйткені, қаланы газдандыруға облыстық бюджеттен 6 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінсе, оның сыртында жергілікті бюджет есебінен де атқарылып жатқан істер ауқымды. Тұрғын үйлерге табиғи газ кіргеннен кейін алдын ала есеп айырысу құнының бір текше метрі 33 теңге 63 тиын болады деп болжануда. Қысқасы, қаланың инфрақұрылымын дамыту ісі жоғары деңгейде атқарылуда.

Ағымдағы жылы қала бюджетінің де қоржыны қампая түсті. Есепті кезеңде бюджеттің болжамдық түсімі 105,3 пайызға орындалып, қала бюджеті шығыс бойынша 17,1 млрд. теңгені құрап, 99,8%-ға атқарылды. Жұмыспен қамтудың нәтижесінде үш мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, үш бос орын жәрмеңкесі өткізілген. Оған мыңнан астам адам қатысып, екі жүзден астам жұмыссыз азамат жұмысқа тұрыпты. Соның 25-і мүмкіндігі шектеулі жандар. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша қайта даярлауға, жастар практикасына, әлеуметтік жұмыс орындарына, қоғамдық жұмысқа жіберілген жастардың белсенділігі басым. Бір сөзбен айтқанда, қаладағы жұмыссыздық деңгейі 4,3 пайызды құраған, бұл облыстық көрсеткіштен әлдеқайда төмен. Білім беру саласында да көңіл толқытар қуаныштар мол. Ең бастысы, өңірімізде балаларды балабақшамен қамту 92,5 пайызға жетіп, республикада алға шықса, денсаулық сақтау саласындағы жетістіктер де жерге қаратпайды.

Брифинг барысында Бағдат Әбілмәжінұлы тұрғындарды толғандырып жүрген кемшіліктерді де жария етті. Оның айтуынша, қалада жабайы сауда қызып тұр. Биыл қалалық әкімдік тиісті мекемелермен бірлесе отырып, жабайы сауданың жолын кесуге бағытталған бірқатар ауқымды шара ұйымдастырған. Нәтижесінде 434 заңбұзушылық анықталып, 11 дүңгіршек жабылған. Заңсыз сауда жасағандарға 1 млн. теңге көлемінде айыппұл салынған. Одан өзге қаладағы жер теліміне қатысты арыз-тілек те көп. Өйткені, бүгінде 26 мың қала тұрғыны жер кезегінде тұр. Олардың талабын орындау үшін 5200 гектар жер керек. Әрине, мұны бір ретте шешу қиынға түседі. Десе де, тұрғындарды үйлік жер телімімен қамту мақсатында инфрақұрылымы жақсы жерден 150 гектар жер дайындалып, құжаттары реттеліп жатыр. Бұдан өзге де толғақты мәселелерді теріп шыққан қала басшысы оның өз кезегінде жоспарға сай атқарылатынына сенім білдірді.

Әкім есебінен кейін кездесуге қатысқан журналистер қауымы да өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды. Сол қатарда қаланың экологиялық тазалығы, күрмеуі қиын жол мәселесі, шаһарды газдандыру мен қала ішінде қатынайтын жол көліктерінің және аялдамалардың нашарлығы туралы сұрақтар қойылды. «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әміреев қала маңындағы саяжайлардың инфрақұрылымын дамытуға қатысты сұрақ қойды. Саяжай тұрғындарына медициналық нысанның керектігін тілге тиек ете келіп, ондағы балалар білім алатын мектептің жоқтығын алға тартты. Оның сұрағына:

– Биыл қаланың оңтүстік-батыс аумағынан 1200 орынға арналған мектеп салынып жатыр. Ол сол маңдағы саяжайда тұратын балалардың білім алуына жағдай жасайды. Ал қаланың басқа аумағына орналасқан саяжайлардың жағдайын алдағы уақытта қарастырамыз, – деген жауап берілді.

Қысқасы, қалада атқарылған жұмыс ауқымды. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғасып, Талдықорғанның түрленіп, гүлденуіне қозғау салмақ.

Қ. ОМАРАҚЫН.



Сүретті түсірген Аслан ҚАЙКЕЕВ.

Жетісу
1918 – 2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

САЙЛАУ

ҚАЙТА САЙЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауыл округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауыл әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Текелі қаласына қарасты Рудничный ауылдық округінің әкімі сайланды.

Сайлау комиссиясының хабарлауынша, Рудничный ауылдық округіне әкім болуға Текелі қаласының мәдениет және тілдерді дамыту, ветеринария бөлімдерінің басшылары Марат Дәуренбаев пен Сергей Махаев үміткер болған. Алайда Текелі қалалық мәслихат депутаттарының жасырын дауыс беруі нәтижесінде таңдаушылардың басым көпшілігі Сергей Вишняковтың әкім болуын қалаған. Сөйтіп, осы уақытқа дейін аталған ауылдық округте оң нәтижелі жұмыс көрсетіп жүрген Сергей Вишняков қайтадан әкім болып сайланды.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Текелі қаласы.

СЕНІМ АРТЫЛДЫ

Еңбекшіқазақ ауданына қарасты 16 ауылдық округ әкімдерін сайлау ойдағыдай өтті. Балама кандидаттар ұсынылып, сайлауға 47 үміткер қатысты. Олардың бәрі де көпшілік көңілінен шығатын білікті азаматтар ретінде іріктелген.

Сайлау Есік қаласындағы В. Терешкова атындағы орта мектепте өтті. Жасырын дауыс беру арқылы үміткерлердің лайықты бағасын беру аудандық мәслихаттың 22 депутатының еншісіне тиді. Дауыс беру үрдісін аудандық сайлау комиссиясы мүшелері қатаң қадағалады. Жабық кабиналар жасақталды. Сайлау бюллетеньдерінің бәрі талапқа сай болды.

Комиссия мүшелері мерзімді сәтте сайлау бюллетеньдерін мұқият санады. Олардың ішінде жарамсызы жоқ. Мәслихат депутаттары дауыс беруге толық қатысты. Нәтижесінде, ел сенімін арқалаған 16 азамат ауыл әкімінің мандатына ие болды. Сайланғандардың ішінде Масақ және Ташкенсаз ауылдық округтерінің әкімдері бұл қызметке бірінші рет келіп отыр. 14 әкім қайта сайланды. Ең бастысы, ел сайлаған әкімдер қоғамдағы экономикалық және рухани жаңғыруға айтарлықтай үлес қосады, қабілет-қарымын, мүмкіндік пен дарынын танытады деген сенім мол.

Б. БАТЫҚҰЛЫ.
Еңбекшіқазақ ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАР, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығына сәйкес 2017 жылдың 5-11 тамызы аралығында аудандық маңызы бар 2 қала мен облыстың 18 аудан, қалаларының 127 ауылдық округ әкімдерін сайлау жүргізілді (Талдықорған қаласынан басқа). 126 әкімшілік бірліктерде сайлау әкімдердің өкілеттік мерзімдері аяқталуына, үшеуі бос лауазымдарға байланысты тағайындалды.

Барлығы 388 кандидатура ұсынылып, оның 386-сы тіркелді. Түрлі себеп бойынша 7 кандидатура алынып тасталды. Сайлауға барлығы 379 үміткер қатысты. Облыс бойынша сайлаушылардың келуі орташа 96,3 пайызды құрады. Дауыс беруге сайлаушылар тізіміне енгізілген 270 аудан, қала мәслихаттары депуттарының 260-ы қатысты.

Сайлау барысын «Нұр Отан» партиясының, қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті БАҚ-тың, үміткерлердің сенімді өкілдері, барлығы 77 бақылаушы қадағалады.

Сайланған 129 әкімнің 6-уы әйелдер (4,6%), қазақтар – 120 немесе 93 пайыз, орташа жасы – 48 жас. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде мұғалімдер – 34, ауылшаруашылығы мамандары – 28, инженерлер – 25, экономистер – 20, заңгерлер – 18. Сайланған 129 әкімнің 101-і немесе 78,3 пайызы округтерде жұмыс істеп келе жатқан әкімдер. Ал 16-сы әкім аппараттары мен мәслихаттардың қызметкерлері, коммерциялық құрылым, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерде жұмыс істегендер саны – 10. 128 әкім – «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

Облыста әкімдерді сайлау жұмыстары аяқталды, сайлау заңнамасын бұзушылық туралы шағымдар мен арыздар түскен жоқ.

ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

EXPO 2017 Future Energy Astana Kazakhstan

Елбасы «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовті қабылдады. Ақорданың баспасөз қызметінің ақпаратында кездесуде Қазақстан Президентіне «ЭКСПО – 2017» көрмесінің өту барысы жөнінде баяндалып, оның жұмысы аяқталғаннан кейін нысандарды пайдалану туралы ұсыныстар айтылғаны көрсетілген.

ЕКІ АЙДА ҮЛКЕН ІС ТЫНДЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Алдымен Мемлекет басшысына көрме мен павильондарға келушілер саны туралы мәлімделді.

– Көрмеге үш айда 2 миллион адамның келуі жоспарланған болатын. Бүгінде келушілер саны 2,5 миллионнан асты. Халықаралық павильондарға 5 миллионнан астам адамның келуі көзделген болса, қазір оларды 20 миллионға жуық адам аралап көрген. Келушілер үшін ең танымал павильон – «Нұр Әлем» сферасы. Оған 831 мың турист келген. Көрме соңына дейін бұл көрсеткіш 1 миллионнан асады деп жоспарланып отыр. «ЭКСПО –2017» көрмесі ашылғаннан бері 68 елдің ұлттық күндері өтті. Сондай-ақ, көрмеге 106 мәртебелі мейман келді, атап айтқанда, 19 мемлекет басшысы, 16 премьер-министр және олардың орынбасарлары, 11 парламент жетекшісі және олардың орынбасарлары, 60 министр және олардың орынбасарлары бар. Шет мемлекеттер өздерінің павильондарын әзірлеуге 100 миллион долларға жуық қаражат жұмсады, – деді «Астана ЭКСПО – 2017» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы.

Сонымен бірге, Елбасыға туризм саласындағы көрсеткіштердің айтарлықтай өсіп келе жатқаны жөнінде баяндалды. Ахметжан Есімовтің айтуынша, Астана қаласындағы қонақүйлер мен хостелдер саны 27 пайызға өсіп, қонақтарды орналастыру көрсеткіші 60 пайызды құраған. Жалпы, «ЭКСПО» көрмесі экономиканың барлық секторының дамуына серпін беруде. Қонақүйлер мен көпшілік тамақтанатын орындарда туристер саны артты. Сол себепті Елорда бюджетіне қосымша қаражат түсіп отыр. Жаңа жұмыс орындары ашылды. Қазақстанның 196 компаниясы көрме кешенінің құрылысына қатысты. Бұл 200 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтыды. Қазір көрме қызметін қамтамасыз ететін 21 мыңдай адам жұмыс істеуде. Техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес көрме құрылысына 816 млрд. теңге қарастырылған. Кейіннен бұл қаражат оңтайландыру есебінен 452 млрд. теңгеге азайтылыпты. Көрмеден кейін бұл аумаққа «Астана» халықаралық қаржы орталығын, IT-стартаптар паркін орналастырып, бірқатар орталық пен павильондарды ЭКСПО мұрасы ретінде сақтап қалу көзделіп отыр.

Осындай жан-жақты қолдау мен жүйелі жоспар негізінде қолға алынған көрме жұмысының бүгінгі беталысы жаман емес. Айталық, 10 маусым мен 14 тамыз аралығында көрмеге қатысушы елдердің халықаралық павильондарына кіріп-шығу саны 17 миллион адамды құрады. Олардың ішінде Африка Плазасы (22 ел) 659 452, Мысыр 608 733, Түркия 596 462, Әзірбайжан 568 654, Таиланд 566 711, Үндістан 557 480, Ресей 515 321, Өзбекстан 469 575, Жапония 461 772, Сауд Арабия Корольдігі 419 285 адамды қабылдаған. Өткен екі айда халықаралық қатысушылармен 66 Ұлттық күн және 4 мамандандырылған күн ұйымдастырылыпты. 160-қа жуық тақырыптық іс-шара (конгресс, конференция, форум, мастер-кластар) өткен.

Аталған мерзім аралығында жалпы сомасы 131 767 992 теңгені құрайтын 84 495 дана лицензиялық өнім сатылған. Көрменің екі ай жұмыс аралығында 537,8 тонна өнім әкелінсе, қоғамдық тамақтану орындары 558, 7 мың келушіге қызмет көрсеткен. Тауар айналымының жалпы сомасы 905,7 млн. теңгені құрады. Сондай-ақ, осы мерзімде байланыс орталығына 44 242 адам жүгініпті. Оның ішінде 26261 қоңырау түсіп, ақпарат киоскілеріне 17016 азамат жүгінген. Екі ай ішінде халықаралық павильондарға 5298 тонна жүк жеткізілген. Қазіргі кезде көрме қалашығында 5181 адам тұрады. Жалпы мерзім ішінде (2 ай) 15416 қонақ орналастырылыпты. Аллергия, дене қызуының көтерілуі және қан айналым жүйесінің аурулары сияқты медициналық көмекке 4864 келуші жүгініп, 49 адам ауруханаға жатқызылған. Баспасөздерде жарияланған материалдардың жалпы саны 15 410 құрады.

Көрменің аяқталуына әлі де бір айға жуық уақыт бар. Демек, бұл көрсеткіштер еселене түседі. Қысқасы, осы уақыттың өзінде көрменің келешегі туралы болжам мен жоспардың өз деңгейінде орындалып жатқанын байқауға болады.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ



СІЗ ТҰТЫНУШЫСЫЗ, БІРАҚ...

Көптеген адамның азаматтық ұстанымдары жоғары. Бірақ істің мәніне келгенде абдырап қалады. Олар сот талқылауларынан аулақ болғанды қалайды. Әрбір азамат «сот» деген сөзді естігенде, еріксіз іштей шошынады. Алайда сіздер жанжалды немесе дауды сот тәртібінен тыс реттеудің көптеген тәсілі бар екенін білесіздер ме?

Сонымен, сот тәртібінен тыс тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мынадай тәсілдері бар. Біріншіден, тұтынушы өз еркімен құқығын қорғау туралы жазбаша немесе ауызша тәртіпте тікелей сатушыға немесе тауарды сатуды жүзеге асыратын әкімшіге жүгіне алады. Көптеген жағдайда аталған тәсілмен дау шешімін табады. Мысалы, тұтынушы сауда үйінде балалар ойыншығын сатып алса, сатушыдан түбіртек сұрай алады («Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 18-бабы). Алайда сатушы оны беруден бас тартса,құқығының бұзылғандығы туралы сауда үйінің әкімшісіне жүгіне алады. Бұл мәселе ҚР Салық кодексінің 644-бабы, 5-тармақшасымен қаралады. Екіншіден, тұтынушы өзінің құқықтарын қорғау туралы шағыммен (өтінішпен) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктеріне жүгіне алады. Айталық, тұтынушы қымбат косметикалық өнімді сатып алу-сату туралы шарт жасасады. Келесі күні тұтынушы косметикалық өнімнен бас тартуды ұйғарды делік. Сатушы тауар айырбастауға жатпайтын медициналық бұйым болып табылатындығын айтып, тауарды қайтып алудан бас тартады. Тұтынушы сатушының іс-әрекетіне шағымдана отырып, тұтынушылардың қоғамдық бірлестігіне жүгіне алады. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңының 14-бабының 1-тармағы мен 42-бабындағы тәртіппен мәселе қаралады. Нәтижесінде сатушы ақшаны қайтарып, тауарды қабылдайды.

Үшіншіден, тұтынушы сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) қатысты шаралар қабылдау үшін уәкілетті органға шағымдана алады. Мысалы, тұтынушыға емханада сапасы төмен медициналық қызмет көрсетілсе, ол дауды шешу үшін медицина мекемесінің меңгерушісіне, одан кейін бас дәрігерге жүгініп, олар дауды шешпеген жағдайлар кезігеді. Одан кейін тұтынушы учаскелік дәрігердің іс-әрекетіне қатысты фармацевтикалық және медициналық қызмет көрсетуді бақылау департаментіне шағымданады. Департаменттің қызметкерлері тексеру жүргізіп, дәрігерді жауапқа тарту үшін шара қабылдайды. Тұтынушыдан кешірім сұрайды және тиісті медициналық қызмет көрсетіледі.

Енді сіз тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қандай тәсілдері бар екенін білесіз. Осының барлығын тәжірибе жүзінде қолданыңыз және сауатты тұтынушы атаныңыз.

Т. ГАЛИНОВ,
ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көтерілген мәселелердің бірі – «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе ерекше географиялық жағдайына байланысты «Жетісудың киелі жерлері» жобасын жүзеге асыру. Бұл тарихи-өлкетану музейлерінің танымдық, әдеби-мәдени, ғылыми-көпшілік ағарту жұмыстарының өзегіне айналып отыр.

ЭКСПЕДИЦИЯ ЖАСАЛДЫ

Ғылыми деректерде ұлан-байтақ еліміздің аумағында 220 мыңға жуық өзен-көл, тау-тас атаулары бар десек, осыншама жер-су атауларының қойнауында тұнып жатқан өзіндік тарихы, шежірелі сыры бар. Осындай өлкеміздегі жер-су атауларының шығу тарихын білу әркімді-ақ қызықтырары сөзсіз. Оны зерттеп, зерделеу мақсатында «Киелі жерлер географиясы» арнайы жобасы бойынша қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік комиссия құрылды. Музейдің ғылыми кеңес мүшелері жергілікті өлке тарихын танушылармен бірлесе отырып, аудандағы қасиетті, киелі жерлер мен әулие орындар жайлы мәліметтерді жиыстырды. Аталған орындардың фотосуреттері, олар жайлы ел аузындағы аңыз-әңгімелер топтамасы жинақталды. География, этнология ғылымдарымен тығыз байланыста дамып отыратын, жер-су атауларының шығу тарихы мен пайда болуын, мағынасын, дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, жазылуын зерттеді. Сондай-ақ, ел аузындағы аңыздар желісі мен көнекөз қариялардың айтуына сүйеніп, еліміздің киелі жерлері мен қасиетті орындары, ашық аспан астындағы мұражайлары жайлы жаңа тарихи ақпараттар толықтырылды. Осы орайда «Бастау-2017» танымдық экспедиция маршрутының жобасы дайындалып, экспедиция өз жұмысын бастады.

Экспедиция алғашқы сапарын ағымдағы жылдың шілде айының 19-20 күндері Алматы-Бақанас тасжолы бойындағы Алматы бағытынан жолдың сол қанатында Малай-Сары асуы сілемінің Іле өзені жағалауы қапталында жерленген Ұлы жүз, Жалайырдың Мырза руынан шыққан, Жетісу ақындарының «Алтын діңгегі» атанған Сүйінбай және Бақтыбай, Қалқа сынды ақындардың ұстазы Ескелді, Балпық билердің замандасы, тұстасы болған Ұлы жүздің бас ақыны ұлы жырау – Қабылиса (Қабан) Асанұлының кесенесінен бастады. Қазақтың ауыз әдебиетін жинап зерттеуші Әбубәкір Диваевтың: «Қалмақтан әуелі жерді босатқан Қара Керей Қабанбай, Тарақтыда Тәттібай, Қораластан шыққан ер Жауғаш, Ыстыдан шыққан Шой батыр – Абылайды хан көтеріп, Қалмақты қуған дүр батыр», – деп жырына арқау еткен, бағадүр батырлардың бірі, Шой батырдың әкесі, Құланбасы елдімекеніндегі топ қорымда жатқан Есімұлы Едіге батыр зиратына да шолу жасады. Және жау қолынан жараланған ер бабамыз Едіге батырдың ел шетіне жетіп, түйесі шөккен жері, арнайы ескерткіш қойылған «Едіге шоқысына» арнайы барып, зерделеді. Сонымен қатар, сол маңдағы Жалайыр, Балғалы руынан шыққан Барақ батыр ескерткішіне және Алматы-Қарой тас жолының бойындағы, Бура ауылының тұсында, жолдың оң қанатында үш шақырым қашықтықта жатқан, Ұлы жүздің Бәйшегір, Бекпенбет (Шегелек) руынан тараған Шаған батыр ұрпағы Барақ бидің бел баласы Нысанбай әулиеге құран бағыштады. Сондай-ақ осы жол бойында, Аққөл ауылынан он шақырым қашықтықта жатқан, жоғарыда аталған Шегелек руынан шыққан әйгілі Маралбай әулие бабаларымыздың зияратына зиярат етті.

Алдағы уақытта да «Бастау – 2017 экспедициясы» арнайы бағыт бойынша жұмысын жалғастыруды жоспарлауда.

Зәуреш ДЕМЕУҚҰЛОВА,
Балқаш аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ЖАҚЫН ҚАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен селекторлық жиында жаңа оқу жылына дайындық барысы сараланды. Білім ошақтарының оқушыларды қабылдауға дайындығы, басқа да өзекті мәселелер турасында ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев баяндама жасады.

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

– Білім мәселесі бойынша маңызды шешімдер өткен жылы қабылданды, биыл сол жұмыстарды жалғастырамыз. Бірінші сыныпқа 380 мың бүлдіршін барады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,5 мың балаға артық. Сонымен қатар бүгінде 20-дан астам жаңа мектеп салынды, тағы 35 мектепті 1 қыркүйекке дейін іске қосу жоспарланып отыр. Күрделі жөндеу жұмысы 300 білім ошағында, ағымдағы жөндеу 410 мектепте жүргізілді. Барлық жұмыс 25 тамызға дейін аяқталады деп аймақтар есеп берді, – деді министр. Сонымен қатар жаңартылған бағдарлама бойынша пилоттық жоба биыл екінші, бесінші және жетінші сыныптарда өз бастауын алатынын, 15 мыңнан астам мұғалім өз пәндерін ағылшын тілінде өткізе бастайтынын жеткізді. Білім гранттары төңірегіндегі мәселеге қатысты да пікірін білдірді.

– Біз экономиканың басым бағыттары бойынша гранттарды үлестіреміз. Мысалы, есептеу техникасына 610, ал құқықтануға бар болғаны 45, жалпы медицинаға 2500, стоматологияға 45. Бұл түрлі бағдарламаларда бекітілген. Жыл сайын кейбір жоғары балл алған түлектер грантсыз қалып жатса, аз ұпай жинағандар басқа грант көбірек бөлінген мамандықтарға түсіп кетіп жатады. Бұл қажетті мамандықтар саны өте кеш шығуына байланысты. Осыған орай талапкер өз мүмкіндігін бағамдап үлгермейді. Ал оның қажетті пәнді таңдап, дайындалуы үшін уақыт керек, – дей келе министр мамандықтар бойынша бөлінетін гранттар санын үш жыл бұрын жариялауды ұсынды. Мұны үш жылдық бюджет аясында жасауға болатынын тілге тиек етті.

– «Алтын белгі» иегерлері бойынша мәселе өзекті. Биылғы гранттар «Алтын белгіге» қарамай, ҰБТ-да жинаған балл бойынша берілді. Одан кейін республикалық комиссия «Алтын белгі» алған талапкерлер алдындағы міндеттемелерін орындауы үшін шамамен 4% грант қосты. Өткен жылы да «Алтын белгі» иегерлерін жоғары оқу орындарының гранттары бойынша орналастыруға мәжбүр болдық. Енді биыл заңнамалық өзгерістер енгізуді жоспарлап отырмыз. Демек, заңға өзгеріс енген жағдайда «Алтын белгі» иегерлері жеңілдіктен қағылады. Сөйтіп олар ҰБТ-дан жинаған ұпайы бойынша ғана мемлекеттік грантқа конкурсқа қатысады, – деді министр.

Ерлан Сағадиевтің баяндамасын тыңдап болған соң ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев: «Байқағаныміздай, жаңа оқу жылына дайындық жаман емес, бірақ, әлі де ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарының аяқталмағанын көріп отырмыз, сонымен қатар, бірқатар аймақтарда оқушыларды тасымалдау, ыстық тамақ және оқулықтармен қамтамасыз ету жағы толық шешілмегенін де байқадық», – деген Үкімет басшысы облыс әкімдеріне аталған мәселелерді 1 қыркүйекке дейін шешуді тапсырды.

Селекторлық жиыннан соң облыс әкімі Амандық Баталов өңірдегі жаңа оқу жылына дайындық барысын пысықтап, жауапты сала басшыларынан жұмыстарды ширатуды талап етті. Бірінші қыркүйекте балалардың алаңсыз, жадыраған көңіл күймен мектепке баруы үшін барлық жағдай жасалуы қажеттігін атап өтіп, бұл істе олқылықтардың орын алмауы қажеттігін қатаң ескертті.

СЕМИНАР

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ САҚТАЛАДЫ

Облыстық әкімдіктің үлкен жиынжайында облыстық күзет қызметі басқармасының ұйымдастыруымен «Күзетілетін объектілерге қарулы және террористік шабуыл жасалу қаупі кезіндегі қызметкерлердің іс-қимылы» атты семинар өтті. Шараны облыстық күзет қызметі басқармасы басшысының орынбасары Дидар Аубакиров жүргізіп отырды.

Бүгінгі таңда экономикасы қарыштап дамыған еліміздің қауіпсіздік қызметін де шыратып отыру керек. Ол үшін күзет қызметінің арқалайтын жүгі салмақты. Сондықтан «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл» жөніндегі 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Аталған бағдарламаны іске асыру жөнінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашовтың басшылығымен медиажоспар жасалып, түрлі сақтық шара атқарылуда. Ең бастысы, қолға алынған мәселе мен атқарылған жұмыстардың нәтижесінде өңірде ел өміріне қауіп төндіретін немесе тұрғындарды алаңдататын қауіпті жағдайлар орын алған жоқ.

«Қауіпің неден болса, қатерің содан» дегендей, әлемді алаңдатып отырған экстремизм мен терроризм біздің елге де қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан сала мамандары сауысқаннан да сақ болғаны дұрыс. Осыған байланысты облыстық күзет қызметінің мамандары саптық бөлініс қызметкерлеріне дәріс оқып, семинар ұйымдастырып, полигон алаңдарында тәжірибелік сабақтар, психологиялық, психопрактикалық іс-шаралар өткізіп тұрады. Бұл семинар соның жалғасы.

Семинар барысында осы мәселелер көтеріліп, ашық әңгімелер өрбіді. Әсіресе, күзетілген объектілерге террористік шабуыл кезіндегі қызметкерлердің кәсіби және психологиялық дайындығы туралы, жарылғыш құралдардың сипаты, террористердің іс-қимылдары мен мінез-құлқы, терроризм, экстремизм туралы мәселелер талқыланды. Қызметкерлерге тақырыпқа байланысты бейнежазбалар ұсынылып, жадынамалар таратылды.

Қ. ОМАРАҚЫН.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Облыстық білім басқармасы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бірігіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдаудың қорытындысы негізінде жиын өткізді. Жиынға аталған агенттіктің облыс бойынша департаменті басшысы – әдеп кеңесі төрағасының орынбасары Данияр Сабырбаев қатысты.

Басқосуға аудан әкімдерінің орынбасарлары, аудандық білім бөлімдерінің жетекшілері шақырылды. Бүгінде жекеменшік мекемелерге бюджеттен көмекқаржы берілетіні мәлім. Бір әттеген-айы, осы қаржыны игеруде заңбұзушылықтарға жол берілген. Керек-жарақтарды сатып алуда қаржылық бұрмалаулар болған. Асханаларды тексергенде көптеген кемшілік орын алғандығы айтылды. Жиынды ашып, жүргізіп отырған облыстық білім басқармасының басшысы Лаззат Базарқұлова орын алған кемшілік жайлы мағлұмат берді.

Тексеріс барысында бала санын дұрыс көрсетпеу деректері де кездескен. Мінбеге көтерілген балабақша меңгерушілері тәрбиешілердің айлығы көтерілсе, мемлекеттен бөлінетін қаржы көлемі арттырылса деген тілек білдірді. Балаларды кезекке қоюда да келеңсіздіктер орын алған. Сондай-ақ, қызметкерлердің білім деңгейін көтеру курстарын ұйымдастыру мәселесі де сөз болды. Ұстаздардың уақытында курстан өте алмауы салдарынан мекеме ішінде алашапқын басталады. Тексерушілер тәрбиешілерге ары қарай сабақ бергізбеу керектігін айтады. Ондайда мекемеде маман жетіспей қалады. Міне, мекеме басшылары тарапынан осы мәселелер бір жүйеге келтірілсе деген ұсыныс айтылды.

Жиын соңында Данияр Бауыржанұлы сөз алып, жіберілген кемшіліктерден нәтиже шығару керектігін ескертті. Бұл орайда білім басқармасы мекемелерге өз тарапынан барлық жағдай жасайтындарын айтты. Жиналғандар ұйымдастыру ісін жандандырып, қаржы есептеуде білікті мамандардың кеңесіне жүгінетіндерін айтып тарқасты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Облыс әкімдігінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» № 149 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жоба

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 1-тармағына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің № 30 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 149 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4211 тіркелген, 2017 жылдың 16 мамырында «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Бекітілсін:

1) жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шығындарды 100 %-ға дейін өтеу бойынша және бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге шығындарының 50%-ға дейін, бие және түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу шығындарының құнын 50%-ға дейін арзандатуға, жылқы және түйе етін өндіру шығындарының құнын 50%-ға дейін, асыл тұқымдық және дистрибьюторлік орталықтар сатып алған, ауылшаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтың құнын 50%-ға дейін арзандатуға субсидиялар нормативтері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының 2, 3-қосымшаларына сәйкес.

көрсетілген қаулының 1, 2, 3-қосымшалар осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына 1-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шығындарын 100 %-ға дейін өтеу бойынша субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2 800

Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шығындарын 100 %-ға дейін өтеу бойынша субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	854

Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге шығындарының 50 %-ға дейін субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Бал ара ұясы	3 100

Бие және түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу шығындарының құнын 50%-ға дейін арзандатуға субсидия нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	60
Түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	55

Жылқы және түйе етін өндіру шығындарының құнын 50%-ға дейін арзандатуға субсидиялар нормативтері

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Жылқы етін өндіру құнын арзандату	килограмм	92
Түйе етін өндіру құнын арзандату бойынша	килограмм	90

Асыл тұқымдық және дистрибьюторлік орталықтар сатып алған, ауылшаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтың құнын 50%-ға дейін арзандатуға субсидиялар нормативі

Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге
Асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар сатып алған, ауылшаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтың құнын арзандату	бірлік	50%-ға дейін

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына 2-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын голем (бас)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
Етті мал шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
1.1	Тауарлы аналық бас				
1)	Базалық нормативи	бас	10 000	70 000	700 000,0
	Қосымша нормативи:				
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8 000	50 000	400 000,0
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6 000	20 000	120 000,0
1.2	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық нормативи	бас	10 000	25 000	250 000,0
	Қосымша нормативи:				
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	17 000	340 000,0
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	8 000	120 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	3 840	576 000,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық нормативи	бас	10 000	10 000	100 000,0
	Қосымша нормативи:				
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	7 000	140 000,0
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	3 000	45 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	Отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	100	17 000,0
2)	Еуропа және ТМД елдерінен	бас	150 000	700	105 000,0
Мал шаруашылығы					
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2 800	86 500	242 200,0
2.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп бағу	бас	100 000	500	50 000,0
Қой шаруашылығы					
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	854	81 349	69 472,0
2.	Асыл тұқымдық және дистрибьюторлік орталықтар сатып алған, ауылшаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтың құнын арзандату	бірлік	50%-ға дейін		26 000,0
3.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	Асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	55 000	137 500,0
2)	Тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	210 000	315 000,0
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу				
1)	Тұқымдар	бас	8 000	4 506	36 048,0
2)	Тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	1 500	30 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	330	33 000,0
2.	Асыл тұқымды аналық бие сатып алу	бас	40 000	200	8 000,0
Бал ара шаруашылығы					
1.	Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бал ара ұясы	3 100	3 500	10 850,0
Барлығы					3 898 820,0

2017 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына 3-қосымша

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын голем (бас, тонна)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
Етті мал шаруашылығы					
1.	Бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату:			17 500,0	715 000,0
1)	нақты бордақылағаны 3000 бастан бастап	бас	45 000	13 000	585 000,0
2)	нақты бордақылағаны 2500 бастан бастап	бас	40 000	1 500	60 000,0
3)	нақты бордақылағаны 1500 бастан бастап	бас	30 000	1 000	30 000,0
4)	нақты бордақылағаны 100 бастан бастап	бас	20 000	1 000	20 000,0
5)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	бас	20 000	1 000	20 000,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүт өндіруін құнын арзандату:			42 070,56	733 930,6
1)	жемдік мал басы 400 бастан басталатын шаруашылықтар	килограмм	25	16 980,0	424 500,0
2)	жемдік мал басы 50 бастан басталатын шаруашылықтар	килограмм	15	11 705,0	175 575,0
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	килограмм	10	13 385,56	133 855,6
Етті бағыттағы құс шаруашылығы					
1.	Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату			25 235,2	1 983 050,8
1)	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	80	21 658,9	1 732 712,7
2)	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	70	3 576,3	250 338,1
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:				
1)	200 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	3,0	132 790,7	398 372,2
2)	150 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,7	37 229,4	100 519,4
3)	50 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2	31 393,2	69 065,0
4)	20 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,0	26 539,7	53 079,4
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату				
1)	нақты бордақылағаны 3 000 бастан бастап	килограмм	100	1 800,0	180 000,0
Қой шаруашылығы					
1.	Қозы етін өндіру құнын арзандату	бас	1 500	10 000	15 000,0
2.	Қайта өндеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн өндіру құнын арзандату				
1)	сапасы 60-тан басталатын жүн	килограмм	150	1 200,0	180 000,0
2)	сапасы 50-ден басталатын жүн	килограмм	100	350,0	35 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	2 700,0	162 000,0
2.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	килограмм	92	550,0	50 600,0
Түйе шаруашылығы					
1.	Түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	1 600,0	88 000,0
2.	Түйе етін өндіру құнын арзандату	килограмм	90	80,0	7 200,0
Аңық өндіру					
1.	Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрама жем зауыттары өткізген құрама жем құнын арзандату	тонна	20 000	1 018	20 360,0
Барлығы					4 791 177,4

Облыс әкімдігінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» № 149 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жоба

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы 1-тармағына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің № 30 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 149 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4211 тіркелген, 2017 жылдың 16 мамырында «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Бекітілсін:

1) жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шығындарды 100 %-ға дейін өтеу бойынша және бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге шығындарының 50%-ға дейін, бие және түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу шығындарының құнын 50%-ға дейін арзандатуға, жылқы және түйе етін өндіру шығындарының құнын 50%-ға дейін, асыл тұқымдық және дистрибьюторлік орталықтар сатып алған, ауылшаруашылығы жануарларының аналық басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника мен технологиялық жабдықтың құнын 50%-ға дейін арзандатуға субсидиялар нормативтері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының 2, 3-қосымшаларына сәйкес.

көрсетілген қаулының 1, 2, 3-қосымшалар осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің
2017 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына
қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 321 қаулысына 15-қосымша

Отбасы және балалар саласындағы мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Жоба

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» № 198 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 26 мамырда № 11184 болып тіркелді) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.5 Қоса беріліп отырған «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2.5 Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары Ж. Омарға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы
«____» тамыздағы № ____ қаулысына
қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 321 қаулысына 15-қосымша

Беруші арқылы көрсетілетін «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет)

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін Алматы облысының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз жүзінде.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 1-қосымшасына сәйкес балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне қамқорлық және қорғаншылық органның рұқсаты не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша бас тарту туралы дәлелді жауабы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
1) құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 5 (бес) жұмыс күні;
2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минут;
3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минут.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Қызметті берушінің жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:
1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтініші;
2) көрсетілетін қызметті алушының жекебасын куәландыратын құжат (жекебасын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
3) ата-ана құқықтарынан айыру туралы сот шешімі;
4) ішкі істер органының мінездемесі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 9-тармағына сәйкес құжаттар тонтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау негіздеме болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – әкімдік) басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда пошта немесе көрсетілетін қызметті берушінің немесе әкімдіктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Жеке тұлғаның арызында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымның қабылданудың растау оның шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі және орны көрсетілген көрсетілетін қызметті берушінің немесе әкімдіктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады. Шағымды қарастыру нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары Министрліктің www.edu.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен жағдайы туралы ақпаратты кашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алу мүмкіндігіне ие.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары Министрліктің www.edu.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің www.bala-kkk.kz интернет-ресурстарында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығы **1414, 8 800 080 7777.**

«Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
1-қосымша

Нысан

_____
Т.А.Ә. (бар болғанда)
_____
қызметті алушының тұратын мекенжайы

Қамқорлық және қорғаншылық органның балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсаты

_____
(Жергілікті атқарушы органның атауы)

_____
(қамқорлықта, патронатта, қабылдау отбасы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекеменің атауы) орналастырылған баламен (балалармен) _____
(баланың(балалардың) Т.А.Ә. (бар болғанда)

_____аралығында кездесуге рұқсат береді.

«___» _____20___жыл

_____

«Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Нысан

_____
(жергілікті атқарушы органдарының атауы) басшысына
_____
мекенжайы бойынша тұратын, телефоны: азамата (ша) _____
_____
(өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болғанда) жеке сәйкестендіру нөмері)

Сізден _____
(қамқорлықта, патронатта, қабылдау отбасы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекеменің атауы) орналастырылған баламен (балалармен) _____
(баланы(балалардың) Т.А.Ә. (бар болғанда)


_____аралығында кездесуіне рұқсат беруіңізді сұраймын.

«___» _____20___жыл

_____

«Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне
1-қосымша

Қызмет беруші арқылы көрсетілетін «Балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы





25 ТАМЫЗ КҮНІ САҒАТ 12.38-ДЕ «ЭКСПО – 2017» КӨРМЕСІ ҮШ МИЛЛИОНЫНШЫ ҚОНАҒЫН ҚАРСЫ АЛДЫ. ОЛ МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ, 38 ЖАСТАҒЫ ЮРИЙ ШУРЫГИН. АСТАНАҒА ІССАПАРМЕН КЕЛГЕН РЕСЕЙЛІК АЗАМАТ АЛДЫМЕН «ҢҰР ӘЛЕМДІ» ТАМАШАЛАҒАНЫН АЙТА КЕЛІП, ӨЗ ЕЛІНДЕ ДЕ ДӘЛ ОСЫНДАЙ КӨРМЕНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАНЫН ҚАЛАЙТЫНЫН ЖАСЫРМАДЫ.

КӨРМЕ ҮМІТТІ АҚТАДЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

– Қазақстанның павильоны маған қатты ұнады. Әрине, мұндай ауқымды шараның бізде де өткізілгенін қалаймын. 2025 жылы ЭКСПО Екатеринбург қаласында өткізілуі мүмкін. Біз өз еліміз үшін жанкүйер боламыз, – деп мерейтойлық қонақ өз әсерімен бөлісті.

«Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов мерейтойлық конақты құттықтап, естелік сыйлықтар табыстады. Сондай-ақ, Ахметжан Есімов «ЭКСПО – 2017» көрмесіне келушілердің 15%-ын шетелдік қонақтар құрайтынын, соның ішінде ресейлік келушілердің басым екендігін тілге тиек етті.

– Көрменің басты мақсаттарының бірі – туристік саланың қарқынды дамуына ықпал ету болатын. Бұл мақсат орындалды. Жұмыс орындары көбейіп, табыс көлемі артты. Әсіресе, шағын және орта бизнес саласында мультиплекативтік әсер жақсы байқалды. Елордалық қонақүйлердегі меймандар саны екі есе көбейді. Дәл осындай жанданыс мейрамханалар мен қоғамдық тамақтану орындарында да байқалады, – деді Ұлттық компания басшысы.

Ахметжан Есімов Елбасының жақында «ЭКСПО – 2017» көрмесі нысандарын пайдалану жоспарын бекіткенін тілге тиек етті. Көрме жұмысы аяқталғаннан кейін ЭКСПО аумағында профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, негізгі нысандардың жұмысы басталады. Еске салсақ, 24 тамызда көрменің басты нысаны – Қазақстанның Ұлттық павильоны «Ңұр Әлем» нысанына миллионыншы келуші тіркелген болатын.

Айта кетелік, үш ай мерзімде көрмеге шамамен 2 миллион келуші тіркеледі деп жоспарланған еді. Дегенмен, бұл болжам екі айға жуық уақытта жүзеге асты. 4 тамыз күні көрме екі миллионыншы келушіні қарсы алған еді. Ол 34 жасар оралдық кәсіпкер Гайса Жумалиев болатын.

Көрменің үш миллионыншы келушісіне қошемет көрсету рәсімінде сөз сөйлеген «Астана ЭКСПО – 2017» Ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов: «ЭКСПО үмітімізді ақтап шықты», – деген пікірін қуанышпен жеткізді.

– Жақында кәсіпкерлер тобы ЭКСПО жұмысын ұзартуды сұраған. Алайда халықаралық көрмелер бюросының регламенті үш ай. Шетелдік қатысушы елдердің бюджеттері бар, олар үш айға ғана қарастырылған. Сондықтан мерзімді ұзарту мүмкін емес. Осы тұста бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрме келушілеріне айтарым, халықаралық павильондарды көруге асығыңыздар, өйткені 10 қыркүйекте олар өз жұмысын аяқтайды, – деді ол.

EXPO – 2017 ресми аяқталғаннан кейін отандық бизнеске пайда табуға мүмкіндік береді. Жақында Президент көрмеден кейінгі қолдану тұжырымдамасын бекітті. ЭКСПО-ның кейбір нысандары мұра ретінде қалып, профилактикалық жұмыстан соң, кішігірім үзілістен кейін туристік нысандар ретінде қайта пайдалануға беріледі. Бірінші кезекте бұл басты нысан – «Нұр Әлем» павильонына қатысты. Жуырда оған 1 млн. адамның келгені белгілі болды. Меніңше, ол болашақта туристер тарапынан үлкен сұранысқа ие болады. Жаңа туристік нысан – туристерді тартатын орын. Айта кетсек, Париждегі Эйфель мұнарасына жылына 7 млн. адам келеді. Уақыты келгенде «Нұр Әлемге» де осыншама турист келеді деп болжануда. Қысқасы, ЭКСПО туризмнің дамуына түрткі болады. Оның толық нәтижесін көрме аяқталғаннан кейін көреміз.



#

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№99 (18375)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 7 қыркүйек, 2017 жыл.

РЕСМИ



ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС КҮШЕЙЕДІ

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан БЕСКЕМПІРОВ Нидерланды Корольдігі Елшілігінің Алматы қаласындағы кеңсе басшысы Вилко Роггенкамп бастаған голландиялық компаниялардың бірнеше өкілімен кездесті. Ресми түрде өткен басқосуда негізінен жылыжай шаруашылығы бойынша жобаларды жүзеге асыруда тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, ынтымақтастықты арттыру жайы сөз болды.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен «Жер жаннаты атанған Жетісу өлкесіне қош келдіңіздер!» – деп сөз бастаған Серікжан Ісламұлы ресми қонақтарға Алматы облысының зор мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін сөз етті. Әңгіме барысында бұл өңірдің аграрлы аймақтың бірі және елдегі ауылшаруашылығы өнімдерінің он жеті пайызы осы облыстың үлесінде екендігін, саланың инвестиция тартуға қолайлы мүмкіндіктерін, сондай-ақ, жылыжай шаруашылығын, жүгері мен қант қызылшасын, бау-бақша дақылдарын өсіріп, өндіруге, етті-сүтті бағыттағы мал шаруашылығын дамытып, өркендетуге айрықша көңіл бөлініп отырғанын, бір сөзбен айтқанда, саланы жандандыруға қай жағынан болсын ерекше назар аударылып, көптеген жұмыс жүргізіліп жатқанын, оған Үкімет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп, көмек беріліп келе жатқанын тілге тиек етті.

Бұдан соң делегация басшысы Вилко Роггенкамп бастаған «Bilancia», «Celtic Koeling», «Dalsem», «Enza Zaden», «EuroFood Consulting», «Hoogendoorn», «MasAgro», «Oldenhuis & Prinsen», «Philips» секілді компаниялардың өкілдері сөз сөйлеп, елге келудегі басты мақсаттарын жан-жақты айтып, түсіндірді. Кездесу барысында іскер топ ел экономикасының даму қарқынына, Талдықорған қаласының бүгінгі кескін-келбетіне, әсіресе, алыстан көз тартатын небір ғимараттар мен көпқабатты тұрғын үйлердің көптеп бой көтеріп жатқанына ерекше таңданыс танытқандарын жеткізді.

Кезегімен сөз алған делегация мүшелері жылыжай шаруашылығын дамытуда голландиялық технологиямен заманауи үлгіде жылыжай кешенін салу бойынша жүргізіп отырған жұмыстары мен жобалары, озық іс-тәжірибелерімен бөлісіп, облыспен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуге ынталы екендіктерін айтты. Сонымен бірге, олар тауарлы-сүт фермалары мен құс өсіруге арналған репродукторлар құру, өздерінің технологияларын қолдана отырып, көкөніс қоймасы желісін жетілдіру жөнінде де сөз қозғады.

Жылы жүздесуден соң облыс әкімінің орынбасары бұл бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыруға барлық жағынан қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдіріп, аталған салаға қатысты голландықтар тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар қайтарды.

Айта кетейік, Нидерланды Корольдігі жылыжай секторындағы және ауылшаруашылығы саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі саналады. Аталмыш ел Қазақстанмен осы бағытта жемісті ынтымақтастық қарым-қатынаста жұмыс жүргізіп келеді. Мәселен, осыдан екі жыл бұрын Нидерландтың елге саудаласқан ауылшаруашылығы және бақшалық өнімдерінің көлемі жүз миллион еуродан асқан, бұл көрсеткіштің айтарлықтай бөлігі жылыжай шаруашылығындағы жобалардың үлесіне тиесілі. Қазіргі кезде мемлекетте қырықтан аса голландиялық ауылшаруашылығы кәсіпорны қызмет етеді. Бүгінде екі ел арасындағы ынтымақтастықты кеңейту және нығайту мақсатында Нидерланды Корольдігінің Елшілігі голландиялық бизнесмендердің жергілікті аграршыларымен кездесуін тұрақты түрде өткізіп келеді.

ТОЛАҒАЙЛАР ТАРТЫСЫ

Талдықорғандағы «Жастар» спорт кешенінде ерлер мен әйелдер арасында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының жеке командалық чемпионаты жалауын желбіретті. Байрақты бәсекеде еліміздің барлық аймақтарынан сен тұр мен атайын деген 150-ге жуық зілтемірші сынға түседі.

Шара облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың алғысөзімен бастау алды. Ол:

— Қазақстанның Көк байрағын әлемге желбіретіп жүрген спортшыларымыздың қатары күннен-күнге артып келеді. Ол — Елбасымыздың спортқа үлкен көңіл бөлуінің арқасы. Сондықтан да өңірімізде жарыстар жиі ұйымдастырылып, даңқты спортшылар шығуда. Ауыр атлетикадан облысымыз тек қана елімізде ғана емес, әлемге аты шыққан спортшыларды тәрбиелеген үлкен мектеп. Бүгінгі дода біз үшін айрықша. Өйткені Көк Туымызды желбіретіп, абыройымызды асқақтататын спортшылар осындай елішілік жарыстарда анықталады, — дей келе, жарысты ашық деп жариялады. Осыдан кейін ауыр атлетикадан мемлекеттік жаттықтырушы Тәпсір Меңдіхан сөз кезегін алып спортшыларға сәттілік тіледі.

Аталмыш дода ішкі біріншіліктердің арасындағы ең маңыздысы. Өйткені, бұл сайыс әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарының алдындағы іріктеу болып саналады. Осы сыннан іркілмей өткен үздік зілтеміршілер қараша мен желтоқсан айында өтетін әлем чемпионатына жол тартады. Сондықтан да тау көтерген толағайлар жан алып, жан берісетіні анық. Бес күн бойы Жетісу жерін дүбірге бөлейтін айқасты көруге келген жанкүйерлердің саны есепсіз. Алғашқы жарыс күні де басталып кетті. Жарысқа жиналған зілтеміршілер алғашқы кезеңнен-ақ барын салып өнер көрсетіп, сайысқа тыңғылықты дайындықпен келгенін дәлелдеді. Барлығы бір-біріне тегеурінді қарсыластар. Алда тартысты кездесулер күтіп тұр.

ТҰРҒЫНДАРҒА КӨМЕК БЕРДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Омархан ӨКСІКБАЕВ Панфилов, Ұйғыр, Балқаш аудандарына жұмыс сапарымен келді.

Панфилов ауданында «Қорғас — Шығыс қақпасындағы» «Жаркент фрукт» ЖШС еңбек ұжымымен кездесіп, аудан тұрғындарының әлеуметтік даму жағдайымен жіті танысып, халықтың өзекті мәселелеріне назар аударды.

Ел қалаулысы Ұйғыр ауданына да ат басын бұрып, шонжылық тұрғындармен және аудандық ауруханаға еңбек ұжымымен жүздесті. Омархан Нұртайұлы ауызбіршілігі ажырамаған, бірлігі мен тірлігі жарасқан өңірдің бүгінгі даму беталысына оң баға берді.

Жері де, елі де бай киелі Балқаш өңірінің халқы Омархан Нұртайұлын құшақ жая қарсы алып, еңбекпен зор жетістікке жеткен «Динара ранчо» ЖШС мен «Береке» агрофирмасының бүгінгі беталысымен таныстырып, еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Сондай-ақ, аудандық партия филиалының ғимаратында бірнеше азаматты жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Депутаттың көмегіне жүгініп, мұң-мұқтажын айта келген Айман Мергенбаева жолдасының мүгедектігі мен отбасылық жағдайының төмендігіне байланысты мектеп жасындағы балаларына киім алу мүмкіндігі жоқтығын жеткізді. Жағдайға бірден жіті көңіл бөлген Омархан Нұртайұлы көпбалалы анаға өз атынан көмек көрсетіп, баласына қажет заттарды алып берді. Қабылдауда Әсел Садықова орта білім туралы аттестат алу туралы сұрап, арнайы кәсіптік колледжге оқуға түскісі келетіні туралы айтты. Бұл ұмтылысын құп көрген депутат Әселге де көмек қолын созып, мәселесінің оңтайлы шешілуіне ықпал етті.

EXPO 2017 • Future Energy • Astana Kazakhstan

Жуырда облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділовтың бастауымен мекеменің бөлім басшылары С.Тобаяқова, Т. Байғуатов, бас мамандар Ә. Асбекова, Д. Нұрқасымов, Ә. Адамбекова, Ғ. Бектұрова және А. Әлиевалар «ЭКСПО – 2017» көрмесін көріп қайтты.

Көрмеге барып қайтты

Олар көрмені аралаумен бірге еліміздің экологиялық жағдайын түзеу барысында атқарылып жатқан керемет табыстармен танысып, көңіл көкжиегін кеңітіп оралды.

Олардың көрмеден алған әсерлері де ерекше. Осыған орай Сәуле Тобаякова «Нұр Әлем» павильонынан алған әсерімен бөліссе, Тілеухан Байғуатов Ұлы Дала елінің баламалы энергия көздеріне бай екенін жеткізе баяндады. Ал Ғалия Бектұрова көрме қалашығының әдемілігі мен ондағы ғылымның жаңалықтарын тілге тиек етсе, Аида Әлиева болашақ энергиясы туралы көргендерімен бөлісті. Қысқасы, олардың алған әсері, көңілге түйгені бізді де әсерлендірді.

Сейдалы САРИЕВ,
Алматы облысы бойынша экология департаментінің бас маманы.

СЕЛЕКТОР

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРАЛДЫ

Бұл жолғы Үкімет отырысында алдағы қысқа дайындық, электр энергиясын үнемдеу және «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беру нысандарын салу барысы қаралды. Осыған байланысты атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде салаға жауапты министрлер мен бірқатар өңір әкімдері хабарлама жасады.

Алдымен ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев елдегі энергия таратушы кәсіпорындардың қысқа дайындық жұмыстарының аяқталуға жақындағанын мәлімдеді. Биыл 10 энергия торабына, 61 энергетикалық қазандыққа және 49 турбинаға жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделген. Сондай-ақ, жалпы ұзындығы 25 мың шақырым электр тарату желісін, 6 300 аралық стансыны жөндеу жоспарланған. Бүгінде осы бойынша жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Электр стансыларында 3,7 млн. тонна көмір қоры, 82 мың тонна мазут бар.

Бұдан өзге, министр елдің газ-көлік инфрақұрылымы нысандарының штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанын, оларға техникалық қызмет көрсету жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқанын баяндады. Қазақстанның оңтүстік өңірлерін жылыту кезеңіне газбен жабдықтау «Қазақстан-Қытай», «БГР-ТБА», «Бейнеу-Шымкент» газ құбырларымен газ жеткізу арқылы және Амангелді кен орнының газы есебінен қамтамасыз етілмек.

ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек жылыту маусымына дайындық мақсатында жұмыс жоспарының бекітілгенін атап өтті. Қазан айының ортасына дейін барлық нысанды, соның ішінде дербес қазандықтар мен инженерлік желілерді дайындау жұмыстары толық аяқталмақ. Қазіргі таңда 11 мыңнан аса білім беру нысаны толықтай жөнделген. Денсаулық сақтау бойынша 6 445 нысанды жөндеу көзделсе, бүгінде соның 98 пайызы дайын. Сондай-ақ, жоспарланған 2 113 шақырым жылу желісінің 2 000 шақырымы жөнделген.

Бүгінде Алматы, Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстарының жылу желілері шамамен 85 пайызға әзір. Сумен жабдықтау желілерін дайындау бойынша жоспардағы 2 040 шақырымның 87,6 пайызына жөндеу жүргізілген. Дербес қазандықтардың отынға деген қажеттілігі алдағы маусымда 1 227 мың тонна көмір, 122 мың тонна мазутты құрайды. Бүгінге дейін 1 070 мың тонна көмір, 63,6 мың тонна мазут жеткізілген.

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің айтуынша, министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, алдағы жылыту маусымына дайындық жұмыстарына мониторинг жүргізуде. Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктерінің берген мәліметіне қарағанда, жылыту маусымына 2 617 мемлекеттік балабақшасы, 7 094 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп, 473 колледж және 130 жоғары оқу орны дайындалған.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов елде 5 774 (жалгерлік және жекеменшік нысандарды есепке алмағанда) денсаулық сақтау нысаны жұмыс істейтінін атап өтті. Олардың 822-сі орталықтан, 312-сі электрмен, 3 815-сі қатты әрі сұйық отынмен және 825-і газ жабдығымен жылытылады. Республикалық маңызы бар 41 нысанның қысқа дайындығы 98 пайызды құрайды, 37 нысан өзірлік актісін алған, 4 нысанда жұмыс жалғасуда және оны қыркүйек айының соңына дейін аяқтау көзделіпті.

Сондай-ақ, қазір Үлт жоспарының 59 қадамын жүзеге асыруда энергия үнемдеуге ынталандыру мақсатында сервистік қызметтер нарығын дамыту жұмыстары жүргізілуде. ИИДМБ аясында жылу ұстағыш материалдарды, энергия үнемдейтін шамдарды, энергия тиімділігін арттыратын электр жабдықтарын шығару бойынша бірқатар жоба жүзеге асырылған. Таяу жылдарға ведомствоның алдында екі ірі міндет қойылыпты. Олар: энергия үнемдеуге ынталандыру тетіктерін кеңейту және энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру. Яғни, ол жергілікті атқарушы органдардың энергия үнемдеудің аймақтық саясатын жүзеге асыру бойынша рөлі мен жауапкершілігін арттыруды және мемлекеттік бақылау тиімділігін көтеруді қарастырмақ.

Осы ретте Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев күн тәртібінде қаралған мәселелерге байланысты нақты тапсырмалар жүктей отырып, энергия тиімділігі бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне Энергетика, Ауылшаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, өнім бірлігін өндірудегі энергия тұтыну нормативтерін белгілеу мәселесін пысықтауды тапсырды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Облыста Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында «Рухани керуен» жобасы бастау алды. Облыстық дін істері басқармасы ұйымдастырған игі шараға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАР арнайы келіп, ақ жол тіледі.

КЕРУЕН ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Жетісу
Мәулен ӘНЕРБАЙ

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін ілгерілету, дінімізді насихаттау, рухани құндылықтарды жеткізу, деструктивті діни ағымдарға қарсы күресу, тұрғындардың санасын жаңғырту және туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында жолға шыққан керуен сапары 3 айға созылады. 50-ге жуық әртүрлі сала мамандары өңірдегі қала, аудандарды аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізбекші. Талдықорған қаласының «Жастар» саябағында орын алған «Рухани керуен» жобасының салтанатты ашылуында Жақсылық Мұқашұлы:

– Әлемдегі діни ахуалдың қиындығына өздеріңіз куә болып жүрсіздер. Оның салқыны бізге де тиюде. Соған қарсы елдің иммунитетін ояту, экстремизмді болдырмау және асыл дініміз бен ежелден қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғырту мақсатында осындай жобаны қолға алдық, – деп игі шара жайлы әңгімеледі. Әрмен қарай сахна төрінде облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт ақжарма тілегін білдірді. Ал ҚР Мәдениет қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы, кино актері Әлімғазы Райымбеков ақ батасын арнады.

«Рухани керуен» жобасы аясында құрылған жұмыс тобы елді мекендерді аралау барысында «Рухани жаңғыру: ел ертеңінің бастауы» тақырыбында зиялы қауым өкілдерімен сұхбат өткізеді. Сондай-ақ, «Денсаулық – болашақ кепілі!» тақырыбында діни себептермен екпе, қан құюдан бас тартқан азаматтармен жұмыс, «Рухани жаңғыру: туған жер – алтын бесік» атты сурет және кітап көрмесі, «Ақпараттық түсіндіру жұмысы – діни сауаттылықты арттырып, рухани байлығымызды дәріптейді» тақырыбында білікті діни танушы ғалымдармен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылады. Деструктивті діни ағым ықпалына түскен азаматтарды оңалту, «Рухани мұра» атты концерттік бағдарлама, шығармашылық топтың мәдени-рухани «Дертке дауа – Хақ жолы» қойылымдары қойылады.

Жұмыс тобы қыркүйек айында Жамбыл, Қарасай, Талғар, Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарын араласа, қазан айында Панфилов, Ұйғыр, Райымбек, Еңбекшіқазақ, Іле аудандары мен Қапшағай қаласына сапар шегеді. Ал қараша айында Көксу, Кербұлақ, Балқаш, Ескелді, Қаратал аудандары мен Текелі, Талдықорған қаласында өткізеді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

2-бет
Ақындар мен батырлар елінен бастады

3-бет
Өлең – сөздің патшасы...

4-бет
Аң аулау маусымы ашылды

КӘСІБІ — НӘСІБІ

Райымбек ауданының орталығы Кеген ауылында қараусыз қалған және тозған ғимараттар бар. Оларды жаңарту үшін әкімшілік инвесторларды іздеу үстінде. Бірнеше ай бұрын осындай қараусыз қалған нысанның бірін аудан тұрғыны Аслан Баянғожаев жалға алды. Аз уақытта ғимарат ішін жөндеп, онда мал соятын цех ашты. Бизнес жоба аудан тұрғындары мен билік өкілдері тарапынан қызу қолдау тапты.

МАЛ СОЮ ЦЕХЫН АШТЫ

Жетісу
Қажет АНДАС

Цех Аслан Баянғожаев үшін алғашқы кәсіпкерлік нысаны. Бұған дейін ол кәсіпкерлер палатасының Райымбек аудандық филиалының қолдауымен «Бизнес-Кеңесші» жобасына жазылып, кәсіпкерлік негіздерінің оқуын тамамдады. Кейін жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, мал союцехын ашу ниетін білдірді.

– Кәсіпкердің жобасы бойынша ғимаратты жалға беру мәселесін қарастырып, қажетті құжаттарды жинай бастадық. Жалпы, бұл цех аудандағы барлық талапқа сай ашылған алғашқы орын. Шаруа қожалықтарының көптігіне қарамастан кез келгенінің жеке қасапхана жасауға мүмкіндігі жете бермейді. Сондықтан, бұл бизнес түрі өте табысты және болашағы зор, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының Райымбек аудандық филиалының директоры Жанна Қырғызалықызы.

Бүгінгі таңда қасапханада қажетті құрал-жабдықтардың барлығы бар. Мал жинайтын алаң, соятын жер мен өнімді сақтайтын, мұздататын камералар дайындалған. «Райымбек Ет» деп аталатын цехта төрт адам жұмыс істейді. Аптасына 30-дан астам мал сойылады.

– Етті Кегендегі орталық базарда сатамыз. Бірақ, өнімнің басым бөлігі Алматы қаласындағы сауда нысандарына шығарылады. Себебі, онда біздің етке сұраныс жоғары. Алдағы уақытта цехты кеңейтіп, өнім көлемін арттыруды жоспарлап отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Аслан Баянғожаев ауылда мал базарын ұйымдастыруды да қолға алмақ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясындағы «Рухани керуен» жобасымен облыс орталығынан аттанған жұмыс тобы Жамбыл ауданына келді. Құрамына облыстық басқармалар мен Жетісу өңірінің зиялы қауым өкілдері енген керуен аудан орталығында бір күн бойы әртүрлі шаралар өткізді.



АҚЫНДАР МЕН БАТЫРЛАР ЕЛІНЕН БАСТАДЫ

Жетісу

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруындағы делегация алдымен Ұлы Отан соғысы боздақтарының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан активімен жүздесті. Кездесуде облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов «Рухани керуен» жобасының мақсат-міндетімен таныстырды. Үш айдың ішінде аудан, қалаларды түгел аралап шығуды мақсат еткен сапарды осы ауданнан бастаудың өзі тегін еместігін тілге тиек етті. Сүйінбай мен Жамбылдай арқалы ақындардың, Қарасайдай батырлардың елі рухани дүниеге бай киелі мекен. Тамыры терең, өзегі өлең жұрт. Ұлт дәстүрін ұлықтауда өзгеге берер өнегесі мол. Сондықтан осы жерден басталған істің сәтті боларына сенімді екенін атап өтті.

Жұмыс тобының құрамындағы елге белгілі спорт ардагері, Әлем және Олимпиада чемпионы болған даңқты балуан, облыстың Құрметті азаматы, бүгінде кәсіпкерлік қызметте көпке үлгі болып жүрген Жақсылық Үшкемпіров ұлттық рух, намыс төңірегінде тереңнен ой қозғады. Жиында сондай-ақ аудандық «Ақ әжелер» халықтық-этнографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі, ардагер-ұстаз Күміс Кемелбекова, Талғар ауданының Құрметті азаматы, ақын-сазгер Кәмнұр Тәлімов, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Алматы өңірі бойынша өкіл имамы Қуаныш Наржанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қырғызбек Атагелдиев рухани жаңғыру, ұлттың асыл мұраларын сақтау төңірегіндегі ой-пікірлерін ортаға салды.

Аудандық кітапханадағы «Рухани жаңғыру: ел ертеңінің бастауы» тақырыбындағы зиялы қауым өкілдерімен сұхбат та пайдасы мол пайымдауларымен мазмұнды өтті. Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев жүргізді. Оқырман залындағы «Туған елім – тұғырым» атты кітап көрмесімен танысқан көпшілік рухани керуеншілердің тағылымды әңгімелерін тыңдап, өздері де пікір білдірді. Аудан елді мекендерінен ақсақалдар, ардагер-мұғалімдері қатысқан шарада Ұзынағаш селолық округінің әкімі Ескелді Қасымовтың ауылдағы діни ахуал туралы хабарламасы тыңдалды.

Облыстың құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен тұратын енді бір топ Ұзынағаш және Қарғалы ауылдарында жат діни ағымдардың ықпалына түскен азаматтармен оңалту жұмыстарын жүргізді. Ал жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мамандары деструктивке шалдыққан отбасы мүшелерін қоғамға бейімдеу мақсатымен олармен аудандық кітапханада кездесті. «Рухани жаңғыру: жарқын істердің бастамасы» тақырыбында өткен шарада олардың әлеуметтік мәселелерін шешу жолдары жан-жақты қарастырылды.

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында «Дінаралық татулық – болашаққа нық қадам» тақырыбында діни бірлестік жетекшілерімен өткен кездесу де мазмұнды. Дін істері басқармасының басшысы Рахмет Разбекұлы мен аудан әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев жүргізген жүздесуге негізінен имамдар жиналды. Сонымен қатар спорт кешенінде «Дін бірлігі – ел тұтастығының кепілі» айдарында волейболдан жарыс тартысты өтті. Оған төрт команда: имамдар, жастар, облыстық дін істері басқармасы және ауданның әртүрлі спорт түрлерінен жеңімпаз спортшылардан құралған командалар қатысты.

Кешкісін аудандық Мәдениет үйінде «Рухани мұра» атты концерттік бағдарлама тамашаланып, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әртістері және аудандық «Сүйінбай сазы» ансамблі ән мен жырдан шашу шашты. Кәделі әндер, жақұт жырлар, тағылымды термелер орындалғаннан кейін көрермен назарына облыстық Бикен Римова атындағы драма театрының «Дертке дауа–Хақ жолы» атты әсерлі әлеуметтік драмасы ұсынылды. Діни экстремизм мен терроризм жетегінде кеткен жігіттің тағдыры сомдалған спектакльдің жас көрерменге берер тағылымы мол болды.

Жамбыл ауданы.

«ӘЛЕМ БАРЫСЫ»

ТҮЙЕ БАЛУАНДАР БЕЛДЕСЕДІ

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте 8 қыркүйек күні Астанадағы «Барыс Аренада» қазақ күресінен «Әлем Барысы» атауымен түйе балуандар арасында өтетін әлем чемпионаты жайлы сөз болды.

Жетісу

Қажет АНДАС

ЭКСПО халықаралық мамандандырылған көрмесі аясында ұйымдастырылып отырған беделді бәсекеге 40 елдің балуаны қатысады. Шетелдік спортшыларға Қазақстанның төрт балуаны қарсы шығады. Еске сала кетсек, 22 тамыздан бастап қазақ күресінен Қазақстан Ұлттық құрамасы Астанада оқу-жаттығу жиынын өткізуде. Жиын нәтижесі бойынша бас жаттықтырушы Ерлан Естек бастаған бапкерлік кеңесінің шешімі бойынша бұл додаға Айбек Нұғымаров, Мұхит Тұрсынов, Айбат Сейтен және Дәурен Нұралинов, сонымен қатар, биылғы «Қазақстан Барысы» жеңімпазы Еламан Ерғалиев, танымал түйе балуан Ержан Шынкеевтің қатысуы бек мүмкін.

«Әлем Барысы» осымен екінші рет өткелі тұр. 2014 жылы алғашқы турнирге 35 елдің апайтөс балуандары қатысты. Осы реткі біріншіліктің жалпы жүлде қоры 30 миллион теңге. Оның 15 миллионы жеңімпазға тиесілі. Дәстүр бойынша, алтын, күміс және қола белбеулер де қарастырылған. Жанкүйерлер де жүлдесіз қалмайды. Көрермендер арасында Renault Logan автокөлігі ойнатылады. Сондай-ақ, жарыс шарты бойынша, барлық қатысушыға қазақ күресіне арналған спорттық күртеше мен аяққием беріледі.

Балуандарға фотосессия ұйымдастырылып, шетелдік төрешілерге қазақ күресінің ережелері бойынша семинар өткізу жоспарланған.

ТУРИЗМ

Облыста мемлекеттік қолдаудың арқасында экстремальді туризм дамып келеді. «Рафт–Сервис» ЖШС туристік компаниясы 2005 жылдың мамыр айында сауда компаниясы ретінде құрылып, бір жылдан соң ішкі туризмге көшеді. Содан бері аталмыш саламен айналысуда.

ДАМУ ЖОЛЫНДА

Компания Ішкі туризм қауымдастығына тіркелген. Белсенді көрмелерге де қатысады. Ішкі туризм бойынша көптеген серіктесі бар. «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаржыландырылып, нәтижесінде Шелек өзенінде кемпинг лагерін ұйымдастыру жобасын жүзеге асырды. Негізінен су туризмі, тимбилдинг бойынша қызметтер көрсетеді. Сондай-ақ, пәйнтбол, қыс кезінде шанамен сырғанау сияқты басқа да ойын түрін ұйымдастырып, табиғат аясында сейіл құруға ықпал етеді. Ойындар Іле, Түрген, Шелек, Шарын, Көксу, Қаркара өзендерінде ұйымдастырылады.

«Ұлы Жібек жолындағы Кемпинг лагері экологиялық туризмнің беделін арттыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ, бұл елдің имиджі саналады. Кемпинг лагерінде демалушылар үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Яғни, бұл табиғат аясында саяхат жасаушылар легін ұлғайтуға мүмкіндік береді», – дейді аталмыш серіктестіктің басшысы Сергей Крадинов.

Компания жылдық 14 пайызбен 20 000 000 теңгеге қаржыландырылды, оның 10 пайызын мемлекет субсидиялайды. Бұған қоса кәсіпкер «Даму» қорының кепілдігін алды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

Елде Мемлекет басшысының Жарлығымен 2013 жылғы мамырда Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы қабылданып, бұл орайдағы міндеттер белгіленді. Сонымен индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы және «ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу жоспары аясында «Жасыл экономиканы» игерудегі алғашқы қадам жасалды. Экологияны жақсарту қамымен Астана маңында қолға алынған жасыл белдеу бүгінде ну орманға айналды. Иә, жағымды жетістіктер жеткілікті. Десе де, елдегі энергияның 99% бүгінде дәстүрлі қуат көздерінен өндіріледі. Ал табиғи қуат көздерінен өндірілетін энергияның үлесі 1%-дан аспайды. Ал дамыған елдерде энергияның әр бесінші киловатт-сағаты «Жасыл экономикаға» тиесілі.

Шетелдерде жасыл технологияның дамуы, экологиялық жаңғыру идеялары XX ғасырдың 80-90 жылдары қарқын алды. Басты алғышарты – екі есе ұту ұстанымына сүйене отырып, бұл идея мақсатқа сай экономикалық өсімге қол жеткізумен қатар ресурстарды үнемдеу және жасыл инновацияны ендіруші компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашты. «Жасыл экономика» бағдарламасы 2009 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумда жаһандық дамудың бірден-бір жолы деп танылды.

Аталған бағдарламаны ауыл-шаруашылығында қолданып, одан жоғары және сапалы өнім өндіру, суармалы жердің көлемін ұлғайтып, жұмсалатын су мөлшерін азайтады. Бұл күннен-күнге өсіп келе жатқан су ресурстарының тапшылығына, су ресурстары сапасының нашарлауына, суармалы жерлердің тұздануына тікелей байланысты. Жаһандық климаттың жылынуына байланысты жылдан жылға үдеп келе жатқан су тапшылығынан әсіресе Орта Азия елдерінде суды тиімді пайдаланудың жолы мен тәсілін іздестіру, су тапшылығына төзімді дақылдар мен олардың сорттарын іріктеу бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналып отыр. Бұл мәселені ойдағыдай шешу болашақта елдің азық-түлік және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты екені даусыз. Сондықтан еліміз кейінгі жылдары тамшылатып суару технологиясын тиімді пайдалана бастады.

Тамшылатып суару басқа суару түріне қарағанда тиімді. Тіпті шетелдік ғалымдар тамшылатып суарудың басқа суару түрімен салыстырғанда жоғары өнімділікке қол жеткізетінін анықтап отыр. Тамшылатып суару барысында жамылғы пленкаларын қолдану ылғалды сақтап қана қоймайды, арамшөптермен күресуде де тиімді. Бұл технология Қытайда ғана емес, Пәкістан, Мозамбик, Нигерия, тағы басқа елдерде 1 млн. гектардан астам жерде кең қолданылуда. Тамшылатып суару технологиясы негізінен жеміс, көкөніс, қант қызылшасы, мақта, жүгері, майбұршақ, тағы басқа дақылдар өсіруде қолданылады.

Елдің оңтүстік аудандарында тамшылатып суару жүйесі пайдаланылатын егістіктің көлемін арттырып, оған демеуқаржы бөлу көзделуде. Мұндай технологияны Қарасай ауданы 2012 жылдан бастап Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы институты суармалы егіншілік бөлімінің тәжірибелік жерінде күріш, қант қызылшасы, майбұршақ, жүгері, күздік бидай дақылдарына қолдана бастады. Атқарылып жатқан ғылыми-тәжірибелік жұмыстың басты мақсаты – аталған дақылдарды өсірудің толық технологиясына тамшылатып суару тәсілін енгізу.



Бір мезетте суару лентасымен жамылғы пленкасын жабу арқылы себу

Атқарылып жатқан ғылыми жұмысқа егіншілік бөлімінің жетекшісі, ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Оспанбаев жетекшілік етеді.

Тамшылатып суару технологиясына келсек, алдымен топырақ өңделеді, сосын арнайы техникамен суару түтікшелері тартылады. Сол түтікшелердің үстіне үлкен арнайы пленка төселеді, оның екі жанына дискімен топырақ жабылады. Содан соң арнайы сепкішпен пленканы тесіп дақыл себіледі. Пленка жерге арамшөпті өсірмейді. Ол шамалы уақыттан кейін ыдырап жоқ болады. Қосымша қаражатты қажет етпейді. Нәтижесінде, арамшөп тарамайды. Екінші жағынан, тамшылатып суаруда су жүйесімен таралатын арамшөп тұқымы мүлде болмайды. Себебі, су жүйесінде сүзгіш орнатылған. Егіс арамшөптен таза болады. Сондықтан егілген дақылдардан мол да сапалы өнім жиналады.

Жамылғы пленканы пайдаланып тамшылатып суару әдісі күріш, жүгері мен майбұршақ дақылдары өскіндерінің ерте және біркелкі өсіп шығуына, олардың пәрменді өсіп дамуына, өнімділігінің жоғарылауына жақсы әсер етеді. Тамшылатып суарғанда жамылғы пленканы пайдалану егістіктің арамшөптермен ластануын азайтады. Бұл егістікте қол жұмысын немесе механикалық және химиялық әдістерді пайдалануды шектейді. Жүгері мен майбұршақ дақылдары үшін жамылғы пленканы пайдаланып жер үстімен тамшылатып суару, ал қант қызылшасын өсіру үшін пленкасыз жерастымен тамшылатып суару ең қолайлы. Тамшылату әдісін пайдаланғанда дақылдарды суғаруға кететін су мөлшері 2,5-3 есе қысқарады. Екінші жылдың зерттеулері күрішті тамшылатып суарудың ең тиімді тәсілі жерасты арқылы суару екенін дәлелдеп отыр. Бұл орайда су мөлшері 5-10 есе қысқарады.

Осы айтылған технологияны қолданып, биылдан бастап «Әлмес» ЖШС егіс алқабында күріш, майбұршақ, жүгері, сорго, могар дақылдары себіліп, тәжірибеден өтуде. Қазіргі кезде айтылған дақылдардың шығымдылығы орташа, қажетті жұмыстар толығымен атқарылып жатыр.

Айта кететін мәселе, күріш дақылын тамшылатып суару жұмысына электр, күн сәулесінің қуаты пайдаланылады. Бұл бағытта Қазақ ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары тәжірибе жүргізіп жатыр. Онда күріштің 12 сорты сынақтан өтуде. Республика көлемінде аудандастырылған сорттар да бар. Жекелеп алғанда айтылған күріш сортының пісу мерзімі 90-110 күннің арасында. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты Балқаш ауданы жағдайында қандай сорт түрі аудандастыруға жарамды, олардың өнімділігін, жер жағдайына төзімділігін сынақтан өткізу. Сол арқылы тұқым шаруашылығымен айналысып, демеуқаржы алу жағын қарастыру. Атқарылып жатқан ғылыми жұмысқа ауылшаруашылығы ғылымының докторы, республикаға белгілі «Ақмаржан» сортының авторы Құрманбек Бәкіровлы жетекшілік етеді.

Өткенге үңілсек, 1970–1980 жылдары Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары Ақдалада күріштің ауыспалы егісін игерсе, 1974–1980 жылдары бұрынғы «50 жылдық» кеңшарының ауыр топырақ түріне егілген күріштің шығуы шыққанымен толығымен құрап қалатын жағдайын сынақтан өткізіп, бұл топырақтағы химиялық элемент бордың әсерінен болатынын анықтады. Оған қарсы, яғни, күріш солып қалмауы үшін мырыш тыңайтқышын қолданып, бордың әсерін төмендетіп күріштің өсуіне қолайлы жағдай жасалды. Осыдан кейін Ақдаланың топырақ құрамы жақсарып, дақыл өнімділігі көтерілгені белгілі. Сол қатарда күріштің жаңа сорттары егіліп, оны өсірудің жаңа технологиясы күріш ауыспалы егісінде қолданылды. Ол «Іле» тәжірибе шаруашылығында атқарылды. Ал «Әлмес» ЖШС егіс алқабында жүзеге асыра бастаған тамшылатып суару технологиясының да берері аз болмайды.

Жұмағали ОСПАНБАЕВ,
Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-дың егіншілік бөлімінің меңгерушісі, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор.
Ермек ӨНЕРБЕКОВ,
«Әлмес» ЖШС директоры.
Созақбай САДЫҚОВ,
ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Әлем тынысы

102 БАЛАНЫҢ ӘКЕСІ



Аталық ұрық донорлығы ережесіне салғырт қараған еркек абайсызда 102 баланың әкесі атанды. Донор болған азамат бар болғаны әйелдер қауымын бақытқа кенелткісі келгенін мойындады.

Анығырақ айтсақ, есімін құпия сақтаған нидерландық ер адам донорлық ережелерін сақтамай, өзінің ұрығын 11 клиникаға тапсырған. Кейін бірден 102 баланың әкесі атанып шыға келген. Нидерландта жасанды жолмен ұрықтандыру клиникалары қайта тексеріліп, заңдық тұрғыда тергеу басталды. Тергеу барысында елдің Денсаулық сақтау министрлігі клиникаларда донорларға бақылау жасалмайтын бірнеше жағдайды анықтады. Жалпы Нидерландта бекітілген ережеге сәйкес, донор болмас бұрын ер азаматтар өз ұрықтарын тек бір клиникаға тапсыратындығына байланысты келісімге қол қоюға тиіс.

КЕЗДЕСПЕГЕНІ ҮШІН ҚОЛЫН КЕСТІ



Үндістанның Уттар-Прадеш штатында 15 жасар қыз 19 жастағы Винод Чуразиямен кездесуден бас тартқаны үшін қолдарынан айырылды. Бұл жайлы «Daily Mail» басылымы хабарлады.

Жергілікті полиция қызметкерлерінің мәліметінше, жас жігіт қолына семсер алып, қыз жүрген базарға келген. Қыздың қасында туған ағасы болған. Винод оқушы қызды кездесуге баруға ұзақ үгіттейді. Оның қарсылығын естіген соң ашуға ерік беріп, сүйіктісінің қолдарын білегінен кесіп тастаған. Қолын кескеннен кейін өкінудің орнына тағы бірнеше жерін жаралаған. Сол маңайдағы адамдар қызға араша түсіп үлгерді. 15 жастағы оқушы қыз ауыр жағдайда ауруханаға жеткізілді. Ол көп қан жоғалтқан. Қазір полиция қызметкерлері қыздың қаскүнемге қарсы түсініктеме беруі үшін оның жағдайының оңалғанын күтіп отыр. Жігіттің мұндай менмендігі мен жүйкесінің жұқалығы қыздың болашағына балта шапты. Сонымен бірге, өзі де темір торға тоғытылмақ.

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР ПОЙЫЗЫ



Таңғы және кешкі жұмыстан қайтар уақытта қоғамдық көліктер мен пойызда иін тірескен жолаушыда есеп болмайды. Бір-біріне тақалып тұрған ерлер мен әйелдер сырт көзге тіптен әбес көрінеді. Сондықтан, ерлер мен әйелдер пойызы екі бөлек жүргені жөн.

Ұлыбританияның министрлер кабинетінің мүшесі Крис Уильмсон осындай идея ұсынды. Бұл туралы «Telegraph» басылымы жазды. Кристің айтуынша, мұндай шешім әйелдер үшін «қауіпсіз кеңістік» құруға жасалған қадам болар еді. Өйткені, елде соңғы бес жылда пойыздардағы сексуалдық сипаттағы қылмыс түрлері екі есеге артқан. Басылымның жазуынша, 2016-2017 жылдары британ полициясы 1448 қылмыстық оқиғаны тіркеген. Ең алғаш мұндай бастаманы 2015 жылғы сайлау науқаны кезінде лейбористік партия көшбасшысы Джереми Корбин көтерген. Алайда жұртшылықтың, сондай-ақ әйел депутаттар тарапынан айтылған сыннан кейін бұл жоспар жүзеге асырылмай қалды.


БЛОГЕР БОЙЖЕТКЕН



Сағаттап тікелей эфирге шығуға маманданған Қытай елінің ең бай блогері Леле Тао орташа алғанда жылына 448 мың доллар табыс табатынын айтты. Бойжеткен елдегі ең көп ақы төленетін блогерлердің бірі саналады.

24 жастағы ғаламтор жұлдызы бірнеше сағат бойы камераның алдында отырып, ән айтып, би билейді. Блогер қыз тікелей эфирге үш сағат бойы дайындалады, ал трансляция тоғыз сағатқа дейін созылады. Тао өзінің миллиондаған аудиториясының алдында макияжсыз шықпаған көрінеді, себебі басқа да блогер қыздар тарапынан бәсеке жоғары. «Мен басқалардың менен әдемі және менен артық екенін білемін, сондықтан аудиторияны жинау үшін көп жұмыс істеуім керек»,— деп атап өтті қытайлық бойжеткен. Бойжеткен онлайн аудиторияның алдына 18 жасынан бастап шығуда. Ол агенттікпен ынтымақтасып жұмыс жасайды, сондықтан серіктестерінің көптеген талабын орындауға мәжбүр. Сондай-ақ, оның табысының бір бөлігін агенттік алып отырады.

СОҒЫС ҚҰЖАТТАРЫ ҚҰПИЯ ЕМЕС



Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі барлық дерлік құпия істерді жария етті. Тек құпия ретінде 10 миллион құжаттың 2 мыңға жуығы ғана қалып отыр.

Бұл туралы мұрағаттың бас құжаттанушысы Виктория Каяева мәлім етті. «Орталық мұрағат құпия құжаттарды жария ету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Бүгінгі күні құпия таңбасы бар істер көп қалмады, ары кетсе 2 мыңнан сәл асады»,— деді В. Каяева. Оның атап өтуінше, мұрағатта Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі құжаттардың барлығында құпия таңбасы болған. «Бұл құжаттарда қандай ақпараттың болғанына қарамастан, сақтап қалу мақсатында осылай жариялап отырмыз»,— деп нақтылады ол. Сондай-ақ, мұрағат қоғамға қызықты деген жекелеген құпия құжаттарды өз бетімен жариялайды. Алайда олар бойынша шешімді орталық сарапшылар комиссиясы қабылдауы тиіс.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

№ 101 (18377)
Сейсенбі, 12 қыркүйек, 2017 жыл.

EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan



ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ

Бес жылдан бері қазақстандықтардың басты назарында болған, баламалы энергияның ерекше мүмкіндігін мүлде басқа қырынан көрсетіп үлгерген «ЭКСПО – 2017» көрмесінің де жабылу салтанаты өтті. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған түрі бөлек болса да жүрегі ортақ, тілегі телегей жандар иық тіресіп тұрып, осы бір маңызды шараның сәтті аяқталғанына қуанышын білдірді. Әсіресе, көрме қалашығындағы көріністер көңіл қуантты. Үш ай бойы ауылын алысқа тастап, қазақ елінде жүрген шетелдіктер мен көрменің басы-қасынан табылған отандастарымыздың көңілдері шат. Олар көрменің жабылғанына емес, алға қойған мақсат-жоспардың ойдағыдай орындалғанына қуанышты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтарды осынау маңызды шараның сәтті аяқталғанына орай ыстық ықыласпен құттықтады.

Елбасы жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Астана мен елдің барлық өңірінің күш жұмылдыруының арқасында «ЭКСПО – 2017» көрмесінің табысты өткенін айтты. Нұрсұлтан Назарбаев көрменің Қазақстан экономикасын дамытуға мультипликативтік тұрғыдан оң әсер еткенін ерекше атап өтті. Елбасы атап өткендей, көрме аясында шағын және орта бизнестегі 1400-ден астам кәсіпорын құны 640 миллиард теңге болатын тауарларды жеткізуге және қызмет көрсетуге тапсырыс алды. Туристік сектор жандана түсті. Туроператорлардың қызметіне деген сұраныс 1,8 есе артса, бас қаладағы кәсіпкерлік субъектілерінің саны 10 пайыздан аса көбейді. Елорда бюджетіне қызмет көрсету саласынан түскен салық 1,2 есе өскен. Жалпы, ЭКСПО аясында 6 мыңнан астам түрлі іс-шара өткізіліп, әлемнің интеллектуалдық және технологиялық әлеуетін көрсетуге зор мүмкіндік берді. Мұнда жаңартылатын энергия көздері саласындағы 140-қа жуық ғылыми жаңалық көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, ЭКСПО аясында қазіргі заманғы энергетикалық саясаттың басымдықтары жөнінде жаһандық диалог ұйымдастырылып, энергетика мен экология саласындағы заманауи проблемаларды шешуге арналған ұсынымдар әзірленді. Сондай-ақ, көрменің аяқталуы бірнеше ауқымды жаңа жобаларды бастауға мүмкіндік береді.

Елбасы айтқандай, Қазақстанның беделін асырып, елімізді әлемге танытқан көрме бұдан кейін де өміршеңдігін жоғалтпайды. Расында, үш ай бойы Астана қаласына қаншама елдің өкілдері келді, қазақ елін мүлде білмейтін жандар кең-байтақ жеріміздегі кеңпейіл халқымыздың қонақжайлығына тәнті болып қайтты. Болашақта атқарылатын келісімдер Арқа төсінде бекітіліп, атқарылуға жол алды. Мұндай кереметтерді санай берсек көп.

Әлем назарын аударған салмақты шараның салтанатын театрландырылған шоу аша түсті. Күрделі инженерлік, көркемдік және қойылымдық көріністер қолданылған ауқымды Hi-Light Show жарықтық иллюзиялар, графикалық проекциялар мен шынайылықты бір арнаға тоғыстырып, тамаша үйлесім тапты. Әуе гимнастикалары қозғалысымен бірге әуеде қалқыған көп тонналы декорациялар және үнемі кейіптенетін сахна көрме қонақтарына фантастикалық болашақ әлеміне сапар жасауға мүмкіндік берді. Көрменің жабылу салтанатының бас продюсері Борислав Володиннің айтуынша, шоуда көрмеде ұсынылған энергетика және технология саласындағы әзірлемелерді көрсетуге ерекше ден қойылыпты.

Басы. Жалғасы 3- бетте.

БРИФИНГ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, Талдықорған!

Әсем қаламыздың мерейлі мерекесі басталып та кетті. Айшықты шара айдың аяғына дейін жалғасады. Қала күні биыл да ерекше тойланады. Соған орай қала әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз конференциясында қала әкімі мерекеге орай өткізілетін шаралар легін атап өтті.

– Өздеріңізге белгілі, қыркүйек айында қала күніне арналған іс-шараларды бастаймыз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына орай, түрлі шаралар ұйымдастырылады. Талдықорған қаласы тек жарқын да заманауи облыс орталығы ғана емес. Бұл біздің еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан шырайлы шаһар, – деді Бағдат Әбілмәжінұлы. Сонымен қатар, қала басшысы мерекелік бағдарлама толық бекітілмегенін, уақытында тағы да өзгерістер болуы мүмкін екендігін ескертті.

Жыл сайын қала күнін атап өту дәстүрге айналған. Талдықорған – өндірісі өркендеген, өткен ғасыр басында ұлт зиялылары қызмет еткен рухани орда. Облыс орталығының сан ғасырлық тарихи бейнесінде терең саяси, рухани мән жатыр. Сондықтан, Талдықорғанның туған күніне әрбір тұрғын атсалысуы тиіс. Бір айта кететіні, қала күніне бұрын-соңды өңірімізге келмеген өнер жұлдыздары қатыспақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

КҮРЕТАМЫР

Жастарға қызмет көрсету орталығының мәжіліс залында «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері» туралы парламенттік тыңдауды жетісулықтар арнайы телеэкраннан көрді. Елорда төрінде өткен басқосуға ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин, Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев, қос палата депутаттары мен мемлекеттік орган өкілдері, әліпби жобасын әзірлеуші Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының және Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылым және мәдениет қайраткерлері, ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Әлем қазақтарын біріктіретін әліпби

Жетісу
Еңлік КЕНЕБАЕВА

– Біздің ұлттық санасезім, рухани даму, өркендеу жолымыз, осының барлығы, қазақ тілінің жаңа әліпбиін жасаудан басталады. Себебі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, қазақ тілі – ол біздің рухани негізіміз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Сонымен бірге, жаңа әліпби бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор, – деді Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин.

Жергілікті агенттіктердің хабарлауынша, әліпби нұсқасын Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек пен Тілдерді дамыту орталығының директоры Ербол Тілешов таныстырды. Жаңа әліпби жобасында 25 таңба бар. Ербол Тілешовтің айтуынша, әліпбиді құрастыруда қазақ тілінің үндестік заңдылығы ескеріліп, нәтижесінде 25 таңба шыққан. Оның айтуынша, әліпби жобасын құрастыруда Тіл білімі институты мен Тілдерді дамыту орталығы мамандарының пікірлері ескеріліп, оған қарапайым азаматтар да қатысқан.

Ерден Қажыбектің сөзіне сүйенсек, Парламентте таныстырылған жаңа латын әліпбиін институт қызметкерлері мен сарапшылар бірауыздан қолдаған. Ол осыған байланысты әліпби жобасын қазақстандық ғалымдардың ортақ пікірі ретінде қабылдауды сұрады.

Отырыс барысында халық қалаулылары мен белгілі саясаткерлер, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, сарапшылар мен тіл мамандары, қоғамдық ұйым мүшелері жаңа әліпбидің жобасын әзірлеген мамандардың еңбектерімен таныстыры.

ҚР Президенті өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында 2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы латын әліпбиінің бірыңғай стандартын қабылдауды, ал 2018 жылы оқу әдебиеттерінде дайындықты бастау міндетін қойған болатын. Парламенттік тыңдау қорытындысы бойынша Елбасы тапсырмасына орай тиісті ұсынымдар қабылданады деп ұйғарылды.

(2-бетке назар аударыңыз).

ЖАЙДАРМАН

СПОРТТЫҚ КЕШЕН бой көтереді

Бұл күнде тұрғындар саны шамамен 80 мыңға жуықтаған Талғар қаласында орталық «Жастар» стадионы салынып, пайдалануға берілгелі, әсіресе, спорткұмар жастарға қолайлы жағдай жасалған. Аталған ауданда спортқа қызығушылар қатары артты. Бұл салада жетістікке жетіп жүргендер саны да аз емес. Тұрғындар саны жыл санап өсіп отырған талғарлықтар үшін тағы бір спорт кешенінің бой көтеретіндігі жағымды жаңалыққа айналуда.

Жаңа нысанға арнайы атбасын бұрған облыс әкімінің міндетін атқарушы Лаззат Тұрлашов құрылыс жұмысына жауапты мердігер компания басшылығымен кездесіп, жұмыстың жайымен танысты. Ақбас Алатауға жақын маңнан бой көтеретін жаңа спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысына облыстық бюджеттен 759 млн. 600 мың теңге қаражат бөлініп, өткен мамыр айынан құрылысты бастап кеткен. Жалпы аумағы 2 гектар жерді құрайтын спорттық кешен заманауи үлгіде салынбақ.

– Негізгі үш блоктан тұратын нысанның бүгінде ірге-тасы қаланып, жертөлесі жасалды. Биылға 393 млн. 890 мың қаржы бөлінсе, соның 97,6 млн. теңге қаржысы игерілді. Нысан құрылысын 15 айда аяқтау жоспарланған. Жұмыс жоспарға сай атқарылуда, – дейді құрылыс жұмысына жауапты «Еламан» ЖШС-нің басшысы Әбдіғали Миразов.

Спорттық-сауықтыру кешенін сапалы етіп салып, белгіленген мерзімде өткізуді діттеген серіктестікте осы күні жиырмаға жуық жұмысшы еңбек етуде. Құрылысқа жұмылдырылған техника гүрілі тыным табар емес. Ауа райының қолайлылығын ұтымды пайдалануға ұмтылған құрылысшылардың қарқынды қимылы көңіл қуантады.

Келер жылдың жазында аталмыш спорттық-сауықтыру кешенінің пайдалануға берілетіндігіне іштей қуанып қайттық.

Ұ. БӨРІБАЙҚЫЗЫ.
Талғар қаласы.

КҮЗ БЕРЕКЕСІ

Миллиондар мекеніне айналған Алматы қаласының Жібек жолы көшесінің бойында облыс аудандарының атсалысуымен ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жылына екі мәрте өткізу дәстүрге айналған бұл ауқымды жәрмеңкеде ауылшаруашылығының 48 түрлі өнімі сауда сөрелеріне шығарылып, 180 млн. теңгеге саудаланды. Бұл көрсеткіш былтырмен салыстырғанда 10 млн. теңгеге артық.



ТҰТЫНУШЫЛАР ЛЕГІ толастамады

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Жәрмеңке жұмысына облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, Алматы қаласы ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Айдын Керімбек, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов және барлық ауданның аталған салаға жауапты басшылары мен мамандары қатысты.

Жер жаннаты Жетісудың құнарлы топырағында өскен табиғи таза өнімді сатып алуға алматылықтар таңмен таласа келді. Қала базарларының бағасынан 20 пайызға арзан ет-сүт, көкөніс пен жеміс-жидек, бал мен балыққа деген сұраныс мол болды. Тіптен, бір талы 23 теңгеге бағаланған жұмыртқаға тұтынушылар ұзынсонар кезекке тұрды. Сөйтіп, бұл күні 30 мың дана жұмыртқа сатылды.

Қыстың қамын жасап алуды ойлаған қалалықтар қияр мен қызанаққа, сәбіз бен картопқа көп сұраныс тудырды. Ал жаңа сойылған ірі қара мен қой еті, тауық, балық өнімдері еш іркіліссіз саудаланды. Әсіресе, құрт-ірімшік, май мен кілегей, күбіде күрпілдей пісілген сары қымыздың иісі тәбетті ашты. Табиғи өнімнің қадірін білетіндер Райымбек ауданы, Кеген ауылынан келген «Бақдәулет» шаруа қожалығының иесі Рысхан Жұмашеваны айналып өте алмады.

– Жәрмеңкенің өткізілуін асыға күтемін. Себебі, сауда жақсы жүреді. Бүгін 150 литр қымыз, 40 келіге жуық құрт, осы мөлшерде май мен ірімшігімді алып келген едім, бірер сағаттың аралығында орталанып қалды, – дейді Рысхан апа.

Сауданың көрігін қыздырған ауылшаруашылығы жәрмеңкесіне Талғар ауданынан 14,6 тоннаның өнімі әкелініп, 4,5 млн. теңгеге саудалады. Қайта өңдеу ісін мықтап жолға қойған ауданның «Байсеркен-Агро», «Бекон» және «Макария» ЖШС-нің тауарлары жақсы өтті.

1100 гектар жерге бақ отырғызып, тамшылатып суару әдісімен мол өнім алуды жолға қойған атақты «Жаркент-Фрукт» ЖШС-нің шабдалысына сұраныс болды.

– Серіктестік жер көлемі жағынан республика бойынша ең ірі бақ өсірушілер санатында. Озық технологияға негізделген жеміс бағы өнімдерінің сапасы өте жоғары. Бір қызығы, биыл алғаш жеміс берген шабдалы сауда сөресіне шығарылысымен сатып алушылар сөмкесіне түсуде. Соған қарағанда, бұл жәрмеңкені қалалықтардың асыға күткені байқалады, – дейді Панфилов аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Қуандық Мұсабеков.

Қала мен ауыл арасына алтын көпір болған ауылшаруашылығы жәрмеңкесін бақылап қана қоймай, алыс-жақыннан тауарын арқалап келген шаруашылық жетекшілерімен, сатушылармен пікірлескен Серікжан Ісләмұлы Еңбекшіқазақ ауданының «Сапар» шаруа қожалығының иесі Ақлима Айтжановаңың сөзіне құлақ асты.

– Шаруа қожалығымызда 12 гектар жерге алманың 24 сорты өсіріледі. Жыл сайын Алматы қаласында өткізілетін «Алма» фестивалiне қатысып, 1-орынды иеленіп келеміз. 10 дипломымыз бар. Бірақ, осы алмамды тұрақты түрде сатуыма қолайлы жер таппай жүргенімді несіне жасырамын. Маған осы мәселені шешуге көмектесеңіздер, – деген өтінішін білдірді.

Алма өсірудің шебері атанған апаның бұл тілегін асықпай тыңдаған Алматы қаласы ауылшаруашылығы басқарамасының басшысы Айдын Жанұзақұлының мәселені бір демде шешіп беруі шаруашылық иесінің көңілін жайландырды.

– Алматы қаласы тұрғындарын табиғи таза ауылшаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған жәрмеңкеге бұл жолы 180 млн. теңгені құрайтын 360 тонна өнім әкелінді. Жылдағыға қарағанда өнім көлемі 10 тоннаға артып отыр. Облыс әкімі Амандық Баталов ауылшаруашылығы жәрмеңкесіне белсене қатысушылар арасында байқау жариялағаны белгілі. Сондықтан да бұл жәрмеңкеге тұрақты қатысып, сапалы да құнарлы отандық өнімін ұсынған шаруашылық иелері қараша айының соңында байқау қорытындысы бойынша марапатқа ілікпек. Осыны ескерген барлық ауданның ауылшаруашылық бөлімдері белсенділік танытуда, – деді облыстық ауылшаруашылығы басқармасының ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және маркетинг бөлімінің басшысы Талғат Алыбаев.

Сарыала күзде әр шаңырақтың ырысын тасытып, берекесін арттыратын ауылшаруашылығы жәрмеңкесі осылайша қызу өтті. Бұл күнгі жәрмеңкеге сатушы да, сатып алушы да риза болды.

Алматы қаласы.